



Әбдуәли Қайдар

---

# ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒҰМЫР

---

II - ТОМ

Мақалалар, баяндамалар жинағы

*Алматы  
«Сардар» баспа үйі  
2014 жыл*

ӘОЖ 81 373

КБЖ 81. 2 Қаз - 3

Қ 23

**Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі  
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша  
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен  
қолданудың 2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік  
бағдарламасы» аясында шығарылды**

Қ 23 **Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр.** Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы: «Сардар» баспа үйі 512– бет, 2014 жыл.  
ISBN 978-601 – 7174- 42- 2 - Т.2  
ISBN 978-601 – 7174- 44- 6

Жинаққа белгілі тіл маманы, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдардың әр жылдары газет, журнал беттерінде жарық көрген мемлекеттік тіл, көп ұлтты Қазақстан жағдайындағы қазақ және орыс тілдерінің қызметі, тіл білімі тарихы, тіл құрылысына арналған ғылыми мақалалары мен баяндамалары алғаш рет топтастырылып беріліп отыр.

Бұл еңбек қазақ тілінің бай қазынасын тереңірек білгісі келетін миллиондаған оқушы, студент жастар мен зиялы қауым және қалың жұртшылыққа арналған.

ӘОЖ 81. 373

КБЖ 81.2 Қаз – 3

ISBN 978-601 – 7174- 44- 6 - Т.2

ISBN 978-601 – 7174- 42- 2

© Қайдар Ә., 2014

© «Сардар» баспа үйі, 2014

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілін түбегейлі, терең зерттеу арқылы ұлттың болмысын танытқан, ана тілінің қоғамдағы орнын анықтап, мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғары деңгейге көтерген, аса көрнекті ғалым – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген Ғылым қайраткері Әбуғали Плуганбайұлы Қайдар.

Қазақ ғылымының қара шаңырағы – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында өтіп жатқан алтыс жылдан астам уақыт ішінде Ә.Пл.Қайдар аспиранттан академикке дейінгі қызығы мен қиындығы мол жалды бастан өткеріп, іскер басшы, білікті ғылыми жетекші, ғылым балашағын болжай алатын талантты ұйымдастырушы ретінде танылды.

Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тіл білімі мен түркітану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі оның жариялаған 700-ден аса (жалпы көлемі 1000 б.т. астам) зерттеулерінен, оларда көтерілген сан алуан (50-ден астам) лингвистикалық проблемалардың қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көруге болады.

Ғалымның Қаңлы: тарихи шежіре (Алматы, 2003) атты көлемді монографиясы мен Қазақ қандай халық? (Алматы, 2008) атты монографиясы және 3 томдық Қазақтар: ана тілі әлемінде атты этнолингвистикалық сөздігі (2009; 2013) келешек ұрпаққа ұлттық қасиеттерімізді басқа бұлақтардан емес, тек тіл бұлағынан ғана сусындай білудің нақты дәйегін көрсетеді. Соның бір нақты айғағы академик Ә.Қайдардың лексикография саласындағы еңбектері: Чигырма-орысша лингвистикалық сөздік, Қазақша-орысша бір бұынды түбірлер сөздігі (1986), Уйгурско-русский словарь (1961), Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (авт. бірі) (1966), Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этимологическими пояснениями (Астана, 2003), Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) (Алматы, 2004), Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік (Алматы, 2013) т.б.

Академик Ә.Қайдар өзінің үздік өнегесімен ғана емес ғылымда еліміздің рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік, білім мен ғылым жүйесіндегі ғылыми зерттеу мен кадр дайындауды ұйымдастыру, тіл саясаты мен мемлекеттік тілдің қызметінің жүзеге асырылуы ісіне қоғам қайраткері ретінде де

белсене араласын, азаматтылықтың жоғары деңгейінен көрініп келеді. Мұны ғалымның 60 жыл бойы атқарып келген, әлі де жалғастырып отырған еңбек жолы айқын көрсетеді.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл саясатының қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы, қоғам қайраткері ретінде ат салысқаны қалың жұртшылыққа белгілі. Ә.Қайдар тіл тағдыры, тіл экологиясы, тіл заңы, жазу мен тіл мәдениеті, тіл бағдарламасы сияқты көптеген күрделі мәселелерді көтерді. Халықаралық

Қазақ тілі қоғамын құрып, оның президенті ретінде Республикада тіл саясатының қалыптасуына ықпал жасады. Ғалымның назарынан ұлттық тіліміздің бүгінгі мен болашағы да тыс қалған жоқ. Ол ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атына жазылған ашық хатында (Кемел елге – кемел әліңби керек Ана тілі, 1993, 30 желтоқсан) латын әліпбиінің жобасын жариялап, соған көшуді ұсынған. Сонымен қатар, жинаққа қазақ тілі алфавитіне қатысты ғалымның жариялаған еңбектері мен іс-әрекеттері, пікірлері мен ұсыныстары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты мақалалары енгізілді.

Жинақта академик Ә.Қайдардың көтерген нақтылы мәселелерін, атап айтқанда: мемлекеттік тіл және тілдің әртүрлі мәртебесі мен қоғамдағы қызметі: бір тілділік, қос тілділік, көп тілділік, мемлекеттік қос тілділік, ресми тіл, ұлтаралық тіл, халықаралық тіл, ортақ тіл, т.б., тіл тағдыры, тіл экологиясына байланысты: ана тілі үшін күрес, мемлекеттік тілдің болашағы, орыс тілінің қоғамдағы орны, ана тілін меңгерудің деңгейі (соның ішінде 40 процент мәселесі), жазу мен тіл мәдениеті, ғылым тілі; сондай-ақ тіл заңы, тіл бағдарламасы, тіл тұжырымдамасы және олардың орындауы туралы; Қазақ тілі қоғамының атқарған қызметі, жұртшылықтың жалпы тілге, соның ішінде мемлекеттік тілге деген көзқарасы, іс-әрекеті т.б. сонымен қатар, тіл білімі тарихына қатысты көптеген тілдің өзекті мәселелері қамтылған.

Бүгінде 90 жас жасап отырған ғалым Әбдуәли Шүғанбайұлы Қайдардың жарты ғасыр барысында жарияланған мақалаларын тақырыптық топтарға бөліп, бүгінгі оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Сөз соңында осы еңбектің өз деңгейіне сай сапалы болып шығуына белсене атсалысқан А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының басшылығы мен шәкірттері – филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Манкееваға, филология ғылымдарының кандидаты Э.Өтебаеваға, магистрі Т.Тлегеноваға зор алғысымызды білдіреміз.

## ТІЛ САЯСАТЫ

«Тіл саясаты» деп, айтқалы отырғанымыз әдеттегі ұлт тіліне, не жалпы тілдерге қатысты мемлекет ұстанып, жүргізіп отырған саясатының (принциптері мен бағыт-бағдары, үрдісі мен жүргізіп отырған іс шаралардың, т.б.) өзі емес, сол саясатқа қатысты тіл ғылымың, тілші ғалымдардың атқаратын рөлі, ұстанған өзіндік принциптері мен нақтылы іс-әрекеттері, яғни академик Ә.Қайдардың осы саясатқа тікелей араласуы.

Кешегі советтік дәуірде, ғылымның партиялық принциппен, идеология үрдісімен дамыған кезінде де барша ғалымдар мемлекет ұстанған саясат бойынша зерттеу жүргізіп келгені белгілі. Тіл саласындағы ол саясат ұлттық тілдердің еркін дамуын ұрандатып жарияласа да, іс жүзінде «өзара жақындасып барып, бір ортақ тіл төңірегінде бірігу» деген идеяны іске асыра бастады. Соның салдарына көп тілдер қоғамдық өмірден тәркіленіп, толыққанды тіл болудан қала бастаған еді. Солардың бірі – қазақ тілі болатын.

Желтоқсан оқиғасынан кейін өз тіліне деген ұлт санасының сергіп, оның тағдырына қалың жұрт араласа бастады. Қазақ тілін бұл нәубеттен сақтап қалудың бірден-бір жолы оған мемлекеттік мәртебе беру керек деп түсінген қауым тіл саясатын өзгертуге әрекеттенді. Осы жалпыхалықтық әрекеттің басы-қасында кезінде акад. Ә.Қайдар және онымен пікірлес қауым болып, ол құрған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы республикада тіл саясатының қалыптасуына ықпал жасағаны мәлім.

Бұлардың бәрі өз алдына тарих, әрине. Алайда осы жаңа тіл саясатының қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы ретінде, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде белсене атсалысқаны қалың жұртшылыққа белгілі. Басқа іс-әрекеттерін айтпағанның өзінде, «*тіл тағдыры – ел тағдыры*» деп басталған осынау бір игілікті іске қосқан оның ғылыми үлесі де ұлан-ғайыр. Осы кейінгі (1989-2014) 25 жыл ішінде баспа бетінде жарық көрген 70-тен астам үлкенді-кішілі еңбек ғалымның тіл тағдыры жөніндегі әртүрлі идеялары мен ой-пікірлерінен, ұсыныс, тұжырымдарынан дерек береді. Бүгінде бұлардың біразы тарихтың аударылып кеткен парақтары іспеттес, дәл сол кездегідей актуальды болмаса да, өмір талабына, замана үрдісіне

сай өзгеріп, айқындалып, уақыт сынынан өтіп, жалпы тіл саясатының өзекті мәселелерін қозғаған ғылыми-практикалық негіздерінің бірі болып қалды деп айта аламыз. Бұл зерттеулер өзінің мәні мен маңызына, көлемі мен ауқымына қарай, әсіресе кейінгі 10 жылда атқарған ерлікке бергісіз ерен еңбегінің жемісі еді.

Тіл саясатына қатысты бұл еңбектерде қозғалған сан алуан мәселелер мен қамтылған тақырыптарды атап өтіп, олар сөз болған кейбір мақалаларды көрсетуді артық емес деп ойлаймыз. Республикадағы тіл саясатына қатысты Ә.Қайдар көтерген нақтылы мәселелерден, мысалы, мыналарды атауға болады. Олар – *мемлекеттік тіл және тілдің әртүрлі мәртебесі мен қоғамдағы қызметі*: бір тілділік, қос тілділік, көп тілділік, мемлекеттік қос тілділік, ресми тіл, ұлтаралық тіл, халықаралық тіл, ортақ тіл, т.б., *тіл тағдыры, тіл экологиясына байланысты*: ана тілі үшін күрес, мемлекеттік тілдің болашағы, орыс тілінің қоғамдағы орны, ана тілін меңгерудің деңгейі (соның ішінде «40 процент» мәселесі), жазу мен тіл мәдениеті, ғылым тілі; сондай-ақ тіл заңы, тіл бағдарламасы, тіл тұжырымдамасы және олардың орындауы туралы; *«Қазақ тілі» қоғамының атқарған қызметі, жұртшылықтың* (соның ішінде қарапайым халық, зиялы қауым, шенеуніктер мен үкіметтің, т.б.) жалпы тілге, соның ішінде мемлекеттік тілге деген көзқарасы, іс-әрекеті т.б. осы сияқты толып жатқан тілдің өзекті мәселелерін қамтиды.

Енді осыларға бағышталған ғалымның кейбір еңбектерін атап көрейік. *Мемлекеттік тіл проблемасына қатысты мақалалары*: 1) *«Мемлекеттік тіл және оған байланысты мәселелер туралы ой-толғау»* // Соц. Қазақстан, 1989, 3 авг; 2) *«Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде дамытудың жолдары мен шаралары»*. Алматы, 1990, 44 б. 3) *«Қазақстанда мемлекеттік тілдің жағдайы»* (қытай тілінде) // «ҚХР Орталық ұлттар университетінің ұлттарды зерттеу хабарлары». Пекин, 1993, №3, 17-19 б.; 4) *«Мемлекеттік тіл қандай мүмкіндік береді?»* // Мәдениет және тұрмыс, 1989, №5, 6-7 б.; 5) *«Мемлекеттік тілдің жайын ойласақ»* // Егемен Қазақстан, 1994, 6 шілде (Р.Сыздықовамен бірге) 6) *«Ғылым тілі және әдеби тіл статусы»*// Терминдер мен олардың аудармалары. Алматы, 1990, 9-21 б. т.б. *Ана тілі тағдырына қатысты еңбектерінен*: 1) *«Ана тілі – арың бұл»* // Лениншіл жас, 1989, 18 окт.; 2) *«Ұлт тұтасса ғана тіл көгереді»* // Ана тілі, 1991, 21 наурыз; 3) *«Ана тілін ардақтай білейік»* // Қазақстан әйелдері, 1982, №2, 12-13.; 4) *«Ана тілің азбасын, атамекен тозбасын»* // Егемен Қазақстан,

1992, 26 қыркүйек; 5) «Ғылым сарайының босағасындағы тіл» // Ана тілі, 1992, 20 ақпан; 6) «Тіл тағдыры – ел тағдыры» // Қазақ әдебиеті, 1989, 3 март; 7) «Тіл тағдыры – жастардың қолында» // Өркен, 1991, 29 маусым; 8) «Тіл тағдырына ғалымдар да жауапты» // Қаз. Рес. ҰҒА Хабарлары, 1992, №3, 38-40 б., т.б. көптеген мақалаларды атауға болады. Бұлардың бәрі Ә.Қайдардың республикадағы жаңа тіл саясатының өзекті мәселесі және ең басты міндеті – қазақ тілінің мүшкіл тағдырын дұрыс шешуге бағышталған ой-толғаныстары еді. Мұнда жанайғай да, ұранды, жалынды сөздер де, сабырлы ақыл-кеңес те баршылық.

Тіл заңына қатысты: 1) «Государственный язык в основном законе государства» // Алма-Ата, 1992, с. 39; 2) «Бұрынғы тіл заңының заманы өтті» // Ана тілі, 1993, 18 ақпан; 3) «Қазақ ССР-нің тіл туралы Заңын жүзеге асырудағы Қазақ ССР ҒА ролі және қазақ тілін ғылым саласында кеңінен қолданудың өзекті мәселелері» // ҚазССР ҒА Хабаршысы, 1990, тағы басқа осы қатардағы мақалаларында ғалым тіл туралы 2 рет қабылданған заң және одан туындаған құжаттардың бәрі, сайып келгенде, қазақ тілін заң арқылы қорғап, халық үшін сақтап қалудың сан алуан жолдары мен нақтылы шараларын сөз етеді.

Қос тілділік пен көп тілділікке байланысты мақалалар: 1) «Қос тілділік – қос қанат» // Жұлдыз, 1988, 153-159 б.; 2) «Екі тілде сөйлей білу – бүгінгі күннің талабы» // Қазақстан әйелдері, 1987, №7, 26-27 б.; 3) «Русский язык как средство межнационального общения народов Казахстана» // Навеки вместе... Сб. статей. Алма-Ата, 1982, 369-373 с., т.б.

«40 процент» мәселесіне байланысты пікірлер: 1) «Сорок процентов – это беда, а не вина народа» // Веч. Алма-Ата, 1992, 13, 14 окт.; 2) «Если исчезнет язык» // Каз. правда, 1992, 14-15 окт.

Айта кету керек, ғалым бұл еңбектерінде «екі тілділік», «қос тілділік» және «мемлекеттік қос тілділік» деген ұғымдарды қоғамдағы дұрыс түсінбеушіліктерге, сондай-ақ бүгінгі таңда Республикадағы қазақтардың қазақ тілін ана тілі ретінде мүлдем білмейтіндері – 15 процент, шала білетіндері 25 процент (барлығы-40 %) екендігін өзінше дәлелдеп, бұл құбылыстың әлеуметтік себеп-салдарына, ішкі табиғатына және оны шешудің жолдарына ерекше назар аударады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мақсат-мүддесіне қатысты пікірлерін ғалым: 1) «Ана тілі қоғамы: құрылу мақсаты, міндеттері, пікірлері» // Қазақ әдебиеті, 1989, 29 сент. (Н.Уәлиевпен бірге); 2) «Бірлесіп иешер ортақ міндеттер» // Лениншіл жас, 1989, 1 нояб.; 3) «Қоғам құрылды, ендігі мақсат не?» // Соц.Қазақстан, т.б. осы тәрізді

көптеген мақалаларына ғалым өзінің ең басты міндетін – елдің елдігін, мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап қалудың бірден-бір кепілі – ана тіліміздің толыққанды қызмет атқаруына, ұлт санасын оятып, атсалысу деп біледі. Сондықтан да оның осы мақсатын жар құлағы жастыққа тимей істеп жүрген ерен еңбегін жұртшылық жақсы біледі, сол игілікті істері үшін де ол **саясаткер ғалым** ретінде зор құрметке ие болып отыр.

### Мемлекеттік тіл

«Қазақ ССР-індегі Тілдер туралы Заңының» қабылдануы – көпұлтты республикамыздағы тілдер проблемасын шешудің, сол арқылы бүгінгі таңның ең өткір проблемаларының бірі – ұлтаралық қатынас мәселесін реттеудің байыпты да салмақты қадамы деуге болады. Осы бір қуанышты оқиғаға орай журнал тілшісі Жарылқап Қалыбаев аталмыш Заң жобасын әзірлеуге белсене атсалысқан көрнекті ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры, академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровқа жолығып, жаңа заңның сыр-сипаты жайында және заңда бекітілген қағидаларды тезірек іс жүзіне асырудың жолдары жөнінде әңгіме қозғады.

– Әбдуәли Туғанбайұлы, сіз әу бастан қазақ тіліне мемлекеттік статус беруді жасақтап, «Қазақ әдебиеті» газетінде сындарлы пікір айтқан ғалымсыз. Сол ойыңыз көпшіліктің қолдауына ие болып, бүгінде іс жүзіне асып отыр. Бұл үшін сіз қуанышты да бақытты боларсыз, әрине?..

– «Қазақ әдебиетіндегі» алғашқы интервьюге сенің де қатысың бар ғой. Сондықтан бұл менің де, сенің де, барша халқымыздың да ортақ қуанышы. Алайда мен о баста-ақ қазақ тілінің мемлекеттік статуска ие болатынына кәміл сенгем. Өйткені, кез келген мемлекеттің мемлекет болуы үшін мынадай алты атрибуты (белгісі) болуы шарт: мемлекеттік шекара, мемлекеттік жалау, мемлекеттік герб, мемлекеттік гимн, мемлекеттік басқару аппараты және мемлекеттік тіл. Бізде белгілі себептерге байланысты осылардың соңғысы сақталмай келді. Праволық мемлекетке қол жеткізудің жолдары қарастырылып жатқан қазіргі қайта құру заманында әрбір республиканың мемлекеттік тіл атрибутын қалыпқа келтіруі – заңды да табиғи нәрсе еді.

– Алайда, қазақ тіліне мемлекеттік статус беру мәселесі оңайлықпен шешіле салған жоқ қой?

– Ия, қазақ тілінің мемлекеттік статусы туралы мәселе, ғылыми тұрғыдан дұрыс түсінбегендіктен, кейбіреулерді шошытқаны рас. Олардың ойынша, қазақ тілі мемлекеттік тіл болса республикамыздағы



басқа халықтардың тіліне нұқсан келеді-мыс, қарым-қатынас тәсілі қиындайды, ұлтаралық наразылық күшейеді. Бұл пікірдің түбірімен қате екендігіне Заң жобасын талқылау және қабылдау кезіндегі айтыстар толығымен көз жеткізген сияқты.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусына ие болуы бірде-бір тілді төмендетуге, шеттеуге емес, тек өзін-өзі көтеруге бағытталған.

Қазақстанда тұратын өзге ұлттың өкілдері де қазақ тіліне құрметпен қараудың қажеттігін түсінді. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он бірінші сессиясында қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусын беруге қарсы болғандар аз болды.

– *Бір қызығы, қарсы болғандар көбіне: «тілді күштеп үйретуге болмайды», «тілге әмір жүрмейді» – деп қарсы дау айта келіп, қазақ және орыс тілдерінің қатар мемлекеттік тіл болуын жақтады. Меніңше, мұндай пікір мемлекеттік құрылыстың теориясы мен практикасын жете білмеушіліктен немесе тіл үйренгісі келмеушіліктен туған.*

– Дұрыс айтасың. Бұл мәселе туралы менің әріптесім, біздің Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі А. Н. Гаркавецтің сөзінде жеріне жеткізіліп айтылды. «Заң, – деді ол – орыс тілі сияқты, қазақ тілін оқып-үйренудің міндетті тәртібін белгілеген кезде кейбір жолдастар орыс тілінде сөйлейтін халықтың праволарына нұқсан келтіріліп отырғаны туралы неліктен сөз қозғай бастайды? Олар тең праволылықты емес, қайта бір тілділіктің артықшылықтарын, яғни іс жүзінде қалыптасқан теңсіздікті қорғайтынын олардың өздері де түсінеді деп ойлаймын».

Байқап қараған адамға біздің Заңда қазақ тілін күштеп үйретудің титімдей де нышаны жоқ. Екінші жағынан, өз өмірін Қазақстанмен байланыстырып отырған әрбір адам жергілікті халықтың тілін, тарихын білгені жөн. Өйткені, қазақтардың этникалық отаны – Қазақстан. Егер, қазақ тілінің аясы өз топырағымызда тарыла бастаса, басқа бір жерде шарықтап кетуі, дамуы мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілінің мемлекеттік статус алуы – әділетті де заңды нәрсе.

– *Сіз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология бөлімінің жанынан құрылған Тіл статусы туралы комиссияның мүшесі болып, Тіл туралы Заңның жобасын әзірлеуге, оны талқылауға белсене қатыстыңыз. Сондықтан да «атының сыры иесіне мәлім» деген нақыл сөзді ескеріп қабылданған заңның сыр-сипатын сұрағым келеді. Біздің заңның басқа одақтас республикалардың заңдарынан өзіндік ерекшелігі қандай?*

– Бізге дейін 12 одақтас республикада Тіл туралы Заң қабылданды. Солармен салыстырып қарағанда, біздің заңның интернационалистік сипаты басым. «Қазақ ССР-інің Тіл туралы Заңы» негізінен үш топтағы тілдердің статусын белгіледі: қазақ тілі – мемлекеттік, орыс тілі – ұлтаралық қатынас құралы ретіндегі статусқа ие болды, ал белгілі бір ұлт өкілдерінің топтары жинақы тұратын жерлерде олардың тіліне Халық депутаттары Советтерінің шешімімен белгіленген тәртіп бойынша жергілікті ресми тіл статусын беру мүмкіндігі атап көрсетілді.

– *Жергілікті ресми тіл статусын беру Қазақстаннан басқа республикалардың заңдарында кездесе ме?*

– Кейбір одақтас республикалардың заңдарында сол республика территориясында тұратын халықтардың тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалатыны айтылған. Алайда мұндай жалпылама сөздер еліміздің Конституциялары мен партия Программаларында айтылып келді ғой. Бірақ, іске аспағаны белгілі. Біздің заңымызда бұл мәселе нақтылана түсті. Мәселен, Ұйғыр ауданындағы халықтың 70–80 проценті – ұйғырлар. Енді олар сол аудан көлеміндегі іс қағаздар мен жиын, мәжілістерді өз тілінде жүргізуге хақылы деген сөз. Міне, нақ осындай нақтылық басқа одақтас республикалардың заңдарында жоқ. Тіпті, Молдавия мен Прибалтика республикаларының Тіл туралы заңдарында орыс тіліне ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде жеке-дара статус берілмеген.

– *Заң жобасын талқылау кезінде «біздің республикада да қазақ және орыс тілдері ұлтаралық, қарым-қатынас құралы болып танылсын» деген пікірлер айтылды. Егер олай етпеген жағдайда онсыз да орыс тілі барлық жерде қазақ тілімен бірдей қолданылатыны баса көрсетілген бұл заңның мазмұны айналып келгенде баяғы екі тілдің мемлекеттік тіл статусына ие болуы болып шығады. Бұл пікірге қалай қарайсыз?*

– Ие, «аузы күйген үріп ішеді» дегендей-ақ біздің қазақ жұрты екі тілдің мемлекеттік тіл болуына үрке қарайтыны рас. Өйткені мұндай декрет біздің республикада 1923 жылы қабылданған. Одан кейінгі жылдары да мемлекеттік қостілділікті дамыту жөнінде қаулылар болған. Бірақ екіншіке орай, соның бәрі де іс жүзіне аспай қалды. Керісінше, қазақ тілі қоғамдық өмірден ысырылып, шын мәнінде ғылым, техника және өндіріс тілі болудан қала бастады. Ұрпақ арасындағы рухани байланыстың жалғастығы үзілуге айналды.

Ана тіліміздің қолдану аясының тарылуына, ең алдымен, Сталиннің болашақта барлық тілдердің бір тілге айналып кетуі туралы солақай тұжырымы кінәлі. Содан барып, халықта ұлттардың жақындасуы,

тілдердің жақындасуы деген сынаржақ түсінік орнықты. Бұл қоғамдық пікірді Хрущев өзінің Белоруссия мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзінде: «Біз неғұрлым орысша сөйлеуге тезірек көшсек, коммунизмге соғұрлым ертерек жетеміз» деп «жетілдіріп» толықтыра түсті. Оны әкімшіл-әміршілдік система қанын жерге тигізбей қағып алып, дереу сол бағытта жұмыс істеуге кірісіп кетті. Лениндік ұлт саясатының осылайша бұрмалануының нәтижесінде 1926 жылғы халық санағында көрсетілген елімізде өмір сүрген 194 үлкенді-кішілі ұлт пен ұлыс, этностық топтардың жарты ғасырдың ішінде 93-і «із-түзсіз» жоғалып кетті. Бұғанасы өсіп, буыны қатпаған қазақ тілін сол 20-жылдардың өзінде орыс тілімен қатар қою дұрыс емес еді. Өйткені, барлық жерде іс қағаздарын орыс тілінде жүргізу міндетті болды. Сөйтіп, орыс тілінің басымдығы қазақ тілінің дамуына кері әсер етті.

Қазақ тілінің қазіргі жағдайына қарасақ, тұлға жағынан бәрі бар сияқты. 12 томдық энциклопедия, 10 томдық түсіндірме сөздік жаздық, В.И.Лениннің 55 томдығы аударылды. Қаншама көркем кітаптар шықты. Бірақ, тіліміздің қолданылу аясы тар. Партия, совет, кәсіподақ, комсомол және ғылым қызметкерлері қазақ тілін біле бермейді. Өйткені, бұған дейін қазақ тілін білудің қажеттілігі шамалы деген теріс тұжырым бас бермей келді.

Революциядан кейінгі 70 жыл ішінде 84 түрлі терминологиялық сөздіктер шығарыппыз. Бірақ олар қажетімізге асып отыр ма? Оларды іске қосуға тиіс ғалымдарымыз қазақ тіліне шорқақ. Неге дейсіз ғой, өйткені, қажеттілік жоқ. Осы орайда кезінде орыс тілін барлық жерде міндетті түрде қолдануға мәжбүр ететіндей қажеттілік бар ма еді деген сұрақ туады. Меніңше, ол қолдан жасалған жасанды қажеттілік еді.

Мәселен, Қазақ ССР Ғылым академиясынан 1989 жылы шығарылған 150-дей кітаптың 10 шақтысы ғана қазақ тілінде жарық көрді. Оның өзін Тіл білімі институты мен Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері жазған. Осындай өкінішті фактілердің бәрі республикада тіл білімінің құнын түсіруге әкеп соғуда.

Республикада орын алған осындай көпе-көрнеу бұрмалаудан және қазақ тілінің мүмкіндігі туралы ескі көзқарастың салқыны болса керек, Қазақ ССР-інің халық депутаттары қазақ тілін де орыс тілімен қатар ұлтаралық қарым-қатынас құралы деп жариялауға дайын болмай шықты.

Әйтпесе, кең байтақ республикамызды мекендейтін бір миллионнан астам түркі тілдес халықтардың өкілдеріне қазақ тілі әзір де жат емес еді ғой. Ал, енді бұл заңның мәні айналып келгенде екі тілдің мемлекеттік

тіл болуына келіп саяды деген пікірмен келісу қиын. Себебі, қазақ тілі мемлекеттік тіл деп тайға таңба басқандай көрсетілді. Енді оны іс жүзіне асыру халықтың өзіне байланысты. Заң қабылданды деп іс біттіге санасақ, немесе өз тілін ұмытқан, шала-шарпы білетін қазақтарымыз ана тілді үйренуге енжарлық танытса, онда өз тілін қадірлемеген халықтың тілін өзге жұрт та үйреніп жарытпас.

– Сіз қазақ тілінің қазіргі халі туралы жақсы айттыңыз. Алайда бұл тізімді мен мынадай фактілермен толықтырғым келеді. Біз қазір қазақтардың 40 проценттейі ғана ана тілін білмейді деп жүрміз. Меніңше, білетіндердің де жағдайы мәз емес. Қазақша сөйлеп жүргендердің өзі де көбіне орысша сөз араластырып немесе орысша ойлап қазақша аударма жасайтын сияқты. Яғни қазақша ойлау жүйесі, сөйлеу тәртібі бұзыла бастаған. Мысалға, көшеде жөн сұраған қазақтардың: «Айтып жіберіңізші: Ауэзова-Джамбулага қалай барады? – деген өтінішін орыс тіліндегі: «Скажите пожалуйста!..» деген қаратпа сөзден бастайтын орамның дәлме-дәл баламасы екендігі анық.

Айта берсек, мұндай мысалды жүздеп, мыңдап, келтіруге болады. Алайда бұл үшін жастарды кінәлауға, немесе бүкіл халыққа кінә тағуға болмас. Өйткені, Қазақстан территориясындағы бүкіл хабарлардың (теле-радио, газет-журнал, кино, кітап және т. б.) 5–6 проценті ғана таза қазақ тілінде келеді екен. Қалғаны – Бүкілодақтық және республикадағы орыс тіліндегі хабарлар. Белгілі журналист Камал Смайловтың «Қазақ әдебиеті» газетіндегі (6 октябрь 1989 ж.) мақаласына қарағанда, Алматы қаласының киоскілеріне күніне 100 мыңнан астам газет түседі, соның 20,5 мыңы қазақ газеттері; қазақ радиосы тәулігіне 19 сағат 30 минут хабар жүргізеді, соның ішінде қазақ тіліндегі хабарлардың мөлшері 4 сағат 30 минут қана; Астана тұрғындары тәулігіне 5 каналдан 36 сағат телевизор көреді, соның 6–8 сағаты ғана қазақша; бір жылда республика баспаларынан 1336 кітап шықса, соның ішінде қазақ тіліндегісі 612 екен. Бұған қазақ бала бақшалары мен мектептерінің, ана тілінде оқытатын училищелер мен институттардың, әсіресе оқулық кітаптардың саны тым аз екенін қосайық. Міне, дәл бұндай жағдайда ана тіліміздің қолдану аясын кеңітіп, толыққанды етуге көбірек күш жұмсамасақ болмайтын сияқты.

– Иә, «асфальттың ақылды балалары қазақша түс көре алмайды» деген сөздің жаны бар. Сондықтан бұл айтқандарың Қазақ ССР

Министрлер Советінің «Қазақ ССР-інде қазақ тілін және басқа ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік программасын» әзірлеу барысында ескерілсе нұр үстіне нұр. Ал қазақша ойлау, сөйлеу тәртібінің сақталмауы жөнінде біздің институтта ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

– *Әбдуәли Туғанбайұлы, көптен күткен заң қабылданды. Енді соны тезірек іске асырудың қандай жолдары бар деп ойлайсыз?*

– Тілдерді дамытудың шаралары Қазақ ССР Министрлер Советінің жаңағы айтқан программасында егжей-тегжейлі сөз болуға тиіс. Осы программаға байланысты Тіл туралы заңды іске асыруға көмекші бір қоғамдық ұйым болғаны жөн. Біздіңше, ол республикалық «Қазақ тілі» қоғамы болмақ. Қоғамның «Қазақ тілі» деген газеті болу керек. Онда тілдерді насихаттау жұмысы жүргізіліп, ғылыми ой-пікірлер айтылмақ. Қазірдің өзінде облыс, аудан, ауыл-селоларда қоғамның бастауыш ұйымдары ашылуда. Олар жергілікті жердегі ұлт бала бақшалары мен мектептердің, іс қағаздарының заң қағидаларына сәйкес жұмыс істеуін қадағалауда. Соларға қоғамдық жәрдемші, бақылаушы болуда. Және біз солар арқылы жер-жердегі тілдердің жағдайынан хабардар болып тұрамыз, әлеуметтік зерттеулер жүргіземіз. Қоғамның өзіндік құрылысында әртүрлі секторлар бар. Тіл мәдениетіне байланысты, жер-су, қала атауларына байланысты секторлар құрылған және этнолингвистикалық, терминологиялық, информация секторлары бар.

Сондай-ақ, қоғам тіл үйрету, оқыту методикаларын жасауға көмектеседі. Мәселен, Прибалтикада тіл үйренудің алты айлық жедел тәсілмен оқытатын курстары мен жедел төте аударма жасаудың курстары бар. Осы жағдайдың Қазақстанда да тезірек ашылуына қоғамдағы ғылыми қызметкерлер көмектесуге тиіс. Сауда қызметкерлеріне арнап, немесе медицина, транспорт саласы сияқты әртүрлі әлеуметтік топтарға арналған, әрі қалтаға салып жүретін шағын салалық сөздіктер шығару да алдағы күннің еншісінде. Мұндай кітапшаларды Эстониядағыдай кооперативтер арқылы тездетіп шығару үшін қоғамның қаржысы болу керек. Әзірше қоғамға Тіл білімі институты мен Ұйғыртану институты, Әдебиет және өнер институты, Жазушылар одағы мен Журналистер одағы, Халыққа білім беру жөніндегі комитет пен Мәдени қордың Қазақ бөлімшесі және т. т. қамқорлық жасауда. Алдағы уақытта қамқоршы-спонсорлардың саны арта түседі деген үміттеміз.

– *Әңгімеңізге рақмет. Жұмыстарыңыз жемісті болсын!*

*«Арай», 1990. 4-5 б. (Сұхбаттасқан Ж.Қалыбаев)*

### Мемлекеттік тілдің жайын ойласақ

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы құзырындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Министрлер кеңесі жанындағы тіл комитеті, Бұқаралық ақпарат құралдары министрлігі, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бірлесе отырып, үстіміздегі (1994ж.) қазан айында тіл мәдениетіне арналған ғылыми-практикалық мәслихат (конференция) өткізуді қолға алып отыр.

Көпшілікке белгілі, бүгінгі таңда қалың жұрттың назарын өзіне аударып отырған өзекті мәселелердің бірі – мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің өз мәртебесіне сай атқаруға тиісті әлеуметтік қызметін жандандырып, қолданыс аясын кеңейтуге байланысты қоғам тарапынан істелетін істер мен нақтылы шараларды айқындау болып саналады.

Мәселе өте күрделі әрі ауқымды: балабақшадағы бүлдіршіндерден бастап жоғары оқу орындарында мамандық алатын жастарға дейін қазақ тілінде тәрбиелеп, оқытып, білім беру, кеңсе-іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу, ғылымды қазақ тілінде сөйлету, шаршы топ алдында ана тілінде дұрыс та таза, шешен сөйлеу – міне, осылардың барлығы кезек күттірмейтін тілдің өзекті мәселелері. Бұлардың бірі бәсеңдеу, бірі қарқынды түрде жүзеге асырылып жатқаны да белгілі. Алайда осыған қарап мемлекеттік тіліміз қоғам тіршілігінің барлық саласында бірден дұрыс қызмет атқарып жатыр деп айтуға болмайды. Өйткені, мәселе оның әйтеуір бір жұмсалыуында емес, табиғи әсемдігі мен әуезділігін бұзбай, қалыптасып қалған заңдылығы мен әдеби (жазу, сөйлеу) нормаларының қатал сақталуында, ұлан-асыр сөз байлығының кең пайдаланылуында болып отыр. Қысқасы, қоғам, зиялы қауым алдында мемлекеттік тіліміздің беделін көтеріп, бүгінгі үрдіс пен биік талаптарға сай оның әлеуметтік мәнін арттырып, әдеби тіл нормаларының көпшілікке ортақ, қолайлы да сындарлы сипат алып, бірізділікпен жұмсалыуына ат салысу міндеттері тұр.

Күн тәртібіндегі толғағы жеткен осы мәселелерді саралай келіп, алдағы мәслихатымыздың (конференциямыздың) тақырыбын «Тіл мәдениеті» деп атап, оның мақсат-міндеттерін осы тұрғыдан анықтауды мақұл көрдік.

Әрине, «Тіл мәдениеті» – ауқымды кең ұғым, алдымен, «мәдениет» деген сөздің өзі айтып тұрғандай, бұл, біріншіден, тілдің дұрыстығы, қолайлылығы, көркемдігі, жүйелілігі дегенді білдірсе, екіншіден, тілдің осы сипаттарымен жұмсалыуын талап ету дегенді танытады. Бүгінде қазақ

тілінің ағартушылық, қоғамдық, мәдени, рухани қызметі мен атқаратын жүгі арта түсуде. Бұл жүк оның көпшілікке түсінікті, баршаға ортақ және белгілі нормаларға бағынған сипатта жұмсалудың, яғни тіл мәдениетін талап етеді.

Бұл тұрғыдан келгенде, ең алдымен ана тіліміздің сөздік қазынасын дұрыспайдалану мәселесі сөзболуға тиіс, өйткені, бұл бүгінгі таңда шешетін тұстары ұлғайған, әрқилы талас туғызып отырған мәселеге айналууда. Соның бірі – көркем әдебиетте және бұқаралық ақпарат құралдары тілінде әр сөзді орнымен дұрыс қолдану, әдеби тілде жергілікті сөздер мен көне, сирек, қарапайым сөздерді пайдаланудың бағыт-бағдарын, шама-шегін айқындау мәселесі. Қазақ көркем әдебиетінің сөз мәдениетіне арнап, Академияның тіл білімі, әдебиет пен өнер институттары Жазушылар одағымен бірлесе отырып, 1986 жылы ғылыми практикалық мәслихат өткізгені белгілі. Мұнда қазақ көркем прозасындағы әдеби тіл мен көркем тіл нормаларынан ауытқушылықтың, тілге деген жауапсыздықтың орын алып келе жатқандығы айқын мысалдармен көрсетіліп, ана тіліміздің жүйелі заңдылықтары мен әсемдігін сақтаудың бағыт-бағдары ұсынылған болатын. Сондықтан биылғы өтетін мәслихатта әңгіме арқауы негізінен бүгінгі баспасөз бен радио, теледидар тілі болғаны абзал.

- Тіл тәрбиесі бесіктен басталады
- Мемлекеттік тіл мәртебесін арттыру оның қолданылу аясын кеңейтуге байланысты
- Тіл мәдениеті тазалығымен жоғары

Келесі мәселе **терминология саласына** қатысты болмақ. Мұнда терминдердің жасалу принциптерін айқындап, заман талабына, қоғамдық жаңа үрдіске байланысты дұрыс деп табылғанын берік ұстану, яғни термин жасауда төл сөздеріміз бен кірме сөздердің қатысын айқындау, олардың тұлғалануын реттеу: бөлек не бірге жазу, түбірін сақтап не кіріктіріп айту, кірме терминдердің қазақша айтылуы мен жазылуын сөз ету сияқты мәселелер мәслихат талқысына салынады.

Бүгінгі сауатты, мәдениетті қауымды алаңдатып отырған тағы бір келесі мәселе – **емле жайы**. Бұл да қашаннан пікір таласы арылмаған, ол талас қазіргі күнде күшейе түскен саланың бірі. Тегіс сауатты жазуды қалыптастыру – ұлттық мәдениеттің бір шарты болса, оның да әңгіме қозғайтын тұстары бар. Қазіргі графиканы – «орыс жазуын» пайдаланып отырған күндерімізде кейбір қалыптасқан нормаға айналған ережелерді бұзып, басқаша жазу (мысалы, ерін үндестігін сақтап, күлүн, өрүк, бүгүн, күмүс деп жазуды ұсынып жүргендер бар), кірме сөздерді тегіс

қазақ тілінің дыбыс заңдарына сәйкес сындырып айтып, сол айтылған күйінше таңбалау, т.т сияқты мәселелер.

Емле мәселесін сөз еткенде бұл күндерде жазу (графика) жайы көкейімізде тұратын анық, яғни кириллицаны тастап, латын жазуына көшуге бет алған екенбіз, қалған уақытта қазіргі емлені сөз етудің қанша қажеті бар деушілер де табылады. Алдымен, егер жазудың жаңа түріне көшетін болсақ, оның емле ережелерін де бірден дұрыс, сындарлы етіп ұсынудың негізі қазіргі еліміздің басты-басты қағидаларында жатқандығын ұмытпауымыз керек. Екіншіден, жаңа жазуға көшу бірер жылда бітетін, күрт орындалатын шара емес, ең азы 5-10 жылға кететін, ал жарты ғасырдан астамғы жазба дүниені қалың көпшіліктің оқып пайдалануы одан да көп жылдарға созылатынын ескертсек, әлі де біраз уақыт қазіргі еліміздің дұрыстығын діттеу – мәдениетті қоғамның талабынан шығады. Оның үстіне, қазіргі емле ережелерімізді түп-тамырымен өзгертпей, бірақ жөндеп-қырнайтын, бір ізге түсіретін тұстары бар болса, ол жөнінде де пікір алысып, ғылыми әрі практикалық негіздерін салмақтау қажет. Сірә, жазудағы дәл қазіргі бейберекеттілікті, яғни әр редакция, әр автор, әр баспаның төл немесе кірме сөздерді өзінше өзгертіп жазып жатқан «еркіндігі» мен сынақтарды (экспериментті) құптау қиын, өйткені, тіл мен жазу дегендер – миллиондардың «мүлкі», ол мүліктің «сынған, сындырылған» тұстарынан зиян шегетін әлеумет топтары аз болмайды. Мысалы, мектепте үйретілетін емле ережелері мен олардың баспасөз беттеріндегі бұзылған сәттерін көретін мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің халі қандай болмақ?

Егер кейбір сөздердің жазылуына немесе бір-екі ережеге қайткенде де өзгеріс енгізу қажет болса, ол күнде бұл өзгерісті уәжімен дәлелдеп, ғылыми-практикалық орындар болып келісіп, жүзеге асыру керек және ол өзгерісті ресми түрде көпшілікке міндетті етіп ұсыну қажет. Сірә, мұндай ресми міндеттілік бізге әлі де керек болар. Кезінде емле ережелеріміздің өкімет тарапынан Жоғарғы Кеңес президиумының жарлығымен бекітіліп, заңдастырылуы тегін болмаған болар. Бұл әрекет жазу ісінде жүйелілікті, баршаға ортақтықты қамтамасыз ететін пәрменді шаралардың бірі болғанын айта аламыз.

Мәслихатта пікір алысатын келесі мәселе – **сөзді дұрыс айту (дыбыстау) жайы** болмақ. Бұл – тіл мәдениетінің бүгінгі танда әбден қиюы қашып бара жатқан саласы. Ана тіліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан дыбыс заңдылықтары, дыбыс үндесулері әр алуан себептермен бұзылып бара жатқаны айтылып та, жазылып та, көрсетіліп



те келеді. Бұл жерде әңгіме кірме сөздердің қазақша қалай дыбысталуы жайында ғана емес, қазақтың төл сөздерінің сөйлеу барысында дұрыс айтылу сазы туралы да болуға тиіс.

Адам тіл мәдениетін, тіл заңдылықтарын оқу-тәрбие арқылы, негізінен саналы түрде үйренеді, яғни әдеби тілдің қалыптасқан нормаларын, әсіресе, ана тілінің дұрыс жазу және сөзді дұрыс дыбыстау қағидаларын оқытып-үйрететін және ана тілінің сөздік байлығы мен көркемдік әлемінің жүйелік түрде танытатын орны – мектеп болатындықтан, оқушылардың тіл мәдениеті де мәслихат көздейтін мақсаттардың бірі деп саналмақ.

Тіл мәдениетін насихаттайтын, тіл нормаларын көрсететін, тұрақтандыратын пәрменді құралдардың бастысы- жазба дүниелердің, оның ішінде баспасөздің орны ерекше.

Газет-журналдардың тілі – үлгі тұтатын қалып, үйрететін ұстаз деуге болады, өйткені, бұл күнде газет-журнал, кітап оқымайтын адам кемде-кем. Публицистиканың сөз қолданысына қалың оқырман қауымының құлақтары үйреніп, жазу үлгілеріне көздері дағдыланып, солай сөйлеуге, солай жазуға бейім тұратындығын күнделікті өмір байқатып отыр. Баспасөздің сөз қолдану үрдісі мен емлесінің қалың көпшілікке тигізетін ықпалының күштілігі сондай, қалыптасқан заңды ереже-нормалар еленбей, баспа беттерінде кейбір сәтсіз қолданыстар мен қате жазулар дәстүрге айналып бара жатқаны да байқалады. Сондықтан мәслихат бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе баспасөз тілінің әдеби нормаларды сақтауы және олардан жөнсіз ауытқуы жайында кеңінен әңгіме қозғамақ.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесі оның шаршы топ алдында ауызша жұмсалуды қызметін де жандандыра бастады: жиын-жиналыстарды, әртүрлі аудиторияларда, өндіріс-шаруашылық ұжымдарының алдында ауызша сөз айту, жиын-жиналыстарда баяндамаларды қазақ тілінде жасау жарыссөздерде қазақша сөйлеу, көпшілікке арналған лекция-әңгімелер өткізу, радио мен теледидардан сөйлеу – осылардың баршасы ауызша сөйлеу мәдениетін көтеруді талап етеді. Шаршы топ алдында қазақ тілінде ауызша сөйлейтін адам ойын дәл, жатық әрі әдемі, әсерлі етіп еркін жеткізе алатын болуы керек, ал бірақ бұл – сан жылдармен берілмеген, өз алдына жеке мәслихат жиындардың әңгіме өзегі болмаған, арнайы құралдары жазылмаған, ғылымда да көп зерттелмеген, пән ретінде оқылмайтын, қысқасы, қалтарыста қалып келе жатқан сала. Демек, ауызша сөйлеу мәдениеті өткізілетін мәслихаттың назарында тұрмақшы.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіндегі күшін танытатын шараның бірі оның ресми іс-қағаздарында, күнделікті тұрмыс

қажеттілігінде қолданылуы болып отыр. Бұл – кейінгі 60-70 жыл бойы күнделікті қоғам тіршілігінде орын ала алмаған сала. Демек, жұмыс енді басталып келеді, мұндай да норма, қалып-тәртіп, жүйелілік – қысқасы тіл мәдениеті болу керек. Жазу сауаттылығымыздың тағы бір мәселесі – тыныс белгілерін дұрыс қоюға да байланысты. Мәслихат бұл мұратты да көздейді.

Сөйтіп, әлеуметтік қару ретінде тілдің, сөздің қуаты бүгінгі тіршілігімізде орасан артып отыр және әрі қарай да күшейе бермекші. Ол үшін осы қарудың замана талабына сай болуын насихаттау бүгінгі таңдағы өзекті шараларымыздың бірі деп танымыз. Тіл мәдениетіне ұлттық мәдениетіміздің бір саласы ретінде қарап, оны қастерлеп, дұрыстығы мен ортақтығын бекіте түсуге атсалысу – әлеуметтік ой пікіріміздің де, оқу-ағарту ісіміз бен ғылымымыздың да, бұқаралық ақпарат құралдары мен бүкіл жазба дүниеміздің де үлесіне тиетін парызы мен қам-қарекеті, сондай-ақ бұл әрбір азаматтың, жеткіншек жас ұланды тілеуге баулитын әрбір ата ана мен тәрбиешінің, мектеп мұғалімі мен институт ұстаздарының ізгі міндеті болу қажет.

Сондықтан да мәслихатқа дайындық ретінде баспа бетінде кеңінен пікір алысуға барша жұртты шақырамыз.

*«Егемен Қазақстан», 1994. 17 маусым.  
(Р. Сыздықовамен бірге)*

### **Мемлекеттік тілдің мәртебесі неге төмен?**

– *Әбеке, бүгінгі әңгімеміздің негізгі желісі болып тартылатын мәселе – мемлекеттік тіліміздің бүгінгі жағдайы қандай және болашағынан не күтуге болады деген сұрақтар төңірегінде болмақ. Өзіңізге мәлім, Кеңес өкіметінің кеудесі басылмай тұрған уақытта-ақ, біздің халқымыздың өз тіліне деген ниет тазалығы айта қаларлықтай еді. Оның себебі сол кезеңдердің өзінде ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміз қазақ тілінде дамыды, жетілді. Қиыр қыстап, шет қонған қазақ ауылдарының өзінде қазақ баспасөзінің тасы өрге домалап тұрды, әрбір кеңшардың шағын бөлімшелерінің өзінде қазақша кітапқа сәресі майысқан кітапханалар тоқтаусыз жұмыс істеді. Кірсең шыққысыз кітап дүкендерінің өзі қандай еді. Ауыл клубтарында қойылып жататын спектакльдер мен ойын-сауықтардың өзі біздің тіл мәдениетіміздің дамуына қаншама үлесін қосты. Осының бәрін санамалап айтып отырған себебім – өткен күннің елесіне емешегім үзілу емес, барымыздан айырылып, бағымыздан бас тартқандай болған бүгінгі күнімізге қапаланудан болса керек.*

*Өзіңіз басы-қасында болып, ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген «Қазақ тілі» қоғамының тұсауы, әлі есімізде, 1988 жылғы қазанның 21-інде кесіліп еді. Бұл біздің халық үшін елеулі оқиға болды Одан кейінгі кезеңде, 1990 жылғы шілденің 1-інде «Тіл туралы заң» өз күшіне енді де оңымыздан күн, солымыздан ай туғандай әсерде болдық, 1992 жылдың қазан айында өткен «Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы» да жан дүниемізді жадыратып-ақ тастап еді. Осыдан кейінгі іле-шала желтоқсан айында өткен республикалық «Қазақ тілі» қоғамының II құрылтайында айтылған сөздер мен байласқан серттер әлі күнге дейін есімізде. Аталмыш құрылтайда бүкіл бұқаралық ой-сананың түйіскен тұстарынан туындаған пікірлердің жиынтығындай болып көрінген «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жарғысы» өмірге келіп еді. Біздің мемлекеттік тіліміздің өз дәрежесінде еркіндеп шығуына ықпал ететін де осы бір тарихи орны бар құжат деп таныдық. «Тіл комитеті болмаса ештеңе іс жүзіне аспайды» дедіңіздер, ол да өз кезегімен дүниеге келді.*

*Өткен-кеткеннің бәрін несіне термелеп отыр деменіз, осы бір істердің бастаушысы да, қостаушысы да өзіңіз болған соң өткен уақыттың өрге сүйреген өршілдігі туралы болсын, өзек күйдірет өкініші болсын ортаға салсаңыз деген тілек бар еді. Қазақ тілі деген қасиетті қара нар қай қиядан асып, қай сайға барып шөгін қалды екен, біздің соны білгіміз келеді.*

— «Қазақ тілі» қоғамын құру үшін ғана қаншама еңбек жұмсалғанын бұл жерде айтып жатудың қажеті жоқ. Бұл өзі біздің халқымыздың қарық болғанынан құрылған немесе ұлтымызды ұлы етіп көрсеткіміз келгендіктен құрылған қоғам емес. Керісінше, керегесі кескіленген, туырлығы тесілген тума тілімізден айырылуға жақындап қалғандағы тұяқ серпер болса да бір қимылдап қалудың қажеттігінен туындап еді.

Әуелгі 1985 жылдан басталған жылы лепке бет төсеп, жүрек жібіте бастағаннан кейінгі уақытта қайта құру, жариялылық, демократияны тереңдету деген саяси тепкішектерге табан тіреп қалғымыз келді. Өйткені осы бір кезеңдерде тұтас ұлттардың өткен тарихын таразылауға, бүгінгісіні бажайлап, болашағын болжамдауға жол ашылғандай болды. Мұның ең басты бір көрінісі ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы еді. Әрине, бұған әсер еткен КОКП Орталық Комитетінің 1989 жылғы Қыркүйек пленумында қабылданған ұлттық саясат жөніндегі платформасының қабылдануы екені аян.

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғаннан кейінгі уақытта осы жетістікке тойынып, тоқырап қалуға болмайтыны өзінен өзі белгілі болатын. Оның себебі, Қазақстандағы қазақ тілінің қолдану аясының

тым тар мөлшерде екені беп-белгілі тұрған жай ғой. Міне, сондықтан да калайда «Қазақ тілі» қоғамын құруымызға тура келді. Әрине, бұл туралы ел арасында қарсы пікірлер де болды. Бұдан кейін ең бірінші, Қазақ КСР-інің Тіл туралы заңын жасау міндеті кезек күйтirmeйтін мәселе екендігі айқындалды да бұл заңның жобасы бекітіліп, 1990 жылдың 1-шілдесінен бастап өз күшіне енді. Ендігі кезекте осы Тіл туралы заңды жүзеге асырудың жолдарын нақты белгілеп беретін Мемлекеттік бағдарлама жасалды. Қазақ КСР Ғылым академиясында терминологиялық орталық құру, «Қазақ тілі» атты журнал шығару, қоғамның қаражаты, жарна туралы ұсыныстардың бәрі дерлік «Қазақ тілі» қоғамының тарапынан түсті десе болар. Бұл мәселелер туралы сол кезеңдегі баспасөз беттерінде де кеңінен сөз қозғалды.

Шындығын айту керек, мемлекеттік тіл – қазақ тілі үшін сол кездегі халық арасындағы мәдени және саяси қозғалыстың кең ауқымдылығы кісі қуантарлықтай еді. Менің өзім Дүние жүзіндегі 10 миллионға жуық қазақтардың 2-3 миллионы «Қазақ тілі» қоғамына мүше болады деген дәмеғөй ойда едім.

– *Осы тұста сөзіңізді бөлейін, «Қазақ тілі» қоғамының ІІ құрылтайының қарсаңында-ау деймін, «Қазақ тілінің қаниша мүшесі бар?» – деген тақырыпта дабыл қаққан мақала шықты. Онда республикалық қоғамның басқармасындағылар «Қазақ тілі» қоғамының қаниша мүшесі бар екендігін анық білмейді, тек қана «миллионнан астам мүшеміз бар» деп мөлшерлеп соғады дегендей сөздер айтылған. Мақала тілшісі құрғақ сөзбен құрық сілтемей, әр облыстағы «Қазақ тілі» қоғамдарымен сөйлескенде өзі естіген нақты деректерге сүйенген екен. Біз сонда осы мақала авторының айтқанына илана отырып, «сонда республикалық «Қазақ тілі» қоғамы ең басты табыс көзі болып саналатын мүшелік жарнасын уақытылы түгел жинап алып отыру үшін өз мүшелерінің нақты санын білуі керек қой. Бұлары қандай?» деп таң қалғанбыз. Әрине, тереңірек ойлаған адамға бұл істің тым шалағай жүргізілуі жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғамның бастауыш ұйымдарынан басталатын баспалдақтардың тайғанақтығынан болса керек. Әйтпесе, әрбір бастауыш ұйымда қаниша мүше бар екені ап-анық болып тұрса, тұтас санға нақты жету сонша қиын емес секілді.*

– Жасыратын несі бар, республикалық «Қазақ тілі» қоғамы кейіннен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы болып кеңейтілгенімен кейін де қаржы жағынан қанағат тауып көрген жоқ. Жер-жердегі «Қазақ тілі» ұйымдары кедейшіліктен кембағалдыққа дейін жетті десек болар. Сараңның садақасындай аннан-мұннан түскен демеушілердің берген қаржысы

қай тесікке жамау болады дейсің. Обалдары нешік, елі ішіндегі жалау жүрек, жалаң төс азаматтар ұлт тілі, мемлекеттік тіл үшін жандары қалмай-ақ күресіп келеді. Бірақ олардың аттанға айғай қосқанынан селт еткен ештеңе көрінбейді. Бәрі қаржыға, тек қана қаржыға келіп тіреледі де тұрады. Әлгі өзің айтып отырған мүшелік жарна дегеннен шығады, осы мәселенің әу бастан-ақ басы ашылмай қойғаны жасырын емес. Бізге келіп түскен, газет беттерінде жарияланып жатқан хағтар мен мақалалардың көбінде-ақ осы жағдай сөз болған, әлі де болып жатыр. Осындай «сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған» аш құрсақ заманда «Қазақ тілі» қоғамының мүшесісің, жарна төле» деп, кімнің соңынан жүгіргендей болып отырамыз. Біз басында, теңгенің құны бар кезде, жарғы бойынша мүшелік жарнаны 20 тиын деп белгілеп едік, инфляцияның иіріміне түскен уақытта мұнымыздың өзі түк те болмай қалды. Оның үстіне қоғамның барлық мүшелері дерлік ауылды жерде болғандықтан, айлық жалақыларын уақытында алмайтын болғандықтан мүшелік жарналарын қалай төлесін. Міне, «Қазақ тілі» қоғамының қожырай бастауына негізгі себептің өзі осында тұр. Ел-жұрттың есі кетіп, сесі қайтқан заман деген осы болар. Қай қоғамда, қай заманда болсын адамдардың санасы асқазанымен өлшеніп келген. Аш халыққа ақыл айтып, пайымды парасат үйретем деу де бір әурешілік іспетті.

— *Бірақ осы бір тұста тағыз да бір тереңірек тоқтала кететін мәселе бар сияқты. Әрине, жоқшылық пен тапшылық мынадай қиын заманда елге үлкен ауыртпалық түсіріп тұрғаны ақиқат. Осы өзіміз мәселе етіп көтеріп отырған тіл төңірегінде әңгіме қозғай қалсаңыз: «қазақ тілін мемлекеттік тіл деп марапаттап қайтесің, орыс тілі тұрғанда»... деушілер де кездеседі. Шындығында, өзіңіз айтыңызшы, осы қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қай жерде қандай дәрежеде қолданыс тауып жатыр?*

*«Мемлекеттік» мәртебе алды деген атағыз ғана болмаса, қазағыз қалың, қаладан аулақ жерлерден басқа қайда, қай уақытта өзінің барлығын, тірлігін көрсетті. Мен білсем, бұған әлгі бір қаржының жоқтығы ғана себеп-салдар болып отырған жоқ. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған тілдің бір сүйем, тіпті бір елі болса да дәрежесі жоғары тұрса қайтер еді?! Қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру шараларының толық жүзеге аспай жатуы неліктен? Ел ішіндегі бір әңгімеден естігенім бар: Қазақстанмен экономикалық қарым-қатынас жасау үшін Америкада арнайы кадрлар даярлана бастаған кезде, бізді тәуелсіз республика деп таныған американдықтар бар*

*ниет-ықыластарымен оларға қазақтың тілін, салт-сана, әдет-ғұрпын, тіпті, ән-өлеңдерін де үйретсе керек. Әрине, олар сондай өркениетті, мәдениетті ел болғандықтан, тәуелсіз Қазақстанға зор құрметпен қараған ғой. Осындай арнайы дайындықтан өткен бірінші топтың өзі-ақ көп уақыт өтпей-ақ Америкаға: «Қазақстанға келетін адамдарды ендігі жерде бізше тәрбиелеп әуре болмай-ақ қойыңыздар, мұнда қазақтың тілін, әдет-ғұрпын білудің қажеті жоқ. Бекер әуре боласыздар», – деп хабар жіберіпті. Осы аңгіменің астарында қиындық бар екені аян ғой.*

– Қазақ тілін мемлекеттік дережеге көтеру ісінің науқаншылыққа айналып кеткені – ақиқат. Шындығында, қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алғаннан кейінгі уақытта арнайы қаулы-қарар болған жоқ. Тіл туралы заң қабылданды да «200-шы жылға дейін мемлекеттік тілді дамытудың шаралары» деген бағдарлама жасалған болатын. Бұл бағдарлама бойынша істелетін істер, жасалатын шаралар жан сүйсінерлік дәрежеде болды десем артық емес. Бұл өзі жеке бір кітапша болып шықты. Біз осы уақыттың ішінде республиканың 19 облысында іс қағаздарын мемлекеттік тілге 1996 жылға дейін көшіріп болатын етіп кесте жасағанбыз. Бірақ 1990 жылғы қыркүйектің 27-і күні Қазақ КСР Министрлер Советінің «Қазақ КСР-інде қазақ тілі мен басқа да ұлт тілдерін 2000 жылға дейінгі кезеңде дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына кейбір өзгерістер мен толықтырулар енгізуге туралы» қаулысы жарық көрді. Оның бірінші тармағы мынадай болатын: «Қазақ тілі. Тілдің қолданылуы» бөлімінің 3-тармағы мынадай редакцияда берілсін: «Қалаларда, аудандарда, мекемелерде, кәсіпорындар мен ұйымдарда мемлекеттік тілде іс жүргізуді енгізу мерзімдерін облыстық атқару комитеттері, қалалық (аудандық) атқару комитеттері аймақтағы нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен демографиялық ахуалды ескере отырып белгілейді».

Бұл қаулының шығуына негізгі себепші болған жағдайлар, атап айтқанда, тіл саясатына бір жақты қараушылық, асыра сілтеушілік, тұрпайы белсенділік сияқты қимыл-әрекеттер еді. Біз 1996 жылға дейінгі кестені жасағанда осыны да ескере отырып, кестенің аяқ жағына ескерту берген болатынбыз. Бұл бірақ есепке алынбады.

Министрлер Советінің қаулысының алғашқы редакциясы өз күшінде тұрған кезде, мәселен, Семей облысының әкімі Чернов тұтқиыл шешім шығарып, іс қағаздарының барлығы тез арада қазақ тіліне көшірілсін деп бұйырды. Сол сияқты Мәдениет министрі Е. Рахмадиев те іс қағаздарын түгелдей қазақшаға көшіріпті. Ал ел ішіндегі мұндай істер жұрттың бәріне ұнай қоймағаны мәлім. Әсіресе, жергілікті ұлт тілінде сөйлей

алмайтындарға. Әрине, бұл дүмпу Министрлер Советіне жетпей қалған жоқ. Қаулыға әлгіндей түзету енгізілгеннен кейін қазақ тілінің қадамы да қысқара бастағаны белгілі. Бұдан кейінгі уақытта сол кезде мемлекеттік мәні бар болып есептелетін № 51 қаулы жарқ ете қалды. Бұл қаулыда барлық ресми құжаттар екі тілде жазылатын болсын делінді. Мемлекеттік тілді менсінбеушілікті бүркемелеу үшін тағы да бір қитұрқы тәсіл табыла кеткені де осы шақ. Ресми құжаттардың орысшасы бар, қазақшасы жоқ болғандықтан, оларды қазақшалау үшін әрбір мекемеге бір аудармашы, бір машинка басушы тағайындап қойса жеткілікті. Мұның үстіне қазақша үйрететін бір оқытушысы тағы бар. Міне, мемлекеттік тілді дамытудың ең оңай жолы осылай табылды. Ал жаңағы үш қызметкер (аудармашы, машинка басушы, оқытушы) кімдер дейсіз ғой. Олардың көпшілігінің арнайы білімі жоқ еді. Мәселен, аудармашы өзінің алдына келген әлгі бір ресми құжатты аударуға толық білімі жетік адам болса бір сәрі ғой, ол өзінің шамасы жеткен дәрежеде ғана аударарды, көптеген сөздерді тұспалдап қана бере алады, ал машинка басушының не қате жіберіп жатқанын бір құдайдың өзі білсін. Қазаққа қазақша оқыта алмайтын мұғалімнің орыс тілді адамды қазақ тіліне үйретуі де бір керемет. Айтпақшы, біздің қазақ тіліне соңғы кезде келіп енген «термин сөздердің» көкелерін де әлгі бір шала сауатты аудармашылар әкеліп кіргізді. Абырой болғанда бұндай аудармашылардың біразы соңғы кезде қысқартылды.

Расында да «ресми» деген сөз мәртебе болмаса да, іс жүзінде мемлекеттік тілді ығыстырып шығаруға айналды. Қазір Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жасалған Тіл заңының жаңа редакциясы дайындалып болды. Мұны Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитет дайындады. Бұл заңда тілге деген қамқорлықтың белгісі – оң ықпалды идеология, тілді уағыздау көріністері баршылық.

– *Барлығы заң шығарумен ғана шектеліп қалмайтынына әбден көзіміз жеткендей болды. Бұрынғы Тіл туралы заңда жазылған сөздердің еш кемшілігі жоқ болып көрінетін. Қазақ тілін дамытудың алғашқы кездерінде ұранға сүрен қосқанымызды әлі ұмыта қойған жоқпыз.*

*Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтудің алуан-түрлі шараларын да белгілеген едік. Тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын кадрлық, материалдық-техникалық, қаржылық жағынан толық қамтамасыз етуге уәде байласқан кездер де есімізде. Мәселен, ілеспе аударма аппаратымен барлық залдар жабдықталады, қазақша жазу машиналары болады, байланыс мекемелері телеграф*

хабарларын мемлекеттік тілде қабылдап тұрады, кәсіпорындар мен мекемелерде интенсивті тәсілмен сабақ жүргізетін қазақ тілі мұғалімдері арнайы даярлықтан өтеді, түрлі-түрлі сөздіктер мен тілашарлар шығарылады деген сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мен үлкен жиындарда айтылған уәделердің көпшілігі су түбіне кетіп қалған жоқ па? Ең аяғы астанамыздағы көше қатынасы көліктеріне орнатыла бастаған аялдама аттарын қазақ-орыс тілінде хабарлайтын электронды аппараттардың да үні өшкелі қашан.

— Қазақ тілінің жолы болмай тұрғанының ең басты себебі – өзіміздің өкімет адамдарының мемлекеттік тілге деген ықылас-ниетінің жоқтығынан немесе аздығынан деп білемін. Ең бірінші халыққа үлгі болатын адамдар – солар. Өкінішке орай, олардың көпшілігі қазақтың өзімен де қазақша сөйлеспейді. Парламенттегілердің өзі де арасында бір орыс отырса, қазақшаны былай сырып қоя салуға түк арланбайды. Сылтаулары біреу – «бәріне түсінікті болсын» дейді, «ойымызды жеткізгіміз келеді» дейді. Өткен жылы Абайдың 150 жылдық тойында Президент Н. Назарбаев соншама үлкен баяндаманы қазақ тілінде-ақ жасады ғой. Қандай тамаша болды. Өз халқының алдында беделі өсті, жұртын қуантты. Мен өз басым Премьер-министріміз Ә. Қажыгелдиннің бірде бір рет қазақша сөйлеп, баяндама жасағанын естіген емеспін. Қазақстанның астанасы Алматы қаласының әкімі бола тұрса да Ш. Құлмахановтың да жөні дұрыс қазақша сөйлегенін көргем жоқ.

Жалпы, біздің жоғарғы өкімет адамдары тіл мәселесін екінші кезекке сырыңқырап отырған сияқты.

Ал енді өзіміздің ғалымдарға не жорық десеңізші. Көпшілігі қазақ тілін бір кісідей-ақ біле тұрып, қазақша жазуға қадам баспайды-ау шіркіндер. Сенсеңіз, біздің ғалымдарымыздың бүгінгі таңда он-ақ проценті қазақ тілінде жазады. Олардың да дені тіл, әдебиет төңірегіндегілер. Біз, шындығында да барлығын керісінше жасағанды тәуір көреміз.

Осы тұста мына бір мысалды келтіре кетейін. «Егемен Қазақстан» газетінің биылғы жылғы 2-ақпандағы санында «Қазақ тілі» қоғамының Шиелі аудандық төрағасы Қ. Әбденов менің атыма ашық хат жолдапты. Содан бір үзінді келтіре кетейін: «Біздің Шиелі ауданы – қазақи аудан. Соның өзінде соңғы жылға дейін қыстақ орталығындағы жеті орта мектептің үшеуі таза орыс тілінде, төртеуі аралас мектеп ретінде жұмыс істеді. Орыс кластарында отырған балалардың 60-70 проценті қазақ балаларын құрады. Сондай-ақ қыстақтағы он екі бала бақшаның он бірі, ондағы тарбиешілердің 70-80 проценті қазақ екеніне қарамастан, оқу-



тәрбие жұмысы тек орыс тілінде жүргізіліп келді. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамының араласуы, білім бөлімі басшылығының батыл азаматтық танытуы нәтижесінде қазір орыс тілінде бір мектеп, бір бала бақша ғана қалды».

Міне, осы бір ақпардан-ақ «Қазақ тілі» қоғамының қандай белсенді күш екенін танып, білуге болады емес пе?! Ал біздің өкіметіміз неліктен осы бір оңынан келіп отырған істі оңашалап тастағанына тіпті де танданбасқа болмайды.

– *Сізге газет арқылы хат жазған жігіттің сөз төркініне терең үңілгеніміз жөн. Қазақ мектептерін көбейту ісінде «Қазақ тілі» қоғамының атқарған қызметі ұшан-теңіз. Амал қаниша, соңғы кезде беті қайтып, беделі төмендеп бара ма деп қорқамыз. Мен таяуда сіз атаған «Егемен Қазақстан» газетінің бетінен Өмірсерік Қасеновтың «Түсінбеушілік пе әлде бұра тарту ма?» деген рецензия-мақаласын оқып отырып, көптеген фактілерге кез болдым. Соның бірі мынау: біздің елімізде 871000 мектеп оқушысы, 77243 студент қазақ тілінде, 2,2 миллион және 189416 оқушы мен студент орыс тілінде оқиды екен. Екі тілдің ара салмағын осыдан-ақ айырып алуға болатын шығар.*

– «Бәрін айт та бірін айт» дегендей, ең аянышты жағдай – мектептеріміздің болашағы болып отыр. Қазіргі уақытта қаржының тапшылығынан ауыл-ауылдардағы 300-дей мектеп жабылудың аз-ақ алдында тұр. Бұлардың дені – шағын комплектілі мектептер және алыс ауылдардағы қазақ мектептері. Бұлардың жабылуына байланысты үлкен мектептердегі кластардың тығыздығы қандай болмақ? Әрбір класқа 40-50 оқушыдан. Бұдан кейін білім сапасы қандай болмақ?! Осыдан келіп орыс мектептеріне ауысу науқаны күшеймей тұрмайтыны тағы белгілі. Оның үстіне қазақ мектептерінде білім беру сапасы да төмендеп барады. Дені дұрыс мұғалім даярлап шығарудың өзі күшке түсуде. Жоғары оқу орындары үшін оқулық (пәндік) жоқтың қасы.

– *Ғабит Мүсірепов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады. «Тіл сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде-біреуіне көңіл аудармау – ең үлкен қылмыс».*

*Осы бір ғажайып сөзден шығатын қорытынды – қазіргі уақыттағы біздің өз тілімізді өзіміз елемегендей болып отырған қылығымыз қылмыспен тең деген сөз. «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана аяққа басады» деген де Ғабен еді ғой. «Авгейдің ат қорасынан бастайық» деген мақаласында.*

*Әрине, тіл туралы, ана тілі туралы қазақ ғұламалары аз айтқан жоқ, аз күрескен жоқ.*

*Менің бір таң қалатыным бағанадан бері әңгімелеп отырған «Қазақ тілі» қоғамына мемлекеттік деңгейдегі құқық неге берілмейді?*

*Күні кеше туа салып аз уақытта тұншықтырыла, аты да, міндеті де өзгерген Тіл комитетінің шыр ете түскен даусын ғана естігендей болдық емес пе?! Расын айту керек, сол Тіл комитетінің болашағынан үлкен үміт күткенімізбен, тындырған ісін біліп үлгермедік. Оның есесіне жер-жерлер кешегі әміршілдік-әкімшілдік қоғамнан қалған бірталай «қаратаяқтарға» аз уақытқа болса да нәпақа тауып беруге әбден жарады. Мәселен, бір облыстағы аудандық, партия комитетінің идеология бөлімінің нұсқаушысы болып істеген бір әйел «Қазақ тілі» қоғамы алғаш құрыла бастаған кезеңде оған жан-тәнімен қарсы болып, шабуылға шыққаны бізге мәлім. (Аты-жөнін атап айтуды қажет деп таппадық). Мына қызыққа қараңыз! Сол әйел кейіннен Тіл комитеті құрылған кезде облыстық, тіл басқармасының бастығы болып отыра қалған. Бұдан нені аңғаруға болатынын тарқатып айтудың қажеті де бола қоймас. Тіл комитетінің қызметін өзінше ұнатып барған да, құлатып таратқан да осындай адамдар екені ақиқат. Жүрмей жатып жүрелеп, күлмей жатып күмілжіп отырсақ, сырт жұрттың бізге күле қарамасына кім кепіл. Мысалы, күні кеше ғана, осыдан үш-төрт жыл бұрын астанамызға ат арытып, «елім, жерім, тілім!» деп еңіреп келген дүние жүзі қазақтары құрылтайына жиналғандардың өзі біз туралы не ойлады? Салтанатты мәжілісте сөйленген сөздердің оттай ыстық лебі олардың жүрегінде әлі сақтаулы екені ақиқат. Қазақ тілінің қалтыраған бүгінгі қалтын естігендердің еңсесі түсіп, ет бауыры езіліп жатпағанына кім кепіл.*

*Мұның бәрін айтпағанда Ғылым академиясының болашағы туралы да жұрт сан саққа жүгіртіп айтып жүр.*

— Ғылым академиясының бүгінгі жағдайының қиын екені рас. Егер біз ғылымнан бір айырылсақ, ол тез арада қолымызға түсе қоймас. Оның қайта айналып келуіне кем дегенде елу жылдай уақыт керек. Адам білімімен жетіледі, мемлекет ғылыммен өркендейді. Мұны біздің ешқайсымыздың ұмытуға қақымыз жоқ. Мемлекет өзінің өркениеті, экономикасы, мәдениеті мен әдебиетінің, ең бастысы тілінің дамып жетілуі үшін ең соңғы қара бақырына дейін аямаса керек.

Өкінішке орай, біздің Ғылым ордасының халі нашарлап кетті. Ғалымдарымыздың жалақысын жалақы деп те айтуға болмайды. Одан гөрі тапанша тағып банкінің алдын күзеткен күзетші мен автобустағы билет тексерушінің табысы әлдеқайда жоғары. Сондықтан болар ғылымға келіп жатқан жастар өте аз. Тіпті бар ғылым кандидаттарымыздың өзінен айырылып, қалып жатырмыз, Көбі бизнеске кетті. Біз, әйтеуір, 40 жылдан

бері осының қабырғасында жүрген соң қиып кете де алмаймыз. Біз үшін ең қасиетті орын – Ғылым академиясы...

Тындырар жұмыс әлі көп. Осы жазда халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының III құрылтайын өткізуге дайындық жұмыстарын жасап жатырмыз. Ісіміз оңға басар, тасымыз өрге домалар деген ойдамыз.

*«Қазақ әдебиеті», 1996. №15. 9 көкек.  
(Сұхбаттасқан Ә. Қайран)*

### **Мемлекеттік тіл қандай мүмкіндік береді?**

\* **Бірінші пікір:** *«Ешқандай өзгерістің қажеті жоқ, бәрі тамаша»* дегене сақтық қана.

\* **Екінші пікір:** *«Мемлекеттік тіл статусы етіп қазақша-орысша қостілділікті тану»*. Бұл пікірді ұсынып отырғандар негізінен, ақын-жазушылар қоғамы.

\* **Үшінші пікір:** *«Қостілді мемлекет тілінің құрамында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде тану»*.

Тіл проблемасы қайта құру, жаппай жаңғыру, түлей түрлену мезетінде алдымызға айрықша толғаныспен қойылып отырғаны бұлтартпас шындық. Халық, кең ауқымдағы мәселені бір жаққа бұра тартпай, барша байыбымен, ой-тілекті әбден пісіруімен, жан-жақты, мейлінше әділеттілікпен кеңесіп пішуді, нақты шешімге келуді қажетсінеді. Осы орайда мемлекеттік тіл жай-жапсарына байланысты журналымыздың жүздеген мың оқырмандарының тілек-сұраныстарын ескеріп, одаққа, шетелге белгілі тіл маманы, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор **Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдаровпен** жүргізілген ашық пікір алысуды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– *Әбеке, әңгіме басын республикамызға (республикаларға) мемлекеттік тіл қажет пе деген төтен сауалдан бастасақ қайтеді?*

– Бұл сауалға «керек» десең де, «керегі жоқ» десең де елге түсінікті болып шықпайды. Өйткені оның сан алуан себептері мен өзіндік мән-мағынасы бар.

Болмыстағы нақтылы көрініс «Тілге байланысты теңдік, тең праволылық, еркіндік іс жүзінде қалай орындалып келеді» – деген сұраққа итермелейді. Лениндік принцип тұрғысынан бүгінгі ұлт тілдерінің жағдайын көңіл тоярлық деуге бола ма? Анығырақ айтқанда: әрбір ұлт өкілі өз баласын өзі қалаған тілінде (бала жасынан) оқытып,

тәрбиелеуге толық мүмкіншілігі бар ма? Немесе, әркімнің өз ана тілінде оқып, қалаған мамандығы бойынша білім алуға толық мүмкіндігі бар ма, өз республикасындағы кез келген мәдени орында, жиналыс-жиында, өндіріс саласында өз тілінде сөйлеп кетуге хұқы бар ма?

Міне, бұл сұрақтардың бәріне бірдей бас изеп, «иә» деп шұлғып жауап берудің реті жоқ сияқты. Өйткені ұлт тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің нақтылы жағдайы да оған жар бермейді. Ана тілін болашақ ұрпаққа аман сақтап қалу арманы талайдың ойын оятып, санасын сергітіп отыр. Осы бір рухани өмірдің жалғастығы үшін ішкі күрестің шарықтау шегі, міне, қайта құру дәуірімен қабаттаса, қарбаласа келіп, әрбір ұлт пен ұлыс өз тілін тіпті мемлекеттік тіл биігінен көруді көрсетіп отыр!

– *Енді осы талап-тілек қаншалықты орынды-орынсыз екенін бағамдау үшін оның себеп-салдарына үңіліп көрсек болмас па?*

– Себептердің ең бастысы – лениндік ұлт саясатының тамаша принциптерінің ұзақ жылдар бойы әртүрлі жағдайларға байланысты өрескел бұрмаланып, орталықта да, ұлт аймақтарында да деформацияға ұшырап келуінде болып отыр.

Шынымен-ақ осындай жағдай болды ма? Ол рас. Мәселен, 1926 жылғы халық санағы бойынша елімізде өмір сүретін 194 үлкенді-кішілі ұлт, ұлыс және этностық топтар хатталып қағазға түскен екен. Ал енді жарты ғасырдан кейінгі, яғни 1979 жылы өткен санақтың ресми хабарына қарасақ, 194-тің тек 101-ғана қалыпты. Сонда қалай, 93 тілде сөйлеуші халықтың із-түзсіз жоғалып кеткені ме? («Коммунист» журналы, 1988. 16 номерін қараңыз). Осы бір айғақты бәз біреулер жасырып-жапқысы келсе, енді біреулер «айыптың» барлығын сол кездегі (1926 ж.) санақ жүргізушілердің тәжірибесіздігіне аудара салғысы бар. Бірақ мұның да көп қисыны жоқ. Өйткені, 1897 жылы өткен санақта да Патшалық Россияда «146 тіл және наречие» бар деп көрсетілген еді (Бұл да сол журналда айтылған).

Ал Сібір, Қиыр Шығыс өлкесін мекендеп келе жатқан саха (якут), хакас, шор, тува, тоф, алтай, сібір татарлары т. б. түркі тілдес халықтардың көңілді алаңға бөлейтін жай-жапсарлары тіпті мүшкіл.

Осы тектес тағы бір мысал келтірейік. Мәселен, еліміздегі жүзден астам дербес халықтар мен ұлыстардың бүгінгі таңда 78-нің ұлт жазуы, яғни жазба әдебиеті бар екен (Профессор С.Бруктың айтуынша бүгінде ол 75 шамалас болып шықты. «Известия», 11.01.89). Демек, қалған тілдік топтар әліге шейін ұлттық жазу-сызудан мақұрым деген сөз ғой.

Оған да шүкіршілік! Бірақ осы жазуы бар халықтарымыздың бұдан он жыл бұрын тек 55-інің ғана өз балаларын ана тілінде оқытып тәрбиелеуге мүмкіншілігі болған. Ал қазіргі жағдай одан да мүшкіл, 55 деген сан 39-ға дейін күрт түсіп кетіп отыр. Демек біз 30-шы жылдардың басындағы деңгейден де төмен құлдылап кеткенбіз. Сонда бұл құлдыраудың себеп-сыры неде болғаны?!

В. И. Лениннің «Ұлттардың өзара жақындасуы және тіпті бірігуі» деген тезисін көбіне тіл аясына ауыстырып, «ұлт тілдерінің бірігіп, түбінде бір тілге айналуына мезгеп отыр» деп топшылап елді шатастырып келдік. Осы орайда И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл білімі» (М.,1951) деген орашалақ еңбегі де есімізге түседі. Ол өзінің А. Холоповқа берген жауабында: «Ұлттардың экономикалық, саяси және мәдени өзара ұзақ қарым-қатынасының нәтижесінде алдымен әбден байыған бір тұтас аймақ тілі бөлініп шығады, одан соң олар жержүзілік жалпы бір тілге барып саяды...» (сол еңбектің 52-бетінде) деген болатын. Жасыратыны жоқ, күні бүгінге дейін кейбір ұлт өкілдерінің ана тіліне енжарлықпен қарап, «Ана тіліміздің алдында жарқырап тұрған болашағы жоқ, бас қатырып оған балаларды үйретудің қажеті не, қазірден-ақ бір тілге ауыса берейік», – дегендей пиғыл танытуы соның салдары болса керек.

Бұған қосымша кейбір ғалымдардың кейінгі кезде ұлт тілдерінің әлеуметтік жағдайын, қолданыс шеңбері мен қоғамдық қызметін анықтауға байланысты оларды өзара «болашағы бар», «болашағы шамалы» және «болашағы жоқ» деп жіктеп, «көріпкелділікке» салынуын да құптарлық іс деп қарауға болмайды. Тілдің қатыспайтын жері жоқ. Ол сайып келгенде экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өміріміздің барлық саласына, демография, миграция, урбанизация, ғылым, ағарту ісі т.с.с. толып жатқан құбылыстардың камертоны болып саналады!

– *Бірақ, «қазақ тілін мемлекеттік дәрежеге көтерудің нендей қажеттігі бар?» деушілер әр ортадан шығып қалмағы кәміл. Ендеше қажеттіктен туып, ғылымға берік негізделген жауабымыз болуы керек сияқты?*

– Бұл үшін қазақ тілінің тікелей өз басына байланысты кейбір кінәраттар бетін де аша кеткен жөн. Ана тіліміздің қоғамдық қызметін тарылтқан себептер сан алуан. Солардың бірі – «сол тілде қазақ этносының қаншасы сөйлеп келді, сөйлейді және болашақта сөйлемекші?» – деген сұраққа жауап.

Алдымен қоғамдық қызметі деп нені ұғамыз? Жан-жақты дамып, өркендеп-өскен тілдердің ғылымда 30-дан 50-ге дейін әлеуметтік

қызметі бар екені анықталған. Орайы келгенде осыған қарай бір мысал келтірейік. Финляндияда конституцияға сай фин және швед тілдері 1919 жылдан тең хұқықты мемлекеттік тіл болып саналады. Демек халқының тек 6 проценті ғана сөйлейтін швед тілінің правосы фин тілімен теңгерілген. Мемлекеттік мекемелердегі – ресми қатынас қағаздар, банктегі есептер, түрлі документтер жүргізу, мектепте және жоғары білім беру жүйесінде оқыту, диплом мен диссертация қорғау, әлеуметтік және мәдени орындарда қызмет көрсету, көше, жер атаулары хабарларының барлығы да бірін-бірі өгейсітпейтін, кемсітпейтін екі тілде қатар, тең атқарылады, орындалады екен.

Партия мен үкіметіміздің арнайы қазақ және орыс тілдерін үйрену туралы қаулысы бола тұра, қос тілділік әлі кібіртіктеп отыр. Сақтық қассасы, почта қатынасы қағаздарын, анықтама, жарнама т.б. қазақшалауға толық болады ғой? Ендеше оған кедергі келтіріп отырған не?

Тоқырау жылдарында Алматы облысы бойынша жабыла-жабыла 200 қазақ мектебінің 67-і ғана қалыпты. Ал 250 мың халқы бар Шығыс Қазақстан облысында да үш-ақ қазақ мектебі бар, онда 417 бала оқиды. Ал қазақ тілінің қоғамдық қызмет өрісін: көркем әдебиет, баспа, радио, телевидение, театр, бала оқыту тілі, өзара қатынас құралы тілі ретіндегі қызметтері т.б. деп термелеп айтсақ, 10-нан аспайды екен. Оның үстіне балабақша тілі, мамандар дайындау тілі, ғылыми-техника тілі т.б. ретіндегі қызметін толыққанды дей алмаймыз.

«Қазақ тілінде бүгінде қазақтың қаншасы сөйлейді?» – деген сұрақ та еріккеннің ермегі емес. Демограф ғалымдардың (М. Тәтімов т.б.) зерттеулеріне қарағанда қазақтардың жалпы саны 10 миллионға жетіпті. Оның республикада тұратындары қазір 7 миллионға жақын. Бұдан 10 жыл бұрынғы мәлімет бойынша қазақ тілін ана тілім дап санаушы қазақтар 98 проценттен асқан екен. Байыптап көрсеңіз, 98 проценттің шамамен тең жартысы тілді мүлде білмейтін «ноқайлар», ептеп түсініп, бірақ сөйлей алмайтын «төбесі тесіктер», үй ішінде, жолдас-жорамен жүрдім-бардым пікір алысатын «қара жаяу», «шалақазақтар» болып шығады. Бұл топты толықтыратын аралас некеге тұрғандар. Ресми баяндамалардың бірінде бүгінде шаңырақ көтеруші қазақ жастарының 20 проценті солар екендігі анықталған. Бұлардың ана тіліне «әсері» қандайлығын түсіну қиын емес.

Енді ұлттық жазу-сызу мәселесіне, ана тілде білім алу жүйесінің жалғастығына тоқталмай болмайды. Мысалы, 20-30 жылдағы бас-аяғы 15 жылдың ішінде 3 түрлі (арабша, латынша, орысша) алфавитті ауыстырып үлгергенімізде болып отыр. «Онда тұрған не бар?» – деуіміз да мүмкін.

Жоқ, олай емес! Өткен іске салауат дей отырып, мұндай «өзгерістер» жалпы рухани өміріміздегі қол жеткен табыстарымызды жеткен жерінен жаңаша жазумен бірге қиып тастап отырғанын әсте жадымыздан шығармалық.

Тіпті сауаты асығыс ашылған шала сауат кешегі біздің қарапайым ата-бабаларымызды былай қойғанда, 40 жылдан кейінгі сауатты қауымның өзі де арабша, латынша жазылған әдеби, тарихи мұрамыздан күні бүгінге дейін құралақан. Революциядан бұрын шыққан жарты ғасырлық тарихы бар толып жатқан газет-журналдар мен кітаптарды бұрын да, бұдан кейін де жастардың қолынан көру қиын болар.

Осы тұрғыдан: «Республикамызға мемлекеттік тіл керек пе?» – деген мәселеге қайтып оралсақ, жоғарыда келтірілген дерек-айғақтар саналы азаматтардың біразын ойландыратыны анық.

Ал ұлт тілдерінің, соның ішінде одақтас республикалар өз атымен аталған халықтар тілдерінің мемлекеттік статусы жайлы тек кейінгі уақыттарда ғана Грузияда, Арменияда, Әзербайжанда, ал бертінгі кезде Балтық бойы республикаларында айтыла бастады. Содан бері сегіз ұлт тілі мемлекеттік статус алып үлгеруі де жасампаз жаңғыруды таныта түскендей.

Бұл мәселе енді Қазақстанда да күн тәртібіне қойылып отыр.

– *«Қазақ республикасына мемлекеттік тіл керек пе, керек болса, қайсы тіл мемлекет тілі бола алады, оның мемлекеттік статусы қалай анықталады?» – деген секілді сұрақтардың күн тәртібіне қойылуына мұрындық болып отырғандар, шынын айту керек, қазірше ғылыми-творчестволық интеллигенция өкілдері мен студент қауымы ғана. Ал мемлекеттік тіл статусын нақтылы қалыптастыру үшін, тіпті дайындық жұмыстарымен кемінде 2-3 жыл уақыт кетерін бүкіл әлеумет болып, неліктен сезіне алмай отырмыз?! Халыққа талқылауға неге ұсынбаймыз?!*

– Қазақ «тас түскен жеріне ауыр» дейді ғой. Сол сияқты ана тіліміздің ауыр жағдайын дұрыс түсіну үшін ең алдымен осы ұлттың шын перзенті болып сезіну, түйсіну қажет. Осылай дәл айтуға жүктейтін жағдайлар да баршылық. Ұлт мәселесін көтергенді «ұлтшыл» деп айып тағатын уақыт кеткен. Ұлт мәселесі мен ұлтшылдықтың парқын ХІХ Бүкілодақтық партия конференциясынан кейін біз де түсіне бастадық.

Ұлт өкілі болмағанның барлығы бірдей оның жүрек сезімін, көңіл күйін сезбейді десек қателесеміз. Жалын атып тұрған ақындық жүрегін қолына алып, ана тілінің сырын да, жырын да ағынан жарылып ақтарған қайраткер-патриот ақынымыз Мұхтар Шахановты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Г. В. Колбин жолдас қалай дұрыс түсінді! Сондықтан да сарабдал басшы ұлт өкілдерінің заң арқылы ана

тіліне қажетті праволық гарантияны орнатуға ұмтылған ізгі талабын түсінуге болады деген ақ-әділ пікірін айтты.

Әрбір ұлт республикасының өзіндік ұлттық дәстүрі, тілдік ситуациясы бар. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде ұсынғанда біз төмендегі принциптерді қатал сақтауымыз керек: Біріншіден, бұл статус тек республика территориясындағы қазақ халқы үшін ғана бірізділікпен сақталуы талап етіледі; республикадан тыс тұрағын қазақтар үшін, тілдің мемлекеттік статусын қабылдау-қабылдамау, ұстану-ұстанбау ерікті; екіншіден, республикада орыс тілі орыс тілдес халықтар үшін ұлттық әдеби тіл, басқа ұлттар өкілі, соның ішінде жергілікті қазақтар үшін ұлтаралық қызметін тең тіл ретінде атқара бермекші; оның бұл статусы мемлекеттік тіл статусымен терезесі тең тұрған паритетті жағдайда қызмет атқармақ; үшіншіден, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметі (функциясы) талғамалы-талдамалы талапқа (избирательно-дифференцированный) сай, халықтың әлеуметтік-демографиялық микро-макро-инфраструктурасына (яғни халықтардың аз-көп, аралас-құралас отыруына) байланысты толық еркіндікті сақтау арқылы жүзеге асырылады; төртіншіден, республика территориясында жасайтын басқа халықтарға өз тілінде оқып білім алуына, қажеттігіне қарай үй; өндіріс, мәдениет салаларында толық пайдалануына мүмкіндік жасауды мемлекеттік тіл өз статусымен қорғауы керек; басқа ұлттардың өкілдері үшін қазақ тілінің статусын қабылдау-қабылдамау ерікті, бірақ барлық жағдайда ол өзіне сол халықтар өкілдерінің құрметпен қарауын талап етеді.

Осы сияқты қазақ тілінің мемлекеттік статусына байланысты ережелер, талап-тілектер Тіл туралы заң болып, Қазақ ССР-ның Конституциясына еніп, заңды түрде қабылдануы керек. Бұл болашақтың ісі, Қазақ ССР Ғылым академиясының жалпы жиналысының қаулысында болашақ Тіл туралы заңның жобасын жасау Тіл білімі институты мен Философия және право институтына тапсырылып отыр. Әрине, ол Заңның жобасы дәстүрлі тәртіп бойынша қалың көпшілік талқылауынан өтуі қажет.

Біздің бүгінгі әңгімеміз сол үлкен де жауапты істің бастамасы іспетті – пікір алысу. Енді қалың көпшіліктің патиқасын күтеміз!

*«Мәдениет және тұрмыс», 1989. (Сұхбаттасқан Б.Сапаралин)*

### **Тіл тағдыры — ел тағдыры**

– Әбдуәли Туғанбайұлы, бүгінде тіл мәселесі өзекті проблемаға айналып, күн тәртібінен берік орын алды. Өйткені кең-байтақ Отанымызды мекендеген ұлттар мен ұлыстардың бойында ана тілінің ертеңіне деген алаңдаушылық сезілмей қалмайды. Бірқатар ұлттық



*республикаларымыз жергілікті халық тілін мемлекеттік тіл деп жариялай бастады. Ұлт мәселесін шешудегі мұндай үрдістің сыры неде?*

– Өйткені, тіл – әрбір ұлттың баға жетпес байлығы, «халықтың жаны» (В. Быков). Сондықтан да Коммунистік партияның Программалары мен СССР Конституциясында еліміздегі ірілі-уақты ұлттар мен ұлыстардың бәрі бірдей өз ана тілінде сөйлеуге, білім алуға, балаларын тәрбиелеуге, сондай-ақ ана тілдерін жан-жақты дамытуға, қоғам өмірінде кеңінен қолдануға праволы екендігі анық айтылды. Бұл – социалистік елдің ұстанған бірден-бір гуманистік принципінің айқын айғағы болса керек.

Бірақ болмыстағы нақтылы көрініс қалай? Лениндік принцип тұрғысынан бүгінгі ұлт тілдерінің жағдайын көңіл тоярлық деуге бола ма? Анығырақ айтқанда, әрбір ұлт өкілі өз баласын қалаған тілінде (бала жасынан) оқытып, тәрбиелеуге толық мүмкіншілігі бар ма? Немесе, әркімнің өз ана тілінде оқып, қалаған мамандығы бойынша білім алуға толық мүмкіндігі бар ма? Өз республикасындағы кез келген мәдени орында, жиналыс-жиында, өндіріс саласында ана тілінде сөйлеуге мүмкіндік туа бере ме? Әрине, оның түрлі объективті де субъективті себептері бар. Тіл мәселесінің шиеленісіп, бүгінгі таңның өзекжарды, көкейкесті проблемасына айналуы да сондықтан.

*– Яғни, қайта құру дәуірінің қанат жаюымен қатар ұлттық сана-сезімдері оянған халықтардың өз тілінің беделін көтеруге, тіпті оны мемлекеттік тіл биігінен көруге тілек білдіруі де сол себептерден демексіз ғой? Ал енді сол – өзіңіз айтқан объективті де субъективті себептерді атап өтіңізіші?*

– Ұлт тілдерін бұл халге душар еткен себептердің ең бастысы қоғам өмірінің күрделі мәселелерін ғылыми тұрғыдан байыптап, демократиялық жолмен шешуді артық санаған жеке басқа табынушылық, волонтаристік және тоқырау жылдары лениндік ұлт саясатының бұрмалануы. Мәселен, мына бір аса өкінішті фактіге көңіл бөлейікші: 1926 жылғы халық санағы бойынша елімізде өмір сүрген 194 үлкенді-кішілі ұлт пен ұлыс, этностық топтар хатталып, қағазға түскен екен. Ал енді жарты ғасырдан кейінгі, яғни 1979 жылы өткен санақтың ресми хабарына қарасақ, 194-тің тек 101-і ғана қалыпты. Сонда қалай, 93 тілде сөйлеуші халықтың із-түзсіз жоғалып кеткені ме? «Мұны қалай түсінеміз?» – дейді Е. Зеймель «Коммунист» журналының 1988 жылғы 15-санында жарияланған «Социализмдегі халықтар және олардың тілдері» атты ғылыми мақаласында.

Тілге байланысты елге ортақ кінараттардың бірі – осы болса, екіншісі – «жойылып кету» тәрізді жағдайға ұшырамаса да, соған жақын тұрған,

жалпы рухани өмір сферасындағы экологиялық сырқатқа шалдыға бастаған аз санды халықтар тілдерінің жағдайын жатқызуға болады. Оған біз мысал үшін ежелден Сібір, Қиыр Шығыс, Қиыр терістік өлкесін мекендеп келе жатқан хакас, шор, тува, тоф, алтай, сібір татарлары, нивх, эскимос, селькуй, саам, манси, ханты,эвенк, ульч, ительмен, ненец секілді халықтардың бүгінгі ахуалын еске алсақ та жеткілікті.

Егер біздер, адамдар шын мәнінде өзіміздің гуманистік принципімізге сүйеніп, бейбіт әлем астындағы табиғи ортамызды экологиялық апаттан қорғауға ұмтылып, құрып бара жатқан теңіз, не жойылу қаупіне ұшыраған жан-жануар мен өсімдіктер дүниесі үшін дабыл қағып, оларға «Қызыл кітап» ашып, шынайы қамқорлық жасап келсек, ендігі жерде адамзат тарихында сирек кездесетін қасиетті ескерткіш-феномен – этнос тілдерін де түгел сақтап қалу үшін де неге сондай қамқорлық жасамаймыз?!

Біздер В. И. Лениннің ұлттардың өзара жақындасуы туралы тезисін көбіне тіл аясына ауыстырып, «ұлт тілдерінің бірігіп, түбінде бір тілге айналуын меңзеп отыр» деп топшылап, елді шатастырып келдік. Осы орайда И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл білімінің мәселелері» деген еңбегі еске түседі. Ол өзінің А. Хлоповқа берген жауабында: «Ұлттардың экономикалық, саяси және мәдени ұзақ қарым-қатынасының нәтижесінде алдымен байыған біртұтас аймақ тілі бөлініп шығады, одан соң олар жержүзілік жалпы бір тілге барып саяды...» деген болатын. Бұл долбар қарапайым халықтың санасына өз салқынын тигізді. Күні бүгінге дейін кейбір ұлт өкілдерінің өз тіліне енжарлықпен қарап, «ана тіліміздің алдында жарқырап тұрған болашағы жоқ, бас қатырып оған балаларды үйретудің қажеті не, қазірден-ақ бір тілге ауыса берейік» дегендей пиғыл танытуы соның салдары болса керек.

*– Сонда қалай, жоғарыда аталған тілге қатысты кінәраттарды біз бұрын білмей келдік пе, жоқ білсек те білмегендікке салдық па?*

– Жоқ біз оны білдік те, сезіндік те. Бірақ ол туралы белгілі себептермен бүгінгі демократия мен жариялылық заманына дейін жұмған аузымызды ашпай келдік. Оны айтам деп кезінде аузы күйген, арамыздан «аласталған» аға буынды көріп өстік. Оны айтқандарға қит етсе болды «халық жауы», «ұлтшыл», «пантүркист» деген «қоңырау» тағылуға дайын тұратын. Сондықтан да «бітеу жараның» барлық уыты сыртқа шықпай, ішке кетті...

*– Әбдуәли Туғанбайұлы, ендігі кезекте қазақ тіліне тікелей қатысты мәселеге тоқталайық. Ана тіліміздің қадірін, көпшілік алдындағы беделін түсірген, оның қоғам өміріндегі қолдану аясын тарылтқан қандай-қандай басты себептерді атауға болады?*

– Ана тіліміздің қоғамдық қызметін тарылтқан себептер сан алуан. Солардың бірі – «сол тілде қазақ этносының қаншасы сөйлесіп келді, сөйлейді және болашақта сөйлемекші?» деген сұраққа жауап.

Алдымен тілдің қоғамдық қызметі деп нені ұғамыз? Жан-жақты дамып, өркендеп-өскен тілдердің ғылымда 30-дан 50-ге дейін әлеуметтік қызметі бар екені анықталған. Ал қазақ тілінде *көркем әдебиет, баспа, радио, телевидение, театр, бала оқыту тілі, өзара қатынас құралы тілі* ретіндегі қызметтері т.б. деп термелеп айтсақ, олардың саны бар-жоғы 10-нан аспайды. Оның *балабақша тілі, маман дайындау тілі, ғылыми-техника тілі* т.б. ретіндегі қызметін толыққанды дей алмаймыз.

Ана тілінде оқып білім алудың жүйелі де жалғасты болуы – аса қажеттілік. Ең абзалы, баланың тілі қазақша шығып, тәрбиесі қазақша бала бақшасынан басталған екен. Оны мектепте де, жоғары білім алуда да жалғастыру қажет. Олай болмаған жағдайда мектепті қазақша бітірген бала орыс тілін жетік біліп келмесе, мамандық игеруде, сөз жоқ, қатты қиналады. «Жүзден жүйрік» дегендей, олардың зерегі мен зерделілері ғана төтеп бере алады да, қалғандары 1–2 курстан кейін үлгіре алмай, не ауылдарына қайтады, не қалада қалып жұмыс істейді, не қиналып жүріп институтты, әйтеуір, бір бітіреді.

Бұл жағдайды таратып айта берсе, әңгіме көп. Оның тоқ етері, осы мәселені республикада заңды түрде шешу қажет. Ауыл шаруашылық, мал дәрігерлік, т.б. институттарды бітіріп, қарапайым халық арасына барып қызмет көрсететін жас мамандардың екі тілді бірдей білгені дұрыс-ақ.

Бірақ, амал нешік, бұл мәселе біздің республикада күні бүгінге дейін түбегейлі түрде шешілмей келеді. Сондықтан да болар, ұлттық тіл, ұлттаралық қатынас сөз бола қалған жердің бәрінде де осы мәселе көлбеңдеп алдыңнан шыға береді. Халық арасындағы кейбір түсінбеушілікті, мәселен «баламызды қазақша оқытпаймыз, өйткені тілдің болашағы жоқ, оқуға түсе алмайды» тіпті «нанын тауып жей алмайды (!)» деп коллектив атынан хат жазатын, алдыңды орағытып, сөйлетпейтін ата-аналардың қаланы былай қойғанда, ауылдан да табылатындығын енді жасыруға болмайды. Бұл әлеуметтік құбылысты терең түсініп, дұрыс шешу қажет.

Сөзіміз дәлелдірек болу үшін кейбір фактілерге де жүгіне отырайық. Мәселен, республикамызда тек кейінгі 30 жылдың ішінде 700-ден астам қазақ мектебі жабылып қалғандығын «Қазақ әдебиеті» газеті жазды (ноябрь, 1988). Мұншама құлдыраудың себебі не екен десеніз, жоғарыда сөз болған ана тілі негізіндегі жалғастықтың бұзылуы деп жорамалдаймыз.

– Осыған орай Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қазақ және орыс тілдерін оқып-үйренуді жақсарту жөніндегі қаулыларының қабылдануы аталмыш мәселенің оң шешім табуына жол ашты емес пе?

– Сөз жоқ, бұл екі қаулы жергілікті ұлт тілі мен ұлтаралық қатынас тілін оқып-үйренуді жақсарту ісіндегі игі қадам болды. Жер-жерлерде үйірмелер мен курстар ашылды, түрлі сөздіктер мен оқулықтар жарық көре бастады. Республика халқының бойында бір-бірінің ана тілін құрметтеу сезімі оянды.

Алайда бүгінгі күннің биігінен қарағанда, қаулыларда көрсетілген міндеттердің жүзеге асу қарқыны тым баяу. Оған ең алдымен қалалар мен қалашықтарда қазақ тілін үйренген күнде, оны күнделікті өмірде қолдануға толық жағдайдың, зәру қажеттіліктің жоқтығы өз әсерін тигізуде. Өйткені қалада тұратын қазақтардың бір қатары, әсіресе олардың балалары өз тілінде еркін сөйлей алмайды. Сосын қалаларда жергілікті тұрғын халықтың сан жағынан аз екені де белгілі.

– Осы орайда Тіл білімі институтының тындырған ісі қандай?

– Әдетте, бұл саладағы олқылықтарды сөз еткенде, сын Тіл білімі институтының атына да айтылып жүр. Бірақ ол бір кезде ғұлама ғалым әл-Фарабидің тіл туралы ғылымды бірінші орынға қойса, бүгінде ғылымдардың арасында соңғы орынды иемденіп, сан жағынан тілші-ғалымдардың Ғылым академиясындағы барлық ғалымдардың бір-ақ процентін құрайтынын білмеушіліктен туған пікір болса керек. Сондай-ақ, Тіл білімі институты тілдердің практикалық қолданылуы бағытындағы жұмыстармен ғана емес, негізінен тілдің фундаментальдық ғылыми проблемаларымен шұғылданатынын да ұмытпайық.

Ал енді тындырған іске тоқталсақ, ортақ іс үшін Институт қызметкерлерінің аянып қалған жері жоқ. Тек биылғы жылдың өзінде баспаға жиырмаға жуық еңбек тапсыруды жоспарлаған едік, ол ойдағыдай орындалуда. Солардың бірі таяуда жарық көрген қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің толықтырылған үшінші басылымы.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін жазған ғалым Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Жақында қоғамдық ғылымдар терминдері сөздігінің 2 томдығы жасалып баспаға тапсырылды.

Алайда мұның бәрі тіл экологиясын қорғауға қосылған тамшыдай ғана үлес. Жалпы тіл экологиясын қалпына келтіруге бүкіл халық болып атсалыспасақ болмайды. Сол үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қос қаулысында көрсетілген міндеттерді басшылыққа ала отырып, Тіл

білімі институтының жанынан республикалық «Ана тілі» қоғамын құруды қолға алдық. Оның арнайы статусы белгіленіп, өз Уставы мен программасы жасалды. Қоғамның «Қазақ тілі» атты өз журналы болуы керек. Сондай-ақ Тіл білімі институты жанынан ашылған «Желмая» атты ғылыми-өндірістік кооператив астана мекемелері мен ұйымдарының жиын мәжілістеріндегі сөздерді синхронды түрде қолма-қол аударуға, тілдерді оқып-үйрену жұмыстарын жақсартуға көмектесуді мақсат етеді.

Меніңше, тілші-ғалымдардың орынды ұсыныс-тілегі тиісті органдар мен республика басшылығы тарапынан қолдау табуға тиіс. Өйткені, бұл – бүгінгі өмір талабы.

*– Әбдуәли Туғанбайұлы, біздің осыған дейінгі әңгімемізде қазақ тілінің бүгінгі халі мен ертеңгі болашағы туралы сөз болды. Біз өз тілімізде Ленин мұраларын оқыдық, энциклопедия шығардық. Қазақстанның бес томдық тарихын жасадық. Бұны бір деңіз.*

*Ал екіншіден, қазақ тілі оның тұтынушы халқымен бірге талай қиын тарихи ауыртпалықты бастан өткерген. Соның нәтижесінде, өзінің туған топырағының қоғамдық өмірінде тілдің әлеуметтік қызметінің бестен біріне ғана ие болды, яғни қолдану аясы тар деген сөз. Мен бұл арада қазақ тілінің орыс тілімен қатар 20-шы жылдары ресми іс-қағаздарында халыққа білім беру мен өндіріс салаларында кеңінен қолданылғанын еске алып отырмын (1923 жылғы декрет).*

*Соңғы жылдары қазақ жұртының бірқатары ұлт және ұлыс тілдерінің даму заңдарына қарап, өз ана тілінің де болашағына сенуден қалғандай...*

*Міне, осындай екі түрлі сипаты бар ұлт тіліне Қазақстан сияқты көпұлтты республикада мемлекеттік тіл статусын беруге болар ма еді? Егер болса, жергілікті тұрғын халықтың тіліне берілген артықшылық бауырлас басқа ұлт тілдерінің дамуына кері әсер етпес пе екен?*

– Сұрағың өте ауқымды екен. Алдымен «мемлекеттік тіл» туралы мәселенің басын ашып алайық. Өйткені мемлекеттік тіл дегенде елдің бәрінің есіне келетіні ұлт көсеміміз В. И. Лениннің ертеректе патшалық Россияның реакцияшыл, шовинистік саясатшылдарына қарсы айтқан «бір де бір ұлтқа, бір де бір тілге артықшылық болмасын» деген пікірі. Бұл контексте әңгіме орыс тілі жайында болды.

Ал ұлт тілдеріне келсек, қазірдің өзінде одақтас республикалардың жетеуінде (Грузия, Армения, Әзербайжан, Эстония, Латвия, Литва, Молдавия) ұлт тілі мемлекеттік тіл ретінде танылып отыр. Бұл білместіктен, я болмаса, ұлттық ерекшеліктен туған, не демографиялық

жағдайдың өзгешелігінен туған шешім емес. Советтік еліміздің қай түкпіріне бармайық, қай ұлттық өлкені араламайық – барлық жерден біз аралас-құралас өмір сүрген көпұлтты халықтардың өкілдерін көреміз. Мүмкін бір республикада олар аз, енді біреуінде көп шығар. Бірақ бұл әрқашан да өзгеріп отыратын құбылыс. Қалай болғанда да жергілікті халықтың өз жерінде басқа ұлттардан аз, не көп болуына қарамастан ана тілін дамытуға, оның толыққанды тіл ретіндегі әлеуметтік қызметін, қолданыс аясын кеңейтіп, өмірдің барлық саласында пайдалануға праволы болса керек.

Мәселенің осы ыңғайда қойылып, қазақ тілін республика көлеміндегі мемлекеттік тіл деп тануға итерамелеп отырған жағдайдың бірі, сайып келгенде, ана тіліміздің көптеген объективті себептер салдарынан беделінің төмендеуі, қолданыс аясының тарылып, атқаратын қоғамдық қызметінің ауқымы «от басы, ошақ қасымен» шектеле бастауы болса керек. Сондықтан да оны мемлекеттік тіл дәрежесінен көруге талпынуды – есейген елдің елдігін танығысы келетіндігі, ұлттық санасы оянып, ана тілінің аянышты халін терең сезіне білгендігі, демократия жағдайында мәселені ашық айтып, халықтың конституциялық правосын талап етуі деп білген жөн.

Осы бір шындықты бұрмаламай, бұзбай, бәріміздің де дұрыс түсінгеніміз жөн. Бұл ескертудің себебі де жоқ емес. Мәселенің байыбына терең барса да, бармаса да «қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусын беру керек» деп оның күн тәртібіне қойылуына мұрындық болып жүргендер, қазірше ғылыми-творчестволық зиялылар мен студенттер қауымы. Дегенмен, бұл талаптың орынды екеніне, оның ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір дұрыс шешімін табатынын іштей сезсе де, кейбір жолдастардың бұл жөніндегі пікірі басқаша.

Сөйтіп, республикамыздағы тілдердің статусы жайында бүгінде елге белгілі екі түрлі пікір, принцип бар. Оның бірі – газет беттерінде біршама қолдау тауып отырған, «мемлекеттік қостілділік», яғни қазақ және орыс тілдерінің мемлекет тілі ретінде қатар қолданылуы болса, екіншісі – біз сөз еткендей, тек қазақ тіліне ғана мемлекеттік статус беру, орыс тілінің ұлтаралық қатынас қызметін сақтай отыра республикадағы басқа ұлт тілдерінің толық дамуына мүмкіндік жасау.

Осы арада біз екінші принципті қолдай отырып, «мемлекеттік қостілділік» принципін мүлде жоққа шығара алмаймыз. Ол күні бүгінге дейін орын алып келген (қазақ тілі мен орыс тілінің және басқа ұлт тілдерінің ара қатынасының, нақтылы жағдайын айтып отырмыз)

тілге деген стереотипті көзқарастан әлдеқайда прогрессивті принцип. Мұнда тоқырау заманындағы тілдік тоқыраудан шығудың ізденістері бар. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге тырысу, қайткен күнде де ана тілді сақтап қалу тенденциясы байқалады.

*«Қазақ әдебиеті», 1989. 3 наурыз,  
(Сұхбаттасқан Ж.Қалыбаев)*

### **Тіл тағдырына ғалымдар да жауапты**

«Құлдан да – бір ауыз сөз» дегендей, «тілден де – бір ауыз сөз» айтудың реті келген сияқты. Өйткені еңсесі биік ғылымның бұл сарайында қазақ тілінің үні бұрын-соңды көп естілмейтін. Бүгін де оны тосырқайтындар аз емес.

Өмір шындығы ғылымның алдына әрқашан да өзінің өзекті мәселесін көлденең тартатыны белгілі. Сондықтан биылғы алқалы кеңестің күн тәртібі ел басына келген экономикалық қиыншылықтың ғылым мен ғалым тағдырына қатысты қойылуы да заңды нәрсе. Ел бұрын «ғалым» десе болды, «қалтасы қалын» қауым деп түсініп келсе, енді, міне, олардың да қарны ашып, қадірі қашатын пенде екенін, еңбегі еш болып, бағасы кондуктордан екі есе төмен түсіп кеткенін өзі көріп, өз құлағымен естіп отыр.

Ал бұдан үш жыл бұрын дәл осы үлкен залда өткен алқалы кеңесте ғұлама ғалымдар экология проблемасын сөз етіп, уланған аспанымызды, лайланған суымызды, жараланған жеріміз беп қасіретке ұшыраған халқымызды апаттан құтқарудың жолын іздеп, ой-толғаныстарын ортаға салған еді.

Сол бір жиналыста табиғатты ғана емес, бүкіл мәдени, рухани өмірімізді де түгел шаршыған экологиялық нәубеттің ана тілімізге де тигізген тақсиреті жайында біз де бір-екі ауыз сөз айтқан едік. Қазақтардың ішінде өз тілін білмейтін және білсе де шала білетіндердің саны 40 процентке жетіп отырғанын біз сол жолы айтып, өзімізше дәлелдеген едік. Ондағы мақсат – ана тіліміздің мүшкіл қаліне ғалымдар қауымының назарын аударып, оған төніп келе жатқан қауіптің қаншама қатерлі екенін ескерту еді. Амал нешік, бізді түсінбеді ме, әлде біз түсіндіре алмадық па, әйтеуір, сол бір жиналыста дүйім жұрттың алдында бастықтардың сөгісін естігеніміз бар, оған осы отырған қауымның бәрі куә.

Содан бері, міне, үш жылға аяқ басты, көп нәрселерге көзіміз жетті. Біреу көп, біреу аз десе де, 40 процентті халық мойындады. Ол енді ресми құжаттарда да жиі келтіріледі. Тілге байланысты қоғамда біраз өзгерістер

жүз берді. «Тіл туралы заң» қабылданды, қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды, оны дамытудың 2000 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, тіл мәселелерін үйлестіру, терминология, ономастика комиссиялары мен республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, олар заңды жүзеге асыруға байланысты біршама жұмыстар атқарып келеді.

Бұл салада республика академиясы да қарап қалған жоқ, аз да болса ана тілімізге бетбұрыс жасағаны рас. Бұдан бір жыл бұрын академия тарихында бірінші рет жалпы жиналыстың сессиясы ғылымдағы қазақ тілінің тағдырына бағышталып, оны дамытудың біраз нақтылы шаралары белгіленген болатын. Бұл өте қажет еді, өйткені ғылым тілі мемлекеттік әдеби тіліміздің жон арқасы бола тұрса да, оның күні бүгінге дейін өзінің осы бір жауапты қызметін өз дәрежесінде атқара алмай келгені баршаға аян. Сол жиналыста баяндама жасауға байланысты біз академия құзырындағы 30-дан астам институтқа арнайы анкета-сұрақтар таратып, ондағы тіл жағдайының анық-қанығына біршама көзіміз жеткен еді. Сондағы біздің аңғарғанымыз: а) бір- екі институт (тіл, әдебиет) болмаса, басқасының бәрінде де ғылыми өмір, қоғамдық (жиналыс, ғылыми кеңестер, конференциялар, диссертация қорғау т. б.) тіршіліктің барлығы тек орыс тілінде ғана өгіп жатқандығы; академияның жартысынан (көбі қазақтар болғандықтан қазақ тіліндегі қарым-қатынасты мүлдем жоқ деп айтуға әрине, болмайды, бірақ мәселе толыққанды ғылым тілі жайында болып отыр ғой); ә) ал ғылым тілін ғалымдардың шығып жатқан еңбегімен болжамдайтын болсақ, ол, міне, 50 жыл бойы негізінен орыс тілінде дамып, оның тек он-ақ проценті қазақша жазылады екен. Оның өзінде де бұлар филология профиліне жататын бір-екі институт үлесіне тиетін үлес.

Осы бір деректің өзі-ақ жартысынан көбі қазақ ғалымдары болып саналатын ұлттық академияның бүгінге дейін тұтынып келген ғылым тілі мемлекеттік мәртебе алып отырған қазақ тілінен іргесі тым алыс жатқанын толық дәлелдейтін сияқты.

Осы бір қиын да қынжыларлық жағдайды жақсы түсінген ғалымдар былтырғы үлкен жиналыста қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытуға ат салысатындығын айтып, нақтылы шаралар белгілеп, қаулы алған еді. Сол қаулыда, мәселен, 1995 жылға дейін қазақ тілінде жазылатын ғылыми зерттеулердің санын ең болмаса 40-50 процентке жеткізу, әрбір институтта өз саласындағы ғылыми-техникалық терминдерді реттеп, жетілдіре түсу үшін екі тілді жетік білетін бір-екі маман сайлап, ғылыми бөлімшелер жанынан арнайы терминологиялық топ құру, салалық сөздіктер шығару, көпшілік қолды ғылыми еңбектер жазу, бұқаралық тәсілдер арқылы



ғылым жетістіктерін уағыздау, іс қағаздарын қазақша жүргізу т. б. шаралар белгіленген болатын. Осы қаулыда ғылымдағы тіл тағдырын бақылап, бағдарлап отыратын Президиум жанынан үйлестіру комиссиясын құру, жас ғалымдарға қазақ тілін міндетті түрде үйрету мақсатымен қазақ тілі кафедрасын құру мәселесі де қаралған еді. Комиссия құрылды, бірақ істеліп жатқан жұмыс мардымды емес; кафедра ашылған жоқ. Академияда іс қағаздары қазақша жүрмейді. Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының қазақша жазып берген былтырғы (1991 ж.) жылдық есебін қоғамдық ғылымдар бөлімшесі орысшаға аудартып алды.

Ғалымдардың ана тіліне деген көзқарасын өзгертіп, санасын ояту үшін академиялық институттардың барлығында «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымдары құрылып, олардың басын қосып, игілікті істерін үйлестіріп, бағдарлап, басқарып отыру үшін Қоғамның бірлескен комитеті де ұйымдасқан болатын. Амал нешік, академиядағы осы бір алғашқы серпілістен кейін басталған осыншама игілікті істеріміздің нәтижесі шамалы болып тұр.

Оның себептері көп. Бірақ соның ең бастысы, менін ойымша, сол жиналыста барлық шараларды бас шұлғи мақұлдап, уәде берген ең алдымен басшы ғұламаларымыздың табиғатына тән бұрыннан келе жатқан енжарлық, ана тілінің алдындағы ғалымдық парызы мен перзенттік борышын жете сезіне білмеушілік. Ғылымдағы жастардың ынтасы, өз тұстарынан ғылым тіліне арнап конференция өткізіп, талаптануы (бұл арада мен Аязбаев т. б. жастарды айтып отырмын) алдыңғы қатардағы ағаларынан қолдау таба алмай, жігері құм болуы осы отырған баршамызға сын.

«Балық басынан шіриді», «Бұлақ суы басынан бұзылса, аяғы лайланып жатады» дейді ғой біздің қазақ. «Өнеге ағадан» деп, бізге қараған ғылымдағы қалың қауымға өнеге-үлгі көрсетіп жүрген аға буын ғалымдар арамызда аз. Қазақ тілі – Қазақстан парламентінде де (осы арада бірінші рет парламентте қазақ тілінде баяндама жасаған халыққа білім беру министрі Ш.Шаяхметовті ерекше ілтпатпен атағым келеді), ғылым сарайында да есіктен төрге оза алмай, сығалап жүрген жетім баладай. Бүгінгі мәжілістен де соны көріп отырмыз. Сөздің басында, аяғында бір-екі сөзді қазақша айтуға дағдыланып алған жолдастардың әрекеті, итке сүйек тастағандай, көпшілікті риза қылудың амалы болса болар, бірақ ол қазақша сөйлеу емес. Өзімізді өзіміздің алдаудың қажеті жоқ.

Тіл тағдырына, ғылым тіліне деген қасаң боп қалыптасқан бұрынғы көзқарасымызды өзгертпесек, оның көсегесі көгермейді, ағайын! Егеменді ел болып, тәуелсіз мемлекет болып бүкіл әлемге танылып, ал бүгінде Ұлттық академия болып, қайта түлеп отырғанда ана тіліміздің туын биік ұстауға міндеттіміз. Тіл тағдырына ең алдымен жауапты зиялы қауым, ғалымдар деп білемін.

*ҚР ҰҒА Хабарлары. 1992. № 3. 38-40 б.*

### **Тіл — халық қазынасы**

Тіл – ойдың көрінісі – ежелгі қағида, ал әдебиет – көркем ой. Демек, тіл мен әдебиет бір-бірінен бөлінбес, егіз дүние. Әдеби тілдің бірнеше саласының ішінде көркем тіл, көркем әдебиет тілінің дамуы тіл ғылымы мамандарының назарын ерекше аударуы, зерттеу объектісі болуы заңды. Конференция қарсаңында газетіміздің тілшісі Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры, академик Әбдуәли Қайдаровпен жолығып, әңгімелескен еді. Бүгін назарларыңызға осы әңгімені ұсынамыз.

– *Жуырда ашылатын «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» атты конференцияда қаламгер қауым, тіл мамандары, көркем тіл жанашырлары бас қосады. Конференцияда келелі әңгіме, пікір алысу болары хақ. Көркем шығарма тіліне байланысты арнайы жиын жасаудың мәні, себебі неде деп ойлайсыз?*

– Әдеби тілдің бірнеше саласы бар. Көркем әдебиет тілі соның ішіндегі ерекше, маңызды саласы. Тіл қоғамдық құбылыс, тарихи құбылыс. Тілді жасаушы халық. Ал қашаннан-ақ, әсіресе ақын, жазушы, сыншы қауымы тілдің даму процесіне араласып отырған.

Әдеби тілдің өз даму кезеңдері, сол әр кезеңнің өзіне сай талап-талғамдары болады. Мысалы, орыс әдеби тілінің ұзақ тарихы бар. Фонвизин, Радищев, Державин, одан беріде Пушкин, Лермонтов, Белинскийлердің, сондай-ақ советтік кезеңде де әдеби тілге деген көзқарас, талаптардың бір-бірінен принципиялды айырмашылығы жоқ дегенмен де әдеби тілді дамыту, жетілдіру тұрғысынан әр кезеңнің өзіндік проблемалары бар екендігі кәміл. Қазір дүниежүзілік аренаға шыққан орыс тілінің өзінде де көптеген сөздерге әдеби тілдің жазылу дәстүріне, тіпті орфографиялық ережелерге байланысты пікірталастар толалар емес. Тілдің барыс-бағдарына қоғам назар аударып отырады. Ал қазақ әдебиеті бүгінде өркендеген, толасқан әдебиет. Соңғы жылдардың өзінде шоқтығы биік бірталай шығармалар дүниеге келді. Сондықтан да бұл конференцияны шақыру төл

көркем әдебиетіміздің тілі туралы алқалы кеңес құрып, жеткен биігімізді, қалыс жақтарымызды електен өткізу, кейбір тұрғыдан ойлану, жетілдіру; негізгі-негізгі мәселелерге көңіл аудару, қандай кемшіліктер бар, оның себебі неде деген жайттарға тоқталу мақсатынан туындап отыр ғой деп ойлаймын. Конференцияда жұртшылық көкейдегі ойларын айтады, пікірталастар, тіпті айтыстар, түптеп келгенде келелі пікір алысу болады.

Дәл бүгінге дейін газет-журналдарымыздың барлығы да әсіресе сіздердің газеттеріңіз тіл мәселелері, тіл мәдениетіне байланысты көптеген мақалалар жариялады. Егер солардың барлығын жинақтасак, тіпті айтылмай қалған проблема жоқ. Конференцияда да негізінен көркем тіл сөз болғанымен де, оның барлығы жалпы тіл мәселесіне айнала соғып жатары сөзсіз. Себебі, көркем тіл өз алдына дербес дүние емес. Демек, мәселе үлкен трибунадан айтылар пікірлерге, ұсыныс-тілектерге мықтап көңіл аударып, құлақ асып, белгілі қорытынды шығара білуімізде.

*– Көркем тіл өз алдына дербес дүние емес дедіңіз. Тіл мен әдебиет бір-бірімен бөлінбейтін егіз екені де рас. Тілдің даму барысына әдебиет бейтарап қала алмайды және де тілдің дамуына әдебиеттің ықпалы аз емес. Ал тіл мен көркем әдебиеттің қоғамдық-әлеуметтік мәні, түптеп келгенде әртүрлі, өзгеше екені тағы бар ғой. Әдебиет тек тіл ғана емес. Кейде «тіл дегеніміз стиль» деген пікірлер айтылады. Әдебиетші ғалымдардың пікіріне сүйенсек, көркем тілде сөздің ішкі семантикасы, морфологиялық, синтаксистік құрылымы көркемдік жинақтауға негіз болып, образдар жүйесімен, образ мазмұнымен жымдасып жатады. Конференцияда көркем тілдің осы тұрғысынан сөз қозғалуы тиіс шығар.*

– Көркем тілді образдылық, ішкі ырғақ, әуен, сөздік құрылым, т.б. сан қырынан қарастыруға болады. Бұл мәселелер арнайы баяндамаларда, сөйлеушілердің сөзінде де қамтылады. Мен тілдің заңдылықтарына назар аудармақпын.

Қазір әдебиеттің ерекше даму процесін бастан кешіп отырмыз. Шебер қаламгерлер өз алдына, қолына қалам алған талапкерлердің өзі қаншама! Біраз жағдайда, дамудың жалпы дүрмегімен келіп жатамыз. Тілдің заңдылығын сақтау – сөздің дұрыс жазылумен ғана бітпейді. Тілдің заңдылығын сақтаудың ең алғышарты халық тілін жақсы әрі дұрыс пайдалана білуде. Мәселен, М.Әуезов, Ғ. Мүсірепов, тағы да басқа көрнекті қаламгерлер шығармаларының тілінен әдейі іздесең кемшілік таппайсың. Олардың тілінің эталонға айналуы халық қазынасын игергендігінен ғой.

*– Бұл ретте шеберлік мәселесі туындайды. Біздің газетіміздегі «Толғауы тоқсан қызыл тіл» айдарындағы пікірталасты қорытқан көлемді*

*мақалаңызда «Жаңалық іздеп жастар жаңсақ басып жатса, оны түсінуге болады. Ал қаламы төселген, танымал ақын-жазушылардың кейде аяғын алтек-талтек басуына жол болсын?.. Бұл не жауапкершіліктің азаюына, не көркем сөз шеберлігіне деген талаптың божырауына, немесе өз қолтаңбасын әсіресе танытуға сұғына бой ұрып, дәстүрлі жолдан ауытқуға барып саятын тәрізді» деген едіңіз. Демек, әлгі айтылған танымал қаламгерлер халық тілін білмейді дегуге негіз жоқ қой. Оның төркіні творчестволық ізденістерде деп тану қажет шығар.*

– Меніңше, көркем тілдегі ең басты шеберік – тағы қайталай айтсам, қазақ тілін дұрыс қолдана білуде, бар сөздің жүйесін тауып қолдануда. Жазушы қауымы ең алдымен осыған көңіл бөлсе. Айталық, орынды ой мен нақты сөз көкейге қонымды образ қалдырады.

Жастарда ізденіс үстінде кемшіліктер кетіп жатса, ештеп кешіріммен қарауға болар, ал белгілі қаламгерлердің тілге, тіл заңдылықтарына немқұрайды қарауы жақсы емес. Конференцияда осы жайтқа да көбірек көңіл бөлінуі керек.

Жастар халықтың рухани дамуына, тарихына, тұрмыс тіршілігіне, салт, әдет-ғұрпына терең бойлауы шарт. Ал сөз түрлендіру, сөз жасауға ұмтылу, өзіндік реңк-бояуға күш салу жақсы нышан болғанымен, кейде алогизм (логикаға сыймайтын сөздер) жасаудың тілді байытуға қосар үлесі жоқ.

Сондай-ақ, тіл даму барысында өзгеріске ұшырайды, бірталай сөздердің осы дамуда өзіндік қалыптасу реті болады. Мұны да естен шығармау керек.

– *Қаламгер халық тілін творчестволық тұрғыдан тұтынады. Сондықтан да оның әр сөздің түп-төркінін іздеуі, мағыналық жағына баса назар аударуы, кейде тіпті өзіндік жеке таным тұрғысынан пайдалануы заңды ғой.*

– Тілде жылдар бойы қалыптасқан дәстүр бар. Соны бұзып-жарудың қажеттігі жоқтығын айтпақшымын. Қазіргі қазақ әдебиеті – дамыған әдебиет дейміз. Әр ақын-жазушы, сыншы, драматург тілге, көркем тілге, әдеби тілді байытуға өз білгенінше өз тұрғысынан үлес қосады. Әдеби тілді үлкен мұхит десек, әр қаламгер соған құяр үлкенді-кішілі өзен, арна. Ізденген дұрыс. Бірақ тілден шет кетуге қарсымын. Жаңа сіз айтқан творчестволықпен пайдаланудың өзінде бұра тартуға, шығындауға болмайды.

Қаламгер қауымы – сезімтал, жаны нәзік қауым ғой. Дегенмен де жекелеген жазушы жолдастардың «өзім білемшілдігінен» тілге келер пайда шамалы. Көркем тілдің де мағыналық даму заңдылықтары сақталуы тиіс. Кейде қаламгерлер айтқан, бір қарамаққа жақсы, орнықты көрінетін

пікірлері тілдің мағыналық даму заңдылықтарына қайшы келеді. Осыдан да барып әлсін-әлсін бұрыннан белгілі, мағынасының басы ашық сөздер төңірегінде берекесіз айтыстар туады.

Айталық зерен – ағаштың атауы. Зерен ағаш, зерен кесе деп айтылады. Ал, қазір «бір зерен қымыз іштім» десе, неге «кесені» қоспайсың деудің реті жоқ. Мұнда сөздің мағыналық даму заңдылығы еске алынады. Сөздің өзі сол қалпында қалғанымен мағынасы өзгеріп отыратыны да кездеседі.

*– Көркем шығарманың бірінші элементі – тіл екенін М. Горький атап көрсеткенін білеміз. Кейіпкер характерін даралауда да тілдің, кейіпкер тілінің маңызы ерекше. Жазушы тіліндегі реңк-бояу, ішкі әуеннің өзі сөз дәлдігімен, нақтылығымен ұштасқанда ғана әсері мол болмақ. Көркем тілдің эстетикалық қызметі деген мәселеге ойысссаңыз.*

– Тілдің, сөздің коммуникативтік, эстетикалық, аккумулятивтік (тіл қазынасын, қорын сақтау) қызметі бар. Соның ішінде эстетикалық қызметі – көркем тіл үлесінде. Тілдің ойнақылығы, образдылығы, нұрлылығы көркем шығарма тілінен көрінеді.

Тілдің эстетикалық қызметіне қуат жұмсаған жазушы оның қазынасын меңгереді. Сіздерді соңғы кездердегі біраз шығарманың тілін сөз еткен «Тіл өнері дертпен тең» атты редакциялық мақалаларыңызда көркем тілдің эстетикалық әсерін әлсіретудің бірнеше себептері, көркем тіл тазалығын сақтаудың біраз принциптері дұрыс айтылды.

Көркем тіл мәселесіне байланысты қай кезде де үлкен қаламгерлер толымды ойларын білдірген. Өзімізге келсек, Ғ. Мүсіреповтің сөздердің бір-біріне жарығын түсіріп тұруы, Ғ. Мұстафиннің сөз қыртысын айналдырудан сақтану туралы пікірлері де тілші қауымның жарға құлағы жастыққа тимей сан айтып жүрген пікірлерімен сабақтас.

Дүниеде қанша адам болса, сөйлеуде сонша ерекшелік бар. Ендеше көркем шығармада кейіпкер тілі бір басқа, авторлық баяндау басқа интонацияда беріледі. Көркем шығармадағы стильдік шеңбер туралы тілші-ғалым Н. Уәлиевтің «Қазақ әдебиетінде» жуырда жарияланған мақаласында сөз қозғалады.

*– Әдетте көрнекті тілші-ғалымдардың еңбектерінде тіл, көркем тіл проблемалары жан-жақты қарастырылады. Қазір әдебиет пен өнер құбылыстарын кеңінен, толайым қарастыруда семиотика ғылымының рөлі артып отыр. Өзіңіз айтқан тілдің мағыналық даму*

заңдылығы тұрғысынан алғанда бүгінгі таңда «семиотика» сөзінің өзінің мағыналық шеңбері кеңейгенге ұқсайды.

– Тілді жасайтын халық, зерттеуші – тілші, қолданушы – жазушы (әрине ол да өз тұрғысынан зерттеуші). Әр халықтың тіл байлығы бүкіл тарихының айнасы. Тілде бар сөз – белгілі бір заттың, құбылыстың атауы.

Семиотика – система. Бір тілдің өзінде қаншама сөз, ғылымның бір саласының өзінде қаншама термин бар. Мысалы, математикада 20 мыңдаған термин бар. Бірақ сөз, тіл шет-шегі жоқ дүние емес. Абайдың сөздік қоры 5-6 мың сөзден аспаған. Ал, ұлы ақынның тілді қолдану шеберлігі керемет. Сөздің өзіндік жүйесі, системасы, идеографиялық классификациясы болады. Сөздердің табиғат, адам, қоғам ұғымдарының төңірегінде үш топқа бөліп қарағанның өзінде одан әрі де жіктеліп кете береді. Мәселен, адамның дүние танымы, қол өнері, қызметі, т.б. Табиғат: хайуанаттар дүниесі, өсімдіктер дүниесі, аспан әлемі, табиғи құбылыстар, т.б.

Тіл байлығы дегенде осының бәрін білуге және сол білімді сарқа пайдалануға жазушы қауымның мүмкіндігі бар. Жалпы әдеби тіл проблемалары тілге де, әдебиетке де ортақ деп есептеймін.

Осы конференциядан кейін Тіл білімі институты «Қазақ әдеби тілінің тарихи даму проблемасы» атты конференция өткізбекші. Қазақ әдеби тілінің басталу, даму, дәуірлеу мәселелеріне байланысты да нақты бір пікір-тұжырымға келудің кезі туды.

*– Тілші-ғалым көзқарасымен келгенде тілге деген талап-тілектеріңіз көптің көкейінен шығады ғой деген ойдамыз. Ал, енді тілдің, көркем тілдің қырағы сақшысы ретінде қаламгер қауымға, әсіресе жастарға қандай көмек, қамқорлықтарыңыз бар?*

– Тіл байлығын игеру – халықтың тарихын, тұрмыс-тіршілігін зерттеуден басталады. Әрине, бұған әсіресе жастардың мүмкіндігі бола бермейді. Осы орайда этнографиялық, этимологиялық сөздіктердің қажеттігі ақиқат. Соңғы жылдары этнографиялық лексика сөздігін құрап жүрмін. Бұған енетін сөздердің 60 проценттен астамы белгілі, ал қалған 30-40 проценттейі қазір түсініксіз сөздер. Айталық, бүркіттің жасына, қанатына, тұяғына, өскен жеріне немесе гүл, шөп, жан-жануарлар атауларына байланысты сан түрлі сөз бар. Ал әр жазушы осыны әр қалай айтады. Сан түрлі атауларды мүмкіндігінше бір ретке келтіру пайдалы болар еді. Сондай-ақ кей сөздер зерттей келгенде диалект еместігі көрінеді. Бұл сөздік үш том болып шықпақшы. Алдағы уақытта этимологиялық сөздік шығаруды да ойластырудамыз.

– Сөз соңында сізді алдағы келе жатқан 60 жасқа толу тойыңызбен құттықтаймыз. Енді өз еңбектеріңіз, творчестволық жоспарларыңыз туралы бірер сөз айтсаңыз.

– Сөз мағынасын, бір түбірден өрбитін сөздерді ұялы тәсілмен анықтау мәселесімен көптен шұғылданып жүрмін. Жуырда «Қазақ тіліндегі бір буынды түбір мен туынды түбірдің құрылымы» деген еңбегім жарық көрмекші.

Қазақ тілін негізінен түркі тілдерімен салыстыра зерттейміз ғой. Жоғары оқу орындарында түркология жүреді. Ташкенттің Низами атындағы пединститутының оқытушысы М. Оразовпен бірігіп тұңғыш «Түркологияға кіріспе» атты оқулық жаздық. Оқулық кітап «Мектеп» баспасынан шығып жатыр.

Мүшел той тек мереке емес, ең алдымен өзіңе өзің есеп беру. Бүгінде мен жетекшілік еткен бір шәкіртім ғылым докторы, он бесі ғылым кандидаты. Ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз, хакас, монғол, қабардин, түркі-жапон тілдерінен ғылыми еңбек жазғандары да бар. Алдағы жоспар едәуір. Оның қаншалықты орындаларын уақыт көрсетеді.

– Әңгімеңізге рахмет. Творчестволық табыстар тілейміз.

*«Қазақ әдебиеті», 1984. 30 қараша.  
(Сұхбаттасқан Ә. Бөпежанова).*

### **Тіл байлығы — рухани қазына**

Тіл танудың күрделі мәселелері көп-ақ. Солардың ішінде кейде мән бере бермейтін, бірақ бәріміздің де білуіміз қажет, ал тіл мамандары үшін міндетті күрделі мәселенің бірі – «тіл байлығы, сөз қазынасы деп нені айтамыз?» деген сауалға берілер жауап. Бұл мәселені әркім өзінше түсініп, оған байлам айтатын сияқты. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп марапаттағанда біз көбінесе тіліміздегі сөздердің санын, айтылатын ой-пікірімізді жан-жақты түсіндіруге қажетті сөздердің одан табылуын ескереміз. Бірақ ана тіліміздің қорында қанша сөз барлығын және оның қандай бұлақтардың қайнар көзінен нәр алып, толассыз толығып, байып отыратынын баршамыз біле бермейміз.

Сөз бен тіл әдетте синоним ретінде қолданылады. Бірақ тіл, әрине, ауқымы жағынан сөзден әлдеқайда кең ұғым. Қоғамдағы барша жанның қауымдаса өмір сүруіне қажетті қатынас құралы – тіл десек, сөз соның ең негізгі элементі болып саналады. Дегенмен, тіл мен сөз «тіл байлығы», «сөз байлығы» деген ұғымдарға байланысты

бірінің орнына бірі айтыла береді. Әрине, сөздік қоры жұтаң, белгілі себептермен дамымай кенжелеп қалған тілдер өмірде кездеседі. Ондай кемістік әсіресе бай тілдердің жанында ерекше көзге түседі.

Дегенмен, «сөздің саны тіл байлығының кепілі бола ала ма?» деген сауал алдымыздан көлденеңдей береді. Егер «бай тіл», «орташа тіл», «кедей тіл» деген ұғым әрбір тілдегі сөздердің нақтылы санына байланысты айтылатын болса, онда бұл мәселені оңай шешуге болар еді. Бірақ тіл тәжірибесінде тілдің байлығы тек санмен ғана емес, сапамен де өлшенетіндігі белгілі, санның сапаға көшіп отыруы айқын байқалады. Сөз болып отырған қазақ тілін ондағы жеке-дара қолданылатын сөз санына қарай қарастырсақ, төмендегі жағдайды көреміз. Мәселен, 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» 66931 атау сөз, 24497 лексикаланған тұрақты тіркес қамтылыпты. Бұл екеуі 91428 лексикалық бірлік деген сөз. Ал бұлардың барлығы болып, осы сөздікте 103 мың мағыналық бірлікті сипаттап тұр. Өйткені бір сөздің бір емес, екі-үш мағынасы болуы мүмкін ғой. Сөздіктегі фразеологиялық тұрақты тіркестің саны 16 мың екен. Басқа сөздіктер бойынша деректер: І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1976 ж.) 10 мыңдай фразеологизм қамтылыпты. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (1988 ж. соңғы басылымында) 35656 реестр сөз қамтылыпты. «Абай тілінің сөздігінде» (1968ж.) 6 мыңдай реестр сөз болса, М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағында 20 мыңдай сөз қолданыс тапқан екен.

Әрине, тіл қорындағы жалпы сөз байлығы мен жеке сөз шеберлерінің өз шығармаларында қолданған сөздерді қатар қойып, теңестіріп, оларға бірі көп, бірі аз деп баға беруге болмайды. Өйткені сөз шеберінің сөз қорынан білгені мен көңіліне түйгені, жадында сақтағаны бір төбе де, сол байлықтан қажетіне қарай жаратқаны, шығармасында қолданғаны екінші төбе. Алайда бірде-бір көркем сөз шебері ана тілінің байлығын түгел меңгеріп, сарқа пайдаланған емес. Сондықтан тіл қазынасын анықтаудың бірден-бір объективті көзі – ол ғасырлар бойы қалыптасқан қарапайым халықтың жады. Қағазға түсіп хатталғаны бар, көңілде жүріп жатталғаны бар тіл байлығының ұлан-ғайыр қоры, міне, сонда сақталады. Ал біздің жоғарыда келтірген деректеріміз соның негізі ғана. Демек, аталмыш 10 томдық сөздіктің ол байлықты түгел қамтуы мүмкін емес. Дегенмен, жер жүзіндегі ең бай тілдердің бірі деп жүрген орыс тілінің 17 томдық түсіндірме сөздігінде 150 мың-ақ реестр сөз бар екенін ескерсек, қазақ тілінің сөз байлығын айқындау жолындағы алғашқы тәжірибесін нәтижесіз деп айтуға болмайды. Бұл мәселенің бір жағы.



Мәселенің екінші жағы тағы бар. Ол – сөз байлығын ғылыми тұрғыдан дұрыс анықтап, оның қайнар бұлақтарын аша білуде, сол байлықтың қыр-сырын сөздіктерде көрсете білуде.

Біздің елде қалыптасқан лексикографиялық дәстүр бойынша тіліміздегі сөздердің санын реестр (сөз тізбе) ретінде берілген лексеманың санымен ғана есептейміз. Бұлардың санатына, әдетте, түбір (есім, егістік, үстеу, т. б.) сөздермен қатар сол түбірлерден туындаған (екіден кейде онға дейін көбейетін) түбірлес туынды тұлғалар да енеді. Реестр сөздер қатарында мағынасы күнгірттенген (мәселен шаға: бала-шаға түрінде) сөздер де, лексикалық дублеттер (қораз-әтеш) мен фонетикалық варианттар (қазір, кәзір) да, диалектизмдер мен қарапайым сөздер де, ғылыми терминдер де (спринтер, дизайнер) орын алуы мүмкін. Бірақ бұл лексикалық кате категориялардың бәрін бір сөздікпен қамту мүмкін емес. Олардың аз-кем қамтылуы түзілген (түсіндірме, екі тілдік, диалектологиялық, орфографиялық, т. б.) сөздіктердің алдына қойған мақсатқа байланысты. Егер әдеби тілдің сөздігі болса, әдеби тіл нормасын қалыптастыру мақсатына байланысты көнерген (архаизмдер мен кітаби) сөздерді де, диалектизмдерді де толық кіргізе алмайды. Әдетте түсіндірме сөздіктерде тілдегі байырғы сөздерге көбірек көңіл бөлініп, ғылыми терминологияға көп орын берілмейді.

Қысқасы, тіл байлығын түгел қамтитын сөздіктің болмағанын айтқымыз келеді. Демек, қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі өзінің алдына қойған мақсаты бойынша түгел қамтуға кепілдік бере алмайды. Бұл сөздіктегі 103 мың мағыналық единица қазақ тілі байлығының бір парағы ғана. Оған енбеген сөздер әлі де көп. Сондықтан да сөздік жарық көргеннен кейін жиі айтылып жүрген «тіл байлығымыз түгел қамтылмады» деген әңгіме әбден орынды. Түгел қамтудың жолы бар ма?

Бұл сауалға жауап беруден бұрын екі түрлі лингвистикалық мәселенің басын аша кеткен жөн. Біріншіден, кез келген тілдің сөз байлығын, сөздік қорын түгел де толық көрсету алыстағы армандай қиын дүние, тіпті ол мүмкін емес. Өйткені тіл байлығы шегі жоқ теңіздей мол дүние. Ол күн санап жаңарып, толығып, жаңаланып отыратын организм іспетті. Екіншіден, тіл қазынасын түгел қамтуға мүмкіншілік беретін әмбебап лексикографиялық сөздік түркітануда әлі дүниеге келген жоқ. Бүгінгі таңда сөз қазынасын түгел болмаса да біршама толық қамтуға мүмкіншілік беретін жол біреу-ақ: салалық сөздіктер жасау. Мәселен, жалпы халықтық тіл байлығының бір саласы – жергілікті тіл ерекшеліктері. Олардың көбі әдеби тілде баламасы жоқ, жарыса қолданылатын, ал күндердің күнінде

дербестікке ие болу мүмкіншілігіне ие жүздеген, тіпті мыңдаған тамаша элементтер. Бұларды тіл қорынан шығарып тастауға ешкімнің құқы жоқ. Оны істеу күнә. Ал осы байлықты тек арнайы диалектологиялық сөздік қана қамти алады. Жасалып жатқан 3 томдық сөздік Қазақстан жеріндегі тіл ерекшеліктерін біршама саралап, жүйелеп берсе де, одан тыс жерлерде (Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Түркия, Өзбекстан, Ресей жерінде жасайтын 3 миллиондай қазақтар тіліндегі ерекшеліктерді түгел қамтыды деп айту қиын. Ал бұл болса, әдеби тілімізді байытып отыратын таусылмас қайнар бұлақтың бірі. Диалектологтарымыз қанша жыл ұдайы зерттеп келе жатса да біз әлі күнге дейін қазақ тіліндегі диалектизмдердің жалпы санын дәл айтып, саралап бере алмаймыз және ол мүмкін де емес. Зерттеген сайын жалпыхалықтық тіл байлығының көзі ашыла беретіндігін көріп отырмыз. Жергілікті ерекшеліктердің көбісі сол өлкедегі елдің өмір тіршілігіне, кәсібіне, өзіндік салт-дәстүріне байланысты. Жүйесін тауып пайдалана білсек, олар да өз асылымыз.

Тіл байлығымыздың үлкен бір саласы – ғылыми-техникалық терминдер, бірақ олар қолданысы жағынан біршама шектелген. Қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктердің тізімін алып көрсек, тек Қазан революциясынан кейінгі кезеңде шыққандары 80-нен асады. Осы сөздіктерде қамтылған салалық терминдердің жалпы саны, орыс және интернационалдық терминдер мен қазақ тілі негізінде жасалған терминдерді қоса есептегенде, бүгінгі таңда қазақ тілінің байырғы, яғни, төл сөздерінің санынан асып бара жатыр, термин атаулының саны төлтума өз сөздерімізден көп. Бұл нені көрсетеді? Жер бетінде ауыс-түйісі жоқ тіл кездеспейді. Бірақ заңды түрдегі ауыс-түйістің де белгілі шегі болады. Қай тілде де басқа тілдерден енген ауыс-түйістердің 15–20 проценттен аспағаны жөн. Егер басқа тіл сөздері бұл мөлшерден көбейе бастаса, онда өз тіліміздің табиғатына, табиғи түрде дамуына нұқсан келгені келген. Өйткені әр тілдің өзіндік (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, семантикалық) даму заңы бар және ол заң түгел сақталғанда ғана тіл өз қасиетін сақтап қалады. Ал сыртқы әсер күшейген сайын тіл өз еркінен айырыла береді. Бұл әрине, өз алдына қаралатын жеке мәселе. Дегенмен, тілімізге күн сайын, апта сайын жүздеп, мыңдап еніп жатқан термин-атауларға тіліміз, оның сөздік қоры бейтарап қала алмайды. Оларды біз қабылдауымыз керек және тіл байлығына айналдыру үшін өз тіліміздің ішкі заңына бойсұндыра, оған үйлестіре қабылдауымыз керек. Сонда ғана шеттен енген ауыс-түйістер тілімізге етене сіңісіп, өз сөзіміздей болып кетеді. Бүгінгі таңда тіліміз атау-термин есебінен байымай

тұрмайды. Ол процестің жолын бөгеу мүмкін емес. Бірақ ғылым-білімнің 60 шақты саласы бойынша жасалып жатқан терминологиялық лексиканы өз бетімен жіберу деген сөз – тілді ұлттық қасиетінен жұрдай етумен пара-пар.

Сондықтан бұл тығырықтан шығудың екі-ақ жолы бар сияқты. Оның біреуі жаңа терминдерді жасауда сонау 30-жылдары қабылданған принциптің алғышартын, яғни қазақ тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану мүмкіндігіне қарай өз сөзімізбен беру деген дұрыс талабын бірізділікпен, ерекше білгірлікпен асыру болса, екіншісі қабылдаған совет – интернационалдық терминдерді (мұнда да мүмкін болғанынша) өз тіліміздің ішкі заңына бойсұндыра алу.

Өткен жетпіс жылдан бері бұл талапты іске асыру тұрмақ, айтудан қорқып, жұрттың құлағына «терминдерді өз тіліміздің негізінде қалыптастырайық», «орыс тілінің нормасында емес, өз тіліміздің заңына үйлестіріп алайық» деген ұсыныс, әрине, түрпідей тиюі де, шошытып жіберуі де мүмкін. Бірақ санамызға салып қарасақ, жер жүзінде бір де бір тіл (өзіміз сияқты туыстас тілдерді есептемегенде), соның ішінде орыс тілінің өзі де, шеттен қабылдап жатқан мыңдаған сөздерді өз табиғатына ылайықтап алады. Ал қазақ тілінде болса бұл жөніндегі заң екі ұдай: «төңкеріске дейінгі» (кереует, самауырын, кәмпит, жәрмеңке, жәшік, пошта, т. б.) және «төңкерістен кейінгі» (пролетариат, космонавт, штампт, кооператив, концепция, принцип, т. б.) болып, өз тілімізге өзіміз зорлық жасап отырмыз. «Бұл мәселе біздің тақырыпқа тікелей қатысты емес» деп дау айтуға да болады. Бірақ әңгіме тілімізге бүгінде мыңдап еніп жатқан және ғылым-білімнің әр саласында қолданыс тауып отырған атау-терминдер жайында болғандықтан олардың орнықты да тіл табиғатына етене жақын болғанын талап ету заңды сияқты.

Терминология саласында өз тіліміздің байлығын сарқа пайдаланудың орнына (ондай принцип бар ғой) көбіне өзге тілдің дайын тұрған элементін бас ауыртпай ала салуға, әр түрлі себеп іздеп, «шығармашылықтың» жолына түскеніміз әсіресе кейінгі 40–50 жыл. Жиырмасыншы, отызыншы жылдары жағдай басқашалау болды. Ахмет Байтұрсыновтың әсіресе тіл, әдебиет саласындағы жаңашыл бастамасы мен өміршең үлгісі осының дәлелі болса керек. Бірақ, сол кезде-ақ тіл дамуын өз «мүддесіне» сай бағдарлап отырған идеология бұл сияқты «үлгіге» ерекше мән берді. Сондықтан да болар Голощекин Ахмет Байтұрсыновты терминдегі жаңалығы үшін сынай келіп, кезінде былай деген екен: «Только в одной книге этот ученый употребляет 5 тысяч национальных терминов, даже

заменил «интернационализм» – деп айыптапты. Сондықтан да болар бұл бастама Ахаңнан кейін жалғасын таба алмады, бірақ оның қазақ тілінің өз табиғатынан жаратқан әрі түсінікті, әрі елге етене жатқан аталмыш терминдердің бәрі (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, есімдік, етістік, үстеу, шылау, т. б.) күні бүгінге дейін қолданылып, кез келген сөздіктің төрінен орын алып келеді. Ғылыми терминдер де тіл байлығы екенін осыдан айқын көруге болады. Айта кету керек: тіл саясатындағы кейінгі уақытта жүз берген жаңа бет бұрыстарға байланысты терминология саласында аталмыш принциптік жаңғыра бастауы байқалады: ертеде әрі асығыс, әрі замана ағымына қарай балама іздеп әуре болмай-ақ алына салынған көптеген термин атаулар тіл тәжірибесінде Қазмемтерминкомның талқылап, бекітуін күтпей-ақ газет-журнал беттерінде қолданыла бастады. Әдетте мұндай жағдай теорияның практикадан кешеуілдеп кейін қалуынан болады. Дегенмен, бұл процесті бетімен жіберіп, орыс-интернационалдық атауларды бей-берекет өзгерте беруге болмайды. Бұлардың бәрі (календарь – күнпарақ, сувенир – кәдесі, забор, ограда – жан тақтай, юбилей – мерейтой, жүздеген сөз, терминдер) міндетті түрде қаралып, заңдастырылуға тиісті.

Тіл байлығының тағы бір қайнар бұлағы – «жаңа сөз» жасау, сөздерді жаңа мағынада қолдану. Бұл тәсіл – тіл байытудың ең бір құнарлы да қуатты көзі. Жанды организмдегі миллиондап өліп, миллиондап жаңаланып жататын клеткалар секілді тіл де дәл осындай дамылсыз жаңаруда күй кешеді. Бірақ тілдің бір ерекшелігі шын мағынасындағы «жаңа сөздің» жасалуы тіл қорында кездесетін құбылыс. Мәселен, мен өз басым кейінгі 100 жыл ішінде айталық, қазақ тілінде дүниеге келген, өте сирек, бұрын-соңды болмаған «су жаңа» төл түбірді атай алмаймын. Өйткені, ол болмыста жоқ. Қазақ тіліндегі бір жарым мындай бір буынды төл түбір сөздеріміздің төркіні тым алыста, мыңдаған жылдар қойнауында жатыр. Ал сіздер мен біздердің күнде айтып жүрген «жаңа сөздеріміз» шын мәнісіндегі жаңа сөздер емес, тіліміздегі байырғы түбірлерден сөз жасау модельдері негізінде пайда болған туынды дүниелер. Олар дүниеге тіл қажеттігін өтеу үшін келген, оларды біз өзіміз тілімізде әбден қалыптасқан дәстүрлі тәсілдер арқылы жасадық. Түбір ескі, тәсіл ескі, бірақ сөз жаңа, өйткені ол жаңа ұғым, мағынаға ие болды. Демек, сөз өмірі, оның ұзақ, қысқа болуы, сайып келгенде, мағынаның тұрақты, тұрақсыз болуына, болмыста қолданылуына байланысты. Тіл қорының осылайша жаңалануы оның ішкі даму заңына байланысты. Бірақ оны ылғи әрекетке келтіріп отыратын қозғаушы күш қоғамдағы әлеуметтік,

экономикалық, саяси, мәдени жағдайлар, яғни күн сайын туындап жатқан жаңа ұғым, жаңа зат, құбылыстарды игеру қажеттілігі. Мінекей, осыған байланысты жаңа сөздер мен жаңа қолданыстарды өз мезгілінде қаттап қағазға түсіріп, жүйелеп арнайы сөздіктер жасау дәстүрге айнала бастады. Бұл дәстүрді біз ең алғаш Түркия ғалымдарынан көрген едік. Олар осындай тілдің іштей жаңғырып, толысып, кемелденуіне байланысты пайда болған жаңа сөздер мен сөз қолданыстарын көп жылдар бойы том-том жинақ етіп шығарып келеді. Кейінгі он жылдан бері бұл дәстүрді біз орыс тілінен де көріп отырмыз. Осы бір ізгі үрдісті 1985 жылдан бері Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты да (тіл мәдениеті бөлімінің бастығы проф. Р.Ғ. Сыздықованың жетекшілігімен) жалғастырып келеді. Қазір «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» деп аталатын сөз қамтылған осындай жинақтың үшінші басылымы баспаға дайындалуда. Бұл жинаққа енген сөздер мен сөз тіркестерін ресми қабылданған дайын атау термин деп қарауға болмайды. Ол тілдегі жанды процестің бүгінгі таңдағы бір көрінісі. Ондағы қолданыстардың біразы тілімізде солай қалыптасып, сөз байлығын толықтырса, енді бір тобы тіл талабынан шыға алмай, күндердің күнінде өзінен-өзі-ақ қолданыстан қалып қоюы мүмкін. Демек бұл қолданыстарды «сөз сынағы» деп атауға да болады.

Егер біз сөз байлығын сөз санымен ғана емес, сол сөздердің беретін мағына ауқымына, мағыналық реңктердің алуандығына, көп мағыналығына қарап анықтайтын болсақ, күн сайын, апта сайын туындап жатқан осы қолданыстарды да ұқыптап жинап, ескеріп отырғанымыз жөн. Жоғарыда сөз болған 10 томдық түсіндірме сөздікте бұл тәрізді «өтпелі» құбылыс қамтылмаған және ол заңды да. Өйткені, сөздікке сөз атаулының бәрін бірдей енгізуге болмайды, ол сөздіктің мақсатына байланысты екенін жоғарыда айтқанбыз. Бүгінгі таңдағы қазақ тілі байлығын түгел болмаса да, молынан қамтыған еңбек – осы сөздік. Ол туралы айтылып жатқан сын пікірлердің көбі орынды да. Осыған орай «Егеменді Қазақстан» газеті жазушы журналист Балғабек Қыдырбекұлының «Түгел сөздің түбі бір» деген мақаласын жариялады. Автордың сөздікке қоятын міні – оның тіліміздегі сөз байлығын түгел қамти алмағандығы. Ол пікірмен келісуге болады. Бірақ, тағы қайталап айтамыз, не көп тілімізде, сөз көп және олар тілдік қорымызда ғасырлар бойы сарымайдай сақталып келсе де, тілдің бүгінгі «тіршілігіне» қажетті, «жанды денесіне» сай бола бермейді. Осыған орай ел арасында, ақын-жазушылар мұрасында, халық ауыз әдебиетінде сақталған (олардың

біразын Б. Қыдырбекұлы келтірген) бүгінде сирек қолданылатын, мағына-тұлғасы күңгірттенген, көнерген сөздердің (олардың қатарына тарихи, кітаби, кәсіби, діни, т. б. архаизмдер жатады) арнайы сөздігін шығару тілші-мамандардың алдында тұрған парызы деп білеміз.

«Сөз байлығын түгел қамту» деген мәселені шешудің басқалардан оңайлау жолы – «қалып қойған» дүниемізді түгел қамтитын 10 томға қосымша 1-2 томдық (материалға байланысты) түсіндірме сөздікті қолға алып жақын жылдарда шығару. Көне сөздерді былай қойғанда, тіпті қолданыста жүрген біршама сөздердің де түсіндірме сөздіктен табылмауы, шынын айту керек, сөздікке негіз болатын материал жинауда, оны сұрыптауда, жүйеге салуда өз кезінде кемшіліктің көп болғандығына байланысты. Тіл қазынасындағы сөз маржанын теру сияқты жауапты іс 3 тиын үшін карточка (парақша) жазушылардың деңгейінде қалып қойғандығын мойындауымыз керек. Ал өз бетінше ізденіп, қазақ тілінің байлығын жүйе-жүйесімен барлық бұлақтардан, көздерден іздеген сөздікшілеріміз көп бола қойған жоқ. Бірақ тілші қауымы жалпы қазақ тілінің байлығын білмей, зерттемей отырғаны жоқ. Олардың бір кемшілігі – бұл байлықты «терінің өзі илеген пұшпағындай» бөліп алып, сала-сала бойынша (диалектология, терминология, этнолингвистика, тіл мәдениеті, ономастика, т.б.) зерттеп басы бірікпей, сөз байлығын толық қамтитын тұтас та күрделі еңбек төңірегінде тоқайласа алмай жүруінде. Осыған орай Тіл білімі институты – өзінің жаңа бағдарламасында тіл байлығымызды түгел қамтып көрсетудің, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырудың шараларын белгілеп отыр. Ондай игілікті де күрделі істі техниканың жәрдемінсіз орындау мүмкін емес екендігін де түсіне бастадық. Институт картотекасында жиналған 5 миллиондай карточка-цитатаны қайтадан сұрыптап, бар-жоғымызды есепке алуымыз керек болып тұр. Өйткені жиналғанның бәрі асыл емес және әр карточка бір сөз емес қой. Демек, олардың қажеттісін сұрыптап алып, компьютер жадына жазып сақтауымыз керек. Сонымен қатар картотеканы толықтыра түсуді мақсат етіп отырмыз. Қазақ халқының рухани мұрасы – сөз байлығы десек, ол барлық байлығымыздың ішіндегі қымбаты да асылы, оның толық қамтылып, бір жерде топталуы, бүгінгі таңның міндеті болса керек.

Жоғарыда біз «тіл байлығын» жалпы түрде ғана сөз еттік. Тіл байлығын – сөз байлығы деп түсінудің бір қарағанда дұрыс екенін мойындасақ та, оның бұл байлықты анықтауда бірден-бір критерий (өлшем) бола алмайтындығын да ескерткен едік. Осыған орай біз тіл

қазынасына, сөз байлығына адамзат қоғамындағы, табиғаттағы өзіміз танып, біліп, анықтап, айқындап болған заттар мен құбылыстарға қатысты пайда болған сөз бен сөз тіркестерінің білдіретін ұғымдары мен мағыналары жайында да ескерткен едік. Шынында да, сөздер мен олардың білдіріп тұрған ұғым-мағыналары сан жағынан бірдей емес. Біріншісіне қарағанда екіншісі екі есе, тіпті үш есе көп. Ал сол ұғым мен мағынаны жеке сөздер ғана емес, сөз тіркестері де бере алатындығын ескерсек, тілдің сандық сипатынан сапалық сипаты он есе арта түсетінін мойындауымыз керек. Жалпақ тілмен айтқанда: тіл қорында, айтайық, 100 мың жеке-дара сөз бар десек, оның мағыналық, мазмұндық ауқымы үш пара-пар. Өйткені сөз табиғатына көп мағыналық тән екенін жоғарыда ескерттік. Ал тілімізегі сөз тіркестерінің (оларға жай тіркес, лексикаланған тіркес, тұрақты тіркес, идиомдар, кіші жанрға тән жұмбақ, нақыл сөз, мақал-мәтелдердің бәрі кіреді) әрқайсысы белгілі ұғым беретін мағыналық единицалар санатына жатады. Олардың беретін ұғымы, әрине, сөздерге қарағанда әлдеқайда күрделі, ауқымды, астарлы, бейнелі. Мысалы, қой көз, бота көз, жалқы мінез, т. б. осы сияқты тіркестердегі қой, бота, жылқы деген сөздер өздерінің лексикалық мағынасынан әлдеқашан «қол үзіп», жақсы адам, жаман кісі, биік жігіт, сұлу қыз сияқты тіркестердегі жақсы, жаман, биік, сұлу деген анықтамалар қатарында жаңа қызмет атқарып тұр. Жылқы мінез тіркесі мағынасының күрделі болуы оның астарында жай ұғым емес, халықтың өмір-тіршілік болмысына тікелей қатысты ұғым, дүниетаным, этнолингвистикалық түсінік жатыр. Жылқы мінез адамның қандай болатынын түсіндіру үшін алдымен жылқы малына тән жақсы мінез-қасиеттерді білу қажет. Дәл осындай т.б. тіркестер тілімізде мың-мыңдап (есегін ешкім шығарған жоқ) кездеседі. Олар жеке сөздерден шамамен жүз есе артық деп жобалаймыз.

Демек, тіл байлығымыздың жалпы потенциалы өте жоғары. Оны жеке сөз санымен емес, сапа, мазмұн безбенімен өлшегенде, ол шамамен 1 миллиондай мағыналық единицаға (бірлікке) жетеді деп ойлаймыз. Мәселен, бір ғана құлақ деген сөздің мағынасынан жүздеген туынды түбір, сөз тіркестері, фразеологизм, мақал-мәтел өрбиді екен: ақпа құлақ, кәрі құлақ, қалқан құлақ, құйма құлақ, сақ құлақ, салпаң құлақ, саңырау құлақ, шой құлақ, құлақ қағыс, құлағы түрік, құлақ кесті құл, құлақтан семіру, құлағына құю, құлағынын құрышын қандыру, естіген құлақта айып жоқ, құлақ естігенді көз көреді, т. б. Сөз байлығын көрсететін сөздіктерімізде санау өлшемі – реестр сөз ретінде тек құлақ сөзі тұрады да, қалған оған қатынасты жүздеген тіркестердің біразы реті келсе, сол

сөздік статьясы ішінде бытырап жүреді де, енді біразы оған енбей, тіл байлығы ретінде көрінбей қалады.

Міне, тіл байлығын айқара ашып көрсете алмай жүрген дертіміздің бір сыры осы бір тар тұсау лексикографиялық дәстүрге байланысты болса керек. Бұл шенберден шығудың жолы да бар сияқты. Мәселен, Шынжаң ұйғырларының шығарып жатқан (I томы жарық көрді) ұйғыр тілінің үш томдық түсіндірме сөздігінде реестр (сөз тізбегі) ретінде жеке сөздермен қатар жүздеген-мыңдаған сөз тіркестері де беріліпті. Дәл осы тәсіл барлық түрік тілдерінде қолдау табуы керек. Өйткені тілдің негізгі байлығы жеке сөздерде ғана емес, одан он есе артық сөз тіркестерінде шоғырланған. Оларды өз мағына-мәнімен даралап, саралап көрсетпесек, тіл байлығын толық қамтыдық деп айтуға болмайды.

Демек, тіл байлығының тағы бір қайнар көзі неше алуан сөз тіркестері болып саналады. Олар да сөз сияқты дамылсыз өзгеріп, мағына жағынан жаңғырып, сан жағынан өсіп, көбейіп, толығып отырады. «Сөз тіркесі» деген түркітанудағы көзқараста қалыптасып қалған қасаңдық байқалады. Оған көбінесе қолданысы тұрақты, мағынасы ауыс фразеологиялық тіркестерді жатқызады. Ал, шынында, екі, үш, төрт, бес, тіпті одан да көп элементтен тұратын, бір-бірімен үйлесіп, біртұтас мағынаны немесе күрделі ұғымды, тіпті бір пара ой-тұжырымды, немесе оның бір көрінісін білдіретін тіркелімдердің бәрі, сайып келгенде, мағыналық единица болып саналады. Олардың біреулері қолданыста еркін болса, енді біреулері қолданыс барысында тұрақтанады, біреулері ажырамас біртұтас бірлікке айналса, тағы біреулері бейне, образ төңірегінде қалыптасқан клише, штамп түрінде кездеседі. Ал түптеп келгенде олардың барлығының да табиғаты бір, белгілі бір ұғым, түсінік, мән-мағына төңірегінде шоғырлану арқасында қалыптасқан мағыналық единицалар. Олардың кейбіреулерін «мынау тұрақты», «мынау тұрақсыз» деп ажырату да оңай емес. Өйткені мұнда да жанды процесс, даму, қалыптасу, өзгеру байқалады: о баста пайда болған еркін сөз тіркесі (айталық аузы күй) мағыналық жағынан дами келе тұрақты сөз тіркесіне (аузы күй – бір нәрседен опық жеу) айналса, ол өз ретінде мақал не мәтелге айналуы мүмкін (аузы күйген үріп ішеді). Дамудың бұл бір көрінісі.

Бұдан шығатын қорытынды: а) сөз тіркестерін де дербес мағыналық лексикалық бірлік (единица) деп тану қажет және ә) оларды сөз байлығын сөздіктерде реестр (тізбе қатар) ретінде беріп, тіліміздің мазмұндық, сапалық потенциалын көрсете білуіміз керек.



Осыған орай фразеологизмдер мен паремиологияны бұрынғыдай арнайы жинақтарда емес, түсіндірме, екі тілді сөздіктерде берудің тәсілдерін ойластырған жөн. Оларды бірінші сөз алфавитімен де немесе өзекті сөз (стержневое слово) бойынша ұя-ұяға бөліп орналастыруға болатын сияқты. Қайткен күнде де, тіліміздегі 40 мыңдай фразеологизм мен 50 мыңнан артық мақал-мәтелдеріміз сөздіктерде топталатын тіл байлығымыздың сыртында қалмауы керек.

Тағы бір ескерте кететін жағдай, лексикалық единицалардың саннан сапаға көшу процесін терең түсініп, сөздіктерде дұрыс көрсете білуге байланысты. Бұл процесс көбінесе тілдің ішкі даму заңдылығына, атап айтқанда, мағынаның сөз төңірегіне шоғырлануы мен өзара жіктелеуіне, ыдырауына байланысты. Мәселен, тіліміздегі синоним (мағыналас) сөздер категориясын алайық. Бір білгіштер бір мағынаны қайталап тұрған басы артық сөздердің қажеті жоқ деп даурығады. Ал біле білсек, тілде, бірде-бір басы артық сөз жоқ. Кейде абсолютті синоним кездесуі мүмкін, бірақ бірде-бір синоним бірін-бірі абсолютті түрде қайталамайды. Синоним қатарындағы екіден он-он беске дейін кездесетін мағыналас сөздер қайткен күнде де бір-бірінен аз да болса да бір мағыналық реңкімен ерекшеленіп тұрады, олардың бірін-бірі ауыстыратын реттері болады, бірақ барлық уақытта, түрлі сөз қолданыстарда өзара дәл мағыналас бола бермейді.

Мұндай мағыналас сөздерді сөздіктерде беру керек те, мағынасын дұрыс аша білуіміз керек. Бұл мәселе біздің ауылда біршама дұрыс шешілген сияқты. Осы күнге дейін дұрыс шешімін таба алмай келе жатқан мәселе басқа – көп мағыналы сөздер мен омонимдердің ара-жігін айыра білуге байланысты. Бұл лексикография тәсілін ғана емес, терең лингвистикалық білім мен білгірлікті де талап ететін күрделі мәселе. Мағына дамуы, әдетте, көп мағыналыққа апарады. Бірақ сол мағыналарды тұйықтайтын шеңбер бар да, одан шығып кететін өріс тағы бар. Сөздік жасаушылардың осы заңдылықты тап басып, көп мағыналы сөздерден омонимдерді ажырата білуінде көп мән бар. Мәселен, *айтыс*, *жарыс*, *сайлау* – үстеме мағынаға ие болған сөздер ретінде сөздіктерде бір реестр ішінде қаралады. Ал дәл осы сияқты тағы бір сөздер, мәселен *ай* (аспан денесі), *ай* (календарлық ұғым); *күн* (аспан денесі), *күн* (календарлық ұғым) екі сөз, яғни омоним ретінде қаралады. Мұны қалай түсінуге болады? Шынында да, кез келген тілде осындай мағыналық даму нәтижесінде бір сөздің жарылып, мағыналары бір-бірінен мүлдем алшақтап, омонимге айналып кететіндері болады. Оны орысша

«разошедшие омонимы» деп атайды. Оған мәселен, қазақ тіліндегі *жақ* (адамның жағы, кимешектің жағы), *ауыздық* (жүгеннің ауыздығы), *ауыздық* (екі езуге шығатын жара), *жабағы* (тай), *жабағы* (жүн), *бауыр* (дене мүшесі), *бауыр* (туыс адам), *тіл* (дене мүшесі), *тіл* (қатынас құралы), т. б. сөздерді жатқызуға болатын сияқты. Бірақ оған қандай теориялық негіз бар? Осындай қажетті зерттеудің жоқтығынан біздің лексикографиялық еңбектерімізде көптеген кемшіліктер кездесіп жүр. Мәселен, дұрыс шешілмеуі тек сөз мағыналарын анықтауда ғана емес, сонымен бірге сөз қорымыздың мазмұнын, мағыналық единицалардың санын, сапасын, даму жолының дұрыс айқындалмауына да байланысты. Арасы алшақ кеткен сөздер фонетикалық варианттардан да табылады: өкімет – үкімет, ғылым – ілім, кәде – қағида, т. б.

Егер біз тіл байлығымызды тек сөз санымен ғана бағамдайтын болсақ, сонда гомогенді, гетрогенді омонимдер мен синонимдерге лексикалық дублеттер мен фонетикалық варианттарға қатысты сөз қорының мазмұны түгел ашылмай қалуы ықтимал.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»: а) «қазақ тілі түркі тілдердің ішіндегі ең бай тілдердің бірі» деп қалыптасқан пікірді нақтылы тілдік деректермен дәлелдеу керек; ә) ол үшін қазақ тілінің байлығын күн санап туындап, сәтті де сәтсіз жасалып жатқан терминологиялық лексикадан емес, әлі күнге дейін қазына сандығын айқара ашып, өз мүмкіншілігін толық пайдалана алмай келген байырғы сөздік қорымыздан іздегеніміз жөн; б) сөз байлығымыздың нәр алып, сусындап отыратын жоғарыда аталған қайнар бұлақтарының көзін ашып, толық пайдалану керек; в) сөз байлығын тек сөз санымен ғана өлшемей, сөздер мен сөз тіркестерінің мағына санымен, рухани қазына болып ғасырлар бойы қалыптасқан мазмұн, сапасымен өлшеген абзал; г) сөз қорының қайнар көздерін ашып қана қою аз, ондағы барымызды берекелі етіп көрсете білуіміз де керек; осыған орай лексикологиялық, лексикографиялық жұмыстардың көпжылдық тәжірибесін ескере отырып, тіл байлығын толық та жан-жақты қамтитын жаңа да тиімді тәсілдерді қарастыру керек, тезаурус, идеографиялық, этнолингвистикалық сөздіктер жасауға кірісетін уақыт жеткен сияқты.

Тіл байлығы – халықтың рухани қазынасы, тарихтың куәсі, өмірдің айнасы.

*«Қазақ тілі мен әдебиеті», 1991. № 97 3-10 б.*

### Тіл үшін күрес жалғаса бермекші

Тағдырдың тәлкегіне ұшырап, қасіретке шалдыққан қайран қазақ тілінің қайғы-мұңы айта берсек, көп-ақ. Ұлт бойындағы бұл індеттің ғасыр бойы толастамай, бірде асқынып, бірде бәсеңдеп, күні бүгінге дейін созылып, халықтың санасын сарсылтып, болашағын мұнарландырып келе жатқандығы кімді болса да ойландырмай, толғандырмай қоймайды.

Өткендегі ұзын сонар тарих шеруін шоли қарасақ, өз еркімен дами алмай келе жатқан тіліміздің тағдырына күйіне қараған, өз тарапынан әрекет еткен жанкүйер, жанашыр азаматтар мен зиялы қауым өкілдері аз болмаған екен. Кешегі Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин т.б. сынды азаматтардың тілімізге деген жанашыр сөздері мен әрекеттері аумалы-төкпелі заманның бір дәуірі болып, тарих жадында, жас әулет санасында сақталуда.

Сондықтан да болар, тіліміздің ескі әңгіменің жалғасы кешегі Желтоқсан оқиғасында қанға бөленген қазақ жастарының «Елім менің, тілім менің ...!» деген жан айғайынан тағы естілді...

Қалың жұртшылық қолдауымен басталған бұл күрес қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе әперумен тынды. Алайда, тіл төңірегіндегі дау-дамай мұнымен тынбады. Мемлекет мәртебесіне ие болған өз тілін «Ата заңы арқылы қорғау» деген тіл жанашырларының асыл арманы осы күнге дейін толық жүзеге асырылмай отыр. Сондықтан да, қазақ жеріне жаңа бір тарихи кезенді алып келген егемендігіміздің 10 жылдығы дау-дамайдан басы арылмай келген сол баяғы күрестің кейінгі 10 жыл бойына созылған жалғасы болып отыр. Қайта бұл күрестеріміз бұрынғыдан өрши түскен, өршелене түскен, ұлт тағдырына қатысты, үлкен саясатпен астарлас, бір сәт толастап көрмеген, екпінді де пәрменді күреске айналып отыр.

Шынында да, тіл үшін күрес – күрестердің ең күрделісі, ол елдің елдігіне қатысты, тәуелсіз мемлекеттің бүгінгі қалыптасу, даму үрдісін бағдарлайтын, болашағын айқындайтын т.б. қат-қабат саяси-әлеуметтік проблемалардың түйінді жеріне жатады. Осының себебінің неде екендігіне сәл ойланып, тереңірек ойлап қарайықшы: қазақ қауымы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы санасын оятып отырған қалың жұрт қазақ тіліне байланысты бүгін не үшін, кіммен және қалай күресіп отыр?

Ойлап қарасаңыз: өз жерінде отырған, өз егемендігін қолына алған, өзінің тәуелсіз мемлекеті бола тұрып, қазақ халқының мемлекеттік мәртебеге ие болған өзінің ұлттық тілін еркін дамытуына қарсы, әсіресе кейінгі 10 жыл бойы біз көріп отырған дау-дамайлар қоғамдық өмірде

сирек кездесетін «ғажайып» құбылыстар емес пе? Сонда қалай, «кейінгі он жыл бойы Ата заңын арқаланып, үкімет қабылдаған талай қаулы-қарарлары мен тұжырым, бағдарламалардың орындалмай отыруына не себеп?» деген сауал туады. Тіл үшін күрестің әр кезеңінде оған деген қарсылықтар мен тосалғылар да өзгеріп отыратындығы белгілі. Сонда, 10 жылды артқа салып, дәл бүгінгі күнге жалғасып, алдымыздан шығып, шоғырлана түскен кесел, кесапаттарға не жатады?

Бұл сауалдың жауабы тым көп. Олардың бастылары мен нақтыларын өзара топтастырып айтсақ – екеу. Біреуі – бүгінгі тіл дамуының тым тереңде жатқан тарихи тамыры; оны қозғап-қобыртпай-ақ тіліміздің болашағы үшін күресуге болады, бірақ оны білу қажет, өйткені, сайып келгенде, мәселенің түп-негізі «Батпандап кірген дерт мысқылдап шығады» деген нақыл сөз мағынасына барып тіреледі. Екіншісі – бұлар бүгін ғана туған жаңа көзқарастар емес, көне құбылыстардың бүгінгі көріністері. Бұлардың көбісі жаңа заман лебін сезбейтіндердің бойында, бұрынғыдан сақталып, жалғасып келе жатқан ескі дерттің зардабы; олар қазақ тіліне деген кейбір бұзық пиғылдан, теріс көзқарастардан, керенау-кердең кеудемсоқтан, аяқтан шалып, етекпен тартар кертартпалардан, өз қағынан жеріген тоғышарлардан, азаматтық тұғыры төмен бишікештер мен дәулетке мас байшыкештерден, үшінші, тіпті төртінші әулетке ауысып үлгірген «тіл дертінен» т.б. айқын көрінеді.

Тіл мәселесіне байланысты дау-дамайлар мен қарсылықтардың бір себебін білгіміз келсе, біз, міне, осы құбылысқа қарсы «замана сардарларының» әр тұста және әр деңгейде көрсетіп жүрген қиғаш қылықтары мен қисық мінездерінен, қоғамдық өмірдің болашақ үрдісін дұрыс түсіне алмай жүрген бейшаралығынан туындаған әрекеттер екенін айыра білгеніміз жөн. Алайда, бұрынғы күрестердің жөні бір бөлек те, ал егеменді ел болып, тәуелсіздігіміздің арқасында өркениетті мемлекеттермен бой салыстырып, есімізді жиып еңсемізді көтерген тарихымыздың жаңа бір дәуірінде қайта басталып отырған бұл күрес, біле білсек, ең соңғы әрі пәрменді күрес болмақшы. Өйткені қазақ халқы осы күресінің нәтижесінде ана тілінің даму үрдісін, қолданыс аясын, дербестігі мен еркіндігін мемлекеттік биік дәрежесінде қамтамасыз ете алмаса, ол сол өзінің бұрынғы күйі қалпында, қоғамдық өмірден аулақтап, жетім бала күйінде қалатыны сөзсіз. Онда егемендігіміздің сәні мен салтанаты, халқымыздың ұлттық қадір-қасиеті сақталады дегенге сену қиын, бүгінгі ұрпақтың болашағы жарқын болады деп кепілдік беруге болмайды.

Өйткені осы айтылғанның бәрі тәуелсіздігіміз де, болашағымыз да ұлттық тіліміздің денсаулығына байланысты, елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп жариялаған жалынды ұраны да сонда ғана жүзеге аспақшы.

«Бүгінгі таңда тіл тағдырын шешудің, оның мемлекеттік тіл деңгейінде еркін дамуына қажетті іс-шаралар және оларды жүзеге асырудың өзекті нысандары мен мақсат-міндеттері қандай болмақшы?» деген сауалға нақтылы жауап берудің мәні зор. «Мемлекеттік тіл! Мемлекеттік тіл!» деп ұрандататын, «өйту керек, бүйту керек!» деп өсиет-өнеге айтып, көсемситін «ура – патриоттық» заманның дәуірі өткен сияқты.

Бүгінгі өкімет, қоғам, зиялы қауым, тіл жанашырларының алдында тұрған нақтылы міндеттер мен түпкі мақсатына Конституция, Тіл заңы мен «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы» және басқа да қабылданған қаулы-қарар мен шаралар негізінде Мемлекеттік тіліміздің биік мәртебесін орнықтырып, қоғамдық ортада, мемлекет жүйесі мен оның негізгі құрамдарында өз деңгейінде атқаруға тиісті міндетін, қызметін тұрақты қалыпқа түсіру жатса керек. Бұлардың бәрі – бірден емес, әрине, біртіндеп, бірнеше жыл бойында атқарылуға тиісті міндеттер.

Енді осы күрделі де қиын міндеттер мен іс-шаралардың ішінен араға 10 жыл салып, «Мұсылманшылық әсте-әсте...» деген принцип бойынша, өкімет тарапынан жүзеге асырыла бастаған істердің бірінші қадамы – мемлекеттік жүйедегі барша іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру болып саналады. «Мемлекеттік тілге көшіру» дегенді дұрыс түсінсек, барлық іс қағаздарын, қатынас қағаздарын (қаулы-қарар, бұйрық, жарлық т.б.) орыс тілінен қазақшаға аударып беру емес, осы құжаттардың негізін, түп нұсқасын қазақ тілінде келтіріп, әр жердің қажетіне қарай орысшаға аударып беру болып саналады.

Көріп отырғанымыздай, тіл бағдарламасына сәйкес бұл тәрізді күрделі де алғашқы қадамға үкіметтің бауырында да толық негіз бар деп ойлаймыз. Олар мыналар: біріншіден, іс қағаздарын толығымен мемлекеттік тілге ауыстыру шарасымен өкімет егемендігімізбен (1991-2001) бастап отыр; бұл, әрине, аз мезгіл емес; екіншіден, бұл шараның «тіл кеселінің» ұлт бойына дендеп дарыған көне ауру екенін, оның «батпандап кіріп, мысқалдап шығатынын» ескеріп барып, қолға алынып отырғанын көреміз; үшіншіден, бұл істің жаппай науқан, қарбалас түрінде емес, мемлекеттік тілде сөйлеуші негізгі халық – қазақ жұртшылығының ең көп жасайтын (тұрғындардың 75-90 пайызын құрайтын), демографиялық қолайлы аймақтардан біртіндеп

басталуы; төртіншіден, бұл істің мемлекеттік тілді орнықтыру, дамыту мақсатында қалың жұртшылық арасында, ғылым-білім, мәдениет, өндіріс саласында оқытып-үйрету процесінің жер-жерлерде біршама қолға алынып, шешіліп жатуына, сондай-ақ бұл процесті оқу және оқыту құралдарымен (оқулық, әр түрлі терминологиялық сөздіктер, оқыту әдіс-тәсіл көрсеткіштері т.б. көрнекі құралдармен) оқушы-үйренуші мамандарды бірсыпыра қамтамасыз ету жағдайында қолға алынуы; бесіншіден, бұл істің көпұлтты республикамыздың саяси-әлеуметтік жағынан тұрақталып, бейбіт өмір, достық қарым-қатынастардың толық қалыптасқан жағдайында жүргізіліп отырылуы.

Ендігі әңгіме, міне, осы іс-шаралардың әр жерде басталуы мен жүзеге асып, орындалуына және оларға қарсы әрекеттердің, түсінбестіктер мен тақастықтардың да тұз беріп отырғандығы жайында болмақшы.

Өткен 2001 ж. аяғында Қазақстан Республикасының Егемендігіне 10 жыл толуына байланысты мерей тойын салтанатты түрде атап өткені барашаға мәлім. Той қарсаңында республикамыздың барлық қол жеткен табыс-жетістіктері мен бітуге тиісті мәнді де маңызды істерін, кемшілік-кемістіктерін тағы бір рет електен өткізіліп, ел алдына өзінің барыммен түгендеген болатын.

Міне, осындай мемлекеттік шараларға байланысты Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығын өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Төрағасы, бүгінде ҚР Премьер-министрі Иманғали Тасмағамбет мырза төрт облыстың басшыларына:

1) Маңғыстау облысының әкімі Л.Қиынов пен облыстық мәслихат төрағасы Б.Шелпековке,

2) Атырау облысының әкімі С.Дәукеев пен облыстық мәслихат төрағасы Х.Табылдиевке,

3) Қызылорда облысының әкімі Ө.Нұрғисаев пен облыстық мәслихат төрайымы А.Божяноваға және

4) Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Сапарбаев пен облыстық мәслихат төрағасы О.Рахманбердиевке арнайы хат жолдаған болатын. Бұл ресми хаттарда (К24-4/И-698, 3.08.2001 ж.) И.Тасмағамбетов өткен 10 жыл беделінде Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдерінің үздіксіз дамуына қолайлы жағдай жасалып келе жатқандығын атай келе, өз тіліміздің «жығасы жығылып, мемлекеттік мәртебесі өз дәрежесіне жете алмай ...», «қолданыс аясының тарылып, өмірге өре баса алмай ... бетімізге шіркеу, көңілімізге кірбің ұялатып» отырғаны туралы ащы шындықты ашып айтып, ендігі жерде аталмыш 4 облыс аумағында

«мемлекеттік тілге толық көшуге жағдай келді» деп бастықтарға дұғай сәлемін жолдаған болатын.

Бұл құжатты, әрине, мемлекет жүйесі мен құрылымында алма-кезек жүріп жатқан сан-сапалақ қағаздардың бірі деп қарауға болмайтыны да жұртқа мәлім. И.Тасмағамбетов мырзаның қолы қойылып жіберілген бұл ресми құжат әрбір облыс әкімі мен мәслихат төрағасының атына жолданып, ол сол өлкенің өзіне ғана тән әлеуметтік, демографиялық, экономикалық, ұлттық салт-дәстүр ерекшеліктерін ерекше атап, тас түйіндей етіп, шегелеп жазылған ресми хат екен. Мәселен, Маңғыстау облысының әкімі Л.Қиынов мырза мен мәслихат төрағасы Б.Шелпеков мырзаның аттарына арнап жазылған хатта И.Тасмағамбетов мырза өзінің дұғай сәлемін: «Сіздер басқаратын Маңғыстау облысы халқының 73%, яғни басым көпшілігі қазақ ұлты болғанына қарамастан іс қағаздарын әлі күнге дейін орыс тілінде жүргізіп келе жатыр.

Ал, меніңше кие қонған Маңғыстау өңірі, аузы дуалы әулиелердің, от ауызды, орақ тілді шешендер мен жебе сөзді жыраулардың елі – ежелден қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған құтты мекені болғандықтан ендігі уақытта мемлекеттік тілге толық көшуге жағдайы келеді деп сенемін.

Осыған орай, өздеріңіз басқаратын облыстың әкімшілігі мен әр деңгейдегі мәслихаттары іс қағаздарын қазақ тіліне түгелдей көшіру туралы шешім қабылдау мәселесін қарастыруын сұраймын» – деген сөздермен аяқтапты.

Осы бір биіктен айтылып, ел құлағын елең еткізген ресми сөздерді естіп, қанаттанып, арқаланып, игілікті істің бастамасын, алғашқы қадамын өз көзімізбен көріп, көмегіміз болса, көрсетіп қайту мамқсатымен бір топ адам Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚР ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдар, сол қоғамның бірінші вице-президенті ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Өмірзақ Айтбаев, қоғамның белсенді мүшелері – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің кафедра меңгерушісі, проф. Талғат Сайранбаев және «Қайнар» университетінің вице-президенті, проф. Кәрімбек Құрманәлиев іссапармен жолға шығып, ұшақпен 2001 ж. желтоқсанның басында қасиетті Маңғыстау жеріне, Ақтау қаласына келіп түстік.

Қазақ атамның салт-дәстүрі қалған ба, бізді құрметтеп қарсы алып, Ш.Есенов атындағы университеттің ректоры, проф. Ә.Ахметов бастаған топ, баспа қызметкерлері т.б. тілсүйер қауым, азаматтар

болып бізді құрметтеп қарсы алып, сый-сияпатын көрсетіп жатты. Кештеу болса да, елдік қасиетін бойына сақтаған сол бір ер-азаматтарға біз алғыс-рахметімізді айтамыз.

Ата-баба дәстүрі бойынша тіл мәселесіне байланысты Ақтау қаласында өтетін үлкен конференциядан бұрын біздер қасиетті әулие-әнбиелердің – Бекет Ата, Шопан Ата, Қаңға Бабалардың жатқан жерлеріне барып, зиярат жасап, тағызым етіп қайттық. Одан соң ел салты бойынша сәлем беріп, келген бұйымтайымызды айту үшін облыс әкімі Ләззат Қиынов мырзаның құзырында болдық. Іс қағаздарын облыс ауқымында мемлекеттік тілге көшіру туралы алғашқы әңгіме де сол әкім кабинетінде басталып кеткен еді. Жоғарыдан түскен ұсыныс хатқа байланысты болған ұзын сонар әңгімеміздің тоқ етерін түйіндеп айтсақ, әкім мырзаның құлағына бұл тәрізді әңгіменің мүлдем жақпайтыны аңғарылды. Әкім уәжі бойынша «Маңғыстау түбегі – өте бай өлке, бұл елдің бірінші мақсаты – сол байлықты толық меңгеру, ал оны меңгерушілердің арасындағы техника тетігін басқаратын мамандардың көпшілігі қазақ тілін білмейтін ұлт өкілдері. Олар «командаға» түсінбей, бір тетікті теріс бұрап жіберсе болды, көп байлығымыз басқа жаққа ағып кетуі мүмкін».

Міне, сондықтан да бұл үлкеде іс қағаздарын мемлекеттік тіл қазақ тіліне көшіру деген бос сөз ... Мен осы орын-тақта отырған кезімде (??) бұл идея – жүзеге аспайтын бос әңгіме. Сіздердің орындарыңызда мен отырсам, тілді сіздерден де мықты қорғаған болар едім. Бірақ менің орным оған жар бермейді ...» деп, ол өз ойын біраз тіл фактілерімен дәлелдегендей болды.

Қысқасы, ұзын сөздің тоқ етерін айтсақ, әкім мырза «мен осы орында отырғанда бұл өлкеде мемлекеттік тілдің көсегесі көгермейді!» деген ішкі ойын бізге астарлап болса да, толық жеткізгендей болды.

«Алыстан ат терлетіп, мазар аттап, қасиетті Маңғыстау жеріне игілікті істің басы-қасында боламыз ба» деп келген біздер қадірлі Ана тіліміздің алдынан кесе-көлдендеп шығатын тағы бір «қарсылықтың» «әкімнің орын-тағымен де тілдің бәсекелестігінің» бар екендігін бірден аңғардық.

Сөйгіп, әркім өз ойымен конференцияға келдік. Академик Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің үлкен де кең залы студент жастар мен қала тұрғындарына лық толған. Тілге деген қызығушылық пен ана тілінің тағдырына деген жанашырлықты біз қалың жұрттың бет-әлпетінен-ақ, мәжілісіне белсене қатысуынан-ақ айқын байқадық.



Конференцияда облыс әкімі де, Алматыдан келген адамдар да сөз сөйлеп, ой-пікірлерін ортаға салды. Сөйлегендердің мақсаты – мемлекеттік тілді қоғам өмірінде қалыптастыру, демографиялық, әлеуметтік, экономикалық жағдайға сәйкес өлкеде іс қағаздарын мемлекеттік тілге түгел ауыстыру. Конференцияға қатысып отырған қалың жұрттың кеудесін кернеп, жүрегін тербеп отырған бар арманы – өлкеде, 75-80 пайызы қазақтар тұратын ата-баба жерінде, ана тіліне еркіндік беру, оның қоғам өміріне еркіндеп кіруі екенді. Оны конференцияға белсене қатысып, ойын еркін білдірген жергілікті азаматтардың жан айқайынан аңғару қиын емес еді. Алайда, екінші рет сөз алып, мінберге шыққан әкімнің кейбір сөздері көпшіліктің ойымен сәйкес болмады. Ол жоғарыда айтқан сөзін ел алдында тағы қайталап, қасиетті ана тіліміздің алдында тұрған «тосалғыларды» өзінше түсіндіріп, жұрт көңіліне күдік ұялатуға тырысты, іс қағаздарын түгел қазақшалауға ниетінің жоқ екенін анық танытты.

Қысқасы, конференция өз міндетін атқарса да, дйттеген мақсатына толық жете алмады, оған көп нәрседен үміттеніп, асыл арманын арқалап келген тіліміздің шынайы жанашырлары «Мемлекеттік тіл!» деп, мәртебесін аспандатып, «ұлтымыздың ой-санасы, елдігіміздің кепілдігі» деп дабыра етіп, өткен он жыл бойы ұрандатып жүрген асыл да қымбат дүниесінің әлі де аяқасты болып, қоғамдық ортада емін-еркін қызмет ете алмайтын, көрінгенге көзтүрткі болып, әр әкімнің орынтағымен «текетіреске» түсіп, біраз жүретін нәрсе екен ғой!» деген сенімсіз оймен тарасты. Алайда олар конференция хабарынан өзі сияқты көршілес облыстарда – іс қағаздарының түгелдей қазақ мемлекеттік тілінде жүргізіле бастағанын біліп тарасты.

Мемлекет қайраткері, бүгінде ҚР премьер-министрі Иманғали Тасмағамбетов мырзаның осы мәселеге қатысты ұсыныс хатының жоғын жоқтап жүрген, ізін қуып, Атырауға келген біздер еліміздің елдігін, тіліміздің тағдырын еркін ойлайтын көптеген ел азаматтарымен де, баспа-ақпарат қызметкерлерімен де, оппозициялық принципті тұтынушы жігіттермен де сұхбаттастық. Сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де істеліп жатқан кейбір іс-шаралармен де біршама танысып шығуға мүмкіншілігіміз болды.

Айта кету керек, Иманғали Тасмағамбетовтың аталмыш ұсыныс хатынан кейін (№24-4/И-698, 3.08.2001) Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасын» іске асыру тұрғысынан

бұл саладағы істің үрдісін, нәтижесін байқау мақсатымен барлық мемлекеттік құрамдағы мекемелерге Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы А.К.Рзаханов мырзаның қатынас хаты жіберілген екен. Біз, міне, осы хатқа тиісті мекемелердің біразының берген ресми жауабымен де танысуға мүмкіншілігіміз болды. Мысалы, олар: Маңғыстау облыстық қазынашылық басқармасы (орындаушы А.А.Құдайбергенов), Маңғыстау облыстық құрылыс, тұрғын үй, сәулет және аумақтарда құрылыс салу басқармасы (бастығы Қ.Оңғалбаев), Маңғыстау облыстық спорт және дене мәдениеті басқармасы (бастығы А.А.Драч), Маңғыстау облысы және Ақтау қаласының әскери комиссары (бастығы Е.Уразов), Маңғыстау облыстық қаржы басқармасы (басқарма орынбасары С.Ерғалиев), Маңғыстау облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы (бастығы К.Төлешов), Маңғыстау облысы бойынша қаржы полициясы (бастық орынбасары О.В.Насонов), Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасы (бастығы А.С.Доспаев), Маңғыстау облыстық Ішкі Істер Басқармасы (бастық орынбасары О.Әбділов), облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда басқармасы (бастығы Ә.Көшеров), облыстық Шағын кәсіпкерлікті қолдау басқармасы (бастығы Қ.Т.Елеусінов), Маңғыстау облысы бойынша салық комитеті (төраға орынбасары Ж.Албытов), Маңғыстау облыстық статистика басқармасы, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы (бастығы А.Баужанова, Маңғыстау облыстық әділет басқармасы (бастығы Т.Т.Каджиков), облыстық Көші-қон және демография жөніндегі басқармасы (бастығы Ә.Ө.Сахимов), Маңғыстау облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы (бастығы Қ.С.Хайрушев) т.б.

Міне, облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы А.Рзаханов мырзаның атына аталмыш мекемелердің басшылары жазған жауаптарымен танысып қарағанымызда, біз «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын», ҚР Өкіметінің 10.09.1998 ж. №94 «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді қолданыс саласын кеңейту туралы қаулысын» және Иманғали Тасмағамбетов мырзаның ұсынысын орындауға байланысты Маңғыстау облысы ауқымында да біраз жұмыстар істеліп жатқандығын көреміз. Олар негізінен үш түрлі салада көзге түседі екен: бір топ мекемелерде іс-қағаздарының баршасы (арадағы хат алысу, ақпарат алмасу, есеп беру т.б.) қазақ тіліне толық көшірілсе, ендігі бір тобында ол істер екі тілде (қазақша да, орысша да) қатар жүргізілетіні көрсетіліпті; іс қағаздарын

көбінесе тек орыс тілінде ғана жүргізетін мекемелер де кездеседі. Оның себебін мекеме басшылары ресми құжаттардың аймақтық мекемелерден орыс тілінде келуіне байланысты деп түсіндіріпті. Мәселен, Әділет басқармасының бастығы: «Жаңаөзен қалалық, Бейнеу, Қаракия, Түпқараған, Маңғыстау аудандық ... бөлімдерінің, мемлекеттік нотариат кеңселерінің іс-қағаздарын тек қана қазақ тілінде, ал әділет басқармасы мен «Ақтау қалалық АХАЖ бөлімінде іс қағаздары екі тілде қатар жүргізіледі» деп хабарлапты. Бұл мағлұматтар облыс аудандарының бәрінде болмаса да, көбісінде іс-қағаздары тек мемлекеттік тілде, ал Ақтау қаласында екі тілде жүргізіледі деп көрсетіпті. Мәселен, облыстық ішкі істер басқармасы «төрт аудандық, екі қалалық Ішкі Істер бөлімдерінің 4 аудандағы (Бейнеу, Маңғыстау, Түпқараған, Қаракия) бөлімдерінің барлығында және Жаңаөзен қалалық бөлімінде іс-қағаздарын тек мемлекеттік тілде, ал Ақтау қаласы мен облыстық ІІБ екі тілде жүргізеді екен. Денсаулық сақтау басқармасы саласында облыс бойынша 55 мекеменің 5-еуі тек орыс тілінде, 32-сі тек қазақ тілінде, ал 18-де екі тілде қатар жүргізеді екен».

Мағлұматтар осылай жалғаса береді. Бұл ақпараттан біздің байқағанымыз: Маңғыстау облысында мемлекеттік тілді қалыптастыру, қолданыс ауқымын кеңейту және дамыту жағдайы кейбір басқа облыстармен салыстырғанда әлдеқайда жақсы. Мемлекеттік мекемелердің шамамен 85-90 пайызы мемлекеттік тілмен қарым-қатынас жасап, оның қоғамдық шеңберін кеңейтіп отырған сыңайлы.

Егер біз осы мағлұматтарға толық сенетін болсақ (сенбеске қақымыз жоқ, өйткені олар ресми қағаздарға жазылып, басшыларының қолы қойған қағаздар), бұл өлкеде мемлекеттік тілдің даму қарқыны жалпы жағдайларға сәйкес.

Бұл өлкенің жағдайын жақсы білетін ел азаматы Иманғали Тасмағамбетов мырзаның арнайы әкіміне хат жолдап, өз өтінішін жолдауында да толық негіз барлығына біздің де көзіміз жеткен сияқты. Сонда облыс әкімі Ләззат Қиынов мырзаның ер-тоқымын бауырына алып тулауына не жорық?! Жоқ, әлде ол өзі басқарып отырған облыстағы тіл ситуациясына, жергілікті жұртшылықтың қалауына мән бергісі келмей ме, әлде мемлекеттік тілді экономикалық табыстарының құрбандығына шалып жіберуге ыңғайлана бастағаны ма? Ол жағын біз түсіне алмадық.

Біздің ойымызша: «қазақ тілі мемлекеттік тіл болуға жарамайды» деген кейбір тоғышарлардың аузы-мұрны қисаймай, жиі айтып жүрген пікірлерінен ел басқарып отырған саналы азаматтардың аулақ болғаны

абзал... Бұл бір. Екіншіден, «қазақтар жаппай мемлекеттік тілге көше қалған жағдайда, басқа халықтар қайтіп күн көреді, қоғамда ақырзаман орнамай ма?» деп, қауіптенетіндер болса, біз оларға «жоқ, одан қауіп болмайды!» деп басалқы айтқымыз келеді. Өйткені барша әлемде де, кешегі мызғымастай көрінген Ресей империясында да, көне қазақ жерінде де жаңа заман лебі есіп, тек экономиканы ғана емес, дүниеге деген сана-сезімін де өзгертіп отыр. Біз қазақтар өзіміздің кеңбайтақ жерімізде кімге, қай ұлттың өкіліне болса да емін-еркін жасауына қарсылық жасаған емеспіз және бұдан кейін де жасамаймыз. Мейлі, оны «екінші отаным!» деп мадақтасын, мақтансын, еңбек етсін, өсіп-өнсін! Бірақ олар бізді қасиетті жердің байырғы тұрғыны (аборигендері) екенімізді де, біздің егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып, ана тілімізде еркін сөйлеп, ұрпағымызды сол тілде оқытып, тәрбиелеуімізге мүмкіндік алып, өркениетті елдердің санатына қосылуға ұмтылған талабымызды, көңіл-күйіміз бен жүрек сырымызды дұрыс түсінсе екен дейміз. Жері, суы, ауасы, байлығы жақсы қазақтың өзі жаман болмаса керек. Ал, оны құрметтеудің, онымен сыйластықта бірге өмір сүрудің бірден-бір жолы – тілін білу, сол арқылы оның жан дүниесін жақыннан тану. Өткен замандардағы өктемдікті аңсамай, керенау-керден, кеудемсоқтыққа салынбай бірден емес, біртіндеп, қазақстандық барша қауымның (қазағы мен басқа ұлт өкілдерінің де) мемлекеттік тілге көңіл қоюы, оны құрметтеуі, қажетіне қарай үйренуі, ол тілдің ресми жүйеге еніп, қоғамдық өмірге толық араласып, қызмет атқаруы жарқын болашағымыздың кепілі. Елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген дуалы сөзі сонда ғана жүзеге асуы мүмкін.

Ол үшін тілсүйер қауым, қалың жұртшылық елдің саналы азаматтары тілге байланысты күресін бәсеңдетпеулері керек. Ақиқат, шындық, болашақ, жеңіс солардың жағында. Бұл күрес жалғаса бермекші.

*Тіл майданы II. ( Сардар мен сарбаздар) Алматы, 2004.  
(Ө.Айтбаев, Т.Сайранбаев, К.Құрманәлиевтермен бірге)*

### **Тәлім-тәрбие тілден басталады**

КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ Республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қабылдаған қазақ және орыс тілдерін оқып-үйренуді жақсарту туралы арнаулы екі қаулы да ұлттық – қазақ тілі мен ұлтаралық – орыс тілінің

республика жағдайында халықтар достығын нығайтып, еңбекшілерге интернационалдық тәрбие берудегі қоғамдық рөлі мен қатынас құралы ретіндегі беделін арттыра түсудің нақтылы шаралары көзделген.

Міне, көпшіліктің көңілінен шыққан осы бір игілікті істен сырт қалғысы келмеген зерделі де зейінді қауым оның қазіргі жайын білгісі келеді, көптеген оқырмандар газет-журнал редакцияларына хат жолдап, өздерінің талап-тілегін, ақыл-кеңесін ортаға сала, бұл игілікті іске өз үлесін қосқысы келеді. Осындай хат-тілек, хат-кеңестердің біразы «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына да келіп түсіпті. Енді біз сол хаттармен көпшілікті таныстыра отырып, баршамызға ортақ, бәрімізді де толғандыратын тіл жайында және тілге байланысты тәлім-тәрбие жайында пікір алысқымыз келеді.

Ең алдымен, «Біздің елде тіл проблемасы шешілген жоқ па еді? Аталмыш қос қаулының біздің республикамызда қабылдануына қандай қауырт жағдай себеп болды?» деген сұрауға жауап бере кеткен жөн. Әрине, ондай қауырт жағдай жоқ: қазақ тілі де, орыс тілі де республика көлемінде өздеріне тиісті қызметтерін барынша атқарып келеді. Мәселе сол қызмет өскелең заман талабына сай ма, сай емес пе екендігінде.

Орыс тілінің тағдырлас, туыстас көп ұлтты, көп тілді совет халықтарының бір семьяда қауымдаса, тату өмір сүруінде атқарып отырған ерен қызметі баршамызға мәлім. Ал ол осы қызметін басқа ұлт тілдерінің дербестігі, еркіндігі сақталмаған жағдайда дәл қазіргідей атқара алмаған болар еді. В.И. Ленин көп ұлтты мемлекетте ортақ тіл мен ұлт тілдерінің өзара қарым-қатысы, болашақ тағдыры жайында көп ойланып, көп толғанғаны белгілі. Совет үкіметінің алғашқы жылдарындағы айтыс-тартыстарда В.И. Ленин ұлтаралық қарым-қатынас қызметін атқара алатын тіл – орыс тілі екендігін мойындай отыра, оны «міндетті түрдегі мемлекет тілі» деп танудан бас тартқан болатын. Себебі: «мемлекеттік тіл» деген ұғым сол мемлекетте өмір сүруші халықтардың міндетті түрде сөйлейтін тілін танытатын еді. Демек, бұл ұғымның сыртында күштеудің, зорлаудың элементі бар еді. В.И. Ленин «орыс тілі үшін мұндай зорлаудың, күштеудің ешбір қажеті жоқ» деп ескертті. Осыған орай көсемнің «жаңа қоғам орнатушы тағдырлас халықтар үшін орыс тілінің қажеттігі, оның әмбебап қатынас құралы екендігі онсыз да айқын, тарихтың өзіне жүктеген миссиясын ол толық атқара алатын ұлтаралық ортақ тіл екендігін әлі-ақ танытады, оны әрбір совет азаматы өз ана тіліндей еркін де жетік меңгеретін болады», деген даналық болжамын бүгінгі советтік өмір салты толық дәлелдеп отыр. Бүкіл совет халқының 82 проценті, ал еліміздегі

түркі тілдес халықтардың 56,5 проценті орыс тілінде еркін сөйлей білуі лениндік принципте шешілген табыстарымыздың айқын айғағы болса керек.

Бірақ В.И. Ленин сол кездің өзінде-ақ орыс тілінің ұлтаралық қатынас құралы ретінде кеңінен тарап, қанат жаюы ұлт тілдерінің есебінен емес, қайта олардың да емін-еркін қатар дамуы арқылы жүзеге асады деп үйреткен еді. Шынында да еліміздегі жүзден аса ұлт тілдерінің бүгінгі жағдайы осыны көрсетеді. Қазір еліміздегі терезесі тең 130 ұлт тілдерінің 78-і жазу-сызуы бар әдеби тіл ретінде дамып отыр. Солардың бірі – жан-жақты дамып, кемелденген, қоғамдық қызметі мейлінше кеңейген, ұлттық тіл ретінде марқайып өскен қазақ әдеби тілі болып саналады.

Жалпы жағдай дәл осылай бола тұрса да, жоғарыда аталған екі қаулының қабылдануы бекер болмаса керек. Қаулылардың түбегейлі мақсатына келсек, ол республика жағдайында қазақ тілі мен орыс тілін оқып-үйренуді әлі де болса жақсарта түсуді талап етіп отыр. Демек, мәселенің түйіні тілге деген көзқарас заман талабына сай емес, тіл өресіне кедергі болып отырған қырсыздықтар мен қиырлықтар аз емес дегенге барып саяды. Қазақтардың 52,3 проценті орыс тілін меңгерді деп (екінің бірі білмейтіндер санатына жатса) онша мақтанарлық жайымыз жоқ. Ал оның есесіне ана тілімізде сөйлеушілердің саны сақталса да, сапасы күрт төмендеп кетуін де дені дұрыс құбылыс деп айту қиын. Мұндай жағдай, әдетте, тіл саясатының бұрмалануына, ұлт тілі мен ұлтаралық тілдің арасындағы өзара ынтымақ пен үйлесімділіктің бұзылуына байланысты жүз көрсетеді де, ол барып халықтар достығына, интернационалдық рухымызға аз да болса салқынын тигізеді.

Демек, ана тілімізге де, аға тілімізге де байланысты проблема бар екен. Оның себеп-салдарын терең тексеріп, қыр-сырын ашып беру бір бұл мақаланың міндеті емес. Дегенмен, бүгінгі жариялылық, демократия, қайта құру талабына сай қалың көпшіліктің, оқырман қауымның тілге, тілді оқып-үйретуге, тіл арқылы тәлім-тәрбие беруге қатысты көтеріп отырған мәселелеріне мән беріп, ерекше тоқталып, пікір алыспасқа болмайды.

Ең алдымен екітілділік жайында. Бұл – халықтар достығына бірден-бір дәнекер болып, социалистік салтымызға сән беріп отырған тамаша табыстарымыздың ең көрнектісі, ең маңыздысы. Екі тілді бірдей меңгеру бүгінгі таңның талабына сай қажеттілік. Құсқа екі қанат қандай қажет болса, әрбір азаматтың қоғам өмірінде құстай самғап ұшуына ана тілі мен аға тілді жетік білуі сондай қажет. Бұл шындық! Ал, осы шындықтың

өмірдегі көрінісі қандай, тіл тәрбиесіндегі кейбір келеңсіз жағдайлардың, көзге түрткі, көңілге көлеңке түсіріп жүрген жәйттердің себебі не?

Арқалық қаласынан редакцияға хат жазып отырған мұғалім Балғожа Атығайұлы өмірден нақтылы деректер келтіре, осы сұрақтарға жауап іздейді. Ол «КПСС Орталық Комитетінің қаулысында көрсетілген «Екітілділіктің – ұлт тілі мен орыс тілінің одан әрі дамуы үшін қажетті жағдай жасалсын», деген міндетке сәйкес тілді құрметтеу – халықты құрметтеу, оның әдебиетін, мәдениетін құрметтеудегі қайта құру ісі жеделдей түссе екен!» деген тілек айтады.

Тілді құрметтеу – халықты құрметтеуден туады. Шынында да осы бір сөз кейінгі кезде жиі айтылып, әсіресе, жергілікті халықтар тіліне байланысты сол халықтардың тілек-ниетінен табылып, ерекше мәнге, ілтипатқа ие бола бастады. Ұлы Лениннің тамаша идеясы салтанат құрған көп ұлтты елімізде орыс тілін барлық ұлт өкілдері, оның ішінде қазақтар да, жапа-тармағай үйреніп, жетік меңгеруге атсалысып жатқан кезде, орыс халқының және Советтік Қазақстанда көптен бері аралас-құралас тұратын, қазақтармен бірге өсіп, біте қайнасып кеткен басқа халықтардың қазақ тіліне деген ілтипаты қандай? Қазақ халқының тілін қомсыну, қажеті бола тұрса да, оны үйренуге емеурін танытпаудың ұлтаралық достыққа қаншалық әсері бар? Осыған орай хат авторының «Тіл арқылы болатын халыққа деген құрмет екі жаққа бірдей болғанда ғана нәтижелі. Ұлттарды дос-бауыр ететін, жақындастыратын – ең бірінші тіл, бірінің тілін бірі білу», деген пікірін біз де қолдаймыз.

Әрине, басқа ұлттың тілін білу-білмеу, үйрену-үйренбеу лениндік принцип бойынша әркімнің өз еркінде. Ешбір зорлық жоқ. Бірақ еркіндік, еріктілік бар да, қоғамның талабына, ұлттардың өзара жақындасу мақсатына сай тіл үйренуге деген қажеттілік тағы бар. Орыс тілін үйренудің, жетік білудің қажеттігі баршамызға белгілі. Ал қазақстандықтар үшін – әртүрлі өндіріс, шаруашылық, ағарту-мәдениет, ғылым мен техника саласында жергілікті қазақстандықтармен қоян-қолтық бірге жұмыс істеп жүрген басқа ұлт өкілдері үшін еріншектікке салынып, біржақты ғана қатынас жасаудың, тіпті кейде «орысша сөйле, сенің сөзіңді түсінбеймін!..» деп, ұлттық сезімімізге тиетін ауыр сөздер айтып, намысын қоздырудың қаншалық қажеті бар?

Қазақ халқы – сөз құдіретін қатты құрметтейтін халық. Айдалада қой бағып жүрген шопанға ұлты бөлек тосын жан келіп, қазақшалап: «Ассалаумағалейкүм, ақсақал! Мал-жан аман ба, бала-шағаңыз сау ма? Бақуатты жүріп жатырсыз ба?...» дер болса, сол қойшының жаны қалмай,

әлгі адамның асты-үстіне түсіп, бәйек болатынына біз кепіл. Сондағысы ана тілінде айтылған бір-ақ ауыз сөз ғой. «Халықтар достығы» деп аталатын ұлағатты ағымның кейде бір ауыз сөзден басталатынын біз ескере бермейміз. Осындай бір ауыз сөзді біз ұлы досымыз, орыс халқының көптен қасымызда жүріп, ортақ ісімізбен мидай араласып кеткен тағылымды ұл-қыздарынан да естігіміз келеді.

«Ал ол мүмкін бе?» деп сұрауыңыз да мүмкін. Әрине, мүмкін! Қазақ тілін өз бетімен үйренушілерге қажетті оқу құралдары, программалар, орысша-қазақша, қазақша-орысша шағын сөздіктер мен тілашарларды баспалар біраз шығарып та үлгірді. Радио, телевизия мүмкіншіліктері іске қосылып, жер-жерлерде екі тілді үйретудің курстары мен үйірмелері ашылып, жұрт осы бір игілікті іске үлкен бетбұрыс жасап отыр. Әрине, бұл іске бар ынтасымен, шынайы ниетімен кіріскен адам одан нәтиже шығаруы сөзсіз. Бірақ жақсы басталған ісіміз, шынын айту керек, көп жерлерде басталған бюрократизм, енжарлық, немқұрайдылық, көзбояушылық салдарынан нәтижесіз болар ма екен деп те ойлаймыз. Бұл істің басталғанына бір жылға жуық уақыт өтсе де, «мен қазақ тілін өзіме қажет дәрежеде үйрендім, достарыммен сөйлесе аламын» деген қуантарлық ақпардың жоқтығы себепсіз де емес сияқты. Алматының дәл іргесіндегі Іле ауданының тұрғындары Б. Баймұратов, С. Досжанов (барлығы 17 адам болып) қол қойған бір хатта: «Қаулы шыққанына біраз уақыт болды. Бірақ біздің ауылда бұл тілдерді оқып-үйренуге ешқандай жағдай жасалған жоқ. Әсіресе қазақ тілін дамытуға мүмкіншілік болмай отыр» деп, дабыл қағады.

Бұл мәселенің ұйымдастыру жағы. Ал жергілікті ұлт тілін үйренуге елдің пиғылы, ілтипаты бар ма? Ілтипат болмаған жерде, ынталану жоқ жерде тіл үйрету оңай емес, жас бала емес, әсіресе үлкендерді үйрету оңайға түспейді. Ілтипат та, пиғыл да, сайып келгенде, қажеттілікке байланысты екенін аңғару қиын емес. Ергеректе біздің ата-бабаларымыз өздерінің тамыр орыстары жайында «Ой, біздің Шодыр қазақша сөйлесе, алдына жан салмайды, өзіңді жаңылдырады!» – деп, мақтана айтып отырушы еді. Бүгінде осындай өнегелі тәліммен елге үлгі болып отырған қазақстандық неміс, корей, дүңген, түрік, ұйғыр сияқты халықтардың өкілдері аз емес, бірақ көп те емес. Сондықтан болар, тілін сүйгенді жаны сүйген халқымыз талай дәстүрлі айтыс додасына түсіп, жүлделі болып жүрген орыс қызы, қазақ ақыны Надежданы, халық әндерін нақыш-мақамына келтіре шырқап, жұртты риза қылып жүрген үш бірдей орыс қызы Татьяналарды, сондай-ақ неміс, қазақ, орыс тілдерінде бірдей қалам тартып, қалың оқырмандарына үш ұлттың рухани байлығынан



сыр шертіп жүрген жазушы Г. Бельгер сияқты азаматтарды ерекше қадір тұтады, мақтан етеді. Бұл қасиет осы жандардың елден ерекше артықтығын көрсетеді. Қос қаулыда жергілікті ұлт тілін мүмкін болғанша меңгеру, қажетіне жарату интернационалдық рухта тәрбиеленген әрбір азаматтың абыройлы міндеті, абзал қасиеті, әдептілік пен өнегеліліктің нышаны деп саналады. Осы орайда орыс тілін үйрене түсейік деп қазақтар атсалысып, өнеге көрсетіп жатса, қазақ тілін үйрену инициативасын орыстардың, не басқа халықтардың өздері көтеріп жатса, қандай жарасымды!

«Өзінің тілін құрметтемеген басқа тілдің де қадірін білмейді» деген сөз бар. Біз көбінесе тілімізді сөз жүзінде дәріптейміз де, іс жүзінде оны орындамаймыз. Біразымыз өз тілімізді жете білмейміз. Мұның себебін кейбіреулер орыс тілінің ұлт тілдеріне жасап отырған күшті ықпалынан, оның барлық салада кең жайылған қызметінен және ұлттардың өзара араласуынан көреді. Ал шынында орыс тілінің бүгінгі атқарып отырған қоғамдық қызметі ешқашан, еш жерде ұлт тілдерінің қызметін тежеп, мәнін түсіріп, шеттеп көрген емес.

Шынында да, республикамызда бұл салада үлгі етерлік тамаша ұстаздар аз ба? Аз емес. Дәл Алтынсариндей, дәл Шаталовтай болмаса да, жас ұрпаққа ана тілімізді де, аға тілімізді де үйретуден жалықпай, жан-тәнін салып жүрген жандар, тіл құдіретін шәкірт жүрегіне ұялата білген, шебер мамандар республикамызда баршылық. Солардың бірі – Көкшетау ауданындағы Ақан атындағы орыс-қазақ орта мектебінің мұғалімі орыс, неміс, қазақ тілдеріне жетік Ольга Иосифовна Мырзагелдинованың қазақ тілін оқытудағы үлгілі өнегесі мен озат тәжірибесін айтып, оқытушылар қауымы бекер мақтамаса керек. Осындай абзал жандар мұғалімдер арасынан көптеп табылады.

Ендігі әңгіме тақырыбы – мектепке дейінгі тіл тәрбиесі. Шындықты мойындасақ, бұл жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі «сырқатты» мәселе. Сондықтан болу керек, редакцияға келіп түскен хаттар бұл мәселеге көбірек тоқталады. Мектепке дейінгі тіл тәрбиесі, басқа тәрбие сияқты, екі кезеңнен – семья мен бала бақша тәрбиесінен тұрады. Тіл тәрбиесі үшін олардың шешуші роль атқаратындығына ешкім таласа қоймас. Осыған орай, «баланы тілге жастайынан, алғаш семьяда, одан соң бала бақшада үйрету қажет», деген пікір айтылады. Бұл ғылыми жағынан да дұрыс пікір. Бала тәрбиесіндегі аға-ананың зор жауапкершілігін Сабыр Қазыбаев А.С.Макаренконың «Бес жасқа дейінгі істегендеріңіз – бүкіл тәрбие процесінің 90 проценті» деген ұлағатты ойымен дәлелдей келіп, «адамның ойы кемел, тілі шешен болып қалыптасуы – ең алғашқы

тәрбиенің жемісі» деп, тілдік тәрбиенің де тым ерте басталуын талап етеді. Демек, ата-ана алғашқы ұстаз. Ал ұстаздың ұстазы әр үйдің алтын қазынасы әжелер, аталар емес пе? Ұлы Пушкин де, ұлы Абай да өздерінің бойындағы ең асыл ақындық қасиеті үшін Арина Родионовна, Зере сынды әжелеріне өмір бойы бас иіп кеткен емес пе еді?

Шынында да, жас баланың тілді қабылдау, жадында сақтау қабілеті өте күшті болады. Тілші психолог ғалымдар пікірінше, баланың 8-9 жасқа келгенше сөйлеу аппараты толық қалыптасып болады. Дәл осы кезге дейін ол кез келген тілді жетік меңгере алады екен. Демек, тәлім-тәрбиенің басын тіл деп түсінсек, сол тіл тәрбиесі тым ерте, яғни семьядан басталып, бала бақшасында қалыптасқаны абзал деп білеміз. Жастайынан өзін қоршаған тілдік ортаның рухына бойлай өскен бала ана тіліне де суық тарта береді. Ал тілді кенжелеп барып, ересек тарта үйренген бала көбінесе оның нәзік те көркем табиғатына терең бойлап, ұлан-ғайыр байлығын толық меңгере алмаса керек.

Екітілділік – ұлт республикалары жағдайында дүниеге келген тарихи фактор, социалистік мәдениетіміздің бүгінгі даму сипатын анықтайтын қоғамдық құбылыс. Бір топ хаттың иесі орыс тілін үйреніп, оны жетік меңгеруге деген елдің талабын және бұл орайдағы кедергі-кемшіліктерді сөз етеді. Мәселен, Ақтөбе облысы Қарабұтақ поселкесінен хат жолдап отырған Әбдібай Жетіруов: «Орыс тілі – Ленин тілі, орыс халқының тілін білуді парыз санаймын» десе, Шымкент облысы, Мақтаарал ауданынан Кәмшат Дүйсебаева: «Біз орыс тілін меңгеруге ынтықпыз, – деп ағынан жарыла отыра, оның себебін де жасырмайды, – Ауданда ауруханаға көрінуге барған адам орыс тілін жөнді білмесе, орыс дәрігерлер оған күледі, ал өздері бір ауыз қазақша білмейді». Дәл осы арадан біз екітілділік проблемасының қаулыда айтылған екі жағын да, яғни тіл білуге екі жақ та бірдей ынталанудың қажеттігін көріп отырмыз. Жамбыл облысы Қордай ауданының тұрғыны Құдайбергенов Нұрділда, алматылық Жұмағалиев, шымкенттік Рүстемов Мұхамеджан, Петропавл қаласынан Кәдірбаев Бәйкен, ақтөбелік соғыс ардагері Ділманов Айтқали және басқалары да осы екітілділікті дамыту мәселелерін сөз етеді.

Аталмыш қаулыларды орындауға байланысты қабылданған шаралардың біразы анықтама құралдар, оқулықтар, программалар

шығару болса, енді біразы орыс, қазақ тілдерін жер-жерде оқытуға, оқу процестерін ұйымдастыруға бағытталған еді. Алайда 16 адамның қолы қойылып Семей облысынан келген хатта қаулылардың орындалуына байланысты аталған көп кемшіліктердің қатарында «қазақ тілін оқып-үйрену үйірмелері жоқ» деп хабарланған.

Бұл салада Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты, Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясы, «Мектеп», «Қазақстан» баспалары біршама жұмыс істегенін атап айтуға болады. Мәселен Орал облысынан мұғалім Оңғарбай Жұбатқановтың хатында Орал облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты негізінде 1987 жылы өткізілген мәжіліс жайы сөз болады. Мұнда қос тілді оқып-үйренуге байланысты жұмыстардың сапасын арттыру шаралары, тілден олимпиада өткізудің шарттары бекітіліп, басқа да игілікті істер атқарылған.

Біраз хаттарда жалпы тіл мәдениетіне, жазу-сызу сауатын ашуға, тіл байлығына, терминдерге қатысты анықтама құралдардың, әртүрлі сөздіктердің қажеттілігі сөз етіледі. Бұл жөнінде айтарымыз мынау: Тіл білімі институты тарапынан жоспардан тыс дайындалған 40 мыңнан астам сөз бен сөз тұлғаларын қамтитын «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің» түзету енгізілген жаңа үшінші басылымы үстіміздегі жылдың бірінші жартысында жарық көрмекші. Сондай-ақ «Қазақ тіліндегі кісі аттары» деп аталатын үлкен сөздік те биыл баспадан шыққалы отыр. Істеліп жатқан осындай басқа да жұмыстар баршылық. Москвадан шығатын «Қазақша-орысша үлкен сөздік» қазір редакциялау үстінде.

Қорыта келгенде айтарымыз: ана тілі тағдыры – әрбір халық үшін өмірінің өзекті мәселесі; қос тіл тағдыры – халықтар достығының мызғымас негізі, ана тілі мен аға тілдің үйлесімділігі – бүгінгі социалистік дәуірдің салтына сай болашаққа бастайтын сара жол. Ұлтаралық қатынастың да, интернационалдық бірліктің де кепілі – қарым-қатынас құралы тілде! Тәлім-тәрбиенің бәрі тілден басталады.

*«Социалистік Қазақстан», 1988. 21 сәуір.*

### **Бұрынғы тіл заңының заманы өтті**

Халқымыздың қайта туып, өркениет әлемінде егеменді де тәуелсіз ел санатына қосылуын паш етуші ресми құжат – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданып, жаңа дүниемізді бір жадыратып-ақ тастады. Бірақ қуаныш арты өкініш болмау үшін қолға келген бақытты маңдайынан қақпай, бағалай білген де жөн, оны баянды етудің қамын

қазірден бастап, жатпай-тұрмай ел-жұрт болып ойланған абзал. Өйткені өзінің ұзақ та қасіретті тарихында «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының қолына мұндай бақыт құсы күнде қона бермейді. Сондықтан да «ендігі мақсат-мұратымыз не болмақшы?» деген сауал әрбір саналы азаматты бейжай қалдырмаса керек.

Осыған орай бізді толғандыратын тағы да сол тіл мәселесі, ана тіліміздің тағдыры.

Иә, республикамызда қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып, еліміздің Негізгі Заңына алғашқы рет жазылуы, өткен-кеткен әңгімелердің бәріне салауатпен қарағанда, үлкен тарихи оқиға. Осының өзіне бір шүкіршілік айтып алудың еш артықтығы жоқ. Өйткені, бүгінгі аумалы-төкпелі заманда «өзімнің айтқаным болмады, ойлағаным орындалмады» деп астамшылдық жасап, өзге жұрттың өкпе-назын қоздырудың, ұлтаралық наразылықты өршітудің, сөйтіп қазірше бейбіт өлкемізді өртке шалдықтырып алмаудың өзі, біле-білсек сол мемлекеттік тіліміздің бүгінгі қамы мен ертеңгі болашағы.

Конституциямыздың 8-тармағында мойындалып, заңдастырылған мемлекеттік тіл мен ұлтаралық тілдің ресми мәртебесін осы құжаттың негізгі мәселесі деп қарасақ, оның төңірегінде айтылып жатқан кейбір «түсініктемелер» мен «ескертпелер» жөнінде бұдан бұрын да аз болмаған дау-дамайды соза түсудің ендігі жерде реті жоқ сияқты, өйткені «көш қозғалып кетті». Мұндайда өркениетті қауым «өткенге салауат!» деп, қабылданған Заңның қасіретін емес, қасиетін арттыруға, өскелең өмір талабы мен қоғамдық дамудың жаңа үрдісіне сай оның тиімді де пайдалы жақтарын саналы түрде дамытуға тырысады. Өйткені, қандай Заң болмасын, ол – қағаз бетінде ғана қалатын қасаң қағида емес, өмірдің өзімен өзектес, соның барша мүддесін қорғайтын құжат. Ал Заңның осылайша іс жүзіне асырылуы ендігі жерде басқаға емес, Заң қабылдаушы қауымның өзіне сын.

Олай болса, барша жұртшылықтың тілдің шынайы жанашырларының ендігі мақсаты – Жаңа Конституциядағы Тіл туралы тұжырымдаманың (концепцияның) ғылыми-практикалық маңызын терең де дұрыс түсіне біліп, бүгіннен басталатын тарихымыз бен жарқын болашағымыз үшін ерекше мәні бар мемлекеттік мәртебелі ана тілімізді жан-жақты дамытудың бағыт-бағдарын айқындап алу.

Конституция қабылданғаннан кейінгі мүдде-мақсатты осыншама бір көтеріңкі көңілмен, оптимистік кейіппен сөз етуімізге үш түрлі объективті себеп бар.

**Біріншіден**, төрт құбыласы сай, төрт аяғынан бірден тік тұра қалатын Заң бірден дүниеге келе бермейді. Бұл заңымыздың да «толғағы» жеңіл

болған жоқ. Сонда да талай «әттегенайлар» бойында кетті. Бірақ бүгін пісуі жетпей, не іске аспай жатқан тіл тағдыры жөніндегі тамаша идеялар мен асыл армандар халқымыз аман тұрса, тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы бекем болса, ертең-ақ Заң жүйесіне үйлесіп, іске асуы сөзсіз. Бұл – табиғи құбылыс.

**Екіншіден**, қаншама ұзақ жасауға, өз тұжырымын сақтауға тырысса да, мәңгілік жасайтын, қатып қалған қасаң заң болмайды. Сондықтан да Конституциямыздың «Өтпелі кезең ережелері» деген бөлімінде бұрынғы қабылданған заңдар мен қалыпты құжаттардың бәрі енді Негізгі Заңмен сәйкестендірілуі сөз болып отыр. Демек, бұрынғы «Тіл туралы Заң» бұдан үш жылға ғана ілгері (1989 ж.) қабылданса да, қайтадан қаралып, әрі сәйкестендіру, әрі замана талабына сай кейбір өзгерістерге түсуі сөзсіз. Бұл, әрине, мүлдем қайтадан жазылатын жаңа Заң емес, қазақ тілінің мемлекеттік, орыс тілінің ұлттаралық тіл мәртебелерін (статустарын) паш етуші Конституциямыздың табиғи жалғасы, оның негізгі тұжырымдамасын (концепциясын), тіл туралы идеясын ілгері дамытудың, талдап-тарқатып, жүзеге асырудың жол-жобасы, тілдерді қолданудың нақтылы тәсілдері мен салалары, мөлшері мен ауқымын (денгейін) анықтайтын мәні зор ресми құжат.

**Үшіншіден**, бүгінде ұлттық сананың оянуына, тілге деген қоғамдық көзқарастың өзгеруіне байланысты халықтың өзіне де, тіл туралы заңға да қосылар талап пен талғам өсіп отыр. Тілді ендігі жерде мемлекет өз қамқорлығына алып, қаржы жағынан да, идеология жағынан да қолдап, қуаттауды көздеп отыр.

Міне, осы аталған үш фактор қабылданатын заңның өміршеңдігіне, тіліміздің болашағына сенімімізді арттырып, қоғамдық оптимизмнің арта түсуіне негіз болмақ. Алайда, «мемлекеттік тілді өйтіп-бүйтіп, әйтеуір, алдық қой, енді несіне қам жейміз...» деп баяғы табиғатымызға тән жайбарақаттыққа салынсақ, «Тіл туралы заңымыз» өз мүддесінен шыға алмайды. Қаншама заң забылдасақ та тіл тағдырына байланысты бүгін терең ойланып, түбегейлі шешуге бел байламасақ, ертең тым кеш болатын жәйттер аз емес.

Осыған орай, көпшілік қауымға кеңінен жария етілмей, негізінен маман-зиялылар мен Парламент комиссиясы тарапынан ғана қаралып, Жоғарғы Кеңесте жақын мерзімде қабылдануға тиісті Қазақстан Республикасы «Тіл туралы заңының» Конституцияға сәйкес нұсқасын «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының төралқа мүшелері мен Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бір топ ғалымдары өз тарапынан талқылап, кейбір пікір-тұжырымдарын тиісті жерге жолдап отыр. Біз осы талқылау барысында айтылған ой-пікіріміз бен талап-

тілектерімізді енді ортаға салып, «Ана тілі» газетінің оқырмандарына хабардар етуді мақұл көрдік.

«Конституция қабылданып кеткеннен кейін тіл туралы тағы қандай әңгіме болуы мүмкін?» дейтіндер де табылады. Бұл, әрине, ұшқары пікір. Өйткені, Конституцияда негізінен екі тілдің статусы (мәртебесі) ғана белгіленеді. Ал олардың сол статус дәрежесіндей өзіндік құқықтары мен өзара қарым-қатынастары, қолданыс аясы мен қоғамдық қызметтері, т.б. толып жатқан ерекшеліктері жөніндегі әңгіме Конституцияның өзінде емес, оның жалғасы ретіндегі қалыпты құжат – Тіл туралы заңда ғана жан-жақты, толық түрде айтылуға тиіс. Бұл – бір. Екіншіден, өз кезінде ең мақтаулы демократиялық заң болып саналған «Қазақ ССР-і Тіл туралы заңының» қай кезде жазылғаны, қандай идеологияның әсер-ықпалымен, қай тоталитарлық режимнің тұсында қабылданғаны баршаға аян. Үшіншіден, содан бері өткен үш жылдың ішінде елімізде үш ғасырлық өзгеріске татитын тарихи оқиғалар жүз берді; енді, міне, кешегі Ресей империясының бұғауында келген Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, жер жүзіне танылып отыр. Оның бүгінгі жағдайы мен ертеңгі болашағы, тілге деген жаңаша қоғамдық көзқарастар, тіл негізінде қалыптасуға тиісті қарым-қатынастар, т.б. – осының бәрі кешегі Тіл заңын, ол қанша мақтаулы болса да, сол қалпында бұлжытпай қабылдай салуға болмайтындығын көрсетеді. Сондықтан да аталмыш топ бұл Заңның әрбір бабын тәптіштеп қайта отырып, оның екі-үш өзекті мәселесіне ерекше назар аударған еді.

Соның бірі – бұрын да екі түрлі мәртебеге, мемлекеттік тіл мен ұлтаралық тіл мәртебесіне ие болған қазақ және орыс тілдерінің қоғамдағы өзара қарым-қатынасына байланысты. Бұл «мәртебелер» бірдей және бір деңгейде емес. Солай бола тұрса да, бұрынғы Тіл туралы заңның негізгі 33 бабының жиырма үшінде орыс тілі мемлекеттік тілмен терезесі тең тіл ретінде қаралып, екі жерде (15 пен 22-баптарында) одан да биік тұғырдан көрсетілген болатын. Біздің пікіріміз бойынша қандай жағдайда болмасын бұл екеуі тілдің екі түрлі, екі деңгейдегі мәртебелері (статустары). Мемлекеттік тіл белгілі жағдайда ұлтаралық қатынас құралы бола алады да, ал ұлтаралық тіл мемлекеттік тілмен бәсекелесуге, онымен «терезем тең» деп тайталасуға заңды түрде құқығы жоқ. Ал бола қалған күнде оның ресми мемлекеттік тілді барлық жағынан шектейтіні, дамуына тосалғы болатыны сөзсіз. Қазақ мемлекет тілінің бүгінгі мүшкіл жағдайының объективті бір себебі, міне, осыған байланысты. Ұлтаралық тілдің қолданыс аясы қанша кең және тұңғалық жағынан қанша дамыған болса да, ресми мәртебесі төмен тұруға тиісті. Бұл орыс тілін кемсіту емес, оның ендігі жердегі орнын анықтау.

«Тіл туралы заңның» баптарын тәртіппен қайта қарап шыққанда, біз осы ерекше етек алып кеткен «тіл үстемдігін» шектеуге ерекше мән бердік.

Осыған орай, аталмыш заңдағы негізгі 33 баптың төрт бабын (олар: 6, 25, 26, 33) түгел, 4 бабын (олар: 2, 18, 22, 24) жарым-жартылай қысқартып, 8 түрлі түзету енгізілді. Атап айтқанда, олар мыналар. Заңның **«орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады»** деген **2-баптың** келесі екі сөйлемін бірдей екі бабын алып тастауды ұсындық. Онда: Республика **«орыс тілінің мемлекеттік тілмен бірдей еркін қолданылуын қамтамасыз етеді»** және **«Республикадағы барлық ұлттар өкілдерінің орыс тілін білуі олардың түбегейлі мүддесіне сай келеді»** делінген еді (Заңды қолға алып, салыстырып оқығандарға бұл өзгерістер түсініктірек болар еді).

Келесі ұсыныста **3-бап** түгелдей алынып тасталсын делінген. Өйткені онда **«қазақ және орыс тілдер республикадағы басқа тілдердің дамуына, қолданылуына бөгет жасамайды»** деген қажетсіз ескерту беріліпті. Оны біз **«Қазақстан Республикасы ұлтаралық тіл менен республикада жасайтын басқа ұлт өкілдері тілдерінің еркін қолданылуын қамтамасыз етеді»** деп өзгертуді ұсындық.

Заңның **5-ші бабындағы «ұлттық-орыс және орыс-ұлттық қостілдігі»** деген анықтаманы **«қазақ-орыс және орыс-қазақ қостілдігі»** деп өзгертуді қаладық. Өйткені Қазақстанда жасайтын жүзден астам ұлт-өкілдерінің «ұлттық орыс қостілдігін» дамыту деген шындыққа жанаспайтын қияли әңгіме.

Келесі ұсыныс **9-баптың 2-сөйлеміндегі «орыс»** деген бір-ақ сөзді алып тастауға байланысты. Түпнұсқада: **«Жергілікті өкімет және басқару органдарының актілерін, сол анықтама іс жүргізу үшін қабылданған тілдің негізінде ала отырып, қазақ, орыс тілдерінде немесе жергілікті ресми тілдерде қабылдауға болады»** делінген екен. Осындағы **«қазақ, орыс тілдерінде»** дегенді **«қазақ тілінде...»** етіп өзгертудегі мақсатымыз – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, орыс тілін кез-келген жерде мемлекет тілімен жарыстыра бермеу.

Заңның **15-бабына** енгізілген түзетулердің де мәні зор деп білеміз. Бұл екі ел арасындағы өкімет адамдарының ресми қарым-қатынастары кезінде қай тілде сөйлесуіне қатысты ұсыныс. Түпнұсқада бұл қатынастар тек ұлтаралық тілде ғана деп көрсетілген, біз оны **«мемлекеттік тілде немесе өзара қолайлы тілде жүруін»** қаладық. Сонымен қатар бұл бапқа: **«Шет елдерге ҚР мемлекеті, өкіметі атынан делегацияларды басқарып баратын ел басшылары ресми келіссөздерді мемлекет тілінде жүргізіп, құжаттарды мемлекет**

**тілінде дайындайтын болсын»** деген қосымша ұсыныс енгізілді. Бұл талап орындалған жағдайда тіліміздің де, еліміздің де шет елдерде беделі өсіп, маркая түсетіні сөзсіз.

Қабылданған Тіл заңының ең бір түйінді мәселесі оның **16-бабында** болатын. Ондағы әңгіме басшы қызметкерлерінің қол астындағы азаматтарды өз ана тілінде қабылдап, әңгімелесу жайында. Республикамызда жүзден астам ұлт өкілдерін **«өз тілдерінде қабылдау»** деген талаптың негізсіз екені белгілі болып отыр. Осыған орай оларды **«мемлекеттік немесе ұлтаралық тілде қабылдау»** деп өзгерткенді мақұл көреміз. Бұл тілдерді қатынас жасауға қажетті деңгейде білу республикадағы әрбір азаматтың абыройлы борышы болса керек. Дегенмен, осы бір «борышты» айқындай түсу мақсатымен біз кадрларды жұмысқа тартуда олардың іскерлік, моральдық қасиеттерімен қатар мемлекеттік тіл мен ұлтаралық тілді білу дәрежесін анықтайтын аттестациядан міндетті түрде өтуін ұсындық. Бұл талап басқа ұлт өкілдері үшін ғана емес, тіпті қазақтардың өздері үшін де үлкен сын. Сондықтан бұл талапқа қарсы шығатындар да аз болмаса керек. Дегенмен мемлекеттік ұлтаралық тілдер статусы осыны талап етеді. Бұл ТМД мемлекеттерінің көбінде ешбір дау-дамайсыз-ақ шешіліп жатқан мәселе. Ол ең соңынан болса да біздің ауылда да, әйтеуір, бір шешілуге тиіс қой. Онсыз мемлекет тілінің абыройы, мәні болмайды.

Заңның **18-бабы** балаларды ана тілінде оқытып тәрбиелеуге байланысты ата-ананың құқығын сөз етсе, **19-бапта** сол тілде білім, тәрбие алуды жалғастыру принципі айқындала түседі. Бұрынғы Заңда көрсетілген **«үзбей жалғастыру»** дегенді біз алып тастауды ұсынамыз. Өйткені жүзден астам ұлт өкілдері өз балаларына мүмкіндігіне қарай орта мектеп деңгейінде білім-тәрбие бергенімен, енді оларға соншама тілде жоғарғы білім беру республикамызда мүмкін емес. Ал болмайтын істі орындаймын деп елді дүрліктіруге заңның еш қакысы жоқ.

Заңның **21-бабындағы «Қазақ тілі мен орыс тілінің мәдениет пен бұқаралық информация саласында тең праволы қолданылуын қамтамасыз»** етудегі **«тең праволы»** деген тіркесті алып тастауды талап етеміз. Оның да мәнісі түсінікті болса керек.

**22-бапқа** енгізілген өзгеріс ғылыми еңбек жазып, диссертация қорғауға байланысты. Бұл жөнінде біз мемлекетімізде жаңадан құралған Жоғарғы аттестациялық комиссияның (ЖАК) қабылдайтын ережелеріне сүйенуді ұсынамыз. Ғылыми еңбекті әркім қай тілде жазамын десе де ерікті. Бірақ ғылымды қазақша жазуды мемлекеттік тілді дамытудың ең



қажетті жолы деп қараған жөн. Заңның **24-бабы** да осыған байланысты: **Ғылыми конференциялар мен симпозиумдардың мемлекет және ұлтаралық тілдерінде өткізіліп, міндетті түрде ілеспе аудармамен қамтамасыз етілуі сөз болады.**

Заңның **27-бабында** елді-мекен, жер-су, т.б. ономастикалық объектілердің дәстүрлі аттары сақталып, орыс және басқа тілдерге олар **транслитерация ережелері бойынша аударылу жайында** сөз болады. Демек, бұл ұсыныс қазақ жер-су атауларын әркімнің өз бетінше бұзып жазуына жол бермеуді талап етеді. Мекеме, кәсіпорын, ұйым, т.б. аттары маңдайшаларда алдымен міндетті түрде мемлекеттік тілде, одан соң қажеттілікке байланысты басқа ұлт тілдерінде жазылуы керек деп ашық айтып отырамыз.

Жеке адамдардың аты-жөні мен этнонимдерді реттеуге бағытталған Заңның **28-бабына** біздің қосқанымыз: басқа тілдерге **«оларды түпнұсқа тілінің нормасына үйлестіріп беру».**

Заңның **29-бабында** мекемелердің мөрі, штампы, бланкалары, республикада шығатын тауар, т.б. өндірістік бұйымдардың белгілері, сондай-ақ мекеме аттары, маңдайшалар, көрнекі құралдар, жарнамалар мемлекет және ұлтаралық тілде жазылады» деген ережеге қосымша ретінде **«ретіне қарай басқа тілдерде де жазылады»** деген ұсыныс айтылды, олардың орын тәртібі анықтала түсті.

Заңның **30-бабына** **«Республикадан тыс жерлерге жіберілетін почта-телеграф, хат-хабарлары сол мемлекеттердің тілінде немесе халықаралық тілдердің бірінде жазылуы тиіс»** деген ұсыныс енгізілді.

Көріп отырғанымыздай, бұрынғы «Тіл туралы заңға» бұдан басқа да өзгерістер енгізіп, ширата түсуге, тіпті оны қайтадан жазып шығуға болар еді. Бірақ оның дәл қазір қажеті де жоқ, оған ешкім бізге рұқсат та бере алмайды. Өйткені, Заңды қайтадан жазу деген Конституцияның негізінде нұқсан келтірумен барабар. Жоғарыда осыған да «шүкіршілік етейік!» деуіміздің бір себебі осы еді.

Ал, мәселе шынтуайтқа келгенде Заңның баптарын өзгертуге де байланысты емес. Бүгінгі таңдағы және болашақтағы ең басты мақсат мемлекеттік тілімізді марапаттап, беделін көтеруде, мәртебесін өсіріп, мерейін үстем етуде. Ол үшін нақтылы іс керек. Шығыста «Халуа, халуа» дей бергеннен, аузыңның дәмі кірмейді» деген мәтел бар. Сол сияқты «мемлекеттік тіл, мемлекеттік тіл» деп құр бекерге жар сала беруден, ол тілдің өздігінен өркені өспейді. Басқаға тілінді сыйлатам десең, оны алдымен өзің сыйлай біл. «Қырық процент» деген қасіреттен

кашан құтыламыз? Ол туралы ел болып, жұрт болып мықтап ойланатын уақыт енді келді. Тілдегі дүбәрәлерге мемлекет тілін сөз жүзінде мойындатқанымызбен, іс жүзінде мойындату – қиямет қайым. Дегенмен, қоздың шоғындай үрлей берсең, от-жалын болып лаулайтын халқымызың рухани күші әлі де бойында тұрғанда, жалпы бір, әйтеуір, тіл үшін емес, **мемлекеттік тіл үшін** соңғы да соны серпіліс енді басталу керек. Бұл – тарихтың әрбір халыққа сирек сыйлайтын бақыты мен шапағаты. Осы мүмкіншілікті дұрыс пайдалана алмаған халық мықтап ұтылады.

Мемлекеттік тілдің жеке-дара болғанын аңсадық. Бұл ұлттық сананың өсуінен туған өскелең талап еді. Оған да қолымыз жетті. Біз орыс тілінің балама болып, мемлекет тілімен қабаттасуын қаламадық. Ол да заңды еді. Өйткені біз бұл тілден қағажуды көп көрдік. Оның игілікті әсері деп жүргенімізде өз тіліміздің қоғамдық өмірден тым алыстап кеткенін кеш болса да енді сезіне бастадық

Орыс тілін бұрынғы одаққа ортақ мемлекет тілі етуге қарсы тұрған Ленин де, барлық тілдерді қамшыра илеп, алдымен аймақтық, одан соң тұтас бір тілге айналдыруды армандаған Сталин де, орыс тіліне барлық елді түгел көшіру арқылы коммунизмді тезірек орнатқысы келген Хрущев та **«ұлттаралық қатынас құралы»** немесе **«ұлттаралық тіл»** деген терминді қолданған емес. Бұл басқа аз санды халықтарды кеңес дәуірінде орыстандыру саясатымен қатты шұғылданған бір топ ғалымдардың ойлап тапқан жаңа термині болатын. Ол барып **«қостілділікке»**, одан кейін **«екінші ана тілі»**, **«екі бірдей ана тілі»** деген ұғымдармен жалғасып, әбден сіңіп, қауашағымызда қалыптасып алған қасаң қағидаға айналды. Міне, бұл терминдердің мазмұнын енді ғана терең түсіне бастадық. «Қостілділік» деген ұғым бүгінгі таңда өзінің классикалық мәнінен мүлдем басқаша әлеуметтік мазмұнға ие болған құбылыс. Екі ұлт арасында болуға тиісті екі жақты, құстың қос қанатындай қостілділік, кейбір туыстас ұлттар тілдерінде болмаса, қазақ пен орыс тілдері арасында болған емес, оның жақын жылдарда болуы да неғайбыл. Сондықтан, бұл құбылыстарды тіл саясатына, Тіл туралы заңға айналдырудың еш реті жоқ.

Жеке адамдардың, қоғамдық, этностық топтардың өзара тілдік қарым-қатынасын ешбір заң реттей алмайды, оны реттеудің де қажеті жоқ. Сол сияқты Қазақстанда тұратын халықтар өкілдерінің өзара тіл арқылы араласуына орыс тілін ортақ құрал етіп заңдастырмаса да, олардың өздері-ақ бір-бірімен тіл табыса алады. Осыған орай ұлы гуманист академик А.Д.Сахаровтың мына бір пікірін ескерте кеткіміз

келеді. «...я не согласен с тем, что в ряде республик он (русский язык – Ә.Қ.) выбирался языком межнационального общения. Это – предмет не Конституций, а сама жизнь – в каждой деревне по-своему» («Комсомольская правда» 16.12.1989).

Орыс тілін Конституциямызға ұлтаралық тіл ретінде қабылдағанымызда, біз оның әр кезде, әртүрлі тілдік ортада өзгеріп тұратын ерекшелігін емес, көп ұлтты Қазақстан жағдайында ұзақтан бері атқарып келе жатқан тарихи миссиясын, дәстүрге айналған қоғамдық-мәдени қызметін көз алдымызға елестетеміз. Бұл дәстүрді бірден қиып тастау мүмкін емес, ол әлі де өз жалғасын таба бермекші. Сондықтан да орыс тілінің «Ұлтаралық» деген мәртебесінен (статусынан) шошына берудің реті жоқ. Мәселе оның мемлекеттік тілмен қарым-қатынасын дұрыс анықтап, заңдастырылуына және сол ретте жүзеге асырылуында. Бұл республика жұртшылығының өзіне байланысты. Ал Конституция қабылданғаннан кейін кейбір басшы, зиялылардың ел алдына шығып алып: «Ал енді мен Конституцияда көрсетілген ұлтаралық тілде сөйлеймін...!» деп баяғы ескі әніне басуына қоғам өз сөзін айтуға тиісті. Бұл – мемлекеттік тілді құрметтемеу болып саналады.

Міне, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін алған, ресми түрде паш еткен Қазақстан Республикасы Конституциясының рухына сәйкестендірілетін Тіл заңына ғалымдардың шұқшия қарап, оның әрбір сөзіне мән беріп талап-тілектерін ашық айтып, ағынан жарылуында осындай сыр бар.

*«Ана тілі», 1993. 18 ақпан.*

### **Ел мәдениеті тілден басталады**

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген екі қазақтың бірі оны ұлттың рухына, халықтың қазына-байлығына балайтыны бар. Талас жоқ, бәрі дұрыс. Халықтың қасиетті тілімізге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес. Кейбіреулерін атап өтейік: «Тіл – халықтың жаны, ділі, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы», «Тіл – атадан қалған асыл мұра», «Тіл – асыл ойдың бұлағы», «Тіл – ел басқарудың құралы», «Тіл – тәуелсіздіктің тұғыры», «Тіл – елдігіміздің іргетасы», «Тіл – білім, тәрбие тұғыры», «Тіл – татулық тірегі», «Тіл – тәуелсіздік тұғыры», «Тіл – достықтың мерейі», «Әдеп басы – тіл», «Тілді қорлау – халықты қорлау», «Тілі өлген ел – тірі өлген ел», «Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем», «Ұлттың қуаты – тілінде».

Бұл тәрізді халықтың жүрегінен шыққан, ана тіліне деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін қанатты сөздер көп-ақ. «Халықтікі» деп отырғанымыздың себебі – көбісінің авторы белгісіз, ұмыт болған. Бірақ олар – ел қамын жеген, тіл тағдырына бейтарап қала алмаған халық перзенттері. Және бұлар ойланып-толғанып барып, ақиқатқа көзін жеткізіп барып айтылған ой-тұжырымдар. Бұл тәрізді ой-тұжырымдардың баршасы – ел аузынан түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер.

Сөзіміз дәйекті болу үшін бірер дерек келтіре кетейік: мәселен, «*Тәрбие басы – тіл*» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөзді XI ғасырдың ұлы филологі – Махмут Қашғари айтса, «*Әдеп басы – тіл*» деген тағылым-өсиет XII ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі – Ахмет Йүгнәкийдің есіміне қатысты.

Бұлардың баршасы - өз кезінде айтыла салған әсіре қызыл сөз емес, ойшыл да ақылман бабаларымыздың өмірден алынған, жүрегінен қайнап шыққан, құдіреті күшті ана тіліміздің қадір-қасиетін терең түсінуден туындаған қанатты сөздер.

Үзілмей келе жатқан даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көріп отырмыз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл да абзал қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөзге айналдырып жіберген зиялыларымыз да баршылық. Олардың бір айырмашылығы: тіл туралы айтқан ой-тұжырымын нақтылы деректермен дәлелдеп, сипаттап айтады. Мысалы, заманымыздың әйгілі жазушысы Шыңғыс Айтматовтың: «*Әрбір халық жер бетінде мәңгі-бақи жасау үшін келеді*» деген пікірі бар. Осы пікірге унисон айтылған Ғабеннің де тілге байланысты «*Тіл – мәңгіліктің мәңгілігі*» деген пікірі бар. Және бұл пікір мынандай жағдаятта дүниеге келгенін көреміз:

«Ана тілі дегеніміз – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан (және жасай да бермекші - Ә.Ә.) халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ғ.Мүсірепов).

Тағы бір мысал. «*Тіл – халықтың жаны*» деген қанатты сөздің жәй айтыла салған әсіре қызыл сөз емес, өмірлік мәні зор философиялық кредо екендігін дәлелдейтін ой-тұжырымды біз жазушы Дүкенбай Досжаннан естідік. Ол: «*Менің жаным - қазақ тілінде*» деп алып, соны дәлелдейді. Ана тіліміздің жаршысы, ар-намысы, ұйытқысы саналатын

қаламгерлер қауымының жаны өз тілінде болса, онда халқының жаны да сол тілде болғаны ғой. Сол Д.Досжан әңгімесін мынандай салыстыру арқылы өрбітеді:

«Ертеде былай дейтін: «Пәлен жерде Өтеген» деген сұрапыл күш иесі дәу тұрады. Оны жеңу өте қиын. Өйткені, оның жаны кеудесінде емес, басқа жерде. Оны өлтіремін десең, биік дарақ басына іліп қойған сандық бар, сандық ішінде балапан кептер бар, әлгі сандықты атып түсірсең, кептер ұшып шығады, кептерді атып түсірсең, сонда ғана әлгі дәудің жаны шығады» - дейтін. Мына өмір де айна қатесіз. Біздердің, қазақ тілінде жазатын жазушылардың жаны ана сүтімен сіңген ұлттық тілімізде. Қазақ тілі, әсіресе, бұл – қаламгерлердің жаны, ана тілі өлген күні олардың да күні бітеді» - деп, жазушы өзін алып күш иесі дәуге, кеудесіндегі жанын – ақ кептерге балайды («Ана тілі», №29, 24.07.2003, 1).

Бұл ой-тұжырым негізінде символика жатса да, ана тіліміздің табиғаты мен тағдыр-тауқыметін дұрыс көрсетіп тұрған шындық.

Бұл тәрізді қанатты сөздерді хан да айтқан, қара да айтқан және қарақан басының қамы үшін емес, халқының қасиетті тілінің тағдыры үшін қабырғасы қайыса отырып айтқан ғой.

Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы, қадір-қасиеті елбасын да аз ойландырып, аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар, елбасының уәли ауыздан шыққан: *«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»*, *«Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы»*, ал кейінгі (2005) Қазақстан халықтарына арналған жолдауында айтылған: *«Біз барша Қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек»* (Н.Назарбаев) деген уәжінде қазақ тілін Қазақстан халықтарының басын біріктіруіне ұйытқы болуын уағыздап отыр.

Міне, елбасының осы сияқты ұлағатты ой-тұжырымдары Мемлекеттік мәртебеге ие болса да, діттеген биігінен көріне алмай келе жатқан қазақ тілін жай мадақтау үшін ғана емес, оның зор болашағына деген сенімін, тарихтың талғауымен (тәлкегімен) көп ұлттың өкілдері қауышып, қауымдаса өмір сүріп келе жатқан Қазақ жерінде соларды дүрліктірмей, дүрдараз қылмай, тас-түйін болып бірігіп, бейбіт өмір сүруіне ұйытқы болатын аса биік миссиясының барлығын да аңғартып отыр. *«Ана тілі - бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы»* деген қанатты сөздің мән-мағынасы бәрінен де терең. Өйткені ұлт болу – этникалық дамудың ең жоғары сатысы, шарықтау шегі. Оны

ұйыстырушы, ұйымдастырушы факторларға ортақ табиғи мекен, ортақ өмір-тіршілік көздері, ортақ мәдениет, ортақ дәстүр, ортақ психология және тіл жататыны белгілі. Тілдің «**ұлт анасы**» болуын оны сүйіп өскен ұл-қыздарымен қатар, әралуан себептермен осы ұядан тәркіленіп, алыстап кеткендерді, не өз қағынан жеріген киіктей, «ана тілі» деген құдіретті күшті мойындамай жүрген нигилистерді, не қоғам дамуының әсерінен бұл ұлттық құндылықты бағалай алмай жүрген «жаңа қазақтардың т.т. өз құзырына алуы деп түсінген жөн.

Елбасының ана тіліміз табиғи болмысы мен болашағы туралы бұдан басқа да айтқан пікір-тұжырымдары баршылық. Біле білсе, олар елімізде жүргізіліп отырған мемлекеттік тіл саясатының негізгі де өзекті мәселелерін баяндайтын, ана тіліміздің бүгінгі мен алдағы болашағын болжалдайтын бағдарламаның қысқа жобасы іспетті: «**Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде!**».

Ана тіліміздің табиғи болмысы қадір-қасиеті, алайда бұл келтірілген қанатты сөздер сипаттамасымен ғана шектелмесе керек. Ана тіліміздің атқаратын барша қоғамдық-әлеуметтік қызметтерінің ішінде шоктығы биік тұрған, аса елеулі тағы бір қызметі – оның ұлттық мәдениетіміздің негізі, ұйытқысы болу қызметі. Осыған орай, әңгімеіміздің негізгі мақсаты «**Ел мәдениеті тілден басталады**» деген қанатты сөздің тіл құдіретіне қатысты мән-жайын айқындай түсуге байланысты.

Әрбір халықтың өз ана тілі бар. Ол – жеке адамның ойлап тапқан туындысы емес, барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сондықтан да болар, ана тілінің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы сол ұлттың әрбір шынайы азаматына танымал, мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Ана тілін әркім-ақ қолданады, бірақ ол жеке адамның қарақан басы үшін жасалған дүние емес. Әдетте, бұл сауалға лингвистика ғылымының: «**ана тілі – этникалық қауымдастық мүшелерінің өзара түсінісіп, байланыс жасауға қажетті қатынас құралы**» - деген жауабы дайын тұратыны белгілі.

Бұл да – шындық. Бірақ ана тілінің атқаратын қызметі тек сол ғана ма? Тілдің коммуникативтік қызметтерінен басқа ерекше атауға тұрарлық эстетикалық және коммулятивтік қызметтері тағы бар емес пе? Тілдің **эстетикалық қызметі** белгілі этникалық қауымдастықта қалыптасқан көркемөнердің (сурет, сәулет, бейне, музыка т.б.) небір ғажайып үлгілерін тіл арқылы бейнелеп жеткізуде, табиғат пен қоғамдық өмірдегі небір ғажайып құбылыстарды сөздің құдіретті күшімен әсірелеп танытып, адамның жан дүниесіне эстетикалық ләззәт сыйлаудан айқын байқалса,

бұрынғы өткен ата-бабаларымыздан ұрпағына рухани мұра болып қалған мол қазына – ақыл-парасат, аталы сөз, даналық пен өсиет-тағылымдардың баршасы тіліміздің **коммулятивтік қызметі** арқылы үзілмей жалғасып отырады.

Тіліміздің бұл екі саладағы, өзара астарлас әрі тығыз байланысты қызметтері ұлттық мәдениетіміздің ғасырлар бойы дамуындағы үзілмес өзегі, қайнар бұлағы болып саналады. Тілдің осы бір абзал қызметі тәркіленген қауымда ұлт мәдениетінің сақталуы да мүмкін емес, ол да жоғалады. Ал, мәдениетсіз қауым – ол есте жоқ ескі замандардағы жабайылардың бір тобыры ғана.

Осы орайда елдігіміздің негізі – ұлттық мәдениетімізге, ал ұлттық мәдениетіміздің негізі – ана тілімізге тікелей байланысты екендігіне ерекше көңіл аударған жөн.

Біз әдетте: *«тіл – мәдени мұраның үзілмес өзегі»*, *«тіл – мәдени қазынаның қайнар бұлағы»* деген ұғымдарды жиі қайталаймыз. Сондағы мақсат: Мемлекеттік тілдің абыройын арттырып, мәртебесін көтере түсу үшін ғана емес, сонымен қатар **«ана тілі»** атты сирек кездесетін, тіпті бір жойылса, қайтып тіріле қоймайтын феноменнің ең алдымен ұлттық мәдениетімізге тікелей қатыстығын, оның бұл салада атқарып келе жатқан абзал қызметі бар екенін бүгінде егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып, айы оңынан, жұлдызы солынан туып отырған қазақ қауымының есіне салып, оның осы бір ерекше қасиетін, жауапты міндетін дұрыс бағалай білуге шақыру.

Ана тіліміздің ұлттық мәдениет саласында атқарып келген қызметтерін ғылымда **«оның коммулятивтік міндеттеріне жатқызады»** дедік. Олардың ең бастысы – этникалық қауымдастықтың басып өткен барша өмірі мен бүгінгі болмысының арасын үзбей жалғастырып, рухани көпір болуы. Демек, тілдің бұл қызметі - халықтың тарихи санасы мен жадын білдіреді деген сөз.

Ұлттық мәдениетті, әдетте, *«материалдық (заттық) және рухани мәдениет»* деп екіге бөліп қарау дәстүрі бар. Тіл бұлардың екеуіне де қатысы бар және өзі де ұлттық мәдениеттің үлкен бір саласы болып саналады. Ұлттық мәдениетке әсіресе тіл негізінде дамитын рухани мәдениетімізге халқымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған бай ауыз әдебиетінің сан алуан үлгілері, небір дүлдүл ақын-жырауларымыз бен шешен де ділмар дана бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған бай мұрасы, ертегі, қисса, әңгімелері мен мақал-мәтел, тағылым-тәрбиелі, аталы сөздері жататыны белгілі.

Міне, осыншама мол рухани дүниеміз ана тіліміздің жоғарыда көрсетілген коммулятивтік қызметі арқасында түгелдей қағазға хатталмаса да, халқымыздың жадында сақталып, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Осыншама мол дүниенің болашақ ұрпаққа қалай және қай қалпында сақталып, қандай жолдармен жетіп отырғаны бүгінге дейін көп сөз бола бермейтін. Өйткені кешегі партакратиялық идеологияның ұстанған принципі бойынша өткендегінің бәрі, әсіресе оның өзекті саласы саналатын рухани дүниесі бүгінгі күннің талабына сай келе бермейтін қажетсіз мұра ретінде көбісі беті ашылмай, ашылса да, оқырман қолына жетпей, архивтердің сөрелерінде жылдар бойы шаң басып жатқаны баршаға белгілі.

Міне, сол мәдени мұраға деген әділетсіздік енді ғана, тәуелсіздікке қолымыз жеткен елімізде ғана, оң шешімін тауып отыр. Ұлттық тіл де, сол тіл арқылы өсіп-өнген ұлттық мәдени мұра мен басқа да өркениет нышандары тек тәуелсіз елде ғана дамитындығына жұрттың көзі жете бастады.

Осы орайда, Елбасы **Нұрсұлтан Назарбаевтың** өз бастамасымен қабылданып, тікелей қамқорлығының арқасында бүгінде жүзеге аса бастаған **«Мәдени мұра»** атты мемлекеттік бағдарламаны қазақ халқының мәдени өмірінде бұрын-соңды болмаған мәні мен мақсатын бірден жеткізіп айту қиын ғажайып тарихи оқиға деп қарауға болады.

Осы бағдарламаны өз басым егемендігімізді алғаннан кейінгі бар болғаны он-он бес жылдың ішінде тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқан Қазақстан экономикасын дамытып, елдігін жер жүзіне танытып, рухани-мәдени революция іспетті келелі де игілікті өзгерістерге бетбұрыс деп білемін.

Мені «осы бір ғаламат әрекеттің астарында нендей идея жатыр, ол рухани-мәдени өмірімізге нендей жақсылық әкелмекші?» деген ой көп мазалайды. Сонда менің өзіме таныс қазақ қауымының кешегі, бүгінгі және ертеңгі жағдайын, оның рухани-мәдени өміріндегі шешімі табылмай шиеленіп жатқан күрделі мәселелерді көз алдыма елестете отырып, ойланып-толғана келе өзімше көңілге түйгенім мыналар:

**Біріншіден**, «Мәдени мұра» бағдарламасы, әсіресе оның рухани мәдениетке қатысты саласы, бүгінде әлем танып отырған және саны күн сайын көбейе түскен танығысы, білгісі келетіндердің Қазақстан мен қазақтардың кім болғанын, кім екенін айқындауға байланысты тарихи сауалға берілер нақтылы жауап.



Осы орайда ескерте кетейік: бүгінде барша әлемге таныла бастаған қазақтар мен Қазақстанды шетел уәкілдерінің ілуде біреуі ғана дұрыс таныса, не танығысы келсе, қалың көпшілігі, *«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты»* дегендей, *«Қазақстан»* деген тек географиялық қана ұғым еді, *«қазақ»* деген халық пен *«қазақ тілі»* деген ұғымдар өркениет әлемінде белгісіз еді. Бұлар аяқ астынан қалай пайда бола қалды? Жоқ тілін барлыққа келтіріп, Ресейдің бір өлкесін қазаққа айналдырып, ондағыларды өз тілінде сөйлетуге күштеуі түсініксіз... т.б. осы сияқты қаңқу әңгімелерін көпіртіп жазып, жариялап жатқандығы сауатты қауымға мәлім.

Бұл бағдарлама, міне, сондайларға да берілер жауаптың бірі.

**Екіншіден,** бағдарламаның «қазақ халқының тарихи жадында жинақталып, тілінде сақталған рухани мұрасы бар ма, бар болса, оның ауқымы, мазмұн-мәні, көркемдік құндылығы қандай?» деген сауалға толық жауап беруге де мүмкіншілігі бар.

Бұл жүнінде түменде арнайы сөз болады. Дегенмен, қысқаша айта кетейік: бағдарлама қазақ халқының тарихи жадында сақталып, бүгінгі ұрпаққа жеткен рухани мұрасы байлығы жағынан ешбір басқа түркі халықтар мұрасымен салыстыруға болмайтын мол дүние екендігін аңғартады.

**Үшіншіден,** бағдарлама «қазақ халқының рухани байлығы өзін қалыптастырған ана тілінің қабілеті мен мүмкіншілігінен мағлұмат бере ала ма?» дегенге тура жауап бере ала ма?

Бағдарлама бойынша жинақталып, жариялана бастаған ұлан-ғайыр материал рухани байлықтың өзін ғана емес, сонша дүниені қалыптастырған барша көркемдік бояу-нақыштарымен бейнелеген қазақ тілінің жеке басының (өйткені басқа тіл элементтері көп араласпаған) құдіретті қуатын, зор мүмкіншілігінің айқын айғағы.

**Төртіншіден,** бағдарлама жоспарланып, жинақталып, қызу жариялана бастаған мол рухани мұра ғасырлар бойы халқымыздың атына таңба, бетіне шіркеу болып келген *«надан халық, сауатсыз ел»* деп құстаналаудан оны біретола арылта ала ма? деген сауалға да жауап бере алады.

Егер халықтың бар дүниесіне барынша әділеттікпен қарап, бағалайтын адам болса, онда түгел жиналып, жаңғырып халқына қайта оралған соншама мол дүниені көре тұра, ондай жаңсақ пікірді қайталамауы тиіс.

**Бесіншіден,** халқымыздың барша рухани байлығын түгел қағазға түсіріп, хаттап, қолына ұстатудан ана тілімізге келер пайда мен тигізер шарапаты қандай болмақ? деген сауалдың жауабын да жұртшылық осы бағдарламадан күтуі орынды. Міне, бұл сауалға біз төменде кеңірек жауап бермекшіміз.

«**Мемлекеттік мәдени мұра**» бағдарламасынан, әсіресе оның рухани байлығымызға, тіл күдіретіне қатысты үлкен саласынан біздің де, қалың жұрттың да күтетін жақсылығы осы бес сауал төңірегінен өрбитіні даусыз.

Ескерте кетейік, «**Мәдени мұра**» деген өте кең ұғым. Оның құзырына жататын құндылықтарды бір мақалада талдап-тарату тұрмақ, санамалап шығудың өзі оңай іс емес. Сондықтан да біз, жалпы мәдени мұраның ауқымында ана тіліміздің қасиеттері мен қуатына тікелей қатысы бар осы бес мәселе төңірегіндегі біреу пікірімізді ортаға салмақпыз.

1. Ұлттық рухани мәдениетіміздің айдын шалқар элементі – тіл дедік. Сондықтан да, әр ұлттың өз тілі ғана «қазақ мәдениеті», «өзбек мәдениеті», «орыс мәдениеті», «қытай мәдениеті» т.т. деп жіліктеп, даралап айтуға мүмкіндік береді. Мәдени мұра, әсіресе рухани мұра, белгілі этникалық қауымда ғана барлыққа келіп, қалыптасады. Мұндайда оған бір ғана этнос тілі ұйытқы бола алады. Демек, «қазақ халқының ұлттық мәдениеті» дегенді тек қазақ тілінің негізінде, қазақы болмысы мен дүниетаным, салт-дәстүр аумағында ғана қалыптасқан мәдениет деп қабылдаған жөн. Басқаша айтқанда, «**Мәдени мұра**» бағдарламасы бойынша қамтылған ұлан-ғайыр мол дүниенің баршасы басқанікі емес, тек осы Қазақстан топырағында барлыққа келіп, ел болып, еңсесін көтеріп отырған қазақ халқының ғана құндылықтары болып саналады.

Ол құндылықтарды зиялы қауым мен мамандардың бас-аяғын түгел көріп, сараптап, бағасын берер кезең әлі алда. Дегенмен, ол бағаның қандай болуына қарамай-ақ бұл дүниенің қазаққа тән екендігін мойындаған жөн. Сонда «**Мәдени мұра**» бағдарламасының анықтауды мақсат етіп отырған бірінші сауалдың жауабына орай өз басым: «Орта Азияның кең байтақ даласын жайлаған қазақтар өзінше дамып, өркендеген көшпенділер мәдениетінің Қара шаңырағы (Мағжан) іспетті бірегей мәдениеттің иесі болғандығын аңғартады» - деп ойлаймын. Бұл – «қазақ халқының қандай халық?» екенін толық анықтап, дұрыс бағасын бере алмай келе жатқан зерттеуші қауымның «**тарихи сауалына**» берілер нақтылы жауабы болмақшы.

2. «**Мәдени мұра**» бағдарламасының алдына қойған екінші бір мақсатын өз басым қазақ халқының ұзақ тарихы бар, өзекті де өзіндік ерекшелігі мол

мәдениетінің өткені мен дами келе бүгінгі жеткенін түгел қамтып, жариялап, жас ұрпаққа құнды мұра, мәңгі-бақи солармен бірге жасап біте қайнайтын рухани азық ретінде сиға тарту деп түсіндім. Ол ғана емес, біле білсек, бұл бағдарламадан түркі әлемінде елден ерекше бай мәдени мұраға ие халықтардың бірегейі – қазақтар екенін айдай әлемге паш ету ниетін аңғарамыз.

Бұл бағдарлама бойынша рухани мұра саласында айқындалып, біртіндеп жарияланудың жоспарына енген дүниелердің ішінде 100 томдық ауыз әдебиет үлгілері бар. Бірақ бұл 100 том ауыз әдебиетінің барша үлгілерін түгел қамтып тұр дегенді білдірмейді. Бұл томдар халық ауыз әдебиетінің ең таңдаулы үлгілерін (лиро-эпикалық жырларды, батырлар жырларын, қиссаларды, ақындар айтысын, өлең-жырларын, ертеқ т.б.) ғана қамтып отыр. Бұлардың сыртында 100 томға енбей қалған қаншама дүниелер жатыр.

Бұл 100 томдықты баспаға М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап отырса, оның сыртында Қазақстанның әр облысында да осы тәрізді ауыз әдебиет үлгілері өз алдына дайындалып жатыр. Мысалы, аталған бағдарлама ауқымында Павлодар қаласында әйгілі ақын, фольклор жинаушы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 28 томдық материалының 6 томы жарияланып, оқырман қолына тиіп отыр. Сол сияқты, Алматыда айбынды батыр ақын Махамбет Өтемісұлының өз туындылары мен оның өмірбаянына бағышталған шығармалардың 20 томдық жинағын «Арыс» баспасы жарыққа шығарып отыр, т.т.

Бұл тәрізді игілікті істер әр жерде-ақ жүзеге асып жатыр. Елбасының инициативасымен басталып кеткен «Мәдени мұра» бағдарламасы құзырында нәтижесінде бірер жылдың ішінде халқымыздың рухани байлығы түгелдей жинақталып, кітап сүйер қауымның қолына тиіп, кітап сөрелерінде тұратыны айқын.

Бұл – қазақ өмірінде ғана емес, барша түркі дүниесінде бұрын-соңды бола қоймаған бұл оқиға барша әлемді осы халықтың рухани байлығымен бетпе-бет ұшырастырып, жақыннан танысуына мүмкіндік береді деген сөз. Ол дүниеміздің өркениет өрінен көрініп жүрген кейбір елдермен тайталасуы да, терезесі тең түсіп жатуы да ықтимал. Бұлардың бәрі, сайып келгенде, тіл құдіретіне байланысты дүниеге келген рухани байлық үлгілері екендігін ескертеді.

3. Мәдени мұра – атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып ауысып отыратын көне дүние. Ол тек халықтың тілі мен жадында ғана сақталады. Ал, осыншама мол дүниені бойында сақтап, келешек

ұрпаққа төкпей-шашпай, өзінің бояу-нақышымен жеткізу үшін тілдің қазына-байлығымен қатар, құдіретті күші де, көркемдік қуаты да қажет.

Басқаша айтқанда, «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында халық жадынан жаңғырып-жаналанып шығып, өзінің қолына қайта оралғалы отырған жүздеген томдық өткендегі бабаларымыздың асыл мұрасы, екінші жағынан – «қазақ тілі» атты көне де байырғы мәдениеттің де төл ескерткіші.

Бұл объективті фактор «қазақ тілі мемлекеттік тіл бола алмайды, ол - қойшы-қолаңның тілі» деп оны өзінше құстаналаушыларға, өз тілінен жеріген кейбіреулерге нақтылы жауап болып саналса керек.

Дүниедегі барша құндылықтың парқы, әдетте, салыстыру арқылы ғана байқалады. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жаңғырып, жарық көруге тиісті барша материалдық, рухани құндылықтарымызды, атап айтқанда: сәулет-құрылыс, көркем сурет, музыка, ән-күй, қолөнер т.б. сан алуан ұлттық мәдениет нысандардың парқын, әдетте, басқа халықтардың сондай құндылықтарымен салыстыра-салғастыра қарағанда ғана айқын көре аламыз. Ондай мүмкіншілік енді ғана туайын деп отыр. Қазақ жерінің асты да, үсті де көне қазына-байлық, мұраға толы. Сол мол да бай мұраларымыздың үлкен бір саласы – біз сөз етіп отырған – тіл құзырынан туындаған рухани мұраларымызды жан-жақты дамытуды елбасымыз экономикалық дамуымыздың заңды жалғасы деп карап отыр.

Міне, осы тұста, көптен бері дұрыс шешімі табылмай, қоғамдағы көптеген проблеманың бірегейіне айналып отырған тіл проблемасы табиғи түрде алдымыздан көлденеңдеп шығатыны сөзсіз.

Кезінде, желтоқсан оқиғасының дүмпуінен кейін, ел болып, жұрт болып, қоғам құрып, үлкен дау-дамаймен жүргізілген күрес нәтижесінде ана тілімізге биік мемлекеттік мәртебе берілгені белгілі. Бұл мәртебе ғасырлар бойы қағажу көріп, қоғамдық өмірден тәркілене бастаған ана тіліміздің беделін көтеру үшін ғана емес, ендігі жерде сол тілді қоғам болып қорғап қалу үшін даму үрдісін жалғастырып заңды құқығын сақтап қалу үшін қажет болды. Егер сол кезде, яғни бұдан 15 жылдай бұрын, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілмей, мәселе басқаша (қос мемлекеттік тіл түрінде т.б.) шешілген болса, бүгінгі дау-дамайдың, тіл туралы талас-тартыстардың біреуі де болмаған болар еді. Сондықтан да бүгінгі күрес – тіліміздің мәртебесін сақтап қалу үшін күрес. Бұл күрестің бұрынғы күрестерден айырмашылығы - ол демократия мен тәуелсіздіктің, сөз бостандығының дами бастаған жағдайында өтіп отыр.

Олай дейтін себебіміз: қазақ тілі үшін күрес бүгін ғана басталып отырған әрекет емес. Жігер-күші тасып, қазақ тілі үшін күреске бүгін ғана араласып отырған кейбір тіл сүйер қауым мүшелеріне бұл тәрізді әрекеттің бүгін ғана басталғандай болып көрінуі еріксіз езу тартқызады. Ал, біле білген адамға бұл дерттің ұлт бойына жұғып, қасаң болып қалғаны қашан. Ол дертпен қазақтың саналы азаматтары шама-шарқына қарай үзбей күресіп келе жатқандығына да, міне, 100 жылдан астам уақыт өтіп кетіпті.

Сөзіміз дәйекті болу үшін ескерте кетейік: бұдан тура 100 жыл бұрын, яғни 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде жазылған «Қарқаралы петициясында»: ұлттық мүдденің бірі ретінде:

«Ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу, мемлекеттік аппаратта, сот орындарында, іс қағаздарын қазақ тілінде жазу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою... т.т.» деген талап қойылады (Әлихан Бөкейханов. Шығ., 1994, 13 б.).

Ойлап тұрсақ, бұл қай заман еді?

Тіл қасіретіне ұшыраған халықтың мұң-зары одан кейін тоқтап па еді? Жоқ, ешбір тоқтаған емес. Ал қоғамда бізге дейін де тіліміз үшін талай күрес болған жоқ па еді? Халықымыздың саналы азаматтары (Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхаметов, Әлихан Бөкейханов т.б.) замана райына қарай қазақ тілінің тағдыры үшін күресін ешқашан тоқтатқан емес еді ғой. Тек, Сәкен Сейфуллиннің бір өзі ғана 1923 ж. үкімет қаулысымен мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің мүшкіл жағдайына байланысты баспа бетінде арнайы 50-дей сын мақала жазғаны бар емес пе еді? Бір ғажабы, сол кезде айтылған әңгімелердің көбісі бүгін де қайталанып отыр. Советтік партократия кезінде де тіл саясатындағы бұра тартып, белінен басушылық кейбір саналы зиялылардың (мыс., Р.Бердібаев т.б.) қолына қалам алғызып пікірін ашық айтуға мәжбүр еткені де белгілі. Бірақ ол заман мен бұл заман бір емес қой. Ол кезде мәселе қалай көтерілсе, сол сәтте-ақ басылатын.

Ал тіліміз үшін бүгінгі күрес демократия, егемендік, сөз бостандығы жағдайында өтіп жатыр емес пе? Әркім ойға келген пікірін ашық айтуға құқылы, ол пікір сол сәтте-ақ қалың жұртшылықтың да, үкіметтің де құлағына жетіп жатады. Тындайтын құлақ болса, айтылатын сөздің біразы айтылды-ау, әлі де айтыла бермекші. Тіпті, бүгінгі таңдағы тіл туралы әңгімелер кешегі 80-90 жылдардағы әңгімелерден де басқашалау... ендігі күресіміз әйтеуір күрес емес, Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін (статусын) өз деңгейіне көтеру үшін оны мемлекетті басқаруға жарайтынына дейін өсіру үшін күрес. Өткен замандардай емес, қазіргі

жағдаятта барлық заңды құқық күресушілер жағында, оларды ел-жұрт қолдайды, бірақ бұл күресті қызу науқанға айналдырып, ұрандатып, басын жарып, көзін шығармай өркениетті, мәдениетті тәсілдермен жүргізу қажет деп білемін. Бүгінгі күресіміз ерекше бір белсенділікпен, қызуқандылықпен өтіп жатқаны рас. Бірақ ол қалың жұрт, қарапайым халық арасында емес, парламент пен үкіметтің биік-биік мінберлерінде көбірек көзге түседі. Қалай болғанда да, мемлекеттік тіліміздің баяғыша жетім баладай есіктен сығалап, өз төріне емін-еркін өте алмай, әлі де аяғына қан түскен аттай кібіртіктей басыуы, әрине, өкінішті-ақ.

Дегенмен, баршамыздың есімізде болатын жағдай: ана тіліміздің тағдыры үшін күрес әрқашан да қажет, оның қандай түрі болса да дйттеген мақсатқа толық қолымыз жетпегенше тоқтамауы қажет. Бірақ күрес үшін ғана күресудің немесе тіл тағдырын бір сәтте шеше салам деп күресудің қажеті жоқ. Қашаннан бері тоқтамай де, толастамай да келе жатқан тіл үшін күресімізді, ендігі жерде не үшін күресетін түпкі мақсат-міндетін айқындап алу керек. Солардың бірі – ұлт бойына дарып, «батпандап кіріп, мысқылдап шығатын» кәрі дерттің 3-4 ұрпақтың табиғатына сіңіп, болмысын жаулап алған тарихи-әлеуметтік, психологиялық, дәстүрлік фактордың себептерін айқындап, соның салдарын жоюға күш салуы қажет. Тіліміздің еркін дамуына әлі де, бүгінгі тәуелсіз мемлекет жағдайында да тосалғы, өсіп-өркендеуіне кедергі болып келе жатқан факторларды толық айқындап алып, ең алдымен солардың тамырына балта шабу қажет сияқты. Өйткені әрбір дерттің бетін қайтарып, емдеу үшін алдымен оның пайда болу себеп-салдарын, аурудың түрін (диагнозын) айқындап алу қажет екені белгілі. Күрестің алғы шарты да сол күрестің себеп-салдарын, түпкі мақсаттың негізгі мүддесін, нысанаға жетудің нақтылы әдіс-тәсілін айқындап алу. Онсыз жүргізілген күрестің бәрі – қарбалас науқан, жалаң үгіт-насихат, ұран.

Мемлекет тіліміздің аяғына тұсау болып келе жатқан ірі-ірі факторлардың бірнешеуін және оларды шешудің (өз көзқарасым бойынша) кейбір жолдарын атап өтейін.

1. Мемлекеттік тіліміздің малтығып, кең жолға шыға алмай жатуының көп себептерінің бірегейі – оң жақтағы ұлы көршімізге байланысты. Оның ғасырларға созылған отаршылдық және совет дәуіріндегі тотолитарлық саясаты бар, көршілес, достық қарым-қатынасы, демографиялық, мәдени, салт-дәстүр т.б. бар факторлар. Оны таратып, талдап айтпаса да түсінікті. Осы факторлардың тым тереңдеп, халқымыздың салт-санасын билеп алған әсерін біртіндеп болса да шектемесе, жағдай көп уақытқа

дейін өзгермейтіні мәлім. Осы мәселені тіл саясаты арқылы, бейбіт жолмен шешуге болатын сияқты. Оған үкімет те, қазақ халқы да және Қазақстандағы барша ұлт өкілдері де саналы түрде атсалысуы қажет деп білемін. Қазақстан сияқты ұлттық, зайырлы мемлекет үшін мемлекеттік тілдің аяқасты болуы да оның халықаралық беделіне нұқсан келтіруі сөзсіз. Ал бұл мәселені көп созбай шешу ел арасында дау-дамай, дұрдараз тудыра қоймайды деп ойлаймын. Өйткені біздің елде тұрақтылық, тыныштық орнатқан ұлттық саясаттың шынайы түзулігі, құдайға шүкір, достарға да, дұшпандарға да мәлім.

2. Тіл тағдыры да, тіл саясаты да демография мәселесіне тікелей байланысты. Қазақтың демографиялық жағдайы негізінен үш саладан тұрады. Оның *біріншісі* – Қазақстанда жасаушы қазақтардың жан санына байланысты. Өткен 15 жылдың ішінде қалыптасып қалған және күн сайын деформацияға ұшырап, мүшкілдене бастаған демографиялық жағдаят оң сипатқа ие бола бастады: қазір Қазақстандағы қазақтардың жалпы саны кешегі 37 пайыздан 54-55 пайызға (цифрды тексеру керек!) өсіп отыр.

Халықаралық «**Қазақ тілі**» қоғамының 1992 ж. өткен 2-құрылтайына қатысқан елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының төралқа басында отырып, Қазақстандағы сол кездегі демографиялық жағдайды айта келіп, төралқа басында отырған біздерге: «Қазақтың саны Қазақстанда 50 пайызға жетіп, 51-ге ауғанда тіл саясатында менің ұстанған көзқарасым да өзгере бастайды» дегені бар еді. Құдайға шүкір, демографиялық фактор да мемлекеттік тілдің пайдасына өзгеріп отыр. Айтқан сөзінде тұратын, берген уәдесіне берік елбасының бұл мәселе бойынша да нақтылы іс-шаралар белгілеуіне сенеміз.

Демографиялық фактордың тілге қатысты *екінші* саласына Қазақстанда жасайтын қазақтар мен басқа ұлт өкілдерінің сан-сапа жағынан өсіп-өркендеуі және ара салмағының сәйкестігі жатады. Осыған орай қазақстандықтардың жақын жылдардың ішінде 20 миллионға жетуі де бағдарлануда. Бұл идеяның орындалуы көптеген басқа атап айтқанда, тіл, оқу-білім, педагогика, тәрбие, экономикалық, әлеуметтік, т.б. проблемаларға байланысты екені белгілі.

Этно-лингво-демографиялық дамудың тағы бір, тарихи мәні зор саласына жер бетінде бытырап жүрген қазақ диаспорасының басын қосып, өз Отанының құзырына жинақтау. Төрт көзі түгел емес халықтың тілі де тұтас емес. Ал бүгінгі қазақтардың жалпы санының

3/1 (үштен бірі) Қазақстаннан тыс жерлерде жасайды. Бұл – бірден шешілуі қиын, бірақ түбінде бір шешілуге тиісті тарихи маңызы зор мәселе. Бірақ оны бүгіннен бастап дұрыс жолға қою қажет.

3. Тарихи бір тағылым. Түркі әлеміндегі ірі мемлекеттердің бірі – Түркия. Ол кезінде Осман империясы болып, 7 ғасыр бойы дәуірлеп келді. Түркия да көп ұлтты мемлекеттердің біріне жатады. Көп тілдің (Рим, Алмания, Франция, Византия т.б.) әсері түрік тілінің ұлттық қасиетін, нақышын кетіре бастайды.

Міне, сондықтан болу керек, 1277 жылы Қараман, Кониа уалаяттарының әкімі Қараманоғлу Мехмет бей:

**«Бүгіннен бастап, үйде де, түзде де аулада да, кеңседе де, мәжілісте де, сайранда да (жұрт) түрік тілінен басқа тілді қолданбасын!»** деген жарлық шығарады және бұл жарлықты орындамағандарға қатал жаза қолданылады (дүре соғылады).

Міне, осындай қатал шараның нәтижесінде Түрік елінде бір тұтас түрік мемлекеттік тілі қалыптасады. Содан бері, 700 жылдан астам уақыт бойы Қараман, Кониа т.б. қалаларда мемлекеттік түрік тіліне бағышталған **«Діл бәйрамы»** атты жалпытүркиялық мейрам өткізіліп тұрады (осы мақаланың авторы да сол мейрамның біріне, 1992 жылдағысына қатысқан еді).

Біз мұны айтып, сол Түрік мемлекетінің тәжірибесін, іс-шараларын қайталайық деп отырғанымыз жоқ. Бірақ ол кімге болса да, әсіресе көпұлтты мемлекеттерге тіл проблемасын шешуге қажетті көп тәсілдердің біріне жатады және бүгінде ірі-ірі өркениетті елдердің (*ҚХР, АҚШ, Франция, Алмания, Ресей, Иран* т.б.) көбісі оны толық та жартылай қолданып келеді. Мемлекеттің негізгі халқы сөйлеген тілде сөйлемеген бірде-бір адамның бұл елдерде күн көруі, өмір сүруі мүмкін емес.

Бұл іс-шараларды тіл саясаты құзырында жүргізудің сатыланып орындалуға тиісті жоспары, стратегия ретінде жүзеге асырылуға тиісті ерекше бағдарламасы болуы қажет.

Айта кетейік, осы бағыттағы игілікті іс-шаралардың бастамасын кезінде елбасының өзі көрсеткені бізге жақсы белгілі. Бұдан бұрынғы өткен (1999) президенттік сайлау қарсаңында бұл мәртебелі қызметке (президенттікке) үміткер болған 8 үміткерден мемлекеттік тіл бойынша емтихан алған комиссияның төрағасы ретінде менің байқағаным: бүгінгі президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы сол 8 үміткер ішіндегі ана тілін ең жетік игерген, оның құдіретті күші мен көркемдік



қасиетін барлық үміткерлерден де артықша сезінетін ерекшелігімен көзге түскен болатын. Бұл өнерін ол өмірде де асқан бір шеберлікпен көрсетіп келе жатқаны белгілі.

Ертеңгі сайлауда сол президенттікке мемлекеттік тілді білмейтін, не шала-шарпы білетін біреу сайланып кететін жағдай болса, тілім деп күңіреніп отырған мына қалың жұртшылықтың күрес ашып, күтіп отырған үміті асыл арманы қалай орындалмақ?

Мемлекеттік тілді ең алдымен елбасы жетік меңгеруі керек. Өйткені оның ең басты қызметтерінің бірі – мемлекетті басқару құралы болу. Ана тілін дәл сол деңгейде меңгеру тек ол ана сүтімен бойына дарыған адамның қолынан келеді.

Енді тіл тағдырына байланысты **«Мәдени мұра»** бағдарламасына қайта оралайық. Бұл бағдарламаның табысты орындалуы тіл проблемасының кейбір мәселелеріне қатысты және нақтылы жауап бере алады.

*Біріншіден, «Мәдени мұра»* бағдарлама бойынша қайтадан жаңғырып, жинақталып, ұлан-ғайыр мол дүние, рухани байлықтарымыз қалың жұрттың қолына тимекші. Оның дүниеге келуі қарапайым жұртқа игілікті әсерін тигізсе де, *«қазақ – надан халы», «қазақ тілі – қойшы-қолаңның тілі»* деп күстаналайтын қағынан жеріген нигилистер мен қазақ тілін «өлтіріп», жаназасын шығарып қойғандар (М.Сытник, А.Тажутов, Н.Масанов т.б.) үшін күтпеген пәрменді соққы болуы даусыз. Бұл да тіл үшін күрестің бір түрі.

Рас, қазақ тілі қойшы-қолаңның тілі болғанын жасыра алмаймыз. Өйткені бабаларымыз өмір-бақи мал соңында жүріп, көшіп-қонып ғұмыр кешті. Көшпенді ел атанды, көшпенділердің өзіне тән мәдениетін қалыптастырды, көшіп жүріп-ақ қала-қорғандарын, кесене-мешіттерін дамытты.

Алайда, сол бабаларымыз қойды ғана емес, ойды да баққан екен. Атар таңға көз ілмей қой күзеткен малшы аспан әлеміндегі жұлдыздардың қозғалысын бақылаумен болады, ол жайылымдағы малдың жүрген жүрісін, өрген өрісін, жеген шөбіне дейін қадағалап отырады. Төрт түлік малдың тіршілік-тірлігін, табиғи ортаның тылсым сырларын зерттеп, зерделеп зерікпеген. Сол бір зеректіліктің нәтижесінде аспан әлеміне, табиғат құбылыстарына, мал жағдайына, қоғамдық қарым-қатынастарға байланысты тіліміз мыңдаған көне де байырғы атаулар мен бейнелі оралым, мақал-мәтелдермен толассыз толығып, кемелденіп, көркейіп отырады. Кейбір жетесіздердің «қойшы-қолаң» деп, кемсітіп отырғандары

– міне, сол артында қазақ тіліндей бай да құнарлы, таза да тағылымы мол тіл қалдырған қазақтың дана да дарынды дала академиктері.

Көркем сөздің зергері Ғабең (Ғабит Мүсірепов) өзінің бір сөзінде: «Қазақ халқы бар тарихын көше жүріп өткізсе де, батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртында қалдырмай, шабындыға алдырмай, барлық жинаған сөз байлығын, күй мен жырын бізге жеткізді. Бұл бәрімізге де қымбатты мұра, бай қазына» деп, түйгені бар.

Шынында да, қазақ халқының бүгінгі ұрпағы мақтанғысы келсе, артында осыншама тіл байлығын қалдыра білген бабаларымен мақтана алады.

### **Мағжан ақынның:**

*«Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бар, ардың*

*Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың,*

*Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,*

*Нұрлы жұлдыз бабам тілі сен қалдың»* - деуі осыны айғақтай түседі.

*Екіншіден, «Мәдени мұра»* құндылықтарын, әсіресе жүздеген том болып шығып жатқан және шығатын тіл құдіретіне қатысты дүниелерді кітап сөрелеріне тізіп қою ғана бағдарламаның мақсатына жатпаса керек. Біздің пайымдауымыз бойынша бұл іс-шаралардың түпкі мақсаты, бір жағынан – халқымыздың рухын көтеру де, екінші жағынан - ана тіліміздің рухани дәрежесін көтеру.

Осыншама мол рухани-мәдени мұра қолына тигенде ол кімді болса да, әсіресе ұлтын сүйер зиялы қауым, білімді жас ұрпақ пен қарапайым жұртшылықты бейжай қалдырмауы тиіс. Өйткені бұл ұлттық, патриоттық сезімді қоздыратын қоғамда бұрын-соңды болмаған ерекше құбылыс. Егер бұл іс-шаралар дұрыс жолға қойылып, бағдарлама жүзеге асып, пайымдаған мәреден шығып жатса, қағаз жүзінде емес, іс жүзінде қалың жұрт бұл игі мақсатты науқанға жаппай қатысып, белсене араласса, қазақ тілінің жағдайы күрт өзгеруі ықтимал.

Бұл іс-шаралардан ешкім де шет қалмауға тиіс. Әсіресе, тіл сүйер қауым мен тіл үшін күресті бір міндетім деп жүрген, ұйым құрып, өзінше күрес ашып жүрген көптеген тіл жанашырларының төл ісінің бірі – тіл құдіретімен дүниеге келіп, рухани-мәдени қазынамыздың ұйытқысы болып қалыптасқан ауыз әдебиетіміздің баға жетпес құндылықтарын уағыздау болса керек.

*Үшіншіден, «Ұлттық тіл де – ұлт мәдениетінің бір саласы»* дедік. Демек, тіл байлығы да – мәдени мұра. Тіл байлығы, әдетте, тіл құдіретінен

туындаған рухани-мәдени құндылықтарымыздың саны мен сапасына сәйкес келеді. Тек ауыз әдебиетінің таңдамалары үлгілерінің өзі жүздеген том болып жатқанда, сөз қорымыздың да аз болмайтындығы ғой. Бұл дүниелерімізді лексикографиялық еңбектерден анық көре аламыз.

«**Мәдени мұра**» бағдарламасының ауқымында жоспарланып, орындалып жатқан ірі-ірі еңбектер көп-ақ. Мысалы, солардың ішінде 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігін (шамамен 150 мың реестр сөзді қамтиды), Қазақ тілінің аймақтық сөздігін (22 мың реестр сөзді қамтиды), 31 томдық терминологиялық сөздікті, сондай-ақ қос сөздер сөздігін, синонимдік, фразеологиялық, паремиологиялық т.б. сөздіктерді атауға болады.

Тіл байлығы тек сөз санымен ғана емес, сөздің сапасымен де, яғни мағына санымен де өлшенеді. Егер осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, қазақ тілі сөз қорының сапалық (мағыналық) байлығы 150 мың емес, 1 миллион мағыналық бірліктен (семантикалық единицадан) тұрады деп жобалай аламыз. Бұл – жер бетіндегі өркениетті елдердің (ағылшын, орыс, қытай т.б.) тілдерімен шамалас көрсеткіш.

«**Мәдени мұра**» бағдарламасы бойынша жүзеге асырыла бастаған және жақын жылдарда оқырман қауымының қолына тигелі отырған рухани мұраның жүздеген том болып шығатын, әрқайсысы бір құнан қойдың бағасымен барабар құндылықтарға, міне, осылар жатады.

Күтіп ұстай білген, қолдана білген, бағалай білген тіл қауымы үшін бұл қазына-байлықтан артық құндылық болмаса керек. Өйткені ол - өзінше өркендеп, дамыған ұлттық мәдениетіміздің ұйытқысы, қайнар бұлағы. «*Ел мәдениеті тілден басталады*» дейтініміз де, міне, содан болса керек.

Тіл саясатына байланысты Елбасының тікелей өзі араласып жөн сілтеп, көрсетіп отырған бағыт-бағдары (мыс.. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»; «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын ұйымдастырушы ұйытқы» т.б.), мемлекет тарапынан қабылданып жатқан қаулы-қарарлары мен нақтылы іс-шаралары – бәрі де, сайып келгенде, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге бағышталып отыр.

Солайы солай, бірақ Елбасының, өкіметіміздің тәуелсіз мемлекет болғаннан бергі ұстанған саясаты көп ұлт өкілдері тоғысқан мемлекетте ел тыныштығын сақтау, халықтар бірлестігін нығайту және елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсарту болып келгендігі айдай әлемге белгілі. Бүгінде еліміз бұл салаларда да

дұшпандарымыз күйініп, достарымыз сүйінетін зор табысқа қолы жетіп отыр. Бұл табысымыз да барша әлемге аян.

Әлеуметтік-экономикалық проблемалардан кейінгі кезекте шешілуге тиісті проблемаға халқымыздың рухани-мәдени даму үрдісін анықтап, соны жан-жақты қолдау іс-шаралары жатса керек.

Елбасының өзі бас болып, қолдаушысы көптеген ұлтжанды азаматтар болып, қабылданып, жүзеге асырыла бастаған **«Мәдени мұра»** атты мемлекеттік бағдарлама, міне, осы бір қоғамдық-әлеуметтік даму үрдісінің өз ретімен басталып, заңды түрде жалғасып келе жатқан ғажайып көрінісі болып отыр.

Бұл бағдарламаға қоғамдық өмірдің әрбір саласы өз мақсат-мүддесін жүктеп отырғаны белгілі. Міне, солардың ішінде бұл мемлекеттік бағдарламадан тіліміздің күтері мол. Өйткені рухани-мәдени мұра ең алдымен ана тіліміздің құдіретіне тікелей байланысты.

Біздің ойымызша, **«Мәдени мұра»** бағдарламасы, әсіресе оның рухани-мәдени саласындағы айқындалатын **құндылықтар**, *біріншіден*, өз тілін сүймейтін, *«қазақ тілі – қойшы-қолаң тілі, мемлекеттік тіл болуға жарамайды»* деп құстаналаушылар үшін, қағынан жеріген нигилистер мен қазақ тілінің «жаназасын шығаруға» асығушылар үшін күтпеген жерден келіп тиген пәрменді соққы болуы ықтимал. Қоғамдағы мұндай топ – қазақ тілінің кең өріс алуына ашық та жасырын қарсы, аяғына тұсау болып келе жатқан қауіпті топ.

### **Халық та, оның тілі де мәңгілікті қалайды**

Заманымыздың екі ұлы ойшыл жазушысы – бірі қырғыз Шыңғыс Айтматов: «Жер бетінде уақытша жасағысы келетін халық болмайды, ол әрдайым мәңгілікті қалайды», – десе, енді бірі – қазақ Ғабит Мүсірепов: «Тіл – мәңгіліктің мәңгілігі, ол жасаған сайын жасара береді», – деп топшылайды.

Рухани үндестігімен бірін-бірі толықтырып, қанаттандырып тұрған осы бір ой-толғаныстың тұңғық-терең мәніне зерделеп қараған зейінді ұрпақ одан көп нәрсені аңғара алатын сияқты. Шынында да, неге халық өзіне де, тіліне де мәңгілікті қалайды, осында бір заңдылық бар ма? Осыған орай, адамзат тарихы мәңгі-бақи жасаған этностар мен тілдерді біле ме?

Бүгінде мемлекеттік мәртебе алып, Заң жүзінде марқайып отырған қазақ тілінің тағдыр-тауқыметін сөз етуден бұрын, міне, осы сұраққа қысқаша болса да жауап іздегіміз келеді.

Адамзат қауымында қашан, қалай және қай жерде пайда болғаны өзіне де белгісіз әрбір этнос, бүгінде қандай жағдайды басынан кешірмесін, ол өзгеге ұқсамайтын өзіндік болмысымен ғана феномен тақылетті сирек құбылыс санатына жатады. Ал дүниеге осылайша келуі сирек құбылыстардың одан із-түзсіз жоғалып кетуі де оңай болмаса керек. Шыңғыс Айтматов пен Ғабит Мүсіреповтердің «мәңгілік» туралы топшылауы тіл дамуының осы бір үрдісіне байланысты айтылған сияқты.

Этностың өзінің де, оның о бастағы төл тілінің де шығу тегін тап басып айта алмаса да, бірақ азаматтық тарихымыз феномен ретінде дүниеге келерін келсе де, алайда біразының сиырқұйымшақтап барып, біртіндеп жойылып жатқанын айта алады. Өйткені олардың тарихи-элеуметтік себептері белгілі, әрі олар әр алуан. Қоғамдық өмірден этнос кеткен жағдайда оның тілі де жойылады. «Өлдің Барак – өштің Барак» дегеннің кері осы ғой. Егер сөйлеушісі кетіп, тілінің жазба үлгілері сақталса, ол «өлі тіл» санатына жатады. Мұндай тілдер де өмірде баршылық. Егер этнос түгелдей өз тілін ұмытып, сол тілде сөйлейтін бір-ақ абызы қалған болса да, ғылым үшін ол тірі тіл болып саналады. (Мұндай жағдай тарихта бар). Ғабит Мүсіреповтың «Тіл – мәңгіліктің мәңгілігі» деуінің философиялық мәні де осында болса керек. Өйткені этнос, әртүрлі элеуметтік әсерлерге, заман үрдісіне байланысты, өз тілі үшін әрқашан да жанұшара күресе алмауы мүмкін, кейде пендешілік жасап, тоғышарлық білдіріп, өз тілінің тағдырына немқұрайдылықпен қарауы мүмкін. Алайда оның тілі өзіне деген адалдығын сақтап, оған мәңгі-бақи қызмет етуге дайын.

Алайда, тілдің өзі қызмет етіп отырған қоғамға қояр талабы өте зор. Оның орындалмауы этностың өзі үшін де, тілі үшін де өте қауіпті. Осы жерде халық пен тілдің еркін де үйлесімді дамуына қажетті жағдайлардың, өкінішке қарай, барлық дәуірде, барша қоғамда бола бермейтіндігін ескерген жөн. Оған дәлел болатын нақтылы деректерді алыстан іздемей-ақ, үш ғасырлық өз тарихымыздан табуға да болады. Бұл бұрын көп сөз бола бермейтін, болса да үстірт, сипап қана өтілетін қаны шыққан ащы шындық қой. Мәселен, үлкен халықтың қарамағындағы кіші-гірім бодан халықтарды ассимиляциялап, «түгел меңгеріп», өзіне сіңіріп жібергісі келетін әдетін бала елдің бәрі біледі. Алайда, бұл жымсысқы саясаттың әр елде, әр мемлекетте іске асырылуы әр алуан, айла-шарғылары да басқа-басқа. Бірақ бұл саясатқа ортақ нәрсе: ең алдымен сол кішігірім этностың (халықтың) тілі мен дінін (бұл рухани фактор) аяқ асты етуге, одан соң атамекен

атауларын ауыстырып, азаматтарының аты-жөнін өзгертуге, ұлттық салт-дәстүрінен адастырып, жазу-сызуын тұрақтандырмауға (бұлар модальдық факторлар) тырысу.

Міне, бұлардың бәрі – біз жақсы білетін Ресейдің отаршылдық саясатына тән жымысқы әрекеттері. Бұл әрекеттер, әдетте, «бұратана надан халықтарды мәдениетті етеміз» деген даурықпа ұрандармен іске асырылып, өздерін рухани жағынан тұралагып кеткендігін бұл халықтардың өздері тым кеш түсіне бастағаны өкінішті-ақ.

Кеңес дәуіріне басқаша бір саяси «ренқпен» жалғасып кеткен Ресей отаршыл саясатының зардабын шеккен аз санды халықтардың бір қатары тілінен айырылып, басқа дінге шоқынып, біржола мәңгүрт болып үлгірсе, енді біреулері бұл қасіретке жартылай шарпылып, дүбәра болып қалды. Міне, солардың бірі – қазақтар. Әрине, қазақтар христиан дініне шоқынып, аты-жөнін өзгерткен, атамекенін, салт-дәстүрін аяқ асты етіп, елдігінен айырыла бастаған кейбір түркі (саха, хакас, тува, шор, алтай т.б.) халықтары мен ұлыстарындай емес. Қазақ халқының табиғатына, дәстүр-салтына, демографиялық, географиялық т.б. ерекшеліктеріне байанысты тілін ұмыта бастаса да, атамекен атауларын өзгертіп үлгірсе де, христиан дініне шоқину (Алтайдағы Хатын өзенінің бойында жасайтын қазақтар) факторы болса да, саны азайса да, тағдырдың тауқыметін көріп келе жатса да, құдайға шүкір, елдігін, ұлттық қасиетін, тілін, дінін жоғалта қойған жоқ.

Бірақ қаншама ащы болса да, бір шындықты елден де, өзімізден де жасыруға болмайды. Басқа қасиеттерімізді айтпағанда, қазақтардың өзінің де, тілінің де мәңгі-бақилығын ұмыта бастағандығын жасыруға болмайды. Ана тіліміз іштей дамуын тоқтатпаса да, қоғамдық өмірден алыстап, оның қажетін атқарудан қалып, болашағына қатер туғаны да рас қой. Жоғарыда аталған отаршылдық саясаттың жалғасы іспетті кеңестік идеологияның жымысқы іс-әрекеттерін көріп, біліп, өз «денесімен» сезініп отырған саналы ұрпақ ана тілінің мүшкіл халін тым кеш болса да, ұға бастады, жағдайды күрт өзгертпесе, енді бір 25-30 жылдан кейін тіліміздің тағдыры мүшкіл болатындығын түсіне білді. Өйткені кейінгі 70 жыл ішінде кеңестік империяда кейбір «ұсақ» тілдердің бірден, не біртіндеп жойылып жатқанынан сауатты жұрт хабардар. Мәселен, 1920 жылғы халықтар санағында 190 ұлт пен ұлыстың тілі бар деп жарияланса, содан бері ол екі есе кеміп кетіпті. Олар қайда кетті? Из-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін бе? Мүмкін болғаны ғой. Өйткені бұл экологиялық жағдайларға байланысты сирек кездесетін хайуандар мен құстар, жәндіктер мен өсімдіктер жер бетінен біржолата жойылып кетпеу үшін «Қызыл кітапқа» тіркеп, оларға қоғам қамқорлық жасап жатқанда,

мәні мен маңызы олардан мың есе артық болмаса, кем емес феномен – ұлыс тілдеріне қоғам тарапынан қол ұшын бермеудің салдары. Әлемдегі 4 мыңдай тілдің азайып, 3,5 мыңға түсуі, сайып келгенде, бұл фактордың жержүзілік сипат алып, күндердің күнінде адам баласының табиғатпен бірге экологиялық апатқа ұшырап, өзін де біржолата жерлеуге беттегені ғой.

Алайда, бәріміз де мойындауға тиіс бір шындық бар: жалпы адам баласы, жеке ұлттар мен ұлыстар жер бетінде қанша жасамасын, оның тілсіз көрген күні – тұл. Бұл – көп сөз болып жүрген өте кең тақырып. Мәселе бұл жерде ұлт пен ұлыстың айтуір бір тілде, не бірнеше тілде қарым-қатынас жасап, тіршілік етуінде емес, мәселе ұлт пен ұлыстың өзінің төл тілінде еркін сөйлеп, өзінің барша ұлттық қасиетін сақтап қалуда болып отыр ғой. Өйткені ана тілі – жай қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол – әрбір адамның бойына ана сүтімен дарыған ұлттық қасиеті, рухани нәрі, өмірлік азық, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа толассыз ауыса беретін «мәңгілігіміздің» (Ғ.Мүсірепов) кепілі.

Бұлардың бәрі – әсіре қызыл сөз емес. Белгілі жағдайларға байланысты адамның түрі де, түсі де, әдебі мен әдеті де, мәдениеті де, ішер тамағы мен киер киімі де өзгере береді. Оның өзгермейтін ұлттық белгісі біреу-ақ, ол – тіл. Демек, ұлтты ұлт етіп тұрған классикалық бес фактордың бірегейі – тіл деген сөз. Бұдан туындайтын ұғымдар көп, тіл – халықтың басты белгісі. «Ана тілін білмеген адамды мәдениетті деуге болмайды» (М.Әуезов). «Өз тілін өгей баласы ғана сыйламайды» (Ғ.Мүсірепов). Тіл – ұлттың жаны, тіл білмеу – ұлттық дәстүрден, ұлттық қасиеттен жұрдай болу деген сөз, т.т. Халық даналығының тілге соншама мән беріп, марапаттауының себебі, міне, осы себептерге байланысты. Шынында да, әрбір халықтың ой-өрісін, парасат-парқын, сезім-түйсігін, дүниетанымы мен болмыс-тірлігін танытатын – оның тілі. Айта берсек, сөйлеу, ойлау, қатынасу ғана емес, сонымен қатар түс көру, сүйсіну, еркелеу, алғыс айту, мейірлену, жек көру, ашулану, қарғап-сілеу, жылап-сықтау т.б. осы сияқты толып жатқан ұлттық қасиеттердің бәрі басқа тілде емес, тек төл тілінде ғана әсерлі де әдемі, ерекше көрініс.

Тілдің қоғамдық өмірдегі атқаратын қызметі де ұшан-теңіз. Әсіресе, тілді жетік білу, шешен сөйлеу, ойын ұтымды қорыту, сөз күш-қуатын әсерлі де әсем түрде пайдалана білу – бұлардың бәрі адамның адамдық қасиетін ғана емес, қоғамдағы орнын да анықтайтын фактор.

Сондықтан да болар, ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар көбіне-көп ердің құнын екі ауыз сөзбен тындыратын тапқыр да ауызы дуалы адамдар болған. Тіл – саясат, идеология, айтыс-тартыс, күрес құралы. Сондықтан ел басқарып, абырой-атаққа ие болу да,

жақсы акын-жазушы, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, мәдениет, мемлекет қайраткері болу да – бәрі-бәрі, сайып келгенде, тілге байланысты. «Аузынан сөзі, қойынан безі түскен адамның» басшы болғанын көрмейтіміз содан.

Міне, дәл осы арада айтылатын тағы бір шындық: көкжиектен көрінер тіл болашағын былай қойғанда, тіпті, бүгінгі мемлекеттік тіліміздің бойына күш-қуат жинап, қоғамдық өмірдегі қызметін дұрыс атқаруына ауадай қажетті тілдік орта жасауына басқадан гөрі қаракөз өз туыстарымыздың, кейбір зиялы азаматтардың іштей наразылығы мен парықсыз іс-әрекеттерін көргенде, қарның ашады. Олар өз халқын, өз тілін сүймейді дегенге өз басым сенбейді. Мұндағы ең басты себеп: бала кезінен жетік білген орыс тілінде көсіле сөйлеп, көсем болған, шешіле сөйлеп, шешен атанған, абырой-атаққа да, лауызымды биік мәнсапқа да орыс тілі арқылы жеткен туыстарым ендігі жерде білмейтін, не шала-шарпы білетін қазақ тілінде көсіле де, шешіле де сөйлей алмай «дүбәра» атанғысы келмегендіктен, өз тілінен жерінуінде. Бүгінгі қайнаған өмірдің тай қазанында бір тілмен-ақ балықша еркін жүзу мүмкіншілігін олардың іштей құптауы содан болса керек.

«Тіл мәңгілігіне» қарсы заңды да заңсыз әрекеттер тек бұл ғана емес. Ел-жұрт болып күресу нәтижесінде кеше ғана халі мүшкіл қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алғанына да, міне, 5 жыл толып отыр. Бұл мәртебені алу үшін болған күресті біз кезінде ашық теңізде апатқа ұшырап, бағдарынан ауытқып, су түбіне кете бастаған «жарақатты» кеменің «SOS» дабылын беріп, жанұшыра жәрдем сұраған жанайқайына балаған едік. «Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру кімге жорық!» деген сыңар езу сыншылар да бұл күрес кезінде аз болған жоқ. Алдымен «Тіл заңы» арқылы қабылданып, кейіннен Конституциямен бекітілсе де, мемлекеттік тілдің етегінен басып, шаужайына жармасушылар күні бүгінге дейін бар. Бірақ ондайлар, кім болса, ол болсын және қандай әрекет істемесін, мемлекеттік қазақ тіліне байланысты мызғымас бір ақиқатты мойындағаны жөн: әрдайым мәңгілікті қалайтын халық пен тілін жою ендігі жерде мүмкін емес. Оның көп кепілінің біреуі – халық санасының қайта оянып («Қайта қалғып кетпесе игі еді!» деп тілейік), ана тілінің болашағы – мыңдаған, миллиондаған жас ұрпақтың балабақша, мектеп, институт қабырғасына сыймай кетуі. Бұлар ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған Қазақстан Республикасы деп аталатын тәуелсіз мемлекеттің белсенді де белді азаматтары. Ана тілімен ауызданған



бұл ұрпақ, қасаң заманда өмір кешкен өз ата-бабаларынан әлдеқайда саналы болмақшы, өз жерінде, өз елінде ана тілін енді аяқ асты қылуға олар көне қоймас деп сенеміз.

Әлеуметтік негізі де, болашағы да, бізден басқа ешбір елде заңдастырылмаған статусы (мәртебесі) да жоқ қостілділік өзінің тарихи инерциясын біраз жалғастыруы сөзсіз. Жаңа Конституцияда қабылданған орыс тілінің статусы – мемлекет орындарында ресми түрде қолдану – осының айғағы болса керек. Бүгінгі демографиялық жағдайда онсыз болмайды. Бірақ бір жақты қостілділік бір қанатты құс, бір ескекті қайық сияқты (яғни қазақша-орысша қостілділік түрінде), сол қалпында қала бермейтін сияқты. Бүгінгі нарықтық экономикаға байланысты қазақ жастары мен іскерлер қауымының өкілдері орыс тілімен қатар жаппай шет тілдерін үйрене бастады. Осыған байланысты: егер қостілділік күні бүгінге дейін қазақ тілінің және республикада жасайтын басқа ұлыстар тілдерінің де еркін дамуына мүмкіншілік бермей, билеп-төстеп келген болса, бұдан кейінгі жерде олай бола бермейді. Бұл объективті процестің түбегейлі шешімі республикамызда дұрыс жүргізіліп отырған ұлт саясатына, экономикамыздың жөңделуіне, демографиялық процестің реттелуіне және халқымыздың жақын көршілерімен ғана шектелген томаға-тұйықтықтан шығып, жер жүзіндегі өркениетті елдермен терезесі тең тұрып еркін қарым-қатынас жасауына да байланысты.

Алайда, мемлекеттік тіл – қабырғасына іліп қойып, қызыға қарап отыратын әсем киім емес. Ол – тек мемлекеттік рәміздердің (жалау, әнұран, елтаңба т.б.) бірі ғана емес, ұлттың, мемлекеттің бірегей негізі де. Бірақ ол өзінің сонау бір мәртебе атағын сол мемлекетке толыққанды қызмет еткенде ғана ақтай алады. Бүгінге дейінгі тәжірибемізден байқалғандай, мемлекет өзінше, мемлекеттік тіл өзінше болуы бұдан кейін де жалғаса беретін болса, бұл тілдің болашағы туралы біздің жоғарыдағы оптимистік (эйфориялық) пікіріміз сол қалпында қалуы да мүмкін.

Оны болдыру, болдырмау – бәрі де мемлекет пен қоғамның өз қолында. Екінші рет қабылданған Тіл заңына өз басым көп үміт артамын, өйткені оларда көп мәселелер *жаңаша шешімін тауып отыр. Әсіресе, құжаттарда көрсетілген мемлекеттік шаралардың мемлекет қамқорлығына алынуы, оларға идеологиялық тұғыр белгіленуі және қаржы қарастырылуы бұл үмітімізді арттыра түседі.*

Мемлекеттік тіліміздің көп айтыла бермейтін бір игі міндеті бар. Ол – республикадағы ұлт тілдеріне өктемдік жасамай, олардың емін-еркін дамуына толық жағдай туғыза білу. Бірақ мемлекеттік тілдің өзі береке

таппай, қоғамдық қызметінің (өте кең мағынада...) шеңбері кеңейе алмай, баяғысынша шөре-шөре болып жатса, бірде-бір ұлт тілінің еркін дамуы мүмкін емес. Демек, ұлт тілдерінің, яғни Қазақстандағы көп ұлтты қауымның мемлекеттік тілге ерекше ілтипатпен қарауы керек. Ұлтаралық үйлесімдік, татулық міне, осыдан басталса керек.

Әрбір ұлт, әрбір ұлыс, санының аз-көптігінен биқатер, өзін де, өзінің тілін де жер бетінде ғайыптан пайда болған, екінші рет қайталанбайтын өте сирек кездесетін феномен деп қарағанда ғана, олардың мәңгі-бақи жасауға жаралғанын, жасаған сайын жасара түсетін қасиетін сезінгенде ғана өзін де, тілін де аман сақтап қала алады. Сол үшін жүргізген азаматтық борышты ақтау, сол үшін шыққан биік – азаматтық тұғыр.

Ұлт пен тіл фономеніне мәңгілікке жол болғай!

*«Шетелдегі қазақ диаспорасы және ана тілді сақтау мәселелері»  
атты ғылыми практикалық конференция материалдары.*

*– Алматы, 2000. 10-16 б.*

### Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде

*Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,  
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып, түзеле ме деп айтқанмын.*

Абай.

Ұлы Абайдың қазақ өмірінің қай кезеңіне де дөп келмейтін сөзі бар ма, тәйірі! Мына жолдар да бүгін тілге тиек білдіргелі келіп отырған зиялылар мен қазақ ұлтының қасиет тұтар қазынасы – қазақ тілінің он жыл бойы мұнын мұндап келе жатқан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы қайраткерлерінің көмейіндегі көп сырмен үндесіп тұрған жоқ па?

Содан бері тіл туралы айтылмаған сөз қалды ма, сірә. Әр жылы бір ғасырға татырлық осы он жыл ішінде біздің басты нысанымыз – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, тәуелсіз «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» екеніне жұртшылықтың көзін жеткізу болды. Жұрт мұны бүгін түсінбесе, ертең түсінер. Бүгінгі сөзіміз де, міне, осы мәселе төңірегінде болмақшы. Өйткені ғасырлар ауқымында «мың өліп, мың тіріле жүріп...» өзінің тарихи орнын мәңгілікке бекіткен қазақ халқының кешегі және болашақтағы болмысын,

тағдырын оның тілінен бөліп алып қарауға болмайды. Бұлар бірінсіз бірінің күні жоқ мәңгі бірлікте жасауға тиіс таңғаларлық табиғи тұтастық, ғажайып құбылыс.

А.Байтұрсынұлының «Біз – кешегі заманның баласымыз, ертеңгі заманның атасымыз» деуінде де тіл тағдырына тікелей қатысы бар үлкен мағына жатыр. Тілдің абстракты құбылыс емес, адам қоғамымен тікелей жалғастығы. онымен тағдырлас, тамырлас екендігі осыдан да көрініп тұрған жоқ па?!. Қазақтың өзі қандай ғұмыр кешсе, оның тілі де сол ғұмырмен еншілес. Ендеше, тарих беттеріне зерделі көзбен қарасаңыз «мың өліп, мың тірілу – қазақтың өз басы ғана емес, оның тілінің де бірге кешіп келе жатқан ортақ қасіреті. Сонда тілдің өлген сәті мен тірілген кезеңі қайсы? Алдағы ұрпақтан бүгінгі бізге жеткен тілдік мұра қандай еді, ертеңгі ХХІ ғасырда осы топырақта, осы мемлекетте жасайтын ұрпаққа қалдырар сол мұрамыздың сиқы не болмақшы? Біз кешегі заманның суығына тоңып, ыстығына күйген қасіретті мұрагері болғанымыз рас, ал енді алдағы ұрпаққа ата ретінде берер тағылымымыз бен көрсетер үлгі-өнегеміз не болмақшы? Ата- бабамыздың асыл мұрасы – қасиетті тілімізді болашаққа мұра етіп қай қалпында қалдыра аламыз? Түптеп келгенде, мәселенің түйіні, міне, осында болса керек. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөзді жай ұран емес, бүгінгі егеменді елдігіміздің де, ертеңгі жарқын болашағымыздың да бірден-бір кепілі деп қарайтын болсақ, он жылдық мерзім аз емес, осыны тереңнен ұғатын, жан дүниеніңізбен сезінетін, серпілетін уақыт жеткен сияқты.

Арғы дәуірді қоя тұрып, «Кешегі 70 жылдық дәуірде тіліміздің жағдайы қалай болды?» деген мәселеге келсек, бұл кезеңде тіліміз мүлдем дамымады, тоқырады деп бір жақты баға беру әбестік болар еді. Жалпы тілге тән дамуларды ішкі даму, құрылымдық даму, қоғамдық қызметі жағынан даму деп жіктеп қарасақ, қазақ тілінің ең мүшкіл халы оның қоғамдық өмірдегі жағдайына байланысты болды деп айта аламыз. Ал егер шындықты айтсақ, қоғам өмірінен тәркіленіп, жалпы халықтық қатынас құралы болудан қала бастаған еді. Көркем әдебиет, педагогика, саяси-элеуметтік жанрлар, баспа сөзі белгілі дәрежеде дамыса да, оларды қолданушы, пайдаланушы және күнделікті қажеттігін сезінген қазақ қауымының қатары сиреп, тілдік ортаның берекесі кетті.

Неге бұлай болдының сырына үңілсек, ертеректегі отаршылдық саясаты мен кейінгі кеңестік идеология салқынына соқпай өту мүмкін емес. Мұның алғашқысы халықты түгел бодан ету үшін оның ділін, дінін,

тілін, жерін тұмшалап, торда ұстап, тұншықтыра түсу саясатын жүргізді. Осы мақсатпен кезінде арнайы жер-жерде миссионерлік қоғамдар құрылып, оған тіпті бірен-сарандап қазақ зиялылары да тартылғаны бар.

Дін жағынан мойынсұна қоймағанымен, жер мен тіл жағынан қыспаққа түскеніміз ақиқат. Атадан мұра болып қалған бай тіліміз бар еді. Міне осы тәрізді көптеген объективті де субъективті факторларға (тарихи әлеуметтік, саяси-экономикалық, географиялық, этнодемографиялық т.б.) байланысты «Қазақ» атты қарашаңырақтың қабырғасы қақырап, іргесінің сөгіле бастағаны, әсіресе кейінгі кезде байқала бастады. Этносты азғындаудан (деградациядан) аман сақтайтын ең соңғы қамалы – тіл екенін кеш болса да енді-енді түсіне бастадық. Ол үшін, ең алдымен, қалғып кете беретін санамызды оятып, тілімізді рухани экология апатынан сақтап қалу – ұлт болашағы үшін күрестің ең өзекті мәселесі болғаны жұртшылыққа мәлім.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының дүниеге келуі де, міне, осы бір игі мақсатқа байланысты еді. Сондықтан да болар, қоғам аз уақыттың ішінде тіл үшін күрестің жалпыхалықтық әрекетіне айналды, республикаға ғана емес, одан тыс жерде жасайтын үш қазақтың бірі қандастарымыздың санасын оятып, сабына тартты.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының басып өткен осы он жылдық тарихын бір сәт зерделі оймен шолып өткенінің өзінде қаншама оқиғалар еске түседі.

Қоғамды құру, әрине, оңай болған жоқ. Мұның өз қиындығы мен қызығы қатар жүріп отырды. Әуелі жаппай облыстық ұйымдарда, содан соң аудандық, қалалық ең соңынан бастауыш ұйымдар іске қосылды. Адамдардың сол кездегі ықылас-бейіліне таң қалмауға болмайтын еді. Бір жарым жыл ішінде Қоғам іргелі ұйымға айналды.

Қоғам өзінің алғашқы қадамын Тіл туралы Заңды түзеуге, оның 2000 жылға дейінгі бағдарламасын жасауға белсене араласудан бастады. Ол 1989 жылдың 21 қыркүйегінде ресми қабылданды.

Қоғам тікелей осы шаруамен айналысып, оны ел арасына насихаттаумен шұғылданды. Мұны ең алғаш бастаған Семей облыстық депутаттар кеңесі болатын. Сөйтіп, барлық жерде осылайша бірлесіп жасалған нақты шаралар қабылданып, мемлекеттік тіл мәселесі жүйелі түрде жүргізіле бастады. Осының нәтижесінде Қоғам және оның жүздеген жергілікті ұйымдары бірінші күннен бастап тікелей тіл мәселесімен қатар оған қатысты сан алуан проблемаларды шешуге белсене атсалысты. Осы жылдары атқарылған шаруаны баяндау былай тұрсын, тек санамалап

өтудің өзіне талай уақыт керек. Барымызды ешкім тартып алмас, одан гөрі жоғымызды түгендеген жөн болар.

**Мемлекеттік тілге өзге ұлт өкілдерінің көзқарасы қандай?** Әдетте, біз мемлекеттік тілге орыс тілінің таласы бар деп, барлық дау-дамайды осы тіл төңірегінен іздейтініміз рас. Ал, біздегі 130-ға тарта тіл өкілдері бұл жөнінде не ойлайды? Әрине, олардың ең алдымен ойлайтыны өз мүддесі. Мемлекеттік тілдің көсегесін көгертейін деп жүргендерді біз сирек кездестіреміз. Бір ғажабы, олардың қай-қайсысы болмасын, Қазақстанда жүріп өз тілін «дамытқысы» келеді. Бұл сөзсіз, ізгі ниет. Бірақ, Қазақстанда мемлекеттік тілдің көсегесі көгермей тұрып, ешбір басқа тілдің өз бетінше өркендей алмайтынын және олар өз топырағында ғана мәселен, орыс тілінің – өз отаны Ресейде, неміс тілінің – өз отаны Германияда, корей тілінің – Кореяда, еврей тілінің – Израильда өркендей алатынын бұл ағайындардың түсінбеуін түсіну қиын. Бұл не, тоңмойындық па, бақталастық па, жоқ, әлде, тілден «ілгішек» тауып, ұлтара наразылығын тудыратын солақай саясаткерлік пе?

Бір қызығы, қазақтың елі де жақсы, жері де жақсы, тіпті өзі де жақсы, бірақ бұларға қазақ тілінің керегі жоқ сияқты. «Халықтың өзін сыйлау үшін оның сөзін сыйла», «Ділін білу үшін оның тілін біл» деген нақыл бұл жерлестеріміздің көбінің әзір құлағына кірмей жатыр. Шынайы достық халықтың тілін, ділін білуден басталады емес пе?

«Демократия» дейтін көрпені бұл жерлестеріміздің әрқайсысы өзіне қарай тарта бермей, ең алдымен мемлекеттік тілге деген қамқорлығын танытқаны жөн болар еді.

Кейбір саясаткерлер (әсіресе, ресейліктер) **«орыс тілділер»** дейтін терминді шығарып, Қазақстан жұртшылығын іштей жіктеп, тілді білу-білмеуге қарап топтастыру арқылы сүттей ұйып отырған көп ұлтты, біртұтас республика жұртшылығына іріткі салып отырғаны да белгілі. Бұл кімге, не үшін керек болып отырған құйтырқы саясат екенін шамалауға болады. Ең бастысы, бұл тәуелсіз еліміздің тілдік тұтастығына нұқсан келтіретін өте тиімсіз пиғыл.

Ал көрші түркі тілдес халықтар өмірін алып қарасақ, оларда бір-бірінен алшақтай түсу жағдайы қалыптасқан. Олардың тілдік тұрғыдағы болмысы да бірдей емес. Мәселен, Өзбекстанда орыс тіліне байланысты проблема жоқ десе де болады. Әзірбайжанда бұл мәселе басқашалау бағыт алған. Татар, башқұрт, түрікмен, қырғыздарда бұл жағдай бөлек-бөлек көрініс тапқан. Мәселен, түрікмендер мен қырғыздар орыс тілінен келетін «қорқыныш жоқ» деп сенгендіктен бе, әйтеуір оны екінші мемлекеттік тіл етіп жариялап отыр. Бұл не, саясат па, әлде басқа бір тәсіл ме, олар мұны ашып айтқан емес.

Бұлардың бірде-бірі Қазақстан үшін үлгі бола алмайды. Өйткені, біздегі тіл жағдайы бұлардан мүлдем басқаша қалыптасқан. Яғни саяси, мәдени, тарихи-әлеуметтік даму жолымызда біраз өзгешелік бар. Мұны есепке алып отырмаса болмайды. Демек, Қазақстандағы тіл проблемасы тамыры тереңде жатқан, «батпандап кіріп, мысқалдап шығатын» ескі ауру сияқты күрделі құбылыс. Артық-кем айтылып жатқан пікірлердің біразы кейде осыны түсінбеуге де байланысты.

**Мемлекеттік тіл мен мемлекеттің қарым-қатынасы.** Қазақ халқының тарихи тағдыры сөз бола қалғанда, жоғарыда айтылған Жұбан ақынның белгілі қанатты сөзі еске алынады. Шынында да солай: қазақ халқы өсіп-өркендеу, өз мемлекеттілігін қалыптастыру жолында қилы-қилы замандарды, атап айтқанда, іргелі ел болып, дәуірлеген кезеңдерді де, жер бетінен жойылып кетуге шақ қалған нәубетті жылдарды да басынан кешіргені белгілі. Ата-бабамыздан асыл мұра болып келе жатқан **үш асыл қазынаны – елдігімізді, ұлан-байтақ жерімізді, қасиетті де бай тілімізді** – аман-есен сақтап, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыруда барлық мәселені алыстан болжап шешіп, елдігімізді сақтап қалуға ұйытқы болған алғыр жандарымыз бен билеріміздің, хас батыр бабаларымыздың ерен еңбегі мен ерлігін айтып жеткізу қиын.

Ұлан-байтақ жерін қорғап, елдігін сақтаудың тағы бір басты шарты – **сол елдің тілін сақтау**. Этностардың тұтас бір халық болып қалыптасуындағы аса маңызды да қажетті рухани ұйытқысы оның тілі екенін туралы біз талай рет айттық.

Алайда, күні бүгінге дейін елдің елдігін, жердің тұтастығын, рухани-мәдени өміріміздің бірлігін сақтауда қазақ тілінің мемлекеттік тіл деңгейінде атқарып келген биік мәртебесі туралы біз сөз еткен емеспіз.

Міне, сондықтан да болар, «тіл мен мемлекет қарым-қатынасында» мемлекеттік тіл үшін ашық «қанды күрестер» болмаса да, «қансыз күрес» қоғамдық өмірде кейінгі он жыл бойында бірде-бір толастамай жүріп жатқанын біз білеміз. Осы орайда, ең бірінші мәселе: **«Тілді – мемлекеттік рәміздердің бірі»** деп білу. Ол мемлекеттік ту, мемлекеттік әнұран, мемлекеттік елтаңба, мемлекеттік шекара, мемлекеттік құрылым, мемлекеттік ақша сияқты рәміздердің (символдардың) қатарынан орын алады. Елбасымыз айтқандай, тілді тіпті бірінші қатарға шығару керек болар. Демек, оны заты қазақты былай қойғанда, бүкіл Қазақстан азаматтары түгел құрметтеуге міндетті.

Алайда, біздің бүгінгі қоғамда міндет пенен құрметтің ара-жігін ажырата алмаушылық бар. Тілге деген құрметті өзінше «міндет деп түсініп, оған саяси астар беріп, әуре болушылар бар да, керісінше, «ана тілі алдындағы міндетті перзенттік борыш» деп түсінбей, өзіне жасалған қиянат, зорлық деп қарайтындар кездеседі.

«Тіл – Елбасыға да бір сын» деп, тіл мәселесін бір адамға жүктесек те, оның түбегейлі шешіліп, қоғам өмірінде баянды болуы көп жағдайда, атап айтқанда, лауазымды үкімет басшыларының ниет-пиғылы мен мүдде-мақсатына да, Елбасының қолдап-қуаттауына да тікелей байланысты. Алайда, Елбасы «тіл, тіл!» деп, қанша жар салып, ең алдымен өз төңірегінен қызу қолдау таппаса, оның жанайқайы жартастан шыққан жаңғырық болып қала бермекші.

Бұл жағдайды біз өз өмірімізден көріп келеміз. Шыны керек қой, Конституция бойынша қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруден бастап, тіл туралы екі рет заң қабылдауда, тілдерді дамытудың бағдарламасын бекітуде, тіл саясатының стратегиясын айқындауға дейін Президент Нұрсұлтан Назарбаев тілге деген перзенттік борышын ақтаудан бір сәт те ауытқып көрген жоқ. Ол **«Қазақстанның азаматтары Мемлекеттік тілді құрметтеуі тиіс, үкімет құрылымындағы лауазымды адамдар оны білуге міндетті. Бірақ бұл мәселені бірден шешу қиын, «батпандап кіріп, мысқалдап шығатын ауру» сияқты оны біртіндеп шешкен жөн»** деген пікір қайталаумен және осы саясатын іс жүзіне асыруға әрекеттенумен келеді. Мемлекеттік тіліміздің бірден болмаса да, біртіндеп ілгері басыуының нышанын, кейінгі кезде байқалып отырған кейбір серпілістерін жаңа үрдістерден көріп отырмыз. Ал оның тіл тағылымын биік тұғырдан таныта бастаған жеке басының үлгі-өнегесі туралы реті келгенде бір ауыз сөз айту артық емес сияқты.

1998 жылдың соңғы қараша, желтоқсан айларында Президенттікке үміткерлерден мемлекеттік тіл бойынша емтихан алуға куәгер болғандықтан, соны еске ала кеткенімізді мақұл көрдік. Президент Н.Ә.Назарбаевтың бұл бастамасы тарихта бұрын-соңды болмаған батыл қадам еді. Ана тіліне бас иіп перзенттік парыз өтеудің символдық ишарасы болды...

Мемлекеттік тіл тек Президентке ғана емес, халыққа қызмет еткісі келетін лауазым иелерінің қай-қайсысына болса да, мейлі ол Премьер-министр, мейлі спикер, немесе әкім, министр – баршасына қажет қой. Осы тұста бұл қалай дейтін бір мәселені айта кеткен жөн. Ата Заң мерекесі тұсында ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурс бойынша іріктелген 12 қызметкер **«Қазақстан халқына адал қызмет етіп, Елбасы саясатын жүзеге асырамын»** деп ант

берді. Өкініштісі, бұлардың бірде-бірі антын мемлекеттік тілде берген жоқ, «Мұның қалай?» деп айтқан ешкім болмады. Бұлар антын қазақ тілінде бере алмай тұрып, қазақ еліне қалай адал қызмет етпек?

Мемлекеттік қызметте жүргендердің көбінің-ақ ана тілде сауатты жазып, оқып, өз ойын еркін айтуға шамасы келе бермейді. Қай мекеме, қай министрлікке, қай әкімшілікке барсаңыз да «аруанадай болып аңқылдап», айналып кетейін, орыс тілі алдыңнан шығады. Бұл бізге жат тіл емес, әрине, бәріміздің бауыр басып кеткен үйреншікті тіліміз. Алайда, Ана тіліміз аяғынан қаз тұрып кете алмай тәлтіректеп тұрған кезеңде оған көмекке келетін мемлекет қызметіндегілердің сыйқы әлгіндей екенін көріп, еңсе түседі.

Ұлттық комиссиядағылар қаржы рыногының тілі негізінен ағылшын және орыс тілі дегенді айтады. Сонда біздікі не әурешілік? Сондықтан да біз лауазымды мемлекет адамдарының бәрін де әлгіндей емтиханнан өткізіп отыру қажет деп санаймыз. Сонда ғана қазақ тіліне деген ықылас артып, қажеттілік туындайтын болады. Ол ғана емес, ел-жұрт аузына қарап отырған басшылардың мемлекеттік тілге деген, оның болашағы мен жаңа үрдісіне деген пиғылына, оң көзқарасына, жеке басының үлгі-өнеге, ықылас-бейіліне де көп нәрсе байланысты.

«Шындықты айтқанның айыбы жоқ». Осыған бір мысал келтіре кетелік. Елбасымыздың бұрынғы орынбасары яғни, егемен елімізді басқарған екінші адам Асанбаев Ерік мырза кезінде Адам құқын қорғау комиссиясының төрағасы ретінде өткізген алғашқы жиналыс үстінде сөзге шыққан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бірінші вице-президентіне (Ө.Айтбаев мырзаға) өз пікірін қазақша айтуға тыйым салғаны бар. Оның бұл туралы ашына жазған пікірі кезінде «Ана тілі» апталығында жарияланған болатын. Сонда онсыз да тағдырдың тәлкегіне түскен ана тіліміз мұндай басшыдан не үміт, не қайыр күтеді деп күйзелген едік.

Егемендік алғаннан кейін Қазақстан үкіметі басына Терешенко мырза келді. Бұл мемлекеттік тіл мәселесі қызу әңгіме болып жатқан кез болатын. Сондықтан да, оны басшы қоярда: «ойбай, орыс болса да қазақ тіліне судай екен!» деген лақап тарап кетті. Тіл сүйер қауым малақайын аспанға атып қуанды. Ондағы бір ойы: «биік үкімет мінберінен орыс басшы қазақша сөйлеп тұрса, «орыстілді» қазақтар да ұялғанынан өз тілінде сөйлейтін шығар...» дегендік.

Жоқ, ол үміт ақталмады. «Бақсақ бақа екен» дегендей Премьер-министр мырзаның қазақшасы, сыпайылап айтқанда, тор қапаста тұрып,



өткен-кеткенді келеке ететін тоты құстың ожақ - бұжағындағы машық екен. Оны көрдік...

Сондықтан да болу керек, «мемлекеттік тілімізді көркейтеміз» деген үмітіміз үкімет басының «сайрауының» деңгейінде қалып қойды, қазақ тіліне деген нақтылы қамқорлығын да көре алмадық: Тіпті Тіл заңына байланысты кейін қабылданған Мемлекеттік бағдарлама бойынша тілдерді дамытуға бөлінген қаржының қайда кеткенін де қазір кім білмейді.

Үкімет басына келген Ұ.Қараманов мырзаның да мемлекеттік тілге онша зауқы бола қойған жоқ, қайта оның тарихта атын қалдырған қаулысын жұрт әлі ұмыта алмай жүр. Ол қаулы жаңа көтеріліп, жер-жерде қолданыс аясы кеңіп, беделі өсе бастаған, мемлекеттік тіліміздің алғашқы қарқынын су сепкендей басып тастады. Осыдан кейін тілімізге деген қалың көпшіліктің, әсіресе орыстілділердің көзқарасы өзгеріп шыға келді, мемлекет тілінің қолданыс шеңбері шектеле бастады.

Одан кейін Үкімет басына келген Ә.Қажыгелдин мырза болса, тілдің негізгі ұйытқысы, ортасы болып саналатын мәдени ошақтар мен кітапхана, клуб, театр, мектептерді жабұмен болды. Бұлардың ешқайсысы мемлекеттік тілдің қанат жаюына мынадай үлес қосып едім деп айта алмайтын сияқты. Тек Н.Балғымбаев кезінде ғана мемлекеттік тілді көркейту туралы бірер нақты шешім қабылданды. Бүгінгі Премьер-министріміз, белгілі қазақ жазушысының баласы, бірнеше басқа тілді еркін меңгерген Қ.Тоқаев мырзаның тілге деген қабілеті зор. Енді ана тілін де дамытуға өз басының үлгісімен ат салысар деген халықтың үміті бар.

Әкім атаулының бәрін бірдей «тілге селқос» деу қиын, әрине. Ақтөбе, Павлодар, Алматы, Семей, Петропавл т.б. қалалардағы мемлекеттік тілге байланысты өткізіліп жатқан шаралар көңілге жұбаныш ұялатады. Атыраулықтардың да қозғала бастаған түрі бар. Әйтсе де әкімдеріміздің көбі алқалы жиындар мен іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді дағдыға айналдыра алмай-ақ келеді. Тіпті іс қағаздарын қайтадан бір тілде (орыс тілінде) жүргізуге көше бастағандар да бар. Облыс әкімдерінің 80% мемлекеттік тілге қолдау көрсетіп отырған жоқ. Олардың көбі «тілді қоя тұр, әл-ауқатымызды түзетіп алайық!» деген пиғылды сылтау етеді. Аудан, қала әкімдері облысқа қарайды, облыс сиқы әлгіндей. Өзінше әрекет етіп өз ұлтымыздың тілі ғой, мұны біз көгертпегенде кім көгертеді, деп отаншылдық сезім мен сенім танытқандар әлі аз.

Мемлекеттік тіліміздің жалтақтай күн кешіп жатқан бір өлкесі министрліктер деп айтуға болады. Бұларда да тілге деген селқостық, немқұрайдылық белең алып барады. Мәдениет, ақпарат, қоғамдық келісім,

Білім және Ғылым, Әділет тәрізді үш түрлі министрліктерден ғана аздап болса да қазақ тілінің лебі еседі. Басқаларынан қайран тіл баян таппай тұр.

Егер Министрлер кабинеті бастап барлық министрлер, әкімдер өздері иелік жасап отырған мекемелерінде мемлекеттік тілдің өріс алуын қадағалап, нақты қамқорлық жасап отырса, біздегі тілге байланысты проблеманың көбі шешілген болар еді. Өкініштісі олай болмай отыр. Көбі шаруашылықты, экономиканы алға тосады. Халық камын жеген боп дүрдиеді, онымен оңып жатқан тіршілік те шамалы. Бір байқалатыны, рухани мәдениетті, тілді, ғылым-білімді ұмытпай, алдыға тосқан әкімдер шаруасы жүре бастайтыны.

Алдағы міндет қазір қазақ қауымының қала мен далада өмір сүріп отырған тілдік ортасын қалыптастыруға, тұрақтандыруға байланысты. Оларды сақтай, аялай алмай отырып, мемлекеттік тілге кең өріс ашу қиын. Дегенмен, «ресми қауымның зиялы жұрттың ұрпақ алдында есеп берер күнін осы бастан ойланған абзал!» дегіміз келеді.

Қазір болашақта не істейміз деп дағдарар жайымыз жоқ. Пайымдай білсек, мемлекетіміз ұстатып отырған 2030 жылға дейінгі Бағдарлама біраз нәрсені аңғартады. Тек әркім өз шеңберінде өзіне лайықты міндетін, жауапкершілігін, азаматтық парызын анықтап алуға тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда Халықаралық Қазақ тілі қоғамының, оның жер-жерлердегі сардарлары мен сарбаздарының алдында орасан зор міндеттер тұр деп білеміз. Өмірдің қақпа-соқпасынан өтіп, әбден сұрыпталып, шындалып шыққан қазіргі тіл тірекшілері, қайраткерлер, тіл сүйер қауым, Сіз бен Біздің де ел алдында өтер борышымыз аз емес. Әкімдер, министрлер көңіл бөлмейді екен деп, көненің көзі, қазіргінің өзі – қазақ тілінің тағдырына жаны ашымай қалайша қалтарыста отыра бермекші. «Тіл үшін күрес – күрестің игісі» деп білген жөн.

Сіздерді жайбарақат отырғызбайтын кезеңге тап келіп тұрмыз. Қараңыз, айналаңыз қаптаған шетелдік насихат. Көше бойы толған жарнама, бәрі ағылшын, испан, кәріс, қытай, голланд, швед т.б. тілдерінде, қала толған ресторан, кафе, казино, түнгі құлыптар, корпорация, ассоциация т.б. мекемелер. Маңдайшасына қарасаңыз әр алуан тілдегі оймыштар. Қазақ тілі дейсіз бе, қазақ тілі түгіл орыс тілінің өзі қатар тұруға жарамай қалған сияқты. Осыны әкімдер көрмей-білмей отыр ма? Көрсенеге үндемейді, неге басындырады?

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі кемел көшін қалыптастыру, сөйтіп тәуелсіз еліміздің ең мықты нышанын жұмыс істету жолында

аянатын не бар, дей келіп, сөз басындағы Абай өлеңін бүгінгі әңгімемізге жақындатыңқырап оқысақ әруағы кешірет дананың. Ендеше:

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанбыз,

Түбін ойлап, уайым жеп айтқанбыз.

Ақылдылар арланып ұялған соң,

Ойланып, түзеле ме деп айтқанбыз.

*«Егемен Қазақстан», 2000.22 қыркүйек. (Ө. Айтбайұлымен бірге)*

### **Тілді осылай «тірілтіп» едік...**

*– Тіл үшін күрес кеше, не бүгін басталған жоқ, және ертең біте қояды деп те айта алмаймыз. Алдыңғы ұрпақ өкілдері өз ана тілі үшін, өз елінің азаттығы үшін жазалы болғаны бәрімізге белгілі десек, әңгімені өзіңіз куә болған тіл саясатынан бастасақ дейміз.*

– Қазақ тілінің мәселесі бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Бұл мәселе бұдан 50-60 жыл бұрын қозғалған болатын. Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин тіл үшін түн баласы ұйқы көрмей, болашағы үшін күрескен. Біз бүгін біліп отырмыз, Сәкен Сейфуллин тіл мәселесін қаузап 50 мақала жазыпты. Сондағы көтеретіні – тілдің шұбарлануы, мемлекеттік дәрежеде туған тіліміздің қолданыс аясының кеңеймеуі сияқты соқталы мәселелер. Қайтсек, тілімізді таза сақтап, мәртебесін көтереміз деп күресіп өтті ғой ол бабалар да.

Кезінде Қазақстан көп ұлтты республикалардың қатарында болып келді. Көпұлттарды бір елде тоғыстырған зертхана жасап, оны дабылдата мақтаумен бізді түрлі саяси сынақтың астына алып келді. Қазақ елі орыс тілін жақсы меңгерді. Шынында да грузиндерге қарағанда қазақтар орыс тілін озық білді. Грузин де орыс тілінде сөйлейді, бірақ өзіндік акцентпен бұзып сөйлейді. Ал қазақ сөйлегенде аузы аузына жұқпай кетті. Олжас Сүлейменов бүкіл Ресейге Останкино телекешені арқылы 2 сағат орыс тілінде сөйлеп, өз өлеңдерін орысша оқығанда орыстар таң-тамаша қалысты. Сонда олар «бұл қазақ деген халық керемет қабілетті екен, бұлармен дос болу керек» десіп, «Достық деген ұғымның орталығы – Қазақстан!» деп біздің астымызға көпшік қойып, өз пайдасы үшін марапат көрсетті. Сол «көпшік» бізді орыс тіліне қарай икемдеді. Ғалымдарымыз да ғылыми еңбегін орыс тілінде жазатын болды. Сөйтіп, біз орыс тілінде алдыңғы қатарға шықтық.

*– Иә, сөз саптауда кез келгеннің қатесін түзейтіндей шамада тілді жетік меңгерген қазақтарды көзіміз көрді, әлі де байқап қалып жүрміз. Алайда қызыл өкіметтің пәрмені жүріп тұрғанда туған тілдің тағдырын ашық айтқандар болған шығар.*

– Ұлт болып қалу жолында бұл мәселе сол кездің өзінде әр-әр жерде қозғала бастады. Әсіресе, 1986 жылғы жастардың көтерілісінен кейін тіл мәселесі қатты көтерілді. Желтоқсан көтерілісінен кейін, 18 желтоқсан күні Мәскеуден Соломенцев бастаған бір топ комиссия Алматыға ұшып келді. Сосын Ұлттық академияның залына барлық академиктерді жиып, жиналыс өткізді. Сонда Колбин «Мен өзім өзге тілді үйреніп машықтанған адаммын. Грузияда қызмет еттім, сол елдің тілін бір жылда оңай меңгеріп алдым. Сондықтан, бір жылдан кейін мен қазақ тілінде де сөйлеп кетемін, керек болса қазақ тілін өздеріңе түсіндіретін боламын» деген болатын. Одан әрі ол жастардың қарсылығы туралы «Мен кабинетімде отыр едім, бір топ қазақтың жастары келіп алаңда айғайлап тұрып алды. Сосын мен көмекшімді шақырып сұрасам, ол маған жастардың «тіл мәселесімен» келіп тұрғанын айтты. Сосын мен оларды кабинетіме шақырттым. Алдыма келген оншақты қыз-жігіттен «басшыларың кім?» деп сұрап ем, бір жігіт суырылып шығып «менмін» деді. Аты-жөнін сұрасам Тимур екен, одан «неге топталып жүрсіндер, не проблемаларың бар?» деп сұрасам, ол «бізде орыс тілінің басымдығы сонша, біз отбасымызда отырып ата-анамызбен орыс тілінде сөйлесетін халге жеттік. Сонда қазақ деген халық ұлт па, ұлт емес пе?!» деді. Сосын мен жастарға «Маған бір жыл уақыт беріңдер. Бір жылдан кейін ел алдында баяндаманы қазақ тілінде жасайтын боламын» дедім. Жастар тарқап кетті» деп өзін ақтауға тырысты. Алайда, ол берген уәдесінде тұрмады.

– *Және қазақ халқын ұзағырақ басқарып отыра да алмады ғой. Сонымен «Қазақ тілі» қоғамын құру жолында алғашқы қадам қалай жасалды?*

– Тіл туралы өзгеріс болмады, баяғыша бәріміз орысша шүлдірлеп жүре бердік. Ал қазақтың бір топ зиялысы әр жиналыс сайын тіл туралы мәселені көтере беретін болды. Мен ол кезде институт директоры едім. Қазаққа қозғау салмаса, тіл мәселесі қатқан орнынан қозғалмасына көзім әбден жетті. Сосын осы институтта жиналыс ашып, зиялы қауым алдына мәселе қойдым. Қазаққа тілді қорғап қалатын, тіл мәселесін қозғап отыратын бір қоғам керек, соны біз басқарып тұра аламыз ба, жұмысын жүргіземіз бе деп сұрақ қойғанда, аты-жөндерін айтпай-ақ қояйын, кейбір кісілердің беттерін шымшып, бізді келеке еткенін қайтерсің. Сол кезде көпшіліктің арасынан Өмірзақ Айтбаев суырылып шығып, менің ұсынысымды қолдады. Сол кезде Өзбекәлі Жәнібеков Орталық комитетте хатшы болып істейтін. Соған барып құрайын деп жатқан қоғам туралы айттық. Ол әрине, біздің сөзімізді қуаттап шықты.

Сосын іскер жігіттердің көмегімен халыққа арнап хат жаздық, осындай қоғам құрып, тілімізге араша түссек, бізді қолдайсындар ма деген ауанда. Сол-ақ екен халық бізді қолдамақ түгіл, төбесіне тік көтеріп әкетті. Елдің әр түкпірінен хат қарша борады. Өзбекәлі бізге «бұл хаттар тек оқылып бір жерде қалып қоймасын, сендер оны тіркеп, жинаңдар» деді. Сосын ол Орталық комитетте өзімен бірге жұмыс істейтін Мырзатай Жолдасбеков, Сейіт Қасқабасовқа тапсырма беріпті «мына хаттар туралы қорытынды жазыңдар, біз оны Колбинге табыс етейік» деп. Аз ғана уақыттың ішінде елден түскен бір қап хат халықтың өз тілінің мүшкіл халіне қатты алаңдап отырғанын көрсетті. Сол хаттарды тізімдеп Колбинге апардық. Алайда, Колбиннің ұстанған саясаты қайткенде де Қазақстанда екі тіл болуы керек деген бағытта ғана болды. Екі тіл қатар жүріп, екеуін тең қолдану керек деген пікірді күн сайын айтып отырды.

– *Қазақтың үштен бірі сыртта десек, аса қателеспейміз. Сіздер сол шеттегі қандастарымыздан да қолдау таптыңыздар ғой.*

– Иә, әрине! Қанша жерден артқа тартулар болса да, біз тіресіп жүріп «Қазақ тілі» қоғамын құрдық. Жан-жаққа хат жолдадық, бүкіл ел ішінде қозғалыс пайда болды. Енді халықтың басын құрап бір жиналыс өткізуді ойладық. Жәнібеков бізге драма театрының залын алып берді. Халық жиылар ма екен, жиылмас па екен деп біз бекерге күдіктеніппіз, жұрт залға сыймастай болып толып кетті. Сол жиналысқа қатысқандардың арасында шетте жүрген қаракөздеріміз де болды. Олар тысқары қалмасын деп «халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» деп атадық. Қоғамның жарғысына сай жыл сайын құрылтай өткізіп тұрдық, жер-жерде өз өкілдіктеріміз ашылып жатты. Елдің ішінен есті жігіттер келіп, өз ұсыныстары бойынша өкілдіктер аша бастады. Ол аз болса, Түркия, Ресей, Польша, Моңғолияда тұратын қандастарымыз бірге қолдау білдіріп, сол жерлерде қоғамның өкілдіктерін ашты.

– *«Мемлекеттік тіл» мәртебесі де оңайшылықпен келмеген болар?*

– Тілдің тағдырын заңды түрде қорғап қалу үшін біз қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуын талап еттік. Егер оған мемлекеттік мәртебе беріп, қолдау көрсетпесе, өзіміз білетіндей кей ұлттардың тілі секілді елеусіз қалып, түбі оны ешкім керек қылмайтын болады. Сондықтан оған мемлекеттік мәртебе берілуі үшін күрестік. Күрес оңай болмады. Нағыз айтыс осы арада басталды. Кейбір қазақ зиялыларының өздері қарсы шықты. Сол қарсы шығушыларды қолдаған Колбин болды. Сол кезде мен «Мемлекеттік тіл» деген мақала жаздым. Оны ешбір газет Колбиннің рұқсаты керек деп баспай қойды. Құдай қолдап, Мәскеуде

жиналыста жүрген Назарбаев елге келе сала қазақ тілін қолдайтынын ашық айтты. Сол-ақ екен, менің әлі жарыққа шықпай жатқан мақалам газетке басылды.

Мен талай үлкен жиналыстарда Колбинге қарсы шығып жүрдім. Арнайы шақырып сөйлескенінде де алған бетімнен қайтпадым. Сондай жиындардың бірінде, сол кезде Шет тілдер институтының ректоры болған қазақ Колбинді жақтап, өзге тілдің өрісін кеңейтуді қолдады. Бүкіл қазақ зиялыларының бетіне топырақ шаша сөйледі. Кейінірек, қазақ билігінің басына қазақ келген заманда, Ұлттық ғылым академиясына мүше сайлап жаттық. Міне, қызық, әлгі қазақ тіліне қарсы қазақ қоғамдық ғылымдар бөлімшесі бойынша мүшелікке құжат тапсырыпты. Мен сол қоғамдық ғылымның корреспондент-мүшесімін, соған орай дауыс беруім керек. Бір кезде әлгі қазақ шығып сөйлеген кезде, оған «сіз Колбиннің алдындағы қазақ тілі мен орыс тілін қатар қолдану керек деген пікіріңізді өзгерттіңіз бе?» деп сұрақ қойдым. Ол «ол енді саясат қой» деп күмілжи берді. Ақыры мүшелікке өте алмай қалды.

Біздің Елбасымыз сол заманда да қазақ тіліне қолдау көрсеткен еді. Қазір де қолдап жүр. Менің кеудеме «Отан» орденін тағып тұрғанда «бұл сіздің тіл үшін жасаған еңбегіңізге көрсетілген құрмет» деп айтты ол кісі.

Қазақ тілі бүгінде аяғынан тік тұрып кетті деп, әрине, айта алмаймыз. Дегенмен оң өзгеріс бар. Ең бастысы, Үкіметтің өзі бұл мәселеге тікелей араласып отыр. Түрлі заңдарды қабылдап, қадағалауды қолға алып отыр. Жауапты қызметке алынатын мамандардың тіл білуін талап ете бастады. Үкімет араласса, үкі таққан тіліміздің бағы ашылады ғой деп ойлаймын. Қазақ тілінің мәртебесін көтермей, мемлекеттің маңызы артпайтыны кім-кімге де белгілі қағида ғой.

*– Қателессең, кері тартып, дұрыс қолдана білсең, алға сүйрейтін және тілді байытатын құралдың бірі – термин. Бір кездері терминдерді жаппай қазақыландырамыз деп орынсыз еңбектенгеніміз соншалықты, тіліміздің дәмін кетіріп ала жаздадық. Жалпы, терминдерді аударуға қалай қарайсыз?*

Терминдерді сол қалпында қалдыруға болмайды. Жекелеген терминдер біздің ұғымымызға сіңісіп кетпеуі де мүмкін. Бірақ терминдерді қазақыландыру керек деп ойлаймын, бұл менің жеке пікірім. Сонымен қатар, сырттан келген терминдерді шығарып тастап, олардан бас тартуға да болмайды. Бұл мәселеде әлі көп ойласамыз. Терминология – өте нәзік ғылым. Әрбір жаңа терминнің табиғатын тұра тауып, қазақтың ұғымына сай жасау оңай шаруа емес.

– Бүгінде жиырма жыл толып отырған, елімізді жаһанға мәшһүр еткен Тәуелсіздіктің туған тілімізге әсері болды ма?

– Тәуелсіздігіміздің тілге тигізген әсері орасан. Қазір қазақ баласы қазақ балабақшасына барады, қазақ баласы қазақ мектептерінде оқитын болды. Кезінде біздің студент шағымызда трамвайда отырып бір қазақ бір қазаққа деп өз тілінде сөйлессе, сондай жерде отырған орыстың кемпірлері «адамның тілінде сөйлесіндер» деп зекитін. Мен өз көзіммен көрдім сондай жағдайды. Түркияға сапармен барыш, сонда осы елдің Премьер-министрі марқұм Демирелдің омырауына «Қазақ тілі» қоғамының Алтын белгісін таққан кезде, ол бізге «сендер бұл күнге егемендіктің арқасында жетіп отырсындар» деп еді. Осы Тәуелсіздіктің шарапаты қазақтың әрбір ісіне тиіп жатқаны анық. Қазір бізге жиналыстарда ешкім залдан «өзге тілде сөйле!» деп айғайламайды, қазір көшеде бізге ешкім «өз тілінде сөйле!» деп жекімейді, осы табыс емес пе?! Тәуелсіздіктің, Қазақ мемлекетінің азаттығын, өзге ұлттармен терезесі тең екендігін қазақ түсінді, қазақ сезінді, енді арамыздағы өзге ұлттар да оны сезінуге тиіс және мойындауы керек.

Біз осы қол жеткізген жетістіктерімізге марқайып қалмауымыз керек. Тәуелсіздік үшін, азаттық үшін, мәдениет пен руханият үшін, тіл үшін күрес ешқашан тоқтамайды, соны әсте естен шығармауға тиіспіз.

– *Әңгімеңізге рахмет.*

*«Егемен Қазақстан», 2011, 16 қараша..  
(Сұхбаттасқан Қ. Ескендір)*

### **Сабырлы саясаттың салиқалы шешімі (Латын жазуына ауысу туралы ой)**

Қазақ халқы тарихының жарқын беттері мен жабыраңқы сәттері аз болған жоқ. Солардың біріне оның тіліне байланысты жағдайлары жатады. Тіліміздің болмыс-бітіміне кінәрат жабысқанына да біраз уақыт өтті. “Батпандап кіріп, мысқылдап шығатын індеттей” ол созылып келеді. “Ол неден?” деген сауалға берілетін жауап та көп. Пайымдай келе айтарымыз: тіл тынысының тарылуы сонау отаршылдық заманнан басталып, тоталитарлық режимнің егемендікке дейінгі біржақты қитұрқы саясатымен жалғасқаны да баршаға мәлім. Егемендікке қолымыз жетіп, тәуелсіз мемлекет те болдық, Конституциямен заңдастырып, Тіл заңын қабылдап, “мемлекеттік тіл” мәртебесіне ие болдық. Бірақ

тіл үшін “күрес” әлі жалғасып келеді; әлі күнге дейін бір ұтысымыз бір табысымызға ұласпай келеді. “Егемендік алғанымызға 15 жылдан асып бара жатса да, тілдік санамыздағы осы ескі дерттің кетпеуінің себебі неде? Одан қалай құтылуға болады?” деген мәселе бүгінде барша жұртты қатты ойландыруда. Содан да болар, “егемендіктің бізге бергені экономикада болмаса тілімізде еш байқалмайды!” дейді кейбіреулер. Бұл да рас. Бірақ аузымызды қу шөппен сүрте беруге де болмайтын сияқты. Егемендік алғаннан бері күресіміздің нәтижесінде тіл мәселесін қолма-қол шешіп алмасақ та, бірақ оның стратегиялық, теориялық және практикалық мәселелеріне тікелей қатынасы бар бір қауым мәселенің басы ашылып, бітер істің жарқын болашағы айқындалып келеді. Ол ойлардың көбісі елбасының өз аузымен айтылып, жарияланып, қалың жұртшылықтың көңілінен шығып отыр. Әрине, олар көп жылдан бері тығырыққа тіреліп, тілдің тұла бойына дертін дәл қазір, дәл бүгін шешіп тастайтын “панацеясы” емес, елбасының ойланып-толғанып жүргізіп отырған сабырлы да салауатты саясатының пайымды да парасатты, өз ретімен бірінен кейін бірін шешуге бағышталған, елді даурықтырмай, жұртты үркітпей, қызыл қырман қарбаласына айналдырмай жүзеге асыру үшін ұстанып отырған сара жолы. Ол – саясат, түптеп келгенде, Қазақстан халықтарының тұтастығын, бейбіт те мамыражай калпын бұзбай, бекем бірлігін қалыптастыру.

Егемендік алғаннан бергі тілімізге байланысты сол ой-тұжырымдардың айтылып та, ретіне қарай жүзеге асып та келе жатқан, өзінің орынды кезегін күтіп те тұрған, тіліміздің болашақ үрдісінің бағыт-бағдарын әлі анықтай түсудің қажеттігін пікір-тұжырымдардың бір қатары, түсінген адамға, әр кезде, әр ынғайда айтылып та қойылды. Тек олардың стратегиялық мән-жайын түсіне білуіміз керек. . .

Біз солардың біразын атап өтіп, өзімізше таратып көрейік:

1. Тіліміздің бүгінгі мен болашағы үшін ғасырлар бойы тоқтаусыз жүріп келе жатқан күрес елбасындағы Е.Колбин мырзаның тіл саясатына байланысты, қайткен күнде де қазақ, орыс тілдерін тең мемлекет тілі етіп ұсынуына байланысты зиялылар арасында басталып, сол кезде құрылған халықаралық “**Қазақ тілі**” қоғамының қалың жұртты үгіттеп, Орталық орынға қап-қап хат ұйымдастырған әрекетін біреу білсе де, біреу білмеді. Бұл бірінші жеңіс еді.

Тілімізді құқықтық түрде қорғап қалу, оған заңды түрде **мемлекеттік мәртебе** бергізу ісі қыл үстінде тұрғанда 26 зиялы азаматтан тұратын Мемлекеттік комиссияның қажырлы еңбегінің өзі тарихи оқиға болып қалмақшы. Мемлекеттік мәртебе алған тілімізге одан кейін де “шабуыл”



бір сәт те тоқтаған емес. Оны қорғап қалудың құралы одан кейінгі жерде – Конституция, “Тіл туралы заң” мен Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырған қазақ жастарының екпінді серпілісі мен алаңнан мың рет қайталанған **“тілім менің!”** деген ел құлағынан кетпей қойған заңды талабы болды.

Егер ана тіліміз сол кезде, егемендікпен бірге жеке мемлекеттік мәртебеге ие болып қалмаған болса, ол егер тіліміз белгілі бір себептермен мемлекеттік мәртебені ала алмаған болса, не алса да, орыс тілімен қабаттасып алса, онда жабулы қазан жабулы қалпында қалған болар еді. Ал бұрынғы жағдайымызда қалу күн сайын нашарлап, шанаға арғымақ пен жабыны қосарлап жегіп, біреуінің (орыс тілінің) ілгері сүйреп, екіншісінің (қазақ тілінің) кейін тартып, іркес-тіркес күн кешкенінің куәгері ғана болар едік.

Құдайға шүкір, біздің бақытымызға, мәселенің ойлағанымыздай оң шешілуі егемендігімізбен ілесе келген игілікті істердің бастапқысы еді. Біз осы оқиғаны өз кезегінде дұрыс бағаладық па? Тілдің биік мәртебесі мемлекет нышандарының бірі ретінде тәуелсіз мемлекетіміздің де, халқымыздың да беделін биіктетіп, абыройын асқақтата түскен ұлттың марқаюын білдіретін нышан еді.

Рас, біз сол мемлекеттік тіліміздің мемлекетті басқару құралы ретіндегі қызметін күні бүгінге дейін толық дамыта алмай келеміз. Бірақ “мемлекеттік мәртебе” өзінің көп міндеттерінің ең бастысын - “өз құқығын қорғайтын пәрменді құрал екендігін” танытуы. Соның арқасында бұдан 15 жыл бұрынғы “екі мемлекеттік тілді қалыптастырғысы” келген Е.Колбин мырзаның әкімшілік қысымына да, одан кейінгі “шабуылдардан” да аман (құқықтық, заңды) күші. Бұл мәселе алдын-ала шешілмегенде “мемлекеттік қос тілдіктің” идеясының нәтижесі бұрынғыдан да бетер жағдайға ұшырайтын еді. Өз елінде басқа елдің тілін мемлекеттік тіл етіп жұмсаудан асқан азап болмаса керек. Еуропалықтардың бұрынғы отар елдері де егемендігімен бірге өз тілдерін қайта дамытуға мүмкіндік алғаны да белгілі.

Сөйтіп, егемендікке ие болу қарбаласында қол жеткен тіліміздің мемлекеттік мәртебесі оның ең мықты қорғаушы күшіне айналды. Бұл – тіл тарихы үшін керек аса маңызды құбылыс. Олай болмаған жағдайда баяғы баз қалпымызда қалатын едік.

2. Елбасының тіл тағдыры туралы түйіндеп айтқан тағы бір ірі мәселенің бірі – **“Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде”** деген сөз. Осы ой-тұжырымның мағына-мәніне ой жүгіртіп қарасақ, тіліміз бұрын-соңды ешкім айтпаған зор болашағы (перспективасы) көз алдыңа

елестейді. Тіл теориясында бұрын да айтылып жүрген: “әр халық өзінің мәңгі жасауын, тілінің мәңгілігін қалайды” деген пікірін “тіліміз өлетін болды, болашағы жоқ!” деген желбуаз пікірлердің қазақ тіліне қатысы жоқ, ол – оның жарқын болашағын айқындайтын фактор екендігін жауапкершілікпен, өте бір сенімділікпен жария етіп отыр. Қайсы ел өзінің болашағын тілімен баламалап отыр. Ал қасіретті көп тартқан қазақ тілінің жағдайында дәл сондай миссияны атқаруын елбасы ғана айта алады. Бұл мәселенің сөз жүзінде ғана қалмайтынын елбасының келесі пікірлері дәлелдей түседі.

Ол: “Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін!” – дегені тілді дамытудың көпұлтты ел татулығын сақтай отыра, Республиканың негізгі халқы – қазақтардың өздеріне бағыштаған тілегі еді. Өкінішке орай, бұл тілекті жұртшылық бірден орындай қоймады. Елбасының осы ойының бір табиғи жалғасы ретінде енді қалың жұртшылыққа арнап айтылған мына талап-тілегінен нені, қандай саяси астарды ұғынуға болады?

**“Біз барша Қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз”.**

Шынында да, бұл күн тәртібінен бірден алынып тастауға болатын мәселе емес. Өйткені орыс тілін жетік меңгеру мәселесіне, *біріншіден*, қоғамда қалыптасқан дәстүрді жалғастыру жатса, *екіншіден*, көпұлтты қазақстандықтарды біріктіру факторына жататынын ескертіп отыр. Елбасының жалпы бағдарлауы бойынша бүгінгі жаһандану процесіне, нарықтық заманға байланысты Қазақстанда үш тілдің – қазақ, орыс, ағылшын – қатар дамуы көзделінеді. Бұл халықаралық сыртқы саясаттың талабына сай Қазақстанның болашақта жержүзілік 50 мемлекетпен бәсекелесе өмір кешуінің бір шарты болса керек. **“Орыс тілі болса, біздің көз жетерлік болашақта осы бәсекелеге қабілеттігіміздің факторы болып қала бермек”** деп тұжырымдайды елбасы.

Міне, осы аталған бір топ стратегиялық мақсаттар мемлекеттік тіл проблемасына байланысты әр кезде бір айтыла салған сөз емес, бас аяғын жинақтап, жүйелеп қарағанда олар жалпы тіл дамуының перспективті үрдісін көрсете алады.

Бұл идеялар мен тұжырымдардың бәрі – шұғыл мәселе. Өкімет **“барлық проблемаларды кешенді түрде зерттеп, шара қабылдауы тиіс”** – деп тапсырма беріп отыр. Олардың орындалуы – яғни бүгінгі өмірдің өзекті бір мәселесінің шешілуі, сабырлы саясаттың саликалы қорытындысы ретінде өкіметтің жауапкершілігіне, қалың жұртшылықтың саналы көзқарасына байланысты.

Бұл пікірінде елбасы Қазақстанның көпұлтты халық өкілдерінен тұратын жұртын өзі мықтап ұстанып келе жатқан бірлікке, ынтымақтыққа шақыра отырып, ортақ мемлекеттік тіл арқылы жақындаса түсуге шақырып отыр. Ассамблеяның мүшелері елбасының бұл пікірін бірауыздан қолдағаны белгілі.

Елбасы мемлекеттік тіліміздің беделін көтеріп, жалпы жұртшылықтың құрметіне бөлеу мақсатымен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында:

**“...Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл осындай нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс”** екенін көптеген факторлармен дәлелдеп берді.

Осыншама теориялық, стратегиялық мәселелердің логикалық қорытындысы ретінде елбасы ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір айтылуға тиісті күрделі де жауапты мәселені де ортаға салып, қазағы да, басқа ұлт өкілдері де мемлекеттік тілді меңгермесе мемлекет жүйесінде жауапты қызмет атқара алмайтынын кесіп айтты және бұл құбылыстың тек Қазақстанда емес, жер жүзіндегі өркениетті елдердің барлығына ортақ екендігін де түсіндірді.

Жамағаттың есінде болса, біз өткендегі мақаламызда мәселенің дәл осылай шешілуі мүмкін екендігін жазған да едік. Өйткені мемлекеттік тілді қорғап қалу үшін кей елдердің тарихында бұл тәрізді шешімнің болғандығы мәлім. Мәселен, Түркия мемлекетінде. Кезінде бұл елде әр түрлі Еуропа, Азия халықтары (араб, иран, селжук, француз т.б.) тілдерінің әсерінен түріктің өз тілі беделінен айрылып, қойыртпақтана бастауына байланысты оны таза сақтап қалу үшін Қараман, Кония уалаятының әкімі Мехмет бей 1277 жылы: **“Үйде де, аулада да, мәжілісте де, сарайда да тек түрік тілінде сөйлейтін болайық...”** деген жарлығын жариялап, орындамағандарды жазалаған екен. Соның нәтижесінде түрік мемлекеттік тілі таза сақталып, осының құрметіне бұл елде жыл сайын “Тіл бәйрамы” өткізіліп тұрады.

Біз дәл осы тәсілді болмаса да, өз қалпына келе алмай жатқан қазақ тілі үшін де өкімет тарапынан қатал талап қойылуы қажет емес пе екен? деген пікірді айтқан едік. Бұл пікірдің қалың жұрт алдында ашық айтылып, себеп-салдарының сараланғаны қуанышты-ақ. Өйткені мемлекеттік тілдің қолдануы мемлекет құзырындағы көп ұлт өкілдерінің ара-жігін ажыратуға емес, олардың басын қосып, татулығын арттыруға бірлестіре түсуге қызмет ететіні президент сөзінде дәл айтылған. Бұл көптен бері айтылуын қалап, сабырлы саясаттың салиқалы шешімін күтіп жүрген,

он ойланып, мың толғанып айтылған үлкен тұжырымның нәтижесі еді. Ол көптің көкейінде жүрген мына мәселелерден тұрады:

- “Қазақ тілі білім беру стандартына жарамайтын, ауыл арасындағы малшы-жалшылардың қатынас құралына ғана жарайтын тіл, мемлекетті басқарып, өркениетті дамытуға лайық емес” деп, құстаналағанындай емес, оны халықаралық олимпиада түрлерінің 64 пайызы қазақ мектептері оқушыларының еншісіне тиюі жоққа шығарады.

- “Әлемде көпұлтты елдер аз емес. АҚШ-ты, Ұлыбританияны, Францияны, Германияны, Ресейді алып қарайық. Олар көпұлтты бола тұрса да, бұл мемлекеттерде мемлекеттік тілді білмей өмір сүруге және жұмыс істеуге бола ма? Әрине, жоқ” – деп, оны бұлтартпайтын уәжбен дәлелдейді.

- Елбасы “Бүгінде біздің қоғамда мемлекеттік тілді білудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінушілік бар” деп, бұл түсінік қоғамда саясат принципі бойынша мәселені асықпай, саспай шешудің нәтижесінде қалыптасып отыр дегенді аңғартады. Қазақ емес ұлттардың өз балаларын қазақ балабақшалары мен мектептеріне беру фактісі осыны білдіреді. Бұл әрекетті назардан тыс қалдырмау керек деп ескертіп отыр.

- Елбасы ендігі жерде: “... **Қазақтар үшін мемлекеттік тілді білу міндетті талап болуы тиіс**” – деп ашық айтты. Осы жауапты талап елбасы тарапынан бірден айтылып, тосынан қойылып отыр ма? Бұл талаптың бір бастамасы - “Әр қазақ өзі мен өзі қазақ тілінде сөйлессін!” деген ғибратты сөзі еді ғой. Ол бұдан 10 жылдан бұрын айтылып еді. Сол идеяны өз кезінде орындадық па? Жоқ. Ал соның есесіне біздің енді өзімізді-өзіміз қамшылауымызға тура келеді.

Елбасы: “Мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар - өз функцияларыңды қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Бұл әбден қалыпты және өркениетті шарт” – деп ол бұл мәселені түйіп айтты.

Бұл – көпшіліктің көкейінде жүрген, әркімнің мойнына ала беруіне болмайтын күрделі мәселе еді. Бұл мәселе де ашық айтылды, орындау үшін өкіметке тапсырма беріліп, мезгілі белгіленді.

Осылайша, егемендікті иеленуімізге байланысты тіл тауқыметін шешуде алғашқы қадам жасалды. Шынын айту керек, алғашында

мемлекеттік тіл мәртебесі өзінен-өзі оңай шешіле қалған жоқ... Тіл тауқыметімен бірге халықтың бітім-болмысымен қосыла сіресіп қатып қалған қасаң дүниелер көп-ақ екен. Бірден бойдан кете қоймайтын кінәрат ретінде ұлт мінез-құлқына сіңіп кеткен құлшылдық психологияны атауға болар еді. Екіншіден, қоғамдық өмірдегі ана тіліміздің қажеттігін ұмыту. “Сөзі жоғалғанның өзі де жоғалады” деген ұғымға мән бермеу. Ана тілі – халықтың жаны, тәні, рухы екенін ескермей, баяғыдан қалған дәстүрмен тарта беру. Экономикадағы, саясаттағы егемендікке қолымыз жетсе де, тілдегі егемендікті әлі игере алмай келеміз. Мемлекеттік тілімізді өз деңгейіне көтеріп, оны басқару қажеттігіне жарату, тіл заң құзырында дамытылса да оны дамытудың нақтылы жолдары өкімет тарапынан толық қамтамасыз етілмей қалды...

Латын жазуына көшу, не көшпеу туралы қалың жұртшылықтың ой-пікірін білуге бағышталған өткендегі 15 жылдың ішіндегі ой-пікірлермен оның мақсат, мазмұнымен жамағат жақсы таныс. Оларды қайталап, талдап-таратып жатуға да, санамалап шығуға да болады.

Латын жазуына өтуді қолдаушылар да, оған қарсылар да республика азаматтары арасында баршылық. Өз пікірін баспа бетінде білдіріп, өздері ұнататын әліпбе жобаларын (30 жобаны) жариялап жатқандар да аз емес. Біздің пайымдауымыз бойынша, жазуды ауыстыру жағындағылар басымырақ сияқты. Елбасының жоғарыда айтқан: **“Әйтсе де, латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие”** деген пікірі осы шындықтан туындап тұр.

Латын жазуына ауысуды қаламайтындардың уәжі әр алуан. Кейбіреулері өзінің қарсы пікірін білдірумен ғана тынса, енді біреулері ол алфавиттің кемістігін тауып, жамандауға тырысады. Ол ол ма, енді кейбір сыншылар жазудың өзін емес, сол жазуға көшуге ұсыныс жасап отырған басқа азаматтардың өз басын жамандауға, уытты тілін жұмсап, жанын жаралауға дейін барып жүргені белгілі. Осындай бір азамат:

“Жаңа әліпбидің атасы болуға соншалықты жанын салып жүрген академик Әбдуәли Қайдар” деп те қалғаны бар. Бұл не деген сөз? (Туған тіл, №2 (02), 2005, 78 б.).

Қош, сонда “менің бұл мәселені көтеруіме қандай себеп болды?”.

Оны сынаушы мырза білмеуі де, не біле тұра ескергісі келмеуі де мүмкін. Қысқасы, менің хат жазуымның себебі мынау: 1991 жылы Түркия мемлекетінің сыртқы істер министрлігінің инициативасымен Анкара қаласында егемендік алып, тәуелсіз ел болған ТМД елдерінен - Өзербайжан, Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан және Қазақстаннан

арнайы шақырылған бір топ ғалымдардың (Қазақстаннан барғандар: мен, бүгінгі ҚР Тіл Комитетінің төрағасы – Ерден Қажыбеков, бұрынғы шетел министрлігінің қызметкері Сайлаубек Батырша) жиналысы өткізіліп, онда латын жазуына өту мәселесі және осыған орай негізгі халықтардың тілінің өзіндік ерекшеліктеріне сай латын жазуының таңбаларынан қажеттілерін таңдап алу мәселесі қарастырылған болатын. Қазақ тілі үшін 34 таңба жеткілікті деп сонда белгіленген еді.

Міне, осыдан 2 жылдан соң Түркия мемлекеті 1994 жылы Анталия қаласында жер жүзілік түркітану құрылтайын шақырды. Қазақстаннан оған 50 адам делегация мүшесі қатынасты. Түркі халықтарының жержүзілік осы құрылтайында латын жазуына көшу арнайы сөз болып, “латынға өтеміз” деп Түркияның көне әдеті бойынша *“іс бірлігі, тіл бірлігі, дін бірлігі...”* деген девизбен темір төстің үстіне қойылған қыздырған ат тағасын балғамен әр халықтың өкілі атынан бір-бір адам балғамен тағаны үш рет соғып *“берген сертке берік болу”* әдетін орындап тарасқан едік.

Міне, осы берген сертке берік болудың жолы деп мен Алматыға келгеннен соң елбасының атына ашық хат жазып, осы идеяны қолдап, оны газетте жарияладым. Уытты тілін сұғып, елдің жанын жаралайтын сөздің айтылуының бір себебі осы.

Міне, сол жылдың өзінде-ақ **“латын жазуына өтуге қарсы емеспін”** деген президентіміз, үш-төрт мемлекетті алдына жіберіп, халықаралық жағдайды, жұртшылықтың пікірін пайымдап алып, араға 15 жыл салып, осы мәселеге қайта оралып, өз шешімін айтып отыр. Ол **“Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие. Және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерделеп, нақты ұсыныстарымен шығуы тиіс”** – деп ол созылып келе жатқан бұл мәселеге нүкте қойып отыр.

Жоғарыда аталған себептердің баршасы, пайымдап қарасақ, осы 15 жыл барысында орынсыз байбалам салып жатқан пікірлерді білмегендіктен емес, латын жазуының көптеген елдерде атқарып отырған коммуникациялық қызметіне және оның қолданыс шеңберінің барған сайын кеңейе түсуіне байланысты айтылғандығын көреміз.

Енді міне, өкімет өз шешімін білдіріп отыр. Оның тұжырымына қарсы болуға ешкімнің қақы жоқ сияқты. Ендігі жерде “латын жазуына өтеміз бе?” деген мәселе күн тәртібінде жоқ. Күн тәртібінде “қалай өтеміз?” деген мәселе тұруы міндетті. Бүгіндері латын әліпбесінің бойынан “кемшілікті” көбірек

тауып, құбыжық етіп көрсетуге тырысып, жиналыс шақырып, дөңгелек стол ұйымдастырып, газет-журналдарға жазып, байбалам салып жүрген кейбір азаматтардың әрекеттеріне таңғалмасқа болмайды. “Латынға қарсы боламыз ба, не көне орхон-енисей руна жазуына, араб жазуына көшуді, кирилл жазуында қалуды қалаймыз ба?” деген қияли әңгімені қайта қозғап, әлі де қарсыласып бағайық деп, біржақты ойлайтын азаматтардың қай жағынан болса да, латын жазуының басқа жазулардан артықтығын білгені жөн.

**“Қазақ тілін латын жазуына көшіру”** деген идея қазақ зиялыларының арасында еліміз егемендік алған күннен бастап-ақ сөз болып келеді. Бұл бойынша алғаш пікір білдіргендердің бірі – осы мақаланың авторы еді. 15 жылдан астам тарихы бар бұл идеяға түрткі болған 1991 жылы Қазақ елінің егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғандығын елден бұрын жарты сағаттан кейін мақұлдап, аса зор қуанышпен қарсы алған Түркия мемлекетіне іссапармен барған бірінші президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы сол елдің жұртшылығымен, сонда жасайтын қара көз бауырларымызбен кездесу үстінде “Қазақстан латын жазуына өте ме?” деген сауалына орай ол:

**“Егер халқымыз қалап жатса, ғалымдарымыз оның қажеттігін дәлелдеп жатса, оған көшуге мен қарсы емеспін!”** – деген болатын.

Мәселені алыстан байыптап, алды-артын ойланып шешетін сабырлы саясат сардарының сондағы өзінің жауабын міне, енді ғана, 15 жылдық егемендіктен кейін ғана, егемендік алған басқа елдердің тәжірибесін байқап, өз елінің экономикалық және мемлекетінің рухани жағдайын жоғары көтеріп, алға шығарып, күн тәртібіне қойып отыр.

Мұны біз сабырлы саясаттың салиқалы шешімі деп білеміз.

Латын жазуына көшуді қолдаушылар мен оған қарсылардың уәждерінде де екі түрлі салмақ жатқан сияқты. Солардың кейбіреулерін атап өтейік:

Қандай мәселеге байланысты болмасын, ұжымдық санамызды бір арнаға түсіру өте қиын. Жазу мәселесінен де біз соны көріп отырмыз. Әр топтың ұсынып отырған өз уәжі бар. Оның дұрыс-бұрыстығы екінші мәселе. Осыған орай мына мәселелерді салыстырып көрейік:

1. Жазуымызды латынға көшіріп, оның барлық проблемаларын шешіп, идеяны іс жүзіне асыру тек мемлекеттің қолынан келетін өте күрделі әрекет. Жеке адам кей пікірлерді дұрыс айтса да, аталмыш күрделі мәселені оның жеке басы іс жүзіне айналдыра алмайды. Ол әрекет өкімет қолдағанда, көпшілік жақтағанда ғана іске аса алады.

Сондықтан да болар, бұл идеяны көтеріп, көптен бері қолдп келе жатқандардың бірі ретінде – біздің әр кезде қайталап айтып жүрген пікіріміз де, міне, осы. Сабырлы саясаттың принциптері негізінде бұл мәселе 15 жылдан кейін жүзеге асқалы отыр.

2. Үйреніп қалған кириллицаны латынмен ауыстырудың қажеті бар ма? Бар екенінде, біздің ойымызша, дау жоқ. Қазақ тілінде тұрақты ұлттық жазу қалыптастыру үшін латынның фонетикалық алфавиті қолайлы. Кириллица болса, о бастан-ақ қазақ тілінің жазуын орыс тіліне жақындастыру мақсатымен “қалай айтылса, солай айт, қалай жазылса, солай жаз!” принципін ұстануға шақырды. Бір фонеманы бір таңбамен беру принципі бұзылып, алфавит 42 таңба түрінде ұсынылды. Демек, ғылыми тұрғыдан, орыс (кирилл) жазуы жалпы түркі тілдерінің, соның бірі – қазақ тілінің табиғатына сай емес, олардың барша өзіндік ерекшеліктерін ол толық көрсете алмайды. Әрбір түркі тілінде орыс әліпбесіне қосымша етіп алынған таңбалары сол тілдердің бір текті дыбыстарын әр түрлі белгілеп, олардың туыстығына нұқсан келтіріп, жігін ажырата бастады.

3. “Алфавитті ауыстыру” идеясы, “латын алфавитіне көшу” идеясының орнына “қай алфавитті таңдап алу қажет” деген идеямен шатастырылып, кейбір азаматтардың қиналатындары да кездесіп қалады.

Қалай болса да, бұлардың бәрі өкімет шешетін мәселе. Құдайға шүкір, кешегі күн емес, бүгінгі елімізде экономикалық жағынан жазу іс-шараларын толығымен қамтамасыз етуге мүмкіншілік жеткілікті. Ал қай жазуда болмасын өз сауатын ашқан үлкен-кіші азаматтардың баршасы ғұмырының аяғына дейін сол сауатын жоғалтпайтыны белгілі,

Жазу ауыстыру бір сәтте ғана жүзеге асатын әрекет емес. Ол сатыланып, белгіленген бағдарлама бойынша бірнеше жылдың (10-15 жылдың) барысында жүзеге асатын жоспарлы шаруа. Бұл жағынан бізге өз тәжірибесін көрсетіп отырған Әзербайжан, Түркменстан, Өзбекстан т.б. республикалар бар.

4. Жазу ауыстырудың тағы бір басты мақсаты, кейбіреулердің ойлайтынындай, еріккеннің ермегі де емес, жазуын өзгерткен елдерге еліктеу де емес, АҚШ, Ұлыбритания дәстүрін уағыздау да емес, қоғамдық дамудың заңды талабына сай, жер жүзіндегі ілгері дамыған 50 елмен Қазақстанның бәсекелесе дамуына, жаһандану процесінің дүмпіуіне ілесіп, оның тайқазанында бір жапырақ ет болып емес, тас түйін берік, бір бүтін ұлт болып қалыптасуымызға қажет шаралардың бірі болмақшы.

5. Жазу ауыстырудың тағы бір басты міндеті жер жүзінде күн санап



өсіп, дамып отырған коммуникациялық процестердің технологиясына (компьютер, интернет, электропошта т.б.) латын жазуы арқылы еркін араласу мақсаты.

Республикамыздың ішкі-сыртқы әлеуметтік жағдайына байланысты жазу ауыстырудың тағы бір міндеті – қазақ халқының бастан кешірген тарихи тауқыметіне байланысты. Дәл қазір 3 қазақтың біреуі, яғни барша қазақтың 3/1 Қазақстаннан тыс жерлерде жасап, әр жерлерде әр түрлі жазуды (ҚХР мен Иранда – арабтың төтенше жазуын, Қазақстан, Өзбекстан және Ресейде – кириллицаны, Түркия және барлық Еуропа мемлекеттерінде – латынды) пайдаланып, бір-бірін түсінуден қалып, тәркіленіп бара жатыр. Өзбекстандағы қазақ бауырларымыздың балалары латын жазуын меңгермегендіктен келесі жылдан бастап, өз елінде жұмыс істеу мүмкіншілігінен айрылмақшы.

Осы аталған факторлардың барлығы латын жазуына ауысудың қажеттігін тудырып отыр. Және бұл әрекет, кейбіреулердің ойлайтынындай, тым оңай да емес, түңіле қарайтын қиын да емес. Оны орындау қоғамдағы адамдарды өзара жақындастыра, біріктіре түсетінін елбасы дұрыс айтып отыр. Әріп таңбаларын оқуды, жазуды меңгеру қиындық туғызбаса да, оның емле қағидасын жетік үйрену кейбір қиындықтарды тудыруы мүмкін. Бәрімізге де ерінбей, еңбектенуге тура келеді.

Латын жазуына ауысудың түпкі мақсаты 30 шақты ірілі-кішілі елдің 3-4-де ғана емес, мүмкін болса, біртіндеп бәрінде де болғаны абзал. Сонда ғана түркі әлемі өзінің көне де ортақ рухани байлығын, құндылығын танып-білуге мүмкіндік алады.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл таңбалайтын, технологиялық өзекті мәселе, әлем жұртшылығы арасында кең тараған латын әліпбесіне көшу мәселесін көтеріп отырған елбасының ұсынысын бір ауыздан қолдауымыз керек, халайық!

*«Егемен Қазақстан». 2006, 1 желтоқсан.*

### **Санаға сілкініс қажет**

*Қазақ тілінің қадірі тек сонда ғана артады, тек сонда ғана тіл саласында түбегейлі бетбұрыс болады.*

*– Ә.Туғанбайұлы, біз өзіңізді бүкіл ғұмырын тілді зерттеуге арнаған түркология әлеміне әйгілі үлкен ғалым ретінде білеміз. Жалпы қазақ тілінің жағдайы, бүгінгі даму бағыты және қоғамымыздағы орны жөніндегі әңгімені неден бастар едіңіз?*

– Бір сенім, бір үміт деген сөз бар ғой қазақта. Біздің ана тіліміздің бүгінгі жай-күйі дәл сондай. Менің осы тіл саласында қызмет істегеніме 50 жылдан асты... 1951 жылы аспирантураға түскем. Содан бастап, осы Тіл білімі институтында еңбек еткеніме міне 51 жыл болыпты. Ешқайда ауысқан жоқпын, ешқайда барған жоқпын. Жартығасырлық ғұмырым бір институттың қабырғасында өтті. Соған қарап бүкіл өмірім қазақ тіліне арналды ғой деп ойлаймын.

Енді... жалпы тіл туралы айта берудің қажеті жоқ шығар... бүгінгі тілдің жағдайы... мемлекеттік тілге мәртебе алып береміз деп күрестік. Ондағы мақсат, біріншіден тіліміздің мүшкіл халін жөндеу, халықтың санасын ояту. Екіншіден, мемлекеттік тілге мәртебе алғаннан кейін, оның бір тұтас үстемдігі үшін заң жүзінде күресу. Әйтпесе қай ұлт тілін сақтау үшін күреспейді дейсіз. Күреседі, әрине... Соның арқасында қазіргі кезде мына мемлекеттік туымыз үшін күресу бұрынғыға қарағанда әлдеқайда дұрыстау жүргізілуде.

Мемлекеттік тіл қазақ тілі болсын деп Колбиннің заманында айқаластықта... Ол үшін кезінде Колбин республика конференциялары мен пленумдарында екі-үш рет менің атымды атап көрсетіп, талай-талай сөздерді де айтты емес пе.

Түрлі отырыстарда, жиналыстарда қайта-қайта айтып, мазасын ала берген соң сөйтті ғой...

– *Сонда ол кісінің сізді жақтырмаған себебі, екі тілді де мемлекеттік жасағысы келді ме?*

– Иә. Қазақстанда мемлекеттік тіл екеу болуы керек деген мәселе оның миына Ресейде жүргенде-ақ қатталып, сіңісіп келген. Міне, сол идеясын жүзеге асырғысы келді. Оған мен, Қазақстан өз алдына жеке мемлекет, оның өз тілі болуы керек, ал орыс тілінің өз мемлекеті бар дегенді айтып, жиі-жиі қарсы шыға бердім ғой. Сондықтан да оған жаманатты болдым, бірнеше мәрте сынға іліктім...

Әрине, ол мақтаныш емес... Оның бәрін ел-жұрт біледі. Сол кездерде қатты күрестік, «Қазақ тілі» қоғамын құрдық. Сөйтіп, сол қоғам арқылы халықтың санасын оятуға тырыстық. Абырой болғанда, ісіміз нәтижесіз қалған жоқ, елдің санасы оянды сол кезде. Мынау ауыл-ауылдардың барлығында халық балаларын қазақ балабақшаларына, қазақ мектептеріне беріп, жағдайымыз оңала бастады. Жалпы, қазақ тіліне бетбұрыс сол уақыттан бастау алып, «орыс тілін білмесең, наныңды тауып жей алмайсың» дегендей сыңаржақ көзқарас содан бастап, өзгерді деуге болады.

Бірақ, «Ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады» дегендей, бойға әбден сіңген оналуы қиын ескі дертті жеңу, одан арылу оңай емес. Олай дейтінім, қаншама уақыт бойы, санамызды ұйықтатып, көндіріп қойған халқымызға бүгінде қайта келгендейміз.

– *Неге олай дедіңіз?*

– Оның себебі, менің есебім бойынша бүгінде халқымыздың 15 пайызы өз тілін білмейтіндер де, 25 пайызы шала білетіндер.

Кезінде осыны біреулер дұрыс түсінбей, халықтың 40 пайызы өз тілін мүлде білмейтіндер деп жансақтық жасады. Бұл олай емес. Халықтың 15 пайызы ана тілімізде мүлде сөйлей алмайтындар да, 25 пайызы шалашарпы сөйлейтіндер.

– *Онда жоғарыдағы лауазымдылардың көпшілігі солардың қатарына қосылатын болды ғой?*

– Иә. Өкінішке орай, Тәуелсіздік алғаннан кейін, Үкіметке келген жастардың көпшілігі сол жаңағы 25 пайызды құрайтындардың, яғни өз тілін шала білетіндердің қатарына қосылады. Араларында мүлде білмейтіндер де бар. Міне, солардың өз ана тілін іс басқару құралы ретінде пайдалануға құлықтары жоқ. Бұл бір жағынан жалпы біздің ұлтымызға тән енжарлық. Одан соң, ең бастысы, сол үкіметте отырғандардың көпшілігінің сыртқа білдірмесе де іштей қазақ тіліне деген көзқарастары дұрыс емес. Солардың кесірінен мемлекеттік тіл мәртебесі әлі күнге төмен деңгейде.

Былайша айтқанда, қазақ тілінің пәрмені өз дәрежесінде қолданылмай жатыр.

– *Сіз жоғарыда сана оянды, бетбұрыс болды дедіңіз... Онда мұндай дәрменсіздіктің себебі неде?*

– Бұл халық дегеніміздің өзі, классикалық анықтама бойынша қалай қайырсаң солай бұрылатын тобыр дегенге келеді. Орыс тілінде сөйлеп үйренген адамдардың одан қол үзгісі келмейді. Балаларын да солай тәрбиелейді. Кейде балаларын қазақ мектебіне берген ата-аналар болса, «қазақша дұрыс білім бере алмайды» деп қайтадан орыс мектебіне береді. Бұған байланысты Үкімет не істей алады? Енді обалы қане, біршама жұмыстар атқарылды да.

Конституцияда мемлекеттік тіл белгіленді. Тілдер туралы Заң қабылданды, екі рет тіл дамыту бағдарламалары дайындалды. Президентіміз Қазақстанның болашағы – қазақ тілі деген сөзді де айтты. Амал нешік, бірақ іс жүзінде баяу жылжудамыз. Ілгерілеу бар, әрине... Дегенмен де жүз қазақтың арасындағы бір орыс үшін бүкіл мәжілісті

орыс тілінде өткізу әдетінен әлі де арылғанымыз жоқ. Осыны айтып та, жазып та жатырмыз. Бірақ нәтиже аз.

Мысалға жуырда маған Парламенттен Мәжіліс депутаты Бәкір Әбжелел Деген азамат ресми хат жіберіпті. Онда ол тілдің жағдайы онша болмай жатыр ғой, осы мәселеге байланысты тағы ақылдасайық дегенді айтыпты. Қазір мен осы хатқа жауап ретінде өзімнің ойымды жинақтап, жауап әзірлеудемін. Депутаттардың арасында да қазақ тіліне жаны ашитын азаматтардың көп болғандығы қуантады. Бірақ, халық пен оны басқарып отырған Үкіметтің өзі жуық арада тіл мәселесіне шұғыл бет бұрмаса болмайды.

– *Дегенмен де көңілге үміт ұялатарлықтай ілгерілеушіліктің де бар екендігі рас қой?*

– Әлбетте, бұл мәселеде бізде жетістік жоқ деуге болмайды. Бірқатар игі нышандардың бар екендігі рас. Мәселен, Президентіміздің өзі тағына отырар алдында қазақ тілінде емтихан тапсырғанын білеміз. Ол кісіден емтихан алғандардың қатарында мен де болдым. Енді жасыратын несі бар, Елбасымыз қазақ тілін өте жетік меңгерген ғой, тіл қорының байлығы бірден байқалып тұрды...

Міне, сондай жағдай...

– *Тіліміз бай, тек соның мемлекеттік маңызын арттыру жағғы әлсіздеу дейсіз ғой?*

– Рас, солай. Тілдің өзінде кінә жоқ. Қазақтың тілі бай. Оны қустаналауға болмайды. Олай дейтініміз, қазақ тілін жақсы білетін адам Маркс, Энгельстің еңбектерінен бастап бүкіл жер жүзіндегі тілдерді аударалады. Біздің тіліміз жетпейді деу ағаттық. Тіліміздің қоры бәріне жетеді, тіпті асып та кетеді. Қазір жер жүзіндегі бай тіл ағылшын тілі деп жүр. Оксфорд сөздігінде 1 миллионға жуық сөз бар дейді. Ал енді біз әр сөздің жеке санын емес, мағынасына қарай есептейтін болсақ, бір сөздің бірнеше мағынасы бар. Одан кейін фразеологизм дейді, тұрақты сөз тіркестері... Осылардың әрқайсысын жеке-жеке бір мағынадан есептесек, қазақ тілінде де 1 миллионға жуық сөз қоры бар.

Сондықтан да мен айтамын, қазақ тілін «қойшылардың тілі», «мемлекеттік тілге жарамайды» деп жүргендердің бәрі бос сөз.

– *Демек біздің тіліміздің мүмкіндіктері шынымен-ақ орасан десек қателеспейміз...*

– Қазақ тілінің басқа тілдерден ерекшеліктері, артықшылықтары көп. Соны дұрыс пайдалана білсек... Мысалға, біз бірінші кезекте орыс тілімен салыстырамыз. Себебі, біздің терминологиямызда орыс тілі

арқылы енген интернационалдық сөздер құрамы 75 пайызды құрайды. Осының салдарынан тіліміз біршама бояу-нақыштарын жоғалтуда. Әйтпесе интернационалдық сөздер қай тілде жоқ? Бәрінде бар. Тек біздің тіліміз сондай сөздерді өте көп мөлшерде қабылдауда. Бар мәселе сонда.

Кейбіреулер осыған орай «Біз өзге терминдерді сөз жетпегендіктен қабылдауадымыз», – дегенді айтуда. Олай емес, біздің сөз байлығымыз оларды түсінікті тілмен беруге жетеді. Тек сол мүмкіндікті өзіміз дұрыс пайдалана алмай отырмыз.

Тіліміз өте бай тіл. Еркебұлан дейтініміз, біздің тіліміз ресми тілдің стандартына көнбейді, еркін. Біздің әрбір сөзіміз ояу, астарында бірнеше мағына, бірнеше ой жатады. Міне, соның бәрі терминнің талабына сай келмейтін қасиеттер. Бір жағынан сондықтан да жан-жақтылықтан қашып, орысшасын ала бердік қой. Сөйтіп, орысша сөздерді әбден орнықтырып алдық та, енді содан құтыла алмай жатырмыз. Орысшадан қол үзгісі келмейтіндер бар.

Бір жаманы, осыны түсінбейтіндер де кездеседі. Тіпті кейбір ақсақалдарымыздың өзі «Өй, ана сөз жақсы еді құлағымызға сіңіп қалған, мына сөз жақсы еді», – деп жатады. Бұл дұрыс емес. Егер ұлт болып қалыптасқымыз келсе, кешегі мен бүгінгіні емес, болашақты ойласақ, онда ана тіліміздің тазалығын сақтауға тырысуымыз керек.

*–Өмірлік маңызы зор жанды пікіріңізге қарсы айтар дауым жоқ, аға. Бірақ, осы ұлтаралық терминдерге қатысты ғалымдар арасында не түрлі көзқарастар бар емес пе?*

– Иә, ұлтаралық лексиканы қабылдамай, қалай күн көреміз деп «жылайтындар» да жоқ емес. Олардың бұлайша қорқуы бекершілік. Өйткені, жер жүзіндегі тәжірибеге қарайтын болсақ, мысалға жапондар, 40-жылдардан бастап бүкіл техникаларды өз тілінде шығаруда. Ал олардың техника саласындағы жетістігі қандай екендігін бүгінде бүкіл әлем біледі. Қытайлар да солай. Және бұлардан басқа қанша елдер бар, тек өз тілдерін ғана қорғап, дамытып жатқан.

Кейбіреулер айтып жүргендей, интернационалдық терминдерді аударуға болмайды деген сөз дұрыс емес. Болады. Бірақ, мысалға медицина саласындағы мыңдаған латын тіліндегі атауларды аударудың жөні жоқ. Олар халықаралық деңгейде қалыптасып қалған терминдер.

Міне, сондықтан да ғалымдар жан-жақты ақылдаса отырып, ортақ шешім бойынша қабылдаса, тілімізге көптеген жаңа сөздерді енгізуге болады.

– *Жүйесіз, бей-берекет емес, ақылмен істелсе, бәрі оңды болатыны рас қой...*

– Әрине, өз тіліміздің негізінде жаңа сөздерді қабылдау керек. Өркениеттің дамуына байланысты туындап отыратын ондай қажеттіліктерге шек қоюға болмайды. Мысалға, орыс тілінің өзінде 12 мың түрік сөзі бар.

Бұл жөнінде мен талай мақалалар жаздым, бір кітапша шығардым. Қайталап айтамын. Жаппай аударуды қолдамаймын, сапалы түрде біртіндеп істеу керек бұл жұмысты. Себебі, терминология – бұл әдеби тілдің жон арқасы. Терминология принципінде ең алдымен өз тіліміздің байлығын сарқа пайдалану керек деп жазылған. Біз басында сол сарқа пайдалану дегенді дұрыс түсінбей, көптеген терминдерді жөнсіз енгізіп алдық та, тілімізді бүлдірдік. Енді қазір үйреніп қалған құлаққа бәрі жақсы, үйлесімді сияқты. Шындығында олай емес қой. Сондықтан да осындай проблеманы біржақты шешу қажет. Тілдің аса маңызды мәселелерінің бірі осы.

– *Тұтасымен алғанда, елдегі мемлекеттік тіл мәселесі бүгінде біршама алға жылжыды дей аламыз ба?..*

– Қуанарлығы сол, қазақ тілінің мәселесі Үкімет тарапынан түбегейлі түрде қолға алынған тәрізді. Бұл орайда төрт облыстағы іс қағаздарының біртіндеп, мемлекеттік тілге аударыла бастағандығын айтуға болады. Бұлар – Атырау, Ақтау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан. Мұның өзі сәл де болса ілгерілеу.

Осы тұрғыда Үкіметке И.Тасмағанбетов, М.Құл-Мұхаммед тәрізді ұлтжанды азаматтардың келгендігі көңілге үміт ұялатады. Олар қолда бар мүмкіндіктерін пайдаланып-ақ жатыр... Бірақ, кері тартатындар көп. Мысалға, теледидар хабарларын 50 пайызға қазақ тілінде жүргізу мәселесі дер кезінде өте орынды келтірілді. Біреулер оны күлкі етеді, әшейін нәрсе деп келемеждейді... Ол дұрыс емес. Өз елімізде телеарналарды 50 пайызға ұлттық тілде сөйлетудің не айыбы бар?.. Қайта бұл бүкіл халық болып, қолдайтын бастама емес пе? Бұқаралық ақпарат құралдары да осы бағытта жан-жақты, жетімді жұмыс жүргізуі керек деп ойлаймын.

– *Елбасымыз ана тілімізді кез келген әдебиетішіден кем білмейді. Ендеше неге белден басып тұрып бүкіл іс қағаздары қазақ тілінде жүргізілсін дегендей Жарлық шығармайды екен деп ойлаймын кейде мен. Бәлкім, олай жасауға болмайтын шығар. Бірақ, осылайша әліптің артын күте берсек, әлі қанша жүретінімізді бір Алла біледі... Сіз қалай ойлайсыз?*

– Біздегі қалыптасып қалған демографиялық жағдайға қарай, олай істеуге болмайды. Өйткені республикамыздың бірқатар облыстарында орыс ағайындардың саны көп. Егер жаңағы айтылғандай, Жарлық шықса, солардың бәрінің байбалам салатыны анық. Шындығында, біз сол тыныштық үшін өзімізді көп нәрседен шектеп отырмыз ғой...

Мысалға, сол Ресейдің өзінде орыс тілін білмеген адам үкімет басындағы жоғарғы қызметке тағайындалмайды. Сол сияқты Германияда да неміс тілін білмейтін адамды жұмысқа алмайды. Ал бізде ше? Бізде орыс тілі ұлтаралық қатынас құралы, ресми тіл қызметін атқаруда. Бұлай болғаны дұрыс емес. Тіл саясатындағы жалтақтықтан арылмай, ісіміздің оңалмасы анық. Соны біле тұра, түсіне тұра солай істеуге мәжбүр болудамыз.

Елбасының ойлайтыны, алдымен ел ішінің тыныш болуы. Тіл мәселесі тұра тұрар, ұлтаралық татулықты сақтаудың мемлекетіміз үшін өмірлік маңызы зор дейді ол. Бұл туралы талай ол кісімен әңгімелескенбіз. Әрине ел ішінің ынтымақты, бейбіт болуы ең басты нәрсе. Бірлігіміз ыдырамасын делік.

Ең бастысы, ұлт санасында сілкініс болуы керек. Осылай деп мен жазғанмын да. Мәселен, латын графикасына байланысты жағдай да осындай күйде...

– *Қанша айтылып, қанша жазылғанмен де осы мәселе де әзірге аяқсыз қалып жатқан секілді...*

– Иә, қанша жыл болды, латын жазуына көшу ісінде алға жылжыр емеспіз. 1993 жылы осы мәселені көтеріп, ашық хат жазғанбыз. Содан бері міне, 10 жылдай уақыт болды. Ешқандай нәтиже жоқ. Әлі күнге сөзбұйдаға салуда.

Көршілес елдердің бәрі шетінен латын графикасына көшіп жатыр. Тек біздің ғана қозғалар түріміз жоқ. Бұл Өзбекстандағы бауырларымыз үшін өте қиын. Олар қараңғы болып қалатын болды. Ауғанстан мен Моңғолиядағы қандастарымыздың жағдайы одан да қиын. Ал Қытайдағы қазақтар арапша оқиды. Сөйтіп несін айтасыз тіл мәселесіне келгенде төрт көзіміз түгел емес. Әр елдегі қандастарымыздың жазу үлгісі де, даму үрдісі де әр басқа. Идеология да бөлек... Түптеп келгенде, осының бәрі қазақ тіліне кері әсерін тигізуде. Міне, мәселе қайда! Біз сондай бір табиғи, тарихи түйінді жағдайға душар болып отырмыз. Сондықтан да, әсіресе, бүгінгі таңда бізге жүйелі де икемді, көреген тіл саясаты керек.

– *Саясат жүйелі де икемді болуы үшін заң сапалы да, салмақты болуы керек шығар. Осы арайда Тілдер туралы Заңға байланысты не айтасыз?*

– Егер Тіл Заңы жайлы айтар болсам, ондағы мемлекеттің және оны бекітіп отырған Парламенттің жауапкершілігі аз. Айтқан болады, олай істеу керек, былай түсу керек деп. Бірақ аяғына дейін күреспейді. Соны орындатуға құлықсыз. Бұл бір. Екіншіден, егер біз қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл жасағымыз келсе, бұдан батыл, жылдам қимылдауымыз керек. Жедел арада бетбұрыс жасайтын кез келді. Олай дейтінім, мемлекеттік жетекші қызметкерлердің, әкімдердің қазақ тілін білуін қатаң қадағалау қажет. Өзге ұлт өкілі болса, жедел арада тілді үйренсін, қазақ болса, ол қайткен күнде ана тілін білуге тиіс. Одан соң мемлекеттік жауапты жоғары орындарға Иманғали Тасмағанбетов сияқты мемлекеттік тілді жетік білетін азаматтарды тағайындау керек. Үшіншіден, заң талаптарын орындау үшін мемлекет қаржы бөлуге тиіс. Сонан кейін ол ақша шенеуніктердің қолында жүрмей, тиісті мақсатқа жұмсалса. Міне, сонда ғана заң пәрменді болады.

Осы жерде айта кеткеніміз орынды болар, «Кедейді кезеңде бір тонаса, ойпаңда күтіп алып екі тонайды» дегендей, бүгінгі таңда біз үшін екі тілдің проблемасы аздай, енді үшінші тіл тағы қосылды. Ол – ағылшын тілі. Глобализация туралы конференцияда осы мәселені айттым мен. Нағыз глобалдық проблема – бұл тіл... Енді, міне орыс тілі де қалатын болып отыр. Қазір халық бәрін тастап, шет тілін үйренуге кірісті. Әрине, уақыт талабына сай шет тілін білген жөн. Бірақ өз тіліңді ұмытпауың керек. Ана тілін ұмытады екенсің, онда ұлт өмірінен шет қаласың деген сөз. Міне, тілге байланысты осындай кереғар құбылыстың да алдын алғанымыз жөн.

*- Уақыт бөліп әңгімелескеніңіз үшін рахмет!*

*«Алматы ақшамы», 2002. 25 шілде. (Сұхбаттасқан М. Мұқаштегі)*

### **Ұлтты ұйыстыратын құдіретті ұйытқы**

Қазақ тілі тағдырдың тәлкегіне түскелі қашан? «Тіліміз туралы бүгінгі әңгіменің көбісі бұдан жүз жыл бұрын басталған еді» десек, біреу сенер, біреу сенбес. Ал, шынында да солай. Мәселен, Әлихан Бөкейханов 1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмеңкесінде жазылған «Қарқаралы петициясында» қазақ қоғамының ұлттық мүддесі етіп қойылған негізгі талаптардың бірі ретінде: «ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу, мемлекеттік аппаратта, сот орындарында, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою, т.с.с.» мәселелерді атап көрсетті (Ә.Бөкейханов. Шығармалары. Алматы, 1994, 13-б.). Тіл туралы талас-тартыстар бұдан кейін де тоқтаған емес. Мәселен. Сәкен Сейфуллин кезінде (1923-1925 ж.ж.) қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе



берілуіне байланысты кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу жайында «Енбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бетінде 9 мақала жариялапты. Соның бірінде: «Біздің қазақ коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірісуге бара алмай жүрсе, енді біреулері «ұлтшыл» деп айта ма деп бой тартады. Бірақ бұл қылық – коммунистік қылық емес, ол – жарамсақтық, жағымпаздық» деп жазыпты. Ол оларға: «жас буынға ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса да, оқу ісіне жәрдем қылмасандар, жас буынның қолы жағанда кетеді!» деп ескертті. Бұл кездерде қазақ тілінің тағдырына, жастарға ана тілінде білім беру, т.б. мәселелерге белсенді түрде кіріскен зиялы қауым өкілдерінен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов. Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, т.б. осы сияқты мемлекет қайраткерлерінің есімін ерекше атауға болады.

Тіліміз туралы сол дау-талас күні бүгінге дейін толастаған емес. Бұрынғы әңгіме мен бүгінгі әңгіменің бір-ақ айырмашылығы бар. 20-30 жылдары қазақ зиялылары қазақ тілінің мүддесін ашық айтып, талабын айқын білдіре алмады. Өйткені «ұлтшыл» деген «қарғыдан» (ярлықтан) қорықты, ал бүгінгі таңда демократияның арқасында тіл туралы не айтам десең де өз еркің.

Бірақ тіл үшін күресу тәсілі әр кезде әр түрлі болғанымен, кезінде «батпандап кіргенімен, мысқалдап шығып кете алмай жатқан» қасиетті ана тіліміздің кеселі біреу-ақ, ол – өз жерінде, өз елінде мемлекеттік биік мәртебеге ие бола тұрса да, қоғамдық өмірде өзінің сан алуан қызметін өз дәрежесінде атқара алмай, өрісін кеңейтіп, өз деңгейіне көтеріле алмай, әлі күнге дейін мүшкіл жағдайды басынан кешіруі.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» (Абай) дегендей, бүгінде сол тіліміз пікір айтушылардан кенде емес. Бірақ бүгінгі пікір кешегідей емес. Пайымдап қараған адам, бейнелеп айтқанда, ит талаған терідей додаға түсіп, серкедей бұтарланған тіліміздің мүше-мүшелерін әр көкпаршының қолынан көруге болады. Бәрінен бұрын ұлт тілінің иесі – қазақ халқының жанына жара салып, жан дүниесін күйзелтетіні – кешегі академик В.В.Радлов, қазақ тілін зерттеген П.Мелиоранский, демократ поляк жазушысы А.Янушкевич таңдайын қағып, таңғалған, «дала демосфендерінің тілі» деп мақтап-мадақтап кеткен тілін бүгінгі саясаткерлердің «көп ұзамай өлетін тіл» деп, кәлимаға келтірмей, жаназасын шығаруы, «мемлекеттік тіл болуға жарамайтын қойшы-қолаң тілі» деп қорлауы, «орыс тілімен теңдесе алмайтын «тесік қоржын» деп қустаналауы...т.т.

Міне, мемлекеттік тіл туралы ширыға түскен дау-дамайдың бір жағындағы топтың ол жөніндегі өзіндік ұғым-түсінігі, ұстанған принцип-үрдісі осылар және әр жерде әркімде өзінше туындап, осы төңіректен өрбіп жатқан қияли, қитұрқы, қияс ойлар. Бұл топтағылар – Қазақстанда орыс тілінің өктемдігінің мәңгі-бақи болуын армандайтын, өздерін «орыстілділер» деп санайтын орыс, қазақ, т.б. ұлт өкілдері, қазақ тілінің дұшпаны екендігін ашық танытып келе жатқан бір топ зиялы қауым.

Тіліміз туралы дау-дамайдың екінші жағында жүргендер – қазақ зиялылары: ғалымдар, ақын-жазушылар, журналистер, тіл жанашырлары. Бұлардың мақсаты – талас-тартыспен әрең алған ана тілінің мемлекеттік мәртебесін қорғап қалу, қоғамдық-әлеуметтік өмірде оның өз қызметін толық атқаруына қажетті жағдай жасап, оған қатысты шараларды жүзеге асыру. Өкініштісі, осы бір аса қарапайым да заңды талапты орындаудың өзі күні бүгінге дейін қиямет-қайымдай ең қиын істердің бірі болып отыр.

Сайып келгенде, қоғамдағы текетірестің түп мақсаты: бір жағынан, орыс тілінің үстемдігін сақтап қалу болса, екінші жағынан, қазақ тілінің үстемдігін орнату. Бірақ осы тұста ақын Олжас айтқан «Асқар тауларды аласартпай, жазық даланы асқақтатайық» деген идеяны жүзеге асыру оңайға түспей отыр. Өткен он жылдан астам уақыт ішінде «Батпандап кірген ауру, мысқылдап қана кетеді» деп білген өкімет мемлекеттік тілді бірден емес, біртіндеп жүзеге асыру саясатын ұстанды, егемендігіміздің іргесі қаланып, белі бекігенше ауадай қажет тыныштықты сақтауға тырысты. Елдегі келісім, бейбіт өмір үшін ұстанған осы саясаттан мемлекеттік тілдің ұтқанынан да ұттырғаны көбірек деп ойлаймын. Әйтпесе, көрінген көк аттының тіліміздің жағасынан алып, шаужайына жабысатын не қақысы бар еді? Мемлекеттік тіл о бастан-ақ өз мінезін таныта алмады, өз құқығын жүзеге асыра алмады. Оның негізгі екі себебінің бірі – Қазақстанда қалыптасқан демографиялық баланс болса, екіншісі – қазақ халқының болмысына тән құлдық психология.

Әлі де осы екі фактордың зардабын тартып келеміз. Тіл туралы ашық талас-тартыстарда орыс тілінің елдегі мәңгі-бақи үстемдігін қалайтындар бұрынғы партократия заманындағыдай астарлап емес, пікірлерін жасырмай айтатын болды. Халқымыз қадірлеп, қастерлеп келген қасиетті ана тілімізді аяғымен таптап, түкке тұрғысыз етіп көрсетуге тырысуда. Тілімізге жасалып жатқан «лингвотеракт» деп бағаланған (Ә.Жүнісбеков) ашық шабуылдар ана тілін сүйіп өскен

әрбір перзентке анасын балағаттаумен бірдей әсер етіп отырғанын сол саясаткерлердің өздері түсінбейтіні қасірет қой.

Тіл майданындағы талас-тартысқа қатысушылардың «орыстілділер» жағы тек орыс ұлтының ғана өкілдері еместігін жоғарыда айттық. «Іштен шыққан жау жаман» дегендей, тіл саясатына теріс ықпалын танытып отырған, кейбір қағынан жеріген киіктей өз тілінен жиренген тоғышар, енжар қаракөз бауырларымыздың іс-әрекеттері әлдеқайда қатерлі болып отыр. Мемлекет басшымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «қазақпен қазақ қазақша сөйлессін» деген талабы мұндайлардың санасына да кіріп-шықпайды. Ет пен терінің арасында болатын ескі шаншудай жаныңды мазалайтын осындай нигилистер (аттарын атамай-ақ қояйын, өздері де түсінсе болады) халық атынан «қазылығын» айтып, қазақ тілінің «кем-кетігін» бетіне басып, оны қорғаушыны айыптап, жығып беруге тырысатын жандайшаптық танытып бағуда.

Тіл қатып қалған қасаң құбылыс смес, жанды организм. Ол – өмір-бақи дамып, жаңғырып, жаңаланумен болатын, оның грамматикалық құрылымы, сөз байлығы, дыбыстық жүйесі, мағына-мазмұны, атқаратын қызметі, емлесі, әдеби нормасы, стилі жетіліп, дамып отыратын өте күрделі құбылыс.

Бұлар жанды тілдердің барлығына тән. Ал ана тіліміздің кейбір оппоненттерінің бұл саладағы «кемшілік-кемістіктерді» айтып, қазақ тілінің өзін түгелдей жоққа шығаруға, мемлекеттік тіл болуға жарамсыз етіп көрсетуге тырысатындары қанша?

Көп мысалдың ең соңғыларының біреуін ғана келтіре кетейік (бұлар көбінесе орысша жазғыш), В.Нүсіпханов деген азамат өзінің «Дайте этому языку спокойно умереть» атты мақаласында:

«Мне смешно и грустно наблюдать за тем, как у нас в стране идет мистификация языка. Давным-давно всем ясно, что у казахского языка нет никаких перспектив с точки зрения его применения в будущем. Мир говорит на английском. А мы что – будем отвечать ему на своем казахском?»

Казахский язык – это язык застолья, песен и айтысов. Он был у нас в кухне – там и останется. Сто последних лет сделали свое дело – мы похоронили язык живо, подрубили у самого корня. Так зачем надевать на высохшее дерево праздничные букеты? Там должен висеть венок. Все остальное – сплошное лицемерие, еловоблудство и пустая трата времени и денег...», – деп жалғастырады ол өз пікірін («Известия», 14.XI.2002).

Бұл автордың айтқанына құлақ ассақ, мемлекеттік тіл туралы даудайға араласып, қара тер болудың еш қажеті жоқ сияқты... Міне, өз

қандасымыздың жүрегін жарып шыққан ойы осы. Ол «ана тілім өлетін болды-ау!» деп қабағын да шытпайды, қайта «тиіспендер оған, өз жөнімен өле берсін!» деп жұртқа ақылды айтып тұрған жоқ па? Сонда қазақ тілінің тамырына балта шапқан, оның болашағын көзінен ғайып қылған кім? Ағылшын тілін білу – өз тілінен ат-тонын ала қашу ма? Қазақ тілі таңтамаша, өлең-жыр, айтыс тілі болғаны айыбы ма? Ана тілін тірідей көмуге дәтіңіз қалай шыдайды?

Ана тіліміздің әлеуметтік қызметіне байланысты түгел шешімін таба алмай жатқан мәселелері, әрине, баршылық. Солардың біразын атап көрейік.

Иә, ана тіліміздің бүгінгі ахуалы, ертеңгі жағдайы, болашақ тағдыры тіл маманы ретінде мені де ойландырмай, толғандырмай жүрген жоқ. Әсіресе, соңғы он бес жыл бойы өз басым қанды майдан болмаса да, соған бергісіз, ақын Қадырдың сөзімен айтсақ, «ықпыл-жықпылы джунглиден бетер» қарбаласта, жауың да, досың да өз ішінде, ашық айқас болмаса да, етектен басып, шаужайыңнан тартатындар көп, бір табан ілгері бастырғысы келмейтін «ғайып бір күшпен» арпалысып келе жатқандаймын.

Ол қандай күш, қандай құдірет? Мәселе, ең алдымен осыны анықтап алуда тұрған сияқты. Менің «жаман» ойым: ол «қауіпті күш» – өзімізге тән, өз халқымыздың бойындағы қасірет. Бірі – міне, осы болса, екіншісі – сол қазақ халқының өзі табиғат сыйлаған тіл шеберлігіне ие халық, түркі әлемінде одан асқан ділмәр халық жоқ.

Айқын шындық: өз алдына мемлекеті бар бүгінгі түркі халықтарының ішінде қазақ тілінің жағдайы алаңдарлық деңгейде әлі. Себебі неде?

Қазақ қауымында ана тіліміздің тағдырына, қажеттілігіне, мүмкіншілігіне, дамуына, болашағына байланысты екі түрлі, бір-біріне кереғар пікір қалыптасқаны белгілі.

Солардың бәрі мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің кешегі мүшкіл жағдайы мен бүгінгі ахуалын салыстыра бағалаудан туындаған екіұдай пікірлер. Соның бірі: «тіліміз баяғы мүшкіл халінде, өзгеріс жоқ, қайта бұрынғыдан да мүсәпірленіп барады, т.т.» деушілер. Екінші топқа жататын пікір – «қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін көтеру, беделін арттыру және оның қолданыс аясын кеңейту мақсатында бірталай іс-шаралар жүзеге асты. Олардың нәтижелері де жоқ емес, ақырын болса да алға басушылық бар»– дегенге барып саяды.

Менің бүйрегім осы екінші пікірге бұратын сияқты. Сөйте тұра, екі пікірдің екеуіне де айтар базынам бар. Бірінші пікірді кейбір кереғар адамның аузынан есту «аузын қу шөппен сүртіп», барды жоқ деп айтуға дағдыланған, «түймедейді түйедей етіп көрсетуді» әдетіне

айналдырған, жаңалықты көре алмайтын қияс, жымысқы адамды көз алдыға елестетеді.

Екінші пікірді естігенде, «істеліп жатқан іс-әрекеттердің, қабылданып жатқан қаулы-қарарлардың нәтижесі не болды екен?» – деп жан-жағымызға қараймыз. Қараймыз да, олардың орындалу барысына қарнымыз тоймайды. Өйткені ана тілімізге байланысты сананың оянуы, ынта-жігер, ықылас-ниет қалың жұртшылықтың тұла бойына терең сіңіп, ұлт табиғатына толық дарымай отыр. Сондықтан да, бұл саладағы іс-әрекеттің бәрі, сайып келгенде, «міне, біз мемлекеттік тілді үйретіп жатырмыз, іс-қағаздарын аудартып жатырмыз, тіл фестивальдерін өткізіп жатырмыз, қаулы-қарарларды орындап жатырмыз...» – деген сөздер тек ақпарат жүзінде ғана көрініс тауып отыр.

Бірақ, қалай болғанда да, мемлекеттік тілімізде бір табан болса да ілгері жылжу бар. Қоғамдық өмір ортасына қайта орала бастады. Өз үйінің құрметті төріне бірден шыға алмаса да, жетім баладай есіктен қарауын қойып келе жатыр. Алайда, мемлекеттік тіліміздің өз деңгейіне көтерілуінің ауылы әлі алыс, оның көкжиегі асыл армандай мұнарланып қана көрінеді.

«Ол мақсаттың орындалуы үшін не істеу керек?» деген сауалға менің өз басым: егеменді еліміздің ең бір игілікті шарасы ретінде қоғамның барша құдіретті күш-қуаты, Конституция, Тіл заңы, қаулы-қарарлардың пәрменді әрекеті ұлттық санамызды оятуға, елдігіміздің рухын паш етуге бағышталуы керек деп білемін.

«Тіл туралы» Заңның соңғы бетін (VI тарауын) оқысаңыз, оның жүзеге асырылуы, қаржымен қамтамасыз етілуі, орындалуын бақылау – бәрі Үкіметке жүктелген. Заңды шығарып, бекітуші бүгінгі Парламент бұл міндеттен дін аман. Ең болмаса, «Заңның орындалуын қадағалау» деген де тапсырма жоқ.

Сондықтан да, мен тіліміз егемендіктен бұрын да, одан кейін де өгей баланың күйін кешуде деп ойлаймын. Олай дейтін себебім: мәселен, Жапония ұлттық табысының пәленбай пайызын өз тілін көркейтуге бағыштап отырады екен. 40-шы жылдары компьютер техникасы мен технологиясын қай тілде дамытамыз – жапон тілінде ме, жоқ, әлде ағылшын тілінде ме?» – деген проблема күн тәртібіне қойылғанда, жапондықтар «тек жапон тілінде ғана дамыту керек» деген шешімге келіп, бүгінде бұл салада АҚШ-пен тайталасып отыр.

Мемлекеттік тілді дамыту үшін жай сөз, құрғақ уәде, жалған мағлұмат емес, күшті мемлекеттік саясат, айқын идеология және қыруар

қаржы қажет. Ал өкімет тарапынан тіл дамыту мақсатына (қабылданған бағдарламалар бойынша) қанша ақша бөлінді екен? Меніңше, жаңа ғана мемлекеттік мәртебе алған, бұрыннан да соқталанып қалған проблемалары шаш-етектен тілімізге бөлінген қаржы оның жұмырына жұқ та болған жоқ. Мемлекеттік тіліміз күні бүгінге дейін «қалдықты болу принципі» («остаточный принцип») бойынша күн көріп келе жатқан бейшаралық халде.

Ау, ағыл-тегіл қамбаға да, қалтаға да түсіп жатқан байлықтың ең болмаса бір мысқалын тілге бұратын қазақжанды азаматтың билікте болмағаны ма?

Тіл туралы заңның өз басында да кінәрат аз емес. Төрт құбыласы сай, төрт аяғы бірден тік тұра қалатын Заң бола бермейді. Сондықтан да 1989 жылы қабылданған «Тіл туралы Заң» сияқты (ол Заңның кемшілігі туралы менің мақаламды қарауыңызға болады: «Ана тілі», №7, 18.02.1943) кейінгі Тіл заңының да (1997 ж.) кемістіктері аз емес. Соның ең бастысы екеу: «мемлекеттік тілді құрметтеу Қазақстан халқының үлкен-кіші баршасының парызы болса, ал оны меңгеру – ауылдан бастап, республика деңгейіндегі жауапты қызмет иелерінің (бірінші және екінші басшылардың) міндеті» деп жазылмауы; екіншісі – орыс тілін «ресми тіл» деп мемлекеттік тілмен қабаттастырудың қажетсіздігі.

Тіл заңы да, Конституция да дәл осы қалпында қала берсе, екі тілдің текетірестік қалпы әлі де созыла берері даусыз. Қазақстандағы халықтардың жартысынан көбі өзін «орыс тілділікпіз» деп санайтын жағдайда мемлекеттік тілдің беделін көтеріп, қолданыс аясын кеңейту өте қиын.

Міне, солардың біріне – бірден болмаса да біртіндеп, мекеме ұжымдарының ұлттық құрамына қарай іс қағаздары мен ресми құжаттардың, мандайша-жарнамалардың бәрін мемлекеттік тілге көшіру мәселесі жатады. Бұл игілікті істің үш-төрт облыс көлемінде, кейбір министрліктер мен аудандарда, мекемелерде жүзеге аса бастағанына өзіміз де куәгерміз.

Алайда, менің байқауымша, бұл мәселені шешуге байланысты, егеменді еліміздің тарихында ғана емес, халқымыздың жалпы тарихында алғаш көтеріліп отырған осы бір жауапты проблемаға – «мемлекеттік тілде сөйлету, басқару проблемасына» – немқұрайдылықпен қарау әдеті дәстүрге, үрдіске айналып бара жатқан сияқты. Бұл – бүгінде соқталана бастаған көзбояушылықпен барабар құбылыс, ол басқа емес, ащы болса да ашығын айтсақ, әр түрлі деңгейдегі шенеуніктер мен ел билігіне араласып жүрген әрқилы лауазымды азаматтардың, мекеме басқаратындардың

қырсыздығы мен енжарлығына тікелей байланысты әрекеттердің салдары. Олар іс қағаздары мен ресми құжаттарды өздері жазу былай тұрсын, тіпті оны, біреуі – қазақ тілін білмегендігінен, екіншісі – тілге шалағайлығынан, ал үшіншісі – енжарлығынан оқымайды да.

Егер өкіметтің барлық қаулы-қарарлары мен заң, ресми құжаттары мемлекеттік жауапты адамдардың өздері ойланып-толғанып, тікелей араласуымен жазылмай, жалдамалы аудармашы-хатшылар арқылы ғана жазылып, осы үлгі-тәсіл бойынша дәстүрге айналып кетсе, онда аударма тіліне айналған мемлекеттік тілдің көсегесі көгереді деп өз басым ойламаймын.

Бұдан шығудың жолы қалай?

Біріншіден, «бұл мекемеде мемлекеттік тіл жүріп жатыр» деп жоғарыға жалған ақпарат беруді тоқтату керек – бұл басшылардың өзін-өзі, өкіметті және халықты алдауы. Екіншіден, егемендігімізге он жылдан астам уақыт өтсе де, Конституциядан тартып, қарапайым қаулы-қарарлардың, заң, өкімдердің барлығы алдымен орыс тілінде жазылып, содан соң қазақ тіліне аударылып келе жатқанын мойындаған жөн. Аудармада қазақ санасына сіңімді, рухына сай, етене жақын ой-пікірден гөрі ақаптал, сірескен дүние болып тұратындығы газеттерде аз жазылып жүрген жоқ.

Бұдан құтылу тек мемлекет қолынан ғана келеді. Бүкіл мемлекет бойынша ауылдан Президент Әкімшілігіне дейінгі (және керісінше) жүргізілетін барша іс қағаздарын ортақ бір жүйемен мемлекет тілінде жүзеге асыратын және оларды орыс, туыс, т.б. шет тілдеріне аударатын арнайы мекемелер құрылуы және олардың істері барлық деңгейде қаржыланып, кадрлармен қамтамасыз етілуі, өкімет тарапынан тұрақты бақылауға алынуы қажет.

Онсыз мемлекеттік тілдің өз міндетін толық атқаруы мүмкін емес.

Өз тарихымызда қазақтардың біртұтас халық болып қалыптасқанына, біртұтас (монолитті) тілге ие болғанына 5-6 ғасыр болды деп көрсетіледі. Міне, сол қазақтың өз атамекенінде тек үштен екі бөлігі ғана, ал қалған үштен бірі Қазақстаннан тыс елдерде (ҚХР-да, Моңғолияда, Ресейде, Түркияда, Иранда, Ауғанстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркіменстанда, т.б.) жасайтыны баршаға белгілі. Демек, бұл – халқымыздың 4,5-5 миллиондайы әр түрлі мемлекеттердің құрамында, әр алуан әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени және тілдік жағдайда ғұмыр кешіп отыр деген сөз. «Төрт көзі түгел емес» дегенде біз осыны айтып отырмыз.

Тұтас халықтың әр алуан себептерге байланысты жер жүзіне тарыдай шашылып, бытырап жүруі – көп халыққа тән табиғи құбылыс

болса да, қазақ сияқты ұлан-ғайыр жері бар, аз санды халық үшін, әсіресе, оның тілінің толыққанды дамуына көптеген кедергі келтіретіні сөзсіз. Қазақ диаспорасының тілі ортақ рухын сақтаса да, әдеби тіл нормалары мен даму үрдісін бірдей деп айту қиын. Диаспора тіліне әр аймақтың, әлеуметтік ортаның, басқа тұрақты елдің, мемлекеттің өзіндік салт-дәстүрі әсер етпей тұрмайды. Оқу-тәрбие, жазу-сызу (кириллица, араб, латын, т.б.), қоғамдық өмір т.б. факторлардың баршасы диаспоралық тіл шоғырларын мемлекеттік тілден алыстатпаса, жақындатпайды; жазу тілі арқылы араласу қиындай түседі. т.т.

Қазақ әдеби тілінің бірыңғай да бірегей қалыптасуына кедергі болып отырған халықтың бұл бытыраңқы жағдайы, өткен тарихымыздың ісі деп қараған күннің өзінде де, барша қазақ халқына мемлекеттік тіл болып отырған қазақ тіліне теріс әсерін тигізері сөзсіз. Қазақ диаспорасының 3-4 түрлі жазуды пайдалануының өзі қандай қасірет. Көрші отырған Өзбекстанда өзбек халқының латын жазуына көшіп, осында жасайтын 1,5 миллиондай қандас бауырларымыздың кириллицада қалуы қазақ балаларына Өзбекстандағы жоғары оқу орындарына түсу жолын кесіп тастап отыр. Ол туыстарымыздың жанайқайын күнде естіп отырсақ та, Қазақ өкіметінің қолдан келер қайыры жоқ.

Осы сияқты тілдік проблемалар Қытай қазақтарының да, Ресей қазақтарының да, Түркия, т.б. шетел қазақтарының да ортасында бар.

Бұл проблемаларды шешудің жолы өте қиын, әрине. Жержүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары, жазушы Қалдарбек Найманбаев бұл құбылыстың салдары туралы айта келіп:

“Демография ғылымында “жоғалған ұрпақ” дейтін ұғым бар. Ол, әдетте, өз тілін ұмытқан, ұлттық тамырынан қол үзген, болашағы жоқ буынға байланысты айтылады. Көп шетелдік қандастарымызға қатысты осындай қауіп барлығы бекер емес”, –деп ескертеді.

Мемлекеттік тіліміздің бір тағаны – қазақ диаспорасы екеніне мән берсек, ерте ме, кеш пе, әйтеуір, “олардың бәрін мемлекеттік туымыздың астына, мемлекеттік тіліміздің құзырына топтастыру” деген ұғым-идеяны жүзеге асырудың бағдарламасын бүгіннен бастап ойластырған жөн. Бұл игілікті іс мемлекет ауқымында белсене қолға алынып жатқаны да бізге белгілі. Бірақ “әттеген-ай!” – дейтін жағдайлардың да көп айтылып жүргендері бар.

Қазақтың тағдыр тәлкегіне ұшырап, жер жүзіне тарап кеткен ұрпақтары өз топырағына жиналып, оларға жағдай туғызылып, іргелі ел болып жатса, мемлекеттік тілдің де тағдыры біржолата шешілер еді. Елбасы Нұрсұлтан



Назарбаев Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайында жасаған баяндамасында атап көрсеткеніндей, “Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі, әрине, тіл. Өйткені, толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болу мүмкін емес”.

Тіл тағдырына өзіміз араласып жүргендіктен бе, қайдам, кейбір тілге деген жауапкершілігі бізден мол болмаса, аз болмауға тиіс лауазымды адамдар (олардың жалпы атауы – шенеуніктер) мен жақсы-жайсандардың (оған депутат мырзаларды да енгізуге болады) тілге деген көзқарасы адамды қайран қалдырады. Бұдан бірнеше жыл бұрын газет арқылы «мемлекеттік тілді бір жылда үйреніп шығамыз, мекемеде дамытамыз, өйтеміз де бүйтеміз!» деп, калың жұрттың алдында уәде берген министрлер мен ведомство басшыларының біразы орындарынан тайып кетті де, қалғандары “шолақ белсенділігін” баяғы үйреніп қалған “тәсілімен” жалғастыруда. “Қой!” дер жоқ болғандықтан ба, кім білсін, әйтеуір, қың беретін түрі жоқ. Басқаларды былай қойғанда, тіпті өз ана тіліне іші жылымайтын, оған деген перзенттік парызын ойламайтын азаматтар жөнінде не айтуға болады? Шетелге елші болып, бір дипломаттың басқа жерде емес, Парламенттің төрінде тұрып көрсеткен «үлгісін» не деуге болады. Әрине әбестік! Бұл енді біздің қазақ зиялыларының көпшілігіне тән «жас ұрпағының» қасіретті қайтарымы болып көрінеді. Әкесі қазақ тілінің жанашыры болып жүрсе, ал ол мәпелеп өсірген баласы аяламақ түгілі менсінбейтін мінез көрсеткені қандай өкінішті. Бұл қазіргі қазақ зиялыларының басындағы бір құбылыс болып тұр.

Пайымдап қарасаңыз, шетелде жүрген азаматтардың көпшілігі өз тіліне шорқақтар. Жоқ әлде «шет елдердегі тек өз тілінен жерігендер ғана бару керек» деген шешім бар ма? қазақ тілінің беделін шетелдерде де көтеру қажет емес пе?

Бұл кеселмен қалай күресу керек? Менің «жаман» ойым: тіліміз үшін күрестің басталғанына (кейінгі тарихи кезеңде әрине) Желтоқсан толқынынан кейін, 15-16 жыл, мемлекеттік мәртебе алғаннан бері – табаны күректей 13 жыл өтіпті.

Тіл үшін күресті біз еліміздің тыныштығы мен бейбіт өмірін сақтап, жағдайды ушықтырмай, парасаттылықпен жүргізіп келеміз. Оны дос та, дұшпан да білуі тиіс. Бірақ онсызда қасіретке шалдыққан тіліміздің ендігі тағдырын «тыныштық» ұғымының құрбандығына шалып, қашанғы оның аяқ-қолын байлап отыра береміз? Меніңше тіл жағдайын жөндеуге қажетті екі шарттың екеуі де қазір бар сияқты: біреуі – тыныштықтың негізі қалыптасты; екіншісі – демографиялық жағдай жөнделді (халықтың 52-53 пайызы қазақтар болып отыр).

Ашығын айтсақ, мемлекеттік тілді «құрметтеп, аялап, тағзым етіп» болдық қой деймін. Ендігі жерде төрт деңгейде (аудан, қала, облыс, республика көлемінде) басшылық етуге тағайындалатындар мен сайланатындар қазақ болса, мемлекеттік тілді 6 айдың ішінде, басқа ұлттардың өкілі болса, бірі жылдың ішінде еркін (сөйлеу, оқу, ойын жазу, ұғу) меңгеруге тиіс, оның орындалуын қатал қадағалап, жүзеге асыру керек. Несі бар, өркениетті елдердің (Германия, Франция, Ресей т.б.) көрсетіп отырған үлгісін қабылдасақ, айыпты боламыз ба?

Қоғамның саяси өмірін – тіл тағдырынан аулақ тұрған құбылыс деп айта аламын. Талай партиялар құрылып, халқымыздың жарқын болашағын құру тек менің қолымнан ғана келеді деп кеудесін қаққан басшылары мен белсенділерінің сөзін естіп, бағдарламаларын оқып келеміз.

Міне солардың ең болмаса біреуі, ынты-шынтымен мемлекеттік тіл тағдырын сөз етті ме, бағдарламаларында өзекті бір мәселе етіп қойды ма? Жоқ қойған жоқ. Тым болмаса, қалың жұрт, қарапайым халыққа арналған «жалынды» сөздерін ол белсенділер мемлекеттік тілде айта алмай, баяғы ескі «әуенмен» сарнағанынан саналы азаматтардың көбінің-ақ «жарқын болашақтан» үміттенуі тұрмақ, түңіліп, қайтқандарын да көріп жүрміз.

Тіл түзелмеген мемлекетте саяси партиялар мен демократиялық әрекеттердің түпкі мақсаттарына мен өз басым түсінбеймін. Өйткені, жақсы өмір мен еркіндікті аңсаған халқымыздың өз тіліне деген көзқарасын, аңсаған арманын біз Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып, тіліміздің мемлекеттік мәртебесі үшін күрескен азаматтарды жақсы білеміз. Сол бір алғашқы 5-6 жыл ішінде ана тіліне деген бұрынғы қасаң көзқарастың күрт өзгеріп, қалың жұрттың өз тіліне қауырт бет бұрысы әлеуметтік сілкініс тудырған еді.

Бүгін де сол халық қой. Партиялар мен демократиялық қозғалыстар сол халықтың күйін күйттеп, жырын жырлағысы келсе, неге оның осынау бір шиыршық атқан түйінді де, шытырман, шатағы мол тіл проблемасына бәрі бірдей, самарқау енжар? Өз басым осы партиялар мен демократиялық қозғалыстардың елдің, мемлекетіміздің жағдайын жақсартуға бағышталған іс-әрекетіне, ниетіне, сенем де түпкі мақсаты – билікке қолын жеткізу ме деп ойлаймын. Бірақ, олар өз алдына қандай мақсат қоймасын, қазақ тілі толыққанды тіл болмаған жерде ұлттық мемлекеттің де пайда болуы неғайбыл.

Енді бұған кім не істей алады? Партияларды құру Заңы қабылданды. Сол заңда әрбір партияның өкімет, халық мүддесімен ортақ, соған сәйкес

келетін, басқа мақсаттардан ерекше: жерге, экологияға, ауылға, білімге, денсаулыққа, т.б. деген келелі де, үздік мүдделері болу керек.

Біз сонда ғана ана тіліміздің мүшкіл хәлін жөндеуіміз мүмкін.

Тіл байлығының бір өлшемі – сөз байлығы. Бірақ сөз байлығы сөздердің санымен ғана емес сапасымен де, мән-мағынасымен де өлшенеді Соған қарағанда, қазақ тілі – өркениетті тілдердің бірде-біреуінен кем емес, сөз қоры 1 миллионға жуық мағыналық бірліктен (“смысловые единицы”) тұратын бай да бейнелі тіл. Мұны айтып отырған себебіміз: кейбір саясаткерлер мен өз қағынан жеріген тоғышарлардың, тіл білмейтін кейбір “жаңа қазақтардың” “қазақ тілі кедей тіл, ол мемлекеттік тіл болуға жарамайды”, “ол – қойшы-қолаңның қарабайыр тілі”, “құнарлы қоры тоқтамайтын тесік қоржын” деп, сан-саққа жүгіртіп, даттап, күстәнәлауларының түпкі мақсаты мемлекеттік тілдің беделін түсіру, мәртебесін қызғану, қайткен күнде де орыс тілінің өктемдігін ұзағырақ сақтап қалуға тырысудың айла-амалдары, қиястық сөздер.

Мұндай жағдайда ғалымдар қазақ тілінің шынайы болмысын, барша мүмкіндігін ашып көрсете білуі керек. 1 миллионға жуық мағыналық бірлігі бар тілдің мүмкіншілігін айтып, дәлелдеп жатуға дәл қазір жер тар, әрине. Бірақ – бұл шындық. Солай бола тұрса да, “неге қазақ әдеби тіліндегі жалпы терминологиялық лексиканың басым көпшілігі, (75%) орыс және интернационалдық терминдер?” – деген сауал тууы мүмкін. Оған төмендегіше жауап берген болар едік:

– біріншіден, тілімізде термин жасаудың “өз тіліңнің сөз байлығын сарқа пайдалану керек” деген негізгі принципін орындауда о бастан-ақ қазақ қауымының енжарлық білдіріп, қиындыққа бармай, оңайына бой ұрып, орыс-интернационал терминдерді есепсіз көбейтіп алуы:

– екіншіден, қазақ тілінің ерке-бұлан қасиеті, бейнелеуіштік, образдық табиғаты кез келген сөзді бұғау салып, термин етіп қолдана беруге көне бермеді.

Ал еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болған бүгінгі таңда бәрін бұрынғыша жүргізіп, жалғастыра беру болашаққа да, жаңа тіл үрдісіне де қиянат болған болар еді. Сондықтан қазақтың саналы азаматтары ортасында термин жасау, тілді терминдендіру деген процесіне жаңаша да көзқарастар бар. Ол –қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалану”, “терминжасамдағы шарттылық” принципін сақтап, кешегі Ахмет Байтұрсынов бастаған игі дәстүрді (онда да мүмкін болғанынша, әрі бірден емес) біртіндеп жалғастыру деген үрдіске байланысты.

«Қазақ тілінің сөз байлығы» дегенде айтылар әңгіме көп-ақ, Соның ең бастысы – тіліміздегі барша қазына байлықты түгел де ұқыпты жинап, бір

арнаға тоғыстыру, компьютердің жадына жазып, мағына-мәнін түсіндіріп, қолданыс аясын анықтап, айқындап мемлекеттік тілдің лексикалық, фразеологиялық, т.б. қорын жасау, оны мемлекет қамқорлығына алу.

Мұндай игілікті істің тамаша үлгісін Маскеудегі Орыс тілі институтынан көруге болады. Осы күнге дейін “қазақ тілінің сөз байлығы, мағыналық байлығы қанша?” деген сауалға бірде-бір ғалым жауап бере алмайды. Сөз – базардан қаптап алып, қапшықтап тарататын картоп емес, әрбір жаңа түбір (одан сөз туындай береді ғой) тілде ғасырда бір пайда болатын өте сирек құбылыс, феномен. Сондықтан олардың барлығы өркениетті ел дәстүрінде қатталып, паспортталып, компьютер жадында мәңгі-бақи сақталып, толығып отыруы керек.

Мемлекеттік тілдің ең жанды, әрі сезімтал тетіктерінің бірі – ақпарат құралдары: баспасөз, радио, теледидар екендігі баршаға мәлім. Бұларсыз жұртшылық – керен, мылқау, соқыр бейнелі. Сондықтан да мемлекеттік тілдің үрдісі, қолданыс аясы, атқаратын қызметі осы құралдардың қаншалықты жүзеге асуына тікелей байланысты.

Мемлекеттік тіл мен орыс тілінде шығатын газет-журналдардың ара салмағы – саны мен таралымы – шамамен 30 бен 70 пайыз болғанда, радио мен теледидар бағдарламаларын 50 пайызға жеткіземіз деп (әсіресе, Иманғали Тасмағамбетов пен Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзалар) қанша жанталасып жүрсе де қасаң болып, қалыптасып қалған дәстүрді өзгерту қиын болып тұрғанын бәріміз де көріп отырмыз.

Бүкіл отбасы, ошақ қасымыздан тартып рухани өмірімізді билеп-төстеп отырған теледидардың мемлекеттік тілімізге ашықтан-ашық шабуылының зиянын, әсіресе бүгінгі жас ұрпақтың болашағына келтіретін қасіретін еш нәрсемен өлшеуге болмайды.

Одан шығатын жол: егер өкімет, мемлекет сыртқы әсер мен ықпалдың тек игіліктісін ғана таңдап алып, зияндысынан өзін таза ұстау идеологиясын қатал жүргізе алмаса, жоғарыдағы басқа тірліктің бәрі жақын жылдардың ішінде босқа кететіні сөзсіз.

XXI ғасырда айқын сезіле бастаған да, ашық айтылып та жүрген жаһандану үрдісінің демеушісі АҚШ-та, оның тіл саласындағы ұстанған саясаты – ерте ме, кеш пе, ой әйтеуір, жер жүзіне ағылшын тілінің үстемдігін жүргізу. Бұл процес ғылым мен техника, экономика, мәдениет, т.б. саламен қабағтаса, бүкіл Азия елдерінің де көбіне ене бастады. Қазақ өмірі де содан тыс қалып отырған жоқ.

Басқа ұлттарға, әсіресе қалыптасып тұрақтанған елдерге бұл процесің әсері өзгеше болса да мемлекеттік тілінің жағдайы өзімізге белгілі қазақ еліне

тигізер әсері бірден игілікті де бола қоймайтын сияқты. Біз үшін, біздің тіліміз үшін, бұл жаһандану қазақ атам айтқандай: «Кедейді қарақшы кезеңде күтіп алып бір тонаса, ойпатта жатып алып екі тонайды» дегеннің керін келтіретін сияқты.

Қазақ тілі орыс тілінің өктемдік әсерінен құтыла алмай отырғанында, ағылшын тіліне қақпасын ашуға мәжбүр. Ал ағылшын тіліне лап қойған жастар қазақ тілі тұрмақ, орыс тілінің өзіне селқос қарайтын болды.

Міне, жаһанданудың тілімізге тигізер әсері.

Ендігі мақсат-жаһанданудың тайқазанында ең болмаса “қазақ” болып қайнау үшін қолдан келетін айла-амалды ойластыруымыз керек.

Қорыта келгенде айтарым: мемлекеттік тілімізді аман сақтап, тұрақтандырып, ілгері дамыту үшін қазақ баласына, бәрімізге ұлттық сана азаматтық биік тұғыр; мемлекеттік идеология қажет-ақ.

Ана тіліміздің атқаратын қызметтері қандай? Әдетте, оның негізгі қызметін – адамдар арасындағы құралы деп санайды. Алайда оның сан алуан қызмет атқаратынын қарапайым жұрт біле бермейді. Мәселен көркем шығарма тілі адамға эстетикалық ләззат сыйласа, тілдің жинақтаушылық қызметі халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени байлығын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, танымдық қасиеттерін бойында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға мұра етіп жалғастыратын қасиетке ие. Ол ғана емес, тіл – қорған, тіл – қару, өнер алды –қызыл тіл, тіл– ұлттың жаны мен тәні, т.т. Сонымен қатар: тіл – елдің елдігінің кепілі, ұлтты ұйыстыратын ұйытқы.

Осылардың әрқайсысы жеке-дара философиялық ұғымдар. Өз тілінен айырылған ел – ел емес, ұлт – ұлт емес. Өйткені, этностың ұлт санатына қосылуы үшін қажетті де міндетті шарттарына: ортақ табиғи орта, ортақ күнкөріс көздері, ортақ тіл, ортақ психология жататыны белгілі. Сондықтан да қазақ халқы бүгінгі жержүзілік жаһандану процесінде біртұтас ұлт болып калуы үшін ана тілінің тас түйін етіп ұйыстыратын ұйытқысы болар құдіретті күшіне сүйенуі керек деп білеміз.

*«Егемен Қазақстан», 30 қазан 2002 жыл*

### **Халқымның алтын діңгегі — Сыр бойы**

*– Қазақ тілі туралы заң қабылдауға белсенді атсалысқан азамат ретінде, республикалық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде сол Қазақ ССР Заңының қазіргі жүзеге асу барысы туралы айтсаңыз?*

– Әрине, заңның іске асуы жөнінде бір ауыз сөзбен келте қайырып айту қиын. Өйткені, қазақ тілі туралы Заңның дүниеге келуі қаншалықты қиын болса, оны іске асыру да оңай болып отырған жоқ. Қабылданған заң тәртіп

бойынша іске асуы керек. Оны іске асыру үшін толып жатқан шарттар сақталуы тиіс. Біріншіден, заңның өзінің қабылдануы, яғни мемлекеттің ана тілін ұстап қалу, оны болашақта дамыту үшін заңдандырылуы үкімет тарапынан жасалған қамқорлық деп бағалау керек. Бұл бізде бар. Екіншіден, заңның іске асуына қажетті, оны қамтамасыз ететін мемлекет тарапынан тиісті қаражат бөлінуі керек. Қазақ ССР үкіметі 2000-шы жылға дейінгі қазақ тілі туралы бағдарламасында бұл туралы атап көрсеткен. Егер соның бәрі іске асатын болса онда біздің заңымыз толық жүзеге асады деп ойлаймын. Бұл бағдарламада қазақ тілі үшін 2,5 миллиард сом қаржы бөлінеді делінген. Қазіргі қалыптасқан экономикалық жағдайға байланысты ол әлі бөлінген жоқ.

Үшіншіден, заңды ел болып, жұрт болып шын көңілден ықыласпен қабылдау, оған қолдау көрсету қажет. Тілге ықылас болмаған жерде нәтиже шығуы қиын.

Төртінші, бүкіл ел болып, жұрт болып халқымыздың ұлттық, жұрттық сана-сезімін ояту керек деп білемін. Өйткені, бүкіл республика бойынша қазір 17 облыс, 80-нен аста қала, 250-ден астам аудандарда «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдары құрылып болды. Өз жұртымыздың қазақ тіліне деген ықыласы, ынтасы өте жоғары. Соған қарағанда бұл қоғам ерте ме, кеш пе өзінің алдына қойылған міндетін орындайды деген нық сенім бар.

Әрине, қазір заң ойдағыдай еш кедергісіз іске асырылып жатыр деп айту қиын. Өйткені, 70 жылдан бері қағажу көріп келген тілімізді қалпына келтіру үшін уақыт керек. Бұған ең кемінде 5–10 жыл қажет. Бұларды заңның орындалу барысына байланысты айтып отырмын.

– *Әбеке, қазақ тілі туралы заңның іске асуына кедергі болып жүргендер туралы айтсаңыз?*

– Біз заң қабылдағанда оны орындалады, оны іске асыру міндетіміз деп қабылдадық. Бірақ, қазірдің өзінде заңға оң жақтан да, сол жақтан да шабуыл жасаушылар бар. Біреулері, ол тіпті қазақ халқының өкілдері, олар тілдік нигилизмге салынғандар. Олар қазақ тілінің қажеті қанша, онсыз да көшіміз жүріп келеді ғой дейді. Біз олардың біразымен күрес жүргіздік, біразына сын айттық, бірқатарына түсіндірдік. Олардың бірсыпырасы қазір түсінгендей сыңай білдіріп жүр. Сондай-ақ кейбір адамдар ашығын айтқанда сол заңның болашағына сеніңкіремейтін пиғыл білдіреді. Бұлар әсіресе, қазақтың зиялы қауымы, орысшаға ден қойып кеткен совет, партия қызметкерлерінің арасында бар. Реті келсе бұлардың бірқатарының аяқтан шалу, етекпен басу, кейін тарту секілді

әрекеттері байқалып қалады. Екіншіден, қазір ашық айтып жүрміз, басқа ұлттардың өкілдері, әсіресе орыс ұлтының өкілдері біздің заңымызды өздері үшін құбыжық көретін пиғыл білдіріп жүр. Осы заң азаматтық праволарына зиянын тигізетіндей, күндердің күнінде қазақ тілі арқылы өздеріне қысым жасалуы мүмкін дегендей қарсы әрекет жасайды. Мінеки, осы жағдайларға қарамастан бүгінгі таңда жүз процнт деп айту әрине қиын, бірақ заң өзінің күшіне енгенінен бері, одан бұрын да ел болып, жұрт болып жүргізген жұмыстың нәтижесінде кейбір жоспарлы істер жақсы басталды.

Заңның жүзеге асуының жолдары көп. Тілдің өзі бар да оған қатысты мәдени, рухани өміріміз тағы бар. Балабақшадан бастап, мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде білім, тәрбие беру басталды. Бұл бұрын-соңды болмаған жағдай. Жаңадан жүздеген балабақшалар, мектептер қайта ашылып жатыр. Кейбіреулердің берген бағасындай заңның іске асуында кішкене мимырттық жүрістің бәсеңдігі, шабандық бар. Оның да себебін айтуға болады. Бір себебі, заңымыздың өзі халқымыздың өзі секілді момақан, жуас, жалпақ шешей, созылуға ыңғайлы тұратын заң. Сол Заңдағы 33-баптың жиырма шақты бабында мемлекеттік қазақ тілімен қатар орыс тілі бірге жүр. Соның өзінде де кейбір жолдастар бұл заңға қырын қарайды. Егер екі тіл мемлекеттік тіл ретінде қатар жүргенде бұрынғы 70 жылдық дәстүрді бұзып, қазақ тілін ілгері шығарып, мемлекеттік тіл ретінде таныту деген оңай шаруа болмай қалады.

Бұл алдымен сана-сезімге де байланысты. Әлі күнге дейін парламенттік жиналыстарда қазақ тілі өзінің бойын көрсете алмай келеді. Ол анау есіктің аузында тұрған өгей бала сияқты, төрге шыға алмайды. Бұл туралы көптеген пікірлер бар. Дегенмен де, Қазақ ССР Президенті Н. Ә. Назарбаев жолдас өзі өткен кездесулерде, теледидарда әрі қазақша, әрі орысша сөйлеп, тілімізге мән беріп, үлгі көрсетіп жүр. Осы сияқты біздің басшы кадрларымыз, азаматтарымыз мүмкін болған жерде қазақша сөйлеу керек. Сонда оны көріп отырған қарапайым халық «жоқ мынау тілді үйрену, құрметтеу керек екен, бұл мемлекеттің тілі» деп сезінетін болады.

*– Осы орайда тіл үйренуге байланысты ілеспе аударманың пайдасы бар ма деген сұрақ қойғым келіп отыр! Басқа ұлттың өкілдері, не өзіміздің тіл білмейтін «мәңгүрттеріміздің» тілді үйренуіне осы кедергі келтіреді деп ойламайсыз ба?*

– Ілеспе аударманың түптеп келгенде зияны бар. Қазақ тілін білмейтін қазақ бастықтар, әсіресе жастар «ой, оны неғыламыз

үйреніп, ілеспе аударма бар ғой» деп оған арқа сүйейтін болады. Ілеспе аударма жөніндегі ұсынысты кезінде өзіміз айтқанбыз. Оның себебі бүгінгі таңда тілдік кедергіні бірте-бірте сатылап жеңу үшін, оны қолдану қажет. Қазір Жоғарғы Совет сессияларында, академия жиналыстарында, басқа да ресми жиындарда мұны пайдаланып жүрміз. Ілеспе аударма мықты жолға қойылған жерде қазақ тілін үйренуге ынта азаяды. Бұл пікір дұрыс.

– *Қазақ телевизиясының тіл үйренуге арнап жүрген хабарлары жақсы әсер қалдырмайды. Суреттер көрсетеді, хабарлары қысқа болып келеді, әсері аз. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін берілетін хабар дәрежесіне жетпейді. Жалпы республика жұртшылығына осындай хабармен тіл үйретуге талпыныс жасау тілімізге теріс көзқарас тудырады деп ойламайсыз ба?*

– Ол рас. Бұл енді тілді үйренемін деушілерге қалай үйрету керек, ұстаздардың іскерлігіне, талабына байланысты. Тілді нақтылы үйретуге арналған методика болады. Әр тілдің өзіне сай оқыту методикасы болуы тиіс. Бізде осы методика кенже қалған сала болып шықты. Оны біз енді сезініп жүрміз, Өйткені методика болмағандықтан біздің бірқатар ісімізге елеулі кедергілер келіп жүр. Қазір «20 сабақ», «40 сабақ» деген сияқты оншақты оқулықтар шықты. «Тілдескіш» дейміз (орысшасы разговорник) оны да шығардық. Осылардың бәрінде жетіспей жатқан негізгі нәрсе – ол методикалық нақтылылық, жүйелілік. Біресе, біз үйренеміз деушілерге тілдің грамматикасын үйретеміз. Енді біреулерге жеңіл мультфильмдер дәрежесінде хабарлар береміз. Бұл дұрыс емес.

Қазір тіл үйренудің басқа жолдары қарастырылуда. Кишиневтағы инженерлердің программасы бойынша видеовизуально экранда бірінде орысша, екіншісінде қазақша алдындағы дисплейдің экранында екі тілде жазулар болады. Оны үйренемін деушілер өзі оқып, түзетіп, өздігімен шұғылданатын тәсіл бар. Алдағы уақытта осыны қолданғалы жатырмыз. Дегенмен, бұл да әлі шешімін таппаған сала. Әсіресе, жоғарыда айтқанымдай методикаға байланысты жетімсіздіктер бар.

– *Киімі сәнді, ажары әдемі, сырт көркі әсем келген кейбір жастарымыз өзінің ана тілін білмейді, білсе сөйлегісі келмейді. Қазір тіл жөнінде аз айтылып жатқан жоқ. Бірақ, оларға бұл сөз жетпейді. Қоғамдық әлеуметтік өзгерістерден тыс қалған осындай жастарды көргенде жанымыз күйінеді.*

– Ол мынадай жағдайға байланысты. Бізде «қырық процент» деген күрделі проблема бар. Осыны кім шығарды, бұл қалай деген әңгімелер де



болды. Оны шығарған мен едім. Біз халықтың өз тілін білмейтін, шала білетін қырық процентке жуық адамдарының сана-сезімін оята алмай келеміз. Егер санасы бар адам болса, олардың түсінетін уақыты болды. Теледидардан, радиодан, баспасөзден аз айтылып жүрген жоқ. Барлығы айтылды. Байқап қарасаңыз біз бәрін тек қазақ тілінде ғана айтып жүрміз. Бұл біржақтылыққа ұрындырды. Біздің «Ана тілі» газетіміз де қазақ тілін насихаттайтын басқа да, газеттер қазақ тілінде шығады. Қазақша газет оқитындар түсінеді, біледі. Ал оқымайтындар сол бұрынғы күйінше қалып келеді.

Республикадағы орыс тілінде шығатын газеттер қазақ тілін насихаттауға жұмған аузын ашпайды. Қазір бәрін ашық айтамыз, ашынып сөйлеп жатырмыз. Бірақ біздің айтқандарымыз оларға жетіп жатқан жоқ. Сондықтан да біз «Ана тілі» газетінің бір бетін орысша етіп шығаруды да ойластырғанбыз. Бәрібір қазақша газетті олардың алып оқымайтынын ескеріп, бұл қадамға бастағанымыз жоқ.

Егер біздің тіл туралы бүгінгі сөзіміз, мұқабамыз сол қазақша білмейтіндер мен нашар білетін қырық проценттің құлағына жетпесе біздің күресіміз ұзақ уақытқа созылып кете ме деп қауіптенемін.

Ал осы тілдік негізде, қала мен ауыл жастары арасында түсінбестіктер, жиі-жиі шекісіп қалушылықтар болып жүр. Қырық процент белгілі әлеуметтік жағдайлармен тікелей өзімізге де байланысты шаңырақтан шығып кеткендер. Сондықтан ақыры түсінбейді деп, олардан теріс айналмай қара шаңырақтың астына қайтаруымыз керек. Қазіргі үлкен міндет – осы.

*– Әлі күнге дейін автотранспорт, әуе, теміржол қатынасы салаларында жолаушыларға қазақ тілінде хабарландырулар жариялау жолға қойылмаған. Қазақстан территориясында Заңның күшімен осының барлығына ортақ бір ереже есебінде міндеттеуге болмас па еді!!!*

– Бұған екі түрлі кедергі бар. Біреуі осы мекемені басқаратын жауапты адамға байланысты. Мысалы, қазір Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы болып істейтін Шәріп Омаров бұрын қалалық атқару комитетінде төраға болып істеді. Ол кісі кезінде көп іс тындырды. Журналистерге мекемелер мен кәсіпорындар маңдайшасындағы жазуларды дұрыс аудартып, қайта ілгізді. Студенттерді көше аттарын ретке келтіруге жұмылдырды. Қала транспортында қазақша хабарлап отыруды ұйымдастырды. Ол кісі басқа қызметке ауысты. Бұл мәселелердің бәрі қалып қойды. Бұл жерде іс тетігі кейде жеке адамға байланысты болатынын мойындауымыз керек. Ал, енді аэрофлот қызметін пайдаланып, Москвадан Алматыға ұша қалсаңыз тіптен ұяламыз.

Біз Заңды бұрмалап, орындамағандарға жаза қолдану қажет деп білеміз. Ол қандай жаза болады? Әлі шешілген жоқ. Тіл туралы Заңды заңмен қорғау қажет. Мынадай жағдайды айта кетуге тура келеді. Біз тілге байланысты Заңды, не тілді пайдаланатын адамдарды қорлауға төзіп келдік, қазір сол арқылы бүкіл халықты қорлауға төзіп отырмыз. Баспасөзде жазылғанындай, биыл құрылыста жұмыс істейтін, орысша тіл білмейтін ауыл қызы кезекті еңбек демалысына шықпақшы болады. Ол арызды орысша жаза алмайды. Оның тікелей бастығы корей жігіті оған арызды орысша жаз, мен айтып тұрайын деп сол қызға «Прошу за 1990 год дать мне по ушам» деп жаздырады. Директорға осы қағазды апарса, оның төңірегіндегі көптеген адамдар қарқылдап күліп, өздерінше мәз болады. Қыз жылап шығып кетеді. Бұл жерде қыздың азаматтық намысына, арына тиіп отыр. Осыған байланысты «Қазақ тілі» қоғамы тарапынан осы мәселені соттың шешіміне ұсынбақшы болып отырмыз.

Қазақша жазылған өтінішті түсінбеймін деп лақтырып жіберетіндер әлі бар. Дүкендерге, дәріханаларға барғанда да жауап бермейтіндер көп. Сондықтан тіл туралы Заңды Заң арқылы қорғау қажет дейміз.

– *Жақында қабылданған республика егемендігі туралы декларация жобасына орыс тілі ресми тіл болсын деп енгіздік, сессияға ұсынылар шақта бұл бап алынып қалды. Астанада өтіп жатқан Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясының күн тәртібінде тағы да тіл мәселесі қойылмақшы. Бұ жөнінде не айтар едіңіз?*

– Декларация жобасын жасаушы ғалымдарды осы жөнінде сұрағанымызда, біз жасаған нұсқада ол жоқ еді, газетке берер жерде біреу қосыпты, кім қосқаны белгісіз дейді. Осы бір ауыз сөз республикадағы халықтардың қаншама талқысына түсіп, айтыс туғызды. Елдің шекісуіне, айтысуына әкеліп соқтырды. Сондықтан да оны кейінге қалдырды.

Сессияда 34–35 мәселе ретінде тіл мәселесі қаралмақшы. Оңнан да, солдан да шабуылға шығатындар мемлекеттік тілмен ресми тіл қатар тұруы керек дейді. Ресми тіл деп орыс тілі алынуы тиіс деген уәж айтады.

Егер біз екі тілді мемлекеттік тіл есебінде қатар қойып пайдаланатын болсақ, онда тұлпар мен мәстекті арбаға қатар жеккенмен пара-пар болады. Өйткені, орыс тілі өмірдің елуден астам саласында пайдаланылады. Ал қазақ тілі он шақты салада ғана қызмет көрсетеді. Сондықтан бұлай етуге жол беруге болмайды. Қазақ тіліне қамқорлық керек. Сессияның назар аударатын мәселесі ретінде біз де пікірімізді айттық. Халық, көпшілік мұндай мәселеге

белсенді араласқаны мақұл. Тікелей сессияға өз тілегін өзінің атынан немесе коллективтік түрде жазып отырса ешбір артықтығы жоқ.

– *Өзіңіз басқарып отырған А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты қазақ тілін өмірдің алуан саласында енгізіп, орнықтыру бағытында қандай жұмыстар атқарып отыр деп айта аласыз?*

– Біздің зерттеп келген мәселеміз аз емес. Қазақ тілі байлығының жиынтығы – 10 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігі жарық көрді. Енді 4 томдық қазақ тілінің академиялық грамматикасын жасап жатырмыз. Енді қолданбалы лингвистика деген бөлім аштық, тілге қажетті оқулық, «Тілашар», «Тілдескіш» жасаймыз. Осыған байланысты 10 жылдық бағдарлама жасап, оны орындауға кірістік. Келесі жылдан бастап республикада тілге байланысты қажетті құралдар жеткілікті болады.

– *Тіл туралы Заңның қабылдануына байланысты терминдерді пайдалану мәселесінде екіұдай пікірлер кездесіп жүргені жайлы не айтар едіңіз?*

– Терминологиялық комиссияға байланысты мәселелер өте көп. Біз термин қабылдау жөнінде біресе оң жаққа, біресе сол жаққа шығып кетіп жүрдік. Бір кездерде орыс тілін қабылдамаймыз деп барлық атауларды аударумен айналыстық. Сөйтіп, пуризмге бет бұрды деп сыналдық. Кейін орыс тілінен келген терминдерді аудармастан қабылдайтын болдық.

Қазір терминдердің үлес салмағы қазақтың байырғы төл сөздерінің мөлшерінен асып кетіп отыр. Бұл өте қауіпті жағдай. Бізде термин жасаудың екі жолы бар. Оның бізге қажеттісі біріншісі өз тілімізде бар, баламасы ыңғайға келетін сөздерді термин етіп енгізу.

– *Терминологиялық комиссияның жұмысына ономастикалық атаулар жөніндегі міндеттер де ене ме?*

– Терминологиялық комиссияның төрағасы Өмірбаев та, орынбасары мен. Ал ономастикалық комиссия ол бөлек құрылған. Жер-су аттарын реттеуге байланысты сонау патшалық Россияның отарлау саясатына орай қойылған, өзгерген жер-су аттарын түгелдей қалпына келтіру ұсынылып отыр. Сондай-ақ, үлкен қалалардың аттарына кісі аттарын бермеу жөнінде концепция ұсындық. Сонда ономастикалық атауларды өзгертуге байланысты бірқатар жұмыстар жүргізілетін болады.

– *Голощекин есімі берілген бір станцияның атын әлі күнге дейін ауыстыра алмай келе жатқанымызды білеміз. Бұл жөнінде белгілі журналистер, жазушылар, қарапайым тұрғындар әлденеше рет теледидар, радио хабарлары арқылы баспасөз беттерінде үн көтерді.*

– Голощекин есімді станцияның атын жергілікті жердің атауымен өзгертетін болдық. Ол жақтан келген ұсыныс бойынша Приуралье деп атайық деген болатын. Бірақ, біз оны қабылдаған жоқпыз.

– *Кісі аттарын ірі елді мекендерге, қалаға бермеу жөнінде шешім қабылдағанда қандай қалалардың аттары өзгермекші?*

– Бұл концепция қабылданған жағдайда біз Шевченко, Жамбыл, Ермак, Павлодар, Петропавл, Абай қалаларының аттарын өзгертеміз.

– *Ендігі сұрақ сіздің тікелей өзіңізге қатысты. Қазақ тілінің тағдыры шешілер тұста үлкен жолайырықта көптеген азаматтар қос тілділікті қошеметтеп жатқанда, сіз қазақ тілі мемлекеттік тіл болуға тиіс деген принциптен айныған жоқсыз. Тіпті, жалғыз қалған кездеріңіз де болыпты. Сізге әділет үшін осындай көпшілікке қарсы шығарып жүрген, дұрыс жолды таңдата білген қандай құдірет екенін айтсаңыз?*

– Мен бұл жөнінде кейін көп ойландым. Адам өмірінде күнде той, күнде жиын бола бермейді. Адам өзінің азаматтық көзқарасын анықтайтын кезеңге тап болады, менде бұндай кезең екі рет болды. Мен он жеті жасымда соғысқа өз еркіммен сұранып барып, бес жыл майданда болдым. Өзімнің азаматтық парызымды өтедім. Екінші кезең тіл тағдырына байланысты мен маман ретінде өзімнің пікірімді, азаматтық ойымды зерттеп жүрген саламды қорғап қалуға тиісті болған уақыт еді. Саясатқа байланысты айқайлап шыға келетін адамдар аз емес екеніне көз жетті. Мен өзімнің көзқарасыма үлкен дайындықпен, Қазақстан жағдайындағы тілдің заңдылығын тексеру арқылы келген едім...

Колбиннің қос тілділік жөніндегі шығарған қаулыларына байланысты айтысқа қатысып, шынықтық ғой деп ойлаймын. Талай таяқ та жедім. Үш рет республика басшысы мені сынға алды. Мен сонда да өз көзқарасымда қалдым. Себебі басқа республикалардағы болып жатқан жағдайларды білетінмін. Ал бізде тілге көзқарас о баста дұрыс қалыптаспады. Біз уақытша саясатқа байланысты жалт беріп кететін азаматтармен істес болдық. Көзі жетіп тұрса да турашылдыққа бармайтын ағайындарды да көрдік. Шындығын айтқанда, менің қорқатын ештеңем де болған жоқ. Себебі мен академик болған адаммын. Кешегі Ахмет Байтұрсыновтар заманында да осы мәселе тап осылай қойылған. Түптің түбінде келгенде ақтың отын ақымақ өшіре алмақ емес. Осынша қазақтың ішінен оның тілінің тағдырына байланысты бір азаматтың табылмауы мен үшін үлкен намыс болатын еді. Мен ана тілі алдындағы перзенттік борышымды ақтадым. Мені кезінде қорқытқандар да аз

болған жоқ. «Сен еркін суретші емессің, академиксің, партия мүшесісің, артыңды ойлан» дегендер де болды.

Халық менің еңбегімді бағалады, сенді. «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Енді қазір жалғыз емеспін. Шәкірттерім бар. Пікірлес азаматтар, бұрын булығып шыға алмай жүрген ғалымдар бар.

Бірақ, күні бүгінге дейін Қазақстанда екі мемлекеттік тіл болу керек деген сөздер әлі де айтылып жүр. 7 қараша күнгі «Вечерняя Алма-Ата» газетінде астананың Москва аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Котельниковтың жалған деректерге негізделген көпе-көрнеу зорлыққа құрылған мақаласы жарияланды. Ол барлық республикаларда орыс тілі мемлекеттік тіл болып алынды, бізде неге олай емес дейді. Оның айтқаны шындық емес. Мен газетке реплика бердім. Ол таяу арада жарық көруге тиіс.

*– Сіздің ғалымдығыңыз бен қоғамдық қайраткерлік қызметіңіз бір-біріне кедергі келтірмей ме?*

– Бұлардың кедергісі әбден жетіп жатыр. Ғалымдық деген ол өз салам бойынша тіл байлығын жинап, зерттеп, онан белгілі тұжырымдар, қорытындылар шығару ғой. Менің ғылыми жұмысым көптен бері ақсап келе жатыр. Бірақ, бүгінгі таңдағы ең күрделі мәселе – тілге байланысты болғандықтан мен ол ғылым саласына ептеп зорлық жасап жүрген жағдайым бар. 19 облыстан күн сайын ондаған телефон шалынады. Астананың өзінен қазақ тілі мұғалімін тауып беру, жаңадан топтар ашу, түрлі жиналыстарға қатысу тағы басқа ұшы-қиыры жоқ жұмыстар көбейді. Алдағы уақытта қоғам журнал ашады ма деген қам жасап жатырмыз. Қысқасы, қыруар уақытым – «Қазақ тілі» қоғамының жұмысына арналады.

Дегенмен, жиырма бес жылдар бері өткен еңбегім жақында «Ана тілі» газетінде жазғанымдай 4 томдық қазақтың этнолингвистикалық сөздігі деген еңбегімді аяқтап келемін. Мұнда халықтың рухани өміріндегі байлығы, тарихы, дәстүрі сараланып көрсетіледі. Қолым қалт еткенде осы еңбекті аяқтау үшін жұмыс жүргізіп жатырмын. Мүмкіндігім болса екі жақты да бірдей алып жүргім келеді. Бірақ, қоғамдық жұмысқа басымырақ назар аударып келемін.

*– Күні ертең өзіңіз қатысуға келген Қызылордада өтетін ғылыми практикалық конференцияның мақсаты туралы айтсаңыз.*

– Конференциямыз үлкен де күрделі мәселені қамтиды. Балабақшадан бастап, қазақ тілін үздіксіз үйретуге байланысты атқарылатын жұмыстар көп. Қазақ тілінде осы уақытқа дейін тек

кана филология факультеттерінде сабақ өтіп келсе, енді бұл мәселеге басқа факультеттер де назар аудара бастады. Оған әзірше мүмкіндік аз болып отыр.

Ұстаздардың пікірін тыңдау қажет. Ел оянды, басқа ұлттың өкілдері әсіресе студенттері біздің тілімізге ден қоюға тілек білдіруде деген хабар мен үшін қуанышты болып отыр. Біз өз тілімізде сөйлессек, оны құрметтесек басқалар біздің тілімізді үйренетін болады. Шетелден Алматыға келген іскер адамдар, бизнесмендер алдымен балаларын қазақ мектептеріне оқуға беруде. Бұл не деген көрегендік және біздің болашағымызға кәміл сенгендік.

– *Осы орайда біз де шетел – ағылшын, неміс, француз тілдеріне басымдық назар аударғанымыз дұрыс болатын шығар.*

– Біз егемендік алған республикада өмір сүреміз. Одақтық шарт қабылдағаннан кейін қазақ тілін және шетел тілін меңгерген балаларды шетелге топ-тобымен оқуға жіберуіміз керек. Бұл бізге үлкен мүмкіндік ашады.

– *Соңғы сұрақ – Сіздің Сыр бойына алғаш келуіңіз емес болар. Сыр бойы Қорқыттың Отаны дейміз. Сыр сүлейлері шыққан жер деп мақтан тұтамыз. Осы орайда Сыр бойын мекендеген халқыңызға не айтар едіңіз?*

– Мен Қазақстанды түгел аралап жүрген адаммын. Адам өмірі тау, өзен, көл жағасында тұрмысқа қолайлы жерде өтеді. Сыр бойы ежелгі тарихтың жері. Мен осы қаланың аты Қызылорда деп тегін қойылмаған ғой деп те ойлаймын. Сыр бойына биыл екінші келуім. Бұрын жол үстімен өтіп кететінбіз.

Қазіргі Сыр өңірінің халқы кешегі Солженицын айтып отырған «Южный дугаға» кіреді. Ол тегін айтып отырған жоқ. Мен Солженицыннің сөзін келтіру арқылы оның идеясын құптап отырғаным жоқ. Қазақтың белгілі демографы Мақаш Тәтімов әр жерде айтып жүргеніндей қазақтың демографиялық алтын дінгегінің бірі осы – Сыр бойы деймін. Бұрын келгенде айтқан қазақ халқының қара шаңырағы деген сөзім бар еді. Мен сол пікірімді тағы да қайталаймын.

«Ана тілі» газетіне жазылуға зер салып отырсам, Қызылорда облысы үнемі бірінші қатарда тұрады. Бұл мен үшін көңілге үлкен демеу. Тілші ретінде, тіл маманы ретінде бұл өлкенің азаматтарына өте ризамын. Тіліміздің бақыты жанып, өзінің деңгейіне көтерілсе, ол осы өлкедегі өздеріңіз секілді мыңдаған азаматтар арқылы көтеріледі, сол арқылы ғана мәртебесі биіктейді деп есептеймін.

*«Ленин жолы», 1990. 23 қараша.*

### Қазақтың тілі — қасиетті тіл

– Әбдуәли аға, Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы өмірге келгеніне де бес жыл болды. Бесіктегі бала бес жасқа келіп, бестегі бала мектеп табалдырығын аттап, ана тілімен сусындауда. Ал, одан жоғары класта оқитын ұландар өмірге өзіндік көзқарас қалыптастыра бастады. Міне, дәл осы жастағы ұл-қыздарды да тіліміздің тағдыры ерекше толғандырады.

– Рас айтасың, інім. Мен «Ұлан» газетіне хат жолдаған балалардың сәлемдемелерін, ой-пікірлерін оқи отырып, оларды тіл төңірегінде көп мәселе толғандыратынына көз жеткіздім. Көкірегі ояу, көзі ашық, санасы сергек мұндай балаларға алғыстан басқа айтарым жоқ.

Әңгімемді Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы, Алтынбеков атындағы ұжымшардан хат жолдаған 10-класс оқушысы Гүлфарида Дүйсенбаеваның хатынан бастайын. «Тіл – қай елде болса да, қастерлі. Ол әр адамға ана сүтімен дариды. Сөйтіп, тіл әр адамның ұлттық мақтанышына айналады, қазақ тілінің де қастерлігінде шек жоқ. Халқымыздың ең ардақты, аяулы мұрасы да – тіл. Ендеше өз тілімізді өгейсітпей, оның қажетсіз болып қалуынан қорғауымыз керек. Әрине, тіл жанашыры біздер – бүгінгі мектеп оқушылары мен балабақша жасындағы бүлдіршіндер болуымыз тиіс. Болашақ бізге үлкен міндет жүктеп отыр. Соны әрқайсымыз жете түсініп, туған тіліміздің өркен жаюына атсалысуға тиістіміз», – дейді балғын жанашырымыз.

Қазақтың тілі – қасиетті тіл. Себебі, тіліміз арқылы кез-келген сөзді ауызша да, жазбаша да жеткізуге болады. Өте құнарлы, ауқымының кеңдігі, астарлы жақтары да өз алдына әңгіме. Осындай тамаша тілді пір тұтып, Гүлфарида секілді қыздарымыз бен ұлдарымыз қамқор бола білсе, әлі-ақ аяғымыздан тік тұрып кетеріміз ақиқат..

– Сөзіңізді бөлейін, республикада қазақ тілінің қанат жаюы, өркендеуі дәл қазір қандай күйде?

– Шүкір, еліміздің тәуелсіздік алуымен шамалас табалдырық аттаған тіліміздің жағдайы әлдеқайда жақсарды. Тіл туралы заң қабылданып, Ата заңымызда да қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде айшықталуы халық санасына қатты әсер етті. Балаларын қазақша оқытуға талпыныс өзге ұлт өкілдері арасында да көбейді. Қазақ мектептері мен бала бақшаларының саны артты.

Республикамыздың 19 облысын аралау барысында көптеген жаңалықтарға кезігіп, туған тіліміздің шексіз өркендегеніне куә

болып жүрміз. Осы бағытта жұмыс істеп жатқан халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық, облыстық бөлімшелері, барша жанашыр азаматтарға айтар алғысымыз шексіз.

– Әбдуәли аға, ащылау бір сұрақ, тіліміздің болашағы бар ма, әлде жоқ па?

– Сан ғасырлық жолда адамзат қауымы талай тарихи оқиғаларды бастан өткерген. Нәтижесінде тілі жойылып кеткен ұлттар да болған, қазір де тағдыры тығырыққа тірелген халықтар баршылық...

Ал, қазақ халқының қасиетті тілі тұрасында сөз басқа. Біз – әлемдегі үлкен мемлекеттердің біріміз. Талайды тамсандырып, тарихын білуге мәжбүр етіп жатқан тіліміз бар. Орасан зор жұмыстарды қолға алған кезде, тілдің келешегінен түңілуге ешқандай негіз жоқ. Егер тәуелсіздігіміз бен Тіл туралы заңымыз болмаса, қазақ тілінің 2000-жылғы тағдыр-талайы неғайбыл еді. Оған жол бермедік. Қуанатынымыз да осы.

Бүгінде «орыс тіліне қысым жасалуда» деген сөз, мәні жоқ әңгіме. Шындығын айтсақ, қып-қызыл өтірік. Оны шығарып жүрген ойы бұзық саясаткерлер. Керісінше, қазақ тілі әлі орыс тілінің үстемдігінен құтыла алмауда. Мәселен, республикамыз бойынша 250-ге жуық ауданның 40-ында ғана іс қағаздары қазақша жүргізіледі. Солтүстік облыстар «қалың ұйқының» құшағында.

Әлбетте, тілді өркендетуде тым асығыстыққа жол бермеуіміз керек. Қазір іске асып жатқан шаруаларымызға қарағанда, біз 2000-шы жылдың табалдырығын үлкен жаңалықпен аттамақшымыз. Демек, қазақ тілінің болашағы бар. Ол өркениетті мемлекеттің негізі бола алады.

– Соңғы уақытта Ата заңымыздағы мемлекеттік тіл қатарына орыс тілін де қосу керек деушілер бой көрсетуде. Бұл әрекетке өз көзқарасыңыз қандай?

– Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл қазақ тілі болып қалады. Менің пікірім, талабым да осы. Орыс тілінің ұлтаралық тіл болуының өзі мақтаныш емес пе? Сол себепті де, бұл төңіректегі әңгімені ушықтырушылар бір-екілі саясатсымақтар ғана.

– Әбдуәли аға, сіз ел азаматы, үлкен ғалым ретінде болашақ Қазақстанды көз алдыңызға қалай елестетесіз?

– Тәуелсіздік табалдырығын тосыннан аттауымыздың салдарынан еліміздің қуанышы мен қиындығын қатар көріп жатырмыз. Ғайыптан қолға қонған бақыт құсы біз үшін жақсылық болды. «Бір жеңілдің – бір ауыртпалығы болады» демекші, қазіргі экономикалық қиындықтар



уақытша нәрсе. Ол – осылай болуы заңды да. Енді бұл кедергіні жеңу үшін ақыл-ой мен парасат керек. Ол – әрқайсымызға, сананың жетілуіне байланысты.

Мен Қазақстан Республикасы тығырықтан шыққан соң нұрлы заманға қадам басарына сенемін. Бай мемлекеттің мұрагері – бүгінгі жас ұрпақтың дәулетті өмір сүрері даусыз. Тек осы жолда адал еңбек етіп, ынтымақ пен бірлікті сақтасақ болғаны.

– *Аға, немерелеріңіз қазақша сөйлей ме, алде...*

– Қаладағы жағдай, орта, балалардың өсуіне, тілін қалыптастыруына әсер етеді. Сол себепті де, қазақ тілін жетік білсін деп Аян есімді немеремді Шелекте тұратын (Алматы облысы) әжесінің қолына жібердік. Ол сонда қазақ мектебінде. Аян «Ұланды» үзбей оқиды. Тіпті маған сұрақ та жазып жіберіпті. Төрт жаста Ғалым деген немерем бар. Қазақшасына кінә таға алмаймыз. Көп тақпақ, ертегі біледі. Бір арманы – теледидардан ертегі айту...

– *Бүгінгі сәтті пайдаланып «Ұланның» оқырмандарына қандай аталық ақ тілек айтар едіңіз?*

– «Ұлан» – жас жеткіншектердің жанашыры, ақылшысы, досы. Бұл газетті балалар ғана емес, ұстаздар, ата-аналар, белгілі ғалымдар да сүйсіне оқиды. Немерелеріне жаздырып береді. Ендеше мектеп оқушылары төл газеттеріне жазылудан сырт қалмауы керек. Егер әр бала тілге жаны ашитын болса, ең алдымен «Ұланға» жазылуы тиіс. Себебі, тіл үйретіп, ой-өрістерінді жетілдіретін, ақыл-кеңес беретін осы басылым.

Ал, тіл төңірегінде барша балаға, республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылтайының жұртшылыққа арнаған үндеуінде мына бір жылы сөзді мәнін жоймағандықтан қайталаймын.

Қымбатты шәкірттер! Өзінің байлығы, сұлулығы және икемділігі жағынан дүние жүзіндегі озық тілдермен теңесе алатын ана тілің бар екендігін ұмытпа, өсер ұрпақ. Алдында үлгі алар, тіл үйренер ұлы мектеп бар. Ел үмітін ақтар азамат болам десең, солигілікті жалғастырып, дамытып, ілгері апара біл. Ана тілі алтын заңның қамқорлығына алынғанмен, оның көсегесін көтертіп, мәртебесін өсіру, баянды ету ендігі жерде өздеріңе байланысты. Оқу білім, еңбек жолының барлық кезеңінде де ана тіліңнің қамқоры бола біл. Өз тілін құрметтей білген азамат өзге тілге де өгейлік танытпайды.

Ұлт пен ұлыстардың, халық пен қауымдардың арасындағы достықтың алтын көпірі, өнер мен мәдениеттің, ғылым мен білімнің мол қазынасы болып отырған орыс тілін жас кезіңнен жете меңгер. Жеті жұрттың тілін біліп, жеті ғаламның өнерін үйренсең де артық емес. Ал,

ана тілін сүюің ұрпақ алдындағы борышың, азаматтық парасатыңа сын екендігін ешқашан естен шығарма.

– Әбдуәли аға, тіліміздің тыныс-тіршілігі, бүгінгі хал-жағдайы төңірегіндегі әңгімеңізге рақмет!

Сізге газет оқырмандары атынан ұзақ ғұмыр, еңбегіңізге жеміс тілейміз.

«Ұлан», 1994. 25 қазан.

(Сұхбаттасқан Ж. Дуанабай)

### **Язык народа — основа его независимости и развития**

Язык, на котором народ говорит, пишет, выражает свои чувства, является важной частью его общенациональной культуры. Не сохраняя языковую самобытность, не развивая родной язык, невозможно поднять уровень нашей культуры и укрепить государственность. Ведь что такое Казахстан в глазах иностранцев? Это не только большая страна в центре Азии, богатейшие запасы металлов и минеральных ископаемых, но и люди, представители более ста наций и народностей, которых объединяет казахский народ. Поэтому казахский язык, как государственный, приобретает особое значение.

С вопросами по этой важной проблеме мы обратились к президенту международного общества «Қазақ тілі», почетному директору Института языкознания НАН РК, академику Абдуали Туганбаевичу КАЙДАРОВУ.

*-Абдуали Туганбаевич, каково, на ваш взгляд, сегодняшнее положение казахского языка?*

– Когда я задумываюсь о судьбе родного языка, то мне вспоминаются высказывания двух известных писателей и мыслителей – Чингиза Айтматова и Габита Мусрепова. Не ручаюсь за точность цитат но смысл таков. Айтматов сказал, что ни народ на земле не живет временно, по крайней мере, не думает о том, что когда-то может исчезнуть с ее лица. Габиту Мусрепову принадлежит на первый взгляд парадоксальная мысль о том, что чем дольше живет язык и чем старше становится, тем больше он омолаживается, развивается. То есть оба писателя едины в том, что любой язык стремится к вечности, развитию. Конечно, история знает немало примеров, когда некоторые языки постепенно хирели и умирали. Но если на данном языке говорит хотя бы один человек, то этот язык нельзя считать мертвым. Потому что язык – очень живая, развивающаяся и жизнеспособная система.

Сегодняшнее положение казахского языка надо оценивать с исторической точки зрения. Некоторые исторические этапы отразились на нем весьма не благо приятно. Колониальная политика русского царизма преследовала цель нивелировать национальные обычаи, традиции, религию, культуру, даже собственные имена народов России. На земли Казахстана, Сибири, Средней Азии хлынули христианские миссионеры, обращая в свою веру местные народы. И среди казахов ведь тоже было немало крещевых, например, Ибрай Алтынсарин, Алиби Жангельдин. Символом этой политики стала печальная статистика. Если в начале XX века на территории Российской империи насчитывалось более 400 больших, и малых языков, то к середине века, в начале 50-х годов, было только 130 языковых семей. Особенно пострадали северные народы, не имевшие своей письменности. Казахскому же языку относительно повезло, он сохранился благодаря огромной территории Казахстана, раздробленности населения, слабовыраженной религиозности казахов и их неистребимой любви к меткому, сочному родному слову. Советская идеология с ее лицемерной декларацией о равноправии всех народов и языков по сути продолжала прежнюю политику царизма. Подрывались естественные силы казахского языка, сужалась сфера его применения и принижалась общественная значимость. Казахи были поставлены в такие условия, что без знания русского языка они практически нигде не могли работать. Это привело к тому, что в начале 90-х годов в Алматы была только одна (!) казахская школа, в которую к тому же не могли набрать учеников. Сейчас, конечно, с обретением суверенитета, наступили другие времена. В Алматы работают 27 казахских Школ, а в республике - около семисот. Теперь казахи предпочитают отдавать своих детей и внуков в казахские школы и детские сады. Мы добились того, чтобы была обеспечена преемственность обучения на государственном языке на всех этапах образования.

Но проблем остается очень много. Не хватает квалифицированных педагогов. Годы невостребованности сделали свое дело. Когда в столичном микрорайоне Айнабулак искали кадры для только что открывшейся здесь казахской школы, то оказалось, что 400 человек с дипломами педагогов работали не по специальности. Нам недостает хороших учебников. Разумеется, многое упирается в деньги, и при нынешнем экономическом кризисе трудно рассчитывать на должную финансовую поддержку образования.

*– А как обстоят дела с употреблением казахского языка на официальном уровне: на переговорах, совещаниях, пресс-конференциях, при ведении делопроизводства?*

– Отраднo, что казахский язык все чаще и чаще становится языком официальных переговоров и деловых встреч. Особенно это заметно в областях и районах. Там знание государственного языка стало немаловажным фактором и в деловой карьере человека, и в его репутации. В столице же еще много инерции.

Но вы как журналист, наверное, заметили, что на пресс-конференциях уже обычное явление задавать вопросы и отвечать на них на казахском языке, потом идет перевод на русский.

Это соответствует принципу Конституции, где сказано, что государственным языком является казахский, а русскому языку отводится роль официального. Строго говоря, между этими понятиями – государственный и официальный – очень расплывчатая, тонкая грань. Можно ежедневно пользоваться официальным языком, а государственный оставлять в стороне! Это происходит потому, что никакой практической нужды в знании государственного языка человек не испытывает. Кстати, в нашем законодательстве о языках много юридических казусов типа «язык межнационального общения» или «официальный язык», которых в нормальном праве просто нет. Это как бы дань переходному периоду, который мы сейчас переживаем. В связи с этим вспоминается одно из первых заседаний общества «Қазақ тілі» с участием представителей всех областей республики. На него были приглашены первые руководители основных министерств и ведомств, аппарата Президента. Но, как обычно, пришли их заместители и второстепенные-должностные лица, причем многие из них – казахи – не смогли двух слов связать на родном языке. Это, конечно, был позор, их выступления просто бойкотировали. Потом эмоции поутихли, и мы решили больше не прибегать к таким слишком суровым мерам.

*– Абдуали Туганбаевич, вы являетесь заместителем председателя редакционной комиссии при Госкомитете по национальной политике. Расскажите, пожалуйста, о проекте нового Закона о языках Республики Казахстан.*

– Принципиальное отличие нового Закона от прежнего, советского образца, в следующем. Если раньше в 22 статьях из 34 русский язык приравнивался к государственному, а в некоторых случаях стоял выше его (например, при защите научных диссертаций), то теперь создается надежная правовая база для развития именно казахского языка. Он приобретает приоритетное значение. На реализацию Закона выделяются и необходимые финансовые ресурсы. Конечно, межличностные

отношения трудно регулировать законом, этот процесс эволюционный, длительный, связанный с языковой средой и демографической ситуацией. Сейчас проект Закона лежит у Президента и, повидимому, будет представлен на рассмотрение вновь избранного парламента.

– *Вы выступали с докладом в г. Измире (Турция) на Международном языковом конгрессе. Там, в частности, высказывалась идея распространения турецкого языка среди народов Центральной Азии в качестве основного. Как вы к этому относитесь?*

– Я отношусь к этому совершенно отрицательно. Почему? Тюркоязычные народы развивались в разных экономических, политических и культурных пространствах, и соответственно, образовались несколько групп языков с единым корнем. Например, кипчакская группа языков объединяет казахский узбекский, кыргызский, уйгурский и др., огузская группа – турецкий и азербайджанский. Если представители одной языковой группы могут довольно легко понять друг друга, то между самими группами есть существенные различия. А идея создания какого-то тюркского эсперанто – это вообще бредовая мысль.

– *Абдуали Туганбаевич, над какими языковыми проблемами вы сейчас работаете?*

– В настоящее время коллектив ученых-языковедов под моим руководством работает над созданием большого (70 000 слов) казахско-русского словаря. И самое трудное в этой работе – перевод фразеологизмов, поговорок, пословиц, идиом, имеющих такие нюансы, которым найти идентичные выражения на другом языке крайне сложно. С каждым днем я все больше убеждаюсь, насколько богат, образен, неисчерпаем по своим оттенкам казахский язык. И я уверен, что этому прекрасному языку предстоит пережить не только упадок, как это было в недавнем прошлом, но и настоящий расцвет.

*«Столичное обозрение» газет. 6. 51. 1995г.*

*(Беседовала: Жанна Баянова)*

### **Комментарий к проекту Закона Казахской ССР о языках**

– *Абдуали Туганбаевич, вы входили в ту группу специалистов, которая разрабатывала проект Закона о языках, и можете квалифицированно прокомментировать этот документ. В связи с этим первый вопрос. Наши читатели интересуются, не является ли*

*данный проект плодом кабинетного труда анонимных аппаратчиков, как это уже не раз бывало в прежние годы?*

- Нет. В этот раз проект нового закона – плод коллективного ума представителей общественности и специалистов-ученых. При Идеологической комиссии ЦК Компартии Казахстана была создана рабочая группа из 27 человек, которая работала над проектом два месяца. Проект подвергся серьезной, всесторонней проработке. Так что о келейности его создания не может быть и речи. И лотом его последующее вынесение на всенародное обсуждение разве не является новым демократическим способом учесть отношение к проекту всех слоев населения республики?

*- Вы сказали, что созданная группа работала над проектом два месяца. Не мало было этого времени для детальной проработки?*

- Думаю, что нет. Работали мы в очень напряженном режиме и постарались учесть все мнения включенных в группу специалистов. Естественно, что абсолютно всех оттенков и нюансов учесть невозможно. Но для этого и всенародное обсуждение, чтобы учесть то, что, возможно, прошло мимо внимания специалистов. Что касается сроков, то я бы назвал недостаточным не время нашей работы, а время, отведенное для всенародного обсуждения. Предполагается, что оно закончится к концу сентября, к очередной сессии Верховного Совета республики. Это очень небольшой срок. Поэтому обсуждать документ нужно активно, динамично, чтобы все слои населения успели высказать свое отношение к проекту до сессии. Мы несколько запоздали со всей этой работой.

*- Из сообщений центральной печати мы знаем, что в некоторых других республиках в проектах законов о языках вопрос о государственном языке поставлен очень резко. И это вызвало нежелательные эксцессы среди населения. Был ли учтен этот опыт при составлении нашего проекта?*

- Я бы не сказал, что опыт других республик диктовал нам какие-то условия. Но все республики разные и по составу населения, и по другим параметрам. Поэтому при подготовке документа мы исходили прежде всего из условий своей республики.

*- Сколь бы тщательно вы ни прорабатывали документ, как бы ни учитывали специфических условий республики, некоторые статьи и положения опубликованного проекта вызывают у людей вопросы. Об этом свидетельствуют письма наших читателей, звонки в редакцию.*

- Это же естественно. Документ этот принципиально новый, аналогов в истории нашей страны не существовало. Кроме того, любой закон не может предусмотреть всего. Закон определяет принципиальные положения. А затем правительство и другие республиканские органы управления издают вытекающие из закона подзаконные акты, которые и детализируют, объясняют непонятное.

Что же касается общих принципов, заложенных в проект закона, я готов как член рабочей группы пояснить непонятное.

- *Тогда прежде всего о статье 33, в которой говорится об ответственности за отказ должностного лица в принятии запроса, заявления или жалобы, а также нерассмотрение их по существу, мотивированные незнанием языка. Наши читатели опасаются, что слишком многие из них окажутся после вступления закона в силу в «подответственном» положении.*

- Я не думаю, что сразу же после вступления закона в силу начнут освобождать должностных лиц по мотивам незнания языка. Для изучения языка нужно время. На первых порах руководители могут привлекать для рассмотрения писем и заявлений населения своих подчиненных, владеющих языком, либо, если позволяет штатное расписание (а в условиях хозрасчета это сделать проще, чем раньше) привлечь к делу переводчика. Но это все на первых порах, временно. А в дальнейшем руководители и другие должностные лица должны овладевать языком в той степени, чтобы можно было выслушать посетителя, рассмотреть его письмо, заявление. В упоминавшихся мною подзаконных актах, которые будут впоследствии разработаны, будет определена степень знания языка (языковой минимум) для каждой сферы народного хозяйства. В первую очередь это коснется сферы обслуживания, торговли, медицины. В Прибалтике, например, выделены 6 сфер, работники которых должны овладеть языком за 2 – 3 года.

Если же не включать в закон статью об ответственности, то закон работать не будет. Это юридическая аксиома.

- *То есть вы проводите мысль о том, что для спасения языка его нужно сделать употребляемым во всех сферах жизни.*

- Безусловно. Это же делается и «из принципа», а ради спасения языка. И думаю, что все группы населения должны отнестись к этому с пониманием.

- *Но не вызовет ли это особенно на первых порах конфликтов прежде всего в бытовой сфере?*

- Конфликтов нужно стараться избегать. А для этого следует с пониманием относиться к разрешению всех языковых проблем. С одной стороны, должностные лица и обслуживающий персонал всех предприятий и учреждений не должны проявлять пренебрежения к языку коренной национальности. С другой стороны, коренное население не должно с первых же дней после ведения закона «из принципа», независимо от знания русского языка, обращаться везде и всюду только на родном языке. И те, и другие должны с пониманием и бережностью относиться к языковым потребностям и возможностям друг друга.

- *А как быть с языками малочисленных народов, населяющих республику?*

- В местах компактного проживания представителей той или иной национальности можно сделать рабочим языком во всех сферах язык этой национальности. Что же касается их общения с представителями других национальностей, то здесь должен сыграть свою роль язык межнационального общения – русский.

- *Еще один вопрос из числа поступивших в редакцию. Алмаатинец Э. Мамлеев пишет нам: «Предложен взвешенный, разумный закон, гарантирующий уважительное отношение ко всем языкам, обеспечение прав иноязычного населения. Но есть одна важнейшая статья (ст. 37), которая может перечеркнуть все то доброе, что заложено в остальных. Снова, как в недавние времена, основные общеполитические статьи выносятся на обсуждение народа, а порядок введения наиболее «острых» статей (17, 20, 21), затрагивающих буквально миллионы людей (об обязательном владении двумя языками лиц определенных профессий, обязательности обучения языкам в школах, техникумах и институтах), будет определяться решением Совета Министров и Верховного Совета республики без обсуждения, кулуарно. Разве не понятно, что такая дискриминационная мера, как введение фактического «запрета на профессии», связанные с работой в управлении, правоохранительных органах, торговле, бытовом обслуживании, на транспорте, в связи, в прессе и т. д., может резко обострить достаточно стабильную и спокойную сегодня ситуацию в республике.*

- *Считаю, что без опубликования порядка введения статей 17, 20 и 21 обсуждение проекта закона теряет смысл. Причем сроки введения их должны быть реальными, ориентированными на продолжительность активной трудовой жизни одного поколения (20–25 лет). Следовало бы вместе с порядком введения этих статей определить сроки обсуждения*



*и обязать все средства массовой информации оперативно публиковать отзывы и пожелания граждан, соблюдая беспристрастность».*

- *Каково ваше отношение, Абдуали Туганбаевич, к высказанным нашим читателем соображениям?*

- Он, безусловно, прав. Порядок введения в действие статей 17, 20, 21, затрагивающих интересы широких слоев населения, должен в будущем обсуждаться столь же широко и подробно, как и сам проект закона.

- *Широкая сфера применения языков – официальные мероприятия на всех уровнях – от предприятия до республики. На них представитель каждой национальности, населяющей республику, вправе выступать на родном языке. Отсюда возникает необходимость обеспечения синхронного перевода. А для этого нужна и соответствующая аппаратура, и кадры квалифицированных переводчиков...*

- Да, здесь есть проблема. И ее решением нужно заняться незамедлительно. Насколько мне известно, сейчас правительством республики разрабатывается соответствующая программа, где будет предусмотрено и решение этих вопросов.

- *Для изучения языков нужны словари, разговорники, кадры преподавателей...*

- Понимаю ваш намек. Действительно, большая часть существующих учебников и разговорников не удовлетворяет современным требованиям. Министерствами и ведомствами сейчас должны вестись разработки по составлению разговорников для различных сфер жизнедеятельности. Ведет такую работу и наш институт. С помощью ЭВМ отбирается необходимый лексический аппарат. Многое зависит и от Госкомиздата. Разрабатываемые учебники и разговорники должны быть изданы оперативно. Следует уже сейчас пересмотреть сложившуюся крайне неповоротливую систему книгоиздания. Иначе мы рискуем затянуть это важное дело на многие годы.

- *А методики обучения? Они же сориентированы прежде всего на изучение грамматики, стилистики и т. д. А людям необходимо овладеть прежде всего разговорным языком.*

- Я абсолютно с вами согласен. Более того, я и раньше всегда говорил, что излишняя грамматикализация обучения малоэффективна и даже вредна. Нужно учить прежде всего разговорному языку? Затем, если появляется потребность, углублять знания, вникать в грамматику и стилистические

тонкости. Поэтому нам необходимо внести соответствующие изменения в программы подготовки специалистов – преподавателей языка.

- *Еще один вопрос. Не вызовет ли необходимость знания языка снижения уровня деловой квалификации и компетентности специалистов?*

- Каким образом? Знание языков еще никогда никого не обедняло...

- *Нет, я имею в виду другое. Не станем ли мы при подборе специалистов и руководителей отдавать предпочтение знанию языка в ущерб другим деловым качествам!*

- В проекте закона нет принципа подбора кадров по знанию языка. Отбирать людей нужно всегда только по деловым качествам. Другой вопрос, что знание языка только обогатит квалифицированного специалиста, руководителя. Мы должны обеспечить возможность всем им через определенное время выучить язык. От этого любой из них только выиграет. Это, кстати, касается представителей любой национальности. Если, скажем, к руководителю-казаху подчиненный обратится по-русски, то и ответ он должен получить по-русски. Вообще нужно сказать, что мы должны в будущем прийти к такому положению, когда язык общения выбирает подчиненный или посетитель, а руководитель должен соответствовать...

- *В нашей беседе мы, разумеется, не охватили всех аспектов сложных языковых проблем. Но обсуждение проекта закона только начинается. Думаю, что ваши ответы на вопросы редакции и читателей помогут многим лучше разобраться в ситуации с языками.*

- Надеюсь, что ваши читатели примут активное участие в обсуждении проекта закона.

- *Спасибо за беседу.*

*«Казахстанская правда», 26 август, 1989. (Беседу вел В. Срыбных)*

### **Ана тілімізді ардақтай білейік**

Тылсым табиғаттың адам баласына тарту еткен тамаша да дарқан сыйының бірі – тіл. Тіл – сирек кездесетін қоғамдық феномен, сыры мол ғаламат дүние. Оның ең басты қасиеті – адам баласының жер бетінде пайда болған сонау балаң дәуірінен бастап бүгінге дейін олардың өзара қарым-қатынас жасауына қажетті құралы болуында.

Не көп, жер бетінде тіл көп. Оның саны қазіргі күнде 2 мыңнан асып отыр.

Біздің елімізде туыстық жағынан бірнеше топқа бөлінетін 130 дербес тіл бар екен. Олардың ең ірісі – славян тобы.

Совет Одағындағы тілдердің тағы бір ірі тобы – түркі тілдері. Оған өзбек, татар, қазақ, эзербайжан, түрікпен, қырғыз, ноғай, башқұрт, қарашай-балқар, қарайым, гагауыз, түрік, қарақалпақ, чуваш, сака (якут), ұйғыр, хакас, алтай, тува, тофалар, шор т. б. жиырмадан астам дербес тіл енеді. Түркі халықтарының жалпы санына шаққанда Совет Одағындағы әрбір он адамның бірі осы аталған түркі тілдерінің біреуінде сөйлейді екен.

Түркі тілдер семьясына жататындардың бірі – кең-байтақ Советтік Қазақстан жерін мекендейтін қазақ халқының тілі. Ол тіл сөйлеушілердің саны жағынан алып қарағанда барлық түркі тілдерінің ішінде (түрік, өзбек, татар, эзербайжан тілдерінен кейінгі) бесінші орында тұратын, өзіндік ерекшелігі мол, өте бай, жан-жақты дамыған, дербес ұлттық тілдердің бірі болып саналады. Совет Одағындағы қазақтардың жалпы саны бүгінде 6. 556 мың адам болса, оның 5.289 мыңы Қазақстанда, қалғандары басқа туыстас республикаларда тұрады. Қазақтардың бірқатары шет елдерде (атап айтқанда, Монғолияда – 70 мыңнан астамы, Қытайда – 100 мыңнан астамы, Ауғанстанда – 20 мыңға жуығы, Түркия мен Иран, Пакистанда – 10 мыңнан көбірегі, т. б. жерлерде) тұратыны мәлім. Демек, тек қазақ тілінде сөйлеуші қазақтардың саны (Қазақстанда тұрып, қазақ тілін ана тіліндей білетін 114 мыңнан астам басқа халықтардың өкілдерін есептемегенде) 7 миллионнан әлдеқайда асып жатыр.

Біздің арнайы сөз еткелі отырған тіліміз де осы 7 миллионнан астам адам сөйлейтін, қазақ топырағында туып, қалыптасып, дамып, халықтық, ұлттық тіл деңгейіне көтерілген, тамаша тарихы бар, дәстүрі мол, болашағы жарқын ҚАЗАҚ ТІЛІ. Бұл – біздің ана тіліміз, қадірлеуге де, қастерлеуге тұратын рухани қазынамыз, ұлттық байлығымыз.

Неге біз оны ана тілі дейміз? Неге көптеген халықтар өз тілін «ата тілі» демей, «ана тілі», «туған тілі», «родной язык» деп атайды? Осында бір ортақ заңдылық бар сияқты. Мүмкін, сәбидің алғашқы тіл ұстартушы ұстазы ана болғандықтан және ол жай ұстаз емес, барша жақсылықты бөпесіне арнап, бесік жырын шерткен, ыстық ықыласы мен мейлінше мол мейір-шапағатын лебізінен танытқан ана-ұстаздың асыл қасиетіне байланысты осылай аталған шығар? Қалай да болса, марксизм классиктерінің ана – өз тілінің ұйтқысы, оның іргесін берік сақтайтын алтын қазығы деген пікірі де ананың осы қасиетіне барып саятын секілді.

Бірақ осыған қарап, ана тілі, жалпы тіл біткеннің бәрі тек әйелдер қауымы арқылы ғана таралатын құбылыс екен деген теріс ұғым тумаса

керек. Жас нәресте үшін ана тілі о баста ана аузынан шыққан алғашқы асыл сөз, ыстық та етене лебіз іспеттес болғанымен, оның есейе келе ана тілін толық меңгеруі алдымен семья жағдайынан басталса, бара-бара ол туғандықтан, көрші-қолаң, жолдас-жоралармен араласу арқылы, ауыл-аймақ, ел-жұрт ортасында өмір сүруге байланысты қалыптасып, дамып, жетіліп отырады. Сөйтіп, адам өз тілін өмір бойы өзі өмір сүрген ортадан үйренумен болады.

Әрбір адамның тілі жас кезінен бастап осындай бір белгілі ортада қалыптасуына байланысты, ол сол ортаның тілдік дәстүрін, кейбір жергілікті ерекшеліктерін бойына сіңіріп, көпке дейін сақтауы мүмкін. Оның ешбір айып-шамы жоқ, бұл барлық тілдерде болатын табиғи заңдылық. Ондай өлке тілінің өзгешеліктері әдеби тілді жетік меңгеруге байланысты өзінен өзі-ақ тілдік қолданыстан қалып қойып отырады. Өйткені, жалпыхалықтық тілдің негізінде, немесе оның бір аймақтық диалектісі негізінде қалыптасқан жазу дәстүрі бар, көпшілік қолды әдеби тілімізде таза сөйлеу, сауатты жазу әркімнің білім дәрежесіне, мәдени өрісі мен өмір тәжірибесіне байланысты жүре пайда болатын тамаша қабілетті әркімнен-ақ талап етеді.

Ана тілі арқылы адам дүние таниды, білім алады, өнер үйренеді, ғылымды игеріп, творчествоға құлаш ұрады. Сол ана тілімізді біз жақсы білеміз бе, оның нендей сыр-сымбаты бар, оның ұшан-теңіз байлығын қалай меңгердік? Ана тілінің табиғаты туралы бұрын-соңды ойланып көрдік пе? Ойға орала беретін осы бір сауалдар бәрімізге де ортақ сияқты. Бірақ оларға берілетін жауап, меніңше, бірдей бола бермеуі мүмкін.

Қай тіл болмасын, ол адам қоғамы тәрізді ұзақ өмір сүреді, оның өзіндік тарихы, басып өткен жолы, даму сағылары болады. Бірақ бірде-бір тілдің жасын тап басып, ашып айту кімге болса да қиын. Өйткені, бұл тарихи сүрлем – мыңдаған-миллиондаған жылдардың қойнау-қырқаларында жатқан сыры мол, ғаламат дүние.

Дегенмен, кейбір жазба, қазба ескерткіштерге қарап, туған өлкенің жер-су атаулары мен сөздік қорымызда сақталған көненің көзі іспеттес деректерге сүйене отыра, көз жетпесе де ой жететін тілдің тарихи даму белестерін елестетуге болатын сияқты. Мәселен, қазақ тілінің халық тілі болып қалыптасу дәуірін XIV–XV ғасырлар десек, оны тарихымыздағы белгілі саяси-әлеуметтік жағдайға, бытырап жатқан ру тайпалардың бірлесіп бір тұтас халыққа айналуына байланысты айтамыз. Бірақ бұл халқымыздың этнолингвистикалық тарихының ұшар басы емес, белгілі бір кезеңі ғана. Ал оның көзі әріден басталып, тарихи соқпақ бізді сонау орхон-енисей дәуіріне жетелейді.

Қазақ тілінің басқа туыстас түркі тілдерден бір айырмашылығы – оның тұтастығы. Ұшы-қиыры жоқ, ұлан-ғайыр қазақ даласында көшіп-қонып жүрген халқымыздың тілі академик В. В. Радловты таңқалдырған, өзінің осы монолиттей тұтастығын қалай сақтаған десеңізші?

Жер бетінде бірде-бір таза тіл жоқ. Өйткені, көрші халықтармен ұдайы болып келген тарихи, мәдени, географиялық, экономикалық т. б. қарым-қатынастар тілге әсерін тигізбей қоймайды. Сол сияқты біздің ана тілімізде де осындай лексикалық ауыс-түйістер аз емес. Оның сөздік құрамында әр дәуірдің жемісі болып саналатын санскрит, иран, араб, қытай, орыс және сол арқылы енген еуропа тілдерінің элементтерін көптеп кездестіруге болады. Тіл баюының бұл бір арнасы болса, оның негізгі жолдары тілдің ішкі даму заңдылығына және сыртқы әлеуметтік себептерге байланысты болып келеді. Қай заманда болмасын тіл қатынас құралы ретінде қызметін атқару үшін әрдайым өзінің коммуникативтік қабілетін сақтауға тырысады. Бұл тілдің ішкі даму заңдылығына сәйкес болса, оның сыртқы даму заңдылығы қоғамның тілге деген қамқорлығына байланысты. Мұндай қамқорлықты ұлттық тілдердің жан-жақты дамуына, гүлдене түсуіне толық жағдай жасап отырған біздің советтік болмыстан айқын көруге болады.

«Тіл ұдайы дамып, өзгеріп отырады» дегеннен біз нені аңғарамыз. Тіл өзінің түпкі тұлғасын, ғасырлар бойы қалыптасқан құрылымын, тұла бойында тұнып тұрған сөз байлығын төкпей-шашпай сақтай отыра, жаңа толқын жас буынмен бірге ылғи жасарып, жаңаланып, толассыз толығып отыратын ерекше бір қасиетке ие. Осы бір объективті себептерге байланысты басқа тілдер сияқты қазақ тілі де ең бай тілдердің қатарынан орын алады.

Біз жоғарыда адам өле-өлгенше өз тілінің байлығын меңгерумен, үйренумен болады дедік. Шынында солай. Бірақ ешбір жан ана тілінің сөз байлығын толық меңгерген де, сарқа пайдаланған да емес. Ұлы Абай өзінің артында қалдырған асыл мұрасын жазу үшін қазақ тілінің байлығынан бар болғаны 6 мыңдай ғана сөзін қолданған екен. Бұл қазіргі сөз байлығымыздың шамамен оннан бірі ғана. «Тілімізде қанша сөз бар?» дегенде дәл жауап бере алмаймыз. Оны айту қиын, өйткені тіл байлығы бір орында тұрған тұрақты шама емес, ол ұдайы, дамылсыз өзгеріп, жаңаланып отыратын құбылыс. Сондықтан да бүгінгі дерек ертең-ақ дәл болмай шығады. Оның үстіне тіл байлығы дегенде тек сөздің санын ғана есептеуге болмайды. Тіл байлығы өзінің мазмұнымен де бағаланады. Бір сөздің бірнеше мағынасы болады, бір ұғымды білдіруге болатын бірнеше сөз тілде қатар өмір сүруі мүмкін, сөз

мағынасын көпшілік жағдайда сөз тіркесімен де беруге болады: ал тілдің көркемдік тәсілдері, әсіресе тенеу, салыстыру, экспрессивті лексика мен тұрақты сөз тіркестері болса, өз алдына бір төбе.

Ана тілімізді қадірлеу деген не? Әрине, бұдан тілімізді реті келген жерде мақтай беру, мадақтай беру керек деген ұғым тумаса керек. Мен өз басым, ана тілді қадірлеу дегенді ең алдымен оның тамаша табиғатын ерекше зейіндікпен тани білу, оның алуан түрлі сырын, сиқырлы күшін тап басып, қисынды да орнымен қолдану деп түсінемін. Тілге кездейсоқ сөздің жиынтығы деп қарамай, атадан балаға мұра боп келе жатқан халық даналығының қамұсы (энциклопедиясы), өткен өмір мен бүгінгі тұрмыстың айнасы, рухани қазынамыз деп қарағанда ғана оның қадіріне жетеміз, оны ардақтай аламыз.

«Қазақстан әйелдері» журналы көтеріп отырған ана тілі проблемасы – бәрімізді де қатты ойландыратын, толғандыратын ортақ проблема. Бұл мәселені жан-жақты талқылауға қатысып, қажетті жерінде пікір айтып, атсалысуды тіл мамандары да өзінің төл ісі, абзал борышы деп санайды. Ол үшін журнал бетінде ана тіліміздің сан алуан «шаруашылығын» ұдайы сөз етіп, пікір алысып тұратын арнаулы мүйісі болса екен дейміз.

*«Қазақстан әйелдері». 1982. № 2.*

### **Ана тілі — бәріміздің анамыз**

*– Қазақ елі егемендік алғалы он төрт жылдан асты. Осы жылдарда атқарылған жұмыстарға және қазіргі жағдайға көңіліңіз тола ма? Қазақ тілінің болашағы туралы не айтар едіңіз?!*

– Еліміз егемендік алған осы он бес жылдың ішінде халқымыз сан жағынан, әрі сапа жағынан да өсті, экономика, мәдениет жағынан дамып өркендеп келеді, мұндай даму ұлт тұрғысынан алғанда тарихта бұрын-соңды болған емес. Бұл даму, бұл үрдіс бұдан кейін де жалғаса бермек. Халқымыз, еліміз дамудың тың сатысына көтерілді деп есептеймін.

Қоғамдық өмірде он бес жылда үй болудың өзі де тым оңайға соқпаса керек. Ал бір мемлекет деңгейінде айтқанда он бес жыл деген тым қысқа мерзім. Осы тұрғыдан қарағанда біз тез уақытта бой көтеріп, көптеген мақсатымызға қол жеткіздік.

Бұрын өзгелер қазақ халқын Ресейдің қарамағындағы көптеген ұлттардың бірі деп географиялық ұғым ретінде ғана танып келсе, бұл күндері шетелдегі саясаткерлер қазақтың кім екенін білуге барынша ынталануда. Олардың халқымызға деген көзқарасы кешегіден мүлде басқаша. Қазақ елінің әлемдегі ең озық елдердің қатарында тұруға

мүмкіншілігі бар. Өзінің жер асты, жер үсті байлығы жеткілікті. Сондай-ақ, осы заманғы жаңа техниканы өздері игеріп кете алатын Н.Ә. Назарбаевтай басшысы бар халық. Экономика жағынан барлық байлығымызды қолымызға алып өзімізге жұмсасақ, күндердің-күнінде тұрмыс-жағдайымыз да көтеріледі. Сондай-ақ, халықтың ой санасы да табиғи түрде өседі деп ойлаймын. Осыған орай қазақ тілінің болашағы да зор деп кесімді жауап айта аламын.

*– Бұл күндері дүниежүзіндегі қазақтардың жалпы жан саны 13 миллион болса, ал оның бес миллионнан астамы шетелдерде тұрады. Осы елдердегі жағдайларға байланысты қазақ тілінің қолданыс аясы да, деңгейі де әртүрлі. Дегенмен, жалпы қарағанда, дәл қазір жаһандану үрдісіне байланысты шетелдерде қазақ тілінің тынысы барған сайын тарылып бара жатқандай. Әсіресе, ана тілінде мектептері мен басылымдары жоқ елдердегі қазақтардың тілдік жағдайы өте қиын екені айтпаса да белгілі. Яғни Қазақстанда қазақ тілінің өрісі кеңейіп, жағдайы жақсарғанымен, шетелдердегі қазақтардың тілдік мәселесі керісінше болып отыр. Осыған байланысты Қазақстан мемлекеті шетелдердегі қазақтарға осы жөнінен қандай іс-шаралар атқаруы, көмектер көрсетуі керек деп ойлайсыз?*

Мен «Парасат» журналының «Болашақ Президент кім болады? Болашақ Президентке айтар тілегіңіз қалай»? – деген сауалына былай деп жауап бердім: Біз төрт көзіміз түгел болмай көп нәрседен ұтыламыз. Күні кешеге дейін қазақ халқымыздың жан саны елімізде 30 пайыз ғана болды. Яғни, он адамның үшеуі ғана қазақ, ал қалғаны басқа ұлт. Мінекей сондықтан төрт көзіміз түгелденбей тіл мәселесі де, демография, экономика, мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық қасиеттеріміздің барлығы түгелденбейді. Сондықтан, шетелдердегі бес миллиондай қазақтың Қазақстанға қайтып келуіне жағдай жасаса Президентіміздің бүкіл тарихта аты қалады, ұмытылмайды деп ойлаймын. Өйткені бұл күрделі де, ауыртпашылығы салмақты тарихи мәселе. Десе де шешуге болады.

Шетелдерде ата-бабаларының жеріне қайтып келуге құлшынып отырған қазақтар баршылық, оларға тиімді жағдай жасап, ортамыздан орын беруіміз керек. Жоғары жақта дұрыс шешілген кейбір мәселелер төменге барғанда қиындап, ретін таппай жатады. Меніңше, осылардың барлығын тез арада жөнге салып, оралмандарға орын, жұмыс тауып беріп, мамандық алуына мүмкіндік жасап, экономикалық жағынан жәрдем етіп отырса, бұл мәселе қалай да шешімін табар еді. Яғни

бес миллион халық деген ол – бір мемлекет. Сондықтан қазақ еліне бес миллион қазақ келіп қосылса, қазақ өзінің қазақтығын таниды. Шетелдерден қаншама мамандар, ғылым докторлары мен кандидаттары Қазақстан мемлекетіне келіп біздің игілікті ісімізге үлесін қосып жатыр. Міне бұл қазағымыздың «елден ел кетсе жұт, елге ел қосылса құт» деген аталы сөзінің ақиқатына жүгіндіреді.

– Әрине, қысқа мерзімде бес миллион халықтың Қазақстанға бірден келе қалуы да қиындау, бұған уақыт қажет. Ал осы елдердегі қазақтардың тіл-жазуына үңілер болсақ, Қазақстанда – кириллица, қытайда – төте жазу. Яғни Қытайда араб жазуына негізделген графиканы, Түркияда және Еуропа елдерінде латын жазуына негізделген графиканы қолданады. Осындай іс жүзіндегі қиындықтарға байланысты шетелдердегі қазақтардың бір жағынан тілдік өрісі тарылса, екінші жағынан графиканың шеңберіне тұсалып, жасалып жатқан терминдердің әсерінен тілде алысқа маңдайлау мәселесі туындап отыр. Жуықта өткен Қазақтардың III Дүниежүзілік құрылтайында Елбасы «Әлем қазақтары үш түрлі графика қолданады, бұны ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір ізге түсіру керек, мұны ғалымдарымыз талқыға салсын» дегенді тағы да айтты. Жалпы ортақ латын жазуын қолдану мәселесін 1992 жылдан бастап көтеріп келесіз. Бұл туралы Елбасына ашық хат та жаздыңыз. Латынға көшу мәселесі саябырсып қалған жоқ па? Бұл туралы не дейсіз?

– Бұл жөнінен әркімнің көзқарасы әр түрлі. Тіпті, мынау қазақ зиялыларының өздерінде дұрыс емес көзқарастар пайда болды. Бұл мәселе жөнінде ешқандай қара басымның қамын ойлап отырғаным жоқ. Кезінде Мұстафа Ататүрік Совет Одағының құрамындағы түрік халықтары барлығы бір сәтте (1926 жылы Баку қаласында өткен I Бүкілодақтық түркітану съезінде) өзінің бұрынғы жазуларын тастап латын графикасына көшу керек деген мәселені ортаға қойғанда, «Олар латын жазуына көшіп кететін болса, латын жазуын қабылдамаған біз жұртта қаламыз. Яғни, бүкіл түрік әлемінен айырыламыз» деп билік қолында тұрғанда жалпы түрік халықтарының мүддесін ескеріп, түріктердің мың жыл бойы қалыптасқан жазуын өзгертіп, бірден латын жазуына көшірді ғой!

Одақтың құрамында жасаған 70 жылда жалпы тіл, жазу мәселесі аясында астыртын, жымысқы саясаттың түпкі мақсаты қанша бүркемеленіп келсе де, бүгінде ол досқа да, дұшпанға да мәлім. Мәселен, Түркия елінің ғалымы, профессор Тимур Қожаоғлы осы мәселе туралы:



«Совет үкіметі 1927 ж. СССР-дағы бүкіл түркі халықтары қолданып келген араб алфавитін латын алфавитіне ауыстырды. Бірақ Түркияда да 1928 жылы латын алфавиті түрік алфавиті болып қабылданғандықтан Совет басшылары Анатолия түріктері мен Совет одағындағы түркі тілдес халықтардың мәдени байланысының арта түсуінен қауіптеніп, 1939-1940 жылдардан кейін оларға міндетті түрде кирилл алфавитінің бір-бірінен паркы бар алты түрін қабылдатқызды» - дейді. Міне, Түркі халықтарына араб, латын алфавиттерін жедел ауыстырып, оның орнын жаппай славян алфавитін қабылдатудың бір себебі осында деуге болады.

«Ортақ жазу» идеясы да түркі халықтарының рухани, мәдени ортақтығын сақтап қалудың бір шарты саналады. 1993 ж. Анкарада 6 түркі мемлекеттің – Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан елдерінің бас қосқан жиынында ортақ ұлттық жазуды қалыптастырудың негізі ретінде 34 әріптен тұратын латын әліппесінің жобасы ұсынылған болатын. 1994 жылы Анталия қаласында өткізілген жержүзі түркі халықтарының құрылтайында бұл жоба мақұлданып, латын жазуына көшу туралы жиынға қатысқандардың бәрі бір ауыздан шешім қабылдаған болатын. Міне, содан бері 11 жылдай уақыт өтті. Қазақтар мен қырғыздардан басқа Өзбектер, Әзербайжандар, Гагауыздар, Қырым татарлары, Түркімендер түгелдей латын жазуына көшкен. Татарлардың да ойы жоқ емес. Ал қырғыздар біздің аужайымызды бағып отыр. «Егер қазақтар латын жазуына көшсе, біз де латын жазуына көшеміз» дейді. Мінеки, осы ұлттардың барлығы латын жазуына көшіп жатса біз қалай қол қусырып қарап тұра аламыз? Латынға көшу алынбайтын қамал емес.

Мысалға көршіміз Өзбекстанды алайық. Өзбектер де түркі халықтарының бірі. 1994 жылы Анкарада өткен жиналысқа өзбектерден де үш-төрт адам қатынасты. Қазақтардан Қазақстаннан да үш адам бардық (Ерден, мен, Сайлаубек) сонда латын жазуына көшу мәселесіне үшеуіміздің біреуіміз қарсы болдық. Қазірге дейін бұл мәселеде ауызбірлік жоқ. Ал өзбектер бәрі бір ауыздан қосылуы 1995 жылы бірден латын жазуына көшті. Сол 1995 жылы мектеп табалдырығын аттаған балалар міне, биыл 10 сыныпты латын жазуымен бітірді.

Мұндағы басты әңгіме өзбектердің латынға көшуіне ғана байланысты емес, онда тұрып жатқан қандастарымыздың білім алу, жұмысқа тұру т.б. әлеуметтік жағдайларына да тікелей қатысты. Яғни, бір жарым миллион қазақ Өзбекстан территориясында тұрады. Олардың 600-дей мектебі бар. Ондағы балалардың барлығы кириллицамен оқып жатыр. Өзбектер өз еліндегі қазақтарға «Егер біз латын жазуына ертеңгі күні түгел

ауысқанда қолдарыңда латын жазуында дипломдарың болмаса жұмыс бере алмаймыз, маман деп есептемейміз» дегенді ескерткен. Демек, бір жарым миллион халықтың балалары ертеңгі күні маман да, сауатты да болмай аспанға қарап қалса не болғаны. Бұл мәселені Қазақстан мемлекеті ойламаса, кім ойлайды? Бұл туралы осы жолғы Құрылтайда Өзбекстаннан келген қазақ қоғамының төрағасы да өз пікірін айтты.

– *Бұл тек Өзбекстанда ғана сақталып отырған мәселе емес қой?*

– Иә, байқап отырсаңыз бұл шетелдегі барлық қазақтарға тән мәселе. Ең үлкен қиыншылық та міне, осы арадан басталады. Іс жүзінде қазақтар бара-бара өз ана тілінде мамандық ала алмай, алған күнде де біздің жазумен сауат аша алмай, басқа бір хатта оқып білім алса, айдалада қалғалы отыр. Бұл әрине, ащы шындық. Бұл мәселе Қытай елінде де сақталып отыр. Қытайдағы қазақтар 1960 жылдан бұрын төте жазуды қолданса, ал 1960 жылдан 1982 жылға дейін жиырма жылдай латын жазуын пайдаланған. Сосын қайталай төте жазуға көшті. Оны көріп отырмыз. Алайда төте жазуды (араб жазуын) бұл жақтағы қазақтар танымайды. Ал кириллицаны олар танымайды. Оның үстіне термин мәселесі тағы бар дегендей. Міне, осылайша әр елдегі қазақтардың тіл-жазуындағы алшақтық барған сайын ұлғайып барады. Егер бұл жағдай осылай жалғаса берсе ұлтымыздың тұтастығына үлкен қауіп болары анық.

– *Олай болса бұл туралы нақтылы қандай шаралар қолдану керек, не істеу керек деп ойлайсыз? Сізше қай жазуды қолдану тиімді? Өзіңіз латын жазуына көшуді әуелден-ақ қолдап келесіз ғой!*

– Өз басым Қазақстанда латын жазуын қолдануды қуаттап келе жатқан адаммын. Жалғыз мен ғана емес, бұл жағын баспасөз бетінде де, іс жүзінде де қолдайтындар көп. Соған сай қарсы шығушылар да жоқ емес. Бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында талай сөз болған. Ал осыған қарсы пікір айтушылардың дәлелі де бізге бірден белгілі. Олар надан болып қаламыз, мәдениетімізден айырылып қаламыз дегенді айтады. Меніңше мұнда тұрған дөңеңе жоқ. Ешқандай мәдениетімізден де айырылмаймыз, надан да болмаймыз. Қайта біздің жазуымыз дыбыстық жазу. Ол тұрмақ мағыналық иероглифтерді транскрипциялауда қытайлар да латын жазуын қолданып отыр. Латын жазуы – дүниежүзі бойынша қолданылып отырған халықаралық маңызы бар транскрипциялық дыбыстық дәл жазу. Яғни, бұл әрбір дыбыстың ерекшеліктерін түгел анық көрсететін фонемалық жазу. Сондықтан, біз латын жазуына көшсек, қазақ тілінде қазір дау болып

жүрген кейбір мәселелер дұрыс шешімін табады. Мысалы, «тау» деген сөзді алатын болсақ үш дыбыстан тұрады. Ал «жу» деген сөздегі «у» сөзін бір-ақ дыбыспен жазамыз «у» зәре мағынасында. Ал шын мәнінде ол «у» айқын көрініп тұрған екі дыбыстан тұрады. Оның барлығына орыс тілінің ыңғайына байланысты үйреніп кеттік.

– «Я», «ю» деген таңбалар да осылай ғой?

– Иә, солай. Біз бұл дыбыстардың ерекшеліктерін нақтылы дұрыс бейнелеп бере алмай отырмыз. Мысалы: «Момпи, тымпи, жымпи» деген сияқты. Сөздердің барлығына бір ғана «и» жазамыз. Міне, осындай жағдайлар біздің жазуымызда өте көп. Біз қазір 42 әріп таңбасын қолданып отырмыз. Бұның қажеті шамалы. Бізге 28 әріпті латын жазуы да жетіп жатыр.

– Ал орыс ғалымдарының болашақта орыстар да латын жазуына көшу керек деген пікірі туралы не айтасыз?

– Қытайдың тіл-жазу жағдайын өзің жақсы білесің. Қытай халқының жазу дәстүрі сонау ертеде қалыптасқан. Иероглиф деген ол – кез-келген ұлттың бәрінде бола бермейді. Қытай жазуы өзіндік ерекшелігі мол жазу бола тұрса да осыны латын жазуына өзгертейік деп реформа жасады. Бірақ қытай жазуы мағыналық жазу болғандықтан оны тек халықаралық транскрипция ретінде ғана қалдырды да бұрынғы жазуында қалды. Орыс тілінде де латын жазуына көшу-көшпеу туралы талай пікірталастар болып келеді. Айтар болсақ, қазір орыс, украин, белорус үшеуінен басқа славян халықтарының барлығы дерлік латын жазуын пайдаланады. Орыстар осыны ескере отырып «біз негізіміз бір ескі славяндармыз, тіліміз де ортақ славян тілінің негізінде қалыптасқан. Сондықтан, тілдік ортақтығымызды сақтау үшін біз де сол латын жазуына көшуіміз керек» деген мәселені қойып жүргендері бар. Мүмкін күндердің күнінде орыс халқы да латын жазуына көшуі ықтимал. Меніңше өзгермейтін ештеңе жоқ. Араб жазуы да, кирилл жазуы да, орхон-енисей жазуы бәрі де уақыттық жазу, оның бәрін кезінде пайдаландық. Ал енді латын жазуы болса бүгінде бүкіл жер жүзіне тараған, компьютер тілінде қолданылып отырған, өте икемді де, қолайлы жазу екені анық. Сол үшінде ертерек көшкеніміз абзал. Заманның үрдісі соны талап етеді. Бұл туралы анау Түркия қазақтарының сауалына жауап ретінде Президентіміздің өзінің айтқан сөзі де бар. Егер латын жазуын «Халық қалап жатса, қажеттілігін ғалымдар дәлелдеп бересе неге көшпеске» деген болатын. Сондықтан, біз де Президенттің сөзін қайталаймыз.

– Биылғы Құрылтайға әр елден жастар жағғы көбірек келіпті. Олар да өздерінің әртүрлі тілектерін білдіріп жатты. Әрине, шетелдегі бес миллион қандастарымыздан уәкіл ретінде 300 дей адам ғана жиналысымызға қатынаса алды. Өйткені, алыстағы ағайындарымыздың барлығының Қазақстанға келуі де мүмкін емес. Осы әңгіме орайында шетелдегі қандастарымызға қандай тілек айтасыз?

– Дүниенің қай бұрышында жүрмейік, қазақ тілінің бүгінгі тағдыры мен болашағы, қадір-қасиеті бәрімізді толғандыруы тиіс. «Ана тіліміз – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген қанатты сөзді бәріміз жадымызда сақтауымыз керек. Әр отбасы кішкентай бір ел. Ал «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген. Халқымызда «Не ексең, соны орасың» деген мақал бар. Біздің болашағымыз жастар, олардың қай тілде тәрбие алғаны ұлт үшін өте маңызды. Қай жерде жүрсе де қазақты қазақ қылып танытатын, сақтайтын оның тілі ғана екенін ұмытпайық.

– Әңгімеңізге рахмет!

«Алтын Бесік», 2005. №6.16-18 б.  
(Сұхбаттасқан Қ. Ғабитханұлы)

### **Ана тілі азбасын, атамекен тозбасын**

Тарыдай шашылып, дүниенің төрт бұрышына түгел тарап кеткен туыстарымыздың өмір өрісін, тіршілік тынысын атамекендегі ағайын-туғандар бұрын да қалт жібермей қадағалап, сыртынан бақылап келсе де, дәл бүгінгідей жіті араласу, қою қарым-қатынас жасау, барыс-келіс бұрын-соңды болмай келді. «Бармасаң, келмесең – жат боларсың, алмасаң, бермесең – сарт боларсың» дегеннің дәл өзі болды. Қазақстаннан тыс болса да, бұрынғы Кеңес Одағындағы туыстарымыздың жағдайы бір басқа. Ал сол Одақтың сыртындағы бауырларымыз үшін кезінде өз атамекеніне барар жолдың темір қақпалы кірер есігі ылғи да жабық тұратынын несін жасырамыз. Етене жақын ағайынның арасын алыстатып, бір-біріне жат етіп келген осынау бір империялық «тәртіптің» күйреуі бүгінде қазақ халқының да игілігіне айналып отыр.

Енді, міне, егеменді ел, тәуелсіз мемлекетке ие болып отырған қазақ қауымы есін жиып, еңсесін көтеріп, отбасындағы орны толмайтын шетелде жүрген туыстарын іздей бастады. Бұл да жақсылықтың, жаңа заманның нышаны. Қара шаңырақ астына түгел жиналып, сағыныш құшағын жая қауышып, мәре-сәре болу, ата-баба салты бойынша әруақтарға ас беріп, дүбірлі той өткізу, алқалы жиын ашып, келелі кеңес

құру – осының бәрі қазақ қазақ болғаннан бергі тарихымызда сирек болатын елеулі оқиға. Илаһим, осы бір қуанышымыз, Алланың бізге деген осы бір шапағаты ұзағынан болғай!

Әрине, ұзақ заманнан бері көрісе алмай, көріссе де емін-еркін араласа алмай кемдидар болып келген ағайын-тумалардың төрт көзі түгел бас қосар осынау бір алқалы кеңесте өзара айтар сыры, ортаға салар ойы аз болмаса керек. Біз солардың бір парасына ғана қысқаша тоқталмақшымыз. Әңгімеміз ана тіліміздің ұлттың басын қосар рухани ұйытқысы, елдің іргесін құрайтын соңғы қамалы іспетті тамаша қасиеті жайында болмақшы.

Мәңгүрттік дертке шалдықпаған, өзін-өзі құрметтей білетін әрбір саналы қазақ баласы қай жерде жүрмесін, қай елдің отынын отап, түтінін түтетпесін, салт-дәстүрін сақтап, тәртібіне тәуелді болмасын, бәрібір, өз елін, өзінің тарихи отанын, ата-баба жұртын ешқашан да естен шығармауы керек. Өйткені, бұл – әркімнің-ақ азаматтық парызы, перзенттік борышы.

Алайда, өз елін жан-тәнімен сүю үшін, оның суығына тоңып, ыстығына күйетін ұлтжанды ұланы болу үшін аса қажетті ынсани қасиеттің бірі – ол өз ұлтының тілін білу. Тек ана тілі ананың ақ сүтімен бойына дарыған, сол тіл арқылы халқының асыл қасиеттерін қабылдап, рухани байлығынан мол сусындаған, салт-дәстүрін жетік меңгерген азамат қана өзін шынайы **қазақпын** деп атауға санында ғана емес, санатында екендігін айтуына әбден болады. Бірақ, өкінішке орай, бүгінде қара шанырақ иелеріне де, шетелдік туыстарымызға да сын болып отырған басқа емес, дәл осы мәселенің өзі. Сондықтан да біз бүгін ұлтымыздың тұтастығы, ел іргесінің беріктігі, ұлттық санамыздың сергектігі, салт-дәстүріміздің өміршеңдігі және басқа да ұлттық қасиетіміздің сақталуы тек ана тіліміздің тағдырына тікелей байланысты екендігін ағайынның өзара бас қосқан бір сәтінде жасырып-жаппай-ақ ашық айтқымыз келеді. Осыған орай, ұлтымыздың тұтастық менталитетін сақтап қалудың жолы қазақтардың бәрін бір жерге жинап, бір шаңырақтың астына шоғырландыру емес, қай жерде жүрмесін өз тілін ұмытпау, құрметтеу, оның тұтастығын, өзіне ғана тән тамаша ерекшеліктерін сақтау, қолданыс аясын кеңейтіп, байлығын толық пайдалану деп есептейміз.

Енді 10 миллион халқымыздың біртұтас ұлт екендігін танытып, барша қауымның басын қосуға рухани ұйытқы болып отырған **қазақ тілінің** кейбір қадау-қадау мәселелеріне тоқталып өтейік.

Қазақ тілінің түп-төркіні мен таралу шеңбері, қолданыс аясы мен қызмет ауқымы жайында. Қазақ тілі ірілі-кішілі 40 шақты түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ тобына жататын ең ірісі болып саналады. Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі қыпшақ тобына жататын ондаған тілдердің бәріне (ноғай, қарақалпақ, қарашай, балқар, құмық, қарайым, қырымшақ, татар, қырым татарлары, башқұрт, сондай ақ қырғыз т.б.) еншісі бөлінбеген бауырдай етене жақын екендігінде. Бұл туыстардың арасында қазақ өзін еркін ұстайды, тілмәшсіз тіл табысады. Оның тарихи себептері де жоқ емес. Ертіс бойынан сонау Дунай өзенінің жағалауына дейінгі Еуразияның кең-байтақ даласын алып жатқан Дәшт-и Қыпшақтың жон арқасы қазақ жері болса, кейінірек өсіп-өрбіген қыпшақ тілдерінің ішінде ең құнарлысы да, қордалысы да бүгінгі қазақ тілі. Қыпшақ текті түркі туыстарын іздеген адам ар жағына бармай ақ, тек Көк түрік бабамыздан тараған әулет, ру-тайпалардың тарихынан қаншама ортақ, етене жақын рухани, мәдени дүниелерді кездестіруі сөзсіз.

Сонау V-VIII ғасырларда жазылып, бүкіл түркі дүниесіне мұра болып қалған тас ескерткіштердегі бабаларымыздың ұлағатты сөздері әрбір қазақтың құлағына сіңіп, жүрегінде сақталған. Бұл ескерткіштерді оқысаң, сол дәуірлерде жасаған ақылгөй, дана басшы, Тоныкөк пен Білге қаған, Көк түріктің көк семсеріндей өткір де ержүрек әскер басы Күлтегіннің өзімен сөйлескендей боласың. Бүгін де Моңғол жерінде жатқан осы бір сәулетті тас мүсінді ескерткіштеріміздің мұрагері ар жағы көне қыпшақ, бер жағы қазақ екендігіне ешкім дауласа алмайды. Қыпшақ тегіне тән, қазаққа туыс әулеттерді, оларға ортақ мұралар мен мәдени орталықтарды, қағанаттар мен мемлекеттерді іздеп, кең-байтақ Еуразия даласын алып жатқан Түркі дүниесін шарласаң, әр жерден-ақ кездестіресің, тұнып жатқан талай тарихи бұлақтың көзін ашуға болады. Солардың біразы қазақтың төл топырағында жатыр. **«Аспанда Күн жалғыз, Жерде Хүн жалғыз»** деуіне қарағанда, қазақ атам Хүн бабаларын да білген; бұдан 24 ғасыр бұрын алтынға орап, арулап жерленген сақ ұланының мәйіті де Алатау алқабынан табылып отыр; түркілердің әлемге әйгілі қос қағанаты да, Қаңлы мен Үйсін, Қараханиттер мемлекеттері де қазақ жерінде салтанат құрған; Әбу-Нәсір әл-Фараби, Жүсіп Баласағуни, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхаммет Хайдар Дулати, Қайырғали Жалайыри тәрізді шығыстың ұлы перзенттері де – қазақ топырағынан шыққандар.

Ал қазақтың өзіне етене жақын тілі де, діні де, рухани мұрасы да ортақ түркі ұлыстарын іздеген адамға көне тарих небір ғажайып сыр

шертеді. Сонау VIII ғасырда қазақ жерінен құлақ кесті құл болып, мысыр саудагерлеріне сатылған, кейін Мәмлүк (құлдар) мемлекетін құрған әйгілі қолбасшы Байбарыс та қыпшақ ұрпағынан еді. Сүрия жеріндегі көне Пальмира жақын биік төбенің үстінде аңдағайлап алыстан көрінетін «Қыпшақ» қорғаны сол елді моңғол шапқыншыларынан қорғап қалған қыпшақ әулеттерінің қолымен тұрғызылған қамалы болатын. Еуразиядағы Мажарстан, Румыния, Польша, Түркия (Осман империясы), Бұлғар, Қырым, Алтын Орда мемлекеттердің құзырында болған қыпшақ ру-тайпалары да біздің бабаларымыз және олар бұл елдердің мәдени тарихында елеулі рөл атқарғаны мәлім.

Ал енді қазақ қазақ болғаннан бергі жағдай өз алдында бір дүние. Ең бастысы: олардың «мың өліп мың тірілсе де» өздерімен өзектес ру-тайпаларынан мұра болып қалған ұлан-ғайыр атамекенін тұс-тұстан анталап, аранын ашқан қызыл көзді жауларынан ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен ғасырлар бойы аман сақтап қалуы. Ендігі жерде, міне, сол дәстүрді жалғастыру, іргені берік ұстау, елдің шырқын бұзбау, тілін, дінін, салт-дәстүрін сақтау қарапайым халыққа да, ел басқарған ерлерге де сын болып отыр. Кешегі «ақ табан шұбырынды» заманынан кейін үсті-үстіне төнген нәубеттің бәріне төтеп берген халқымыздың әсіресе кейінгі жүз жыл беделіндегі тартқан азабы мен көрген құқайы да аз болған жоқ. Осы жылдар ішінде зобалаңнан, аштықтан, геноцидтен, соғыстан, атом тажалынан халқымыздың жартысы қырылып, қалың елдің қатары сиреді, қабырғасы күйреп, ұлтымыздың береке-құты қашып, тұтастығы бұзылды, ана тіліміздің қолдану өрісі тарылып, ауадай қажет тілдік орта ойран болды. Кеңестік империяның бұғауында келген Қазақстанда кешегі отаршылдық саясаттың орыстандыру «бағдарламасы» небір айла-тәсілдермен іске асып жатты. Міне, енді ғайыптан келген жаңа заманның дүмпуімен жойылып кетуге шақ қалған ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, аспаннан іздегеніміз жерден табылып отыр. Бірақ ана тіліміздің қазіргі халі – «шықпа жаным, шықпа!».

Оның көптеген себебі де бар. Соның бірі – қазақтардың өз жерінде, өз елінде отырып басқа ұлттардан саны аз болып қалуы. Мәселе тіпті, онда да емес: «көп қорқытады, терең батырады» дегендей, орыс тілді жерлестеріміздің кейде осы аздығымызды бетке салық етіп, «біз көппіз!» деп құқай көрсетуінде, ұлттың намысына тиіп, оның талпынысына, санасы оянып, қайта түлеуіне жол бергісі келмеуінде болып отыр. Осыны көріп, ашынасың, ашынғандықтан да, «ау, он миллион болған

ағайын-тумалар-ау, қайда жүрсіндер?!» деп, жан ұшыра айғайлағын келеді. Бұл жалғыздық көргендіктен емес, – құдайға шүкіршілік, қара шаңырақ астында жеті миллиондай қазақ отыр ғой, – тәуелсіздігіміздің туын қолдан жібермей, мықты ұстау үшін, ойран болған тілдік ортаны толтыру үшін, беделі түсіп, қадірі кеткен тіліміздің мерейін үстем ету үшін қажет сол тілде сөйлетін іргелі елдің ұлттық намысын ояту үшін айтылар сөз.

Қазақ атам «Арқада аяз болмаса, арқар ауып несі бар» дейді ғой. Сол айтқандай қазақтың өз жұртынан ауа көшіп, алыстап жүруі бекер емес, оған бірде тарихи жағдай, бірде тағдырдың тәлкегі себеп болғаны аян. «Өткен іске салауат» десек, ендігі мәселе алыстағы ағайынның аңсарын аңғару, еншісі бөлінбейтін асыл мұрасы тіліне деген құштарлығын байқау. Осыған орай дүние жүзі қазақтарының алғашқы бас қосуында сөз болуға тиіс мәселенің бірі – «шетел қазақтарының» қолданысындағы қазақ тілінің әр жердегі әртүрлі күйі, жағдайы, болашағы. Оны анықтаудың бірден-бір дұрыс жолы – «жақын шетел», «жырақ шетелдегі» қандастарымыздың таралу өрісін, мемлекеттер құзырында шоғырлана, топтаса, не бытырай, жеке-дара өмір сүруін қарастыруға байланысты.

Осы талапқа сай біз Қазақстаннан тыс жердегі бауырларымызды шартты түрде болса да төмендегідей 7 топқа бөліп қараймыз:

**1-топ:** Қытайда жасайтын қазақтар (демограф М.Тәтімов деректері бойынша –1.270 мың);

**2-топ:** Орта Азияда (яғни Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан республикаларында) жасайтын қазақтар (954.374 мың);

**3-топ:** Ресей Федерациясында жасайтын қазақтар (636.083 мың);

**4-топ:** Моңғолияда жасайтын қазақтар (150 мың);

**5-топ:** Ауғанстанда жасайтын қазақтар (50 мың);

**6-топ:** Түркияда жасайтын қазақтар (25 мың);

**7-топ:** Иранда жасайтын қазақтар (15 мың).

Бұлардың сыртында кешегі Кеңес республикаларында (жалпы саны 25.720), кейбір Еуропалық мемлекеттер мен АҚШ-та, т.б жерлерде тұратын (жалпы саны 35 мыңдай) қазақтар тағы бар. Олар туралы әңгіме қозғамаймыз.

Ал аталмыш 7 топқа келетін болсақ, олардың бәрі – бір тілде сөйлеуші бір қазақ, бір ұлт. Этникалық құрамы жағынан «жақын шетел» деп атала бастаған (бұрынғы ҚСРО-дағы) қазақтар құрамында үш жүздің рулары түгел кездесе, «жырақ шетел» қазақтарының Қытай, Моңғол, Түркия



жағындағылары негізінен керей, найман, үйсіннің кейбір руларынан, ал Ауғанстан, Иран жағындағылары Кіші жүздің кейбір (адай, рамадан, әлім т.б) руларынан тұрады. Түркия және Еуропадағы қазақтардың кейінгі кезде Ауғанстан мен Ираннан барғандармен өзара араласуы да байқалады.

Қалай болған жағдайда да, шетел туыстарымыз тегі бір, тілі бір, діні бір бір тұтас тарихи этностың бөлшектері. Бәріміз үшін айдан анық бұл нәрсені біз басқа жұрт та біле жүрсін деген оймен айтып отырмыз. Ғылымда «бір тіл – бір ұлт» деген сөз бар. Бұл сөздің төркіні «бір ұлтта екі ана тілі болмайды» дегенге барып саяды және одан «басқа тілдерді білме» деген ұғым тумайды. Демек, ұлттың бір белгісі – өз тілін білуде және жеттік білуде екен. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ тілін жақсы білу қара шаңырақтағы қазақтар үшін де, шетелдегі туыстар үшін де үлкен сын.

Осыған орай айтылар ең бірінші тұжырым: аталмыш жеті топтағы шетел қандастарымыздың тіл жағдайы бір-біріне ұқсамайтын жеті түрлі ерекшеліктерге ие, және ол өзгешеліктер сол туыстарымыздың этностық шығу тегіне, немесе жағрапиялық (шығыс, батыс деген сияқты) төркініне байланысты емес. Өйткені, соншама жерді алып жатқан қазақ халқының тілі өзінің ғажайып бір тұтастығымен көзге түседі. Әрине, онда да кейбір жергілікті ерекшеліктер жоқ емес. Ол болмаса, екі томдық диалектологиялық сөздік жасалынбас та еді. Бірақ, бұл ерекшеліктер кейбір туыстар (өзбек, ұйғыр, татар, т.б) тілдеріндегідей көзге ұрып, тіл тұтастығына нұқсан келтіріп тұрған жоқ.

Сондықтан да шетелдегі туғандарымыздың тілінде байқалатын өзгешеліктер өз ішінен бөліну емес, сыртқы әсерден, атап айтқанда, аралас-құралас отырған көрші халықтардың тілі мен өмір салты әсерінен, қоғамдық ықпалынан пайда болған өзгешеліктер. Сыртқы әсер дегенде біз ең алдымен, Қытайдың Тарбағатай, Алтай, Іле өлкелеріндегі қазақтар тіліне – қытай, ұйғыр, моңғол тілдерінің, Орта Азиядағы қазақтар тіліне – өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік тілдерінің, Ресей жеріндегі қазақтар тіліне – орыс, қалмақ, башқұрт, татар т.б тілдерінің, Моңғол жеріндегі қазақтар тіліне – моңғол тілінің, Ауғанстан жеріндегі қазақтар тіліне – ауған (пұшты) тілінің, Түркиядағы қазақтар тіліне – түрік тілінің, Ирандағы қазақтар тіліне – иран (парсы) тілінің, сондай-ақ, Еуропа елдеріндегі қазақтар тіліне ағылшын, неміс, француз, швед, т.б тілдердің әр түрлі дәрежедегі әсерін, тікелей ықпалын мойындауымыз керек. Бұл тілдердің жалпы саны 15-тен асады. Соншама тілді біздің шетелдік қандастарымыз еріккеннің ермегі үшін емес, күн көру үшін,

өмір сүру үшін қажет болғандықтан үйреніп отыр. Демек өз тіліне қосымша, тіпті оны ұмытса да басқа тілдің біреуін, бірнешеуін меңгеру – өмір сүрудің кепілі екен. Соған қарамай, әр жерде, әр дәрежеде болса да, ана тілдің көздің қарашығындай сақтап, ретіне қарай пайдаланып, ұрпағына үйретіп отырған шетел қандастарымызды көргенде, өз ауылында жүріп ана тілін мақұрым болып, мәңгүрттен бастаған көптеген ұл мен қыздарымыз жайында айтуға ауызың бармайды.

Тіл жағынан әр түрлі күй кешіп жүрген шетел (оның ішінде ТМД мемлекеттері де бар) қандастымыздың жағдайы 7 топқа сәйкес 7 түрлі екендігін аңғару қиын емес. Олар, жоғарыда ескертілгендей, негізінен бірнеше объективті (саяси-әлеуметтік, этно-демографиялық, географиялық, т.б) себептерге, атап айтқанда, қазақ тілінің толыққанды қызмет етуі, не ете алмауы: біріншіден, қазақтардың жасайтын жерінде сан жағынан аз, не көп болуына, екіншіден, бірінғай шоғырлана немесе шашырап, бытыраңқы отыруына, үшіншіден, көрші отырған халықтармен сандық ара салмағына, төртіншіден, мемлекет құрамында өзіндік ресми құрылымның, автономиялық басқару жүйесінің болуына, болмауына, бесіншіден, құзырында отырған мемлекеттің, жалпы қоғамның диаспораға деген ықылас-ниетіне, жасаған жағдайына (білім беру, жазу-сызу, мәдени ошақ, баспасөз, бұқаралық ақпарат т.б.) байланысты.

Осы тұрғыдан алып қарасақ, ең алдымен «жақын шетел» мен «жырақ шетел» қазақтарының арасындағы елеулі-елеулі парықтар көзге түседі. Қазақстан жеке ұлттық республика болып тұрғандықтан болар, «жақын шетелдің» бірде-біреуінде бұрын-соңды қазақтардың автономиялық құрылымы болған емес. Бұл жағынан алып қарағанда Өзбекстан (бір миллионға тарта) мен Ресей жеріндегі (600 мыңнан астам) қандастарымыздың тіл жағдайы Қытай мен Моңғолия жеріндегі қандастырмыздан әлдеқайда төмен. Шыңжаңдағы туыстарымыз ауылды жерде тұрғандықтан қытай, ұйғыр тілдерінің әсері негізінен қала жағдайында көбірек байқалады. Қазақ жазба әдеби тілінде мыңдаған қытай сөз-терминдерінің, ал ауызекі тілге ұйғыр тілі элементтерінің енуі, міне, осыған байланысты. Қазақстандағы жалпы қазақ әдеби тілінен бұл өлкедегі қазақ тілінің жазу-емле, сөйлесу саласындағы кейбір айырмашылықтары, демек, тілдік орта мен екі елдегі екі түрлі (кириллица және араб) жазуды пайдалануына байланысты. Басқа жағдайлардың бәрі де Қытайдағы диаспора тіліне оң әсер етуде. Сондықтан да болар, ондағы туыстарымыз жалпы қазақ әдеби тілінің бір тұтқасы өз қолымызда деп сезінеді де, ортақ тілмен санасуды кейде қажет етпейтін сияқты.

Қазақ тілін сырттай бақылап жүрген түрколог ғалымдардың байқауынша, бүгінде оның шұрайлы да таза сақталған жері – Байөлке. Бұл пікір дұрыс та. Оның басты себебі: біріншіден, Моңғолия қазақтарының өз басына отау тігіп отыруында болса, екіншіден, негізінен осы өлкеде 98 процент болып шоғырлана, бірыңғай жайласуында. Моңғолияның ішкері жағындағы қазақтар жағдайы басқашалау болса да, дәл Байөлкенің өзінде бар жоғы 2 процент құрайтын моңғол, тыва, алтай, ұраңқай сияқты тіл өкілдерінің оған әсері онша байқалмайды. Бірақ мұндай томаға тұйықтықтың екінші жағы бар, ол тілді өркениет елдердің үлгілерінен, ғылым дүниесінің табыстарынан біршама шектеуі.

Ауғанстан мен Иран қазақтарының тіл жағдайы, біздің пайымдауымыз бойынша, шамалас, «түркістандықтар» деп аталып кеткен, негізінен Маймана, Бағлан, Құндыз, Талқан, Мазар-Шериф уалаяттарында топтасып жасайтын 40 мыңдай бұл туыстарымыздың Иран қазақтарынан бір айырмашылығы – олар ауғандардың өздерінен басқа 6 миллиондай түркі тілдес (өзбек, түркімен, қырғыз т.б.) халықтар өкілімен араласа отырса, Иранда негізінен ирандықтармен көрші тұрады. Демек, бұл қазақтардың тіліне бірден екі түрлі тілдің әсері бар да, соның нәтижесінде өз тілінде тек ересектер ғана сөйлеп, жастар көбінесе ауғанша, иранша сөйлеп, ана тілін ұмыта бастаған.

Кейінгі жылдары Ауған қазақтары сондағы соғыстың зардабынан қашып Иран ауып, одан Түркия мен Еуропа елдеріне бара бастаған. Біз олардың осындай біртобымен 1991 жылы Түркі халықтарының дүниежүзілік құрылтайына барған сапарымызда Түркияның Кайсери қаласында кездесіп, әңгімелескен едік. Орта жастағы туыстарымыз өз тілін әлі ұмыта қоймаған, бірақ таза да сөйлей алмайды, иран, түрік сөздерін араластырып отырады екен. Оның себебі, әрине, белгілі. Бұлардың тілін сақтап қалуға қажетті жоғарыда аталған жағдайлардың біреуі де жоқ. Олардың білетіндері – латын мен араб жазулары. Сондықтан да Қазақстандағы туыстарынан келген орыс әріпімен жазылған хаттарды олар оқи алмайды екен.

Енді Түркия қазақтарына келсек, мұнда басқалардан біршама айырмашылықтар бар. Бұл диаспораның 40-жылдары зобалаңға ұшырап, Қытайдағы атамекенін тастап үдере көшіп, Тибет асып, Үндістан барып, Пәкістанды біраз паналап, содан Түркияға жеткен «запап көшінен» аман қалған 25 мыңдай шағын қауым екендігі белгілі. Олар бақытына жараса, дүние жүзіндегі ең ірі түркі мемлекетінің құзырына тап болып, 60 миллиондай ұлы халықтың ықылас-мейіріне, қамқорлығына бөленді. Аз топ болса да өзінің ұлттық қасиетін, тілін, дінін сақтап қалды. Бүгінде

Еуропа мемлекеттерінде жасап жатқан біршама қазақтар негізінен, осы қауымның әулеттері. Ел дәстүріне, рухани мұраға деген сергектік пен сезімталдық та осы қауымға тән.

Тіл мәселесіне байланысты мұндағы бір ерекшелік: бұл туыстарымыз жаппай түрікше сөйлейді. Егер жастар жағы қазақ тілін ұмыта бастаса, оның жоғарыда айтылған жалпы жағдайларынан басқа тағы бір себебі бар: ол қазақ тілі мен түрік тілінің өзара жақындығында. Ал туыс тілдер қатарласа қолданылған жағдайда көпшілік сөйлейтін туыс тілге көшу әлдеқайда жеңіл, оны тосырқау көп байқалмайды. Дәл осындай жағдайды біз қазақ тіліне Өзбекстандағы өзбек тілінің ықпалынан, Түрікменстандағы түрікмен тілінің, Шыңжаңдағы ұйғыр тілінің ықпалынан айқын көріп отырмыз. Демек, Түркия қазақтары тілінен де біз осы заңдылықты байқаймыз.

Және бір жәйт: бір этностың үш түрлі жазуды (кириллица, араб, латын) пайдалануы да оның ортақ мәдени-рухани мұрасын меңгеруіне нұқсан келтіретіні сөзсіз. Түркия қазақтары қазақстандықтардың жазғанын, ал олар өз ретінде Шыңжаңдағы туыстарының жазғанын оқи алмаған жерде тілдік, ұлттық, рухани тұтастық деген – бәрі жәй сөз. Сондықтан бүкіл қазақ қауымына ұлттық негіздегі ортақ бір жазуды ойластыратын уақыт жеткен сияқты. Әрбір халық тілінің мәңгілігін армандайды. Сол мәңгіліктің бір шарты – ұлттық ортақ жазу.

Алыстағы ағайынның аңсары ауып, сағынышпен іздейтін атамекеніне келгендегі бір арманы – ана тілінің сәнді әуезін, ән-күйінің сиқырлы сазын есту ғой. Бұл, әрине, қара шанырақтың өз халіне байланысты. Жер бетінде ана тілінде сөйлейтін бір қазақ қалғанға дейін ғылым үшін ол тілді өлді деуге болмайды. Сондықтан да егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып, ана тіліне мемлекеттік мәртебе алып беріп отырған халқымыз үшін кешегі әңгіме бір басқа, дәл бүгін **«қазақ тілін апаттан алып қалу»** деген проблема күн тәртібінен түскен. Ендігі мәселе – оны қалпына келтіру, жан-жақты дамыту, қолданыс аясын кеңейту, өмір сүру қажеттігіне айналдыру.

Осы орайда қазақ халқына іштен де, сырттан да тосалғы болып отырған әрекеттер аз емес. Жүз жылдар бойы бел алып қалған орыс тілінің өктемдігі әлі күнге дейін бәсендер емес. Бұл өктемдік күні кешеге барлық республикаларда жүз беріп келсе де, бүгін ол ТМД елдерінің ішінде тек Қазақстанда ғана сіресіп тұр. Бұған бір-ақ себеп бар – ол демографиялық жағдай. Ресей жеріндегі жарты миллионан астам бауырларымыздың тіл жағдайы шетелдік туыстарымыздың біразынан мүшкілдеу. Бұл да сол орыс тілінің өктемдігі.

Міне, қара шаңырақтың халі әзірше осылай. Бірақ болашақтан үміт зор. Үлкен бетбұрс, жаңа үрдіс, ояну, сергу басталған сияқты. Жержүзі қазақтарының құрылтайы осы бір үрдіске шабыт, күш-қуат бергей деп тілейміз.

«Қазақ – өз жерінде ғана қазақ» деген сөз бар екен. Өз басым бұл пікірге толық қосыла алмаймын. Өйткені қазақ баласы қара шаңырақтан алыста жүріп-ақ ана тілін ұмытпаса, салт-дәстүрін сақтаса, рухани байлығынан сусындаса, неге ол қазақ болмасын? Ал өз елінде жүріп, өз үйінде отырып-ақ ана тілінен мақұрым болғандарды қасиетті қазақ тілі «өз перзентім» деп қорғай алмай отырғанына не шара?

Ұлы ақынымыз Мағжан Жұмабаев:

**«Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,**

**Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!»** – деп, ата-бабамыздан асыл мұра болып қалған қазақ тілін марапаттай келіп, бүгін де жер жүзіне тарап кеткен ұрпақтарын тек рухани ұйытқы болар ана тіліміздің құдіретті күшімен ғана басын қосып, тұтастығын сақтауға болады:

**«Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен – тілім,**

**Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім,**

**Тарап кеткен балаларыңды бауырына**

**Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!»** – деп, өсиет айтқан еді. Осы бір өсиетті орындайтын тарихи сәт келген сияқты.

«Ана тілі азбасын, Атамекен тозбасын!» десек, ағайын, қара шаңырақтың астынан табылайық!

*«Егемен Қазақстан», 1992. 26 қыркүйек*

### **Ана тілі — арың бұл**

– Қазақ тіліне мемлекеттік статус беру мәселесі бүкілхалықтық талқылаудан өтті. Соның нәтижесінде ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс XIV сессиясында бекітілді. Тілдің бекітілуі, оның заң жүзінде нақтылануы жұртшылықтың ыстық ықыласын тугызғанын да біліп жатырмыз. Осы ретте қазақ тілінің өркендеп, дамуы тұрғысында өздеріңіз қолға алып, жұмысын жүргізіп жатқан «Ана тілі» қоғамының да рөлі зор. Осы қоғамның құрылуы, оның жұмысындағы алғашқы нәтижелер мен келешектегі бағыт-бағдары туралы не айтуға болар еді?

– Қоғамның Уставы мен Программасы жарияланғаннан кейін жалпы жұртшылықтан мұны қызу талқылаған пікірлер түсті. Газет-журналдардың, радио мен телевидениенің редакцияларына түскен жүздеген хаттармен қоса, қоғамның өз адресіне де көптеген хаттар келді.

Ол хаттарда әр мамандық иелері, әр жастағы республика тұрғындары Устав пен Программа бойынша пікірлерін, кеңестерін, ұсыныстары мен ескертпелерін ашық айтты.

Біз ең алдымен осы хаттардағы мәселелерді басты назарға алып, Қазақ республикасының Мемлекеттік тіл туралы Заңына орай жоспарлы жұмыс бастап кеттік. Ал енді бұл ұсыныстар мен өзгерістерді, пікірлер мен ескертпелерді 20 октябрь, жұма күні басталатын қоғамның Құрылтайында талдап, талқылап, бекітеміз. Қазіргі күндері Құрылтайдың өз дәрежесінде өтуі үшін негізгі жұмыстарды жаппай жүргізудеміз.

– *Ендеше, осы Құрылтайдың құрылымы туралы, оған келетін делегаттардың саны мен ауқымы туралы, ұйымдастыру жұмысындағы негізгі мәселелер туралы да айта кетсеңіз.*

– Құрылтай өз жұмысын 20–21 октябрь күндері М.О.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында жүргізеді. Қазақстанның 17 облысынан 200-ге жуық делегат қатысқалы отыр. Құрылтайға қатысатын делегаттарға алдын-ала арнайы хабар берілді. Олар бүгіннен бастап келе бастайды. Алматы қаласының өзінен 300 делегат болмақ. Сондай-ақ тағы да 300-ге жуық қонақ шақырылып отыр. Олар да Құрылтай күндерінде негізгі мәселеге араласып, өзінің ойлары мен ұсыныстарын ортаға салады ғой деп үміттенемін. Күн тәртібінде негізінен мынадай мәселелер бар.

1. «Ана тілі» қоғамының ашылуы туралы.
2. Қоғамның Уставын талқылау, бекіту.
3. Қоғамның программасын талқылау, бекіту.

Құрылтайда «Республикадағы тілдердің жағдайы және «Ана тілі» қазақ республикалық қоғамының ашылу қажеттігі» туралы өзім баяндама жасағалы отырмын. Ғалымдар Шора Сарыбаев және Өмірзақ Айтбаев қоғамның Уставы туралы қоғамдық пікірлерді және оны жетілдірудің жолдары туралы қосымша баяндамалар жасайды. Сондай-ақ қоғам Программасы туралы да қосымша баяндамашылар бар. Баяндамалар оқылып, тыңдалғаннан кейін жарыссөзде жан-жақты талқылау болмақ. Құрылтайдың екінші күні қоғамның Программасы мен Уставы талқыланады. Ол баяндамашылар – Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Кеңесбай Мұсаев пен филология ғылымдарының докторы Ерден Қажыбеков. Бұл қосымша баяндамаларда қоғамның толыққанды өмір сүруі үшін Уставы мен Программасына байланысты мақсаттар мен міндеттер, праволар толықтай ашып көрсетілмек. Және де осыларға қосымша осындай облыстық қоғамдар құрған жерден келген

өкілдер сөз сөйлейді. Олар өздерінде істеліп отырған жұмыстардың жай-күйін баяндаумен бірге, алда атқарылар ауқымды жұмыстардың да жоспарын ортаға салады. «Ана тілі» қоғамының келешектегі мәні мен мақсаты туралы ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтады. Және бұларға қосымша осы қоғамның құрылуына, негіз қалауға себепші болған Қазақ ССР Ғылым академиясының институттары мен Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан Журналистер одағы, Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі өкілдері де жоғарыда аталған мәселелерді талқылауға бір кісідей атсалыспақ. Сондай-ақ, белгілі ақын-жазушылар мен ғалымдар да сөз сөйлеуге жазылуда. Міне, мұның бәрі сайып келгенде, келешек қоғамның Қазақ ССР-інің Мемлекеттік тіл туралы Заңына сәйкес жүргізілетін күрделі де қажетті жұмысының негізгі мақсатын анықтайды.

*– Енді қоғамның басшылығы туралы, басшылығы болғанда олардың статустары туралы біле отырсақ.*

– Басқа қоғамдар секілді мұның да өз президенті болады. Құрылтайдың күн тәртібіндегі мәселелердің бірі де осы – ұйымдық мәселелер. Мұнда «Ана тілі» қоғамының президенті ашық дауыспен сайланбақ.

Сондай-ақ қоғамның басқармасы құрылып, тексеру комиссиясы, қоғам штаты, «Сөз өнері» деп аталатын халық университетінің басшылығы секілді ұйымдық мәселелер де қаралып, бекітілмек. Осы Құрылтайда «Ана тілі» қоғамы жанынан газет ашу мәселесі де талқыланады деп күтілуде. Әрине, бұл газеттің аты мен оның штат құрамы туралы да әңгіме болмай қалмас.

*– Әбеке, енді соз соңында осы Құрылтайда заңды түрде дүниеге келмек «Ана тілі» қоғамының өздеріңіз жоспарлаған жалпы құрылымы туралы да жұртшылыққа айта кетсеңіз.*

– Айта кетуге болады. Әрине, мұның кейбір жерлерінде өзгерістер немесе толықтырулар болуы мүмкін. Әзірге біз мынадай құрылым ұстанып отырмыз. Қоғам басқармасы, «Сөз өнері» халық университеті, газет редакциясы, сондай-ақ мынадай 3 секция және 7 комиссия құру жоспарда бар. Олар; информация, басқа республикалардағы қазақтармен байланыс және ұлттық мәдени орталықтармен байланыс секциялары. Ал комиссияға келетін болсақ, орта мектептер мен мектептердегі, балабақшалардағы және жоғары оқу орындарындағы ғылыми-методикалық комиссия, тіл мәдениеті туралы комиссия, терминдерді бекіту және қарау комиссиясы, ономастика саласы бойынша комиссия, тіл тарихы жөніндегі комиссия, тілдің шығу төркіні жөніндегі комиссия.

Бұған қосымша облыстардың бәрінде және олардың қалалары мен аудандарында, ауыл-селоларда «Ана тілі» қоғамының тиісті филиалдарын құрмақпыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

*«Лениншіл жас», 1989. 18 қазан. (Сұхбаттасқан Ө. Оралбаев).*

### **Ана тіліміздің жанашыры**

– Әбеке, қазақ елінің қара емендей қайыспас жүректі туған бір көш бастаушысы Ахмет Байтұрсынов кезінде халқының қам көңілін оятып, көзін ашу үшін «Тіл құрал» жасап, аруақты жұртының атымен «Қазақ» газетін шығарды. «Ана тілім – қазақ тілі таза бол, сұқ көзден сау бол!» деп ұрандап, туған тілінің қазыналы бай алқабын қарашығындай аялап қорғауды мұрат тұтты. Ол тіл тазалығына, қолдану аясының тарылмауына жанын сала атсалысып, күресумен өтті. Ұлы тұлғаны қанды қол жендеттік те, өлім де жеңе алмады. Аға ерлігі – ініге де үлгі, өнеге. Біз Сізді Ахаңның лайықты ізбасары ретінде көргіміз келеді.

– «Кемеңгердің көлеңкесі де ыстық» қой, қарағым, Ахаңдай болу қайда. Ол өзі халық секілді тума жаратылыс. Сол себепті де елдігіміздің іріп, бүлінбес рухани қорегі – Қазақ тілі мен грамматикасын төрт аяғынан тең бастырып, қазақ тіл білімінің телегей терең теңдігін ашты емес пе. Ал Ахаң салған сара жолмен шайқатылмай, тік басып жүре алсақ, оны өз басым мәртебе санаймын. Қазақ еліне, қазақ тіліне сол кісідей жанашыр, қамқор болу қазіргі таңда бәріміз үшін зор парыз.

– Ана тіліне көкөрім өмір, кең өріс тілеп, қажет болғанда ықтимал қарсылықтардан жасқанбай күресе білу. Сізге тән азаматтық қасиет екенін көзіміз жетті деп айта аламыз. Енді қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусын алғаннан бергі хал-жағдайына тоқтала кетсеңіз.

– Қарлы қыстан соң жадырап жаз келетіні сияқты бұл өзі көңілімізді желпінтіп, көтеріп тастаған ірі жеңісіміз болды ғой. Бірақ тоқмейілсіп, жел сөзге, жалған мақтанға ерік беруге қақымыз жоқ. Себебі ата-баба топырағында аунап, өз жерімізде өмір сүріп жүріп тілімізді құртып ала жаздағанымызды еш уақытта естен шығаруға болмайды. Қазақ тілінің қолданылар аясы тарылып, от басы, ошақ қасында қалғаны да жасырын емес. Өз қағынан жерінген құландай ана тілінен безініп кеткен «без бүйректер» де көз алдымызда өсіп жетілді. Қазақшаңа емес, орысшаңа қарай қызметке алынып, «грамотный» деген шенге ие болдық. Тізе берсек мұндай келенсіздіктер көп...



Алайда қайта құрудың, жариялылық пен демократияның бітеліп қалған бұлақ көзін ашқандай серпілісті әсеріне сүйсінбеу мүмкін емес. Ақыл-ойымызға буырқанысты жаңа екпін әкелді ол. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы соның жарқын көрінісі. Енді, мәселе тіл туралы заңның толық мағынасында жүзеге асырылуы. Бұл салада нақты жұмыстар қолға алынуда. Қазақ тілінің гүлденіп, өмірдің барлық саласында іркіліссіз қолданылуын қамтамасыз ету бағытында құрылған «Қазақ тілі» қоғамына күні бүгіндері миллионға жуық адам мүше болып отыр. Соның ішінде қазақ тілінің нағыз жанашырлары бола білген 10 мыңнан астам белсенді азаматтарымызға ерекше құрмет білдіргіміз келеді. Олар ауылдық жерлерде тамаша жұмыс жасап жатыр: іс-қағаздардың қазақ тілінде жүргізілуіне, жиналыстардың қазақ тілінде өткізілуіне ұйытқы болып, дұрыс жолға қойылуын қамтамасыз етуде.

Иә, тіл қоғамының еншісіндегі жұмыс ауқымы сан-салалы. Қазақ тілінде шығарылатын оқулықтарды көбейтуден бастап жаңадан балабақша, мектептер ашу секілді мағыналы істерге де тиісті үлесін қоспақ. Қоғам жанынан ашылған «Ғақлия» тіл үйрету орталығы да іске кірісті. Түрлі мекемелер мен ұйымдарда қазақ тілін үйренушілерге осы орталық көмектеседі.

Тағы бір айтып кетер қуанышымыз «Қазақ тілі» қоғамының басқа ел, басқа республикада тұратын бауырластарға игі әсерінің жетуі. Қазір Омбыда, Прибалтика республикаларының өз алдына жеке баспасы болуы да өмір талабы. Байқап, ойлап қараған адам бір ғана «Рауан» баспасы қазақ тілінде шығарылатын оқулықтармен бүкіл республика тұрғындарының қажетін өтейді деп айта алмайды. Сондықтан жаңадан баспа ашу ісін тезірек қолға алған жөн. Сайып келгенде қазақ тілінің болашағы үшін не қажеттің бәрін ел болып жұмыла жүзеге асыруға тиіспіз.

*– Сіз айтқандай көп болып қолдап әкететін тағы бір үлкен шаруа – қазақ тілінде сөйлеуді күнделікті өмірімізде тереңірек орнықтыру десек, бұл салада әлі де жалтақтық, күдікішіл керенаулық, әліптің артын бағушылық басым жатқан сияқты. Әсіресе басшылар жағзы баяғысыниша «ортақ тілде» көсілте сөйлеуде. Ана тілімізде сөз бастарлық күнге қашан жетеміз осы!*

– «Сабыр түбі – сары алтын» деп атаң қазақ біліп айтқан, шырағым. Дегенмен жайбасарлыққа ерік берсек, жолдан кешігетініміз және ақиқат. Өз басым жоғары өкімет мәжілісінде және басқа да келелі кеңестерде қазақша сөйлеуді әдетке айналдырдым. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Өзбекәлі Жәнібеков жолдас та маңызды бас

қосуларда қазақша сөйлеп жүр. Сірә, анасының ақ сүтінің дәмі таңдайына келген әр қазақ өз ана тілінде тақылдап тұруға тиіс қой. Менің ойымша бұған бөгет жоқ. Тек батылдық, жауапкершілік болсын «Қазақ елі бір ауыз сөзім саған» деп жар салған Мағжан ақыннан үйренуіміз керек.

– Әбеке, Сізге ел-жұртыңыз сенім артып, Қазақ ССР халық депутаттығына кандидат етіп ұсынып отыр. Егер жолыңыз болып, республика парламентіне мүшелікке сайлана қалсаңыз, қандай мәселелерге айрықша назар аударар едіңіз!

– Әуелі республика парламентінде қазақ тіл білімінің бір өкілі болуын қажеттілік деп санаймын. Ал өз басым қазақ тілінің жоғын іздеп, барын базарлап, елдің биік өресін аласартпай сақтап қалу жолында бұдан былай да жалықпай еңбектене беремін.

– Рахмет Әбеке! Сайлауда жеңіске жетуіңізге тілектеспіз.

«Алматы ақшамы», 1990. 25 наурыз. (Сұхбаттасқан Қ.Әбішев).

### Ойлан, Олжас!

Ана тіліміздің ары мен абыройын әр кез қызғыштай қорып келе жатқан атақты академик ағаның ақиық ақын інісіне жолдаған сәлем хаты редакция қоржынында бір айдан астам уақыт жатып қалды. Ондағы себеп: әңгіме қанша адал, сөз қанша салмақты болса да, сайлау алдындағы науқанның әдебінен аттағанды жөн көрмедік. Енді сайлау өтіп, хат арналған адам парламентке мүше болып сайланғаннан кейін асыл ой арнасын, ойлы сөз орнын табар деген сеніммен мақаланы жариялап отырмыз.

Тағы да Ана тіліміздің тағдыры тәлкекке түсіп, ғұмырына қауіп төне бастады, халайық! «Мың өлім, мың тірілу» аз болғандай, тағы бір нәубет алдымыздан елес беретін сияқты. Қол жайып, сұрап алған Ата Заңымызбен айғақталған Ана тіліміздің биік мәртебесін аяқасты қылудан ел-жұрт болып бүгін қорғап қалмасак, ертең тым кеш болады, қапыда қалып, өкініп жүрмейік. Енді ғана еңсесін көтеріп, халқына қызмет ете бастаған тілімізге баяғы таз телпегін қайта кигізсек, онда тарих бізді кешіре қоймас.

Мұны бізге айттырып отырған – ай-күннің аманында үрей тудыру ниеті емес, кейінгі кезде үдей түскен тіл төңірегіндегі неше алуан жайсыз әңгімелер мен қисынсыз әрекеттердің күндердің күнінде бір пәлеге ұшыратып, опық жегізетінін шындап сезіне бастаған мазасыз көңілдің шынайы сыры, жүректің әмірі.

Бұл әңгіменің басын мен бірден Олжас ініме (Омарұлы Сүлейменовке) тірегім келеді. Ашық хат жазып, ағынан жарылып жатқан жазушы

қауымының үлкенді-кішілі өкілдеріне Олжекеңнің қайтарған жауабын оқып, қарным ашқандықтан, не де болса, пікірімді, «әділдігін өзі айтар» деген үмітпен, қалың жұрттың төрелігіне ұсынууды мақұл көрдім.

Бұрын да, қазір де бізде дәстүрге айналған бір әдет бар, ол – белгілі бір әлеуметтік топтармен мемлекет «мүддесіне» байланысты кейбір қоғамдық құбылыстар мен этносоциологиялық, этнодемографиялық, географиялық, т.б. ұғымдарды табиғатына сай өз атымен емес, жасанды атауларымен атауға дағдылану. Мәселен, кезінде «совет халқы» деп келдік (бұл «американский народ» деген үлгіден мүлдем басқа). Осы дәстүр бойынша «Қазақстан халқы» деу де дәл емес, өйткені мұнда бір ғана халық тұрмайды. Әр түрлі ұлт өкілдері көп те, ұлт біреу – қазақтар бола тұрса да, «көпұлтты Қазақстан» деп қалыптастырдық. «Қазақстан Республикасы» деп алудың да қисыны жоқ еді, «стан» көрсеткіші тұрғандықтан, «республика» қайталау болып саналады. Ал «жергілікті халық» дегеннен «тек қана қазақтар» деген ұғым шықпайды.

Сондықтан бұл тіркесті ғасырлар бойы Қазақстанда жасап келе жатқан халықтардың бәріне қатысты деп ұққан жөн.

Міне, осы тәрізді жасанды атаулардың бірі – «орыстілділер». Жалпы, бұрында қолданылатын бұл терминнің өз басында тұрған пәлендей жамандық жоқ. Ол, әдетте, «англизмы», «арабизмы», «тюркоизмы» сияқты терминдердей, ағылшын, араб, түркі тілдерінде ғана сөйлейтін олардың байырғы иелеріне, не осы тілдерде ғана сөйлейтін басқа этностық топтарға қатысты (мәселен, ағылшын тілді негізлер түрінде) айтыла береді.

Ал «орыстілділер» атауының бүгінгі «статусына» келсек, ол алғаш Балтық жағалауындағы республикаларда тұратын және жергілікті (латыш, эстон, литва) халықтардың тілін білмейтін, іс жүзінде қолданбайтын орыстарға қатысты айтыла бастап еді, КСРО-ның құлап, ұлттық мемлекеттердің бой көтеруіне байланысты, оның мағыналық ауқымы, қолданыс аясы тез кеңейіп, саясаткерлердің арқасында сан алуан астарлы мағынасы пайда болып, саяси салмағы ауырлай түсті. «Орыстілділер» термині бүгінде заң ұғымына айналып, мемлекеттік, тіпті мемлекетаралық қатынас тілі мен ресми құжаттарда жиі қолданылатын болды. Ал ұлтаралық қатынасты ушықтыру арқылы кез келген жиында сөйлеп, өзіне саяси ұпай жинаушылар бұл сөзді ұлтаралық саясатта өзіне ұран қылып алды. Тек ол ғана емес, кейбір ұлтшыл-шовинистер республикадағы негізгі қазақ халқының қайткенде де беделін түсіріп, меселін басу үшін, «Қазақстанда орыстілділер 60 процент» деп, олардың көп екендігін айтып, қоқан-лоққы жасамақшы да болады.

Сонда, Қазақстанда «орыстілділер» кім болғаны? Шын мәнісінде, этнолингвистикалық принцип бойынша, «орыстілділерге» орыстар ғана жатады. Ал Қазақстанда жасайтын халықтардың қалғаны (оның ішінде орыс тілін 100 процент білетін украин, белорус, кәріс, немістер, сондай-ақ 99 процент білетін қазақтар мен басқа халықтар) «орыс тілін білетіндер» санатына жатуға тиіс.

Популистік мүддеге байланысты бұл ұғымдарды шатастырып, қарапайым халықтың басын қатыру – ұлтаралық қарым-қатынасты саналы түрде шиеленістіру. «Ой-бай, «орыстілділерді» құрметтемесендер, олардың айтқанын істемесендер, қан төгіс болуы ықтимал, қырып тастауы мүмкін» деп, елдің үрейін ұшырушылар бүгінде арамызда аз емес.

Басқалардың жөні бөлек, ал дәл осы себептерді көлденең тартып, «екінші мемлекеттік тілді алмасаңдар, бір пәленің болғаны, болғаны..!» деп, қазақ қандастарының үрейін ұшырып, ультиматум қойып отырған Олжас інімізге не жорық?! Өз басым осыны түсіне алмадым.

Ал орыс халқының атынан реті келсе де, келмесе де сөйлеп, өздерін оның қамқоршысы, көсемі етіп көрсетуге тыраштанып жүрген ат төбеліндей саясаткерлердің Қазақстанда, кешегі тоталитарлық заманда қалыптасып қалған этнодемографиялық жағдайды (ситуацияны) тілге тиек етіп, қайта-қайта тіл төңірегінде әңгіме қобыратып, орыс тілін екінші мемлекеттік тіл ретінде тықпыштай беруі, сайып келгенде, тілге байланысты емес, ағайын, саяси билікті көксеуге байланысты, көптен қалыптасып қалған өктемдікті сақтап қалудың қамы. Әрине, тұғырдан түсу оңай емес. Ал кеше ғана қазақ тілін көзіне ілмей келген әлеуметтік топтардың бүгін бір-екі-үш жылдың ішінде мемлекеттік тіл мәртебесін мойындай қоюы, әрине, оңай емес. Сондықтан да орыс тілінің «ұлтаралық қатынас құралы» деген статусын, мемлекеттік тілден кейін тұратын, қолданыс аясы мен қызмет ауқымы онымен бірдей болып отырған бүгінгі жағдайын місе тұтпайтын кейбіреулердің байбаламы аттан түссе де, үзеңгіден аяғын босатқысы келмейтін кешегі атқамінер, мансапқорлардың тірлігіне ұқсайды. Бір өкініштісі – осы бір қарбалас топтың арасында Олжастың да жүруі.

Әрине, мәселе Олжастың өз басында ғана емес, ұлттық мүддеде, қазақ тілінің тағдыры тәуелсіз мемлекетіміздің болашағымен бірге безбен басына түсіп отырған бүгінгі бір алмағайып кезеңде Олжас сияқты абырой-атағы жер жарған, халқының біртума ұлдарының ел алдындағы азаматтық парызын, ана тілі алдындағы перзенттік борышын қалай ақтауында болып отырған жоқ па?

Олжас – шын мәнісінде көрнекті тұлға, табиғатынан дарынды жан. Оның барлық өмір-тіршілігі, игілікті істері мен небір тамаша қасиеттері баршаға мәлім. Дарынды ақынның шығармалары орыс тілінде жазылса да, одан қазақ даласының иісі аңқып, қазақ даналығының рухы білініп тұрады. «АЗ и Я-ны» жазған Олжасты қазақ қана емес, бүкіл түркі халықтары ойшыл ғалым, батыл зерттеуші, түрікжанды азамат деп бағалады. Моңғолиядағы орхон-енесей тас жазба ескерткіштерін қорғап қалу мәселесін ЮНЕСКО-да сөз етуі Олжастың шынайы отаншылдығын таныта түсті. «Семей-Невада» қозғалысын басқарып, елімізді ядролық апаттан сақтап қалудағы қайсар әрекеті оның зор қоғам қайраткері екендігін жер жүзіне паш етті, т.т.

Айта берсе, Олжасқа тән мұндай ізгі қасиет көп-ақ. Сондықтан да болар, оны кезінде дарындылығы үшін, отаншылдығы үшін, ұлтшылдығы үшін айыптаушы аз болған жоқ.

Ал қайнаған өміріміздің барлық саласына қызу араласып, халқының құрметіне бөленіп келген Олжас інімізді қасиетті ана тіліміздің тағдырына байланысты біз қай қырынан көріп келеміз? Кешегі Колбин заманында қазақ тілінің тағдыры мен болашағы үшін барша саналы азаматтар мен зиялы қауымның өкілдері түгел атсалысып, «оны сақтап қалудың бірден-бір жолы – оған мемлекеттік мәртебе беру» деп, жанталаса күресіп жатқанда, біз Олжасты олардың арасынан таба алмай қиналдық. Несін жасырып, мәймөңкелетеміз: Колбиннің «тіл саясатын» қолдап, «Қазақстанда мәңгі-бақи мемлекеттік қос тілділіктің негізін қалаймыз» деп белсене кіріскен қазақ зиялыларының бірі болып, Олжас та «қос тілділік» жөнінде мақала жазса, енді біреулері қазақ тілі өз бетінше мемлекеттік тіл бола алмайды немесе «қазақ тілі орыс тілімен қатар тұрғанда ғана мемлекеттік тіл бола алады» деп, ақылғөйсіді.

Дегенмен, іштей қасарысушылар мен ашық қарсыласушылар қаншама тыраштанса да, ел-жұрттың талабымен қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды ғой. Қалың жұртшылықтың санасын оятып, ана тіліміздің қадір-қасиетін көтеру мақсатымен құрылған республикалық «Қазақ тілі» қоғамы, оның үні – «Ана тілі» апталығы және миллионға жуық тілдің шынайы жанашырлары және бұларға келіп қосылған ресми мекеме – Тіл комитеті – бәрі де күні бүгінге дейін қазақ тілінің мәртебесі үшін әлі де сол қарсыластармен күресумен келеді. Бұл күресті ана тіліміздің мемлекет тілі ретінде мерейі үстем болып, өзінің биік тұғырынан толық көрінгенінше жүргізе бермекшіміз.

Алайда бүгінгі жағдай, тіл төңірегінде қайтадан қаулай түскен қарбалас тіл жанашырларын қатты алаңдатады. Сексенінші жылдары өз мұратын «Тауларды аласартпай, даланы асқақтату» деп ұрандатып, қазақ тілін орыс тілінің дәрежесіне көтеруге әрекеттенген Олжастың бүгіндері, керісінше ұран тастауы біздерге түсініксіз.

Бұл пәлсапаның мәні жөнінде ойланып қарайықшы. Біріншіден, биік таулар символынан біз жалпы орыс мәдениетін, орыс тілін аңғарсақ, оларды аласарту кеше де, бүгін де, ешқашан да мүмкін емес. Олай деп ойлаушылар да жоқ. Екіншіден, «даланы асқақтату» дәрежесіне жеткізу деп түсінсек, ол да арман ретінде ғана айтуға болатын, бірақ іске асыру қиыннан қиын дүние ғой! Олжастың ашық хатқа жауабын біз дұрыс түсінсек, ол енді Қазақстандағы орыс тілін «мәртебесі биіктеп кеткен» (!) қазақ тілінің дәрежесіне көтерумен шұғылданбақшы. Ау, ағайындар, қазақ тілінің қазірше жалғыз қағаз жүзіндегі мәртебесі болмаса, орыс тілін теңестіретін, бәсекелестіретін қандай қасиеті бар? «Осынау бір қарапайым шындықты Олжас білмей немесе ана тіліне жаны ашығандықтан айтып отыр» дегенге өз басым сенбеймін. Сенбейтін себебім: ол қазақ тіліне жалпы қамқорлық жасағаны болмаса (1986-жылғы Ғ.Мүсірепов бастаған тіл туралы мәжіліс – соның бір кепілі), Олжас ініміз басқалардай оның ыстығына күйіп, суығына тоңа қойған жоқ.

Сөзіміз дәйекті болу үшін бір мысал келтіре кетейік.

1992-жылы Мұқтар Шаханов пен Олжас Сүлейменовтер басшылығымен Халық конгресі партиясы құрылды. Оны құрарда Мұқтар республикалық «Қазақ тілі» қоғамының жәрдемін сұрады. Қолдан келген жәрдемнің бәрін жасадық. Он тоғыз облыстағы ұйымдардан өкілдер сайланып, бірінші құрылтайын өткізуге белсене атсалыстық. Жиналысты Олжас орысша басқарып, Мұқтар партияның міндет-мақсаты жөнінде қазақша баяндама жасады. Шынын айту керек, «Қазақ тілі» қоғамы атынан келген елуден астам өкілдер жиналыстың барысына онша қанағаттанбады. Өйткені олар күткен тіл проблемасы жөнінде ауыз тұшырлық пікір айтылмады. Сондықтан да болар біздің делегаттар үзіліс кезінде мені қоршап алып, партияны қолдау-қолдамау жөнінде пікір алысуды талап етті. Ақылдаса келе келешек жаңа парламентте Қазақ мемлекеттік тілінің мүддесін қорғау үшін қоғамның да ХКП қатарында болуы қажет деп таптық.

Өкінішке орай, біздің бұл сеніміміз ақталмады. Олжас бастаған ХКП өз күйін күйттеп, қазақ тіліне ту сыртын көрсете бастады. Көп адам (оның ішінде өзім де бар) бұл партиядан бас тартуға мәжбүр болды. Партияның тіл саясаты туралы келісімге келе алмайтындығымызды ашық айтып, газеттерге де жаздық.

Ол саясат қандай еді? Бұрын да, ХКП бірінші съезінен кейін де басылып шыққан Олжастың сөзімен айтқанда: мемлекеттік тілдің дамуын жеделдетудің, қолданыс аясын кеңейтуге асығудың қазіргі экономикалық қиын жағдайда қажеті жоқ; алдымен қарнымыздың тоқтығын, көйлегіміздің көктігін ойластырайық, тіл қайда қашар дейсің... (?!). Чекке қолыңды қазақша қой, орысша қой, одан не пайда – бәрібір алатын ақша жоқ... дегендей пікірлер айтылды.

Бұл, әрине, қазақ тілін дамытуға ешкімді де ынталандыра қоятын «тұжырым» емес еді. Қазақ тілінің қоғамдық жанашырлары Олжасты ылғи да осы бір қырынан көріп, көңіл қыжылы күшейіп, іштей тынып, ішқұса болып жүргенін қашанғы жасырсын. Тек олар ғана ма?

Тарихта қалар кешегі Желтоқсан күндері алаңда таяқ жеп қансыраған, басы жарылып, шашы жұлынған қазақтың қара көз ұлы мен қыздары жаны қиналғанда: «Олжас, аға, қайдасың?!» – деп, жанұшыра айқайлаған үні құлағымызда әлі тұр. Олжасты жастар жанындай жақсы көретін қамқоршы ағасы болғандықтан іздеді ғой!

Замана өзгеріп, енді санасы оянып, ана тілінің қадір-қасиетін ұға бастаған сол жастар Желтоқсаннан кейін де, қазақ тілінің тағдыры қыл үстінде тұрған қиын сәттерде Олжасты тағы іздеді. Бірақ Олжас ағасы «бізге қос тіл керек» деп, үзілді-кесілді пікірін айтты да, қоғамдағы әңгімеден аулақ, томаға-тұйық қала берді. Өз болашағын ана тілі арқылы ғана бағдарлай бастаған албырт та зейінді қазақ жастары Олжас ағасын әңгімеге тартып та көрді. Әншейінде Олжас сөзін сілтідей тынып тыңдайтын жастардың жиналыстың аяғына қарамай (медицина институтының залында), тарқап бара жатқанын (теледидардан) көргенде «ұят болды-ау, әй, енді Олжас ойланатын шығар, қазақ тіліне көзқарасын өзгертетін шығар», – деп, ойладық. Ол Желтоқсан оқиғасынан кейінгі жылдар еді. Міне, қазір 1994-жыл. Бірақ осы бір жылдар ана тіліне деген Олжастың көзқарасын, көріп отырғанымыздай, өзгерте қоймаған екен. Неге? «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана құрметтемейді» деген еді ұлы Ғабез (Мүсірепов). Олжас олай емес қой. Ана тілінің алдында дана да бала емес пе? Өйткені ол – халқымыздың қасиетті дүниесі. Ислаһим, жақсы көретін абзал ініміз қасиеттіміздің киесіне ұшырай көрмегей деп тілейміз. Ана тілінің алдында жер жүзін жаулап алған жиһангер де, дүйім елді аузына қаратқан қаһарлы хан да, данағөй абыз да аттан түсіп басын иген. Олжасқа да осыны айтқымыз келеді, даланы асқақтатсаң да, өзің асқақтама дегіміз келеді. Осы ыңғайда дарынды ақынымыз Қайнекейдің «Асқанды да көргенбіз, тасқанды да көргенбіз.

Асып-тасып, ақыры сасқанды да көргенбіз!» деген жолдары еске түседі. «Ойлан, Олжас!» деп ағалық айтуымыз содан.

Олжастың барша жақсы қасиеттері бір төбе де, ана тіліне деген көзқарасы – бір төбе.

Рас, тілге байланысты Олжас ойы мен логикасының бір парасына бәріміз де қол қоямыз. Ол – «қай тілдің болмасын дамуы, көркеюі тек бейбіт өмірде ғана мүмкін, ұлтаралық жарастыққа байланысты» деген пікірі. Шынында да солай ғой. Ата Заңымызда да, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанып келе жатқан ұлттық саясатында да осы принцип қатал сақталуда. Көре алмай жүрген көп «дұшпан» мен күндеушілеріміздің – қайткен күнде де ши шығарып, біздің елдің шырқын бұзуға тырысатыны да қазақ топырағындағы осынау бір тыныштық пен татулық емес пе?

Біле білсек, тіл заңындағы басқа туыстас республикаларда кездеспейтін басы артық «кеңшіліктердің» біразы осы бейбітшіліктің кепілі іспеттес. Мәселен, Ата Заңымызда (8-бапта) жазылған төрт сөйлемнің үшеуі орыс тілі мен басқа тілдердің беделін көтеруге бағышталса, Тіл туралы Заңымыздың 34-бабының 22-сі орыс тілін мадақтауға, оның мемлекеттік тілмен терезесі тең екендігін дәлелдеуге арналған.

Осыдан кейін де «ой-бай», «орыстілділерді» құртатын болды, тіл білмейсің деп қуып жатыр!» деп байбалам салып, жер жүзіне жаюшы пысықай саясаткерлерге: «Токтат, не көкіп жүрсің?» – дейтін Олжас секілді орыс қауымына беделді азаматтар қайда? Княгинин, Щеголихин сияқты парасатты орыс азаматтарының арамызда көбірек болғаны жақсы-ау. Ертеңгі күні жаңа парламенттің жағдайы не боларын алдын ала айту әзірге қиын. Дегенмен сайлау алдындағы кейбір «үміткерлердің» – екінші мемлекеттік тілдің болуын қалаймын», деп тақылдағандарды қалай ұмыта қоюға болады?! Ал енді солардың қатарында тұрып Олжастың және басқа өз қандастарымыздың отқа май құюын халық қалай қабылдайды екен?

Менің жақсы білетінім: тіл саясатына қанша экономикалық қиыншылық болса да тыныштық пен бейбіт өмірді қалайтын қарапайым халық, әдетте, байсалдылықпен қарайды. Бұл мәселені ушықтыратын, сол арқылы орыстардың өздерін ғана емес, жалпы «орыстілділердің» намысын оятып, арқасын қоздыратын – тағы да сол «топ жинап, топар сайлауға», көп алдында сөйлеп, өзіне саяси ұпай алуға жаны құмар кейбір көсемсымақтар, тарысы піскеннің тауығы, сыңаржақ саясаткерлер. Олжасты «осылардың арасында болмаса екен» деп тілейміз, ал халыққа: «ондайлардың жел сөзіне,



мылжыңына сене бермеңдер!» – дегіміз келеді. Қазақстанда орыс ұлтының 0,5 проценті ғана Қазақ мемлекеттік тілін ептеп біліп, ал қазақтардың 99 проценті орыс тілін жақсы меңгеріп отырған жағдайда қай тілдің қай тілден қағажу көріп отырғанын түсіндіріп, елді үгіттеудің қажеті жоқ. Мүмкін, мұның бәрі бүгінгі «демократияның» тым жалпақшешейлік мінезінен де болар. Жә, ондай өткелек күндердің өтпелі мінезінен де арылармыз. Мүмкін, оларға мемлекетімізде әй дер әже, қой дер қожаның болмағандығынан болар. Бірақ бізге жаңа парламент мінберіне бір шығуды арман ететін үміткерлердің бүгін айтып, ертең ұмытып кететін сөзінен «қой үстіне бозторғай шырылдатам» деген сайлау алдындағы уәдесінен бейбіт өмір, қалыптасқан халықтардың ымыра-достығы қымбат та нақтылы.

Сөзімнің ең соңында Олжас ініме тағы бір айтарым: ұлтжанды болудан қорқудың қажеті жоқ!!! Санамызды сан қияға жетектеп, бірде қуанып, бір үрейлендіріп келген отаншыл (патриот) космополит, интернационалист (ұлттарашыл десе де болады), халықшыл, ұлтшыл, түрікшіл (пантюрикт), исламшыл (панисламист), тураншыл (пантуранист), орысшыл, славяншыл, шовинист сияқты ұғымдарды қайта қарап, шынайы мағынасын анықтайтын дәуір алдымызда. Олжастың өз басы да, басқалар да бұл «құбыжықтардың» біразын өз басынан өткізгенін білеміз. Біле тұра өз сөзінде «радикал-ұлтшылдар» деген сөзді жиі-жиі қолданатын болыпты. Кімдер олар?

Бүгінде қазақ қауымының түсінігінде ұлтжанды болу, кешегі жаманшылықтың табы сақталғандықтан ба, әйтеуір, ұлтшыл болудан ел жүрегіне етене («балажанды» сияқты, ұлтын ерекше жақсы көру) жақын сияқты. Ал, енді, бүгінгі интернационалисті ең алдымен өз ұлтын сүймейтін, «ұлттарашыл» мағынасында түсіну қиын. Сондықтан мұндай тым сыңаржақ интернационалист болуға уағыздау қалай болар екен?!

Отаншыл (патриот) деген де жақсы ұғым. Бірақ оны да дұрыс түсіну керек. Шоқанша түсінсе тіпті жақсы. Кезінде Шоқан: «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай («матрешка» сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы сандық), мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң өз халқымды, одан соң сібір орыстарын, Россия жұртын қадірлеймін» деген екен. Ол үшін Шоқанды «шынайы патриот (отаншыл) емессің деп айыптауға бола ма?

Ана тілің – өз ұлтың. Сондықтан да: «Мен ана тілімді қорғаймын, оның алдындағы перзенттік парызымды қайткенде де ақтауым керек!»

– деген адамды ешкім де, ешқашан да айыптауға аузы бармайды. «Басқа тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деген Қадырдың сөзіне де құлақ асайық, халайық! Олжас ініме де осыны айтам.

*«Егемен Қазақстан», 1994. 29 наурыз.*

### Қия жол, қиын сапар

Әрбір өткен жылға баланып, күнпарақтың бетіндей аударылысымен тарихқа айналып жатқан осынау бір аламан-топыр, алмағайып заманда халі мүшкіл, болашағы бұлдыр тартқан ана тіліміздің ғайыптан маңдайы жарқырап, мемлекеттік мәртебе (статус) алып марқайғанына да, міне, табаны күректей бес жыл толған екен. Бұл бір күрделі әлеуметтік құбылыстың мән-жайы мен қоғамдық өмірдегі маңызын болашақ ұрпақтың өзі бағалай жатыр. Ал бүгінгі таңда бұл халқымыздың рухани, мәдени өміріндегі келелі кезең, қоғамдық санамызда көпке дейін сақталатын тарихи оқиға болып қалуы сөзсіз.

Шынында да: «Тіршілік қарбалысымен тез өтіп кеткен осы 5 жылдың мәні неде? – деген заңды сұраққа жауап беру үшін біз осы жылдардың бүгінгі биігінен соңымызға қарап, қол жеткен азын-аулақ табыстарымыз бен қателескен, қия басқан жолымызға, бір сүрініп, бір тұрып келе жатқан қадамдарымызға сын көзбен қаруымыз керек сияқты.

Сонда біздің байқайтынымыз: Тіл тағдырына байланысты қоғамдық өмірде қуаныш пен реніш, сүйіну мен күйіну алма-кезек тең түсіп, не жеңгенімізді, не жеңілгенімізді білмейтін беймәлім күй кешудеміз. «Тіліміз мемлекеттік мәртебе алды!» – деп жар салып, қалпағымызды аспанға атқан бір кездегі қуанышымыз да су сепкендей басылып, алабұртқан көңіліміздің де суына бастағанын несіне жасырамыз. Енді міне, арамыздан «тым ерте қуандыңдар» деп табалайтындар да табылып жатыр. Рас, қуанғанымызды жасыра алмадық. Бірақ, «қуанған да, қорыққан да – бір» дегендей, біздің ол айғайымыз бір жағынан қуаныш сезімін білдірсе, екінші жағынан апатқа ұшырап, теңіз толқынына көмілген кемедегі тұншыққан жандардың көмек сұрап (өркениетті елдерде оны «SOS!» деп атайды) шырылдаған жан айғайының жалғасы іспеттес еді.

Мүмкін, біздің бұл дауысымыз Тәңірдің құлағына шалынған шығар. Шынында да Тәңірге сенетіндер бұл мәртебені «қол жайып, құдайдан сұрап алдық» деп, ғайыбына, құпия күшке сенсе, енді біреулер «күш көрсетіп, тартып алдық» деп күпсінеді. Екі жорамалдың да қисыны бар сияқты, бірақ себебі басқашалау: бір жағынан, сол кездегі тепсе тебінгі үзетін партия мен тоталитарлық режимге жалынып-жалбарынғандай қылық көрсеткеніміз

рас болса (басқаша талап қою мүмкін емес еді), екінші жағынан, санасы ояна бастаған қалың бұқараның қолдауына сүйеніп, мемлекеттік мәртебе талап еткеніміз де рас (қорқыту деген сөз орынсыз).

Ал мәселенің шындығына келсек, бұл өзгерістердің түп-төркіні 80-жылдардың екінші жартысынан тартып, жүз бере бастаған еліміздегі жаңа демократиялық үрдісте жатыр. Қайта құрудың лебінен мұз еріп, сең жүретінін барша жұрт партияның сол кездегі съезі мен парламент мәжілістерінен-ақ байқай бастаған едік. Сол кездегі ел басшысы Колбин мырзаның: «Кремль не айтса, соны қолдандар!» – деп әбден «пысықтап» апарған Қазақстан депутаттары ұлт тілдерінің тағдыры додаға түсіп жатқанда, ана тіліміздің мүшкіл халы туралы (бір-екеуі болмаса) жұмған аузын аша алмай, ауылға оралған азаматтарымызды да барша жұрт жақсы біледі. Бірақ дүмпуі ішіне түскен бітеу жарадай болған бұл мәселенің сол бір үлкен мәслихатта, біздің депутаттар болмаса да, басқалар алғаш рет ашық сөз еткен болатын. Ал шынайы демократ, гуманист-академик А. Сахаров болса, ағынан жарылып, «КСРО-дағы халықтар өз алдына 44 дербес мемлекет болмай, оларда ұлттық мемлекеттік тіл болмай, бұл басталған демократиялық үрдіс тынбайды», – деп айтып та тастаған болатын («Комсомольская правда» газетінде басылды).

Шынында да, көп ұзамай, КСРО құлады, тәуелсіз мемлекеттер бірінен соң бірі бой көтерді; олардың әрқайсысы өз ұлт тілдерін мемлекеттік тіл деп таныды. Кештің соңында біз де осыны қайталадық. Демек, Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге жеке өзінің ғана ие болуы осы тарихи даму тұрғысынан қарағанда заңды да объективті процесс еді. Алайда, бұл біреуді қуантса, енді біреудің іш қыжылын қайнатты. Бірақ демократиялық үрдістің алғашқы дүмпуімен бұл қыжыл бірден біліне қоймаған еді. Ол кейінірек байқалды: мемлекеттік тілге қарсылық басқа себептерден емес, тек орыс тілінің (орыс тілдерінің) мүддесін қорғау сылтауымен оның көптен бері жүргізіліп, әбден қалыптасып қалған өктемдігін сақтаудан туындағаны бүгінгі таңда толық айқындалып отыр. Бұл – өз алдына мәселе.

Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алған бес жылдығында айтылатын әңгіме бұл ғана емес. Егер біз мемлекеттік тіліміздің бүгінгі таңдағы алдынан шығып отырған тосқауылдар мен кертарпа әрекеттерді қоя тұрып, осы бір игілікті істің сонау бастауына көз жіберіп, зерделеп бақсақ, ең алдымен демократиялық толқыннан соққы алған ескілік есін жия алмай, жаңалық әлі есі кіре алмай тұрған қоғамдағы «өліара кезеңде» көрсетілген батыл іс-әрекеттер көз алдыңызға келеді. «Тіл тағдыры – ел

тағдыры» деп ұрандатып шыққан «Қазақ тілі» қоғамы мен оның айбынды үні – «Ана тілінің» осы бес жыл беделінде тындырған істерін – қалың көпшіліктің санасын ояту арқылы тіліміздің төмендеп кеткен беделін көтеріп, мемлекеттік мәртебе биігіне шығарудағы ерен еңбегін, Тіл заңы мен оның бағдарламасын қабылдаудағы табандылығын, Тіл комитетін құруға аянбай атсалысуын, т.б. – ұмытсақ, ар алдында күнәһар боламыз.

Біле білсек, өткен он бес жыл – ол да тарих. Тарих қана емес-ау, тілді ту етіп, шеру тартқан тіліміздің мыңдаған жанашырлары мен қазақтың зиялы қауымы үшін бұл кезең ана тілінің алдындағы азаматтық парыз бен перзенттік борыштың өтелуге тиіс сәті еді. Оны абыроймен ақтаған, ақтап келе жатқан азаматтар да арамызда аз емес.

Бірақ, «бес саусақ бірдей емес» дегендей, ел басына келген осынау бір қатал сында сыр беріп алғандар да жоқ емес. Алғашқы дүрмекпен елдің алдына озып, тіліміздің жоғын жоқтап, зарын зарлап, айғайға аттан қосқан азаматтардың біразы ұзаққа шаба алмай, өз күйін күйттеп кетсе, енді біразы «өйту керек, бүйту керек» деген өсиетін, ақылын айтып, «осымен істі тындырдым» деп жайымен кетті. Тілімізге берілген мемлекеттік мәртебе – бір рет берілетін сый-құрмет емес, мемлекеттің дербес өмір сүруіне қажетті алғышарт, рәміздердің бір екенін, ол үшін ел-жұрт болып ұзақ жылдар бойы табанды түрде күресу қажет екенін әлі күнге дейін біреу түсінсе де, біреу түсінбей келеді. Бір-екі жылда оны төрт аяғынан тік тұрғызғысы келетіндер, сан алуан кертартпа, кедергіден жүрмей жатқанын көріп, кейбіреулер одан күдерін үзіп, күрес сапарынан етегін қағып, шығып кетіп жатса, енді біреулер «жығылған үстіне – жұдырық» дегендей мемлекеттік тілді даттаумен шұғылдануда. Ал енді тағы біреулер болса: «Қазақ тілі орыс тілін ығыстырып жатыр, оны екінші мемлекеттік тіл етіп алмасақ, күні қараң болады», – деп байбалам салуда. Мұндай қауесетті әдетте орыс халқының атынан сайлау алдында, алқалы жиындарда сөйлеп, өзіне саяси ұпай жинау үшін, ұлттар арасына іріткі салуға жаны құмар кейбір орыс тілді саясаткер, экстремистердің айтатынын біз жақсы білеміз, олардың мақсатын да түсінеміз. Ал енді дәл осы мәселелерді қазақ бауырларымыздың өздері көтеріп, отқа май құйып отырғанын көргенде, «Әй, қазағым-ай, қашан ел болар екенбіз!» – деп жүрегіміз қарс айрылады. Сөз жүзінде мемлекеттік тілді қолдаған болып, іс жүзінде міз бақпай, биік-биік мінберлерден тек орысша сөйлеп, өз тілін менсінбей отырған басшылар мен парламент мүшелері болса анау.

Несін жасырамыз, соңғы бес жылдың ішінде, бүкіл әлемдегідей,

қазақ қауымында да бес ғасырға балайтын жаңалықтар жүз беріп отыр. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» дегенді қоғамның бүгінгі жаңару, жаңалану қарқынын жоққа шығарып, оны мешеулік, мимырт тіршілік деп отыр. Ескі қоғамның ішінен жаңа, мүлдем басқа бір қауым өсіп келеді. Ол –бүгінгі нарықтық экономика үрдісінен өріс алып, елден ерекше жон арқасы шодырайған, қимыл-әрекеті шалт, қалтасы қалың, жүрісі кердең, сөзі шүлдір жандардан тұрады. Бұл қауым жаңа заманға қажет-ақ шығар, біраз бұларға – мың жерден мемлекеттік мәртебе алса да – ана тілінің көк тиындық қажеті болмай отыр. Ал келешекте мемлекеттік тілдің тағдыры осы қауымның қолына өтсе, бүгінгі көрген күнімізбен де жылап көрісетін шығармыз.

Міне, бүгінде 5 жасқа толған мемлекеттік тіліміздің өмірге келуі үлкен қуанышпен аталса да, әлі күнге дейін тұсауы кесілмей, бір тұрып, бір жығылып, мимырт күй кешуі де қазақ қауымын қатты алаңдатып отыр. «Қазақ тілі» қоғамы, Тіл комитеті болып халықтың рухани мәдени байлығы мен салт-дәстүрін сақтаушы қасиетті қазына – ана тіліміз үшін халық арасында істеп жатқан игілікті істері аз емес. Бірақ бұл – күрестің тек басы ғана, бұқаралық қозғалыстың аяғы әлі алыста. Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып қалудың басты шарттарының бірі – мемлекеттік тілімізді сақтау, оны дамытып, келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру.

*«Ана тілі», 22 қыркүйек 1994ж.*

### **«Ана тілі» қоғамы: құрылу мақсаты, міндеттері, пікірлер**

Республикада қазақ және басқа да ұлт тілдерінің қызметін дамыту үшін әлі де болса нақты шаралардың, батыл қадамдардың қажет екендігі күннен-күнге айқындала түсіп отыр. Осыған орай бұдан екі айдай бұрын Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты және басқа да ғылыми мекемелер, қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып, «Ана тілі» қоғамын құру туралы бастама көтерді. Болашақ Қоғамның Жарғысы (Уставы) жоба ретінде республикамыздың орталық, облыстық газеттерінде түгелдей дерлік қазақша және орысша нұсқада жарияланды.

Газет беттерінде Уставы (Жарғысы) жарияланған Қазақ республикалық «Ана тілі» қоғамының құрылуы – Қазақстан жұртшылығының мәдени, рухани және әлеуметтік өміріндегі елеулі

оқиғалардың бірі болып саналмақшы. Бұл қоғамның дүниеге келуінде де белгілі бір заңдылық пен қажеттіліктің бары сөзсіз. Өйткені қоғам өміріндегі қандай да өзекті мәселе болмасын, оның ендігі жерде қалың көпшіліктің қалауынсыз, қолдап-қуаттауынсыз бұрынғы дәстүрмен, елді әбден ығыр еткен әкімшілік-бюрократтық тәсілмен, өкірек-өктемдікпен дұрыс шешілуі мүмкін емес. Халық өз тағдырын демократиялық жолмен шешу күші өз қолында екенін аңғара бастады.

Осы орайда халықтың қабырғасына батып, жүрегін сыздатып, бітеу жарадай уыты ішіне түсіп, ауыр дертке айналған көп жағдайдың беті ашылып, айқындалып отыр. Ел тағдыры, жер тағдыры, тіл тағдыры сияқты өзекті мәселелер бүгінде ер-азаматтың, ел-жұрттың бойындағы қажыр-қайраты мен ой, парасатын сынайтын, сарапқа салатын сәттер келген сияқты. Өйткені, елдің елдігі де, оның болашағы да осы бір қасиетті үш ұғымға тығыз байланысты болса керек. Аса дарынды ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың «Ең бірінші бақытым – халқым менің... Ал екінші бақытым – тілім менің», «Үшінші бақытым бар – Отан деген...» деп бекер айтып отырған жоқ. Сондықтан да болар, қарнының тоқтығымен, көйлектің көктігімен өлшенбейтін, бірақ барында бағалай бермейтін, жоқ болса, қасіретке айналатын өзара астарлас үш бақытымыздың бүгінгі халі, жасыратыны жоқ ер-азаматтың намысын қозғап, қалың қауымның санасын оятып отыр. Аралымызды апаттан арашалауға, атамекенімізді атом жарылысынан қорғауға, тарихымызға таңба болған «ақтаңдақтармен» күресуге шеру тартып шыққан халқымыздың ендігі бір асыл мұраты, алатын белесі – елдің елдігін танытатын рухани байлығымыз бен ұлттық мәдениетіміздің қайнар бұлағы – ана тілімізді шалдыққан дертінен арылтып, сақтап қалу, қадір-қасиетін арттыру, беделін көтеру болса керек. Осы мүддені ел болып, жұрт болып, қауымдаса, қоғамдаса отырып қорғайтын жалпыхалықтық ерікті ұйым Қазақ республикалық «Ана тілі» қоғамы болмақ.

Құрылғалы отырған бұл қоғамның программасы, алдына қойған игілікті мақсаты, оған мүше болатын азаматтардың құқы мен міндеті, қоғамның құрылымы мен қаражаты, статусы мен символы – бәрі де жарияланған жобадан айтылған. Ол туралы қалың көпшіліктің пікірлері хат арқылы да, газет-журнал беттерінде де айтылып келеді.

Ендігі мәселе: «Қоғамды қашан құрамыз, қоғам құратын Құрылтай съезі (учредительный съезд) қашан шақырылады, оған қандай дайындық жүріп жатыр?» деген заңды сұрақтарға байланысты. Біз осы сұрақ-сауалдарға қысқаша болса да жауап бергіміз келеді.

Болашақ Қоғамның Уставы (Жарғысы) жарияланғаннан бері үш айдай уақыт өтті. Осы мерзім ішінде Қоғам құруға инициатор болған Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты тарапынан оның басқа да қамқоршыларының қолдауымен Құрылтай өткізуге мұрындық болатын Ұйымдастыру комитеті құрылған болатын. Бірнеше секциядан тұратын бұл Комитеттің жұмыс программасы анықталып, оның нақтылы ұсыныстары республиканың партия-совет директивалық органдарының алдына қойылды. Ұйымдастыру комитеті атынан жасалған бұл ұсыныстар негізінен мыналар:

а) «Ана тілі» қоғамын құруға байланысты шақырылатын Құрылтай съезін аса маңызды әлеуметтік-саяси оқиға түрінде жоғары дәрежеде өткізу;

ә) съездің өткізілетін мерзімін анықтау: бұл съезге делегаттар шақыру, оларды қарсы алу, орналастыру бір өте күрделі мәселе; өйткені қонақтар тек 17 облыстан ғана емес шамамен 170 адам республикадан тыс жерлерден де 130 адам келуі жобаланып отыр;

б) съездің күн тәртібін анықтау: оған съезд ашуға байланысты кіріспе сөз: «Республикадағы тілдік ахуал және «Ана тілі» қоғамын құрудың қажеттілігі» атты негізгі баяндама, «Қоғамдық пікір және Қоғам Уставын жетілдіру мәселесі», «Қоғам программасы туралы» деп аталатын екі қосымша баяндама, сондай-ақ жарыс сөзге шығып, баяндамаларды талқылау. Қоғам Уставы мен Программасын қабылдау. Қоғамның басқармасын, төрағасын, тексеру комиссиясын, облыстық ұйым бастықтарын сайлау штатын, статусын, символдарын бекіту, сондай-ақ Қоғамның органы ретінде «Қазақ тілі» газетінің редколлегиясын және оның ғылыми мінбері ретінде «Сөз өнері» атты Халық университетінің жетекшісін белгілеу т.б. ұйымдық мәселелер кіреді;

в) Құрылтайға келген делегаттардың мәдени түрде демалысы да еске алынбақшы.

Әрине, бұлардың бәрі ел-жұрт болып отырған игілікті ісіміздің тек бастамасы, жобасы ғана. Ал болашақ Қоғам тарапынан елмен ақылдасу үшін жарияланған Устав пен қысқаша Программа оның бүкіл болмысын түгел анықтап, міндетін толық айғақтап береді деп айтуға болмайды. Тіл білімі институтына және газет редакцияларына келіп түсіп жатқан хаттардың авторлары бұл Қоғамның құрылуын қолдап-қуаттай отыра оған үлкен үміт артады, оны тек ана тілге (тілдерге) ғана емес, сонымен қатар халықтың бүкіл рухани, мәдени өмірінің жарқын

болашағына жол ашатын қоғамдық құдіретті күш деп таниды. Оны бір ел санасынан туындап жатқан небір тамаша ұсыныстар мен пікірлерден айқын көріп отырмыз. Зерек ойдан, зейінді көңілден шығып, толастамай түсіп жатқан ақыл-кеңестер кейбір мәселелерді тереңнен ойлап, түбегейлі шешуді талап етеді. Соның бірі – съездің шақырылу мерзімі «Ана тілі» қоғамының Құрылтай съезі 20–21 октябрьде Алматыда өтпек.

Екінші бір мәселе. Қоғам атының «Ана тілі» аталуында үлкен мән бар. Әр халықтың өзіне тән ардақты да абзал ана тілі бар. Біз құрғалы отырған Қоғамның үлкен мақсаты тек қазақ тіліне ғана емес, сол сияқты басқа тілдерге де қамқорлық жасау. Бұл Қоғамның гуманистік, интернационалдық, демократиялық бейнесін көрсетеді. Алайда пікір айтушы қауым «Қоғамды мемлекет тілімен атап, басқа аз санды халықтар тілдеріне қажетті қамқорлықты Алматы қаласында ашылып жатқан ұйғыр, неміс, корей, дүнген, татар, украин, т.б. ұлттық-мәдени орталықтарға жасаған жөн емес пе? деген ұсыныс айтады. Бұл да ойланатын жағдай.

Жалпы алғанда алдымыздағы Құрылтай жиналысында қоғам болып кеңесетін осындай жайттар, шешетін проблемалар, қолданылатын шаралар аз емес. Ендігі міндет – осыған біз, әсіресе съезге қатысатын делегаттар, саналы азаматтар мен зейінді зиялылар үлкен дайындықпен келуіміз керек сияқты. Егер қабылданған Заң республикадағы халықтардың ана тілдеріне ресми түрдегі мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлық болса, «Ана тілі» Қоғамының қамқорлығы қарапайым халық атынан жасалатын ерекше қамқорлық. Тілдер жөніндегі Заңды іс жүзіне асыратын да, сол тілдерді өзіне тән статус шеңберінде жұмыс істететін де, сайып келгенде, осы Қоғам болмақшы.

Сондықтан да біз қалың көпшілік арасында Қоғам атынан қызметін атқаратын ана тіліміздің (тілдеріміздің) шынайы жанашырларына үлкен үміт артамыз. Қоғамды ресми дүниеге келтіретін Құрылтай съезіне қатысу үшін барлық облыстардан келетін делегаттар мен қонақтардың қатарынан біз ана тіліне деген сезімі мол, азаматтық позициясы айқын, саналы да білімді жандарды көргіміз келеді. Ондай адамдар барлық жерде баршылық. Тіпті кейбір облыстарда (Жезқазған, Целиноград, Ақтөбе, т.б.) бүгінде өз инициативаларымен тіл қоғамдарын ашып, Қоғам Уставын мойындай отыра, өз бетінше жұмыс жүргізе бастаған азаматтар да бар. Біз оларға зор ризашылық білдіреміз. Елдің елдігі мен ердің ерлігі танылатын, сарапқа салынатын сәттер, міне, осы. Құрылтай съезі үстінде қабылданатын үлкен Программа осындай азаматтардың жер-жердегі инициативасына, тапқырлығына, талапкерлігіне, іскерлігіне байланысты.



Ал енді Қоғам туралы сөзді келіп түскен хаттардың иелеріне берелік.

«Ана тілі» Қоғамы туралы немесе хаттар үніне құлақ түрсек осы Жоба жөнінде, болашақ Қоғам жайында өздерінің талап-тілектерін білдірген еңбекші жұртшылықтың хаттары Тіл білімі институтының атына көптен келіп жатыр. Хат иелерінің барлығы дерлік «Ана тілі» Қоғамын құруды дер кезінде қолға алынған игілікті іс деп, қуана құптайтынын білдіреді. «Ана тілі» Қоғамының құрылуы республикамыздың мәдени өміріндегі аса бір елеулі оқиға болмақ деп бағалайды.

Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар облыстарының педагогтері Ф.С.Тәшімова, Ж.Н.Әбдуәлиева, М.М.Әйтиева, Д.С.Есілбаев, М.Ж.Жамалиденова, С.Х.Жұмабаев т.б. жолдастар осы өлкелердегі қазақ және орыс тілдерінің қолданылу күйін зерттей келіп, қазақ тілінің мемлекеттік мекемелер мен әлеуметтік институттарда қолданылмауы оның қоғамдық қызметін мүлде құлдыратып жіберді дейді. Мұның өзі тілдің болашағы үшін үлкен қауіп. Қазақстан – қазақ халқының тарихи қалыптасқан территориясы әрі қазақ ұлтының, қазақ тілінің, қазақ мәдениетінің бірден-бір сақталатын және дамиды жері. Қазақ тілінің қазіргі мүшкіл ахуалын түзету үшін ең алдымен оған мемлекеттік тіл статусының берілуі қуанарлық жәйт, – дейді. Аталмыш хатқа 49 педагог қол қойған.

«Мен, – деп жазады Алматы қаласының тұрғыны, жұмысшы Сайлайкүл Нұрланов, – төрт баланың әкесімін, немере сүйген атамын. Балаларым, келінім, күйеу балам қазақша білмейді. Олар өз тілін білмеген соң, балаларын ана тіліне қалай үйретпек? Ең болмаса немерелерім қазақ тілін білсе деймін. Қоғам осыған нақты жәрдем етсе», – деп тілек-талаптарын білдірген.

Хат жолдаушылардың енді бір тобы – Махмұтов Әбдіғапар (геолог, доцент), Мералиев Н.Т. (студент), Әбдәкәрімов Ә. (Алматы), Нүсіпов Рамазан (Семей обл. Мақаншы ауданы): жазушылар Қ.Бұғыбаева, С.Ғаббасов, т.б. және Жамбыл аудандық мәдениет қызметкерлері Қарашев Қ., Әжіғожаева Б., Жарқынбаева Ж. (Алматы обл.) т.б. қазақ тілінің құлдырап кеткен қоғамдық қызметін тілге тиек етеді. Қазақ тілі от басы, ошақ қасында ғана қолданылатын тілге айналды. Өйткені саяси өмірде, өндірісте, ғылым мен техника саласында қызмет етіп, қарым-қатынас мұқтажын өтегендіктен, тіпті интеллигенциямыздың өзі қазақ тілін қажетсінебуге айналды. Мұның өзі тілдің болашағына үлкен қауіп.

Ана тілінің тағдыры Арал тағдырына ұқсамасын. Ана тілін білгенде ғана шынайы интернационалист болады. Өз халқының мәдениеті мен дәстүрінен қол үзген жан өзге елдің мәдениетін біліп жарытпайды.

Расында, ұзақ жылдар бойы елімізде тіл құрылысы тек жақсы жағынан айтылып, оның шешілмей жатқан проблемалары, қиын халі мүшкіл жағдайы бүркемеленіп, өткір қырлары қырланып-сырланып жып-жылмағай көрсетіліп келді. Тіл жағдайының төменде жатқан мәселелері жөнінде жауырды жаба тоқымай, ашық айту қажет. Міне, осындай дәлелді пікірді, уәжді сөз айта келіп хат авторлары тарихшы Әбсәлімов Төлеміш (Жамбыл), инженер Ысқақов Мұхит Мырзатұлы (Қызылорда), А.Атағұлов (Алматы), Жазықбаев Ерғазы (Қарағанды), Ахметқалиев Меліс (Екібастұз), еңбек ардагері Шорабеков Шернияздан (Шымкент обл. Қызылқұм ауданы), Жылқышиев Н.А. (Шымкент), т.б. қазақ тілінің мемлекеттік заң арқылы қорғалып, қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусының берілуін қуана қоштайды.

Тіл мәселесіне қатысты тағы бір қиындық: хат жолдаушылардың пікірінше, ана тілінен қол үзген, не орыс тілін жеткілікті дәрежеде меңгермеген шала тілділердің әлеуметтік тобы пайда болды. Бірақ оларды кінәлай беруден гөрі, қол ұшын беріп, тіл үйренуге мүмкіндік жасау қажет деген ойға саяды. Сондықтан болашақ қоғамның мүшесі кем дегенде бір адамға ана тілін үйретуді бағдарға алады. Мұндай пікірді қуаттай отырып, хат иелері Қарамендин Сейітқали (Алматы), педагогтер: Аманқұл Әлімбаева (Шымкент), Уанбаев Дәурен (Өскемен), кәсіподақ қызметкері Сапаров Төлепберген (Жезқазған) тіл үйірмелерін ашуды, фольклор журналын, қазақша тілашар, сөздік, т.б. шығару қажет және қоғамның жанынан қазақ-орыс, орыс-қазақ тілдерін оқып-үйренуді ұйымдастыратын шаруашылық есептегі ғылыми-методикалық орталығын ашу қажет деген нақты ұсыныстар айтады.

Қазақ тілінің тағдыры, бүгінгі проблемасы жөнінде тек қазақтар ғана емес, өзге ұлт өкілдері де өз ойларын ортаға салып, достық сезімдерін білдіріп хат жолдауы интернационализмнің бір көрінісі деуге болады.

Менің ұлтым – орыс, мамандығым – бухгалтер, деп жазады Семенов Валерий Талдықорған облысы, Панфилов қаласынан.

– Барлық өмірімді қазақтардың арасында өткізіп келемін. Қазақ ұлтын құрметтеймін. Менің өзім және семьям үшін қазақтар көп жақсылық істеді. Орыс болсам да кейбір қазақтардың, әсіресе қазақ жастарының ана тіліне ұқыпсыз қарайтынына жаным ауырады.

Қазақ тілінің беделін көтеру үшін оқушылар мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, мектеп бітіргенше қазақ тілін міндетті түрде оқып-үйренуі керек. Жоғары оқу орындарына түсу үшін қазақ тілінен емтихан тапсыру қажет және жоғары мектепте де қазақ тілі оқытылатын болсын, – дейді.

Сондай-ақ Жетісай қаласы, Горький атындағы мектептің мұғалімі Рудяк Ю.И. орыс мектептеріндегі қазақ әдебиеті жайын айта келіп: «Программаға сәйкес қазақ әдебиетінен оқу құралдары мүлде жоқтың қасы, мысалы, Көбеев, Дөнентаев, Өтемісов творчествосы жөнінде толық мағлұмат алатын кітап орыс тілінде жоқ. Орыс мектептерінің оқушылары алдында қазақ мәдениетінің осындай өкілдері туралы жан-жақты біліміміздің жоқтығына қызаруымызға тура келеді. Әсіресе XVII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті бойынша орыс тілінде кітаптар шығаруды ұлғайту керек. Егер «Ана тілі» Қоғамы қазақ халқының мәдениетін насихаттайтын болса, мен ондай қоғамды қолдаймын және менің пікіріме Жетісай қаласындағы Горький атындағы мектептің орыс тілі пәнінен сабақ беретін мұғалімдер толық қосылады», – деп жазады. Ю.Н.Рудяк жолдастың пікірі, ғалымдар атына айтқан сыны, қоғам қызметі жөніндегі ұсынысы өте орынды. Мұндай пікірлер, ұсыныстар Қоғамның болашақ программасында ескерілетіні сөзсіз.

Болашақта құрылмақ Қоғамның атына келіп жатқан хаттар алуан түрлі, көптеген ұсыныс бар.

*«Қазақ әдебиеті», 1989. 29 қыркүйек.*

### **Қоғам құрылды, ендігі міндет не?**

Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының дүниеге келгеніне, міне, үш айға жуық уақыт болды. Алматыда өткен Құрылтайда қоғамның шаңырағын көтеріп тарқатқан қалың қауым енді игілікті істің жемісін көруге асығатыны түсінікті. Тіпті, күтуден жалыға бастағандардың біразы «Қоғам неге жұмыс істемей жатыр, бұл не жайбарақаттық?» деп дегбірсіденсе, енді біреулері «Жергілікті жерде қоғам құруымыз керек еді, оның тәртібі қалай екен?» деген сұрақтарға жауап іздеп, қоғам бастықтарына хат жазып, телефон соғып, мазасыздана бастады. Қоғамды сын садағына алғандар да жоқ емес.

Бәрі орынды, бәрі заңды... Сондықтан бұл мақаланың мақсаты: сол қалың жұртшылықтың тілек-талабына сай, біріншіден, қоғам тарапынан істелген және істеліп жатқан кейбір шаруалар жайында алғашқы мөлтек есеп болып саналса, екіншіден, ұйымдық мәселелерге байланысты ақыл-кеңестерімізді ортаға салу.

Бәрімізге белгілі, қоғам құруға арналған Құрылтай «Ана тілі» деген ұранмен шақырылып, оған қатысқан қалың қауымның (яғни әр жерден сайланған мандатты делегаттардың) қалауымен ол ресми республикалық «Қазақ тілі» қоғамы болып танылды. Ұйымдастыру комитетінің және оны қолдап-қуаттап келген ресми ұйымдар мен ынталы топтардың о баста болашақ қоғамды «Ана тілі» деп атаса, оның жарғы жобасын жариялауында тіл проблемасына интернационалдық мән беру, яғни республикамыздағы басқа халықтардың тілдеріне де қамқорлық жасау мақсаты көзделген еді. Бірақ Құрылтай үстіндегі қызу талқылауда қазақ тілінің бүгінгі мүшкіл де ауыр жағдайы жан-жақты айқындала түсті. Оны сақтап қалудың бірден-бір жолы, сондай-ақ жаңа қабылданған Тіл туралы Заңды іс жүзіне асырудың шұғыл да қауырт шарасы тек қоғам құруға ғана емес, сол қоғамның «Қазақ тілі» болып аталуына да байланысты екендігін делегаттар ашық айтты. Сондықтан да Құрылтайға қатысқан қауым демократиялық принципке сүйене отырып, көпшілік дауыспен қоғамның аты «Қазақ тілі» болсын деген шешім қабылдаған болатын.

Әрине, бұл шешім жөнінде Құрылтайға қатысқан 20 шақты басқа ұлт өкілдерінің ішінен өкпе-наз айтқандар да, тіпті, ренжігендер де болды. Біз бұл жөнінде съезден кейін радио, газет арқылы түсініктеме берген едік. Онда: қоғам қалай аталса да ол өзінің о баста ұстанған интернационалдық принципін сақтай отыра, республикада мекендейтін барлық халықтардың тіліне қамқорлық жасауды абыройлы міндет деп санайтыны және ол бұл істі құрылып жатқан ұлттың мәдени орталықтар (қазір олардың саны Алматыда 14-ке жетті) арқылы жүзеге асыратыны айтылды.

Мұны айтып отырған себебіміз: талқылауға түскен қоғамның жарғысын (уставын) Құрылтайдан кейін үш түрлі себепті ескере отырып, қайта қарауға тура келді. Біріншісі: қоғам құру мәселесі көтеріліп оның жарғысы алғаш жарияланғанда қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру-бермеу туралы мәселе заң жүзінде әлі шешілмеген еді. Екіншісі: қоғам аты «Қазақ тілі» болып өзгерді. Үшіншісі: Құрылтай тағлымы қалың бұқараның санасын оятып, өміріміздегі көптеген келеңсіз құбылыстардың бетін ашты, қоғамнан тек таза тіл мәселесін ғана емес, соған байланысты басқа да проблемаларды шешуді талап етіп отыр.

Міне, бұл мәселелерді Құрылтай тағлымы тұрғысынан қарап қорытынды шығару, тиісті електен өткізіп, қоғамның программалық нысаналы мақсаттарына айналдыру, көпшіліктің пікір-тілектерін ескере

отырып, қалың жұртшылыққа бағышталған үндеу мен қоғамның жаңа жарғысын газет беттерінде жариялау — қоғам тарапынан тындырылған алғашқы істерге жатады. Арнайы тоқталып айтайын: «Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық тұрғын үй-әлеуметтік банкісінен республикалық «Қазақ тілі» қоғамының №700107 есебі ашылды. Енді қалың көпшілік пен қамқор мекемелердің қоғамға ақшалай жәрдем көрсетуіне де мүмкіндік бар.

Бұл, әрине, қоғам белгілеп, бағдарлап отырған қыруар шаруаның тек алғашқылары ғана. Соның өзінде де ілгері аттатпай, аяққа оралғы болып отырған тосқауылдар жоқ емес. Ол туралы ашық айтпаққа болмайды. Оны қоғамның тілеулері де білгені жөн.

Әлі күнге дейін шешімін таба алмай отырған мәселенің бірі — қоғамның «шаңырағы». Шынын айту керек, қоғамға үй беру мәселесіне тиісті орындардың бәрі-ақ атсалысып отыр. Бірақ соның өзінде де оған астанамыздан лайықты баспана таба алмай отырғаны рас. Ұйымдастыру ісіндегі үлкен кедергі осы болып отыр. Өйткені, қызу да қарқынды басталып кеткен қоғамның іс-әрекетіне басшылық ететін адамдарға ең алдымен орын қажет. Ал ұйымдастыруға байланысты ақыл-кеңес алу үшін Тіл білімі институтына ағылып келіп жатқан адамдарда есеп жоқ. Қоғамның 14 қамқоршы негіздеушісі, оны қолдап-қуаттаушы ондаған спонсорлар, сондай-ақ жер-жерлерде құрылып жатқан, құрылуға тиісті облыстық, қалалық, аудандық ұйымдар мен ынталы топтардың атынан күн сайын қоғам деп келетін өкілдер мен ұйымдастырушылардың ат басын тірейтін, бас сұғатын өз шаңырағының әлі күнге дейін болмауы бәрімізді де қынжылтады.

Қоғамның ұйымдық мәселелеріне қатысты күрделі де маңыздысы — жарғыда көрсетілгендей, оның өз органы ретінде дербес газетін шығару. Бұл мәселеге келгенде сүйінші сұрауға болады: осы жақын арада Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика үкіметі қоғамның талап-тілегіне сай, кіші форматты «Ана тілі» деп аталатын апталық газет шығару жөнінде арнайы қаулы қабылдады.

Бұл, әрине, халқымыздың мәдени тарихындағы елеулі оқиға. Мұндай газеттің шығуы ең алдымен кеше ғана қабылданған Тіл туралы Заңымызды іс жүзіне асырудың, мемлекеттік мәртебе алған ана тілімізді дамытудың мықты кепілі деп есептеуге болады.

Енді қоғамның ұйымдық мәселелеріне, яғни жер-жерлерде оның облыстық, қалалық, аудандық және бастауыш ұйымдарын құрудың тәсіл-формаларына тоқталып өтейік. Бұлардың тәртібі қоғамның жарғысында

жалпы тұрғыда көрсетілгендіктен, оны іс жүзінде орындауда көптеген қиындықтар кездесіп отыр. Жер-жерлерден қойылып жатқан сұрақтар да осыларға байланысты.

Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы Қазақ ССР-інің территориясында құрылған және құрылуға тиісті өзіне мақсаттас, бағдарлас әртүрлі деңгейдегі қоғамдардың басын қосатын жалпыхалықтық ерікті ұйым болғандықтан, олардан Құрылтайда қабылданған жарғы мен программа-платформаны толық мойындауды және соларға сүйене отырып ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Жергілікті жерлерді құрылған, не құрылатын мұндай қоғамдар сол аймақтың немесе сол әлеуметтік ортаның, ведомство мен мекеменің әлеуметтік, демографиялық, т.б. ерекшеліктерін ескере отырып, республикалық «Қазақ тілі» қоғамының құрамдас бөлігі бола тұрса да, өз аттарын «Қазақ тілі» деп те және басқаша да атауға (мәселен, «Ана тілі», «Тіл және мәдениет», «Сана» серіктігі, т.б.) сондай-ақ республикалық қоғам программасымен үндес өзіне қолайлы деген программасын қабылдауға қақылы. Мұны біз жүздеген, мыңдаған қоғамның творчестволық инициативасына еркіндік беру, қазақтан басқа халықтардың тіліне де мүмкін болғанынша қамқорлық жасау деп білеміз. Бірақ барлық жағдайда да қоғамның түбегейлі мақсаты біреу, ол – Тіл туралы Заңды жүзеге асыру және мемлекеттік мәртебе алған ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтіп, қоғамдық ролін арттыру.

Құрылтайда қабылданып, газет беттерінде жарияланған жарғы бойынша үш жылда бір өтетін қоғамның кезектегі съездері аралығында барлық жұмысты атқаратын орган – құрамында 60-тан астам мүшесі бар басқарма болса, оның күнделікті істерін жүргізетін он шақты адамнан (президент, вице-президент, үш орынбасар, жауапты хатшы, газеттің жауапты редакторы, халық университетінің ректоры, т.б.) тұратын басшылары басқарманың президиумын құрайды. Басқарманың жанында қоғамға ақыл-кеңес беріп отыратын 10 – 15 адамнан тұратын ақсақалдар алқасы тағы бар. Қоғамның барлық іс-әрекетіне бағыт-бағдар беріп, қамқорлық жасап отыратындар да, міне, осылар.

Жер-жерлерде қоғам құруға байланысты алдын-ала ескерте кететін бір жағдай: бұл қоғамдар әдеттегідей төменнен жоғары қарай емес, керісінше, жоғарыдан төменге қарай құрылғалы отыр. Қоғам құруға арналған Құрылтай жұмысына тек облыстар мен қалалардың ғана өкілдері қатысты. Сондықтан жарғыда республикалық қоғамнан кейін облыстық және қалалық қоғамдарды, одан кейін аудандық қоғамдарды құру ұсынылған

еді. Аудандық қоғамдар құрылып болғаннан кейін барлық ірілі-кішілі елді мекендерде, мекемелер мен өндіріс орындарында, яғни 10-нан көп адам мүше болуға тілек білдірген жерлердің бәрінде де дербес бастауыш ұйымдар ашуға болатындығы айтылған. Ал іс жүзінде, бізге келіп жатқан хабарларға қарағанда, кейбір жерлерде, мекемелерде, өндіріс және оқу орындарында бастауыш ұйымдар аудандық, қалалық, тіпті, облыстық ұйымдардың ресми құрылуын күтпей-ақ, ынталы топтардың инициативасымен құрыла бастағаны белгілі.

Әрине, жаңа басталған және қалың көпшіліктің өз еркімен істеліп жатқан бұл жұмыстың осы тәрізді ілгері-кейін болуы заңды да. Оны айыптаудың еш реті жоқ. Өйткені, тіл қоғамы қай жерде және қай кезде құрылса да ол қоғамның республика бойынша әкімшілік-территориялық принципі негізінде белгілеп отырған жүйесінен өзінің тиісті орнын тапқаны, яғни «Қазақ тілі» қоғамының аясында болғаны жөн.

Осыған орай бір мысал. Мәселен, Жезқазған, Целиноград қалаларында облыстық қоғамдар республикалық қоғамнан бұрын құрылды, бірақ олардың өкілдері Құрылтайға қатысып, өз жұмыстарын қоғамның жарғысы мен программасы негізінде жүргізіп отыр.

Бүкіл республика бойынша «Қазақ тілі» қоғамын құру науқаны ақпан айының соңында түгел аяқталуы керек. Ол үшін қоғам құрушы ынталы топтарға жәрдем ретінде ұйымдастырудың кейбір тәртіптері мен ережелерін түсіндіргіміз келеді.

Біріншіден, облыстық, қалалық және аудандық ұйымдар құру үшін сол қалалар мен облыстағы мекемелер мен аудандардан шешуші дауыспен қатысуға праволы жалпы саны 200 не 300-дей делегат шақырылуы тиіс. Делегат сайлауға облыс орталығындағы ірі өндіріс және оқу орындарының, творчестволық ұйымдар мен әртүрлі мекемелердің, мәдени орталықтар, қоғамдар мен партия-совет органдарының, сондай-ақ облысқа қарасты аудандардың (10 – 15 адамнан) өкілеттігі тегіс қамтылуы керек. Олар делегатты осы мәселеге арнап шақырған өздерінің жиналыстарында сайлайды. Құрылтай мәжілісіне ұйымдастырушылардың қалауы бойынша делегаттардан тыс қонақтар да шақырылуы мүмкін.

Екіншіден, Құрылтай мәжілісінде облыстық ұйымның қоғам жарғысына сәйкес міндеттері мен программасы жайында баяндама жасалады. Ол баяндаманы, әдетте, ұйымдастыру комитетінің төрағасы, немесе оның орынбасары жасайды. Талқылау қорытындысы Құрылтай шешімінде ескеріліп, қажет болса программаға енгізілуі тиіс. Бұл жұмыс конференция ашылғанда сайланған редакция алқасы тарапынан істелінеді.

Үшіншіден, ұйымдық мәселе қаралады. Оған қоғамның төрағасын, жалақы алып істейтін оның орынбасары мен қазынашысын сайлау және 20 – 30 адамнан тұратын қоғам басқармасын, сондай-ақ тексеру комиссиясын (3 – 5 адам) бекіту жатады. Бұлардың бәрі мандатты делегаттардың ашық дауысымен сайланады.

Қалалық және аудандық Құрылтай мәжілістері де осы тәртіп бойынша өткізіледі. Қала және аудан тұрғындарының ауқымына байланысты Құрылтайға шақырылатын делегаттардың саны әртүрлі болуы мүмкін.

Енді бастауыш ұйымдарды құру мәселесіне келейік. Бастауыш ұйым қоғамның негізі, іргетасы болып табылады. Ана тілімізге қатысты игілікті істің бәрі осы ұйымнан басталады, осы ұйымның нақтылы іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады. Сондықтан бастауыш ұйымды ашу мәселесіне ерекше мән берілгені жөн. Ең бастысы: оны ұйымдастыруда формализм мен таптаурындылықтан сақ болу керек. Әрбір ұйымның басында ынталы топ, немесе істің мән-жайын жетік білетін, қоғамның жарғысын мойындайтын, оның программасы мен нысаналы мақсаттарын іс жүзіне асыра алатын сауатты адамдар болғаны абзал.

Жер-жердегі бастауыш ұйымдар, әдетте, аудандық ұйым басшыларының тікелей араласуымен жарғыда көрсетілгендей, мүше болуға ниет білдірушілердің саны 10 адамнан асқан мекемелерде, өндіріс, мектеп, оқу орындарында, шаруашылық, мәдени, творчестволық, партия, совет ұйымдарында құрылады. Оны құру үшін сол коллективтің жалпы жиналысы шақырылуы тиіс. Онда ынталы топ атынан «Қазақ тілі» қоғамының жарғылық талаптары мен программалық мақсаттары туралы бір адам баяндама жасауы қажет. Бастауыш қоғам ресми құрылғаннан кейін ол сол жиналыстың үстінде, не арнайы жиналыс шақырып, қоғам мүшелерін қабылдауына болады, мүшелікке қабылдауды барлық жерде де салтанатты дәстүрге айналдырған жөн.

Үлкен мекемелерде, өндірістік бірлестіктерде, жоғары оқу орындарында, яғни мүше саны 300-ден асқан жерлерде бірнеше бастауыш ұйымдар құрылады. Қоғам жарғысында көрсетілгендей, ондай жағдайда сол бастауыш ұйымдар өзара шоғырланып, бірлескен комитет құруы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл комитеттер территориялық жағынан қоғамның аудандық, немесе қалалық ұйымына бағынуы тиіс.

Қоғамның бастауыш ұйымының төрағасы және оның орынбасары мен қазынашысы қоғамдық негізде қызмет атқарады. Мүшелердің жарнасынан түскен қаражат тоқсан сайын (үш айда бір) аудандық қоғам есебіне қолма-қол кұйылып тұрады. Ал аудандық қоғам қалалық, не облыстық қоғамдардың



есебіне жарнаманың, спонсорлардан түскен жалпы қаржының 30 процентін аударып отыруға міндетті, ал облыстық және қалалық ұйымдар өз ретінде жиналған барлық қаржының 30 процентін республикалық қоғам қорына аударып отырады.

Қоғамға ақшалай, заттай жәрдемдесуге тілек білдірген спонсорлар өздері қалаған қоғамның есебіне аударуына, не қолма-қол тапсыруына болады. «Қазақ тілі» қоғамын республика бойынша құруға байланысты алғашқы кезекте айтарымыз, міне, осылар.

*«Социалистік Қазақстан», 1990. 20 ақпан.*

### **Ұлттық идеологияның жаңа үрдісін айқындаушы**

Бүгінде бес жасқа толып отырған «Ана тілі» апталығының аяқ алысы қандай деп ойлайсыз? Балпаң-балпаң баса ма, әлде тәй-тәй кібіртік пе? Оған құрылтайшы ретінде пікіріңіз қандай? Газет бетінде әлі қандай мәселелер, тақырыптар көтерілмей жатыр деп білесіз? Оның алдағы бағыт-бағдары қалай болғаны жөн?

«Ана тілі» апталығы кеше ғана дүниеге келген сияқты еді. Бес жасқа да келіп қалған екен-ау. Бірақ оны бес жасар сәбимен салыстыруға болмайды. Өйткені ол мәдени-саяси өміріміздің аумалы-төкпелі бір қиын кезеңінде дүниеге келіп, қадір-қасиеті кеткен ана тіліміздің жаршысы болып, атан түйе жүгін бір өзі арқалауына байланысты ма, әйтеуір, басқа газеттердей «балалық дәуірді» басынан кешіп жатпай-ақ бірден есейіп, кәмілетке жетіп, бірден-ақ өмірге қызу араласып кетті. Сондықтан да болар «ана тілі», «тіл тағдыры – ел тағдыры» деп, зар күйіне түскен қалың жұрттың жүрегіне бірден-ақ жол таба білді, сеніміне кірді, ол оның жандүниесін ақтара сырласатын, ішіндегі дертін айтып, мұңын шағатын сырбаз досына айналды.

Басты міндет «халықтың санасын оятып, тілге деген көзқарасты өзгерту» деп санаған «Қазақ тілі» қоғамының шеру тартып, жалпы халықтың мәдени-саяси қозғалысқа айналуына «Ана тілі» апталығы мұрындық болды, қоғамдық жаңа үрдіске жол көрсетті. Оның алғашқы қадамы, міне, осылай табысты басталған болатын. Ол көп ұзамай, тіл тағылымын таныту, оның тамаша сырын ашып, табиғатын паш ету арқылы рухани мәдениетіміздің бір бұлағына, көпшілік қолды елтану құралына айналды. Осы орайда «Газет өмірі – бір күндік, өнегесі – мың күндік» деген сөзді осы «Ана тілі» апталығына айтуға болады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бұдан бес жыл бұрын өзімен бірге туған «Ана тілі» тәрізді өз дауысы болмаса және ол үні

(органы) ғана емес, пәрменді қозғаушы күші болмаса, дәл бүгінгідей ел арасында танымал болуы, азды-көпті игілікті табыстарға жетуі мүмкін емес еді. Шынтуайтқа келгенде, «Ана тілі» апталығы «Қазақ тілі» қоғамының тіл үшін, демек, халықтың, дербес мемлекетіміздің болашағы үшін, бес жылдық күресі арқылы нышаны айқындалып, негізі қалыптаса бастаған ұлттық идеологияның жаңа үрдісін айқындаушы, оны қалың көпшілік арасында уағыздаушы тегеурінді бұқаралық құрал дәрежесіне көтерілді. Оған бір дәлел – «Ана тілінің» халық арасындағы беделі.

«Ана тілі» апталығының еліміз әлі де егемендік алмаған тоталитарлық идеологияның үстем кезінде алғашқы қоғамдық газет ретінде дүниеге келуінің өзі – мәдени өміріміздегі елеулі оқиға болатын. Осыған орай мен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде сол қоғамның кезекті II Құрылтайы үстінде (1993 ж.) «Ана тілі» апталығының о баста (1990 ж.) дүниеге келуіне себепкер болған Өзбекәлі Жәнібеков мырза мен бүгінде Елбасы – Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев мырзаға қоғам және апталық атынан алғысымды айтқан болатынмын. «Ана тілі» апталығының марқайып отырған бүгінгі 5 жылдық мерейтойында сол ризашылығымды қайталай отыра, енді осы газеттің негізін қалаған, қазір жарқырата шығарып отырған іскер де талантты журналистерге, түгел газет ұжымына шын жүректен алғысымды айтамын! Қаламдарың мұқалмасын, қасиетті қазақ тілінің шынайы қамқоршылары! Илаһим, «Ана тілі» көтерген тіліміздің биік туы әрдайым алдымызда желбірей берсін!

*«Ана тілі», 22.03.1995*

### **Тіл-көзден сақтағай**

“Барша әлемді өрт шалып, көп елдерде қан төгіліп жатқан бүгінгі аласапыран заманда тыныштық сақталған, бейбіт өмір кешкен ел екеу болса, соның бірі, жалғыз болса, соның өзі” деп, сырт көз біреулер қызыға да қызғана біздің Қазақстанды мақтап-мадақтағанда, кейбір ырымшыл ақсақалдардың “тіл-аузың тасқа!” деп күбірлейтіндерін көріп те, оның мәнісіне түсініп те жүрміз.

Шынында да, басқаларды былай қойғанда, кешегі Совет Одағының қаусыра, қысып ұстаған “ыстық құшағынан” босанып, егемендіктің не екенін енді ғана біліп, өзінше ел бола бастаған ТМД мемлекеттерінің ішінде Қазақстанды “тыныштық сақталған, бейбіт ел” деп дәріптеудің себебін зерделеп қараған адам ғана түсіне алады. Өйткені Қазақстанның басқа ТМД

елдерінің біреуіне де ұқсамайтын бір ерекшелігі бар. Ол - өз елінде, өз жерінде жасайтын қазақтардың басқа ұлт өкілдерінен, тағдырдың тәлкегімен, сан жағынан әлдеқайда аз болып қалуында. Кеше ғана **“Қазақстан - халықтар достығының лабораториясы”** деп жариялап, жар салғанымыз есімізде.

Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып, өз шаңырағын басына көтеріп, өз қазанын бауырына алып, марқайған Қазақстанға өткен дәуірден мұра болып қалған, басқа түркі мемлекеттерінен бөлекше етіліп, алыстан көзге шалынатын ерекшелігі де, міне, оның осы ұлттық-демографиялық жағдайында еді. Осыған байланысты, Жаңа Қазақстанның болашағы туралы әр түрлі жоба-жорамал айтып, “жүзден астам ұлт өкілдері жасайтын, оның басым көпшілігі орыстар, “орыс тілділерден” тұратын бұл тәрзіді “қырық құрақ” елдің ел болып кетуі нейғабіл” деп сәуегейлік жасағандар да аз болған жоқ еді сол кезде. Кешегі Желтоқсан оқиғасынан кейін, жастары алаңда қанға бөгіп, азап шеккен, ұлт болып “ұлтшылдар” деген жаманатқа ұрынған қазақтың саналы азаматтары егемендікке ие болған елінің болашағына деген көзқарасы да “құратынымыз ұлттық мемлекет пе, жоқ, көп ұлттық мемлекет пе, тіліміз, дініміз не болар екен ...?” деп алаңдағандар да, әліптің артын бағып, байсалдылық көрсеткен де, оны әртүрлі саққа жүгіртіп, жорамалдаушылар да, ұрандатушылар да арамызда аз болған жоқ.

Бұл тарихтың өзі қалыптастырған жағдайдан шығудың, уыздай ұйып отырған көп ұлт өкілдерінің бейбіт өмірін, тату-тәтті қарым-қатынасын сақтап қалудың бір-ақ жолы бар еді. Қазақстан халқының қалыптасқан осы тұрақтылығын, тұтастығын бұзып алмай, қайта олардың өзара ынтымақ-бірлігін арттыра түсетін, татулықты сақтап, жаңа мемлекетіміздің іргесін қалауға белсене атсалысатын, іс-шараларды ұйымдастыратын ресми қоғамдық-әлеуметтік әрекеттер қажет болды.

Қоғамдағы осындай жаңа үрдіс толқынында дүниеге келген ұйымдардың ең алғашқыларының бірі - *Халықаралық “Қазақ тілі”* қоғамы болды. Бұл қоғам республикамызда көп уақыттан бері қасаң болып қалыптасып қалған тіл проблемасына байланысты, қоғамдық өмірден тәркіленіп, өз міндетін атқарудан қалып бара жатқан қазақ тілінің мүшкіл халін жөндеп, қалпына келтіру үшін, оны бұл төнген қауіптен қорғап қалудың бірден-бір дұрыс жолы мемлекеттік тіл ретінде тану үшін, оған ресми мәртебе бергізіп, қорғау үшін қалың жұрттың санасын оятып, өз тіліне деген көзқарасын өзгерту үшін қоғамдық күш қажет болды.

Міне, осындай игі мақсаттармен Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамы 1989 жылы 21 қыркүйекте дүниеге келгенде Республикада басқа қоғамдық ұйымдардың бірде-біреуі жоқ еді. Қазақстанда жасайтын сан алуан ұлт өкілдерінің тіліне, дініне, салт-дәстүр, ұлттық мәдениетіне байланысты мәселелердің баршасын алғашқыда осы қоғамның өзіне тапсырып, оны “Ана тілі” қоғамы деп атауды үкімет мақұл көрген болатын. Алайда қоғам құруға байланысты шақырылған бірінші құрылтайды, күн тәртібіне қойылған ұлттық тіл, салт-дәстүр т.б. көптеген мәселелерді жан-жақты талдау үстінде құрылтайға қатысушы Қазақстандағы барша халықтардың өкілдері қызу талас нәтижесінде қоғамды “Қазақ тілі” қоғамы деп атауды мақұлдап, бірауыздан шешім қабылдаған еді.

Міне, сол құрылтайдағы әңгіменің соңы Қазақстанда жасайтын басқа халықтардың рухани-мәдени дамуы туралы мәселемен жалғасып, олардың да жеке-дара мәдени орталықтары болуы керек деген идея туындаған еді. Міне осы идеяға байланысты көп ұзамай-ақ, республикада әр түрлі ұлттық мәдени орталықтар бірінен кейін бірі пайда бола бастады. Сөйтіп, бұл көп ұлтты Қазақстан Республикасы құзырында демократиялық дамудың алғашқы күндерінен бастап күн тәртібіне қойылып, өзінің қажеттігін дәлелдей түскен жаңа құбылыс еді.

*Қазақстан халықтарының конгресі* атты ұйымның дүниеге келуі, міне, осы жаңа даму үрдісіне сай жаңа да қажетті қоғамдық құбылыс деп танылып, елбасының айрықша қолдауымен барлыққа келіп, өткен 10 жыл ішінде қоғамдық өмірімізде өте зор саяси-әлеуметтік, рухани, этномәдени қызмет атқарып келеді. Кезінде халықтар конгресінің құрылуына, мемлекеттік қамқорлыққа алынуына байланысты әр түрлі пікір айтылып, сан саққа жүгіртілсе де, іс жүзінде бұл ұйым мемлекет құзырында ұлт саясатының дұрыс шешілуіне, үй ішінен үй тігіліп, қырық ру болып бөлініп, бөлшектенуден, ұлтаралық наразылық, әр алуан бейберекет әрекеттерден сақтандырып келе жатқан халықтар достығының бір ғажайып ұйытқысына айналып отыр. Қазақтың кең даласындай дарқан көңілмен, даналық, парасаттылығымен шешілген бұл игілікті іс бүгінде көп ұлтты Қазақстан жеріндегі тыныштық пен бейбіт өмірдің бейне бір кепілі іспеттес. Өйткені ұлтаралық қарым-қатынаста болып келген, әлі де бола беретін ішкі мәселелердің баршасы осы конгресс ауқымында шешіліп, реттеліп, бірлі-жарымды айтыс-тартыстар көп жағдайда шегінен шығарылмай осы қауымның өз ішінде-ақ шешіліп жатады. Өйткені бүгінгі Қазақстан жағдайында

барлық ұлт өкілдеріне деген өкіметтік көзқарас, “ол бәйбішенің баласы, мен тоқалдың баласымын” деп, өзара бөле-жару, бақталастық жоқ. Қайта, ұлт өкілдері көп жағдайда рухани-мәдени салада, экономика жағынан жергілікті халықтардан артық тұрмаса, кем тұрмайды. Оларға істеліп жатқан жәрдемдер де жоқ емес. Қазақстанда жасайтын үлкенді-кішілі халықтардың негізгілері өздерінің мәдени орталықтарын құрып, олардың өз өкілдеріне қажетті іс-шараларын бүкіл республика бойынша таратып, өз тамырын терең жайып, іргесін нығайтып, қоғамдық-әлеуметтік беделі бар үлкен-кіші ұйымдарға айналып отырғандары да белгілі.

Сондықтан да, республика өкіметі, Конгрестің төрағасы елбасы Н.Ә.Назарбаев мырза өзінің ішкі де сыртқы саясатын жүргізуде арқа сүйейтін сенімді де берік бір тұрағым деп осы Конгресті санайды, оның алдында есеп беріп, есебін тындап, жәрдемі мен қамқорлығын жасап келеді.

Әрине, Қазақстан халықтарының конгресінің болуын, оның іс-әрекетін жоғары бағаласақ та, оның ешбір кемістігі жоқ деп те айта алмаймыз. Осы орайда көңілде жүрген бір ойымды айта кеткенді жөн көремін. Конгрестің, демек Қазақстан халықтарының қол жеткен табыстары, оларға істелген, әлі де істелуге тиісті игі-жақсы істердің баршасы, бүгінгі еліміздегі тыныштық т.б. баршасы, сайып келгенде, еліміздің ие болған егемендігіне ғана емес, сол елдің негізін құраушы қазақ халқының өзіне де, оның сайын даламыздай кең пейіліне, дарқан көңіліне, ыстық ықылас-иетіне де байланысты болса керек. Бұл халық жерін, суын, ауасын т.б. табиғат байлығын пайдалану үшін ғана емес, бүгінде егеменді ел болып, марқайып отырған қазақ халқы өз болмысында да басқаша қарауды, “*Сыйға сый, сыраға - бал*” дегендей, сыйлауды, құрметтеуді де қалайды. Оның ең басты белгісі қазақ халқының ғасырлар бойы жәбірлік көріп, аяқ асты болып келе жатқан, қазақ үшін ең қымбат, ең асыл дүниеісі - қазақ тіліне деген құрмет болса керек. Бұл “*Халықты сыйлау оның тілін сыйлаудан басталады*” деген қарапайым қағиданы біле бермейтін, ескермейтін конгресмендерге құлаққағыс қылғаным ғой. Өйткені өткен он жылдан бері бұл ұйымның мемлекеттік тіл бәрімізге ортақ, Қазақстанды өз Отаным, Атамекенім деп есептейтіндер үшін оны құрметтеу аз, өзін Қазақстанның шынайы азаматы, патриоты санайтын барлық халық өкілдерінің оны білуін “азаматтық парызым деп түсінгенін” уағыздау бұл ұйымда бола қойған жоқ.

Қазақ атам “Іштен шыққан жау жаман” дейді. Құдайға шүкір, ондай жау бізде жоқ сияқты. Халқымыз тату-тәтті өмір сүріп, жаңа егеменді еліміздің ірге тасын қалап, қабырғасын бекітуге белсене ат салысып отыр.

Осы өмірімізге қызығып та, іштей береке-бірлігімізден бізді айырмағай, ол ұзағынан болғай! Көре алмайтын көп дұшпанның тіл-көзінен аулақ болғай Қазақстанымыз!

### Ертеңін ойла еліңнің

– Әбдуәли Туғанбайұлы, сізбен әңгіме, ең алдымен, тіл туралы әңгіме болмаққа керек. Сол тіліміз мемлекеттік салмақ алғалы оның қам-қарекетінің де арта түскені даусыз.

– Ұлттың ұлт, елдің ел боп тұруы тілінің тіршілігіне байланысты екені дәлелді керек етпейтін аксиома. Солай екеніне қарамастан, тіліміздің мерейін көтеру қарсаңында аксиоманың өзін дәлелдеуге тура келді ғой... Жаратылыс өзі заңдастырған болмысты қағаз жүзінде бейнелеу мұнша қиын болар ма?! Шүкір, түбі қайыр, әйтеуір шешуші қадам жасалды. Дегенмен көпшілігіміз осы қуаныштың әсерінен әлі айыға алмай жүрген сияқтымыз. Ана тілімізге мемлекеттік мәртебе беру арқылы мойнымызға өлшеусіз міндет жүктегенімізді ұмытпасақ деймін. Өйткені, ананың ақ сүтін оны Меккеге үш рет арқалап апарсаң да ақтай алмайтының сияқты, тіл мерейін қандай алтын әріптермен жазсаң да, оның өмірлік тынысын ашпайынша, межелі биігіне жеткізу қиын. «Қазақ тілі» қоғамын құрудағы мақсатымыздың өзі осыдан туындаған еді.

– Реті келіп қалған екен, қоғамның қазіргі қызметі жөнінде айта кетсеңіз.

– Қоғам тіл заңын жүзеге асыруда ең әрекетшіл ұйым болып отыр. Жинақтай айтсақ, бүгінгі таңда 17 облыста, 200-ден астам ауданда, 50 қалада тиісті дәрежеде ұйымдар құрылып, жұмыс істеуде. Республикалық қоғам мұратымен қатар олар жергілікті ерекшеліктер ескерілген бағдарламаларын жасаған. Бәрінің де құрылтай жиналыстары өткізіліп, басқармасы сайланғанынан жұртшылық құлағдар болар.

Қазақстанда қазір тікелей іс басында жүрген, туындаған проблемалар шешуге қауқары жететін 10 мың активист-белсенді аталған қоғамға мүше. Республика бойынша құрылған 3 мың бастауыш ұйымның бүгінгі күнге 1 миллион мүшесі бар. Демек, бұл – жарымжан халге түскен тілімізді құрып кету қаупінен сақтандыратын, оның өз Отанында баян тауып, бағы ашылуына жәрдемдесетін қуатты жасақ құрылды, ізгілік тамыр тартып, күрескер рух бой көтерді деген сөз. Жалпы қазір не көп, ресми бейрәсім құрылған ұйымдар мен қоғамдар көп екенін байыптасақ, солардың бірде-бірінің құрамы сан жағынан да,

сапалық тұрғыдан да дәл «Қазақ тілі» қоғамының деңгейіне жеткен емес. Мүшесі миллионмен өлшенетін мұндай қоғамның бұрын-соңды болып көрмеуінің өзі мерей емес пе?!

– *Сіз жуырда шет елдердегі отандастармен мәдени байланыс жөніндегі Қазақ қоғамынан Қазақ ССР-інің халық депутаттығына кандидат болып тіркелдіңіз. Мұның өзі қиыр жайлап, шет қойған отандастарымызбен қарым-қатынас жайы қоғам тарапынан жандана түсер деген үміт ұялатады.*

– Әлбетте, солай болуы керек. Депутат болып сайланайын-сайланбайын тіл тағдыры үшін басын бәйгеге тіккен жандардың бірі менмін. Ал шет елдерде атақонысына елеңдеп, күнде мойнын созып жүрген үш жарым миллион бауырлар тағдырын бүйрек қалдырып, туған тілімнің ұпайын түгендеймін деу бос әурешілік. «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды». Бөлінгенді бауырға тарту – парыз. Айтпақшы, қоғамның устав-жарғысында бұл мәселенің басы ашып көрсетілген.

– *Жасалып жатқан істерді нақтылай кетсеңіз.*

– Тіл дегеніміз – тірі организм деп мектеп қабырғасынан айтып келеміз. Бірақ тірінің жағдайы болса өсуге, жағдайы болмаса өшуге бейім келетіні және бар. Мәселен, тіліміздің қазіргі халін мен жас шыбыққа теңедім. Құнарлы топыраққа сәтімен тамыр тартқан өскін ғана бой көтеруге бейім болмай ма? Қазақ тілі қоғамының жер-жерде құрылып жатқан бастауыш буындары тіл бәйтерегінің енді ғана қуат ала бастаған тамырлары секілді. Сол «тамырлар» шет жұрттағы қазақтар қауымына да арқау тартса, ортақ іс ілгері басар еді. Бүгінде Өзбекстанда, Омбыда қоғамдар құрылды. Моңғолияда «Тіл-әдебиет қоғамы» дүниеге келді. Мұндай тіл қоғамы жуырда қазақ жұрты біршама шоғырланған Қытай, Түркиямен қатар бес жүз түтін мұғдарында туыстарымыз тұратын ФРГ-да да құрылмақшы. Алыстағы ағайынмен араластың бір аспалы көпірі осылай тартылса, тағы бір шарасы – ана тілінде жазылған оқулықтар, шыққан газет-журналдар жіберу, басқа да мәдени шаралар алмасу болып табылады.

– *Қоғам мақсатнамасында халық санасын ояту басты мұрат ретінде көрсетілген. Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» бүгінде көкейкесті екеніне таңданбауға бола ма? Мына буырқанған гасырға елең етпестен «айранын ұрттап, қойын құрттап» бүкіл дүние жүзі қазақтың ғана қамы үшін қарекет етіп жатқандай қаперсіз жүрген қандастар мен алаңсыз жатқан ауылдар да аз емес.*

– Тіл қоғамы бұл мәселені үнемі назарда ұстап келеді. Жуырда ғана қоғам қасынан «Тіл өнері» атты халық университеті құрылды. «Ана тілі» газетінің алғашқы сандары жарық көрді. Бір тіл мәселесі ғана емес, салт-дәстүріміз, мәдениет-тарихымыз, этика-этнографиямыз, ар-иман, обал-сауабымыз секілді сан қырлы проблемаларды қозғауы тұрғысынан бұл бір кезде данышпан Ахаң шығарған «Қазақ» газетінің тікелей жалғасы, заңды мұрагері болса дейміз.

Қоғамға жуырда үй беріледі. Онда салт-дәстүрімізді насихаттайтын бейне студия жұмыс жасайды. Қазақ тілін үйренем, ілеспе аударманың маманы болам деушілерге қол ұшын беретін «Ғақлия» методикалық оқу орталығын ұйымдастырдық. Көптеген қажетті құралдарды «Желмая» кооперативі жасап беруде. Осы тірліктерді бір арнаға түсіру халық санасын оятуға жәрдемдеседі деген үміттеміз.

– *Тіліміз қоғам өміріне бойлай ену үшін ең бірінші кезекте не істеу керек?*

– Біріншіден, «бесігінді түзе» деп Мұхаң айтқандай, тіл тәрбиесін от басы – бала бақша, мектеп аясында жедел қолға алған жөн. Қазір жылына 200 мың қазақ баласы орыс мектебіндегі парталарда отырып жүр. Алматы бала бақшаларындағы 18 мың қазақ бүлдіршіндерінің 12 мыңын ата-аналары туған тілде тәрбиелейтін топқа ауыстырғысы келмейді.

Екіншіден, ана тілін білмейтін, не шала білетін бауырларымыз жалпы жұртымыздың 40 процентін құрайтынын естен шығаруға болмайды. Бұлардың дені негізінен қала жастары. Оларға үдірейе қарап, сыртқа тебуден келер пайда жоқ. Соңғы санақ бойынша халқымыздың 80 проценті 25-ке дейінгі жастар екенін ескерсек, әлгі 40 процентпен, жалпы жастармен жүргізілер тәрбие жұмыстарының шешуші маңызы болатынын түсіну қиын емес.

Үшіншіден, әдеби тілмен қатар ғылым, өнер, техника тілін дамыту қажет. Бүгінге дейін Қазақстанда ғылыми жұмыстар жазу мен қорғаудың 90 проценті орыс тілінде орындалып келді. Тіл толыққанды қызмет атқару үшін қоғамдық өмірдің басты-басты 50 саласында қолданылуы керек екен. Ал біз бүгінге дейін 10 саланы қамтуды қанағат етіп келдік. Орыс жұрты XVII ғасырға дейін ғылымы мен өнерін неміс, француз тілінде, ал Жапония екінші дүниежүзілік соғысқа дейін ағылшын тілінде дамытып келгенін, бұлардың да ана тілдеріне қайтып оралғанына көп уақыт болмағанын ойлағанда, В.И.Лениннің 55 томын сөйлеткен қазақ тілінен көп үміт күтуге неге болмасақ?

–*Егер депутат бола қалсаңыз...*



– Депутаттық маған шешілмей жатқан түйіні көп тіліміздің көкейкесті проблемаларын парламенттік деңгейде қозғауға, шешуге жәрдемдесер еді. Әйтпесе, атқа мінуге әуес жастан өтіп кеткеніміз шындық қой. Осы орайда Украинаның «Рух» қоғамына 20–30, Өзбекстанның «Бірлік», «Тіл қоғамына» 18 депутаттық мандат бөлінгені еске түседі. Рухани мұра мен тіл қазынасына қамқорлықтың шынайы үлгісі оларда осылай бейне тапқан. Ал бізде... Мандатты қалтада бос өлтірмей, халық қажетіне жарата алар нағыз қалаулыларға ұсынғанға не жетсін.

*– Осы ғұмырыңызда тағдырыңызға шүкіршілік етер бетбұрысты сәттер сан рет болған шығар. Соның ең бастысына тоқталсаңыз.*

– Өмір маған халқымның тағдырлы мезетімен орайластырар таңдауды екі мәрте ұсынды. Оның бірі – тоғызыншы класс оқып жүріп өз ықтиярыммен Отан қорғауға аттануым. 1942 жылы майданға ендім. Соғысты үш орден және офицерлік шенмен бозбала күйіме аяқтадым.

Екіншісі – ана тілімнің болашағына деген сенімім ең қиын сәтте де сетінемепті. Пешенеме тіл тағдыры безбенге түскен сәтте соның абыройлы да айқасқа толы төрінен табылу жазылған екен. Сол үшін де бақыттымын. Осы екі таңдау менің азаматтық болмысымның алтын арқауы дер едім.

*«Социалистік Қазақстан», 1990. 27 сәуір.  
(Сұхбаттасқан А.Бөкенов)*

### **Тіл тағдырын шеше аласың ба, құрылтай? Бізге сиам егізінің қажеті жоқ**

*- Осы сұхбатымыз жарияланған газет саны оқырман қолына тигенде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезекті Құрылтайы да ашылды. Осы Құрылтайда сіздер қандай мәселені шешуді, қандай талап қоюды діттеп отырсыздар?*

– Қазақ тілі» қоғамы осыдан он бес жылдай бұрын құрылғанда, оның ең әуелгі міндеті қазақтың ана тіліне деген санасын ояту еді. Қоғам осы мақсат үдесінен шыққан сияқты. Қоғамның келесі алға қойғаны тілімізге мемлекеттік мәртебе алып беруге атсалысу болатын. Ол да ойдағыдай шешілді.

Бірақ «Қазақ тілі» қоғамының алдында айтыс-тартыспен мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесіне жеткізу міндеті болған емес. Рас, оны дамытуға ықпал етіп, жәрдемдесуді діттеген едік.

Енді алдымызда тілімізді мемлекеттің нағыз қолданыс тіліне айналдырудың жалғыз жолы тұр. Ол бұл жөнінде мемлекет тарапынан жасалған салмақты саяси шешім арқылы жүзеге асады. Бұл әлгі мен айтқан екі міндеттің орындалуынан кейінгі үшінші баспалдақ. Оған көзіміз жетіп отыр. Бұл «Мемлекеттік тіл – қазақ тілін Қазақстан азаматы ұлтына қарамай білуге міндетті» деген шешім болуы тиіс. Қадыр ақынның: **«Басқа тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте, -** дегеніндей емес, ендігі біздің ұстаным «Басқа тілді құрметте, қазақ тілін міндетті түрде біл» болуы тиіс. Демек, кез-келген Қазақстан азаматы мемлекеттік тілді мойындайтындай, оны еріксіз үйренетіндей қажеттілік тудыру керек. Мемлекеттік қызметке міндетті қазақ тілінде сөйлей алатын, сауатты жаза алатын адам тартылғаны абзал. Осыны ертеңгі Құрылтайда ашық айтпасақ болмайды. Әрине, бұл жаңалық емес. Әркім де айтып жүр. Бұл осы елді мекен еткен ежелгі халықтың тілегі. Енді ол үлкен мінбелерде, Үкімет адамдары қатысқан Құрылтайда айтылғаны дұрыс.

Біз Ресейге қарап үйренген мемлекетпіз ғой. Ол жақта орыс тілін білмеген адам жұмыс істей алмайды. Күнін де көре алмайды. Президент В.Путиннің Жарлығы бойынша, мемлекеттік қызметтен дәмелі адам орыс тілін білуі қатаң ескерілген. Міндетті түрде. Ресейде де бірыңғай орыстар тұрмайды. Солай болса да мәселені мемлекет тұрғысынан осылай шешкен. Ал бізде ше, біздің Конституциямызда да, «Тіл туралы» заңымызда да ресми тіл деген мемлекеттік тілге сиам егіздері сияқты жабысып жүр.

- *Қысқасы, осы Құрылтайда осы сиам егізіндей жабысқан ресми тілді сылып алып тастау туралы мемлекет атынан салмақты саяси шешім шығаруды талап ететін ұсыныс айтылады ғой.*

- Мұндай талапты қоятынымыз сөзсіз. Өйткені, мұның өзі пісіп жетіліп тұр. Тәуелсіздігімізді алған жылдары мұндай талапты қоя алмадық.

- *Осындай талап қоятын болсаңыздар, жоғарғы жақ қалай қабылдар екен?*

- Қалай қабылдайтынын білмеймін. Бірақ, қоюын қоямыз. Жоғарыдағы ақылды адамдар бұл талабымызды тыңдай ма, тыңдамай оны өздерінің азаматтық ары білер. Үкіметтің өзі осындай әрекет жасағысы келетін сияқты, бірақ батылы жетпей, әлде жолын үйлестіре алмай жапқан болар. Бізге түрік Мехмет Бейдің шығарған қаулысы сияқты қаулы керек. Бұл қаулы түрікше жазылған, әрбір түрік отбасының төрінде ілулі тұр. Онда былай деп жазылған: «Бүгіннен бастап үйде де,

аулада да, мәжілісте де, сайранда да, далада – барлық жерде тек түрік тілінде сөйлейік».

Түркия нағыз көпұлтты мемлекеттердің бірі. Осы қаулыдан кейін олар жыл сайын тіл мерекесін өткізеді. Біздікі сияқты тілдер мерекесі емес.

Мемлекет тілімізге қағаз жүзінде болса да мемлекеттік мәртебе әперіп үлкен ерлік жасады. Егер ол болмағанда әлгіндей талапты қою мүмкін болмас еді. Біз халықтың атынан қоғам мінбесінде осыны айтуға мәжбүрміз.

- *«Қазақ тілі» қоғамы қағаз жүзінде ғана өмір сүруде деген пікірге не айтар едіңіз?*

- Қоғамның барын Құрылтайға келгендер өз көздерімен көре жатар. Ал, айтылған пікір айтыла берсін. Қоғам қазір өз бағдарымен жұмыс істеп жатыр. Егер Үкімет тарапынан қаржы бөлінсе, жұмыс жандана түсер еді. Облыстарда бөлімшелеріміз бар. Онда тек тілдің нағыз жанашырлары жұмыс істеп жүр. Рас, өз пайдасы үшін қоғамға төраға болғысы келетіндер де кездеседі.

- *Қазір қоғамның кемшілігін айтатын кез емес, басқа мәселені қозғауымыз керек қой. Кезінде «Қазақ тілі» қоғамына марқұм Өзбекәлі Жәнібеков көп көмектесті. Қазір жоғарғы құрамда осы қоғамды қолдайтын кісілер бар ма?*

- Иманғали Тасмағамбетов бар. Ол бұрынғы қызметінде жүргенде мемлекеттік тіл мәселесін қозғап, облыстарда тіл басқармаларын ашуды қозғап еді. Соның арқасында бірқатар облыстарда басқармалар ашылды да.

Бірақ Иманғали басқа қызметке кетті де бұл әңгіме басылыңқырап қалды.

Төрт облыстың іс-қағаздарын қазақшалау мәселесіне де араласқан осы Иманғали. Дегенмен сол облыстарда әлі де көзбояушылық бар, тіл мәселесінің орындалып жатқаны шамалы.

- *Мына Қызылорда облысы мемлекеттік тілге көшкен соң әкімдіктегі жиналыстар қазақ тілінде өтетін болыпты. Соған жергілікті орыстілді журналистер «ақпарат алу қиындап кетті» деп шу шығарды. Оны сөз бостандығын қорғайтын «Әділ сөз» қоры заңсыз деп тауып отыр. Төрт облысты қазақшалау туралы қаулы мен «Тіл туралы» заң екеуі екі жаққа тартып тұр. Сондықтан ертеңгі Құрылтайда «Тіл туралы» заңға өзгеріс енгізіп, толықтырулар жасау туралы айтыла ма?*

- Біздің талабымыз міне осыған байланысты. Өйткені, Конституцияда да, «Тіл туралы» заңда да осы екі тіл қоса қабаг тұр. Бұл арада мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылуы керек. Жанында ресми тіл деген болмауы тиіс. Біздің талап осы. Егер осы заңға өзгеріс енгізе алмасақ, бәрі бос сөз болып шығады. Мұны біз міндетті түрде қозғаймыз.

*«Ана тілі», №46, 11.11.2004 ж. (Сұхбаттасқан Н. Саматұлы)*

### Екінші құрылтай

Қоғамның алдында көптеген проблемалар бар. Олар бүгін сөз болатын шығар. Мен тек бір - екеуіне тоқталайын. Біздің балаларымыздың 30%-ы әлі орысша оқиды. Қазақтың 40%-ы, мен осыны анықтай кетейін, ана тілін білмейтіндер мен шала білетіндер. Бұл – олардың кінәсі емес, халықтың қасіреті.

Біздің бір көкейкесті мәселелеріміздің бірі – Мемлекеттік тіл комитетін құру деген әңгіме. Өйткені заңды шығардық, мемлекеттік тіл мәртебесін бердік, енді осыны іс жүзіне асыратын мемлекеттік мекеме, орган болуы керек сияқты. «Қазақ тілі» қоғамының көптен айтып жүрген мәселесі – осы.

Ұлттың тұтастығы – тілдің тұтастығы. Осыған орай күн тәртібіне қойылып отырған бір мәселе – он миллион қазақтың басын қосатын «Қазақ тілі» қоғамын халықаралық ұйымға айналдыру.

Осындай міндеттердің үдесінен шығу жолында істеліп жатқан жұмыстарда кемшіліктеріміз де бар. «Мен ұрлық қылған түні ай жарық» дегендей, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге шыққан қалың жұрт бүгін нарық қиыншылықтарына тап келіп отыр.

Бүгінгі келелі мәжілісте айтылар негізгі мәселе – ана тіліміздің келешек тағдыры. Осыған орай мен Конституция жобасы туралы бір-екі ауыз сөз айтқым келеді. Ондағы 8-баптағы әңгімелермен баршаңыз таныссыздар, сол туралы көптеген пікірлер айтылып жатыр. Әкімдердің өткен кеңесінде біздің құрметті Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы да өз пікірін айтты. Біздің көңілімізден шыққан үлкен бір тілек – «Қазақстан Республикасында қазақ тілі бірден-бір мемлекеттік тіл болады» дегенді шегелеп айтуы. Бұған дән ризамыз. Ал енді сол тілден басқаның бәрі еркін дамуы керек. Анау аға тіл, мынау іні тіл дегеннің өзі – кешегі заманның сөзі. Орыс тілі біздің рухани өмірімізде өзінің тарихи міндеттерін атқара береді. Дүние өзгерген, республикамыз тәуелсіз мемлекет атанған бүгінгі таңда кешегі түсініктерді тықпалай беруге болмайтын сияқты. Орыс тілі өзінің қызметін атқара беруі керек, бірақ ол мемлекеттік тілмен теңелуі мүмкін емес дер едім. Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлының бұл үлкен

мәселе жөніндегі пікірі біздің көңілімізге күдік ұялатады. Бүгінгі үлкен саясаттың негізі – республиканың өз ішіндегі халықтардың ынтымағы. Оны сақтау керек. Бірақ тіл саясатының өзі – бейбіт саясат. Осы мәселені бейбіт жолмен шешуге болатын сияқты. Менің өзімнің түсінігім бойынша, қарапайым халықтың барлығы да мемлекеттік тілдің қазақ тілі болғанын қолдайды, басқа тілдердің онымен қатар тұруға қақы жоқ екенін түсінеді. Тек ат төбеліндей біздің саясаткерлер ғана осы мәселені көңірсітіп, күн тәртібіне қойып отырғанын біз жақсы білеміз. Қай уақытта болмасын осыны бейбіт жолмен шешуіміз керек. Олай етпеген жағдайда, тайталас, текетіреске салғанда, мұның нәтижесін, қос тілділік мәселесінің, нәтижесін біз жақсы білеміз. Қарапайым сөзбен айтқанда, «Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі, жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өледі». Біз әу бастан-ақ алдымызға қойған міндеттерді шешудің лайықты әдісін таңдағанбыз. Бізде қазір не көп – қозғалыстар көп, партиялар көп. Олардың кейбірі бізді «Қазақ тілі» қоғамы көшеге шықпайды, саясаткер емессіңдер, аштық жарияламайсыңдар деп кінәлайды. Біз көптеген мақсатымызға бейбіт жолмен, үгіт-насихат арқылы жетеміз. Бұл жолымыздан танбаймыз, бүгінгі үлкен мәжілісімізді де қызбалыққа салынбай өткіземіз деп ойлаймын.

«Қазақ тілі» қоғамы өзінің үш жылдық тарихын атап өткелі отыр. Бұл да біз үшін тарих. Үш жылдың ішінде – үш ғасырға парапар оқиғалар болды. Бүгінгі құрылтайда мен қоғамымыздың құрылуына байланысты төрт-бес шындықты атағым келеді. Осы қоғамның президенті ретінде оларға тоқталсам, әділетсіздік болар еді.

Бірінші шындық: Мемлекеттік тілге бірден қолымыз жеткен жоқ. Үлкен дау-дамаймен, қоғамдағы қызу пікірталаспен жеттік. Үш жыл бұрын болған оқиғаға, мемлекеттік тілді қабылдауға табандылық білдіріп, үлкен қамқорлық жасаған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын. «Қазақ тілі» қоғамының өзіне тән үні болуы керек, халқының санасын ояту үшін, тіл тағылымын уағыздау үшін бізге үн керек деген мәселе қойдық. Осы мәселені шешкенде де Орталық комитет бюросында пәтиқасын беріп, қолын қойған Нұрсұлтан Әбішұлы болатын.

Екінші шындық: Кеше Колбиннің тұсында біз мемлекеттік қостілділік деген қағиданы қабылдап, осыған қатты кіріскен болатынбыз. Сонда партия-кеңес қызметкерлерінің көбі таразының осы жағында болды да, екінші басында халықтың бетке ұстар зиялы қауымы тұрды. Осы пікірді Колбинге жеткізген, сол бір айырыққа келгенде, тығырыққа тірелгенде бір себебін тигізген құжат бар. Бүкіл халықтан,

жүздеген, мыңдаған адамнан келіп түскен хаттардың бәрін қорытып, халықтың талабын жеткізген ол құжаттың көлемі көп те емес, екі-ақ бет. Содан кейін барып қана Колбиннің беті бері қарай бастады. Ол құжатқа қол қойған сол кездегі Орталық комитеттің идеология бөлімінің меңгерушісі Жолдасбеков Мырзатай мырза.

Үшінші шындық: Біз «Қазақ тілі» қоғамын бірден құра қойғанымыз жоқ. Сол кездің өзінде, тоталитарлық заманда «Қазақ тілі» қоғамын қолдап қуаттаған адамдар болды. Оның бірінші құрылтайын шақырып, қоғамды құруға белсене қатысқан бір адамды атағым келеді. Ол – Жәнібеков Өзбекәлі мырза.

Төртінші: Қоғам құрғаннан кейін біздің басымызды сұғатын жер болмады. Ашпаған есігіміз қалмады. Содан бір мекемеге барып жәрдем алдық. Агроөнеркәсіп ғимаратынан бізге босатып бірнеше бөлме берді. Сол бір қиыншылық уақытта бізге қол ұшын берген әлгі «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» дейді ғой, ол – Тұрсынбаев Балташ деген мырза.

Бесінші: «Қазақ тілі» қоғамының Мәскеуде, Петерборда ұйымдары құрылып жатыр. Мәскеудегі «Қазақ тілі» ұйымының мүшесі, қазақ халқының мақтанышы – ғарышкер ініміз Тоқтар Әубәкіров анау аспан әлеміне ұшып, бірінші рет қазақтың тілінде Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевпен сөйлесті. Қазақ тілін бірінші рет ғарыштан естірткен сол ініме рахмет!

Осы бес шындықты айтуды өзімнің парызым деп едім. Бұл әңгімелер аталған адамдардың кешегі лауазымы мен бүгінгі лауазымдарына байланысты емес. Осыны жақсы түсінсеңіздер. Қазақта мақал бар: «Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір басқа, жігітте де жігіт бар азаматы бір басқа» дейді.

Ал енді мынау мақтап кетті деп жүрмеңіздер, мен құрметті Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа бір базына айтқым келеді. Үш ғасырға пара-пар оқиғалар болды, біздің елімізді бүкіл жер жүзі танып жатыр. Осыған жар қулағы жастыққа тимей жұмыс істеп жүргенін жақсы білеміз. Қазақ тіліне сыртта қамқорлық жасап жүргенін де жақсы білеміз. Дей тұрғанмен кейбір партияларды қабылдап, кейбір қозғалыстар өкілдерімен бес-он минут уақыт тауып сөйлесіп жүргенін де естіп-біліп жүрміз. Осы күнге дейін біз әлі, Нұреке, «Қазақ тілі» қоғамы, қалың қалай?» деп айтар деп күтіп жүр едік. Бірақ бүгін, міне, Өзіңіз келіп отырсыз. Өзіңіздің, үкімет басшыларының келіп, мән беруі тек құрылтайдың мәртебесін емес,

тек «Қазақ тілі» қоғамының мәртебесін емес, бүкіл ана тіліміздің мерейін көтеретініне кәміл сенімдімін...

*«Қазақ елі», 2009. 18 қыркүйек. 3 б.*

**Біз сиам егіздері сияқты орыстармен басымызбен жабысып қалдық. Бір адым ілгері жүріс бар**

*– «Қазақ ұлтты депутаттар қазақ тілінен емтихан тапсырсын» деген бір топ тіл жанашырларының ұсынысы өтпей қалды. Сіз осы жаңалықты қалай қабылдадыңыз? Жалпы, билік қазақ тіліне қашан түбегейлі бет бұрады деп ойласыз?*

– Бұл ұсыныс дәл қазір қабылданбайды. Бұдан 6-7 жыл бұрын Астанаға барып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлынан емтихан алғанбыз. Сол кезде де ел басқаратын азаматтардың бәрінен емтихан алу керектігі жөнінде әңгіме көтерілді. Бұл ұсыныс сол кезде қабылданбады. Сондықтан дәл қазір қабылдануы мүмкін емес. Себебі, тіл біздің халқымыздың бойына бұрыннан жабысқан көне дерт. «Мұсылман болу әсте-әсте, кәпір болу бір пәсте» деп айтады. Бойымызға сіңіп кеткен дерт қазір төрт буынға тарады. Ең үлкені менен бастап, менен кейінгі жастардың бойына дейін тарады. «Дерт батпандап кіріп, мысқалдап шығады» дейді қазақ. Қанша айғайласақ та, қанша комитет құрып қозғалыс жасасақ та, тіл бірден жөнге келе қоймайды. Мұхтар Шаханов, Амангелді Айталы бастаған депутаттардың бастамалары дұрыс. Тіл үшін күресті бір сәт бәсеңсітпеу керек. Егер бәсеңдетіп алсақ, ол тағы да шегініп кетеді. Қазір бір адым ілгері жүріс бар.

*– Мемлекеттік тілдің басы-қасында жүрген адамсыз. Тәуелсіздік алмай тұрғанда жағдай қалай еді? Басшылар тарапынан тілге деген жылы қабақ байқалып па еді?*

– Үкімет басына келген Колбин келе сала тіл мәселесін көтергені есімде. Ол қазақ жеріндегі көп проблеманың бірі – тіл екенін бірден сезді. 16-17 желтоқсан күндері оқиға неге байланысты, қалай шықты деген мәселені анықтамақ болып, Мәскеуден Соломенцев бастаған бір топ эмиссарлар келді. 20 желтоқсанда ең бірінші жиналысын академияда Колбиннің өзі өткізді. Жиналыста көзбен көріп, құлақпен естіген жайтты айтқым келіп отыр.

«Мен, – деді Колбин, – алаңда айқайлап жатқан жастардың бір тобын шақырып алдырдым. Қазақтың бес-алты жігіті, арасында бір қыз бала алдыма келді. Бастықтарың кім? Менімен кім сөйлеседі дегенде, арасынан бір жігіт шығып: «Мен сөйлесем» – деп айтты. Өзін Тимурмын

деп таныстырды. Сол Тимурдан: «Неге айқайлап жатырсыңдар? Мен жаңадан келген адаммын. Менің сырымды білмейсіңдер? Маған неге қарсы боласыңдар?» дегенде, Тимур: «Сіз бұрын Қазақстанда қызмет еткен жоқсыз. Қазақ халқының кім екенін, оның мінезін, салт-дәстүрін, тілін, дінін, жер жағдайын, экономикасын білмейсіз. Сіз қалай бастық болуға келісіміңізді бердіңіз?» деген сұрақ қойды. Колбин: «Біріншіден, мені бұл жерге партия жіберді. Мен – партия солдататымын. Ал екіншіден, салт-дәстүр, экономика тәрізді білмейтін салаларды білуге болады. Тіл мәселесіне келгенде мен бұдан 1,5 жылдай бұрын Грузияда қызмет еттім. Сол кезде грузин тілін жетік үйреніп алдым. Мен қазақ тілін де солай жетік үйреніп алып, керек болса сендерге үйретемін» — деп жауап берді. Тимур грузин тілін білсе керек, екеуі 5 минуттай грузин тілінде сөйлесіпті. Содан әлгі бала: «Мен сіздің пікіріңізді түсіндім. Дұрыс», – деді. «Олай болатын болса, жолдастарыңа тарқасын деп айт», – деп әлгілерді шығарып салды. 5-10 минуттан соң терезеден қараса, 500-дей жігіт алаңнан кетіп қалды деді бізге.

### Колбин қазақ тілін неге үйренді?

– *Колбиннің қазақ тілін үйренуге деген ниеті болды демексіз ғой?*

– Колбин «Қайткен күнде де қазақ тілін үйренемін» дегеннен кейін, шынында да неге жәрдемдеспеске, осыған бір оқулық жазу керек шығар деп ойланып қалдым. Тілші ретінде Колбиннің қазақ тілін үйрену, әдіс-тәсілі қалай екен деп сұрастырдым. Жиналыстарда: «Міне, үйренейін деп едім, ешқандай оқулық жоқ. Қазақ тілінде 1954 жылы шыққан Мұсабаевтың сөздігі бар. Осы сөздіктен басқа сөздік жоқ екен» деген сөзді талай рет айтты. Содан кейін қазақ тілінен ол кісіге сабақ беретін әйел кісімен хабарласып, қалай үйреніп жүр деп сұрады. «Үйренгісі келетін ойы бар, бірақ оған уақыты жоқ. Анда-санда шақыртып бір сабақ алады», – деді ұстазы. Содан үйренгені: «Сәлеметсіздер ме?» деген сөз болды. Бірақ, кетерінде марқұм «Қош, сау болыңдар!» деген сөзді айтпай кетті ғой. Мұны айтып отырған себебім, Қазақстанға келген жаңа бастық біздің топырақтағы үлкен проблемалардың ең бастысы тіл екендігін білді. Сөйтіп, келе салысымен ол тіл саясатымен шұғылданды. Ол қазақ тілі мен орыс тілін мемлекеттік тіл болуын ұсынды. Осыған келген кезде біздің қазақ зиялыларының пікірі бір жерден шыққан жоқ. Мен тілші ретінде шығып: «Қазақ тілі мен орыс тілін қатар қою арғымақ пен мәстек атты парлап жегумен бірдей. Біреуі ілгері тартады, біреуі кейін тартады. Өйткені, біреуі дамыған тіл, екіншісі кеудем басты болған дамымай қалған тіл. Екеуін қатар қоюға болмайды. Егер біз дамыған ел боламыз десек, бір-ақ тіл болуы керек. Ол – қазақ тілі. Бұл



занды талап». Қазақ тілінің дәрежесін көтеру жекелеген адамдардың, ат төбеліндей азаматтардың қолынан келмейтін іс еді. Не істеу керек деген сұрақты шешу үшін осы институтта тіл үшін күресетін «Қазақ тілі» қоғамын құру керек деген шешімге келдік. Сол қоғамның бағдарламасын, ережесін, жарғысын, Әнұранын жаздық.

– *«Қазақ тілі» қоғамын ашуға сол кездері Сіздерге кімдер көмектесті?*

– «Қазақ тілі» қоғамы ашылғанда, тұрақты кеңсеміз болмай қиналды. Ел ішінде жақсы ісімен танылған Балташ Тұрсымбаев ол кезде министр болып тұрған кезі. Ол кезде «Ана тілі» газеті де ашылып қойған. Бірақ, 20 адамға жуық қызметкерлер отыратын бөлме таппадық. Балташ Тұрсымбаевқа барып, жағдайды айттық. Ол кісі дереу тапсырма берді. Тапсырма орындалмағаннан кейін өзі барып, бізге тиесілі бөлмені ұстап отырғандарды қуып шықты. Қазақ тілі қоғамына кезінде осылай үлкен жәрдем істеген. Сол үшін бұл кісіге көп рахмет. Біз оның жәрдемін ылғи айтып жүреміз. Өзбекәлі Жәнібеков те «Қазақ тілі» қоғамына көп тер төкті.

#### **Өзгелер ақымақ, біз ақылды болғанымыз ба?**

– *«Егер ғалымдар латын қарпіне көшу дұрыс деп шешсе, мен қарсы емеспін» деп еді Елбасы осыдан бірнеше ай бұрын. Соңғы сөз сіздерде, сіздер не дейсіздер?*

– Президент: «Егер халық қалап жатса, ғалымдар латын тілінің қажет екенін дәлелдеп жатса, мен қарсы емеспін» деген. Ол кісі осы пікірінде жүр. Енді қалың жұртшылықпен ақылдасу керек. Мәселе осыған келді де тоқтап қалды. 1993 жылы Анкарада «Егемендік алған түрік елдерінің жиналысы» болды. Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Түркменстан, Қырғызстан елдерінің өкілдері қатысты. Сол жылы: **«Біз латын жазуын қабылдауымыз керек. Бұл қазақтар үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі бірігуі үшін қажет. Кеңес үкіметі кезінде Қытайдағы қазақ бауырларымыз біресе латиницаға, біресе арабшаға көшті. Бұл қазақтарды бір-біріне қоспаудың тәсілі ғой. Біз сиам егіздері сияқты орыстармен басымызбен жабысып қалдық. Солардан ажыраудың бір тәсілі осы – латын жазуы деп ойлаймын»,** – деп Президенттің атына ашық хат жаздым. Бізден басқа Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркменстан, Татарстан, гагауыз түріктері, қырым татарлары, қысқасы, Түркияны қоса есептегенде түркі халықтарының жартысынан көбі латын жазуына көшті. Ал біз әлі бір тоқтамға келген жоқпыз. Мәселе ресми түрде жоғарғы жаққа

қойылған жоқ. Қазір кітап жазып жатырмын. Сол аяқталған соң, осы мәселені алға қоямын ғой деймін.

– *Қазір көнетүркі жазуын көтеріп жүрген бастамашыл топ белсенді жұмыс істеуде. Тіпті, Рунология институтын ашуды да ойлап жүргендер бар. Сіз осы мәселеге қалай қарайсыз?*

– Мен түгелдей қарсымын. Оны айтып жүрген Аманқос Мектептегі деген жігіт осында Тіл білімі институтында істеген. Орхон-Енесей-Талас өзені бойынан табылған тастар жазуындағы жалпы белгілердің саны 100-ге жақын. Ал енді қай тілде 100 таңбасы бар алфавит бар? Орхон-Енесей жазуы практикалық жазу емес. Ол ескерткіш ретінде қабылданған жазу. Бұл жазуды қазір кім оқи алады? Екінші бір мәселе, бір дыбыстың жуан-жіңішке варианттары болады. Әрбір дыбыстың жеке дара таңбасы болуы керек. Ал көне жазуда бір ғана «а» дыбысының бірнеше таңбасы бар... Патриоттың да, патриоты бар. Ұлтжанды азамат адамның, халықтың өміріне жақын болғаны жөн.

– *«Латын қарпіне көшу көп ретте шетте жүрген бауырларымызға жақсы болар еді» деген пікірді естиміз. Бұл қанишалықты рас?*

– «Қазақпарат» қазір латын тілінде интернетте жаңалықтар таратып отыр. Шеттегі қандастарымыз осыны оқып: «Ел жаңалықтарын түсініп, оқи алатын болдық. Рахмет!» – деп алғыстарын айтуда. Біздің Қытайдағы қандастарымыз арабша жазады, Қазақстанда кириллица, Өзбекстан келесі жылы түгелдей латынға көшеді. Ол жердегі қазақ жастары ЖОО-ға түсуі үшін латынша оқуға көшуі керек. Латын жазуы жер жүзінде халықаралық фонетикалық транскрипция негізінде қабылданды. Қытайдың өздері латын алфавитін қабылдағысы келді. Бірақ тілдерінің ерекшелігіне байланысты қабылдамай, тек транскрипция ретінде қалдырды. Латын тілі – өркениетке бір қадам ілгері жүру ғой деп ойлаймын. Бізден басқа мемлекеттер не істеп жатыр? Әзірбайжан түгелдей өтіп болды. Көшелерінде қазір кириллицамен жазылған бір де бір жазуды байқай алмайсың. Сонда олар бізден ақымақ та, біз ақылды болғанымыз ба? Олар ақымақ емес, олар да бір нәрсені біледі.

– *Сіздің бүгінгі жасап жатқан еңбегіңіздің барлығы болашақ үшін ғой. Бүгінгі жастар Сіздің идеяңызды қолдап жүр ме? Жастарға не айтасыз?*

– Өткенде латын жазуы жөнінде теледидарда келелі әңгіме болды. Сонда мен жастарға қатты риза болдым. Кейбір ағалары түсінбей жүрген жерлерін жастар жете түсініпті. Болашаққа деген көзқарастары дұрыс екен деп қатты таңырқадым. Жастар түсінгенді ағалары түсіну керек

қой. Өткенді көксеу, ностальгия күшті ғой бізде. Болмаса кей ағаларың тура жолды табу кезінде, ылғи да ши шығарып отырады.

– Әңгімеңізге рахмет. Ши шықпасын деп тілейік!

«Azamat», 2005. № 6 (6), 14 сәуір – 21 сәуір 5-б.

(Сұхбаттасқан А. Еркімбай)

## Қазақстан Республикасы парламенті сенатының төрағасы Өмірбек Байгелді мырзаға

### АШЫҚ ХАТ

«Бірде-бір халық жер бетінде уақытша өмір сүргісі келмейді – бәрі де мәңгілікті қалайды» (бұл – Шыңғыс Айтматов пікірі). «Мәңгіліктің мәңгілігі – әр халықтың ана тілі» (бұл Ғабит Мүсірепов пікірі). «Мың өліп, мың тіріліп» (Жұбан Молдағалиев), егемендік пен тәуелсіздікке енді ғана қолы жеткен қазақ халқы да мәңгілікті қалайды және оның ең басты шарты ана тілінің мәңгіліктігі деп санайды.

Сондықтан да, тағдырдың тәлкегімен қоғам өмірінен тәрк етіле бастаған қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, оны заң арқылы қорғау, іргесін бекітіп, қабырғасын қатайту әрбір азаматтың ана тілі алдындағы перзенттік парызындай, арына сын болып отыр. Осы орайда, Тіл саясатының тұжырымдамасы жарияланып, «бір шоқып, екі қарататын» кешегі тоталитарлық тәртіптің ауанымен жасалған «Тіл туралы заңның» қайта қаралып, жаңа жобасының Парламентте талқылануының өзі-ақ рухани-мәдени өміріміздегі елеулі оқиға болып саналады.

Сонымен қатар, егеменді ел болғанымызға бес жыл толса да, бұрынғы «Тіл туралы заңның» қағаз жүзінде, декларация күйінде қалып қойғанын өз көзімен көріп отырған қалың жұртшылықтың жаңа заңға деген үміті мен күдігі аралас, оған қояр талабы да зор. Соның ең бастысы – мемлекеттік тілміздің, басқа өркениетті елдердегідей, өзіне қойылатын міндетін еркін атқара алатын толыққанды тіл болуында. Ол үшін ең қажетті шарттардың бірі – заңның республикадағы басқа тілдердің бәріне жақсылық пен қамқорлық жасай отыра, мәселен жаңа ғана қаз тұра бастаған қазақ тілімен олардың бірде-біреуін бәсекеге түсірмей, текетіреске салмай шешу. Қазақ тілі мен орыс тілін бәсекелестірудің түбі неге апаратыны баршаға мәлім. Ол – «Жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалакпен ұрсаң да жапалак өлетініндей» шындық.

Бұрынғы заңымыздың орындалмай, тұралап тұрып қалуының басқа себептері де жоқ емес. Ол үкімет тарапынан қаржыландырылмады, сондықтан да жетім баланың күйін кешті; ол өзін дүниеге келтірген мәртебелі мекеме тарапынан іздеу салып, заң арқылы қорғаған камкорлықты көрмеді; ол мемлекеттік саясат ретінде тұрақты түрде идеологиялық қолдау таппады. Сондықтан да мемлекеттік тілді қалың жұрт кезінде қуана қарсы алғанымен, оны орыстілділер мойындамады, лауазымдылар менсінбеді, іскерлер қажет деп таппады, оған мемлекет мән бере қоймады. Соның салдарынан мемлекеттік тілге деген қажеттілік туған жоқ, тілдік орта қалыптаспады. Басқаша айтқанда, мемлекеттік тіл Қазақстан азаматтары үшін өмір-тіршілік құралы болу түгіл, қатынас құралы дәрежесіне де көтеріле алмай келеді.

Қолға бұғау, аяққа тұсау болып келген осы бір себептер қабылданатын Тіл туралы жаңа заңымызда ескерілмесе, оны реттеудің нақты шаралары белгіленбесе, оның да бұрынғы заңдай, қағаз жүзінде қалғаны қалған.

«Тіл туралы заңның» жаңа жобасының Парламент мәжілісінде даудамай тудырған мәселесінің бірі – қазағы бар, орысы бар, лауазымды адамдардың мемлекеттік тілді меңгеру мерзіміне байланысты шешім: қазақтар үшін – 5 жылдың, орыстілділер үшін – 10 жылдың белгіленуі (22-бап).

Осыған орай, біздің мәртебелі Сенаттан өтінетініміз: аталмыш заңның Мәжіліс мақұлдаған жобасын карағанда, жоғарыда айтылған жалпы ескертпелерімізбен қатар, мемлекеттік тілді меңгеру мерзіміне де ерекше көңіл бөлсеңіздер екен! Бұл мәселеге байланысты Парламент тарапынан жасалып отырған кейбір компромисстің мән-жайы біз үшін түсінікті болса да, мұндайда сезімді логикалық пайымға бойсұндырып, парасаттылықпен шешкен абзал болар еді.

Бұл туралы өз пікірімізді дәлелдеп көрейік. Біріншіден, өзін «қазақпын» деп санайтын, Қазақстанда туып-өскен, тегі, заты қазақтар үшін өз тілін үйренуге табаны күректей 5 жыл, ал, орыстілділер үшін (олар тек орыстар ғана емес, орыс тілінде еркін сөйлейтін басқа ұлт өкілдері де болар) 10 жыл қажет пе?

Бұл шешімнен біз өмір деп бір заңдылықты, не өркениетті елдердің тәжірибесінен алынған үлгі-өнегені көріп отырғанымыз жоқ. Тіл үйренуге табиғи қабілеті ерекше жандарды есептемегенде, орта қол азаматтың кез келгені ана тілін де, ана тілінен басқа екінші тілді де қатынас құралы ретінде (оқу, жазу, сөйлеу, түсіну дәрежесінде)

үйрену үшін арнайы шұғылданса, көп болса екі жыл, әйтпесе, бір жыл толық жетіп жатыр. Бұл әлемдік тәжірибеден белгілі. Үшінші және төртінші тілдерді үйрену мерзімі олар үшін қысқара бермекші Ал ұзақ жылдардан бері мемлекеттік тілді үйренуін талап етіп отырған мемлекет құрылымындағы шенеуніктер, лауазымды басшылар, логикалық пайым бойынша, қабілетті, сауатты, тепсе темір үзетін жастар мен орта жастағылар ғой, олардың арасында миғұла адамдардың болуы мүмкін емес.

Сондықтан, бойында күш-жігері, қабілеті, ұлттық намысы бар, мемлекеттік тілге деген құрметі, ниет-ықыласы және талпынысы бар орыс, қазақ азаматтарына, өмірдің анау-мынау жағдайларын ескеріп, уақытты кең-молынан «пішкеннің» өзінде де қазақтар үшін 2-2,5 жыл, орыстілділер үшін 5 жыл толығымен жетіп жатыр деп ойлаймыз.

Екіншіден, «5 және 10 жылдан кейін мемлекеттік тілді білу кімге қажет және не үшін қажет?» деген заңды сұрақ туады. Шынында да, заңымыз соншама көлгірсіп, жалпақшешейлікке салынғанда, кімнің жағдайын ойлап, кімнің мүддесін көздемеуші: мемлекеттік тіліміздің бе, жоқ, әлде жеке лауазымды адамдар мен шенеуніктердің бе?

Егер біз бұл мәселені тек жеке адамдар тұрғысынан шешетін болсақ, онда олардың ұпайы түгел болмақ, өйткені мазалайтын уақыттың ауылы алыста жатыр да, ал, мемлекеттік тіл болса, өз қажеттігін таба алмай өмір сүрер тілдік ортасын жасай алмай, баяғы таз қалпында қала бермекші.

Олай дейтін себебіміз: 1) алдында 5 және 10 жыл «запасы» бар лауазымды азаматтар, пендеуи психология бойынша, бергісі 4 жыл, арғысы 8-9 жыл өтпейінше, «е, несіне асығамыз, әлі-ақ үлгереміз!» деп, өзін бейғам ұстайтын болады; әлі де креслода отыра беретіндер үшін «тіл үйрену қарбаласы» бір жыл қалғанда ғана басталуы мүмкін; 2) осыған орай, лауазымды қазақ азаматтардың 55-ке келгендерінде, ал орыстілділердің 50-ге келгендерінде тіл үйренуден гөрі, зейнеткерлік көбірек түсіне кіретін болады.

Қысқасы, айта берсе, тіл үйренбеудің мұндай себептері көп-ақ. Мемлекеттік тілді мемлекет өміріне араластыруды әртүрлі себептермен соза түссек, ол соғұрлым әлсірей түседі.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев таяуда теледидар арқылы қалың жұртшылықпен сұхбаттасу барысында: «мемлекеттік тілімізді Қазақстан азаматтары түгел құрметтеуге тиіс, мемлекеттік шенеуніктер оны үйренуге міндетті» деген пікір айтты. Тіл

саясатының тұжырымдамасы жарияланып, Тіл туралы жаңа заң жобасы талқылану қарсаңында айтылған бұл пікір барша тіл жанашырларының тіл болашағына деген үміт-сенімін арттыра түсті, жүрегін қуанышқа бөледі.

Сонымен қатар, Елбасымыз «Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» деген халық даналығын тілге тиек ете отырып, ұзақ жылдардан бері ауыр дертке шалдыққан тіл проблемасын бір сәтте, тіпті бір жылда шешіп тастау қиын екенін де ескертті.

Шынында да солай. Дей тұрғанмен, асқынған дерттің бетін қайтарып, тоқтату үшін медицина тәжірибесінде шұғыл шара ретінде интенсивті терапия қолданатыны да бар емес пе? Тіліміздің дерті де осындай бір шұғыл әрекетті талап ететін сияқты. Осы тұрғыдан алғанда, 5 жыл мен 10 жыл мемлекеттік тіліміз үшін тиімді «ем» бола қояр ма екен?

Мәртебелі Сенаттан, міне, осы мәселе жайында ерекше ойлана түсуді өтінемін!

*«Ана тілі», 05.12.1996*

### **«Тіл туралы заңның» мемлекеттік дәрежеде орындалуы қалай жүргізілуде?**

– Қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттырып, тиісті нәтижелерге қол жеткізу үшін не істеу қажет?

– Бұл – көкейкесті үлкен проблема. Әрбір мәселенің мақсаты, міндеті болады десек, алдымен қазақ тілін кімге, қашан үйрету керек деген сұрақ төңірегінде ойлануымыз қажет.

Жас ерекшелігіне орай өз арна-ағымымен жүре келген әр түрлі процестер негізінде бала 14-15 жасында тілінің тиісті, негізгі нормаларын толық меңгеріп шығады деуге болады. Осындай жағдайда – ана сүтімен ауызданып, ана әлдиімен тербеліп өскен, ана тілінде алғаш сөз айтқан балаға бір түрлі талаптар қойылып, бір түрлі оқыту әдістері қолданылса керек. Осыдан шығатын қорытынды – төрт түлікті тек кітап, теледидар беттерінен қызықтап, ауыз әдебиеті мұраларының әңгімеленіп, шертілуін, мақам-мәнерін, бар сұлулық ерекшелігіне қанбай, асық ойнап, ат мінбей, ата алдын көрмей өскен, ойлауы, түсінуі, ұғымы өзгеше қала баласына басқа түрлі әдістер қолданылғаны тиімді болары анық.

Бүгінгі таңда (майдалап айтқанда): қазақтардың 15%-і өз ана тілін мүлде білмейді, 25%-і шала біледі, 60%-і біледі (біледі деуге жетеғабыл).

Мен кейінгі кезде жиі естіліп жүрген «ағылшын тілі мектептерде 2 сыныптан бастап оқытылса» деген пікірге үзілді-кесілді қарсымын. Рас, бұл жаста бала айтқаныңды тез қағып алып, оңай үйреніп кетер, алайда бұның ана тілін толық меңгеріп, біліп шығуына залалы тиеді. 2-3 тілдерді 5 сыныптан ары қарай оқыту керек (орыс тілін, мүмкін, 3 сыныптан ары қарай енгізуге болар, өйткені бұл тіл қолданыста болғандықтан бала оны азды-көпті игере бастайды). Оған дейін қазақ тілі жан-жақты, толық оқытылып, үйретілуі тиіс.

*– Тіл туралы Заңның шын мәнінде жүзеге асуы қандай мәселелерге байланысты деп ойлайсыз?*

Кез келген заңның орындалуы, онда қарастырылған мәселелердің жүзеге асырылуы талап етілуі тиіс. Сондықтан 1) Заң шығарушы орган (парламент) сол заңның орындалуын ең бірінші кезекте өзі талап етіп отыруы керек; 2) оның орындалуы көбіне (немесе, негізінен) қаржыға байланысты болғандықтан (айталық, үлкен жиындарда, т.б. өзге тілді қатысушыларды ілеспе аудармамен қамтамасыз ету үшін соған сәйкес аппараттардың болуы т.с.с.), сол заңды орындаушы өкімет көп көңіл бөліп, әсіресе, мемлекет бюджетінен қаржы бөлу жағы қарастырылып, өкімет деңгейіндегі назарда болуы қажет; 3) Мемлекетке аты берілген ұлт тілінің дамуы қажет. Сондықтан бұл іс (яғни заңның орындалуы, іске қосылуы) сол мемлекеттік «Тіл туралы заңның» өмірде қолданыс табу формалары, әдістері және принциптері қарастырылған бағдарламалар арқылы жүзеге асырылуы тиіс, әрі бұл процесте тіл мамандары өздерінің қомақты үлесін қосуға міндетті; 4) тіл қажеттігін, оны білудің міндеттілігін ұйымдастыру, қолданылу аясын кеңейту. Мысалы, жалпақ тілмен айтсақ, белгілі бір мекеме, кәсіпорындарда т.б., тіл білмесен (мемлекеттік тіл – Ә.Қ), бұнда жұмыс істемейсің делінсе, жағдай басқа болар ма еді?! Әрине, саясатқа байланысты, экономикалық, нарықтық т.б. қатынастар тенденциясына орай мемлекеттік тіл қажеттігінің талап етілуі осылай болған болса деген пікір негізсіз емес. Президенттің басшы орган қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білу міндеттілігін Конституцияда қарастыруы және соның ізімен жүруі, ұстануы (мысалы, жақында президенттікке кандидат 7 адам қазақ тілінен емтихан тапсырған болатын) – маңызды қадам; 5) қажетті, тиісті тілдік ортаны қалыптастыру, яғни, қазақ тілінде сөйлесіп, ұғысу, әсіресе, қазақ пен қазақ қазақша сөйлесу керек, сонда осыны көрген өзге ұлт өкілдері де осы бағытта «бет бұрары» анық; 6) Мемлекеттік тілді оқып-үйрену әдіс-тәсілдері мен құралдарын бұрынғыға қарағанда барынша тиімді оқыту әдістерін жасау: қазақ оқушысы үшін (ана тілін білу деңгейіне

орай) нюанстар ескерілген бағдарламалардың болуы; компьютерлік әдіс, жеделдетілген курс т.б. жасалуы қажет. Әрине, бұл мәселелердің де қаржы шешетінін естен шығармау керек; сонымен бірге, бұл мәселеде демографиялық фактордың алар орны ерекше. Өзге мемлекеттердегідей (Өзбекстан, Балтық жағалауы елдері) емес, республикадағы негізгі ұлт – қазақтардың саны осы республикада тұратын басқа ұлттармен салыстырғанда 50%-тен енді-енді ауа бастаған жайы бар. Осыны ескерсек, қазақтың тіпті қазіргі жағдайда әр түрлі жиындарда алқалы топ алдында «ойымды қазақша жеткізуге рұқсат етіңіздер» деп жалтақтап тұруы заңды құбылыс еді. Олай болмасы үшін ілеспе аудармамен қамтамасыз ету қажет.

*«Өрлеу», 1999. №1.*

### **Әуелі өзімізді қамшылайық та немесе жарыссөзде не айтылды?**

– Қазіргі кезде дүние жүзі бойынша Америка Құрама Штаттарының демократиясын үлгі ғып алға ұсынатындар көп Ал шындығына үңілсек, мәселе басқаша болып шығады. Айталық, Еуропадан барған халық алдымен сол жердің байырғы тұрғыны үндістерді қарумен қырып-жойып, мүлде құртып жіберуге таяды. Үндістердің тілін мүлде мемлекеттік кеңістіктен ығыстырып, оның орнына саясатта ағылшын тілін қолдану арқылы ағылшын тілінің үстемдігін орнатты. Осы тектес Орта Азияда Ислам діні түркі халқына араб тілінің ел билеудегі орнын белгілеп, оны меңгергендерге басымдылық берілетін болды. Соның негізінде байырғы тілдің заңдылықтары бұзылып, араб әріптерімен шұбарланып, грамматиканың көптеген заңдылықтары басқаша арнаға түсті.

Ресейге келген коммунизм идеясы да орыс тілі арқылы елге тарап, орыс тіліне деген мұқтаждық етек алды. Кейіннен бұл орыс тілінің экспанциясына айналды Мәселен, патшалық Ресей кезінде 270 тіл болған болса, 80 жылдан соң содан 130-ақ, тіл қалған. Міне, осыған ұқсас бір тілдің екінші тілге деген агрессиясы күн сайын жүріп жатады. Сондықтан да саны он миллионнан әрең асатын халықты былай қойғанда, 100 миллиондаған іргелі елдердің өзінде ұлт тілін қорғауға ерекше мән беріледі. Мысалы, Германия, Францияда ұлт тілін ағылшын тілінің экспанциясынан қорғау мақсатында құрылған арнайы әдеп полициясы бар. Тіпті, бір жарым миллиард Қытай халқының өзінде қытай тілін қорғауға ерекше мән беріледі. Қытайлықтар біздер дәріптеп, баламасы жоқ деп, техника тілі онсыз қараң қалады деп жүрген халықаралық сөздердің бірде-бірін қолданбайды екен. Қай сөздің де қытайша баламасын тауып



пайдаланатын көрінеді. Міне, басқа елдерде мемлекеттік тілді қорғаудың үлгісі осындай. Бұдан 220 жыл бұрын Қараман қаласының әкімі Мехмед Қараман-оғлы түрік тілін араб, парсы тілінің ықпалынан құтқару үшін үйде де, жиында да, сыртта да, еларалық келісімдерде де тек қана түрікше сөйлесін деп Жарлық шығарыпты. Сөйтіп, түрік тілін сақтап қалыпты.

Мұнан шығатын қорытынды мемлекеттік тілдің екі рет Конституцияға еніп, екі рет Тіл туралы заңның қабылданғанына қарамастан өкіметіміз пәрменді жұмыс істей алмай отырғандығы. Өйткені осы күнге дейін заң болғанмен соны орындаудың механизмі болған жоқ. Тек енді ғана серпіліс байқалуда, соны жойып алмайық, ағайын. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бастамасын қолдайық. Сөзден іске көшіп, бағдарламаны басшылыққа алайық!

*«Қазақ әдебиеті», 12-19 наурыз 1999ж.*

### **«Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ...»**

Бұл Ғабеннің - Ғабит Мүсіреповтің дуалы аузынан шыққан сөз еді. Апыр-ай басқаны емес, өзін-өзі айыптаған, ажал оғындай жайратып тастайтын осы бір қатал тұжырымды қалай айтты екен абзал аға?! «Өз халқын жек көргендіктен емес, сүйгендіктен, сүйе тұра оның бойындағы дертіне, басындағы қасіретіне күйгендіктен айтқан ұлы суреткердің осынау сөздерінің астарында өзекті өртер шындық жоқ па екен?» деп ойландық па, пайымдадық па халайық?!

Әй, қайдам, ондай парасаттылық қазақ қауымына әлі келе қойған жоқ сияқты. Әйтпесе, қоғамдық санамызда, тіршілік-болмысымызда, өзара қарым-қатынасымызда сәл де болса, бір жаңа үрдістің нышаны, өркениет әлеміне бетбұрыстың белгісі байқалатын уақыт болған жоқ па? Өкінішке қарай, «баяғы жартас – сол жартас...». Баяғы жершілдік, рушылдық, жікшілдік, баяғы көре алмаушылық, күншілдік, бақталастық, бақастық. Бұлардың бәрі сонау кәрі тарих қойнауынан басталып, Абай-Құнанбай дәуірінде бел алған ру тартысы, жер дауы, жесір дауы, құн дауы, барымта-сырымта, мансап таласы болып келсе, олар кеңес дәуірінде де қазақ қауымында өзіндік жалғасын тапқан сияқты. Жері қаншама кең болса да, тар көретін қазақты айыптап, сол Ғабеннің өзі: «Сыймай жүргеміз жоқ, сыйыса алмай жүрміз», - деген болатын. Шынында да кең дүниені тарылтып жүрген басқа біреу емес, өзіміз ғой. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» дегендей, арамыздан шыққан біртума дара тұлғалардың аяғынан шалатын да өзіміз; маңдайымызға біткен дарынды ұлдарымыздың артынан шырақ алып түсетін де өзіміз; ерен

ісімен елдігімізді танытар ер-азаматтарды күндеп, етегінен тартатын да өзіміз. Тіпті, түндігінен түзу шыққан түгінді де, еңбегімен ел мерейіне ілінген жанның игілікті ісін де, біреудің қуанышын да, күлкісін де күндейтін өзіміз емес пе? Осы айтқандарымызға нақтылы мысал келтіріп, дәлелдеп жатудың қажеті бар ма? Басқаны былай қойғанда, халқымыздың көк аспанында жарқырап шыққан Үркердей бір топ жампоздарымыз – Ахаң мен Жақаңның, Мағжан мен Шәкәрімнің, Сәкен мен Ілиястың, Мұқаң мен Ғабеңнің, т.б. жүздеген азаматтардың өміріне бір сәт үніліп қараңыздаршы... Нені көреміз? «Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады» дегендей, замана ағымынан көрген теперішіне қосымша бұл жандардың өз «бауырларынан» көрген құқайы мен тартқан азабы аз болды ма? Ахаңның «...Жаман екен өз ауылыңның иттерінің қапқаны!» - дегені кімді айыптап тұр, халайық!

Тіпті, қазағымыз о дүниеде де күншілдігін қоймапты деген сөз бар. «Жәннәт пен тозақтың қақпасын бағып, тіршіліктегі жақсы-жаман ісіне қарай сұрыптап, «өлген» адамдарды реттеп кіргізіп тұратындар қазақ әулетінен біреу келгенде «Е, бұларға бақылаушының қажеті жоқ, өйткені олардың өздері-ақ бірін-бірі оңайлықпен жәннәтке жібермейді» деп кетіп қалады-мыс» деген анекдотты да естігеніміз бар. Бұл да бір шындықтың елесі сияқты.

Демек, «Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ...» деген бір-ақ ауыз сөзінің қауызына сыйғызып айта білген Ғабеңнің өмір «пәлсапасы», міне, өміріміздің осындай көлеңкелі көрінісін көз алдымызға елестетеді.

Абзал ағаның уәлі аузынан шыққан осы бір аталы сөзін жаңғыртып, арқа сүйеп, ретіне қарай, өміріміздегі әлі де етек жайып келе жатқан кейбір сұрықсыз сәттерге күйіне отырып, оған көбінесе өзіміз айыпты екенімізді көпшілікке аңғартқым келеді. Және бұл тәрізді құбылысты өмірдің әр саласынан іздемей-ақ, әңгімені қасиетті ана тіліміздің төңірегінен өрбіткіміз келеді. Өйткені, Ғабең тұспалдап отырған қазақтың «қазақтық» қасиеті ана тілімізге байланысты да талай көрінген. Оның көрінетін себебі – ана тіліміздің тағдыры үшін айбынды күрестер аз болған жоқ. Ол күрес-тартыстар қазақ тілінің кейінгі 70 жыл беделінде 2 рет Заң арқылы мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты өрбіген болатын. 1923 жылы қазақ тіліне орыс тілімен қатар мемлекеттік мәртебе берілуінен бұрын да, одан кейін де дау айтушы қазақтар аз болған жоқ. Ахаң мен Жақаң сынды ағаларымыз «Оян, қазақ!» деп қанша зарласа да, ана тіліміздің беделін көтеріп, бұрынғы арнасына түсіруге ынта-шынтымен кіріскен қазақ зиялылары кезінде аз болды. Сондықтан да ол

тұтанбай жатып сөнді. Міржақып ағамыздың 1925 жылы жазған «Қазақ тілінің мұңы» атты мақаласын оқып көрсеңіздер, қазақ тілін қолдап қуаттаған қазақтардан автор тек Ахмет Байтұрсынұлын ғана атайды. Қазақ тілінің өзі сөйлеп, жұртқа мұңын былай деп шағады: «Өліде ұшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді алдымен, айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім» (Міржақып Дулатов. Шығармалары, Алматы, 1991, 332-333 б-б.)

Бір ғажабы, «тарихтың да қайталанатын сәттері болады» деген рас екен. Қазақ тілі 1989 жылғы қыркүйектің 22-сінде өз тарихында екінші рет (мұнда да заңды түрде) мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бірақ бұл жолы – жалғыз өзі. Бұл жолы да оған қарсы шығушылар аз болған жоқ, тіпті «қазақ тілінің бізге қажеті жоқ» деуші қазақтар да табылды. «Өткен іске – салауат!» Бүгінгі мәселе, тіпті, онда да емес. Алақан жайып, тізе бүгіп сұрап алсақ та, көптеп-көмектеп ана тілімізді армандай болған өзінің биік мәртебелі тұғырына қондырдық. Ол енді бүгінде басқа дербес мемлекеттермен терезесі тең, етек-жеңі кең, егеменді ел болып отырған Қазақстан Республикасының ресми мемлекеттік тілі болып саналады. Бұл оқиға ана тіліміздің тек қара басына ғана қойылатын биік талап емес, біле білсек, ең алдымен сол тілдің жаратушысы да, тұтынушысы да атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа аман сақтап, аманат ретінде табыс етушісі – қазақ халқының өзіне үлкен жауапкершілік артып отыр. Орындалмаған, іс жүзіне аспаған Тіл туралы заң да, жай құжат та бірдей.

Сондықтан бүгінгі таңда «елім» деп еңіреп жүрген ердің де, өз жұртым деп өзегі жарылып жүрген азаматтың да шынайы азаматтық парызы, перзенттік борышы ең алдымен қасиетті ана тілінің алдында айқындалып, оған қылған риясыз адал қызметімен ғана, оның ақ ниет ризашылығымен ғана өлшенуге тиіс. Жеке бастың бедел-абыройы, табиғаттан дарыған талант, ізгі қасиет, тіршіліктен алған атақ-дәреже, қол жеткен мәнсап, лауазым – бұлардың бәрі де ана тіліміздің алдында тақ тұратын, бас иетін болмашы ғана пендеуи дүние. Бұл пікірім үшін мені «Қожанәсір» деп айыптай көрмеңіздер. Менің сенімім де, шыным да осы. Сондықтан да болар қарбаласы мол, сағат сайын қауырт өзгерістер жүз беріп отырған бүгінгі бір қиын кезеңде күйкі тірліктің күйбеңінен биіктеп барып, қоғамдық өмірдің төрінен көрінген ана тілінің шынайы жаршысы болып шарықтай жанып, шырылдап жүрген жандарды жанымдай сүйемін, ризашылығымды айтып жеткізе алмаймын.

Бірақ ондай жандар әзірше аздау болып тұр. Тіл туралы заңды қуаттау үшін кезінде республикалық «Қазақ тілі» қоғамын құрдық.

Қалың ел, қарапайым халықтың санасын оятып, ана тіліне деген құрметін арттыруды – қоғамның басты мақсат-міндеті деп белгіледік. Бір қарағанда бұл тым жалпылау айтылған сөз сияқты. Ал қоғам құрушылардың түсінігі бойынша «халықтың санасын оятудың» астарында халі мүшкіл болған тілімізді болашақ ұрпақ үшін сақтап қалу, қалпына келтіру, жаңғырту, дамыту деген мақсат жатыр. Өйткені осының бәрі ұлттық санаға байланысты. Ана тілінің қажеттігін түсіну – елдің елдігін сақтаудың алғы шарты; ана тілі – рухани мәдениетіміздің алтын дінгегі екенін мойындау, ана тілі – ұлттық ар-намыстың қорғаны екенін түсіну, т.с.с. Егер бүгінде Қазақстанның барлық жерінде жастар өз балаларын, қарттар немерелерін қолынан жетектеп балабақшаларға апарып, мектептердің партасына отырғызып, қазақша оқытып, тәрбиелеуге жаппай бетбұрыс жасап жатса, ол да – сананың оянғаны емес пе? Егер қарапайым халық жетпіс жылдың ішінде ұмыт болған салт-дәстүрін істеп, ата-бабаларының әруағын жаңғыртып жатса, ол – оянғанның нышаны емес пе? Егер ел-жұрт бір кезде жатсынған дінмен қайта қауыша бастаса, адам жүрегіне инабаттылықтың, имандылықтың қайта оралуы емес пе? Егер халқымыз ғасырлар бойы сақталып, атадан мұра болып келе жатқан жер-су атауларын қалпына келтіруге құлшына кіріссе, ол да оның санасының оянғаны емес пе? Егер бүгінде жастар мемлекеттік тілде орта және жоғары оқу орындарында дәріс алып, мамандықты меңгере бастаса, іс қағаздары қазақша жүргізіліп, парламенттің биік мінберлерінен алғаш рет қазақша сөйлегенді естісек, осының бәрі де жаңа үрдіс, игілікті істің нышаны емес пе?

Шиыршық атқан бүгінгі замана райына қарай бойын шыдамсыздық билеген, шідербұзар жат қылыққа әуес кейбір жандар болмаса, екі жылдың ішінде жүз берген осынау өзгеріске шүкіршілік етуге болатын сияқты. Бірақ, өкінішке қарай, «Жақсылық әсте-әсте, жаманшылық – бір пәсте» деген аталы сөзді естен шығарып, 70 жыл бойы қалыптасып қалған қасаң тәртіптен, бойымызға ұялап, ойымызды билеп алған жат әдеттен бірден арылуды талап етушілер де арамызда аз емес. Өзін ғана ана тіліміздің шынайы жанашыры деп есептейтін ондай жандар «дерттің батпандап кіріп, мысқалдап шығатынын» ұмытып, бәрі бір-екі жылда бола қалса екен деп қиялдайды. Тіл тағдыры үшін басталған қоғамдық шерудің шебіне ілесіп, жалпы дүрмегіне қосылғанымен, кейбір «ақылгөй», «кеңесші» азаматтар, байқап қарасақ, күні бүгінге дейін сол қоғамның мүддесіне сай өз басының міндетін айқындай алмай келеді; ел болып, жұрт болып бастаған осынау бір игілікті ортақ іске, жақсы үрдіске ондай адамдардан өзінің қосқан

жүлесін сұрасаң, анау-мынау, от басы, ошақ қасы әңгімеден аса алмайды.

Сондықтан да болар, аталмыш «Қазақ тілі» қоғамының екі жылдық ісіне әлеуметтік көзқарас, беріліп жүрген баға бірдей емес. Айтылып жүрген сындар мен талап-тілектердің көбісі-ақ дұрыс, әділетті. «Үлкен істің бірден төрт аяғынан тік тұра қалуы қиын» деп ақталып жатудың да реті жоқ. Кемшіліктің болуы, әрине, заңды құбылыс. Бірақ мәселе сол кемшіліктерді дұрыс айқындап, оны жөндеудің жолдарын іздеуде ғой. Құдай-ау, жер жүзінде бірінші социалистік ел болып дүркіреген бұрынғы КСРО-ның көз алдымызда күйреуін көрген бүгінгі ұрпақты қандай «жаңалық» таңғалдыруы мүмкін. Оның жанында тіл қоғамының проблемасы әлдеқайда оңай деп ойлаймыз.

Дегенмен, «Қазақ тілі» қоғамы туралы қалың бұқараның, қазақ зиялыларының, республика үкіметінің, қоғамдық ұйымдар мен партиялардың пікірін, көзқарасын, талап-тілегін, ақыл-кеңесін айқындап алудың да бүгін реті келіп тұрған сияқты. Бұл әңгімеге түрткі болып отырған себептер де жоқ емес. Оның бір шеті мақаланың атына орай, «Қазақ тілі» қоғамының дүниеге келмей жатып, бойына дари бастаған кейбір «дерттеріне» байланысты.

Қоғам ісіне елдің сын көзімен қарасақ, оның бойында мынандай кемшіліктер бар көрінеді:

а) «кезінде қалың көпшіліктің қызу қолдауымен құрылған қоғамға елдің көңілі суи бастады: өйткені ол күткен үмітті ақтай алмай отыр» дегенді естиміз. Бұл пікірге дау айтуға да болады: біріншіден, қоғамнан кімнің не күткенін біз білмейміз; қоғамды құрушылар о бастан-ақ өзінің ісін қоғамдық сананы оятудан бастауды, заңды орындауға жәрдемдесуді мақсат еткен болатын; Тіл туралы заңды іс жүзіне асыруды, оны мекемелерден ресми талап етуді, қадағалауды, елге мойындатуды, бойсұнбағандарды жазалауды ол өз мойнына алған емес, алуы да мүмкін емес еді; өйткені ол өз мәртебесі, Жарғысы мен Бағдарламасы бойынша ондай құқықтан мақұрым болатын; қоғамнан көңілі қалып, күдер үзетіндер осы бір жайтты ескермейтін сияқты; сондықтан да, егер ана тіліміздің тағдырына тек қоғамдық әрекетпен ғана шектелмей, мемлекеттік тұрғыдан қарағымыз келсе, онда көптен бері айтылып жүрген Мемлекеттік тіл комитетін құруымыз қажет.

ә) «Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы жер-жерде құрылған қоғамдық ұйымдарға дұрыс басшылық ете алмай, барлық бастамаларға мұрындық болып, жұмысын үйлестіріп отырудың үддесінен шыға алмай отыр» деген де пікір айтылып жүр. Өз ісімізге сын көзбен

қарасақ, бұл пікірдің дұрыс жерлері бар сияқты. Шынында да бүкіл республика бойынша кең етек жайып, өрістей бастаған жер-жердегі жүздеген қоғамдық ұйымдардың тіршілік-тынысын түгел бақылап, тап басып, талдап-талқылап, билік айтуға, нұсқау беріп, біртұтас организмге айналдыруда республикалық қоғамдағы он шақты адамның мұршасы мен мүмкіндігі жете бермейтіндігін мойындағанымыз жөн.

Бұл ұйымдастыру, үйлестіру мәселесінде байқалып жүрген кейбір кемшіліктер, сайып келгенде, о баста қабылдаған Жарғының кемшін жақтарына байланысты екенін бәріміз де байқап отырмыз. Бұл айтылғандардың бәрі Жарғыны қайта қарауды, екі жылдық тәжірибені, ұсыныс-талаптарды ескере отырып, оны жетілдіре түсуді талап етеді.

Айта берсе, мұндай кемшіліктер әлі де табылады. Олардың біразы, сөз жоқ, президент – менің өзімнен бастап, республикалық қоғам мен жер-жерлердегі қоғамдық ұйымдарды басқаратын ондаған, жүздеген адамдардың «ана тілім – арым бұл» деп бастаған ұлы мақсатына берік те бекем болуына, іскерлік қабілеті мен адамдық парасатына, сөзімен емес, ісімен атқаратын өз борышына адал болуына байланысты. «Қазақ тілі» қоғамында істеуге бағышталған арнайы мамандық болған емес, болмайды да. Сондықтан да бұл іске жан-жақтан жиналып, бел байлаушының біреуі білімді де білгір, енді біреуі өмір тәжірибесі мол жандар. Ал тағы біреулері «нар тәуекелге» басатын қарадүрсіндер. Көпті көрген дегендердің кейбіреулері кейде көкмылжың болып шығады, кресло мен машинадан ерте айрылған мансапқұмар, «партократия әулеті», немесе айғайға аттан қосып жүретін алақұйын арандатушы-экстремист болып шығады. Қысқасы, «Қазақ тілі» қоғамының бір кінәраты болса, ол осы сияқты «мамандардың» басшылық етуіне байланысты.

Бұл мәселеге біз төменде тағы ораламыз.

Солай бола тұрса да «Қазақ тілі» қоғамы (бұл арада мен республикалық қоғамды ғана емес, оның құзырындағы республикалық барша (1 жолы жоқ) екі жылдың ішінде азды-көпті біраз игілікті іс тындырғанын айтпауға болмайды. Осыған орай, ең алдымен ескертетінім: көкпардың дүрмегіне ілесіп, додасына бойлап кіре алмай жүрген кейбір жандардың «түк жоқ» деп мұрнын шүйіруіне, «көрмес түйені де көрмес» дегендей, көрініп тұрғанды көргісі келмей, біліп тұрғанын айтқысы келмей «аузын ку шөппен сүртуіне» мән бермейік. Өмір әрқашанда өзінікін дәлелдейді, мойындағады. Ондай пенделермен дауласып, тәжікелесіп жатудың дәл қазір реті жоқ. Құдайға шүкір, қазағымызға тән бұл «қасиетті» біз де жақсы білеміз, білгендіктен де оған кешірімдікпен қараймыз.

Қоғамның барша табыстарын түгел қамтып, санамалап айтып шығу бір мақала көлемінде мүмкін емес. Ол арнайы жазылатын есепті баяндама болмаса, біздің әңгімеміз үшін міндетті де емес. Дегенмен, игілікті істердің басты- бастыларын атап өтуге болады:

а) «Қазақ тілі» бүгінде республикаға ғана емес, қазақтар жасайтын одан тыс аймақтарда да белгілі, өз тетелестерінің ішінде абыройлы да беделді қоғам болып саналады.

ә) Тілге және тілге қатысты қоғамдық құбылыстарға қызу араласуына байланысты «Қазақ тілі» қоғамы белсенді де іргесі берік қоғамдардың санатына енді. Осыған орай ол Қазақстан Республикасының халық сайлаған бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тарапынан жоғары бағаланып отыр.

б) Қоғам ұйымдастыру науқанын табысты аяқтауына байланысты оның барлық 19 облыста, олардың қала, аудандарында өз ұйымдарын құрып, қалың тіл жанашырларын өз төңірегіне топтап отыр. Осының арқасында «Қазақ тілі» қоғамы ел ішіне кең тараған қалың бұқаралық ерікті ұйым болып танылды.

в) Қоғамның жалпы бағыт-бағдарын анықтап, мақсатын айқындап отырған, жылы жанбырдан кейінгі қозықұйрықтай қаулап өскен республикадағы жүздеген жаңа ұйымдардың басын қосып, бір мүддеге жұмылдырып отырған оның айбынды үні – «Ана тілі» газетінің шығуын мәдени өміріміздегі үлкен құбылыс деп есептеуге болады. Ол барлық жағынан кешегі Ахмет Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетінің рухани мұрагері болып саналады. «Қазақ тілі» қоғамының жер-жердегі ұйымдары тарапынан қазірдің өзінде республикада 2 журнал, 18 газет жарық көріп отыр. Бұл тәрізді игілікті істерді де біреулер байқамауы, байқаса да мән бермеуі мүмкін.

г) Қоғамның жанынан ашылған «Тіл тағылымы» деп аталатын халық университеті тілтаным және басқа да қоғамдық ғылымдар саласынан дәріс өткізіп, халық арасына білім таратушы бірден-бір орталыққа айналып отыр. Бұл университеттің өнеге-үлгісін ел арасына, қоғамдық ұйымдарға кеңінен таратуға қағазға деген мұқтаждық тосалғы болып отыр.

ғ) Республикалық қоғам және оның облыстардағы ұйымдарының қаржы мәселесін шешуге байланысты істеп жатқан әрекеттері де аз емес.

д) Қоғам ана тіліміздің төл проблемаларына да қызу ат салысуда. Ол Тіл туралы заңның өзінен бастап, 2000 жылға дейінгі тіл дамуы туралы бағдарламаның жасалуына, терминологияның, жер-су, географиялық объектілердің реттелуіне, жазу мәселесіне, қазақ тілін үйрету, оның

әдістемелік құралдарын жасатып, бастырып, таратуға, тіл мәдениетін көтеруге, т.б. осы сияқты мәселелерді шешуге тікелей араласып келеді.

Әрине, қоғамның мұндай игілікті істерін термелеп, санамалап айта берсе, көп орын алатыны сөзсіз. Шынайы жағдайды дұрыс түсінгісі келетін жанға осы айтылғанның өзі де аз дүние емес. Бірақ біз осыны айта отыра, әсте де табысқа мастанып, жайбарақат күй кешкіміз келмейді. Қоғамның атына айтылып жатқан артық-кем сынға да біз осы тұрғыдан қараймыз.

Дегенмен, сынның да сыны бар, сыңаржақ сындардан өз кезінде тиісті қорытынды шығарып, өз бағасын беріп отырмасақ, әлі де бойы өсіп, бұғанасы қата қоймаған «Қазақ тілі» қоғамының болашағына олар зиянын тигізуі мүмкін. Менің өз ойым: қоғам туралы қоғамдық пікір тудырғысы келетін адам ең алдымен сол қоғамның мақсат-мүддесін терең түсінуі керек. Ал түсіну үшін осы қоғамның «қазанында» біраз қайнау керек. Екі жылдан бері тіліміздің зарын зарлап, мұның мұндап болғанбыз. Сондықтан бүгінгі тіл қоғамына қарадүрсін айқайшы емес, тіл табиғатын түсіне білетін ақыл-кемел, парасатты жан керек. Қолынан іс келетін, салқын қанды, жүрегі ыстық, қолы таза салауатты адам керек. Қоғам жұмсақ кресло, мінер көлік іздейтін мансапқорлардың да жылы орны емес; қоғам көлденең жүрген көк аттының да бір соғып өтер тұрағы емес... Сондықтан да біздің қоғам біле білгенге қасиетті, білмеске қасіретті, сыры мол дүние. Олай болса, қоғамды сынайтын халайықтың өз басына біз де сын көзбен қарағанымыз жөн. Өйткені бүгінгі қоғам қалыптасу дәуірінің қасіреті мен «өсу процесінің қиындығын» басынан кешіріп отыр. Ол тез өсіп келе жатыр. Оны «сыншылар» ескеру керек. Ал аяқ-қолы балғадай болып, тез өсіп келе жатқан балаң жігіттен үміт үзбеу керек. Қайта оның өсуіне, балиғатқа жетуіне жәрдемдесу керек. Оның өктем талабына, сұранысына, қажетіне төтеп бере алмасақ, қоғам құрған біздерге сын, қауымның сенімін ақтай алмаса, қоғамның өзіне сын. Демек, қоғамның өсіп жетілуіне уақыт керек, уақыт қана емес-ау, камқоршы, ақылгөй ұстаз, шынайы жанашыр қажет.

Қоғам қамын ойлаушыларға да, кейбір сыңаржақты сыншыларға да айтатын бір сыр: о баста «Қазақ тілі» қоғамын құрғанда көп нәрсені алдын-ала байқай алмадық. Ол кезде дәл бүгінгідей өресі биік, өрісі кең шеру тартқан қалың бұқаралық қозғалысқа айналып кететінін пайымдау мүмкін емес еді. Сөйтіп, кезінде ізгі мақсат, ұшқыр сезімнің қанатында ғайыптан дүниеге келген бүгінгі қоғамдық перзентке күйіне де, сүйіне де қарағың келеді. Қоғам тағдырына шынайы жанашырлықпен айтылар сын осыны да ескеруі қажет сияқты. Өйткені кейбір кемшілік жоғарыда айтқан



«өсу процесінің» қиындығына да байланысты, бастапқы Жарғының кемшіндерін бүгін өзіміз де сезініп отырмыз.

Осыларды айта келе, біраз алшақтап кетсем де мен мақаланың тақырыбына қайта соққым келіп отыр. Енді «Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» деген сөзді «Қазақ тілі» қоғамының өз басына, оның бойына дерт болып жабысқан бір кінәратқа байланысты тағы да жандандырғым келеді.

Біз жоғарыда жер-жерде құрылып жатқан «Қазақ тілі» қоғамының басын ұстап, үрдісін анықтайтын игі-жақсы қауымның арасында ара-тұра кездейсоқ адамдардың да кездесіп қалатынын ескертіп, оның себептерін де бажайлаған едік. Шынында да бұл дерт бүгінде «қазақ тілінің шынайы жанашыры» деп аяқ-қолын жерге тигізбей, оңды-солды мақтап-марапаттап жүрген қазақ ағайындардың өз бойынан табылып отыр. Оны көргенде «сенген қойым сен болсаң, күйсегенінді...» дегін келеді. Бұл дерттің диагнозы – жалпы түрде айтқанда «қазақ ауруы» да, оның симптомы мен себебі екі топтан тұрады: 1) баяғы сол бақталастық пен бақастық, күншілдік пен көре алмаушылық, мансапқорлық пен өзімшілдік 2) істің мәнін жете білместік, бейхабарлық, саяздық, қарадүрсін кеудемсоқтық, нар тәуекел, көзжұмбайлық, т.б. Ал «аурудың» көрінісі: өсек-аян, көз тасалау, (1 жолы жоқ) бірінің үстінен бірі арыз жазу, ырың-жырың, өзара келіспеушілік, бірінің тілін бірі алмау, бұра тарту, айтыс-тартыс т.т.

Қоғамның әлі де жас балғын денесіне дендеп бара жатқан осы бір дерт, әрине, сол қоғамның президенті ретінде ең алдымен менің арқама аяздай батып, жанымды жаралайды. Жұмысымызда кемшілік жоқ деп айта алмаймыз.

Қоғам денесіне дарыған «ауру» барған сайын асқынып бара жатқан сияқты. Сондықтан да, «ауруын жасырғанды өлім әшкере етеді» дегендей, өз дертімізді ашық айтып, өзіміз емдемесек, қоғамның дамуына нұқсан келтіреміз сөзсіз.

Біреуді айыптау үшін емес, бойымызды арылту үшін аталмыш «қазақ ауруының» көзге ұрып тұрған түрлерін санамалап айтқым келеді.

1. Қоғам бастықтарының арасында бас билікке таласу, бақталастық, мансапқорлық сияқты «пендешілік» байқала бастады. Бұл көбінесе облыстық, қалалық, аудандық ұйымның төрағалары мен олардың орынбасарлары арасында байқалып жүр. Жарғы бойынша, төраға қоғамнан жалақы алмайтын қоғамдық негіздегі басшы. Ол бастапқы идея бойынша – қоғам ісіне игілікті ықпал жасап отыратын, ел ішінде бедел-абыройы зор, көргені мен көңілге түйгені мол, білімді де білікті жан; қоғам басшыларына ақыл-кеңес беріп отыратын ақылгөй адам. Оның

орынбасары күш-жігері мол, алғыр да іскер, білімді, мінезді, бойында ұлттық қаны бар, ана тілі алдындағы азаматтық борышын, перзенттік парызын ерекше сезінетін кісілігі мол жастардан болса игі деп тілеймін. Көп жерде-ақ осылайша үйлесімін тапқан жандар тізе қоса отырып, игілікті іс тындырып жүргенін де айтуға болады.

Бірақ мұндай «ауызбірлік» барлық жерде бірдей байқалмайды. Кикілжіңді бастайтын – әдетте пысықайлау орынбасарлар. Ең алдымен оларға төраға тақиясы тар келе бастайды, «отырса – опак, тұрса – сопақ». «Креслода сол отырады, телефонның құлағы соның қолында, мінетін көлік те соның астында, қоғамның абырой-атағы бәрі соған телінеді, ал жұмысты істейтін мен, орынбасар...» деген күңкіл шыға бастайды. Күңкіл болса бір сәрі ғой, мұның аяғы үлкен күншілдікке, бақталастыққа соғып, дау-дамайға айналып жүргені де белгілі. Тіпті, ондай төрағаны орнынан ығыстырып тастап, өзі жалақы алатын төраға болып алған азаматтарымыз да бар. Мүмкін, қоғам басқарудың дәл осы түрі дұрыс та шығар. Өмір соны дәлелдеп жатса, несіне қарсы боламыз. Бірақ бұл қоғамға тән имандылық пен инабаттылықтан аттау емес пе? Мұның кімге қандай үлгі, қандай өнеге боларын да кім білсін! Сондықтан болу керек, бұл «тағылым» басқа жерлерде де шаң бере бастады. «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, осындай бақталастықтың арты үлкен дау-дамайға айналып жүргенін бұдан әрі жасыруға болмайды.

Басшы ағайындар! «Балық басынан шірімесін! Бұлақ басынан лайланбаса екен деймін. Басшылардың барша әрекетін қалт жібермей бақылап отырған қалың жұртшылық бар. Екі басшы өзара ғана айтысса бір сәрі: бірақ олар ел ішінде топ құрып, тобыр сайлатып, жұртты дүрліктірсе, оларды құдай алдында да кешіруге болмайды.

2. Дерттің енді бір түрі – менмендік, кеудемсоқтық (амбиция), өзімбілемдік. Бірақ мұндайлардың көкейінде де есекдәме, мансапқорлық пиғыл жатады. Ондай пенделер қоғамның әртүрлі буындарында-ақ байқалып жүр. Бұлардың пиғылын бір сөзбен айтқанда: өзінше бастық болу, үй ішінен үй тігіп, өзінше түтін түтету. Бір кезде «Қазақ тілі» қоғамының құзырында ұйым құрып, шаңырақ көтерсе де, бола бастаған, (1 жолы жоқ) әсіресе, аудан, қала көлеміндегі кейбір ұйым бастықтары ымыраға келіп, сатылы байланыс (субординация сақтап) жасап, қасиетті тіліміздің мүддесін қорғаудың орнына, іргесін елден аулақ салып, «дербестікті» аңсап, өзінше от оттап, су ішкісі келетін көрінеді. Бұл не? «Өзі болған қыз төркінін танымайдының», әлде «Жаман атқа жал бітсе,

жанына торсық байлатпастың» кері ме? Ондай азаматтар қоғам құрғыш болса, өздері неге бұрын құрып алмады? Бірақ қалай болғанда да қалың бұқаралық ерікті қоғамның тағдырын бір адам шешуі мүмкін емес. Олай болса, біздің таңғалатынымыз: бүйректен сирақ шығарып жүрген тентек басшыны тезге салатын ел-жұрт, саналы азаматтарда неге үн жоқ!? Неге қалың ел болып көтерген «Қазақ тілі» деген қасиетті Қара шаңырақтың шырқын бұзуға жол беріп отырмыз!?

Осыған орай айтатыным: ағайындар, біз қай облыста, қай қалада, қай ауданда қоғам құрмалық, ол бір-ақ қоғам, бір-ақ ізгі мақсат-мүдденің төңірегінде топтасқан қауым. Қандай қоғам және қанша қоғам құрсаңыздар да өз ықтиярларың. Бірақ «Қазақ тілі» қоғамын басқа бір мақсатқа итаршы қыла көрмеңіздер!

3. «Қазақ тілі» қоғамына қатысты дерттің тағы бір тобы – орысшалап айтқанда «популизм», қазақшасы – әуегейлік, даңғаз-дарақылық, экстремизм, әпербақан, ұрдажықтық тәрізді қасиеттер. Рас, бүгінгі аумалы-төкпелі заманда қайткен күнде де (өзіне емес!) біреуге келсе де, келмесе де ұқсап бағу тенденциясы етек жайып отыр. Жайбарақатта жақсы мінезімен ғана белгілі жанның аяқ астынан нілдей бұзылып, тобырды бастап, «аттанға» айқай қосып, атой салып, жұрттың алдына шығушы әуегей, әпербақан жандарды жиі көретін болдық. Кейде батылдықтың да, батырлықтың да, әрине, керегі бар. Соны ескеріп, кейде «Інісі содырлының – ағасы қадірлі» дегенді ойлап, үндемей қалатын жайларымыз да болады. Бірақ «ана тілімізді – арымыз» - деп ту етіп отырғанда соның атын саудаға салып, соның жоғын жоқтап, зарын зарлаған болып, жеке басының беделін көтеруге, абыройын арттыруға ұрынатын жандарды көргенде де жаның жабырқайды. Тіл үшін істеген болмашы ғана ісін бұлдап, айды аспаннан шығарғандай әлемге жар салып жүретін азаматтар да арамыздан көріне бастады. Бұларға не деуге болады?

«Популизм» деген бүгінде жан-дүниені билеп алатын қоғамдық дертке айналып бара жатыр. Ол – көбінесе көпшілік психологиясының бір көрінісі; ал көпшілік пен жеке адамды билеп алатын соқыр сезім, әуегейліктің алды – соқпақ, арты – жар.

Қасиетті қазақ тілінің бүгін де, ертең де, болашақта да жанынан табылатын шынайы жанашыр, жанкүйерлерінің арасында ондай әуегейлердің болмағаны абзал. Өйткені тіл қаншама наркескендей өткір, мөлдір судай таза, жарға соққан толқындай екпінді болса, соншама нәзік дүние ғой. «Оны қорғаймын деп жүріп, әуегейлер жанын жаралап алмаса екен!» деп ойлаймын.

4. Бұл тәжірибесіздіктен, «өсу процесінің қиындығынан туындайтын» дерт болуы ықтимал. Жер-жерде құрылған қоғамдардың үлкені бар, кішісі бар өзінен жоғары тұрған ұйымдардан жәрдем күту, нұсқау күту әдетіміз бар. Әрине, ондай жәрдем керек-ақ. Бірақ Жарғы, Бағдарлама тұрғысынан өзінше жол тауып, жаңалық бастауға болмай ма? Ондай үлгілі, өнегелі ұйымдар бізде аз емес.

Бұл мәселенің бір жағы, оны біз «инициативасыздық» деп атаған болар едік. Мәселенің екінші жағы – бұрын бастық болып көрмеген (1 жолы жоқ) болған екен – қоғам атынан оған рахмет. Бірақ осыдан кейін әлгіндей бастық өзінше қыр көрсетіп шыға келеді. «Мұны істеген мен!», «Бұл – біздің ісіміз!». «Ал республикалық, облыстық қоғамдар, осы сендер не тындырып жүрсіңдер?!» деп өзінше бүйрегін таянып, шіреніп шыға келеді.

5. Енді бір дерт – «пендешілік». Бұл қазақ түсінігінде – өте кең ұғым. Дегенмен, оның бір-екі түрі қазақ тілі маңында да байқалады. «Қазақ тілі» қоғамы құрылғаннан кейін оның төңірегінде «ақылгөйлер», «қамқоршылар», сыншылар көбейе түсуде. Мейлі ғой, жаңа басталған тірлік, кем-кетіктерінің болуы ықтимал; ағайынның жанашырлық, жақсы лебізінің, ақыл-кеңесінің артықтығы жоқ.

**С этого и началась беседа корреспондента КазТАГ с президентом общества, директором Института языкознания, академиком АН Казахской ССР А. Т. Кайдаровым.**

– Новое республиканское общество, каким бы ни было название, – подчеркнул он, – в своей деятельности всегда будет верным принципам интернационализма, заложенным в его уставе и платформе. Наша помощь в сохранении, возрождении и свободном функционировании языков разных народов и национальных групп, живущих в Казахстане, станет постоянной и, надеемся, эффективной.

Конечно, это потребует поиска конкретных форм научно-практических и творческих действий и контактов. Но наиболее реальной и жизнеспособной, на мой взгляд, является координация усилий и взаимодействие с уже созданными или создаваемыми национально-культурными центрами. Ведь и в их программах приоритет отдается решению языковой проблемы. Имеется также немало общего с ними в предстоящем подходе к практике овладения языками, развитию двуязычия и многоязычия.

К сотрудничеству нового общества с национальными культурными центрами привлекает нас также недавно принятый Закон о языках Казахской ССР, где в обязанность государственного языка вменяется забота не только о собственном престиже, но и о свободном развитии и функционировании других языков.

Надо также отметить, что устав нового общества препятствует диктату по отношению к аналогичным добровольным обществам в других городах и областях республики. Они могут сами определить программу действий и свое название с учетом живущих в том или ином регионе народов и национальных групп.

– *В ходе работы съезда число учредителей общества возросло. К ним присоединились ЦК ЛКСМ Казахстана, Алма-Атинский горисполком, главная редакция Казахской советской энциклопедии, Госкомитет по телевидению и радиовещанию Казахской ССР, объединение «Казкнига», Казахский академический драматический театр имени М. О. Ауэзова. На чем основывается их интерес к судьбам национальных языков?*

– Разбуженное перестройкой национальное самосознание обрело способность реально оценивать всю критичность положения языков малых народов и оторванных от своей этнической основы национальных групп. Утрата этими языками своей самобытности, падение их общественного престижа, сужение сферы функционирования сегодня больно отдаются на морально-психологическом состоянии людей. Отсюда и решительность в требовании защиты родных языков, причем не только силой правовых актов, но и заботой всего общества.

– *Было отмечено, что язык – это главный ключ к взаимопониманию людей и устранению негативных явлений в области национальных отношений. Каковы ваши личные мысли по этому поводу?*

– Не могу не сказать, что за последние 70 лет впервые в республике состоялся такой обстоятельный, откровенный разговор о судьбах родных языков ее народов. Поэтому он вызвал большой интерес общественности. Ведь каждый народ имеет право гордиться своим родным языком, беречь его как святыню, хранителя и выразителя духовных ценностей. Этой высокой мыслью были пронизаны выступления представителей не только коренной национальности, но и русских, украинцев, немцев, азербайджанцев, турков, поляков и всех, кто участвовал в работе учредительного съезда. Не случайно на нем были, кроме делегатов, и сотни приглашенных из соседних советских республик, а также из КНР, МНР, Ирана, Афганистана и Венгрии.

– *Каковы ближайшие и перспективные планы общества?*

– Хотя своего помещения пока нет, уже активно участвуем в разработке государственной программы языков, составляемой на основе Закона о языках Казахской ССР. Будем действовать с учетом предложений и замечаний, высказанных на учредительном съезде. Постараемся отразить в этом документе интересы всех отделений общества. В числе неотложных наших задач также проведение своего рода социологического исследования на местах, что даст возможность исходить в работе строго из реальности и тем самым повысить ее эффективность.

В перспективе предусматривается создание центра обучения на национальных языках. Для этого приобретаем необходимые современное техническое оборудование, методические и учебные пособия, будем готовить специалистов. Предполагаем иметь свой печатный орган.

На новое общество возложена задача государственной важности. В нее входят практическая реализация и решение всем миром как чисто языковых проблем, так и комплекса социально-культурных, нравственно-этических и других вопросов духовной жизни, связанных с языками.

*«Казахстанская правда», 1 ноября, 1989*

### **Конференция по вопросам тюркологии и истории русского востоковедения**

В июне с. г. в Казани при Казанском ордена Трудового Красного Знамени государственном университете имени В. И. Ульянова-Ленина состоялась межвузовская научная конференция по проблемам тюркологии и истории русского востоковедения.

В работе конференции принимали участие преподаватели вузов, ученые-востоковеды, представители научных учреждений Татарии, Москвы, Азербайджана, Узбекистана, Казахстана, Башкирии, Киргизии, Молдавии, Туркмении, Якутии, Чувашии, Бурятии и Марийской АССР. Было заслушано около 30 докладов и сообщений по самым различным вопросам общей тюркологии и востоковедения.

Поскольку конференция посвящалась 40-летию юбилею Татарии, то в докладах, заслушанных на пленарном заседании, главным образом, отмечались успехи и достижения татарского народа в области подготовки национальных филологических кадров, роль Казанского университета в развитии общетюркологической науки в нашей стране, вообще, и татарского языкознания, в частности.

Так, в докладе доцентов *М.З.Закиева* и *Д.Г.Тумашевой* («Роль Казанского университета в развитии тюркологии») рассматривается четыре периода развития тюркологии в стенах Казанского университета. Первый период охватывает 1805–1855 гг., т.е. время со дня открытия университета до перемещения восточного разряда в Петербургский университет. Этот период характеризуется образованием казанской школы во главе с проф. А. Казем-Бекком. Представители этой школы (И. Н. Березин, И. Хальфин, А. Троянский и др.) не замыкались рамками чисто лингвистической дисциплины, а одновременно вели исследования в области истории, этнографии, фольклора не только татар и башкир, но и казахов, узбеков, тувинцев, уйгуров и других тюркских народов. Они признавали равноправность всех языков и, что особенно важно, привлекали к научной работе представителей тех народов, языки которых стали предметом изучения. Второй период (1860-1917) характеризуется созданием при университете кафедры тюрко-татарского и арабского языков. Развитие тюркологии в этот период связано с именами двух крупных ученых – Н. И. Ильминского и Н. Ф. Катанова, в системе научно-педагогических взглядов которых большое внимание уделялось живому разговорному языку, комплексному изучению языка со всеми другими сторонами духовной и материальной жизни того или иного народа. Научные интересы этих ученых сосредоточивались не на турецком языке, как это было принято по существующей традиции других тюркологических центров, а на тюркских языках России и древних языках Сибири. Третий период (1922-1944) связывается с преподаванием в университете татарского литературного языка, деятельностью проф. М. Курбангалеева и научно-экспериментальным изучением фонетической системы тюркских языков. Четвертый период начинается со времени организации в университете отделения татарского языка и литературы в 1944 г.

Росту филологических кадров был посвящен доклад проф. *Л.З.Залая* и кандидата филологических наук *Г.С.Амирова* («Подготовка лингвистических кадров филологов ТАССР за 40 лет»). За 40 лет было подготовлено более 30 кандидатов филологических наук (из них 14 женщин-татарок и три доктора филологических наук (Г. Саади, Л. З. Залая, М Гайнуллин).

Все остальные доклады и сообщения, заслушанные как на пленарном заседании, так и на двух параллельных секциях (секции тюркологии и истории русского востоковедения), можно сгруппировать примерно вокруг следующих проблем.

1. Живой интерес вызвали доклады, посвященные *вопросам изучения языка древнетюркских памятников*. – проф. И.А.Батманова (Фрунзе) «О локализации следов говоров в языке памятников орхон-енисейской письменности» и З.Максумовой (Казань) «Древний булгаро-арабско-персидский словарь Мухаммеда Карима».

2. Несколько выступающих осветили *историю изучения отдельных языков*. В докладе старшего научного сотрудника ИЯ АН СССР кандидата филологических наук А.А.Юлдашева (Москва) «Состояние языковедческой работы в области татарского языка» была хорошо показана двухсотлетняя история изучения татарского языка, обширное наследие дореволюционных ученых (С. Хальфина, И. Гиганова, А. Казем-Бека, К. Насыри, Н. Ильминского, Н. Остроумова и др.) и успехи советских ученых в области татарского языкознания. Кандидат филологических наук Г.М.Гарипов (Уфа) подчеркнул необходимость изучения башкирско-татарских языковых связей, как представителей северо-западной («кипчакской») группы тюркских языков, и отметил, что одной из основных вех в исследовании этой проблемы являются языки древних письменных памятников, в частности язык «Кодекс Куманикус», являющийся последним реликтом протокипчакского состояния тюркских языков. В связи с предстоящим выходом в свет в Башкирии сборника родословных башкир (составитель кандидат исторических наук Р. Г. Кузеев), где имеется много материалов и о казахах, докладчик отметил и другую сторону этой проблемы. В частности, разделяя мнение проф. Л. З. Заляя, он предостерег исследователей куманского (половецкого) языка в Казахстане и других местах от возведения языка этого памятника к одному конкретному тюркскому языку и предложил решать этот вопрос в сравнительно- историческом плане.

3. *Вопросы истории отечественного востоковедения и тюркологии рассматривались* в докладах доц. М.П. Хамагинова (Улан-Удэ) «О прогрессивной роли русских востоковедов в развитии бурятской фольклористики», доц. Г. Ф Шамова (Казань) «Китаистика в Казанском университете в первой половине XIX века», старшего научного сотрудника АН СССР И. П. Шастина (Москва) «Научные связи русского монголоведения с европейским востоковедением в XIX веке», доц. А. С. Шофмана (Казань) «К.А. Коссович как востоковед», Г. И. Исхакова (Казань) «Тюркологическая деятельность профессора Казанского университета Н. Ф. Катанова» и др. Весьма одобрительно было

встречено сообщение *Г. И. Исхакова* о предпринятой в Казани работе по составлению «Сравнительного словаря тюркских наречий» (более 100 авторских листов) на основе богатейшей картотеки *Н. Ф. Катанова*, охватывающей почти все наречия тюркских языков, начиная от Якутии до уйгуров в Китае, от Алтая до Урала, Волги, Дуная и Средней Азии. Подготовка этой работы к печати приурочивается к 100-летию юбилею со дня рождения проф. *Н. Ф. Катанова* (1962).

4. *Вопросы грамматического строя тюркских языков* были затронуты в докладах проф. *А.М.Демирчизаде* (Баку) «О грамматике проф. *А. Казем-Бека*», доц. *М.З. Закаева* (Казань). К проблеме падежа в тюркских языках», кандидата филологических наук *А.М.Каримовой* (Елабуга). Упрощение сложных конструкций в татарском языке», кандидата филологических наук *Г.Г.Сайтбатталова* (Уфа) «Периоды в башкирском языке», кандидата филологических наук *А.А.Юлдашева* (Москва) «Имеются ли в тюркских языках аналитические формы настоящего времени» и др.

5. *Вопросы лексикологии, лексикографии и фразеологии тюркских языков* излагались в докладах кандидата филологических наук *К. Г. Сабирова* (Казань) «Принципы классификации фразеологических единиц в татарском языке», доц. *Н.С.Григорьева* (Якутск) «Некоторые вопросы методики научного анализа фразеологических единиц якутского языка», кандидата филологических наук *Г.С.Амирова* (Казань) «Основные принципы составления толкового словаря татарского языка», кандидата филологических наук *Р.А. Аганина* (Москва) «О лексико-грамматической природе составных глаголов в турецком языке» и др.

6. *Проблема взаимоотношения и взаимодействия языков*. Внимание участников конференции привлекли доклады доцентов *Р.И.Бигаева*, *П.А.Данилова* и *М.У. Умарова* (Ташкент) «Гагаузы в Средней Азии и некоторые особенности их языка», а также *А.С.Аманжолова* (Алма-Ата) «О гагаузах в Казахстане и их языке». Гагаузоведение – малоразработанная область в тюркологии. Поэтому вопросы изучения языка и этногенезиса гагаузов, проживающих изолированно от основной массы в отдельных районах Средней Азии и Казахстана, представляют большой научный интерес.

С большим вниманием были прослушаны доклады *Р. Х. Субаевой* (Казань) «К проблеме русско-тюркского языкового взаимоотношения», доц. *Н.Т.Пенгитова* (Йошкар-Ола) «Тюркизмы в марийском языке», а также кандидата физико-математических наук *Н.А.Халитовой* (Казань)

о первом опыте перевода на счетно-вычислительной машине с татарского на русский язык.

Творческий характер представленных на конференции докладов способствовал оживленному обмену мнениями. Научные споры и полемические высказывания выступающих (проф. *Е. И. Убрятовой*, проф. *И.А.Батманова*, проф. *Л.З.Заяй*, кандидата филологических наук *Г.С.Амирова*, *А.Б.Хасеновой*, *А. Б Булатова* и др.) по докладам способствовали более глубокому и всестороннему освещению тех или иных вопросов как общетюркологического, так и узколингвистического характера.

Конференция рекомендовала улучшить координацию научно-исследовательской работы в республиках, проводить совместные диалектологические экспедиции, региональные совещания, посылать на учебу своих аспирантов, обмениваться научными трудами, комплексно разрабатывать проблемы общей тюркологии, сравнительно-исторического изучения родственных языков, считать крайне желательным преподавание в вузах курсов общей тюркологии («Введение в тюркологию», «Сравнительная грамматика тюркских языков»), создать печатный орган для публикации работ по вопросам тюркских языков «Вопросы тюркологии». Наряду с этим участники конференции обратили внимание на отставание в изучении вопросов истории конкретных тюркских языков, а также отметили необходимость переиздания трудов проф. А. Казем-Бека, акад. В. В. Радлова, проф. Н. Ф. Каганова и других видных отечественных тюркологов.

*Қазақ ССР ғылым Академиясының Хабаршысы.  
Алма-Ата. 1960. (Соавт.А. Аманжолов)*

## ТІЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

“Тіл құрылысы” деп отырғанмыз – жеке тілдің тұтас қалпын, грамматикалық (лексика, фонетика, морфология, синтаксис, тарихи даму) жүйесін түгел қамтитын кесенді де әмбебап зерттеулер. Оларды, әдетте, “*Грамматический очерк*”, “*Строй языка*” деп те атайды.

Академик Ә.Қайдардың бұл “жанрда” жүргізген зерттеулері қазақ және ұйғыр тілдеріне бағышталған. Егер хронология тәртібімен алып қарасақ, ғалымның бұл саладағы алғашқы еңбегі “*Краткий грамматический очерк уйгурского языка*” деген аппен 1961 ж. “Уйгурско-русский словарьдың” қосымшасы ретінде (289-328 б.б.) жарияланған болатын.

Бұл жас ғалым үшін алғашқы тәжірибе, әрі күрделі еңбек болып саналды. Алайда, бұл еңбек ұйғыр тіл білімінің тарихында алғаш рет оның толық академиялық грамматикасын ұйғыр тілінде жазуға жол ашқан еді. Көп кешікпей Ә.Қайдар (ұйғыр ғалымдары Ғ.Садуақасов пен Т.Талиповтармен бірігіп) *“һазирқи заман ұйғыр тили”* (1 қисим, Лексика вә фонетика. Алмута, 1963, 264 б.) атты еңбек жариялады. 3 жылдан соң бұл грамматиканың екінші бөлімі – *“һазирқи заман уйғур тили”* (2-қисим. Морфология вә синтаксис. Алмута, 1966, 455 б.) Ә.Қайдар редакторлығымен және ұжымдық авторлығымен жарық көрді.

Бұл еңбектер жалпы түркология және ұйғыр ғалымдары тарапынан жоғары бағаланды. Оның бір айқын айғағы: 1) екі томның екеуі де көп кешікпей ұйғыр халқының негізгі отаны – ШУАР-да араб жазуымен (сол атауымен) қайтадан басылып шықты.

Көп ұзамай осы екі том ешбір өзгеріссіз үлкен бір том болып, қытай тіліне аударылып, ұйғыр тілін үйренушілер үшін оқулық ретінде басылып шығады. (*“һазирқи заман уйғур тили // Пекин, 1988, С. 672; қытайша*). Ғалым үшін бұл үлкен табыс еді, әрине. 1966 ж. ССРО халықтары тіліне арналып, Мәскеуде шыққан *“Языки народов СССР”* атты үлкен ұжымдық еңбекте ғалым Ә.Қайдардың тағы бір очеркі – *“Уйгурский (новоуйгурский) язык”* (Тюркские языки. М., 1966. т. 2, с. 363-368) жарық көреді. Автордың түркология әлеміне кеңінен мәлім болған еңбектерінің бірі осы болатын. Ал ғалымның ұйғыр тілі бойынша соңғы қатысқан ұжымдық еңбегі – *“Строй уйгурского языка”* (Алма-Ата, “Наука”, 1989, с. 4-47).

Ғалым Ә.Қайдардың лингвистиканың бұл “жанрында” қазақ тілі бойынша да жазған еңбектері баршылық. Солардың бірі – *“Современный казахский язык”* (фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, с. 120-129) атты ұжымдық еңбек. Ол онда қазақ сөздерінің құрылымдық типтерін сөз етеді. Қазақ тілі туралы жазылған автордың *“Казахский язык”* (БСЭ, М., 1973, т.2., с. 174-175) очеркі де түркі әлемінде жиі сілтеме жасалатын энциклопедиялық анықтамалардың бірі болып жүргені белгілі. Сондай-ақ *“Казахский язык”* деп аталатын көлемді грамматикалық очерктің Мәскеуде (Бішкекте қайталанып басылған) *“Языки мира. Тюркские языки”* атты ССРО Ғылым академиясы дайындаған энциклопедиялық басылымда (М., 1997, С. 242-254) жарық көрсе, *“Қазақ тілі”* деген үлкен еңбегі Қазақстан тарихының жаңа басылымында қазақ және орыс тілінде (*“История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах”*, т. 2, Алматы, “Наука”, 1997, с. 564-574), сондай-ақ “Қазақ тілі” деп аталатын



энциклопедияда (Алматы, 1998, 208-215 б.б.) жарияланған. Бұлар ғалымның бір-бірін қайталамайтын дербес зерттеулері.

“Тіл құрылысы” саласына кейбір грамматикалық, фонетикалық нақтылы құбылыстарды сөз ететін мына тәрізді бір топ мақалаларды да жатқызуға болады: “*К вопросу о частицах в уйгурском языке*” (Труды Сектора востоковедения АН КазССР. Алма-Ата, 1959, т. I, с. 117-136); “*Случаи выпадения неустойчивых согласных в устной речи уйгуров и их отражение в письменно-литературном языке*” (Маловские чтения, Алма-Ата, 1973, с. 30-33); “*Грамматические индикаторы в производных основах подражаний в тюркских языках*” (Вопросы советской тюркологии. Ашхабад, 1985, с.11-12), т.б.

Осы сияқты жалпы тіл құрылысына қатысты еңбектердің қатарына ғалымның әдеби тіл нормасына, стильге арналған мына сияқты мақалаларын да жатқызуға болады: “*Частицы как стилистическое средство выражения экспрессивно-эмоциональных оттенков речи в уйгурском литературном языке*” (сб. “Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР. Ашхабад, 1968, с. 247-256); “*Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі*” (“*Өнер алды қызыл тіл*”. Мақалалар жинағы. Алматы, “Жазушы”, 1986, 42-56 б.); “*Ғылым тілі және әдеби тіл статусы*” (Терминдер мен олардың аудармалары. Алматы, 1990, 9-21 б.); “*Толғауы тоқсан қызыл тіл*” (“Соц. Қазақстан”, 1984, 17 авг), т.б.

Айта кету керек, бұл еңбектердің әрқайсысының тіл тануда атқарған өзіндік міндеті, тіпті кезінде жазылуына себептері де болғаны белгілі. Мәселен, ғалымның “*Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі*” атты көлемді мақаласы 1986 ж. Қазақстан жазушылар одағында көркем сөз зергері Ғабеннің (Ғабит Мүсіреповтың) инициативасымен өткен көркем шығарма тіліне бағышталған үлкен мәжілісте жасалған баяндамасы болатын. Бұл көтерілген мәселенің тіл үшін қай кезде болмасын ғылыми-практикалық мәні зор екенін сол мәжіліс көрсеткен болатын.

“Тіл құрылысы” проблемасына қатысты тағы бір өзекті мәселесі – жазу мен емле десек, Ә.Қайдардың бұл салада да өзіндік үлесі барлығын көреміз. Атап айтқанда, ұйғыр тілінің 1960-жылдары жаңа қабылдаған емле ережесіне байланысты (акад. І.К.Кеңесбаевпен бірлесе отырып) айтқан пікірі (“*О новой уйгурской орфографии*” // Изв. АН КазССР, Сер. филол. и искусств., 1960, вып. 2, с. 86-93) мен Мәскеуден шыққан (“*Орфография уйгурского языка*” // Орфография тюркских литературных языков СССР. М., 1973. С. 236-256) жинақта жарияланған очерк бұл мәселенің де ғалым тарапынан арнайы зерттелгенін көрсетеді.

Қазақ тілі алфавитіне қатысты ғалымның жариялаған еңбектері мен іс-әрекеттері, пікірлері мен ұсыныстары қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына (1989) және қоғамдағы демократиялық үрдістің дами түсіп, күн тәртібіне “алфавитті ауыстыру” мәселесінің қойылуына байланысты дүниеге келген болатын.

Біз бұл арада да акад. Ә.Қайдардың ғылымдағы белсенділігін, қоғамдық өмірдегі саяси-әлеуметтік өзгерістер мен оның даму үрдісіне сергек қарайтындығын аңғарамыз. Ол 1990 жылдың басында алғашқылардың бірі болып, қазақ халқының ұлттық жазуын латын әліпбиі негізінде қалыптастырудың қажеттілігін баспа бетінде көтерген болатын. Міне, содан бері 10 жылдай уақыт өтті. Осы мерзімнің ішінде ғалым латын проблемасымен әрдайым шұғылданып келеді. Көптеген мақалалар жариялады: “*Латын әліпбиінің болашағы зор*” (“Ана тілі”, 1991, 24-қаңтар); “*Латын жазуына көшу – өмір талабы*” (“Жетісу”, 1.03.1996); “*Кириллицу меняем на латиницу?*” (Азия, 1993, №11); “*Қазаққа латын жазуы керек пе, жоқ па?*” (“Егемен Қазақстан”, 6.01.1996), т.б.

1993 ж. Анкарада өткен 6 түркі мемлекетінің қатысуымен ғылыми конференциясында Қазақстан мемлекетінің өкілі ретінде қатысқан акад. Ә.Қайдар бұл мәселені ресми түрде көтеріп, Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың атына жазған ашық хатында (“*Кемел елге кемел әліпби керек*” // Ана тілі, 1993, 30 желтоқсан) өз ұсыныстары мен латын әліпбиінің жобасын жариялаған болатын.

Бұл мәселенің шешілуі, әрине, еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдайға да байланысты. Үкімет тарапынан да, қоғам тарапынан да істеліп жатқан әрекет, шаралар жоқ емес. Бұл мәселені ресми түрде шешілуіне Ә.Қайдар бұдан кейін де белсене араласып, үкімет тарапынан құрылған арнайы комиссияның (ғылыми тобының) жетекшісі ретінде дайындық жұмысымен шұғылдандуда.

### Қазақ тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазіргі қазақ тілі өзара туыстас ру-тайпа одақтарының бірігуі және соның негізінде қазақ халқы мемлекеттігінің құрылуы нәтижесінде 15-17 ғасырларда қалыптасқан (История КССР...). Бұл тілде Қазақстанда және ҚХР, МХР, Иран, Ауғанстан, Түркия, сондай-ақ ТМД елдерінде: Россия Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, т.б. аймақтарда тұратын 11 млн. астам қазақ (1997) сөйлейді. Туыстық тегі жағынан қазіргі қазақ тілі ноғай тілімен біріге отырып, Батыс Түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіретін: қарақалпақ, қырғыз, татар, қырым

татары, башқұрт, карашай, балқар және осы топтағы өзге де тілдермен жақын туыстық қатынаста тұрады.

Қазақ тілінің тарихи тамыры тым әріден басталады. Егер біз қазақ ұлтының қалыптасуын ұдайы даму процестерінде оның ұлттық негізінің ажырамас құрамы Үйсін, Қаңлы т.б. ру-тайпалық одақтардың тарихымен мұралық байланыста қарастырсақ, онда ол көне, орта және жаңа болып басты-басты үш дәуірге бөлінеді. Бұлай өз ретінде түрлі тарихи жағдайлармен басқа да әсерлерге байланысты қазақ этносы тілінің әрқилы қалпын танытатын кезеңдерге салаланады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ этносының тым ертедегі тілі тарихи екі – ежелгі және көне кезеңнен тұрады. Ежелгі дәуір кезеңі бағзы заманнан (б. д. д I-II ғ.) бастап, түркі қағанатының құлауына дейінгі уақытты (IX ғ.) қамтиды. Бұл кезеңде болашақ қазақ тілі түркі әлеміндегі аса күрделі тілдік құбылыстардан нәр алды, сол тілдің мұрагерлері сол кездің өзінде-ақ (Б.з.д. I-131 ғ.) мемлекеттікке ие болған (Байпаков К. М. т.б.) түркі ру-тайпалық одақтармен (Бичурин Н.Я.), - ежелгі хун, сақ және өзге де скиф тайпаларымен тығыз қарым-қатынаста болды, (Зуев Ю.А. I, С.6-7;) және олардың этнос мәдениетін (Акишев К.А. Курган Иссык. М., 1978; Акишев К.А, Кушаев Г.А.,...) жалғастырды. Тарихтың бұл кезеңіндегі қазақ этносының тілі ғылымда әлі зерттелген жоқ, бірақ осы себеппен ғана этнос тілінің тарихынан тұтас бір дәуірді лақтырып тастау әділетсіздік болар еді.

Көне дәуір тұрғысынан алғанда (шамамен VI-IX ғ.) және қазақ этносы тілінің қалыптасу тарихының екінші кезеңі, түркі әлемінің өркендеу уақытымен (шамамен VI-IX ғ.) және Түркі қағанатының құрылуымен (Бернштам А.Н), сына жазулы Орхон, Енисей және Талас жазба ескерткіштерінің жасалуымен сәйкес келеді. Тіл тарихымыздың алғашқы кезеңі жайлы деректі жазба ескерткіштер болмағандықтан болжам түрінде айтсақ, осы дәуірдегі тіліміздің тарихының екінші кезеңі туралы бізге келіп жеткен мәліметтерді жақсы зерттелген, жарияланған көне түркі жазба ескерткіштерімен салыстыра отырып, нақты айта аламыз (Малов С.Е, Айдаров Ғ.)

Айтылып отырған болашақ қазақ тілінің жалпы түркі тайпаларымен бірге олардың барлығына ортақ түркі тіліне (5-9 ғ.), жазба ескерткіштеріне ғана емес, Батыс түрік қағанаттарына қарасты болған аймақтардағы тарихи ескерткіштерге де түркі тіліндегі қыпшақ тобының көрсеткіші ретінде «қатысканы ақиқат».

Өзге түркі тілдері тәрізді, қазақ тілі тарихында да, оның орта ғасыр дәуірі кезіндегі даму тарихының орны ерекше (X-XIX ғ.). Ол өзіндік

күрделілігімен және алуан түрлі тарихи уақиғалармен, сондай-ақ бүкіл Еуразия кеңістігінде қалыптасқан этнолингвистикалық жағдаймен сипатталады. Мұнда бір жерде ұйысып немесе әр жерде шашырап көптеген түркі тайпалар, тайпалық одақтар, мемлекеттігі бар, ал енді бірінде жоқ, көшпелі, жартылай көшпелі немесе қоныс тепкен халықтар мен ұлыстар тіршілік етті.

Қазақ халқы мен қазақ тілінің тарихы тұрғысынан алғанда орта ғасырлық дәуір ерекшелігі мол екі кезеңді басынан кешкен: ерте орта ғасыр кезеңі (XV ғ.) және кейінгі орта ғасыр кезеңі (XV 2-жартысынан IX ғ. 1-жартысына дейін). Егер қазақ тілі тарихының орта ғасырлық дәуірінің алғашқы кезеңіне сол кездегі жайы мен даму тұрғысынан қарасақ, ол ең алдымен бытыраңқы этникалық топтардың жалпы қыпшақ тілі туыстығы аясында бірігіп, бірте-бірте олар өмір сүретін байырғы географиялық кеңістікте жалпы халықтар қазақ тілінің тууымен сипатталады. Аталмыш дәуірдің екінші кезеңі (XV ғ. 2-жарт., IX ғ. 1-жарт.) қазақ тілінің ауызекі және жазба тіл ретінде біртұтас және ажырамас тұтастыққа айналуымен аяқталады (Сыздықова Р.).

Тілдің мұндай тұтастыққа жетуі тек қана бытыраңқы ру-тайпалық топтардың бірігуі арқылы ғана емес, Орта Азия және Қазақстан аймақтарында қалыптасқан қыпшақ тіл тектестігі аясындағы жойылуымен өзара іштей бірігуі мен жақындасудың нәтижесі.

Іштей екі кезеңнен тұратын (19 ғ. 2-жарт. басталып, XX ғасырдың 2-жартысына дейін және XX ғасырдың 2-жартысынан бүгінге дейін) қазақ тілі тарихының жаңа дәуірі (IX ғ. 2-жартысынан бүгінге дейін) жалпы алғанда ауызекі және жазба тілдің, сондай-ақ жазба әдеби тілдің демократиялық даму мазмұнымен (Б. Әбілқасымов) және оның құрылымдық бөліктерінің жетілдірілуімен жазу ережелерінің, лексикалық-грамматикалық нормасының тұрақтануымен, функционалды стилдерінің дамып келе жатқан көп жанырлы көркем әдебиет, ғылыми-көпшілік және қоғамдық-ағартушылық әдебиет негізінде сараланауымен сипатталады. Енді (деректердің мүмкіндігіне сай) аталған дәуірлердің әр қайсысына өзіндік ерекшелігіне және қазақ тілінің барлық даму, қалыптасу тарихы барысындағы геосаяси процестегі рөліне тоқталамыз.

Қазақ тілі тарихының көне дәуірінің екінші кезеңі туралы жалпылай айтқанда, бізге белгілі, соңынан қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалық одақтар тілінің жалпы түркі әдеби тілімен жазбаша, ауызекі, қызмет ету түрінде көптеген ұқсас сипаттары бар

екенін қанағат тұтуымызға тура келеді (VI-IX ғ.). Себебі, бұл көне тіл – Орт. Азия мен Қазақстан кең байтақ аймағында сол дәуірде тіршілік еткен көптеген түркі тайпаларының тірі тілдері мен диалектілерінің бір арнаға тоғысуының көрінісі. Бұл тіл - Тоны көк (716 ж), Күлтегін (732 ж), Білге қаған (735 ж.) сияқты басқа да қолбасшылардың, көрнекті мемлекет қайраткерінің өмірі мен ерен істерін баяндайтын толғауларға, қоштасу, арнау, асқақтату, халықтық теңеу түріндегі, көркем шындық құралдарының бейнелі модельдеріне аса бай болды. Егер қазақтың көптеген эпикалық мұралары мен ауызекі - ақындық шығармашылығы тілінің образдылығын, көркем шындықты баяндау үлгілерін көне түркі (VI-IX ғ.) тілінен жалғасқан дәстүр десек, артық айтқандық емес.

Алайда, түркі қағанатының құлауына (Батыс, Шығысын қоса алғанда) байланысты жалпы түркі әлемінде, соның ішінде Орта Азия мен Қазақстанда болған елеулі өзгерістер осы аймақтағы тілдік ортаға әсер етпеуі мүмкін емес еді. Бұл арада, халықтардың көшіп-қонуы, жаңадан құрылған мәдени орталықтар мен мемлекеттік құрылымдардың, сондай-ақ исламның таралуы, соған байланысты араб жазуының қолданылуының кеңінен өріс алуы және т.б. әсер етпей қалған жоқ.

Мысалы, Орта Азия мен Қазақстан халықтарына тікелей қатысы бар аса маңызды тарихи оқиғалардың қатарына түркі мұсылмандарының Оңтүстік Қазақстандағы Саманидтер мемлекетін жаулап алуын жатқызуға болады. (В. В. Бартольд, III. 1. 126). Көшпенділердің зиялы қауымы арасына мұсылман дінінің енуі және таралуы ең алдымен олардың рухани дүниесіне, көне әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне белгілі бір дәрежеде өзгерістер әкелді. VIII ғ. бастап араб жазуына көшуге байланысты көне түркі әдеби тілінің ауызекі және жазба дәстүрі біртіндеп қолданыстан ығыстырыла бастады.

X-ғасырда құрылған қуатты Қарақандитер мемлекетінде іс-қағаздары жалпы түркі тілінде жүргізілді, бірақ оның негізіне араб жазуы алынды. Бұл дәуірде мемлекеттік дәрежеде қызмет атқарған түркі тілі осы мемлекеттің иелігіне енген ру-тайпа одақтарының тірі тілдері мен диалектілерінің жиынтық тоғысы (синтезі) іспеттес болды. Бұл тіл біртіндеп Саманидтер күштеп енгізген араб тілінің, дәстүрі мен «канондарынан» ғана емес, сонымен қатар түркі әдеби тілінен де алыстай түсті. Бірақ түрлі әлемнің кейбір жекелеген өлкелері мен мәдени орталықтарында (Мысалы, Алтын Орданың кеңселерінде және т.б.) көне түркі жазуы негізінде қызметін жалғастыра береді.

Алғашқы орта ғасырлық түркілер тілінің тарихын тілге тиек еткенде, көптеген көшпелі халықтардың қоғамдық-мәдени тұрмыс-тіршілігіне, этникалық, мемлекеттік құрылымына, тіліне өзгеріс енгізген күрделі тарихи оқиғалар жайында да әңгіме өрбіткен жөн.

Мұндай оқиғалар қатарына Шыңғысханның және оның ұрпақтарының (XIII ғ. бастап) Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы да жатады. Бұл оқиға - басқасын айтпағанда, бұған дейін өз алдарына жеке-жеке бытыраңқы жүрген этникалық топтар мен түркі руларын, тайпаларын, қыпшақ тілдік одағының аясына біріктірді (Е. Жұбанов, А.Ибагов). Олар осы жағдайда өз алдына жіктелді және жалпы белгілеріне қарай бірікті. Бұл Алтын Орданың, Жошы және Шағатай ұлыстарының ыдырауымен, бірқатар жеке тілдердің, оның ішінде қазақ тілінің де, бөлініп шығуына әкелген кезеңге сәйкес келеді. (Греков Б. Д., Якубовский А. Ю.).

Сондықтан да мазмұн-мәніне орта ғасырларда (X-IX ғ.) өзара туыстас ондаған түркі тілдері мен сөйленістерінің жалпы типологиялық ерекшеліктерін қалыптастыруда ерекше рөл атқарып, нәтижесінде, оның «қыпшақ тобы» тобын құруға себепші болған өзінің құрылымдық жинақтылығының арқасында Еуразияның барлық өлкелеріне кеңінен тараған, соған байланысты басқадай тілдік топтардың арасында басымдық жағдайға ие болған қыпшақ тілдік одағының сипатталуына ерекше тоқталған жөн.

Шындығында да, жалпыға ортақ бастауы бір, бірақ өзіндік құрылымдық белгіні иемденген, көптеген ру-тайпалардың тілдері мен сөйленістердің арасында қыпшақтық бөлік XV ғ. қарай басым түсіп, қыпшақ тобы орта ғасырларда Орта Азияда, Қазақстанда, Поволжье мен Кавказда, Венгрияда, сондай-ақ Мысыр мен Сирияда кеңінен қолданылады. Мұның барлығы кейінірек жіктелген бірігулер мен аймақтық және жеке тілдердің қалыптасуына әкелді. Бұл, әдетте, мәдени-әкімшілік орталықтары маңайында өтті. Сол уақыттың өзінде-ақ жалпы Дешті Қыпшақ түркілері тілі туралы ғана емес, сол сияқты Мәмлүк, Поволжье, Орталық Азия, Қазақстан қыпшақтарының тілі туралы да айтуға болатын еді. Міне, бірқатар тілдердің тарихи дамуындағы осы бағыт қыпшақ тобына жататын қазақ, ноғай, татар және т.б. жеке тілдердің құрылуына (XV ғ.) әкелді. Сөйтіп, қыпшақ тілдері қауымдастығы (X-XV ғ.) қорытушы және қарым-қатынасқа түсіруші орта қызметін атқарып, көптеген жақын туыстас тілдерді және сөйленістері өз айналымына біріктіре алды, типологиялық жағынан бір, құрылымдығы тұтас, сөздік

қоры бай, түркі тілдерінің өзіндік ерекшелікке ие тобын құрып, сол уақытта қалыптасқан тілдік жағдайдан шыға алды.

Қазақ халқының және оның тілінің қалыптасуындағы этнотуыстық процестерді дәл осындай тарихи астарда қарау ләзім, ол этностық өзіндік санасымен байланысты: ұғымының тұтастығы, этникалық заттың, руханилық, территориялық және т.б. психологиясы, тұрғысындағы бірлік. Бұл процестер уақыты жағынан алғанда қазақ жерінде мемлекеттің құрылуымен тұспа-тұс келеді.

Орта Азия мен Қазақстандағы өзге халықтардікіндей қазақ халқы тарихының орта ғасырлық дәуірі де ерекше. Бұл дәуірде аталған халықтардың қоғамдық өмірі заттың руханилықтың көрсеткішіндей мәдени оқиғаларға толы болды. Мұның өзі тілдік жағдайға, нақты тілдің тағдырына (жағымды кейде жағымсыз) әсер етті.

Осыған байланысты жалпы, аймақтың, нақты қыпшақ және аралас қыпшақ-оғыз тілдерінде бірқатар көркем эпистолярлық, филологиялық, тарихи, діни, жағрапиялық, агиографиялық және басқа шығармалардың дүниеге келгенін атап көрсетуге болмайды. Мұндай жазба ескерткіштер тілін талдау ғалымдарға олардың арасындағы кеңістік-уақыт байланысын, тектік жақындығы мен алшақтығын және өзге де ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл жалпы (қыпшақ тілдерінің), сондай-ақ жекелеген тілдердің арасындағы жалпы және жеке нақты тілдердің ерекшеліктерін (ол жөнінде соңынан) анықтауда маңызды.

XIII-XIV ғ. Дешті Қыпшақтан Мәмүліктер Мысыр мен Сирияға дейінгі аймаққа иелік еткен Алтын Ордада қызмет еткен жалпы қыпшақ әдеби тілінің түрлі аймақтарда өзіндік жергілікті айырмашылықтары көрінеді. Бұл нақты жағрапиялық жағдайлармен ерекшелінген түрлі мәдени-әкімшілік орталықтардың әсері; бір жағынан жеке қыпшақ әдеби тілін түзеуге ұмтылуы болса, екінші жағынан, жалпы келіп осы әдеби тілдің негізін құрайтын әрбір қыпшақ тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуға ұмтылуынан. Қалай болғанда да, осы ортағасырлық қыпшақ әдеби тілінің негізін құрушы ұйытқы «жағрапиялық тұрғыдан» - Дешті Қыпшақ, (Құрышжанов А), ол тілдік тұрғыдан алғанда - сол кезеңде түркі тілдерінің бүкіл қыпшақ тобына басыңқы (жетекші) болған бөлігі, қыпшақ-куман диалектісі. Ал қазақ тіліне келер болсақ, ол аталмысы жетекші топпен тікелей этнотуыстық және этнотілдік қазақ халқының құрамына енген қыпшақ ру-тайпалық одағы арқылы байланысты еді. Дегенмен қазақ тілінің қалыптасуына түпкілікті (XV ғ.) шешуші себеп болған геосаяси орта.

Зерттеуші ғалымдар қазақ тілінің тарихына тікелей немесе жанамалы түрде қатысы бар көптеген ортағасырлық жазба ескерткіштерді анықтап зерттеді.

Біздер үшін осы еңбектердің ішінде мына филологиялық шығармалар ерекше назар аударады: 1) «Латынша - парсыша - қыпшақша сөздік» (1245 ж.). Мұнда Евангелияның және т.б. діни мәтіндердің қыпшақ тілінде жасалған аудармасы берілген.

Ғалымдардың пікірінше, бұл еңбек «өзінің құндылығы жағынан қазақ тілінің ортағасырлық тарихын зерттеу ісіне үлкен үлес қосарлық аса бағалы жазба ескерткіш» (История Каз ССР, 232).

2. Бүкіл әлемге белгілі қыпшақ тілі жазба ескерткіші (XIII ғ. аяғы, XIV ғ. басы «Кодекс Куманикус»). Бұл еңбектің тілі - Алтын Орта кезеңінде қалыптасқан қыпшақ әдеби тілінің негізі болуға ұмтылған қыпшақ-куман диалектісі.

3. Бізге әзірге тіліміздің ішінде ғана жеткен қаңлы тілінің сөздігі – «Таббийун әл-луғат әт түркі әл-лисан әл-Қанғли» (XIV ғ. басы). Белгілі түркі-ғылыми, проф. М.Ф. Копюрлидің айтуына қарағанда, бұл лексолографиялық шығарма. Авторы филолог-ғалым Мухаммед Ибн Қаис (толық аты жөні - Шамс-ад-Дин Мухамед Ибн Қабис әр-Рази). Ол Хорезмшах билігі кезеңінде өмір сүрген рейн оғыздарынан шыққан. Ол сонымен қатар, түркі тілдерінің бірінің «Үлкен кітап» деп аталатын грамматикалық шығармасының да авторы. Қаңлы тайпасының тілі де, жоғарыда атап көрсетілгендей, басқа қыпшақ, қимақ, керей, найман тәрізді қазақ тайпаларының тілдері тәрізді жалпыхалықтық қазақ тілі қалыптасқанға дейін, өзінің дербестігін сақтай отырып, қыпшақ әдеби тілімен, жалпы белгілерде ие болғанын атап өту орынды.

4. Бұл орайда Жамал ад-Дин ат Түркидің «Бұлғат әл-мұштак фи луғат әт түрки уа-л- қыпшақ» (15 ғ. 1- жарт.) атты араб-қыпшақ тілдері сөздігі ерекше назар аударады. Түркі тілді шығармалардың ішінде бұл сөздік тікелей қыпшақ лексикасына арналған.

Қазіргі ғылыми айналымда жүрген авторлық ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштері (ұлттары әртүрлі: түріктер, арабтар, ирандықтар, және т.б. аймақтардың өкілдері: Дешті-Қыпшақтан, Мысырдан, Орта Азиядан, Қазақстаннан, Ирактан, Кіші Азиядан және т.б.) еңбектері бір жағдайда - осы тілдің лексика-грамматикалық құрылымын зерттеуге немесе осы тілді оқып үйренуге, үйретуге арналса, екінші жағдайдан - түрлі жанрдағы көркем шығармалар



жазуға және имандылық-этикалық норманы, эстетикалықтанымды, сондай-ақ шариғаттың шарт-заңдарын түсіндіруге, арналған.

Олардың бірқатары; Абу Хайанның 1313 ж. жазылған «Китаб әл сурак ли-лисан әл-атрак» шығармасы ортағасырлық қыпшақ тілін үйрену үшін жазылған практикалық құрал болып табылады. Сол сияқты, қыпшақ, оғыз және т.б. тілдерін үйрену үшін Мысырлар (XV ғ.) жазылған араб филологтары еңбектерінен «Әл-қауанин әл-куллия ли-дабт әл-луғат әт-түркия», сондай-ақ филологиялық еңбек «Китаб әт-тухфат аз-закиса фил-луғат ат- туркийя» және т.б. шығармаларды атап өтуге болады (Н.А. Баскаков, 73).

Бұл шығармалардың жағырапиялық тұрғыда шоғырлануы, зерттелініп отырған тілге сілтемеге ғана назар аударылмайды, сонымен бірге жасалуы, олардың авторлары, құрастырушылары, аудармашылары туралы, сондай-ақ олардың тіршілік еткен жерлері мен қалалары туралы берілген мәліметтерінің де мәні айрықша. Мысалы, олардың арасында Орта Азия мен Қазақстаннан, оның Фараб, Сығанақ, Сауран, Яссы, Барчукент және т.б. қалаларынан шыққан төл иелері авторлар аз емес. Өз уақытында көпке белгілі болған ғалым Хамиди әл-Асими Барчынлиғ (XIII ғ.) төменгі Сырдария бойындағы Барчинкент қаласынан шыққан. Оның замандасы басқа бір, ғалым Хусам Ад-Дин да осы аймақтан, ол өзінің шығармаларын үш тілде - шешен араб тілінде (фасих), өткір тілді парсы (малих) және шыншыл татар (сахих яғни, қыпшақ-Ә.Қ.) тілдерінде жазған (В.В. Бартольд). Фараб (Отырар) қаласынан шыққан ғалымдардың үлкен бір шоғыры өз шығармаларына ғылымның түрлі саласын арқау етті (Ә.Дербісәлин...). Біздің қолымызда Дешті Қыпшақтан және Алтын Ордадан кейінгі сол сияқты Еділ, Хорезм, Қырым тәрізді мәдени орталықтардан және т.б. аймақтардан шыққан авторлардың әдеби туындыларының тұтас бір тізбегі бар, Мысалы: Сейф Сарайдың «Гулистан бит-түркі» (XV ғ.) (Ә.Нәжіп), Құтыбтың поэтикалық шығармасы – «Хұсрау уа Ширин» (В.В. Бартольд. Он екі лекция...), Жошы ұлысының Шығыс бөлігінен шыққан Хорезмидің «Мұхаббатнама» дастаны (А.М. Щербак. «Оғұзнама» және «Мұхаббатнама».. туралы Э. Н. Наджип. Хорезми «Мұхаббат-намә»...).

Ғалымдардың пікірінше, «Мухаббатнама» және «Гулистан» аралас оғыз-қыпшақ тілінде жазылған (А.М. Щербак). Немесе Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған еңбектердің бірі Абу-л-Лайат а-Самаркандидың «Китаб Мукаұдимасы» (қазірде Стамбул кітапханасында сақтаулы, Қолжазба - №1451 Айс София) өз уақытында Мәмүлік мемлекетінде ғана емес, одан

тысқарғы аймақтарға да кеңінен тараған. Ең көне поэтикалық шығарма құл Ғалияның (1183-1236) «Қисса-және-Жүсіп» поэмасы - құранның алынған Жақып пайғамбардың және аға-інілерінің іштарлығының құрбаны болған оның ұлы Жүсіп Әулиенің ғибратты істері туралы әңгіме. Бұл қыпшақ тілінде жазылған, 1839 ж. соң 70-тен астам рет басылым көрген (М. Усманов) діни мазмұндағы ең көп тараған шығарма.

Осы тәріздес қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық жазба ескерткіштер тізімін жалғастыра беруге болар еді. Бірақ, оның қажеттілігі жоқ, себебі, қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін сақтап қалуын, қандай күрделі жағдайларда қалыптасқанын көп я аз дәрежеде дұрыс көрсете алуы үшін көрсетілген жазба ескерткіштер мағлұматы жеткілікті.

Осыған орай, қазақ тілінің қалыптасуына қандай болмасын тарихи жағдайлар мен этнолингвистикалық ортада өткесін бұл істе оларға ең басты негіз болатын мынандай үш себептің маңызы зор олар:

- а) Оның негізін құраушы туыс тайпа тілдердің өзіндік табиғаты;
- б) Оның көне түркі тілдерімен дәстүрлік жалғастығын мойындау;
- 3) Оны қоршаған тілдерден және этномизден ортаның әсері.

Осы себептердің әрқайсысының жеке сипатына тоқталамыз:

1. Қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған ру-тайпалық тілдер белгілі тарихи жағдайларға байланысты негіздердің негізгі болып, яғни тегі жағынан түбірлес және туыстас болады. Басқаша айтқанда, кейбір түркі тілдеріне және диалектілерге қарағанда (мысалы, өзбек, түркімен тілдері т.б.) қазақ тілі шығу тегі жағынан алғанда өзара жақын ру-тайпалық тілдерге сүйенеді, міне оның салыстырмалы түрде тез қалыптасуының, құрылымдық тұтастығының сыры осында.

Сондай-ақ бұл тілдің этнотектік түбірлес құрылымы этностың Орта Азия мен Қазақстан аймақтарында X-XV ғ. арасында шолу жасалған тарихи кеңістікте ру-тайпалық негізінің және қосылу әсеріне ұшырамауымен және өз құрамына жатұлттық (түркі емес) қоспаларды тартпағандығымен түсіндіреді. Ру-тайпалық тілдер салыстырмалы «таза» күйінде қыпшақ тілдері одағында қала отырып, оған тән «қыпшақтың сипаттарын» дамыта түсті. Қазақ тілінің көптеген қыпшақ тілдеріне, сөйленістеріне ортақ бірқатар жалпы және біртекті құрылымдық (дыбыстық, лексикалық, және грамматикалық сипаттарының қатты ұқсас болуын осындай жағдайлармен түсіндіруге болады.

2. Біздің пікірімізше, қазақ тілінің IX-X ғ. дейінгі көне тілдермен құрылымдық жалғастығы мынадай түп негіздерге сүйенеді: біріншіден,

көне тайпалар тұрмыс-тіршілігінің аралас-құраластыққа және жиі қарым-қатынасқа мүдделі ететіндей жинақы болуы; екіншіден, олардың тілдік, рухани діни, этно-мәдени тұрғыдан жақындығы; үшіншіден ауызекі-поэтикалық дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа халық жыраулары (көне түркіде - жырағу) арқылы жеткізіліп отырылған тілдегі көркем-бейнелеу құралдарының ортақтығы. Атай кетелік, қазақтың эпикалық, халықтық – поэтикалық шығармаларындағы көптеген көркем баяндаудың әуендері, образдарды сөзбен бейнелеу, кескіндеу, сомдау, баяндау тәсілдері бізге келіп жеткен көне Ескерткіштермен, оның ішінде Орхон, Енесей, Талас Балбал тастарындағы жазулармен үндесіп отырады. Бұл ретте, әңгіме негізінен - аталған тарихи дәуірден бері қарай құрылымдық тұрғыдан үлкен өзгерістерге ұшыраған нақты сөз тұлғалары мен сөйлемдер туралы емес, тілдік, көркем әдебиеттік дәстүр жалғастығы туралы. Дегенмен, бұл салада да қазақ тіліне өте жақын және ұқсас негізгі лексикалық тұлғалар мен сөзжасамдық құрылымдарды табуға болады.

3. Белгілі бір тілдің қалыптасуына, қызмет етуіне, алға қарай тарихи тұрғыдан дами беруіне тарихи уақиғалар, этномәдени орта және тілдік қарым-қатынас - барлығы тұтас алғанда басты себеп болды. Бірақ, құрылымдық түзілуі тұрғысынан алғанда оның тілдік айналасы және өзге тілдермен байланысқа маңызды роль атқарады. Бұл жағынан қазақ тіліде де ерекше емес, себебі әлемде (жаттілдік қоспасыз) «таза» бірде-бір тіл кездеспейді. Түрлі тарихи дәуірлерде - көне, орта және қазіргі кезеңде қазақ тіл де басынан кешірген этнотілдік - оның құрылымына (әсіресе, сөздік қор құрамына, дыбыстық жүйесіне, морфологиялық құрылысына) белгілі бір ықпалын тигізді. Бұл ықпал әсерінің нәтижесі ықпал етуші (немесе өзара байланысы) жағдайлардың деңгейіне тікелей қатысты, олар; ықпалдасушы тілдердің типологиялық әртүрлілігі; байланысу барысының қарқындығы, сол тілде сөйлеушілердің (носителі) әлеуметтік саяси жағдайлары мен сандық ара қатынасы; олардың мемлекетінің болуы, сондай-ақ болмауы және т.б. Осы аталған нақты жағдайларға және тілдік байланыстың шарттарына қарай отырып, қазақ тілінің әр тарихи кезеңдеріндегі даму қалпын анықтауға болады.

Біріншіден, қазіргі қазақ тілін ру-тайпалық тілдердің ұзақ тарихи даму барысында тұтастыққа жету нәтижесі деп қабылдасақ, онда өзінің тарихының көне, орта және қазіргі даму кезеңдерінде өзге де тілдермен тұрақты түрде байланыс жасады немесе солардың қоршауында болды да, ол, әрине өз әсерін де тигізді.

Екіншіден, қазақ тілімен байланыста болған тілдерді екі топқа бөлуге болады: туыстас, яғни түркі тектес тілдер және туыс емес тілдер (мысалы, оған қытай, иран, араб, монғол, тұңғыс-маньчжур, славян және т.б.) тілдерін жатқызуға болады.

Осыған орай, қазақ тілінің туыстас (түркі) және туыстас емес (әртүрлі құрылымды) тілдермен байланысуының сипаты және нәтижелері бірдей еместігін көрсеткен жөн. Жақын туыстас тілдердің қыпшақ тілі қауымдастығы аясында байланысуы, әдетте, олардың құрылымдық бөлшектерінің өзара кіріге сіңісуіне және ортақ тектік белгілерінің қалыптасуына әкелді. Қыпшақ тілі болмағанымен, өзгедей туыстас тілдердің де ықшамдалуы өзара қарым-қатынасқа және өзара ықпал етуге әкеліп соғады, сонымен қатар мұндай жағдайда сол тілдердің кейбір бөлшектерінің енуі байқалады. Қазақ тіліндегі қарлұқ, оғыз, селжук тілдерінің элементтері қазақ тайпалары туралы айтуға тура келеді.

Біз түркі қаңлы, үйсін және т.б.-ның ерте кезде қазақ тіліне енгізген ықпалы туралы жорамалдағанда біз көбіне олардың көне хун (гун), сак және басқадай скиф тайпаларымен болған қарым-қатынасына жүгінеміз. Бірақ, ғылым олардың тілдік мұраларынан бейхабар, сондықтан бұл қарым-қатынастардан қазақ тілінің жалғастығын іздестіру әлі де болса ертерек.

Қазақ тілінің туыстас емес тілдерімен әр дәуірде жүрген қарым-қатынас қазақ тілі құрылымында өзіндік із қалдырды. Осы арада қазақ тілі тарихының көне, орта дәуірінде қытай тілімен қарым-қатынаста болуы туралы сенімді сөз айтуға болады. Ол жайында қытай жазбалары мен хандар жылнамаларында ғана емес, қазақ және өзге де түркі тілдерінде қолданылып жүрген қытай тілі элементтеріне де сүйенеміз. Қазақ тілінің лексикалық құрылымына иран (парсы, аздап тәжік) және араб тілдерінің тигізген елеулі әсері туралы ерекше атап өткен жөн. Бұл Қазақстанда негізінен алғанда Саманидтер билігі тұсында (VIII-IX ғ.) өтті, оның өзі Қашғардан Сырдарияға дейінгі үлкен аймақты мекендеген көптеген түркі халықтарының келешек тағдырына маңызды әсерін тигізді (В.В. Бартольд II, 1, 178).

Араб шапқыншылығына байланысты (VIII-X ғ.) Іле және Сырдария өлкелері арасында ислам діні қанатын кеңге жайды. Осы кезеңде араб, кейбір мәдени орталықтарда парсы тілдері діннің ғана емес, мемлекеттік іс-құжат тілінің де қызметін атқарды, төлтума көне түркі әдеби тілінің, ауызекі поэтикалық шығармалық тілінің қолданылу аясы шектеле түсті.

Араб, парсы тілдерінің әсерінен түркі тілдерінің құрылымдық жүйесіне бірқатар өзгерістер (әртүрлі деңгейде) енді, ол күні бүгінге дейін байқалып отырады, мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі белсенді қолданыс сөздерінің 15% араб-парсы кірме сөздері құрайды (Л.З. Рүстемов.)

Қазақ тілінде және басқа да қыпшақ тілі лексикалық құрамында «моңғол» сөздері де біршама орын алады. Олардың тілдік табиғатын ғалымдар екі түрлі бағытта түсіндіреді: 1) түркі-моңғол тілдерінің тектік туыстығы (алтай тектегі болжамын жақтаушылар ұсынысы); 2) олардың ұзақ тарихи байланысының нәтижесі (Щербак А.М.).

Бірінші жағдайда, бұл тілдердің лексика-грамматикалық жүйесінің біртектестігі жайында, ал екіншіде лексикалық кірме сөздер туралы.

Қыпшақ тілдері, оның ішінде қазақ тілінің да Қазақстан мен Орта Азияны және т.б. аймақтарда Шыңғысханның жаулап алу кезеңдеріндегі тарихына қатысты айтсақ, онда түркі-моңғол тілдерінің байланысын сөз алмасу тұрғысында ғана тілге тиек етеміз. Осындай байланыстағы жақтардың соғыс және бейбітшілік уақытында да, ұзақтығына қарамастан, жалпылама қостілдік және тікелей қарым-қатынас кезеңінде де жергілікті түркі тілдері басымдық қалыптарын сақтады. Түркілер арасында қалған моңғолдардың азшылығы, олардың түркі халықтарының арасындағы шашыраңқылығы, исламды қабылдауы, оларға әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің әсері, барлығы «моңғол әсерін» тереңдете алмады. Дегенмен, қазақ және басқа да түркі халықтарының сөздік құрамында моңғол-түркі сөздерінің ортақтығы, қатар қолданыстағы сөздері пайда болды. Мұның көзін тек қана жоғарыда айтылған байланыстардан ғана емес, олардың тектестігі және туыстығы тұрғысынан қарағанымыз орынды (Қайдаров Ә.Т. 1990. с. 5.-25.6) Қазақ, моңғол тілдеріндегі көптеген ортақ байырғы түбірлерді және лексикалық-грамматикалық тізбелерді, тұрмыстық, әкімшіліктік және әскери аядағы түсіндірме сөздер, сондай-ақ Қазақстандағы жер-су атауларындағы ерекшеліктердің кейбірін, міне осындай себептер тұрғысынан түсіндіргеніміз орынды.

Мұның барлығы қазақ тілінде (XIII-XIV ғ.) «моңғол» қалдығын құрайды.

Бұл нені көрсетеді? Бұл, бір жағынан, әдеби тіл лексикасының ғылыми-техникалық прогресс дәуіріндегі заңды түрдегі дамуынан дерек берсе, екінші жағынан, бұл тәрізді лексиканың жалпы халықтық лексикадан сан жағынан асып бара жатқанын көрсетеді. Дәл осы жерде біз әдеби тілдің көркемдік сипатынан гөрі стандарттық және ресмилік белгісінің арта бастағандығын айқын аңғарамыз. Әрине, мұндай құбылыс барлық тілдерде кездеседі. Мысалы, орыс тіліндегі терминологиялық лексиканың саны да жай лексикадан әлдеқайда артық. Бірақ бұл жағдай ерекше қарқынмен толығу процесін басынан кешіріп, өзінің барлық ішкі потенциалдық мүмкіншілігін іштей саралап, сарқа пайдалана алмай отырған аз санды халықтардың тілі үшін айтарлықтай табиғи құбылыс болмаса керек. Осыған орай екі түрлі жағдайды ескерген жөн.

Біріншіден, өз қабілетін толық ашып үлгермеген шағын ұлт тілдерінің лексикасына жалпы тенденция бойынша қажеті болса да, болмаса да төпеленіп, үсті-үстіне қабылданып жатқан жаңа ұғымдар мен «судай жаңа» атаулар сол тілдің табиғатына тереңдеп сіңбесе, жалпы сөз байлығымен етене араласып, қолданыс аясында біте қайнасып кетпесе, олар санда бар да, санатта жоқ басы артық «балласт» болып қалуы мүмкін. Мұндай терминдерді тіліміз «қабылдады» деп кесіп айту қиын. Екіншіден, күнделікті жасалып жатқан жаңа терминдердің, көпшілік қауым тарапынан қолданыс таппауы тіл табиғаты үшін бір қасірет болса, сол терминдерді жасаушы, әрі тұтынушы мамандардың өздері тарапынан іске қосылмауы, әдеби тілдің сүбелі саласы ретінде емін-еркін қолданылмай, кітап сөрелеріндегі сөздік түрінде ғана қалып қоюы, одан да жаман. Шын мәнісінде ғылым тілін дамытқымыз келсе, ең алдыменен оларды мамандардың өздері өз саласында толық қолдана (жаза да, оқи да, сөйлей де) білуі өте қажет. Әрбір маман әдеби тілдің нормасына сай ғылыми стильді жетік меңгере отырып, өз еңбектерін қарапайым халыққа да, қаламдастарына да түсінікті етіп жаза білсе, айтайын деген ойын, ғылыми пікірін ауызша дәл де бейнелі түрде

жеткізе білсе, әдеби тілдің әдебилік статусы шыңдала түскен болар еді. Бұл тәрізді үлкен өнерді меңгеру әрбір парасатты азаматтың ана тілі алдындағы абзал борышы болса керек. Ол болмаған жерде шын мәнісіндегі ғылым тілі жоқ, ал ғылым тілі қалыптаспаған, қалыптасса да, қолданыс таппаған жерде, әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп тануға болмайды.

Осы тұрғыдан алып қарағанда бүгінгі қазақ әдеби тілінің жағдайы біле білген адамды алаңдатпай қоймайды. Мәселе қазақ әдеби тілінде ғылым тілінің, ғылыми стильдің толық қалыптаспауында емес, сол тілдің қолданыс аясының тым тарлығында, еркін дамымауында болып отыр. Ғылым тілі қызметін бүгінде кемелдене түскен көркем шығарма, публицистика, информация тілімен салыстыруға болмайды. Ғылым тілінің көпшілік қолды элементтері бұл салаларда да қолданылады, бірақ олардың бәрі де тар мағынадағы ресми терминдердей емес.

Сонымен, «ғылым тілінің басқа салаларға қарағанда, кенжелеп, қолданыс аясының тым тарылып кетуіне қандай себептер болды?» деген сауалға жауап іздейтін болсақ, оның негізгі себебін экологиялық кінәратқа ұшырап отырған тіліміздің жалпы жағдайынан байқауға болады. 1979 жылғы санақтың мәліметі бойынша республикадағы қазақтардың 98,6 проценті өз тілін ана тілім деп есептейді екен. Бірақ бұл дерек шындыққа жанаспайды. Біздің пайымдауымыз бойынша қазақ тілін мүлдем білмейтіндер мен шала-шарпы білетін қазақтардың өзі қазірде-ақ 40 проценттен көп болмаса, аз емес. Бұл проценттің, саны бұдан кейін де өсе түсуі мүмкін.

Осындай объективті себептермен кінәратқа көбірек ұшырап отырған ғылым тілі екендігін мойындап, тиісті шараларды бүгін қолданбаса, ертең кеш болатыны сөзсіз. Бір қарағанда республикамызда ғылым тілінің толық дамуына қажетті объективті жағдайлар да жоқ емес. Басқаны былай қойғанда, совет дәуірінде дүниеге келген 83 терминологиялық сөздік, сондай-ақ ана тілімізде оқып, үйреніп отырған В. И. Лениннің 55 томдық ғылыми мұрасы мен басқа да марксизм классиктерінің еңбектері нені көрсетеді? Бұл еңбектерде жүздеген-мыңдаған қоғамдық-саяси, әлеуметтік, философиялық, экономикалық, социологиялық, праволық т.б. терминдердің қазақшалануы бәрімізге белгілі. Бірақ мәселе, сайып келгенде, осы терминдердің сала-сала бойынша, өз жүйесімен іс жүзінде қолданылуында болып отыр. Қоғамдық ғылымдар бойынша ғылыми еңбек жазу, баяндама, лекциялар оқу республикамызда біршама жолға қойылса да, табиғи-техникалық

ғылымдар саласында бұл дәстүр әлі қалыптасқан жоқ. Физика, химия, биология, математика, металлургия, астрофизика, геология т. б. толып жатқан ғылымдар бойынша монографиялық еңбектердің қазақ тілінде жазылуы әлі күнге дейін әдетке айналмағандығы өкінішті-ақ. Ғылым тілінің қалыптасуында арнаулы «Ғылым» баспасының атқаратын ролі орасан зор. Алайда жыл сайын шығатын жүздеген ғылыми еңбектердің басым көпшілігі (80–90 проценті) орыс тілінде шығады. Мәселен, 1989 жылы осы баспадан шығатын ұзын саны 150 еңбектің тек 15-і ғана қазақша шықпақшы. Оны 30 институттың ішінен негізінен Тіл білімі институты мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғана шығармақшы болып отыр. Мұндай жағдайда, әрине, ғылым тілін дамыту мүмкін емес. Ғылыми басылымның бұл түрімен әдеби тіліміздің статусын қалыптастыруға тигізер септігі шамалы. Осы жағдай бәрімізді де қатты алаңдатады. Өйткені ғылым тілі дамымаған жерде әдеби тілдің статусы ғана емес, жалпы рухани өміріміздің, ұлттық мәдениетіміздің дамуы жайында сөз ету қиын. Сондықтан да ғылымның республикамыздағы дамуын тек оның қол жеткен табыстарымен ғана бағаласақ, ашқан жаңалықтарымен ғана өлшесек, мықтап қателесеміз. Егер біз ғылымның барша жаңалықтары мен табыстарын ең алдымен адамның, халықтың игілігіне қажет дүние деп танысақ, бұл арадағы тілдің атқаратын орасан зор қызметін де ұмытпағанымыз жөн. Өйткені қандай ғылым болмасын халыққа қызмет ету үшін ол сол халыққа етене жақын, түсінікті тілде дамуы тиіс. Бұдан, әрине, басқа тілде білім алуға болмайды деген пікір тумаса керек. Дегенмен орта мектептерді ана тілінде бітірген жастардың жоғары білім мен мамандық алуды сол тілде жалғастыруы өте тиімді болар еді, өйткені тіл тосқауылы («языковой барьер» мәнінде) әрқашан да білім саласына, мамандық игеруге жағымсыз әсер етеді.

Ана тілімізде ғылым дамытудың негізгі тетігі қазақ зиялыларының, интеллекті қауымның тіл табиғатына аса сергектікпен қарап, оның өсу, даму процесіне саналы да белсенді түрде ықпал жасауына байланысты. Осы орайда сан алуан мамандық иелері (инженерлер мен техниктер, агрономдар мен дәрігерлер, архитектор мен конструкторлар, физиктер мен математиктер, химиктер мен металлургтер, философтар мен экономистер, тарихшылар мен археологтар, тілшілер мен әдебиетшілер т. б.) ана тілін өз саласында сөйлете білсе, оның қоғамдық потенциясы аса түсіп, қолданыс шеңбері әлдеқайда кеңейген болар еді.

Амал жоқ, бұл саладағы табыстарымыздан гөрі кемшіліктеріміз әлі де молырақ.



Енді қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың жасалу, қалыптасу жолдары мен оның тұлғалық және мағыналық құрамына әдеби тіл статусы тұрғысына аз-кем тоқталып өтелік.

30-жылдары қабылданып, күні бүгінге дейін барлық ұлт тілдерінде қолданыс тауып келе жатқан «әрбір тілдің ішкі мүмкіншіліктерін сарқа пайдалану» және «орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілдерден қабылдау» деген ғылыми принциптер негізінде барлық ұлт тілдерінде терминологиялық фонд жасалғандығы бәрімізге белгілі. Терминология мәселелері әрбір тілде бір шама зерттелсе де, осы бір ортақ дүниенің тілдік табиғатымен жасалу жолдары, құрамы мен мазмұндық сапасы әлі күнге дейін арнайы да, салыстырылып та сөз болған емес<sup>121</sup>.

Дегенмен осы мәселенің егжей-тегжейін ойластыратын уақыт жеткен сияқты. Өйткені түркі тілдерінде жасалып жатқан ортақ терминологиялық фонд жайында біз көп айтамыз да, осы фондтың құрамы мен мазмұнына, әрбір тілдің табиғатына үйлесімділігі мен сыйымдылығына көп мән бермейміз, бұл процестің сыры мен сипатын жеке тілдердің шеңберінен шығып барып, бүгінгі талап биіктігінен қарамаймыз.

Ал ол қажет екен. Қажет болатын себебі, біріншіден, өз күйін күйттеп, өзінше термин жасап жатқан туыстас тілдердің лексикалық байлығындағы «ортақ интернационалдық фонд» дегенді анықтау үшін болса, екіншіден, сол дүниенің, әрбір тілдегі қолданыс активтігі мен пассивтігін айқындай түсу үшін керек.

Ең алдымен туыстас тілдердің терминологиялық лексика құрамындағы интернационалдық фонд деген не, соған тоқталайық. Мәселен, қазақ, қырғыз, өзбек т. б. туыстас түркі тілдердің бәрінде де революциядан кейін термин жасаудың бірден-бір қайнар көзі және оны бағыттаушы, бағдарлаушы, әрбір тілдің өзіндік потенциясын ашушы орыс тілі болып саналады. Ғылым мен техника саласындағы жаңа ұғымдар мен саяси-әлеуметтік өмірімізде күн санап туындап жатқан жаңа түсініктердің бәрі де ең алдымен орыс тілінің негізінде қалыптасып, СССР халықтарының тілдеріне бірдей «тарап» отыруда. «Тарау» деген сөздің мәнісін жоғарыда аталған термин жасаудың екі принципі тұрғысынан «термин жасау», «термин қабылдау» деп түсіну керек.

12 Кайдаров А. А., Абдрахманов А. А. Казахская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик. М., 1987 С. 29–49.

Шынында да осы екі принцип бойынша мыңдаған ғылыми-техникалық, табиғи және қоғамдық терминдерді жасауда әрбір тіл өзінің лексикалық байлығын, дербестігін, өзіне тән ерекшелігін сақтап келеді.

Осының нәтижесінде бір «ортадан» тараған терминдер мен терминдік тіркестер бірде аударылып, бірде аударылмай сол қалпында туыстас тілдерден орын алып келеді. Мәселен, орыс тіліндегі *Центральный Комитет* деген саяси терминді қазақ тілі *Орталық Комитет*, қырғыз тілі *Борбордук Комитет*, татар тілі *Өзәклек Комитет*, ұйғыр тілі *Мәркизий Комитет*, ноғай тілі *Центральный Комитет* түрінде қабылдап отыр. Дәл осы тілдердің алдыңғы төртеуінде бұл термин жартылай калька болса, кейінгі біреуінде ауыс-түйіс ретінде қабылданған. Қалай болған жағдайда да аталмыш тілдерге ортақ бір терминнің 5 түрлі ұлттық варианты жасалып отыр. Ал бұл терминнің жер жүзіндегі тілдердің көбіне тарағанын ескерсек, оның халықаралық интернационалдық терминдер санатына жататыны сөзсіз.

Орыс тілі арқылы тарап, СССР халықтарының тілдерінде қолданыс тауып отырған осындай ғылыми-саяси терминдер көп-ақ. Сондықтан да бізге оларды әртектес тілдерде кең тарауына байланысты интернационалдық термин деп қарауға болатын сияқты.

Ендігі мәселе осы ұлтаралық ортақ терминдердің ара салмағын ажыратуда. Бұл мәселенің төркіні, түптеп келгенде, тілімізде термин жасаудың алғашқы кезеңдеріне барып саяды. Біз жоғарыда тіліміздегі терминологиялық лексиканың жалпы лексикалық байлығымыздан (сан жағынан) асып бара жатқанын ескерткен едік. Енді осы терминологиялық лексикамызды іштей сұрыптап, тілдік табиғатына қарай жіктеп көрсек, терминдік мәнге ие болған байырғы қазақ сөздері (оған тілімізге ертерек еніп, сіңісіп кеткен араб, парсы, монғол элементтері де жатады) мен орыс және интернационалдық термин-сөздерінің ара салмағы айрықша назар аударарды.

Біздің пайымдауымыз бойынша 70 мыңнан асып бара жатқан тіліміздегі терминологиялық лексиканың басым көпшілігі совет-интернационалдық терминдердің үлесіне тиеді екен. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін біз мәдени өмірімізде басқаларға қарағанда көбірек қолданылатын әлеуметтік-экономикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігіне<sup>13</sup> талдау жасап көрдік. Осы сөздікте қамтылған 1150 терминнің тікелей орыс тілінен қабылданғандары 531 единица

13 Айтбаев Ө. Қазақ, терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. 1989. № 4. 7–8-б.

(олар мына тәрізді: *коммунике, компаньон, комплекс, локаут, ломбард* сияқты жеке сөздер мен *компрадор буржуазия* – компрадорская буржуазия, *монополиялық рента* – монополия рента, *гектарлық принцип* – гектарный принцип сияқты калька-сөз тіркестері) болса, 232-сі (*сыртқы заемдар* – внешние заемы, *ішкі рынок* – внутренний рынок, *қорытынды баланс* – заключительный баланс тәрізді) жартылай калька да, қалған 387 единица (*алым* – подать, *пайда* – прибыль, *өсімқор* – ростовщик, *қайта құру* – перестройка; реорганизация, *қосымша еңбек* – прибавочный труд) тәрізді таза қазақ тілінде жасалған терминдер екен. Сонда орыс тілінен толық, жартылай калька түрінде қабылданған жеке терминдер мен терминдік тіркестер (жалпы саны 763 единица) таза қазақша алынған терминдерден (ол 387 единица) екі еседей артық болып тұр.

Осы келтірілген деректер дәл болмаса да, жалпы тіліміздегі терминологиялық лексиканың тілдік құрамын, қазақша терминдер мен шеттен қабылданып жатқан совет-интернационалдық және құрамы аралас терминдердің ара салмағын біршама дұрыс айқындайтыны сөзсіз. Сонда қазақ тілінде жасалған терминдердің үлесіне 34-35 процент тисе, қалған 64-65 процент орыс тілінен алынған таза және аралас терминдердің есесіне тиіп тұр.

Бұл объективті факторлар нені көрсетеді? Біріншіден, бұдан біз тіліміздегі совет-интернационалдық терминдерінің қазақ тілі негізінде жасалған терминдерден басым екендігін көрсек, екіншіден, «қазақшаланған» терминдердің көпшілігі халықаралық емес, орыс тілі негізінде жасалған терминдердің баламасы болып отыр. Оған дәл осы сөздіктің өзінен де көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен: *прибавочный продукт* – *қосымша өнім*, *прибавочная стоимость* – *қосымша құн*, *платежеспособность* – *төлем қабілеттілігі*, *издержки производства* – *өндіріс шығындары*, *срочная ссуда* – *мерзімді қарыз*, *торговая прибыль* – *сауда пайдасы*. *Удешевление* – *арзандату*, *удорожание* – *қымбаттату* т. б.

Бұдан шығатын қорытынды: орыс тілінде жасалған терминдердің ұлт тілдеріне аударылуға бейім тұратындығы. Оның бір себебі: түсінуге жеңіл, аударуға оңай. Орыс тілінің ұлтаралық қатынас кұралы ретінде басқа ұлт өкілдеріне етене жақын болуы, белгілі дәрежеде меңгерілуі оның аударылуына мүмкіншілік тудырып отыр. Ал халықаралық терминдер жайында оны айтуға болмайды. Олар (мәселен: *коммунизм, социализм, демократия* т. б.) термин ретінде тұтас қабылданады да, оның құрамы, о

бастағы мағынасы біз үшін айқын бола бермейді. Сондықтан болу керек, орыстың байырғы төл сөз ретінде (совет, председатель, сот, пулемет, самолет т. б.) алынған терминдері қазақ тілінде де, басқа түркі тілдерінде де өте аз. Өйткені олар көбінесе аударылып алынады да, түпкі тегі халықаралық терминдер болса, негізінен аударылмай алынады. Осы арада орыс тілі интернационалдық терминдерді тек өз қорына қабылдаушы, яғни аккумулятивті қызмет атқарушы ғана емес, сонымен бірге СССР-дегі басқа халықтардың тіліне өткізуші (индукциялаушы) тіл ретінде де белгілі роль атқарып отыр.

Бұл мәселенің бір жағы ғана. Оның екінші жағы: тек орыс тіліне ғана бағдарлау деген сөз барлық тілдерге тән баласа да, ол өз мүмкіншіліктерін сарқа пайдалануға тежеу салып, біршама шектейтін сияқты.

Егер (20-30 жылдары) түркі тілдері біресе пуристік тенденцияға бой ұрып, орыс-интернационал терминдерін қайткен күнде де аударуға, одан кейінгі бір дәуірде оларды сол қалпында қабылдауға тырысса, қазіргі кездегі терминология жасау процесіне тән принцип – дифференциациялық бағытта жүргізіліп отыр.

Бұл принциптің ерекшелігі ертеректе өз тіліміздің мүмкіншіліктерін толық ескермей, қабылдана салынған кейбір терминдерді қайта қарап, оларға жаңа балама табу, немесе мағыналық жағынан өзара жіктеу арқылы терминдік мән беру болып саналады.

Осыған орай айта кететін бір жағдай: сол 20-30 жылдары жасалған терминдердің кейбір ғылым саласында тұрақтап, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып келе жатқандары да жоқ емес. Бұған мысал ретінде Ахмет Байтұрсынов тарапынан жасалған тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы әбден қалыптасып кеткен көптеген терминдерді келтіруге болады. Тіл білімінде қолданылатын орыс және халықаралық терминдерді басқа ғылымдар саласындағыдай қалай болса солай ала салмай, оқырман көпшілікке түсінікті болу үшін оларды жүйелі түрде қазақ тілінің өзіне тән байырғы сөздер негізінде тыңнан жасауға ғалым көп күш салған. Қазақ тілімен туыстас түркі тілдерінде терминология проблемасы белгілі бір жүйеге түспей, үйлесім таппай жатқан кездерде А. Байтұрсыновтың жаңашыл әрекеті түркологияда ерекше көзге түскен еді. Оның байырғы да қазақи сөздер негізінде жасаған қарапайым халыққа түсінікті терминдері о баста жеке мақалаларында, кейінірек «Оқу құралы», «Тіл-құрал» деп аталатын (I. Фонетика – «дыбыс жүйесі», II Морфология – «сөз жүйесі», III. Синтаксис – «сөйлем жүйесі»), «Тіл жұмсар» («Қолданбалы грамматика») деп аталатын еңбектерінде кеңінен қолданыла бастайды. Мәселен: *дыбыс*,

дауыссыз дыбыс, жарты дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, ымыралы дыбыс, буын, сөз аяғы, сөз басы, қос сөз, қосалқы сөз, туынды сөз, тұлға, түбір, жалғау, жұрнақ, қосымша, септік – атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, демеу, одағай, сөйлем, жай сөйлем, жалаң сөйлем, жаңылма сөйлем, сұраулы сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш т. б. жүздеген лингвистикалық терминдер қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынов есімімен байланысты айтылады.

Әрине, отызыншы жылдардан кейінгі жарты ғасырдың ішінде қазақ тіл білімі қарқындап дамыды, жаңа терминдік ұғымдармен толыға түсті, байи түсті. Бірақ А. Байтұрсынов жасап кеткен терминдердің кейбіреуі болмаса (мыс.: *ымыралы дыбыстар – индифферентные звуки* т. Б.) басым көпшілігі ғылыми терминдік статуска ие болып, күні бүгінге дейін қолданылып келеді.

Терминолог ғалымдардың пікірі бойынша кейбір терминдерді орыс тілінің үлгісімен жасалған деген сылтаумен қолданыстан шығарып тастауға, не ауыстыруға әрекеттер де болған. «Бірақ, деп жазады Ө. Айтбаев, – бұл әрекеттен ештеңе шықпады. Қайта бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенмен, жасай алмайтындарына көздері жетіп, елдің бәрі А. Байтұрсынов терминдерін негізге алды. Күні бүгінге дейін мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланып келе жатқан оқулықтардағы терминдік жүйе түгелімен Ахаң есімімен байланысты»<sup>14</sup>.

Бұл келтірілген фактіден біз екі түрлі қорытынды шығара аламыз. Біріншіден, орыс және халықаралық ғылыми терминдерді түркі тілдер негізінде де қалыптастыруға болатындығы, екіншіден, мұндай терминдер басқа ауыс-түйіс терминдерге қарағанда өзінің қарапайым халыққа түсініктігімен, дәлдігімен және өміршеңдігімен ерекшеленетіндігі.

Енді осыдан келіп, «әрбір ұлт тілі термин жасауда өзінің ішкі мүмкіншіліктерін сарқа пайдалануы керек» деген қағиданың шын мәнісінде іске асырылуы, немесе үстірт орындалуы жалпы ұлт әдеби тілдерінің қалыптасуына және оның өзекті саласы – ғылым тілі статусына тигізетін ықпалы анық байқалады. Жоғарыда біз келтірген байырғы сөз байлығы мен терминдік лексика арасындағы диспропорция, сайып келгенде, тілдің біржақты дамуына, ұлттық табиғилықтан гөрі жасандылыққа, ресмилікке әкеліп соғады. Егер біз ұдайы осы біржақты принципті өрістетсе берсек, терминологиялық лексикамызды байытуда тер

14 Айтбаев Ө. Қазақ, терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. 1989. № 4. 7–8-б.

төгіп ізденуден гөрі, термин жасаудың оңай жолы – «Шеттен кабылдау» тәсіліне көбірек бой ұрсақ, күндердің күнінде әдеби тіл менен ондағы терминологиялық лексиканың арасын алшақтатып алуымыз мүмкін.

Ана тіліміздің тағдыры, оны жан-жақты дамытудың бір тетігі, демек, Ғылым тіліне де байланысты – Ғылым тілін зерттеу жұмысына мән беретін уақыт жеткен сияқты.

Ғылым тілі тұрғысынан алып қарағанда түркі тілдерінің тағдыры ортақ. Олардың бүгінгі күндегі даму заңдылығы мен ерекшеліктері түркологтардың назарынан тыс қалмауы керек<sup>15</sup>.

*«Терминдер мен олардың аудармалары»,  
Алматы, 1990. 9-21 б.*

**Кемел елге кемел әліпби керек  
Қазақстан Республикасының Президенті  
Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлына**

**Ашық хат**

Қадірлі Президент мырза!

Өркениет биігіне шеру тартып бара жатқан еліміздің ұлы көшін бастап, осынау бір қиын-қыстау кезеңде бейбіт өміріміздің шырқын бұзбай, берекесін кетірмей, ел-жұрттың татулығын сақтап, болашағына үлкен сеніммен қарауына қажет барлық жағдайды жасап отырғаныңызды дос та, дұшпан да жақсы біледі.

Қазақ халқының рухани, мәдени, саяси өмірінде кейінгі жылдары қол жеткен мол табыстарымыздың бірін ана тіліміздің биік мемлекеттік мәртебеге ие болуы десек, ендігі жерде осынау бір қоғамдық үрдісті жалғастыруға, санамыздың оянып, салтымыздың жаңғыра түсуіне аса қажет тағы бір күрделі қадам – ұлттық жазуымызды қалыптастыру.

Әрине елу жылдың ішінде әбден қалыптасып қалған кирил әліппесін латын әліппесімен алмастыру Қазақстан жағдайында, әсіресе, бүгінгі экономикалық, саяси-әлеуметтік қиыншылықтар мен этнодемографиялық ахуалға байланысты қиыннан да қиын іс екенін бәріміз де жақсы түсінеміз. Дей тұрсақ та, барлық түрк елдерінде басталып кеткен осы бір қоғамдық үрдістен Қазақстанның, қазақтардың бой тасалап, сырт қалуы мүмкін емес. Егер арамызда «бұл мүмкін» деп,

<sup>15</sup> Мусаев К. М. Ленинские заветы и развитие тюркских языков // Советская тюркология. 1988. № 2. С. 3–23

ойлайтын сәуегейлер табылса, олар мықтап қателеседі. Өйткені бұл мәселе еріккеннің ермегі емес, замана талабы, өркениетті де тәуелсіз ел болудың алғышарттарының бірі.

Сондықтан қазақтар да, басқа түрк халықтарының ең соңында болса да, ерте ме, кеш пе, әйтеуір, жазу мәселесін бір шешуі сөзсіз: өмірдің өзі осыны талап етеді, өзімізді тәуелсіз елміз деп қаншама марапаттасақ та, туыстас елдермен қауымдаса өмір сүрмесек болмайды. Ал оның басты шарты – елара алтын көпір, ортақ жазу. Демек, бізге де бұл қауымнан бөлектеніп, саяқ жүрудің еш жөні жоқ және ол мүмкін де емес. «Бөлінгенді бөрі жейді» дейтін халық даналығы да, міне, осыны аңғарса керек.

Жер бетінде тарыдай шашылып, тарап кеткен, бүгінде 130 миллиондай түрк тектес халықтар үшін жазу, әліппе мәселесі көптен (1926ж) бері-ақ дұрыс шешімін таба алмай келе жатқан күрделі мәселе. Әркезде қолданыста болған (орхон, араб, латын, кирилл) жазуларының ішінен бүгінгі заман талабына сай, әрі қолайлы, әрі ортақ жазу сайлап алуға байланысты түрк халықтары арасында кейінгі кезде қайта өріс ала бастаған қоғамдық үрдістің барысын бағамдап қарасақ, елдің ықылас-ниеті көбіне-көп латын әліппесіне ауып отырғанын айқын көреміз. Басқаларды былай қойғанда, бүгінгі ТМД елдеріндегі отыздан астам түрк халықтары мен ұлыстары ішінен, мәселен, әзірбайжан мен гагауыздар латын әліппесін ресми қабылдап, іс жүзінде қолдана бастаса, түрікмендер мен өзбектер осы жазуға өту жөнінде жақында шешім қабылдады. Қырғызстан болса, Президенті арнайы құрған Мемлекеттік комиссияның латын әліппесі жөніндегі ұсынысын қабылдау алдында тұр. Осы сияқты әрекеттердің Татарстанда да, Башқұртстанда да, Қырым татарлары, қарашай, балқар арасында да қызу жүріп жатқандығын жақсы білеміз.

Өкінішке орай, бұл мәселенің Қазақстанда ресми түрде қолға алынбай отырғанын, Президент мырза, Сіз өзіңіз де жақсы білесіз. Мүмкін айып Сізде емес, қоғамдық пікір туғызып, Үкімет алдында мәселе қоймай отырған ұлттық зиялыларда шығар. Өйткені сіз 1991 жылғы Түркияға барған ресми сапарыңызда латын жазуына көшу туралы сондағы туыстастарымыздың сауалына, есіңізде шығар, «егер халық қалап жатса, ал оның қажеттігін ғалымдар дәлелдеп жатса, мен неге қарсы болайын» деген едіңіз. Осы сөздің растығын білгім келіп, жазушылармен кейінгі бір кездесуіңіз үстінде тәптіштеп тағы сұрағанымда, Сіз «ұсыныстарыңызды әкелсеңізші» деген сынай таныттыңыз.

Міне, сол ұсынысымызды әріптестерімізбен ақылдаса, кеңесе отырып, ойланып-толғанып барып, енді ғана атыңызға ашық хат жазу арқылы жұртқа паш етуді мақұл көріп отырмыз. Бұл хатты Сізге өз атымнан жазуыма, біріншіден, осы мәселенені республикада алғаш (1991) көтеруші тіл маманы ретінде де, екіншіден, кейінгі кездерде алфавит проблемасына арналып, өтіп жатқан көптеген конференцияларға қатысушы, әсіресе үстіміздегі 1993 ж. наурыздың 8-10-да Түркия мемлекеті Сыртқы істер министрлігі мен Түрік қарым-қатынас және жаңғыру Басқармасы (ТІКА) тарапынан ұйымдастырылып, ең ірі алты түрік мемлекетінің (Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Түркменстан) басын қосқан Анкарадағы конференцияға қатысып, түрк халықтарына қолайлы да ортақ бола алатын латын әліппесінің жобасына қол қоюшылардың бірі ретінде де моральдық құқым бар ғой деп есептеймін.

Ең алдымен, түрк тілдеріне ортақ жазудың негізі болатын латын әліппесінің жобасына байланысты өткен сол тарихи конференцияда қабылданған шешімнен үзінді келтірудің артықтығы жоқ қой деп ойлаймын:

«1. Түрк мемлекеттері өздерінің тегі, тілі, тарихы және мәдениеті жағынан ортақтығына байланысты білім, мәдениет, өнер, әдебиет, экономика, технология, денсаулық сақтау салаларындағы қарым-қатынастарды дамытуды қажет деп табады. Бірақ түрк дүниесі бүгінде көп жазулы, көп әліппелі дәуірді басынан кешіріп отыр. Бұл жағдай түрк халықтары, демек тәуелсіз түрк мемлекеттері арасында өз шешімін таба алмай, арман болып келе жатқан бір мәселені тағы ортаға салып отыр.

Конференция мемлекеттер арасындағы әр салада-ақ қажетті туыстық қарым-қатынастың саналы да берік әрі ұзақ болуын қамтамасыз ету үшін әр түрлі әліппені қолданудың ыңғайсыздығын көрсете отырып, түрк жазба тілдеріне бір принцип негізінде түзілген ортақ әліппенің болуы түрк тілдерінің өзара жақындасуы үшін өте қажет екеніне ерекше көңіл аударады.

2. Конференция түрк халықтарының қарым-қатынас саласындағы осы бір кемістіктерді ерекше сезіммен түсініп, оларды болдырмау үшін түрк мемлекеттері өзінің алғашқы қадамын бір принцип бойынша, қазіргі заман талабына сай латын негізінде түзілген төмендегі (34 әріптен тұратын) ортақ түрк әліппесін түзуден басталатынын қайталай отырып, оны әрбір түрк тілі өз ерекшеліктеріне сәйкес қабылдайтынын жариялайды.



**Ортақ түрк әліппесі:**

Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Əə, Ff, Gg, Hh, Xx, Ii, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Yy, Zz

Түркия мемлекеті мен түрк ғалымдарының, мәдени қайраткерлерінің бұл іске белсене ат салысып, мұрындық болуында да ерекше мән бар екен. Еске салып келсек, 20-жылдары КСРО-да жасайтын түркі тілдес халықтар мен ұлыстар латын әліппесін жоғарыдан болған үкіммен қабылдап жатқанда, шетелдік мемлекет – Түркия ғасырлар бойы қалыптасып қалған араб жазуын алмастырып, өз еркімен латын әліппесіне көшкен болатын. Оның шынайы себебін кейін елбасы Мұстафа Кемал Ататүрктің өзі: **«біз латын әліппесін КСРО-дағы қалың түрк туыстарымыздан қол үзіп, көз жазып қалмау үшін қабылдағанбыз»** деп түсіндірген екен. Ал бұрынғы Кеңес елдеріндегі түрк халықтары болса, бас-аяғы 10-15 жылдың ішінде үш түрлі (араб, латын, кирилл) әліппені алмастырып та үлгірген болатын. Түрік халқы болса, күні бүгінге дейін сол латынменен-ақ экономикасын да, мәдениетін де дамытып, жер жүзіндегі өркениетті елдердің бірі болып отыр.

Міне, сондықтан да Түркия елінің түрік ғалымдары мен мәдениет қайраткерлерінің латын әліппесіне байланысты мәселеленің бәріне белсен араласып, жыл сайын конференциялар ұйымдастырып, әбігерленудің басты себебі – пайда іздеу, «ағалық жасау» емес, - түрк әлемінің басын біріктіру, достыққа, қауымдастыққа шақыру. Алайда, бұл ізгі ниетті керісінше жорып, «ой-бай, бізді түріктендіріп жатыр», «түрік болғымыз келмейді» деп, байбалам салушылар да арамызда жоқ емес.

Құрметі Президент мырза!

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде тоқ етерін айтсақ, басқа халықтар сияқты қазақтар да латын әліппесі негізінде өзінің ұлттық жазуын қалыптастыруға тиісті.

Әрине, бұл мәселе жөнінде республика жұртшылығының пікірі біркелкі емес. Бұдан бір жыл бұрын газет-журнал беттерінде пікір алысқанымызда, біреулердің орхон, біреулердің араб, біреулердің латын, біреулердің ойлап тапқан өз жазуын, ал енді біреулердің үйреніп қалған кирилл жазуын қолдайтынын аңғардық. Дегенмен, пікір айтушылардың көпшілігі-ақ латын әліппесі негізінде ұлттық жазу дәстүрін қалыптастыру жағында екенін байқатты.

Қалай болған жағдайда да, бұл мәселені республика үкіметі мен Жоғарғы Кеңесінің өзі шешетіні баршаға мәлім. Бірақ қандай шешім қабылданбасын, ол замана талабына, қалың жұртшылықтың мақсат-мүддесіне сай болуы тиіс.

Олай болса, бұл мәселені «ойланып пішкен тон келте болмас» деген принцип бойынша үкімет пен ел-жұрт өзара ақылдаса отырып шешкені жөн. Осыған орай, ортаға салар ойлар, анықтай түсетін пікірлер мен жауабын жұртқа жария етіп айтуға тиісті сұрақ-сауалдар да аз болмаса керек. Біз енді солардың біразына тоқталып өтпекшіміз.

1. «Жарты ғасырдай қолданыста болып, етене үйренсіп кеткен кирилл жазуын латын әліппесімен алмастырудың қандай қажеті бар?» деген сұрақ әрдайым бірінші қойылады.

Бұл сұраққа бір ғана сөзбен ғана үзілді-кесілді жауап беру, әрине, оңай емес. Өйткені жазу алмастыру тек тіл саясатына ғана емес, бір жағынан экономика мен демографиялық жағдайға да, бір жағынан әлеуметтік, демократиялық үрдіске де, бір жағынан өркениетті ел болуға қадам басқан халқымыздың жарқын болашағын ойлауға да байланысты «он өлшеп бір кесуді» талап ететін нәзік те күрделі, қиын болса да, қажеттілігі зор мәселе.

**Біріншіден, басқа туыстас түрк халықтары латын жазуына көшіп жатқанда, қазақтардың олардан бөлектеніп, бұрынғы жазумен жалғыз қалып қоюы – бүкіл түрк қауымдастығынан, олардың рухани, мәдени өмірінен шеттеумен, қол үзумен бара-бар.**

Екіншіден, кирилл жазуы өткен елу жыл ішінде ұлттық мәдениет пен ғылым-білімді біршама дамытуға негіз болса да бірақ ол, дүние жүзі түрк қауымдастығын былай қойғанда, тіпті бұрынғы КСРО-да жасайтын отыз шақты түрк халықтары мен ұлыстарының басын біріктіре алмады; керісінше, олар, бұл жазудың кейбір «ерекшеліктеріне» байланысты, бірінің жазғанын бірі еркін оқып түсіне алмайтындай жағдайға келді, жарқырай түсті.

2. «Кирилл жазуының қазақ және басқа да түрк тілдері үшін жеке басының қандай кемшіліктері байқалып келді?» деген сұрақ та жиі қойылады.

Біріншіден, қазақ және басқа түрк тілдері бұл жазу арқылы өзіндік табиғи ерешеліктерін (дыбыс құрамын, буын жүйесін, үндестік заңын т.б.) емін-еркін дамыта алмады; соның салдарынан тіліміздің ауызша айту (орфоэпиялық) нормасы мен жазу емлесі (орфографиясы) арасында жер мен көктей алшақтық пайда бола бастады; білімділер көп болса да, сауаттылар аз. Мұның бәрі тілдің табиғи болмысына ғана емес, сол тілде сөйлеуші жас ұрпақтың болашағына да зор нұқсан келтіре бастағаны белгілі. Тілдегі экологиялық құбылыстың бір көрінісі осыған байланысты да.

Екіншіден, қазақ тілі үшін қажетті небәрі 26-28 әріптің орнына 42 таңбадан тұратын кирилл алфавитін меңгеру, пайдалану қазақ балалары үшін өте ауыр. Ал соншама басы артық таңбалардың алынуы о бастан-ақ ұлт тілдерінің мүддесін қарастырудан, қайткенде де қазақтарды орыс тіліне жақындатудың қам-қажетінен туған іс еді.

Үшіншіден, қазақ тіліне тән 9 фонеманы – (ә, ө, ұ, ү, і, қ, ғ, ң, һ) – жеке-дара таңбалай алмағандықтан, қосымша «жал-құйрық» жасап, әуре болып жүргенде, қазақ тілінің өз басына қажеті жоқ – (в), (ё), (у), (ф), (х), (ц), (ч), (щ), (ь), (б), (э), (ю), (я) – соншама басы артық таңбалардың қолданылуы жазу жүйесін қиындатпаса, оңайлатқан жоқ. Бұл мәселенің тек бір-ақ жағы. Оның екінші жағы тағы бар: қазақ тілі сияқты басқа туыстас түрк тілдері де аталмыш 8-9 («түріктік») фонеманың таңбасын біркелкі емес, әртүрлі қылып «құйрық-жал» шығарып, өзінше қолданып, өзара жақындаса алмай келгендігін саяси тілде: «бөліп ал да, бөлшектеп билей бердің» нәтижесі деп те түсіндіріп жүр. Әрине, мәселенің бұл жағын тарих анықтай жатар. Бірақ болашағы зор, ұзағынан сүйіндірер ұлттық жазуымыздың тағдырын түбегейлі шешетін тарихи сәт келген сияқты және оны түрк қауымымен бірлесе отырып, бүгін шешпесек, ертең кеш болады, уақыт өткен сайын ол қиындай түсуі ықтимал.

3. «Латын әліппесіне көшу» деген сөзді қалай түсінуге болады және оны қалай жүзеге асырамыз?» деген сұрақты да жиі естиміз.

Біріншіден, «латын әліппесіне көшу» деген қазақтар үшін де, басқа түрк халықтары үшін де – мүлдем жаңа жазу қабылдау емес: мұндай «дәуірді» қазақтар да, басқа ұлттар мен ұлыстар да басынан кешірген болатын. Тіпті бұл жазуды Қазақстаннан тыс жерлерде жасайтын бауырларымыз да қабылдап, алды 20, арты 10 жыл бойы пайдаланғаны белгілі. Демек, «латын әліппесіне «көш» деген ұғымды дәлірек айтсақ, ол – «кезінде бүкіл түрк халықтары түгел пайдаланған ортақ жазуға қайта оралу». Бірақ бүгінгі үрдістің бұрынғыдан бір айырмашылығы бар: егер бұрын латын жоғарыдан төменге міндеттеу түрінде қабылданса, бүгінде ол халықтың өз қалауымен, жаңа заман талаптарына сай, мемлекеттік тіліміздің биік мәртебесіне лайықты ұлттық жазуымызға тұрақты тұғыр (негіз) ту, туыстас халықтармен бірге болу сияқты ізгі мақсаттарға байланысты қабылдануы тиіс.

4. Латын жазуына байланысты пікір сайыстарында оппоненттердің ылғи көлденең тарта беретін бір сұрағы: «Бүгінгі еліміздегі экономикалық қиыншылықта жазу ауыстыру деген не?»

Әрине, бұл заңды сауал және оған жауап беруіміз керек, өйткені жазу ауыстыруға қаражаттың керек екені рас. Бірақ бұл жерде екі түрлі нәрсені ескеру қажет сияқты: Оның бірі – «Бұдан жаман күнімде де тойға барғанмын» деген қазақтың бір мысал сөзі. Шынында да біз сонау қиын-қыстау жылдардың өзінде (араб-төңкерістен кейін, латын - 1929 ж. , кирилл – 1940 ж.) ешбір экономикалық қиыншылықтарды сөз етіп жатпай-ақ, ың-жыңсыз бір емес, жазуымызды үш рет өзгертіп келген Қазақстанның бүгінгі жағдайы дәл сол кезден сорлы емес. Мәселе басқада болып отырғанын біз жақсы түсінеміз (ол туралы төменде айтылады). Егер мемлекетіміз өтпелі дәуірдегі экономикалық қиыншылықтарды ескере отырып, өзінің шынайы тәуелсіздігін сезіне алса, қоғамдық пікірлермен санаса білсе және жазу өзгертуді мемлекет үшін қажет деп тапса, «алынбайтын қамал жоқ» дегендей, мәселені еш қиындатпай-ақ шешуіне болады. Жазуларын өзгерте бастаған көршілес республикалардың бізден асып жатқан экономикалық жағдайын біз көріп отырғанымыз жоқ. Оның үстіне, бұл мәселені «дәл қазір, қолма-қол шешу керек» деп отырған да ешкім жоқ қой. Латын әліппесін ресми қабылдаған және қабылдамақшы туыстас (әзірбайжан, түрікпен, өзбек, қырғыз, т.б.) көршілеріміздей біздің де оған бірден емес, асықпай, біртіндеп, барлық дайындықты жасап алып барып, бер жағы 5 жыл ішінде, ар жағы ХХІ ғ. басында көшсек те болатын сияқты. Бірақ ол үшін латын әліппесін алу, алмау мәселесі принципінде қазір шешілуі керек.

5. Әліппе өзгертуге байланысты пікірталасында көп айтыла беретін: «жазуымызды алма-кезек өзгертуден шаршамадық па, сауатсыз болып келгеніміз, көптеген рухани мұраларымыздан мақұрым болғанымыз бізге әлі аз ба еді?» деген қитарлау сұрақ.

Біріншіден, жазуымызды үш мәртебе ауыстыруға байланыстаы қалың жұртшылықтың көп жылдар беделінде толық сауатты бола алмай келгені рас. Өйткені халқымыздың жаппай сауатсыздығы ертеден-ақ келе жатқан дерт еді ғой. Оның үстіне жазудың бірінен кейін бірін ауыстыру оңай болған жоқ. **Айта беретін «сауатсыздықтың» сыры, біле білсек, осында болды.** Ал одан кейінгі жарты ғасырда сауаттанған ұрпақ пен сауатын латынмен ашатын жас ұрпақтың саналы түрде, үлкен дайындықпен өткізілетін жазу реформасынан «сауатсыз болып қаламыз-ау» деп қорқуының еш жөні жоқ. Бүгінде кирилл жазуымен сауаттанған жұрт өз өмірін өз өмірінің аяғына дейін оны толық пайдаланып өтетініне дау жоқ. Ал латын әліппесін үйрену оларға ешбір қиындыққа түспейді. Мәселен, латынды бұрын оқығандар мен

шет тілі арқылы үйренгендер үшін оның оқу мен жазуын меңгеру, шындап кіріссе, бас-аяғы екі-үш сағаттан екі-үш күнге ғана созылуы мүмкін.

Екіншіден, шынында да, жазуымызды бірінен кейін бірін ауыстыруымыздан рухани мәдениетіміздің біршама тоқырағаны рас. Бірақ ұтылғанымыздан ұтқанымыз көбірек сияқты. Елу жылдық жазба мәдениетіміз соның кепілі. Соның өзінде де жоғалттық деп жүргеніміздің бірі болмаса да, көбісі-ақ қалпына келген тәрізді: кейінгі ұрпақ жөнді оқи алмай жүрген араб, латын жазуларындағы көпшілік қолды шығармалар негізінен кирилге қотарылып болған көрінеді. Бұл әрине, басы артық шығын. Дегенмен, қажеттілік одан да артық қой. Әйтпесе, Қытайдың Шинжаңындағы қазақ туыстарымыз бізде шыққан том-том кітаптарды арабшаға қотарып, басып шығарар ма еді?

Үшіншіден, латын жазуы сөз бола бастағаннан бері (бұрын ондай әңгіме көп болмайтын) онымен бір кезде Ахмет Байтұрсынұлы реттеп, жеңілдеткен арабтың төте жазуын таластырушылар да табылып жатыр. Егер бүгінгі жазу мәселесі тек қана қазақ тіліне байланысты болса, мүмкін, бұл ұсыныстың салмағы басқашалау болар еді. **Бүгінде мәселенің қойылуы мүлдем өзгеше, әйтеуір жазу өзгерту емес, бүкіл түрк қауымдастығын жақындата түсетін ортақ жазуды сайлау керек боып отыр ғой.** Ал түрк әлеміндегі араб жазуының мәні мен дәстүріне келсек, онда түрк, өзбек, әзірбайжан, татар, түрікпен халықтарының алдына түсу бізге қиын болар еді. Олардың ғасырлық жазба дәстүрі араб жазуына байланысты. Соның өзінде де бұл халықтар латын жазуын таңдап алып отырған жоқ па? Осы арада бір нәрсенің басын ашып кеткен жөн ғой деп ойлаймыз. Бүгінде қазаққа «араб жазуын үйренбе» деп жүрген адам жоқ. Әрбір сауатты адам ол жазуды білгені жөн. Біз де жастарды соған үгіттеудеміз. Бұл, әрине, басқа мәселе.

6. Латын мәселесіне республикамыздағы этнодемографиялық жағдайдың да қатысы бар екені сөзсіз.

Рас, біз көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері жасайтын мемлекетте тұрамыз. Ұлт өкілдері мен жергілікті қазақ халқының сандық ара қатысы латын әліппесін қабылдап жатқан көршілес түрк республикалардан мүлдем басқаша. Жазу ауыстыру мәселесінің осы күнге дейін ресми түрде сөз болмай келуі де, міне дәл осы жағдайға қарайлауға байланысты екені айдан анық. **Біздің ойымызша, мемлекеттік мәртебеге жаңа ғана қолы жетіп отырған қазақ тілінің жазуын өзгертуден басқа ұлт өкілдеріне келіп-кетер еш нәрсе жоқ сияқты.**

Рас, біз көптеген ұлттар мен ұлыстардың өкілдері жасайтын мемлекетте тұрамыз. Ұлт өкілдері мен жергілікті қазақ халқының сандық ара қатысы латын әліппесін қабылдап жатқан көршілес түрк республикалардан мүлдем басқаша. Жазу ауыстыру мәселесінің осы күнге дейін ресми түрде сөз болмай келуі де, міне дәл осы жағдайға байланысты екені айдан анық. **Біздің ойымызша, мемлекеттік мәртебеге жаңа ғана қолы жетіп отырған қазақ тілінің жазуын өзгертуден басқа ұлт өкілдеріне келіп-кетер еш нәрсе жоқ сияқты.**

Сондықтан да қазақ тілін үйренгісі келмейтін жерлестерімізге қазақ жазуының кирилл болғаны не, латын болғаны не –бәрі бір емес пе? Қайта міндетті түрде шетел тілдерін оқитын барлық халықтар үшін мемлекет тілінің латын әліппесін қабылдауымыздың пайдасы болмаса, зияны жоқ. Өйткені олардың (мәс. өзбек, әзірбайжан, қырғыз, татар, т.б.) өз тарихи атамекендерінде де латын жазуына көшкен, не көшпекші.

Әрине, ұлттың өзі болып бастаған осы бір ізгі әрекетті дау іздеушілер, «сыныққа сылтау» таба алмай жүргендер «ойбай, қазақтар жазуларын өзгертіп жатыр» деп, дабыра етуі де, «мұның арты не болар екен?» деген күдік пен күмән тудыруы да мүмкін. Бірақ қазақ тағдырына парасаттылықпен қараған саналы азаматтың бұл мәселені дұрыс түсінуі де ықтимал. Ойлануға да, толғануға да уақыт та ( XXI ғ. дейін) жеткілікті.

7. «Латын әліппесіне байланысты қазақ диаспорасының жағдайы қалай болмақ?» деген өте орынды сұрақ та қойылып жүр.

Бұл бүгінгі таңда үш түрлі (араб, латын және кирилл) жазудан пайдаланып отырған қазақ диаспорасының (яғни жақын, алыс шетелдерде жасайтын үш қазақтың бірінің) тағдырына байланысты мәселе. Егер белгілі бір себептермен кирилл жазуында қала берсек, онда ҚХР, МХР, Ауған, Иран, Түркия, т. б. елдерде жасайтын қандастарымыз болса, олар сол елдердің азаматы ретінде мемлекеттік жазу деп таныған латынға көшуге міндетті. **Сонда, екі ортада, онсызда біртұтас ұлт бола алмай жүрген қазақ халқы жазуының ала-құлалығынан тағы да ортақ рухани мәдениетті дамытуға толық араласа алмай, шөре-шөре болуы сөзсіз.** Міне, бұл тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына сын, өркенитетті ел болуына нұқсан келтіргені келтірген. Егер Қазақстан Республикасы латын әліппесіне көшу туралы шешіп қабылдап, үш миллионнан астам қазақ диаспорасын рухани, мәдени ынтымаққа шақырып жтса, ал ондағы бауырларымыз бұл игілікті іске ықылас білдірсе, күндердің күнінде бір жазулы ұлтқа айналуымыз да ғажап

емес. Құзырындағы халықтардың жазуын өзгерту әрбір мемлекеттің ішкі ісі екендігі де бізге белгілі. Ол сол елдің заңына, ұлттық дәстүріне байланысты. Мәселен, Қытай Халық Республикасының «Негізгі заңының» 4-тармағында: «Ұлттардың барлығына да өздерінің тіл-жазуын қолдану және дамыту еркіндігі беріледі» деп көрсетілген екен. Демек, 20 жылдай пайдаланып келген латын жазуына қайта оралу, оралмау ҚХР құзырындағы миллионнан астам қазақ туыстарымыздың өздеріне ғана байланысты ма деп ойлаймыз.

8. Жер жүзі өркениетті елдердің барлығы өздерінің жазу мәдениетін компьютер техникасы арқылы дамытып отырған бүгінгі таңда мұндай болашағы зор мүмкіншіліктен біздің де толық пайдалануымыз керек. **Ал бұл техниканың тетігі латын жазуында екені айдың әлемге белгілі.** Сондықтан да латынды қабылдау деген сөз – болашақпен санасу.

9. Латын әліппесіне көшудің нақты жолдары мен әліппенің өзі туралы да жұрт білгісі келеді.

Біріншіден, бұл мәселе үкімет тарапынан ресми шешілуі қажет және жаңа әліппеге көшу жан-жақты дайындықтан соң, біртіндеп (этаппен) және бірнеше жылдың ішінде арнайы бағдарлама бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Екіншіден, қазақтар да, басқа түрк туыстарымыз сияқты, ұлттық жазуын – «Қазақ әліппесін» – Анкара конференциясында қабылданып, Англиядағы жер жүзі түркі халықтарының Құрылтайында бірауыздан бекітілген жобадағы 34 әріптен тұратын латын әліппесінің негізінде өз тілінің ерекшеліктеріне сай етіп түзуге тиісті. Негізінен, «бір дыбысқа – бір таңба» деген принцип бойынша қазақ тілі үшін алынатын әріп-таңбалардың саны мамандар тарапынан айқындалуға тиіс. Бірақ әріптердің жалпы саны 34-тен аспауы керек те, түр-тұлғасы өзгермеуі керек. Қазақ тілінің өзіне ғана тән фонемаларды таңбалайтын әріптерден басқа шетел сөздерінде кездесетін графемаларды Қазақ әліппесінде алу, алмау немесе оларды қосарлы таңбалар арқылы беру мәселесі де арнайы комиссияда шешілгені жөн.

Латын әліппесінің осы ерекшеліктерін ескере отырып, біз жоғарыда келтірілген түрк тілдеріне ортақ 34 әріптен тұратын әліппеден қазақ тілі үшін мына төмендегі 28 таңбаны ұсынамыз:

Aa, Bb, Dd, Ee, Əə, Gg, Ii, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ww, Yy, Zz

Бұл әріптердің ішінен екеуін – (Əə) мен taw, jaw, suw, buw, puw, juwan, duwman сияқты сөздерде кездесетін дауыссыз (Ww)-ның қазақ тілі үшін

қажеттігін дәлелдеп, әліппе жобасына енгізсек те, дәл осы принцип бойынша (Оо)-ні, (Өө) түрінде қабыладата алмаған едік. Бұл тәрізді мәселелерді, сондай-ақ алфавит тәртібін анықтай түсуге комиссияның мүмкіншілігі болар деп ойлаймыз.

Ортақ латын әліппесі жобасының толық кестесі мен болашақ «Қазақ әліппесімен» жазылған хат үлгісі ретінде ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың екі шумақ өлеңі хат соңында келтірілді.

10. Кез-келген әліппенің тағдыры, тілде атқаратын қызметі, сайып келгенде, жазу емлесіне тікелей қатысты. Сондықтан да қазақ тілі үшін латын әліппесін қабылдаумен қатар, бұл мезгілде оның емле ережелерін де дайындау қажет. Өйткені, әліппенің жаны, өмірі, барлық мүмкіншілігі тек емле арқылы ғана айқындалады. Латын әліппесінің басты бір қасиеті емленің дыбыстық (фонетикалық) принципіне сай және сөйлеу тіліміздің өзіндік ерекшеліктерін толығырақ бере алуында. Бұл да ескерілетін маңызды мәселе.

Құрметті президент мырза!

Қорыта келгенде айтарымыз – бірнеше ұсыныс:

1. Терезесі тең тәуелсіз мемлекеттер қатарында, қоғамдағы прогрессивті үрдісті, замана талабын және тілдің өз қажеттігін ескере отырып, қазақ мемлекеттік ұлттық жазуына негіз етіп латын әліппесін қабылдауға ұйғарым шығарсаңыз.

2. Мемлекеттік, саяси-әлеуметтік, ғылыми-практикалық маңызы зор бұл мәселені өз дәрежесінде және дұрыс шешу үшін бұл істің мәніне терең түсінетін тәжірибелі мамандар мен парасатты зиялылардан (25-27 адамнан тұратын) Мемлекеттік комиссия түзіп, ол белгілі мерзім ішінде ҚР Жоғарғы Кеңесіне өз ұсыныстарын тапсыратын болса.

3. Латын әліппесі негізіндегі қазақ жазуының жобасымен қатар оның емле ережелерінің жобасы да жасалып, олар бойынша кең түрде пікір алысу үшін Мемлекеттік комиссия тарапынан баспа беттерінде жарияланса.

4. Латын әліппесі негізіндегі қабылданатын жазу мен емлені біртіндеп, жоспарлы түрде жүзеге асыру мақсатымен көп жылдық бағдарлама жасалынатын болса.

Magjan Jumabayuli

Qazaq tili

Erlik, eldik, birlik, qayrat, bag, ardin,

Jawiz taqdir joidi bərin ne bardin.

Altin kunnen bagasiz bir belgi bop,



Nurli juldiz, BABAM TILI, sen qaldin.  
Jariq hõrmey jatsan da uzaq, ken-tilim,  
Taza, teren, õtkir kusti ken tilim;  
Tarah ketken balalarindi bauirina  
Aq qolinmen tarta alarsin sen tilim!

*«Ана тiлi», 30 желтоқсан 1993 ж.*

### **Түркілер алфавитінде — қазақтың «ә» әрпі**

Наурыздың 8-10-ында Түркияның Анкара қаласында 6 түркі мемлекетінің бірлесіп өткізген түркі халықтарына ортақ әліппе және емле мәселелері туралы конференция болды. Оған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Сайлау Батырашұлы, Қазақстан ұлттық ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры Әбдуәли Қайдаров пен осы академия жанындағы шығыстану орталығының директоры Ерден Қажыбеков қатысты.

- Конференцияны Түркия Сыртқы істер министрлігі құзырындағы түркі қарым-қатынас және жаңғыру агенттігі ұйымдастырды, - деді конференциядан оралған академик Ә. Қайдаров ҚазТАГ тілшісімен әңгімесінде. – Оған Түркияның өзінен Зейнеп Қорқпас, Әбдірахман Гузел, Мәкмет Сарай, Әзірбайжаннан – профессорлар Афат Курбанов пен Кемал Абдуллаев, Өбекстаннан – профессор Жаппар Гөкленов, Анна Гулс, Қырғыстаннан – Қырғызстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары Әбдіғани Еркебаев пен мемлекеттік кеңесші Сағжан Жігітов сияқты мемлекет қайраткерлері мен тіл мамандары қатысты.

*- Мұндай конференция алғаш рет өткізілмеген болар, оның қандай да бір тарихи негізі бар шығар?*

- Жалпы түркілердің о баста тұтас бір халық болып, кейін әртүрлі себептерге байланысты ұсақ ұлыстарға бөлініп кеткендігін дәлелдейтін негіз мол. Тұрмыс-салты да, тілі де ұсақ туысқан халықтардың басын біріктіруді көптеген қайраткерлер арман етті. Соның бір көрінісі – 1926 жылы Бакуде өткен Түркологтардың дүниежүзілік тұңғыш құрылтайы. Онда түркілердің басын біріктіріп, ортақ алфавит қабылдау мәселесі қаралды. Алайда қазақ елінің делегациясын бастап барған Ахмет Байтұрсыновтың араб алфавитіне көшу туралы ұсынысы өтпей қалып, түркі мемлекеттерінің жазуын латын тіліне көшіру туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, латын әрпіне бірінші болып әзірбайжандар, қырғыздар және ұйғырлар өтті, ал қазақтар оны 1929 жылы қабылдады.

Ізгі ниет жолында түрік көсемі Кемал Ататүрік көп еңбек сіңірді. Араб мәдениеті мен сөздерін бойына неғұрлым тереңірек сіңірген түрік елі, қанша болса да, бұл іске барды. Сөйтіп, 1978 жылы Ататүрік өз елін латын алфавитіне көшіру туралы шешімге қол қойды.

Жоғарыда аталып өткен алты мемлекеттің әрқайсысы конференцияға латын тіліндегі алфавиттерімен келді. Сол 6 алфавиттен жалпы түркі халықтарына ортақ 34 әріптен тұратын бір алфавит жасадық. Оны үш күн бойы талқыладық. Барлық тілдердің ерекшелігі, ұлт өкідерінің ұсыныстары мұқият қаралды. Ортақ алфавитке 34-інші әріп менің ұсынысыммен қосылды. Ол – «ә» әрпі. Өйткені, кейбір түркі тілдес халықтардың тілінде «ә» әрпі жоқ болып шықты.

*- Түркілердің ортақ алфавиті қабылданды, ал енді оған көшу барысы қалай?*

- Оны Әзірбайжан мемлекетінің ресми түрде қабылдағанына 2 жыл өтті. Түрікмен алфавитін латын әрпіне көшіруді 1994 жылға дейін аяқтау туралы республика президенті С.Ниязовтың қаулысы шықты. Бұл мәселе жөнінде Қырғызстан мен Өзбекстанда тіл мамандарынан құрылған арнайы комиссия тек республика Жоғарғы Кеңестерінің шешімін ғана күтіп отыр.

Бұл жерде біз «ала қойды бөлек қырықпау» керек екенін, латын алфавитіне көшудің өмірлік қажеттіліктен туып отырғанын түсінуіміз керек. Жаңа жазу қабылдап отырмағанымызды, халқымыздың өзі бұрын пайдаланған алфавитті қайта жаңғыртпақ ниетімізді қазақстандықтарға баса айтқанымыз жөн. Бүкілтүркіні былай қойғанда, қазақтардың өзінің әлі күнге дейін ортақ алфавиті жоқ. Мәселен, қытай мемлекетінде тұратын 1,5 миллиондай қазақ араб әрпін пайдаланады. Ол жақтың филологтары қазір Қазақстаннан шыққан 10 томдық фразеологиялық сөздікті аудару үстінде. Былай қарасаң, қаншама шығын. Ал егер алфавит тұтастығы болса, мұндай шығынға батпас еді. Енді осы бір кішкене мысалды ортақ алфавиті жоқ бүкіл түркі тілді халықтарының сарп етіп отырған шығынымен салыстырып көріңізші – ол теңіздің бір тамшысындай ғана емес пе? Тағы бір назар аударатын мәселе, латын әрпіне көшу процесінің бірден жүзеге асыра салатын оңай шаруа еместігі.

*- Қазақстан латын әрпіне көшкен жағдайда республикада тұратын басқа халықтың өкілдері де осы алфавитті пайдалана ма?*

- Конференция соңынан бізді Түркия мемлекетінің Премьер-министрі Сүлеймен Демирел қабылдап, сұхбаттасты. Түркі халықтарының басынан өткен тарихты саралай келіп, ол, латын әрпіне көшу әр мемлекеттің

өзінің ішкі саясаты, бұл орайда түріктер гегемондық рөл атқармайтынын, бірақ ізгі ниет жолында баспахана, компьютер сияқты қажетті бұйымдар жағынан мемлекет тарапынан туысқан республикаларға көмектесу ниеті барын білдірді. Латын алфавитінің дүниежүзінде кең таралғандығы, оның мәдениеті мен экономикасын біліп, үйренуге қолайлы жағдай туғызғандығы айтылды.

*«Жас алаш», 19 наурыз 1993ж.  
(Сұхбаттасқан М. Қайыңбаев)*

### **Жаңа қазақ әліпбиі Латын графикасының қай қарпін таңдаймыз? Бұл ойланып шешетін ортақ іс**

Латын графикасы негізінде қазақтың ұлттық жазуын қалыптастыру мәселесінің сөз болып жүргеніне де жеті жылдан астам уақыт өтіпті. Бұл мәселе жөніндегі айтылатын ой-пікірлер мен ортаға салатын ұсыныстардың бәрі болмаса да, біразы айтылып болған сияқты. Қазақтың ұлтжанды азаматтары мен зиялы қауымы дәл бүгінге дейін әліпби жөнінде жиырмадан астам жоба-үлгілерін ұсынып, баспа бетінде жариялап та үлгерді. Мұның бәрі осынау бір игілікті істің қазақ топырағында да жүзеге асырылуына қалың жұрттың белсене атсалысуын көрсетеді.

Алайда, бізге латын жазуын қабылдаған жағдайда қазақ тілі үшін ойланып-толғанып жасалған, мақсат-мүддемізге сай, тіліміздің өзіндік табиғатына сәйкес және бүгінде бүкіл әлемде қарқындап дамып отырған компьютерлік жүйеге оңтайлы бір-ақ жоба қажет. Ал, ондай төрт аяғынан тік тұрған әліпби жобасы дүниеге бірден келмейтіні баршамызға белгілі. Дегенмен, латын мәселесіне байланысты адам өміріндегі кейінгі бір серпіліс, “жатқан тастың астына су бармайды” дегендей, зиялы қауым тарапынан да бір пәрменді әрекеттің қажет екенін көрсетіп отыр. Кейде мәселені бастау қиын. Ал, бір басталған істі аяусыз тастау одан да қиын. Қазақстанда латын мәселесінің ресми түрде сөз болғанына да біраз жыл өтті. Елбасымыздың тапсыруымен үкімет тарапынан да біраз шаралардың істелгені рас. Бірақ олар, өкінішке орай, әлі нәтижесіз. Бұл туралы біз өз пікірімізді газет бетінде де айтқан едік (Қар. Жеті жыл жыр болған жазу жайында...// Егемен Қазақстан, 16 маусым, 2000ж.).

Енді, міне, осы бас газетіміздің ұсынысы бойынша кейінгі жылдары дүниеге келген көптеген жоба-үлгілердің бірі ретінде мен өз тарапымнан кезінде (1993ж.) газет бетінде жарияланған Латын әліпбиінің қазақ тіліне ыңғайланған жобасын (кейбір өзгерістермен) қайта жариялап, тағы да жұртшылықтың назарына ұсынуды жөн көрдім.

Алайда, мен “бұл жоба басқа жобалардың ішіндегі ең жақсысы!” деген пікірден мүлдем аулақпын. Бұл жоба туралы да сын-пікірлердің айтылуы сөзсіз. Бірақ пікір таластырып, сын айту үшін де, нақтылы ұсыныс беру үшін де тілге тиек етер жұртшылық қолында бір “үлгі” болу керек сияқты.

Осы мақсатпен ұсынылып отырған жобаның өзі туралы елге айтып, алдын ала ескертетін біздің де бірер пікіріміз бар. Олар мыналар:

1. Бұл жоба 1993ж. ірі алты түркі мемлекетінің (Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан) өкілдері бас қосқан Анкара қаласында өткен құрылтайда қабылданған 34 әріптен тұратын ортақ әліпбиге сәйкес алынып отыр. Бұл - барлық түркі тілдеріне бірдей қойылатын талап. Одан ауытқуға болмайды.

2. Жоба, көріп отырғаныңыздай, 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбысты белгілейтін барлығы 28 латын әрпінің таңбасынан тұрады. Бұл әріптердің бәрі “бір дыбысқа - бір әріп” принципін қатал сақтауға байланысты алынған компьютер жүйесіндегі негізгі 21 (a, b, d, e, g, i, j, k, q, l, m, n, o, p, r, s, t, u, w, y, z) таңбадан және сол компьютер кодында бар диакритикалық белгілерді пайдалану арқылы алынған қосымша 7 (a

	Латин әліпбиі Баспа түрі	Латын әліпбиі Жазба түрі	Кирилл әліпбиі	Әріптердің аталуы
1	A a		А а	а
2	Ä ä		Ә ә	ә
3	B b		В в	бы
4	D d		Д д	ды
5	E e		Е е	е
6	G g		Г г	гі
7	G̃ g̃		Ғ ғ	ғы
8	İ i̇		Ы ы	ы
9	I i		І і	і
10	J j		Ж ж	жы
11	K k		К к	кі
12	Q q		Қ қ	қы
13	L l		Л л	лы
14	M m		М м	мы
15	N n		Н н	ны
16	N̄ n̄		Ң ң	ың
17	O o		О о	о
18	Ö ö		Ө ө	ө
19	P p		П п	пы
20	R r		Р р	ры
21	S s		С с	сы

22	S		Ш ш	шы
23	T t		Т т	ты
24	U u		Ү ү	ү
25	U		У у	у
26	W w		У у	у
27	Y y		И й	ий
28	Z z		З з	зы

*«Егемен Қазақстан», 2000. 26 шілде*

### Латын әліпбиі ауызбірлікті күшейтеді

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында қазақ әліпбиін латынға ауыстыру мәселесіне тоқтала келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» деген болатын. Ал, жаңа жыл қарсаңында отандық жетекші телеарналар өкілдерімен кездесу кезінде: «Латын қарпі бізге дүние жүзінің халқымен, әлемнің ғылыми-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуға тиіспіз. Бірақ, бұл мақсатқа біз үлкен сарабалдықпен, байыптылықпен келуіміз керек», - деп атап көрсетті.

Бірден айтып өтейін, Қазақ елі жарты ғасыр уақыт бойында мәжбүрлі түрде қолданылып келген кириллицаны қазақ тіліне икемдірек латын әліпбиіне ауыстыруға байланысты Елбасының шешімін естігенде, өз басым оны аса зор қуаныш үстінде қарсы алдым. Өйткені, барлық саналы ғұмырын қазақ тілінің өркендеуі мен дамуына арнаған тілтанушы ғалым, ғылым саласының қайраткері ретінде мұндай шешімге келудің жауапкершілігі мен қиындығын басымнан өткердім және бұл мәселені бір адамдай жақсы білемін. Сондай-ақ, осы мәселені елімізде тұңғыш (1992 ж.) көтеруші тіл маманы ретінде де, әліпби проблемасына арналып өткен өзіміздегі және өзге елдердегі көптеген конференцияларға қатысып, соның ішінде, әсіресе, 1993 жылы Түркия мемлекетінің Сыртқы істер министрлігі ұйытқы болып, ең ірі алты түркі мемлекетінің (Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан және Түрікменстан) басын қосқан Анкарадағы әйгілі конференцияға

қазақ делегациясын бастап барып, барша түркі халықтарына ортақ бола алатын латын әліпбиінің жобасына қол қоюшылардың бірі ретінде де, бұл - мен үшін өте маңызды оқиға болып есептеледі.

Еске сала кетсек, бұрынғы КСРО кеңістігінде жасайтын 30-ға жуық түркі халықтары үшін жазу, әліппе мәселесі 1926 жылдан бері дұрыс шешімін таба алмай келе жатқан күрделі де жауапты проблемалардың бірі еді. Әр кезде қолданыста болған (орхон, араб, латын, кирилл) жазулардың ішінен бүгінгі заман талабына сай, әрі қолайлы, әрі ортақ жазу сайлап алуға байланысты түркі халықтары арасында кейінгі кезде қайта өріс ала бастаған қоғамдық үрдістің барысын бағамдап қарасақ, жұртшылықтың ықылас-ниеті көбіне-көп латын әліпбиіне ауып отырғанын айқын көреміз. Мәселен, ТМД кеңістігін мекендейтін түркі халықтары ішінде әзірбайжан, өзбек, түрікмен, қырым татарлары мен гагауыздар латын жазуын қабылдап, қолданысқа енгізіп үлгерді. Ал, қырғыз, татар, башқұрт, қарашай, балқар, сақалар арасында бұл мәселе әлі де қызу талқылану үстінде екені бізге жақсы мәлім. Тек Қазақстан ғана барлық түркі елдерінде басталып кеткен осы бір қоғамдық үрдіске аса жауапкершілікпен, сарабал салмақпен қарап, соңын күткендей сыңай танытып келген еді.

Шындығында, жазу-сызуға реформа жасау әр елде, әр заманда да болған. Әсіресе, қоғамның әлемдік өркениетке, бүкіл дүниежүзілік қауымдастыққа байыпты бетбұрыс жасаған өтпелі кезеңінде бұл мәселенің бірінші кезекке шығатыны тарихтан белгілі. Сондықтан, басқа түркі елдерінде басталып кеткен бұл қоғамдық үрдістен қазақтардың да сырт қалуы мүмкін емес болатын, өзге түркі халықтарының соңында болса да, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір әліпби мәселесін шешетіміз сөзсіз еді. Өйткені, жазу-сызуға реформа жасау – еріккеннің ермегі емес, өмір талабы, болашағы жарқын өркениетті ел болудың алғышарттарының бірі. Ал, Елбасының 1991 жылы зиялы қауым көтерген бұл мәселені сол уақытта емес, дәл осы кезде назарға алуының себебі қоғамдық-саяси факторға байланысты болса керек. Қазақстанның тұрақты даму жолына түсіп, «ғалымдар не дейді, жұртшылық қалай қарайды?» деп зиялы қауымның асықпай бір шешімге келуіне, өзара пікір таластыруға мүмкіндік берген сыңайлы. Қалай дегенде де «қазақ әліпбиін латынға көшіруді көп уақыт ұмыт қалдырып, оған әлдеқандай себептермен аяқ астынан қайта оралды» деп үстірт болжам жасауға болмайды. Бұл жайт Елбасын үнемі мазалап жүргені байқалады.

Осы орайда айта кететін бір нәрсе – қазақ әліпбиін латын жазуына ауыстыру туралы әңгіме бүгін басталмағаны айқын. Өйткені, бұл

мәселе Тәуелсіздік таңы атысымен-ақ, тіпті одан да бұрын айтыла бастаған. Алғашқы дайындық кезеңі де осы уақытқа тиесілі. Өкінішке орай, менің кейбір әріптестерім оны білмеген, елемеген сыңай танытады. Жақында бір баспасөзден Түркі кеңесі Стамбулда жиын өткізіп, онда түркі халықтарының латын әліпбиіне көшу мәселесін талқылағаны жайлы хабар оқыдым. Барлық түркі халықтарының өкілдері қатысқан осы жиынға Қазақстан атынан Түркі академиясының перзиденті Шәкір Ыбыраев пен Тіл комитеті төрағасының орынбасары Шерубай Құрманбайұлы барыпты. Мені қайран қалдырғаны бұл есімдер емес, әрине. Мені таңырқатқан нәрсе «Олар түркі жұртына ортақ 34 таңбаның үлгісін алып келді» деген жолдар еді. Шын мәнінде, бұл мәселе тұңғыш рет 1993 жылы наурыздың 8-10 аралығында Анкарада өткен жоғарыда біз атаған конференцияда қаралып, бірнеше күнге созылған осы жиында мамандар ғылыми негізде жасалған, 34 әріптен тұратын латын әліпбиін қабылдаған-ды. Және «осы әліпби түркі халықтарының бәріне ортақ, оны әр ұлт өзінің тілдік ерекшеліктеріне орай қажетінше өзгерте алады» деген келісімге келгенбіз. Оған Қазақстан атынан өзім қол қойған едім. Естеріңізде болса, ол кезде түркі жұрттарының ішінде тек Түркия ғана латын жазуын қолданатын. Айтайын дегенім, Анкара конференциясында мақұлданып, қабылданған барлық түркі жұртына ортақ 34 әріптен тұратын латын әліпбиінің үлгісін сол 1993 жылы-ақ елге өзімізбен бірге әкеліп, газетке жариялаған болатынбыз. Артынша, ғылыми негіздерге сүйене отырып, әрі түркі халықтарына ортақ келісілген латын әліпбиінің жобасын басшылыққа алып, қазақ әліпбиінің үлгісін жасап, ғылыми ортаға ұсынған едік. Содан бері білуімізше, әліпбиге қатысты 100-ге тарта жобаның үлгісі әзірленіпті деп естиміз. Расында, қайран қаларлық жағдай. Тіпті, ерінбегеннің бәрі жоба жасағыш болып, «өнертапқыштық шығармашылықпен айналысып кеткен бе», деп ойлайсың. Айтпақшы, ескермеуге болмайтын тағы бір нәрсе бар. Сол жолы, яғни 1993 жылғы Анкара конференциясынан елге орала салысымен «Кемел елге кемел әліпби керек» деген тақырыппен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың атына ашық хат жазып, ол «Ана тілі» газетінің 1993 жылғы 30 желтоқсанындағы (№52) санында басылымның үш бетіне жарияланған еді. Бұл бүкіл жұртшылыққа мәлім. Ашық хаттың соңында түркі жұртына ортақ әліпбидің 34 таңбадан тұратын жобасы қоса берілген. Бұдан шығатыны түркі жұртына ортақ әліпбидің үлгісі бұдан 20 жыл бұрын әкелініп, қалың жұртшылыққа белгілі болған. Ол қазір аяқастынан белгілі болып отырған жайт емес. Бұл – бір.

Екіншіден, қазақ әліпбиіне байланысты біз әзірлеген үлгі сол Анкарадағы басқосуда қабылданған 34 таңбаның негізінде жасалған 27 әріптен тұрады. Онда қазақ тіліндегі 9 дауысты және 18 дауыссыз дыбыстың өрнегі бар. Мұнда ана тіліміздегі барлық ерекшеліктерді ескере отырып, осы 27 таңбалық дыбысқа сыйдыруға тырыстық. Мәселен, бір-біріне ұқсас «а» және «э» дауысты дыбыстарын алайық. Түркі тілінде бұл дыбыстардың айырмашылығы аса байқалмайды. Қазақ тілінде әріптердің өзгешелігі бар және екеуі де дербес мағына беретін дыбыстар. Жобада «а» кәдімгі кириллицадағыдай «а» әрпінің өрнегінде берілсе, үстіне екі нүкте қойылған «а» әрпі «ә» болып оқылады. Бұл тәсіл Еуропа елдері қолданып жүрген латын әліпбиінің көпшілігінде бар. Сол сияқты «о» мен «ө», «и (ү)» мен «и (ү)» дыбыстары туралы да осыны айтуға болады. Ал, «ы» және «і» дыбыстарына келсек, қазақ тілінде бұл дыбыстар өзгеше, мұндай ерекшелік қайсыбір түркі тілдерінде байқалмайды. Жобада «і» кириллицадағыдай төбесіне нүкте қойылу арқылы берілсе, «ы» әрпі де «і» сияқты жасалады, бірақ төбесіне нүкте қойылмайды. Енді «к» мен «к» дауыссыз дыбыстарын алайық. Кейбір ғалымдар бұл дыбыстарды бір фонеманың екі варианты ретінде қарастырады. Өйткені, «к»-ны айтуға келгенде қазақ тілінде дыбысты жеткізу барысында тіл арты, тіл ортасы тіл алды айтылуы қолданылады. Түркілерде тіл арты айту варианты жоқ. Яки, олар «к» дыбысын айта алмайды. Қырғыздар болса, «к»-ны айтқанымен, жазғанда оның орнына «к»-ні қолданады. Сөйтіп, өкінішке орай «к»-дан айырылып қалды. Мысалы, «қырғыз» деп ауызша айтқанмен, жазғанда «қыргыз» деп таңбалайды. Ал, біздің жобада «к» әрпі «к» әрпіне ұқсайды, бірақ үстіне диакритика қою арқылы беріледі. Ендігі бір атап өтетін мәселе «ң» дыбысына байланысты. Түркі халықтарының көпшілігінде бұл дыбыс мүлде жоқ. Мысалы, әзірбайжандар «таң»-ды «тан» деп дыбыстайды. Ал, қазақ тілінде бұл дыбыс дұрыс айтылып, дұрыс жазылмаса, сөздің де, сөйлемнің де мағынасы мүлдем өзгеріп кетеді. Осы әріптің латын жазуында қолданылуының бірнеше варианты ұсынылып жүр. Біздің ұсынған жобада «н» әрпі төбесіне ирек сызық қою арқылы жазылған. Мұнда ерекше назар аударатын бір нәрсе, Қазақстанда жұртшылық назарына біз жасаған жоба өзге үлгілерге қарағанда бұрынырақ ұсынылған. Оның үстіне көп уақыт талқылаулардан өтіп, бірқатар түзетулер де енгізілген. Осыдан біраз жыл бұрын «Қазақ ақпарат агенттігі» ұлттық компаниясы (агенттіктік қазақ бөлімі басшысы, қарымды қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы мырзаның бастамасымен)



мемлекеттік тілде дайындаған өз ақпараттарын шет елдерде тұратын (мәлімет бойынша, қазақтар әлемнің 48 елінде тұрады) қазақ жұртшылығына арнап латын жазуымен таратуды қолға алған болатын. Бұл латын жазуының негізіне осы біз жасаған нұсқаның қалап алынуы да көп жайтты аңғартса керек.

Әрине, бүгінде латын әліпбиіне көшудегі әріптерді таңбалау мәселесі жөнінде республика жұртшылығының пікірі біркелкі емес. Тіпті, ақыры әліпби ауыстырады екенбіз, төл жазуымыз Орхон әліпбиіне көшейік, төте жазуға (А.Байтұрсынұлы жасаған) қайта оралайық, немесе латыншаға көшпей-ақ кириллицаның өзін неге реформалап, өзімізге ыңғайлы етіп жасап алмасқа, деген ұсыныстардың да болғандығынан хабардармыз. Бұған менің уәжім мынадай: кириллицаның славян жазуы екені белгілі. Дегенмен, кириллицаны әлемдегі славян халықтарының бәрі бірдей қолдана бермейді. Бүгінгі күнде Еуропадағы көптеген славян мемлекеттері іс-қағаздарын латын жазуымен жүргізеді. Осы тұста бір мәселе, славян текті халықтардың арасында рухани тұтастықтың да шамалы екенін естен шығармау керек. Қысқасы, кириллицаның да белгілі бір дәрежеде кемшілігі шаш-етектен. Бұл - мәселенің бір жағы.

Екіншіден, жоғарыда атаған жайттарға қоса кириллица жыл алға озған сайын өзіне жүктелген міндеттерді тиісті дәрежеде атқара алмауда. Қазіргі кезде Ресей ғалымдары арасында да жаһанданумен байланысты бір кездері орыс әліпбиінің де латын қарпіне көшу ықтималдығы туралы сөз бола бастады.

Үшіншіден, бүгінгі түркі халықтары қолданып жүрген кирилл жазуында айырмашылықтар өте көп. Себебі, кезінде бұл жазудың біздерге тек қаріптік белгілері, таңбалануы ғана ұсынылды. Ал, әр халық өзінің тілдік ерекшеліктеріне сәйкес кейбір әріптердің варианттарын өздері жасап алды. Соның нәтижесінде дүние жүзі түркі қауымдастығын былай қойғанда, бұрынғы КСРО-да жасайтын отыз шақты түркі халықтары мен ұлыстарының өзі басын біріктіре алмады. Керісінше, олар бірінің жазғанын екіншісі еркін оқып түсіне алмайтындай жағдайға келіп, жазу арқылы өзара жақындасудың орнына, жырақтай түсті. Сөйтіп, сыртқы күштердің о баста көздеген түркілердің бастарын біріктірмеу жоспары өз миссиясын толығымен орындап шықты. Енді, орхонға немесе төте жазуға неге көшпейміз деген мәселеге келсек, тек қаріп ауыстыру, былайша айтқанда бір таңбаның орнына екінші бір таңбаны алуда емес, қазақ жазуының әліпбиін өзгерту арқылы туған тіліміздің табиғи ерекшеліктерін (мәселен, дыбыс құрамын, буын

жүйесін, риторикасын, орфография және орфоэпия жүйесін сақтау) қажеттілігінде болып отыр. Сонымен бірге жазу алмастыру тек тіл саясатымен байланысты шаруа ғана емес, экономика мен демографиялық жағдайға да, қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени мәселелерге де, тіпті еліміздің демократиялық үрдісіне де қажеті зор мәселе. Айталық, басқа туыстас түркі халықтары латын жазуына көшіп жатқанда, қазақтардың олардан бөлектеніп орхон немесе төте жазумен жалғыз қалып қоюы – бүкіл түркі қауымдастығынан, олардың рухани-мәдени өмірінен қол үзіп, оқшаланумен бірдей болып шығады. Сондықтан, бізге орхонға көшейік, төте жазуға оралайық деген ешкімге қажеті жоқ ұсыныстар төңірегінде пікірталасты қайта қоздатып, өрбіткеннен гөрі, Елбасы айтқан латыншаға көшудің барлық мүмкіндіктерін қарастырып, кешеуілдетпей бір тоқтамға келетін уақыт болды деп есептейміз. Қазақ елі таңдаудан да, талғаудан да өткен сияқты. Енді тек латын әліпбиіне уақыт ұттырмай көшу жөнінде, яғни латыншаға қалай өтеміз, қандай үлгі-жобаларға басымдық берілуі керек деген мәселелерді ауыз бірлікте жүзеге асырсақ үлкен абырой болар еді.

*«Егемен Қазақстан», 2013. 14 ақпан.*

### **Қазаққа латын жазуы керек пе, жоқ па?**

Латын жазуын қабылдау, қабылдамау жөнінде кейінгі үш-төрт жылдың ішінде аз әңгіме болған жоқ. Сондықтан да қарапайым халық осы әңгіме неден басталғанын білсе де, немен тынғанын біле алмай, ділгер отырған жайы бар.

Осыған орай, латынжазуы жөнінде алғаш сөз көтергендердің бірі біз болғандықтан, ел алдында бар шындықты жайып салуды мақұл көрдік.

Көпшіліктің есінде болар: 1991 жылы 24 қаңтарда «Ана тілі» газетінде «Латын әліпбиінің болашағы зор» атты мақаламыз жарияланды. Онда бүгінгі славян жазуын латын жазуымен алмастыру жөнінде алғаш сөз болған еді.

Мүмкін, мақсатты дұрыс түсіндіре алмаған айып бізден шығар, әйтеуір, осы мақаладан кейін баспасөз бетінде жалпы жазу туралы жаппай пікір алысу басталып кетті. Біреулер көне түркі руникалық жазуды қайта жаңғырту керек десе, енді біреулер (бұрын қайда жүргенін кім білсін) дәл осы тұста бойын патриоттық сезім билеп, «егемен елдің басқа жазуларға ұқсамайтын (қытай сияқты) өзінің төл жазуы болу керек» деп, өңкей сызықшалардан тұратын «өз жазуын» ұсынып жанталасты. Тағы бір топ: «бұл дүниеде арабтан асқан жазу жоқ» деп, өз дәлелі болмаған соң,

Ахмет Байтұрсынұлының беделін бетке ұстап, біраз қарсыласып бақты, енді біреулер «кирилицадан айырылсақ, кейінгі жарты ғасырлық рухани етімізден айырылып, күніміз қараң болады!» деп, байбалам салып, жазу жөніндегі әңгімені жан-жақтан үрлеп, қоздыра түсті.

Сонымен, латын жөніндегі негізгі әңгіме жайына қалды да, әсіреқызыл сөзге әуес қауымның пәтуасыз әңгімелері жараспай, сиырқұймышақтанып барып, ақыры тынды.

Осы арада өз басым кейбіреулердің соншама артық сөзге барып, ақтер, көктер болып, қойылып отырған мәселенің түпкі мақсат-мүддесін түсіне алмағандығына қайран қалғанымды жасыра алмаймын. Ал, ол мақсат-мүддеміз біреу-ақ еді ғой:»Түркі дүниесінің жаңғыру дәуірінде ортақ латын жазуына біртіндеп көшіп жатқан басты-басты (туыс елдермен (Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан т.б.) қатар егемен ел, тәуелсіз мемлекет болған қазақтардың да латынды қабылдауы қажет пе, жоқ па?)— деген бір-ақ сауалға жауап беру еді. Ал ол жауапты «қажеті бар», не «қажеті жоқ» деген екі-ақ қысқа сөзбен қайтарып, әңгімені тындыруға болатын да еді.

Жоқ, іс жүзінде олай болмай шықты. Әдеттегідей, делебеміз қозып, «жазу ауыстырудың» қажет, не қажет еместігін шешудің орнына бес жазудың (көне түркі, руналық жазу, араб жазуы, латын жазуы, кириллица, «жаңа жазу») бір-бірінен артық-кемін айтып,дай-дай болдық.

Дегенмен, айтылған пікірлерді салыстыра қарағанда латын жазуын жақтаушылар көбірек болып шықты. Бір ғажабы: ана тіліміздің бүгіні мен ертеңі болжамдап, бағыт-бағдарын айқындай білетін тіл мамандары нақтылы ұсыныстан гөрі, сақтық жасап, жалтарыс-жалтақ тәсіліне тағы көшті.

Көтерілген мәселеден нәтиже шықпай, уақыт өтіп жатты.

Міне, осы кезде, 1993 жылдың тамыз айында Түркияның астанасы – Анкара қаласында латын жазуына байланысты дербес 6 түркі мемлекеті (Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан) өкілдері бас қосқан үлкен мәжіліс өткізілді. Қазақстаннан барған үш өкілдің бірі болып мен де қатынасқан едім. Түркиялықтардың бастамасымен ұйымдастырылған осы мәжілісте әрбір түркі тілінің өз ерекшеліктеріне сай болашақ ортақ жазудың 34 әріптен тұратын әліпбиін кең талқылап, келісе отырып қабылдаған болатынбыз. Бұл жоба бір жылдан кейін, 1994 жылы тамызда, Түркияның Анталия қаласында өткен жержүзілік түркологиялық құрылтайда бірауыздан қабылданған еді.

Міне, тағдырдың тәлкегімен арасы алыстап, бір кездегі ортақ

рухани мәдениеті тоқырай бастаған, тілі бір, діні бір, тегі бір түркі туыстарымыздың рухын көтерген осынау бір бас қосудан кейін өзара жақындасудың басты шарты ретінде қабылданған болашақ ортақ жазу идеясы көпшіліктің көңілінен шыққан болатын. Бұлардың арасында қазақстандықтар да (50 адам) болды. Әзірбайжан (ол латынды 1991 жылы қабылдаған) мен Түрікмениядан (1993 жылы қабылдаған) соң көп ұзамай, Өзбекстан Президенті И. Кәрімов (1993 ж.) өз жарлығымен өзбек халқының да латынға біртіндеп көшуін жариялады. Қырғыз ағайындар болса, арнайы құрылған мемлекеттік комиссия тарапынан дайындап отырған латын жазуының жобасын әлі бекіте алмай отыр. Сұрастырып көрсек, қазақ ағайындарына қарайлап, жалтақтайтын көрінеді. Ал қазақ ағайындарының асықпайтыны, көп нәрседе көштің соңында жүретіні белгілі ғой.

1993 жылы Анкарадағы мәжілістен қайтқаннан кейін жобасы қабылданған 34 әріптен тұратын ортақ латын жазуының негізінде қазақ тілі үшін дұрыс-ау деген алфавиттің жобасын жасап, мән-жайын өзімше түсіндіріп, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атына ашық хат ретінде «Ана тілі» газетінде (1993 жылғы 30 желтоқсанда) мақала жариялаған едім. Содан бері, міне, табаны күректей екі жылдың жүзі болыпты. «Судың да сұрауы бар» ғой, сұрау салып қарасақ, Президентіміз мақала-хатты өз кезінде-ақ тәптіштеп оқып шығып, кейбір әріптердің астын сызып, өз пікірін ескерте отырып, сол уақыттағы лауазымды Үкімет адамдары Әбіш Кекілбаев пен Қуаныш Сұлтановтарға мәселені қарауды тапсырған екен; осы арада олардың жұмыстары ауысып кетті де, латын жазуы өз тағдырын күтіп қала берді. Сол жатумен, міне, бүгінге дейін оған қозғау салынбады.

Алайда, «сабыр түбі – сары алтын» дегендей, көп күтсек те, енді, міне, оқырман қауымға айтарлықтай жаңалық та жоқ емес. Әрине, бұл тескентау түбінен көрінетін саңлау сияқты жаңалықтың нышаны ғана. Тіл заңы жөнінде кейінгі кезде өткізген мәжілістерінің бірінде Республика бас министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов мырзаның латын жазуы туралы мәселені қарау үшін ҚР Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетке (төрағасы – Г.В. Ким) арнайы комиссия құру туралы тапсырма бергенінің куәгері болдық. Комитет қазір осы мәселемен шұғылдануда.

Алайда, ендігі жерде мені тағы да алаңдатып отырған бір нәрсе бар ол ұйымдастыру мәселесі: комиссияға кімдер қатыстырылар екен, олар қандай принциппен таңдалмақшы т.т. Әлде бұрынғыдай біреуі – қойшы,

біреуі – жұмысшы, біреуі – зиялы, біреуі – басшы, біреуі – қазақ, біреуі – орыс т.т. үйреншікті принцип бойынша ма, жоқ, «бұл іс ғылым мәселесі» деп, біржолата ғалымдарға аударма салумен шешілмекші ме? Бұл жағы маған белгісіз. Сондықтан да осыған орай, көңілдегі күдік пен күмәнді айтпай тұра алмаймын. Менің өз басым: бүкіл түрік дүниесінде жана бір сілкініске, жаңғыруға байланысты туған осынау бір өте батыл бірақ ізгі идеяны мың түрлі себеп-сылтау айтып, жөргегінде тұншықтыруға жаны құмар жандардың, кейбір желғабыз зиялылардың қолына түсіп, тәлкегіне тап болып, ит талаған лақтай, берекесі кетіп, нәтижесіз тынбаса игі еді деп тілеймін.

Осылайша күмәндануға себеп те жоқ емес. Басқа жұртты былай қойғанда, тіпті ат төбеліндей тілші ғалымдарымыздың арасында бұл мәселе жөнінде бірауыздылық әлі жоқ. Бір дөңгелек үстел басында отырып алып, төрт-бес қаламдастарымыздың жақында ғана «Азаттық» радиосы арқылы жер жүзіне жария қылған жазу туралы сөздерін тыңдағанда Қрыловтың «Аққу, шортан, шаян» мысалындағы кейіпкерлердің тірлігі еріксіз есіңе түседі...

Иә, мәселенің байыбына бара бермейтін, түсінбейтін жұрттың жөні басқа. Ал мұндас, сырлас, қаламдас достарымыздың осыдан 4 жыл бұрын күн тәртібіне қойылған латын жазуы туралы мәселенің түпкі мақсатын осы күнге дейін дұрыс түсіне алмауы адамды қайран қалдырады.

Оу, ағайындар, естеріңізге салайық, қазақ тілі үшін алфавит таңдау мәселесі күн тәртібіне бұрын да, қазір де қойылған жоқ қой. Мәселе «бүгінгі пайдаланып жүрген Кирилл әліппесін латын әліппесімен басқа түркі халықтары сияқты алмастыру қазақтар үшін қажет пе, жоқ па?» деген бір-ақ сұрақ жайында ғана болғандығын неге ұмытамыз? Ал мәселе солай қойылған екен, «қажеті бар», не «қажеті жоқ» деп, қысқаша ғана жауап берудің орнына соншама даурығуымызға жол болсын?! Қажет болған жағдайда, бір ғана жазу (латын жазуы) туралы, оны қабылдаудың жолы, жүйесі, тәртібі, мерзімі жөнінде кеңесудің, ақылдасудың орнына бес түрлі жазуды өзара жарыстырып, таластырып, жанықтырудың қажеті бар ма еді?

Бұл – бір.

**Екіншіден,** кейбір азаматтардың латын жазуын қазақтардың қабылдауын «түріктерге еліктеу», «саясаттың салдары» деп, сан-саққа жүгіртіп, өзінше мансұқ етуіне қалай қарауға болады?

Алыстағыны былай қойғанда, жақын жылдарда Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан сияқты елдерде латын жазуы жаппай қолданысқа енгенде, сол елдерде жасайтын мыңдаған, миллиондаған

қандастарымыздың қалі қандай болмақшы? Ең болмаса, осыны неге ойланбасқа.

**Үшіншіден,** жер ижүзінде мәдени, рухани, техникалық, экономикалық интеграция процесі жіті жүріп жатыр. Жазу да техниканың талабына сай дамымақшы. Еуразия елдерінің бел ортасындағы түркі халықтарының қатарында қазақтар да компьютердің ғажайып табыстарын пайдаланбай тұра алмайды. Дәл осы мақсаттармен кезінде Ресей де, Қытай да латын жазуына көшуге талпыныс жасаған, әлі де жасауы ғажап емес. Өркениет елдерге тән осынау бір үрдіске неге үрке қараймыз.

**Төртіншіден,** латын жазуын қабылдауға жаны қас кейбіреулер мың бір сылтау-себептерін көлденең тартып, «Ойбай, орыс жазуында жаратылған жарты ғасырлық рухани мұрамыздан айырыламыз», «латын жазуын үйрену қиын, тағы сауатсыз боламыз», «экономикалық жағдайымыз көтермейді», «ұлттаралық қарым-қатынасқа нұқсан келеді» т.т. деп, байбалам салуын қоймайды. Бұлардың бәрі біз үшін жаңалық емес. Латын жазуына көшіп алған, көшіп жатқан, көшуді қалап отырған қазақтардан басқа халықтар бұл қиыншылықтарды білмей, не көзжұмбақ жасап отырған жоқ. Бәрі де он ойланып, тоғыз толғанып болып, істеп отырғанын бізге де білген жөн. «Өткендегі рухани мұрамызды жоғалтатын болдық» деп бір жыласа, өзбектер жылар еді-ау! Түркі халықтарының ішінде түріктерден кейінгі араб жазуында ғасырлар бойы жасалған бай мұрасы бар өзбектер арабты емес, латынды қабылдап отыр. «Латын жазуын меңгеру қиын» деп үрейленетіндер жазу табиғатын түсінбейтіндер ғана. Шет тілдерін мектептен бастап үйренуімізге байланысты латын графикасын жұрттың бәрі біледі. Оның үстіне «латын жазуына бірден, бір жылда көшеміз» деп отырған ешкім жоқ қой. Ол 5 жылдан 10 жылға дейін созылатын, ұзақ дайындықпен іске асатын күрделі іс-шара.

**Бесіншіден,** экономикалық қиын-жағдайды ескеру, әрине, қажет, бірақ латыннан бас тартуға ол сылтау бола алмайды. Өйткені, бұл әрекеттің ұзақ жылдарға созылатындығын бәріміз білеміз. Ал нарықтық экономика күн сайын өзгеріп жатыр.

Сонымен қорыта келгенде айтарымыз, латын жазуына байланысты өзекті мәселе мыналар:

1. Күн тәртібіне қойылып отырған мәселені алдымен арнайы мемлекеттік комиссия құру арқылы қарауға байланысты республика Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ресми жарлығы қажет.

2. Мемлекеттік комиссияның міндеті жазу туралы басталған жалпы дискуссияны (талас-тартысты) жалғастыру емес, **«латын жазуы**

**қазақтар үшін қажет пе, жоқ па?»** деген бір-ақ нақтылы сұраққа жауап бере алатын объективті де саналы азаматтарды ұйымдастырып, олардың өнімді жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу.

3. Латын жазуының негізі ретінде қазақ тілі үшін қабылданатын әліппенің таңбалары олардың мағыналарын анықтаумен қатар, жазудың өзіндік принциптері мен емле ережелерін айқындау, ол туралы баспасөз бетінде, мамандар арасында пікір алмасу, оның барысын, нәтижесін жариялап отыру қажет.

4. Содан кейін ғана қазақ тілі үшін лайықты деп табылған латын жазуының әліппесі, емле қағидасы, оған сатылап барып өту мерзімі, қаржыландыру мен қажетті идеялогиялық шаралар т.б. ресми түрде бекітілуі тиіс.

Бұл, әрине, біраз уақыт созылатын күрделі де жауапты мәселе. Дау-дамайдың болатыны да сөзсіз. Бірақ ол мәселені бүгінгі буын шеше алмаса, келешек ұрпақ шешетініне мен кәміл сенемін.

Алайда, әрбір істің нәтижелі болу-болмауы онда қалай басталуына да байланысты. Біздің әңгімеміз де міне, осы жөнінде.

Иншалла, сол бір игілікті істің нәтижесін көруге жазсын халайық!

*«Егемен Қазақстан», 1995. 15 қараша.*

### **Туыстық пен тұтастықтың бастауы**

Соңғы жылдары ортақ латын әліпбиіне өту қажеттігі түркі тектес халықтар өмірінде келелі мәселеге айналды. ХХІ ғасыр түркі дүниесінің ғасыры болады деген үміттеміз. Болашақта түбі бір, тегі бір туысқан халықтардың бірігіп, іс-қимыл жүргізуде ортақ әліпбиге көшу мәселесін өмірдің өзі туындатып отыр. Бұл салада қазақстандық ғалымдарымыз да тер төгіп, аянбай еңбек етуде. ҚР Тіл білімі институтының құрметті директоры, ТР Ататүрік мәдениет, тіл және тарих жоғары қоғамының құрметті академигі, белгілі ғалым, академик Әбдуали Қайдаридың жаңа әліпби төңірегіндегі толғаныстары мен ой-пікірлерін, газет тілшісіне берген сұхбатын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– *Ортақ латын әліпбиіне көшу қажеттігін қоғам дамуының барысы көрсетіп отыр. Осы жаңа әліпбиді қабылдау, қабылдамау жөнінде нақты бір шешімге тоқтала алмай келеміз. Ортақ әліпбиге көшу қажеттігі неден туған еді, осы жөнінде әңгімелесеңіз?*

– Ортақ латын әліпбиіне көшу мәселесі бұдан 4 жыл бұрын замана талабына байланысты жас тәуелсіз мемлекеттердің ұлттық жазуын қалыптастыру деген мақсатта әңгіме болған еді. Осыдан

тура 4 жыл бұрын «Ана тілі» газетінде (1991 ж., 24 қаңтар) «Латын әліпбиінің болашағы зор» деп аталған мақала жарияладым. Менің ниетім – латын жазуын қолдау. Сонау Орхан Енисей жазуы, оның ар жағында Есік қорғанынан табылған «Алтын киімді адам» жанындағы тостағандағы жазудан бастап күні бүгінге шейін біз ру, тайпа ретінде, жалпы түркі халқы ретінде 20 шақты жазуды бастан кешірдік. Неге? Өйткені әрбір халық басынан дұрыс жазуды қалыптастырып, қатып қалмайды. Өзінің тарихи дамуына, өлеуметтік, саяси, мәдени жағдайларға байланысты жазу өзгере береді. VIII ғасырда Қазақстанның біраз жерлерін, әсіресе Сыр бойын араб халифаты жаулап алуына байланысты араб жазуы бізге зорлап енгізілген болатын. Содан 12 ғасыр бойы (VIII-XX) біз араб жазуын қолданып келдік.

1929 жылы А.Байтұрсынов араб жазуының үлгісіндегі қазақ, әліпбиінің жаңаша жобасын жасады. Өйткені А.Байтұрсыновқа дейінгі көне жазуды оқу қиын болды. Мысалы, орта ғасырлардағы қазақ жерінде туындаған жазба ескерткіштерді арабша білмегендіктен оқи алмаймыз. Ахмет жасаған жоба тек қазақтарға ғана емес, көршілес қырғыз, өзбек, татар, т.б. халықтар үшін де қолайлы болды. Амал нешік, 1926 жылы Бакуде өткен халықаралық түркологтардың конгресінде араб жазуын ауыстырып, латыншаға көшуге ұсыныс жасалды. Сөйтіп, латын жазуы қабылданатын болды. 1929 жылдан бастап әзірбайжандар мен түріктер сол жазуға көшті. 1926-29 жылдары біз араб жазуын, 1929 жылы латын жазуын қабылдадық. Көшу деген мәселе жоғары жақтан қойылып шешілетін жайт, оны халықтың өзі қалап алған емес. 1940 жылдан кейін кириллицаға көштік. Міне, жарты ғасырдан астам уақыт бойы біз кириллицамен мәдениетімізді дамытып, тілімізді өсіріп келеміз. Жазудан жазудың артықшылығы жоқ, ол оның дұрыс қабылдануына, тұрақтылығына, тілдік ерекшелігіне байланысты. Сондықтан мына жазу жаман екен деп қаралаудың қажеті жоқ. Ал енді латын жазуына көшудің қажеттігі деген мәселе неге байланысты? Осыған тоқталайын.

Латын жазуына көшу деген еріккеннің ермегі, не болмаса Үкімет жаңарып жатыр, демократия деген мақсат емес. Өйткені, ортақ әліпбисіз түркі дүниесінің ештеңесін ғалымдарымыз бен мамандарымыз ғана болмаса, жалпы халық оқи алмайды. Латыншаға көшсек жаңарған жаңа дүниеде жер жүзіне шашылып, бытырап жүрген түркі халықтары жазу арқылы табысып, өздерінің тегі бір



туыс екендігін, тіліміз бен дініміздің ғана емес, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің, рухани өнердің бір екендігін білер еді.

- *Ортақ латын әліпбиінің 34 әріптен тұратын моделін қабылдаған 1993 жылғы Анкарадағы жиынға қатысқан екенсіз. Осы тілі, діні бір, әдебиеті мен мәдениеті өзектес, сабақтас жатқан түркі халықтарының бірлігіне қалай қарайсыз?*

- Латынға көшу деген мәселені көтеріп отырған Түркия елі. Соңғы 5-10 жылдың ішінде латынға көшу проблемасын көтерген құрылтай, конференциялар жиі өткізіліп келеді. Анкара, Ыстанбұл, Измир, Анталья т.б. қалаларында өткен конференцияларға қатыстым. 1993 жылғы Анкара конференциясына Түркияның өзін қоспағанда Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қазақстан, Қырғызстан елдері қатысты. Сол жиында 34 әріптен тұратын модель ұсынылып, талқыланды. Бұл жоба 1994 жылы тамыз айында Антальяда өткен дүниежүзілік түркологиялық құрылтайда бірауыздан қабылданды. Сол ортақ әліпбиді әрбір халық өзінің тілдік ерекшелігіне бейімдеп, сәйкес етіп ала білуі тиіс. Тілдердің дыбыстық, жазу, емле жағынан бір-біріне ұқсамайтын көптеген ерекшеліктері бар. Осы ерекшеліктерді ескеріп, 34 әріпті пайдалана отырып ортақ әліпби жасап шығару қажет. Осы принцип бойынша Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан қазір латыншаға көшті. Қазақстан мен Қырғызстан көштің соңында жүретін әдеті ғой. Бұдан екі жыл бұрын қырғыздар жаңа әліпбиінің жобасын дайындап, 26 адамнан тұратын комиссиясын құрып қойды. Ал бізде әлі күнге дейін комиссия құрылған жоқ. Бақсақ, қырғыз ағайындар аға деп бізге қарайлап отыр екен. Ендігі мақсат белгілі. Көшу-көшпеу мәселесі Үкімет тарапынан шешілуі тиіс. Латын жазуының болашағы зор дейтін себебіміз – ортақ жазу болса туысқан халықтарды оқи алар едік. Бүкіл дүние елдеріне ортақ латын жазуынан шет қалуға болмайды. Ол қажеттік дегеннен туатын маселе. Қажеттілік өз алдына, қазіргі алға қойған мақсатымыз – тарыдай бытырап жүрген түркі халықтары бір-біріне жақын болса деген ой. Бұл біз үшін жаңа демократиялық дәуірге аяқ басуымызда тамаша жаңалық болғанмен кейбіреулерге ол ұнамайды: бұлар неге бірігіп жатыр, жазуын неге ортақтастырады деп баяғы империялық кеудемсоқтыққа салып бізді тырп еткізгілері келмейді. Тіпті басқа ұлт өкілдері болса бір сәрі, өз арамызда да қарсы болатындар бар. Сондықтан бүкіл түркі халықтары латыншаға көшуі тиіс. Түркі халықтарына тән фонемалардың бәрі латын алфавитінен табылады. Латын жазуының болашағы зор, оны бүкіл ел біледі. ХХІ ғасыр компьютер дәуірі болады.

Еуразия елдерінің бел ортасындағы түркі халықтарының қатарында қазақ жұрты да компьютердің ғажайып табыстарын пайдаланбай тұра алмайды. Осындай мақсаттармен кезінде Ресей де, Қытай да латын жазуына көшуге талпыныс жасаған болатын. Бүкіл славян халықтарының көпшілігі осы латын жазуын пайдаланады. Сондықтан өркениетті елдерге тән осынау үрдістен біз қашпауымыз керек.

– *Жаңа әліпбиге мына уақытта көше аламыз деп шамамен айта аламыз ба? Нақты іс-шаралар бар ма, болса қандай? Біз осы ортақ әліпбиге көшуде нендей кедергілерге кездесіп отырмыз?*

– Жоқ, айта алмаймыз.

Бұдан екі жыл бұрын Елбасымыз Н.Назарбаевтың атына жаңа алфавитке көшу жөніндегі пікірімді білдіріп, 28 әріптен тұратын жобамды көрсетіп ашық хат жазғанмын. Елбасы хатымды оқып шығып, сол уақыттағы лауазымды үкімет адамдары Ә.Кекілбаев пен Қ.Сұлтановтарға мәселені қарауды тапсырған екен. Осы арада олардың қызметтері ауысып кетті де, әліпби өз жайына қалып қойды. Сонымен, күні бүгінге шейін оған қозғау салынбады.

Латын жазуы туралы әңгіме болғанда кейбіреулер Орхан-Енисейді алайық дейді, кейбіреулер арабтың өзі жақсы еді десе, енді бірі кириллицаны жақтайды. Әрине, латынға көшейік деген пікір басымырақ болды. Әлі күнге шейін Үкімет тарапынан ресми қаулы шыққан жоқ. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына Түркияға барған бір сапарында осы ортақ әліпби жөнінде сауал қойылып, «қазақтар латын жазуына көссе дұрыс болар еді, өйткені ортақ әліпбисіз қазақ дүниесін оқи алмаймыз» дегенде Нұрекең: «Егер халық қолдап, ғалымдар оны дәлелдеп жатса, мен оған қарсы болмаймын» деген болатын. Тіл заңы жөнінде кейінгі кезде өткізген мәжілістерінің бірінде Республика бас министрінің орынбасары И.Тасмағамбетовтің латыншаға көшу мәселесін қарау үшін ҚР Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетке арнайы комиссия құру туралы тапсырма бергенінің куәгері болдық. Жаңа әліпбиге жоғарыдан жарлықпен бір жылда, бір күнде өту, дегенді қою керек. Оған ең аз дегенде 5 жыл қажет болады. Өйткені үлкен қаражат, экономикалық жағдай керек. Ең бастысы тіліміздің табиғатына сай етіп әліпбидің жобасын дайындап, емле-ережесін де қатар шығаруымыз қажет. Көшкенде бірден көшуге болмайды, біртіндеп көзді үйретіп барып, оқулықтарымызды жазып дайындықпен көшуіміз ләзім. Газет-журналдардың кейбір материалдарын латын қарпімен жариялап беру керек. Мақаланы ашынып жазуымның себебі қазақ

интеллигенциясы сөз жүзінде әңгімені көп айтамыз. Жаңа әліпбиге көшетін болсақ көшейік, ол үшін алдымен комиссияны құруымыз қажет. Және сол комиссия құрамына кімдер кіреді, соны да ойластыру керек. Жалпы тәртіп бойынша құрамда қойшы, жұмысшы болу керек емес, оған жаны ашитын көзі қарақты, азаматтық позицияда тұратын жұрт болу керек. Латын жазуы қазаққа керек пе, жоқ па деп ашынып жазуымның себебі сол еді. Латыншаға көшу айналасы бір жылдың емес, 4-5 жылда шешілетін мәселе. Ең бастысы – әрбір тіл өзінің тілдік ерекшелігін ескере отырып, басқа туыс тілдермен санасу керек. Кириллицаны қолданысқа енгізгенде әрқайсысы әріпті, таңбаны өздерінше жасады. Қысқасы, бірімізді біріміз түсінбейтін дәрежеге жеткізді. Бұл туысқан халықтарды бір-біріне жақындастырмаудың тәсілі сияқты болып көрінеді маған.

*– Жаңа әліпбиге көшкен жағдайда көп ұлтты Қазақстан халқының жағдайы қалай болады?*

– Иә, демография мәселесін шешпей тұрып жаңа әліпбиге көшуде үлкен қиыншылықтарға кездесеміз. Қазақстанда 7 млн. қазақ, 6 млн. орыс бар екен. Олар қазақша сөйлегілері келмейді. Әрине, орыс тілділерді қазақ тілін үйренбедің деп кінәлай алмайсың. Әзірбайжан, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстандарда орыс тілі проблемасы жоқ. Тіл проблемасы болған жерде демографиялық жағдайлар басты себеп болады. Бірақ соны жеңіп шығатын күш халықтың өзі болуы керек емес пе? Өз бойымызда ұлттық сезім, намыс болмаса, онда біз әлі жеңе алмаймыз. Келер ғасырға үлкен үміт артып отырмыз. ХХІ ғасыр түркі ғасыры болады деп кәміл сенемін.

*– Тіл туралы Заңның қабылданғанына да біраз жылдың жүзі болды. Тіл проблемасы бүгінде аз көтеріліп жүрген жоқ. Десек те қазақ тіліне деген оң көзқарастың, нәтиженің болмауының сыры неде?*

– Бүкіл өмір тіршілігіміз осы тілге байланысты болғандықтан тіл үшін талмай күресіп келеміз. Тілге деген қырсыздықтың толып жатқан себептері бар. Басты себеп – қазақ халқының өзіне, ұлттық санасының жетілуіне байланысты дер едім. 1915 жылдары «Қазақ» газетінде жарық көрген М.Дулатовтың «Сана» атты шағын әңгімесінің тікелей көтерген мәселесі бүгінгі күнге сай келіп тұр. Кеше біз қазақ тілінің қажеті жоқ, орыс тілін білмеген нан тауып жей алмайды деп санамызды уландырып, мәңгүрт болып келдік. Енді міне егеменді ел болып, саналы мемлекет болып жатырмыз. Тіліміз мемлекеттік тіл болуы үшін халқымыздың өзі

санасын ояту керек деген мәселе қойып Қазақ мемлекеттік халықаралық қоғамы ел-жұрт, ата-аналар арасында көп жұмыстар жүргізді. Қазақ балабақшалары мен мектептері көптеп ашылды. Енді оянған сол сана қайта қалғып бара жатқан сияқты. Тіл мәселесімен тұрақты шұғылданып келеміз. «Біз ұрлық жасағанда ай жарық болды» дегендей, біздің жағдайға экономиканың қиындығы тап келіп отыр. Қазір қазақ мектептері қайта жабылып жатыр, өйткені онда жағдай жоқ. Дегенмен де «Ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды» ғой, соңғы 4-5 жылдың жұмысы біраз нәтиже берді. Халқымыздың санасын бір оятуын ояттық, қайта қалғыса өзіне байланысты. Экономикалық қиындыққа шыдамдылық танытуымыз керек. Бір-ақ талап – бостандық. Сол бостандық бізге келді. Осы бостандықты мемлекеттік рәміздің бірі ұлттық тілді сақтамасаң егемен мемлекет болмайды. Бүгінгі ұрпақ ана тілін ұмыта бастады. Өзімізге байланысты дейтінім осы. Бастықтар бәрі дұрыс-ақ деп қолдап-қолпаштағанымен соған нақтылы жәрдем бермейді. Ал шет ел жұлдыздарын шақырып, концерт беруге миллиондаған ақша табады. Біздің жұмыс істеуімізге соның оннан бірінің өзі жетіп жатыр. Бойымызда ұлттық намыс пен сезіміміз жоғары болуы тиіс деп ойлаймын.

*– Жаңа бір сөзіңізде барлығы өзімізге байланысты дедіңіз. Сөзбұйдаға салып, проблема туындата бермей бұл мәселенің шешімін табуға болмас па? Неге батыл қадамдар жасамасқа?*

– Бізге ол дәрежеге жетуге әлі ерте, өйткені, орыстың ықпалы әлі де күшті. Ұлттық сезімнің ар жағында ұлттық демография тұру керек. Он адамның 8-і өзбек, 2-уі орыс болса, әрине өзбектің билігі жүреді. Ал 5-уі орыс, 5-уі қазақ болса жағдай басқаша қалыптасады. Қазақтың психологиясы түрлі-түрлі. Мәселен, Өзбекстан қазақтарының психологиясы бір басқа да, Қытай қазақтарының психологиясы екінші түрлі. Біртұтас боламыз деген үш қазақтың біреуі сыртта жүр. Сондықтан тарыдай шашылып жүрген бүкіл қазақтың басын қосып, бір мәмілеге келтіру оңай шаруа емес.

*– Біздің газетіміз жайлы ой-пікіріңіз қандай, нендей мәселелермен тереңірек шұғылданғанын қалар едіңіз? Жалпы газет өзінің бағытын, бағдарын айқындай алған ба?*

– Латынға көшу идеясын қолдап отырған қырым татарлары, башқұрттар мен гагауыздар да жаңа әліпбиге көшетін сыңайы бар. Мен айтып отырған латыншаға өту проблемасына байланысты осылардың басын қосатын мақалалар газет бетінде жиі жарияланып отырса. Оянудың, жаңғырудың, жаңаланудың түркі дүниесіне тән бір мақсаты – латыншаға көшу. Екінші, жақындасып бір-бірімізді түсіну үшін ортақ тіл болғаннан кейін оны жілік-

жілікке бөлмей-ақ бір-бірімізді тұтас оқитындай жағдайды жасауымыз керек. Ол үшін түркі халықтарының ғалымдары жиі-жиі бас қосып, ақылдасып кеңесіп тұруы тиіс. Мәселен, биылғы басқосу Қазақстанда өтсе, келер жыл Өзбекстанда өткізілсе деген сияқты. Түркі халықтарының бірлігін, болашағын ойлайтын болсақ, ортақ әліпбиді қабылдауымыз қажет. Ертеңгі күні комиссия құрылып, қаулы қабылданар болса, бірінші кезектегі мәселе ақылдасып, кеңесіп шешу болуы керек. Ал «ZAMAN-ҚАЗАҚСТАН» газетінің бір мақсаты – осындай игілікті істерге мұрындық болып, басқосуларға мүмкіншілік жасаса. Латыншаға көшу проблемасына жекеайдар ашылып, туысқан халықтар түркологтарының мақалалары ұйымдастырылып, жүйелі түрде беріліп отырса деген тілегім бар.

*Әңгімелескен К.Нақыпова  
«ZAMAN-ҚАЗАҚСТАН» 26 қаңтар 1996*

### **Меняем кириллицу на латиницу?**

В печати появилась информация о том, что на конференции в Анкаре, которая проходила 8–10 марта, представители республик Средней Азии и Казахстана приняли решение перевести письменность тюркоязычных народов на латинский алфавит.

Это сообщение мы попросили прокомментировать участника конференции в Анкаре, директора казахстанского Института языкознания им. А. Байтурсынова академика Абдуали Туганбаевича Кайдарова:

– Прежде всего должен заметить, что информация, промелькнувшая в наших газетах, во всяком случае та, что я видел, как помягче сказать, слишком прямолинейная, с привкусом сенсации. Некоторые факты, мне думается, нельзя давать в массовой печати без толковых, взвешенных разъяснений, комментариев. В нашем случае речь идет о процессе непростом, уходящем корнями в историю, в прошлое, а ветвями – в будущее.

Начать, видимо, надо с того, что в 1926 году в Баку состоялась первая в СССР тюркологическая конференция, на которой было принято решение перевести письменность народов Средней Азии и Казахстана на основу латинского алфавита. Какие-то республики осуществили этот переход побыстрее, какие-то помедленнее, казахи, например, перешли на латиницу в 1929 году.

Необходимо подчеркнуть: Турция для того, чтобы не отрываться от тюркоязычных собратьев, в 1928 году отказалась от арабского алфавита в пользу латинского.

Но... В нашей-то стране все всегда идет через «но». В 1940 году «наверху», в Москве, вдруг решили избранную, утвержденную в Баку латиницу отменить и срочно заменить кириллицей. Ученые-языковеды даже в сталинские времена пытались возражать, доказывали, что-де латиница точнее передает звуковую специфику тюркских языков. Конечно, это был глас вопиющего в пустыне. Приказная кириллица победила.

В среде ученых, особенно языковедов, вопрос об алфавите никогда не снимался с повестки дня. Дебаты вокруг него стали особенно горячими несколько лет назад, когда республики Средней Азии, Казахстан стали суверенными государствами. Из академических аудиторий дискуссии выплеснулись на страницы массовых газет, журналов. Мнения высказывались самые разные: например, придумать для казахского языка совершенно новый алфавит или отдать предпочтение арабскому... Лично я всегда ратовал за латиницу. Потому очень охотно поехал в Анкару, на конференцию шести тюркоязычных государств: Турции, Азербайджана, Узбекистана, Кыргызстана, Туркменистана, Казахстана. Инициатором сбора тюркоязычных ученых-языковедов стала ТКА – агентство, работающее при Министерстве иностранных дел Турции, известное миру как посредник-координатор во взаимосвязях между государствами – экономических и культурных. Тема конференции была сформулирована так: «Вопросы алфавита и правописания».

Мы собрались в Анкаре для того, чтобы посоветоваться, как нам жить дальше, как укреплять духовные связи между тюркоязычными народами, разбросанными по всему миру. Участники конференции оказались горячими сторонниками латиницы. Турция – само собой. Она не изменяла латинице с 1928 года. Азербайджан, как выяснилось, третий год постепенно осваивает латинскую графику. В Туркмении издан президентский указ: начать переход на латиницу с 1994 года. В Узбекистане и Кыргызстане организованы государственные комиссии для изучения вопросов, связанных с переходом на латиницу. В Казахстане пока ведутся только разговоры вокруг да около.

На конференции в Анкаре, конечно, никаких директивных решений-постановлений о срочном переходе на латиницу никто не принимал. Вообще вопрос так не стоял. Прежде всего было выявлено взаимопонимание, взаимовлечение к духовному сближению. На конференции было много споров.

Из практических дел, на мой взгляд, самое главное – обсуждена, одобрена, принята единая основа латинского алфавита для письменности всех тюркских народов из 34 букв. Каждое суверенное государство, естественно, само решит, как ему этим алфавитом воспользоваться.

Премьер-министр Турции Сулейман Демирель назвал конференцию ученых в Анкаре событием историческим, знаменующим новый этап сближения тюркоязычных народов в духовной сфере как возможность нового этапа сближения со всеми народами мира. В своем выступлении на приеме в честь участников конференции Демирель говорил о том, что переход на латиницу сегодня – необходимый прогрессивный шаг: ведь вся мировая печатная техника, компьютеры построены на латыни. Как с этим не согласиться?

Слышу трезвые сердитые голоса оппонентов: дескать, время ли нынче в нашей трагической экономической ситуации хлопотать о переходе на латиницу. А когда мы были в лучшей экономической ситуации? В 1929 году? В 1940-м? А когда будет у нас прекрасная ситуация? Сидеть сложа руки и ждать?

Надо понять, что переход на основу латинского алфавита длительный, постепенный процесс, к которому необходимо готовиться, все обдумав, взвесив. Видимо, и в Казахстане, чтобы дело тронулось с мертвой точки, следует создать специальную государственную комиссию.

Повторяю, лично я за латиницу. По итогам конференции в Анкаре готовлю записку на имя президента Назарбаева.

*Валерия Маричева («Азия»).*

*Азия international weekly, № 11 (49), март, 1993.*

## ҚОСТІЛДІЛІК – ҚОС ҚАНАТ

### **Қазақ топырағындағы қостілділік проблемалары туралы**

Қоғам өміріндегі бүгінгі таңда кең өріс алып отырған қайта құру, жариялылық пен демократияландыру процестері, сайып келгенде, адам факторына, қоғам мүшелерінің рухани өміріне, ой-санасына, мәдениетіне, интернационалдық тағлымына, творчестволық күшқуатына т.б. ізгі қасиеттеріне тікелей байланысты.

Қоғамның негізгі тұлғасы – адам. Халық аузында: «Адам адаммен ғана адам» деген сөз бар. Оның мәнісі: «адамсыз қоғам жоқ, қоғамнан

тыс адам болмайды» дегенге саяды. Ал қай қоғам болмасын, қоғам мүшелері өзара бірлесе, қауымдаса өмір сүруі үшін ең алдымен тіл қажет екен. Сондықтан да табиғаттың тек адам баласына ғана сыйлаған күдіретті құралы – тілдің қоғам өмірінде атқаратын қызметін тілмен айтып жеткізу қиын.

Тіл-тілдің осы бір қоғамдық қызметін табиғаттың керемет құбылысы, күдіретті күші, сиқырлы сырға толы ғажайып дүниесі деп түсінген адам баласы оның алдында бас иіп, ғибрат етті. Сол бір дүниетанымымыздың балаң кезіндегі елесі ретінде тілімізде сақталып келген: «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Атқан оқ бір кісіні өлтіреді, айтқан сөз мың кісіні өлтіреді», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді», «Жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады» сияқты ұғымдар осының айғағы болса керек.

Ал тілдің қоғамдағы қызметіне келсек, ол сан алуан. Оның басты да негізгі қызметі қарым-қатынастық құралы. Көркем шығарма арқылы рухани өмірімізге ерекше ләззат сыйлайтын да тіл. Бұл тілдің эстетикалық қызметіне тән. Ал енді сол рухани өміріміздің барлық байлығын өз бойында сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға асыл мұра етіп жеткізіп отыру да, әсіресе, жазу-сызуы болмаған, не кенжелеп қалған халықтар мен ұлыстар үшін, бірден-бір тілдің міндетіне жатады.

Тілдің тағы бір тамаша қызметі тек өзара ғана емес, басқа да ұлт өкілдерімен, көрші халықтармен қарым-қатынас жасауға байланысты. Бұл оның қоғамдық қызметінің, қолданыс шеңберінің кеңеюіне байланысты да болатын әлеуметтік құбылыстың бірі – қостілділік пен көп тілділік. Бұл құбылыс барлық заманда, барлық қоғамда болып келе жатқан адам баласына көптен белгілі құбылыс болып саналады. Мәселен, ежелгі грек елінде латын-грек қостілділігінің дамығаны бізге тарихтан белгілі. Бұл құбылыс шығыс елдерінде де кеңінен тарағаны мәлім. Шығыстың барлық ғұламалары, ақын-жазушылары көп тілде сөйлеп, тамаша шығармаларын қос тілде жазған болатын. Дәл бүгінгі таңның өзінде жер жүзіндегі мемлекеттердің көбінде-ақ қостілділік кең тараған құбылыс. Бұл құбылыс біздің көп ұлтты отанымыз халықтарының тіліне де тән.

Алайда, советтік қоғамдағы қостілділік құбылысын көп жағдайда басқалармен ұқсас құбылыс деп қарауға болмайды. Өйткені бұл құбылыстың өзіндік ерекшеліктері көп. Әсіресе, Совет Одағындағы жүзден астам ұлттардың ұлтаралық қатынас құралына айналып отырған орыс тілінің бүгінде атқарып отырған қоғамдық қызметіне байланысты



пайда болған ұлттық-орыс қостілділік деп аталатын құбылысты тілдің табиғатына, әлеуметтік маңызына, даму қарқыны мен таралу шеңберіне байланысты шын мәнісіндегі қоғамдық феномен деп қарауға толық правомыз бар. Өйткені ол «қостілділік» деп аталатын дәстүрлі ұғымның ауқымынан әлдеқайда кең, социалистік қоғамның ерекшелігінен туған құбылыс. Оның ең басты ерекшелігі деп біз мыналарды айтқан болар едік: біріншіден, біздегі қостілділіктің екі компоненті де терезесінің теңдігімен көзге түссе, басқа капиталистік елдерде біреуінің үстемділігімен, екіншісінің бағыныңқылығымен сипатталынады; екіншіден, біздегі қостілділік өзінің ауқымдылығымен, даму, қолданыс шегінің барған сайын өсумен, кеңеюімен, жалпыхалықтық сипат алуымен ерекшеленсе, басқа елдердегі қостілділік белгілі қоғамдық топтармен, этностық региондармен ғана шектеліп, жан-жақты дамуға мүмкіншілік ала алмайды; үшіншіден, басқа елдерде қостілділік пен көп тілділіктің жетекші компоненті (сыңары) ретінде көбіне-көп «үстем тап тілі», «мемлекет тілі» деп аталатын «міндетті түрде қолдануды талап ететін» тілдер танылса, көп ұлтты біздің елімізде ондай «үстемдік жасайтын мемлекеттік тіл жоқ», қостілділіктің еліміздегі тамаша салтанаты, бүгінгі табысы мен ертеңгі болашағы СССР халықтарының ұлтаралық қатынас құралы, ортақ тіл ретінде ұлы орыс тілін таңдап алуына байланысты. Өйткені еліміздегі жүзден астам ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынас жасауына, бірлесе, достаса, қауымдаса отырып өмір сүруіне бір тіл қажет болды. Осы бір ардақты да абзал тарихи миссия қазіргі дәуірде ең бір дамыған, жер жүзіндегі беделді де болашағы зор тілдердің бірі – орыс тілінің үлесіне тиген еді. Орыс тілін ешкімге де зорлап үйретудің қажеті жоқ, керек болса оны әркім-ақ өз бетімен үйреніп, өмір қажетіне жарата алады деген В.И. Лениннің көрегендік өсиетін бүгінгі өміріміз толық дәлелдеп отыр. Сондықтан да біз көп ұлтты Совет мемлекетіндегі қостілділікті өзі тәріздес құбылыстардан ерекше тұрған, тілі басқа болса да мақсаты мен мүддесі бір, ынтымақ пен достығы жарасқан халықтардың өмір салтанатынан, социалистік болмыстың тұла бойынан туындаған тамаша феномен деп танимыз.

Осы құбылыстың бір көрінісін біз Советтік Қазақстан топырағынан табамыз. Еліміздегі сан алуан қостілділіктің ішінде қазақша-орысша қостілділік қатысушы халықтың саны жағынан төртінші орынға ие. Бұл өлкедегі жасаушы жүзден астам ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынасына байланысты қостілділіктің басқа да түрлері кездеседі

Өңгіме осылар жайында болмақшы.

Бірақ бұл мәселеге көшпестен бұрын біз республикамыздағы жалпы тілдік қарым-қатынастар жайында, тіл тағдырына, оның болашағына, қадір-қасиетіне, қызметіне қоғамдық мән берілуіне, сол тілдерде сөйлеуші ұлттарды, оны тұтынушы қауымның, зерттеуші мамандардың көзқарасына қысқаша болса да тоқталып өтпекшіміз. Өйткені бұл мәселелердің қостілділікке тікелей қатысы бар.

Бәрімізге белгілі, қоғам өміріндегі бүгінгі бетбұрыс, қайта құру, түбегейлі өзгерістер тек рухани байлығымызды бағалаумен шектеліп қана қоймай, өміріміздегі әбден қалыптасып, дәстүрге айналып кеткен стереотиптік, сыңаржақты көзқарас-қағидаларды да қайта қарап, қажетті қорытынды шығаруға жағдай жасап отыр. Жариялылық пен демократиялылық арқасында бұрын соңды басқаша айтылып, басқаша дәріптеліп келген құбылыстар немесе мүлдем айтылмай, аталмай келген небір жағымсыз жағдайлардың бүгін бетпердесі ашылып, шынайы шындықтың өзі белең ала бастады.

Жасыратыны жоқ, қоғам өміріндегі дәл осындай жағдайлар тіл өмірінде де, әсіресе, ұлттық тілдердің тағдырында да аз болған жоқ. Бізде ұлттық тілдердің бүгінгі халі мен ертеңгі болашағын сөз еткенде, әсіре қызыл сөздер, орынсыз мақтау, мадақтаулар өте көп болды. Тіл тағдырына қатысты жергілікті ұлт өкілдері өз тілдерінің жағдайын қайткен күнде де жақсы жағынан көрсетуге тырысса, орталықтағы зерттеушілер оны заңдастыруға, тігісін жағқызып жымдастыруға, ұланғайыр еліміздегі тіл стихиясын «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманның» бір керемет құбылысы етіп көрсетіп, тіл проблемасын дау-дамайсыз, талас-тартыссыз өзінен-өзі оп-оңай шешіліп жатқан дүние деп танытуға тырысты. Ал тіл өміріне тән шындық басқашалау болды: үлкенді-кішілі ұлт тілдерінің тағдыры барлық жерде бірдей дәл осылай оңай шешіліп жатқан жоқ еді. Лениндік ұлт саясатының нұрлы сәулесі жүзден астам ұлт тілдерінің түкпір-түкпіріне түгел түсіп, тілдерге берілген тең праволылық, еркін даму правосы қатал сақталып келді деп айтсақ, бүгінгі жариялылық принципіне нұқсан келтірген болар едік. Тіл мәселесінің оқтын-оқтын күн тәртібіне қойылып, елдің назарын аударып отыруы, тіпті, тіл кінаратының кейде дертке айналып, асқына түсуі де, сайып келгенде жоғарыдағы себептерге байланысты болса керек.

Лингвистикалық әдебиеттерде «130 терезесі тең тілдер» деген теңеуді жиі кездестіруге болады. Ондағы айтып отырғаны сан жағынан ұсақты-ірілі 130 халықтың тілі ғой. Біздің қоғамымыздағы қостілділіктің негізгі

ерекшеліктерінің бірі, жоғарыда айтқандай, тіл қатынасындағы осыншама ұлт тілдерінің тең праволылығы болса керек еді. Бірақ мәселенің нақты жағдайы, турасын айтқанда, бұл принципке сәйкес келе бермейді. Жақында Таулы Алтай аймағындағы аз халықтардың бірі – тофалар 79 болып өз жазуына ие болды. Дегенмен, кейбір тілдердің қолданыс аясы тартылып, болашағы сиырқұйымшақтап бара жатқанын жасыруға бола ма? Солардың бірі – шор тілінің кондом диалектісі. Ол бүгінде құрып кету алдында тұр, кондомдықтар өз тілін мүлдем ұмытып, сан жағынан көбірек көршілерінің тіліне ауыса бастады. Мұндай жағдайды қоғамдағы экологияның бұзылуы деп қарауға болады. Егер біздің табиғат өңірінен мүлдем кеткен, не жойылып кету қаупіне душар болған құрт-құмырсқа, бақа-шаянға дейін «Қызыл кітап» беттеріне тіркеп, қамқорлық жасауға құдіретіміз келгенде, ғасырлар қойнауынан көненің көзіндей бізге жеткен бір тайпа елдің ана тілін сақтай алмасак, рухани дүниесінен мақұрым болуына жол берсек, ол гуманистік принциптерге жат болар еді. Бұл, әрине, өз алдына бір мәселе.

Ал енді, қазақ тілі сияқты, «төрт құбыласы тең», «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» болып отырған тілдерге келсек, олар сырт қарағанда дәл солай болып көрінуі де мүмкін. Оны бәріміз де күні кешеге дейін солай деп сипаттап та келдік. Қазақстанды «жүз тілдің планетасы» деп дәріптедік, оны «тіларалық қатынастардың экспериментальдық лабораториясы» деп жарияладық. Бірақ осы сөздерді қанша қайталап айтсақ та, сол «эксперименттің» әлеуметтік мәнін терең түсінбедік, сол «лабораторияның» ішінде болып жатқан «реакциялардың» тоқырау кезеңінде нендей нәтижеге әкеліп соғатынына мән бермей келдік, республика жағдайындағы тіл дамуына, әсіресе ұлтаралық қатынас құралы болып саналатын орыс тілі мен қазақ т.б. ұлт тідерінің бағыт-бағдарына саналы түрде ықпал жасауға немқұрайды қарадық, сөйтіп тіл саясатына «жақсысын асырып, жаманын жасыру» принципін арқау етіп келдік. Ал, шын мәнісінде республика өміріндегі кейбір келеңсіз жағдайлар тіл саласында орын алып келді. Басқасын былай қойғанда, біз «қазақ тілі жан-жақты дамып, гүлденуде» деген мадақ тұжырымдарға мас болып, өзімізді-өзіміз жұбатып, тоқмейілсіп жүргенде оның қоғамдағы беделін қалай түсіріп алғанымызды, ана тіліміздің қала жағдайында, әсіресе, қала жастары арасында практикалық қолдану аясын қалайша тарылтып алғанымызды байқамай да қалдық. Мәселен, біз «барлық мүмкіншіліктер бола тұрса да, қазақ әдеби тілі өткен 70 жыл ішінде неге үлкен ғылым тілі деңгейіне көтеріле алмады?» немесе

«неге қазақ тілі жоғары оқу орындарында жергілікті жастар үшін жаратылыстану мен техника пәндерінен білім алу тілі бола алмады?» деген заңды сұрақтарға күмілжіп, нақтылы жауап бере алмаймыз. Ал жоғары білімді, зерделі де зейінді ұлт зиялыларының, әр түрлі дәрежедегі жауапты қызметкерлеріміздің қарапайым халық өкілдерімен, даладағы егінші, таудағы шопанмен кездесе қалғанда өз тілінде емес, орыс тілінде сөйлесіп, тіпті ғылым-техника табыстары мен халықаралық жағдай туралы лекция оқу нормаға айналғанын қалай түсіндіріп, немен жуып-шаюға болады?

«Себепсіз салдар болмайды» дегендей, осындай етек ала бастаған енжар көзқарастың нәтижесінде ана тіліне деген ынтазарлық, ілтипат, құрмет төмендеп кеткенін бүгін айтпасақ, ертең кеш болатын сияқты. Бұл кінәраттың бүкіл оқу-тәрбие жүйесіне, атап айтқанда; мектепке дейінгі, мектеп жасындағы және жоғары оқу орындарындағы жас жеткіншектердің тіл тәрбиесіне салқынын тигізіп отырғанын жасыруға болмайды.

Айта берсе, бұдан басқа да келеңсіз жағдайлар тіл саласында баршылық. Оларды әңгіме жүйесіне қарай қарастырсақ, біразы ең алдымен республикадағы қостілділіктің практикалық мәселелеріне барып саяды. Республикада тұратын аз санды халықтардың (неміс, корей, ұйғыр, түрік, дүңген, курд, гагауыз т. б.) өзара тілдік қарым-қатынасын былай қойғанда, тіпті негізгі тілдер санатына жататын қазақ тілі мен орыс тілінің қоғамдық өмір талабына сай кеңінен дамуына осы уақытқа дейін дұрыс көңіл бөлінбей келгендігін мойындауымыз керек. Сондықтан болу керек, бұл мәселеге партиялық жаңа көзқарас бұрын қаға берісте қалып, ескерілмей келген жақтарымызды тап басып, ашып беріп отыр. Республикада ұлтаралық тәрбие берудегі қостілділіктің нақтылы рөлін көтеруге бағытталған жаңа қадам көптеген ғылыми-педагогикалық мекемелердің, соның ішінде, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының да, бұл процеске толық дайын емес екендігін бірден көрсетті. Осыған орай, айтылған дұрыс сыннан тиісті қорытындылар шығара бастадық. Соның нәтижесінде қостілділіктің практикалық қажеттігін өтеуге тиісті әр түрлі сөздіктер, оқулықтар мен программалар, тілашарлар, методикалық және анықтама құралдар аз уақыттың ішінде дүниеге келіп, қалың көпшіліктің қолына тиіп отыр. Бұл саладағы жұмыстар бұдан кейін де жалғаса бермекші. Осыны бұрын неге істемедік?

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қазақ және орыс тілдерін республикада оқып

үйренуді жақсарту туралы қаулылары Қазақстан жұртшылығының мәдени өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды десек, артық айтқандық емес. Бұл документтер біздің шетелдердегі тұрақты оппонент-даукестеріміздің құлағын елең еткізіп, тұйыққа тіресе, туыстас республикаларда дәл осындай мәселелерді шешуге шарапатын тигізіп отыр. Жасыратыны жоқ, әсіресе, жергілікті қазақ тілін басқа ұлт өкілдерінің үйренуіне республикада жағдай жасалуы ілтипатпен қабылданды. Олар бұл игілікті бастаманы жұмыс бабына байланысты ішкі қажеттіліктен туған талпыныс, достықтың шынайы көрінісі, интернационалдық өнегенің нышаны деп топшылауымызды дұрыс бағалап отыр.

Әрине, басқа тілді үйрену яки үйренбеу әркімнің өз ықтияры. Еркіндік – лениндік прициптің өзекті мәселесі. Бұл принцип барлық жағдайда бірдей, бірізділікпен сақталуға тиісті. Көптеген ұлт өкілдерінің орыс тілінің үйренуінде де осы принцип сақталады. Бірақ еркіндік бар да, қажеттілік, зәрулік тағы бар. Совет еліндегі қостілділіктің барлық түрі осы принципке негізделеді. Осындай қажеттілікке байланысты республикамызда қалыптасып, дами бастаған қостілділіктің алуан түрі бар. Олардың бір жағында ұлт тілдері тұрса, екінші жағында орыс тілі тұр. Бірақ барлық жағдайда бұл құбылысты осылай бірыңғай, біржақты екен деп түсінбеуіміз керек. Орыс және басқа халықтар өздерінің ана тілімен қатар басқа ұлт тілдерінде де қарым-қатынас жасайды. Осыған байланысты біз қазақ-орыс қостілділігімен қатар орыс-қазақ қостілділігін де атай аламыз. Бұл құбылыс орыстардың және орыс тілін меңгеретін басқа өкілдерінің қазақтармен қазақ тілінде де сөйлесе алатындығының айғағы. Бірақ екеуі барабар емес. Бірінші қостілділік көпшілік қауымға тән болса, екіншісі әзірге азшылыққа тән құбылыс. Оны 1979 жылғы санақтың деректерімен де көрсетуге болады: республикадағы 5.289.349 қазақтың 2.676.599-ы орыс тілін біледі екен, бұл жалпы халықтың 50,6 процентін құрайды. Ал, республикадағы 9.064.875 орыс және басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін білетіні – 82.858 адам, яғни, ол жалпы санның 9 проценті ғана. Бұл проценттің ішіне онсыз да қазақ тілін жақсы білетін қырғыз, өзбек, татар, ұйғыр, қарашай-балқар сияқты туыстас халықтардың еніп отырғанын аңғарсақ, орыс, украин, белорустардың үлесі онша көп болмаса керек. Оны былай қойғанда, қазақтардың өздерінің ішінен қанша проценті қазақ тілін білмейтіндерін санақ деректері ашып айта алмайды.

Әрине, бұл келтірілген көрсеткіштер өткен он жылдың ішінде аз-кем өзгеруі де мүмкін. Бірақ жалпы жағдай шамамен қазір де осылай.

Қазақ-орыс қостілділігіне байланысты санақта дәл анықталынбай, тек долбар, жоба ретінде айтылып келе жатқан мәліметтің бірі – ол қазақтардың, сондай-ақ басқа халықтардың, орыс тілін қай дәрежеде, қаншалықты білетіндігі. Қостілділіктің табиғатын анықтай түсу үшін ғылымда, тіл саясатында бұл мәселенің маңызы зор. Өйткені тілді жетік білу бар да, қара дүрсін жүрдім-бардым білу деген тағы бар. Ал осы екі «білудің» арасында талай сыр жатқан сияқты. «Тілін еркін білу» мен «тілді меңгерудің» өзі бір емес. Үйренген бір-екі ауыз сөзін, «моя-твоясын» араластыра, шатып-бұтып сөйлеп, анау-мынау ойын түсіндіре алатындар да өзінше тілін білемін десе, орыс тілінде көсіле еркін сөйлейтіндер де «білетіндер» санатына жағады. Осылардың бәрін санақ анкетасы анықтай алмайды, өйткені мәлімет беруші азамат өз білгенінше жаздырады да, сол негізінде социологтар қорытынды шығарып, неше саққа жүгіртеді. Бұл документте білуге қатысты басқа да факторлар атап айтқанда, қостілді адамның жынысы, білім дәрежесі, мамандығы, қызмет түрі, өзін қоршаған тілдік орта т. б. ескеріле бермейді.

Ал қостілділіктің статусы жайына келсек, ол туралы пікірлер әртүрлі. Солардың ішінде кең тарағаны – профессор О. С. Ахманованың анықтамасы. Ол бойынша: «қостілділік – екі тілді бірдей жетік білу» (Словарь лингвистических терминов. М. 1986, С. 125). Өз басым бұл сықылды топшылаумен келісе алмаймын. Өйткені екі тілді меңгеруге әбден болады да, бірақ екеуін тең дәрежеде бірдей меңгеру сирек кездесетін жағдай. Бұл – екі тілділіктің шарықтау шегі оған «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар» дегендей, тек Шыңғыс Айтматов, Әфенди Қапиев, Г. Гулиа, П. Хузангай секілді саңлақтардың ғана қолы жетеді. Мұндай азаматтар қазақ топырағында да баршылық, олар әсіресе творчестволық зиялылар, мәдениет, ғылым қайраткерлері арасынан кездеседі. (Басқа мамандық саласында да қостілде еркін сөйлейтіндер бар екенін жоққа шығарып отырған жоқпыз). Демек, екі тілге де жетіктік ұлттық аймақтарда негізінен творчество саласында істейтін қауымға тән құбылыс болса керек. Егер қостілділіктің биік өресіне соларды жатқызып, қалғандарын «жақсы», «орташа», «шамалы» тәрізді шартты бағалармен «қостілді» деп танысақ, онда қазақ-орыс қостілділігі 50.6 процент емес, одан әлдеқайда жоғары тұрған болар еді. Ш. Айтматов «қырғыздардың бәрі де қос тілде сөйлейді» дегенде мәселенің осы жағын ескеріп отырған сияқты.

Біздің қоғамда бүгінде бұқаралық сипат алып отырған қостілділік феномені тең праволы, паритеттік жағдайда дамып отырса да, екі тілдің

біреуі меңгерілуі жағынан басымдау болып келеді, ол билингвтің жетік меңгерген ана тілі болуы да, немесе екінші тіл болуы да мүмкін. Ол оның күнделікті тілдік қарым-қатынасында негізгі тіл ретінде жетекші қызмет атқарып көбірек жұмсалады. Бұл ерекшелікті әрбір қостілді азамат өз тәжірибесінен көруге болады. Сондықтан бүгінгі таңда екі тілділіктің символы ретінде жиі айтылып жүрген «қос қанат» деген тіркесті, «құстың ұшуына қос қанат қандай қажет болса, қостілділік бізге де сондай қажет» деген сөздерді тура мағынасында емес, ауыс, бейнелеуіш мағынасында түсінгеніміз жөн.

Қостілділіктің әлеуметтік мәнін, табиғатын дұрыс түсіну үшін тағы бір жағдайдың бетін ашып алған жөн. Ол «ана тілі» және «екінші ана тілі» деген ұғымдарға байланысты. Бір қарағанда, бұл ұғымдардың мәнісі баршамызға түсінікті сияқты. Ал тереңірек ойлап қарасақ, бұл – күрделі мәселе. Ең алдымен анықтайтын нәрсе: екі тілде сөйлейтін билингв қай тілді өзінің ана тілі деп есептейді: өзі емін-еркін сөйлейтін тілді ме, жоқ әлде, ата-анасы сөйлейтін, немесе ата-бабасы сөйлеген тілді ме? Бірінші жағдай ана тілдің статусы жақсы меңгерген тілге байланысты да, екіншісінде этностың мұрагерлік дәстүріне байланысты. Сонда қалай: «ана тілі» деп тану үшін оны жетік меңгеру принципі сақталу керек пе, әлде, оны атадан балаға қалған мұра деп таныған жөн бе? Лингвистикада қостілділіктің ұлттық компоненті (сыңары) доминанттық (жетекшілік) қызмет атқару керек деген қағида бар. Сонда қалай, білсең де, білмесең де бабаңның, атаңның немесе туған анаңның тілі ана тілің болып саналмақшы ма? Ал ана тілін біле бермейтін қала жастары мен кейбір орта жастағы қазақтар үшін ана тілінің статусы қалай болмақшы? Бұл ойлануды, зерттеуді қажет ететін өмір салтымыздағы жаңа құбылыс. Біздің дәстүрлі ұғымымыз бойынша: ана тілі – ананың ақ сүтімен бойға дарыған асыл қасиет, бесік жырымен нәрестенің құлағына сіңген алғашқы сиқырлы сөз, атаның ғибратына ұласып, халықтың рухани байлығына айналған мұра.

Олай болса, ана тілі мен екінші ана тіліне байланысты туған ана немесе екінші ана туралы сөз логикалық тұрғыдан қисынсыз сияқты. Өйткені бір баланың екі бірдей туған анасы болуы мүмкін емес, сондықтан да бір адам басында бірден екі ана тілдің болуы да табиғи шындыққа жатпаса керек. Бұл арада мен өзімнің ұстазым, ғұлама ғалым Қырғыз ССР Ғылым академиясының академигі К.К.Юдахиннің бір кезде айтқан сөзін қайталап отырмын. Бұл сөзі үшін ол кісіге кезінде «қырғыз ұлтшылы» деген айдар да тағылған еді. Бірақ ол уақыттар

кетті. Әр нәрсені өз атымен атауды үйреніп келе жатырмыз. Екінші ана тіл туралы тезисті жақтаушылардың қарсыластары мен ғана емес. Бұл жөнінде Расул Ғамзатовтың айтқандарымен жұрт таныс болса керек. «Екінші ана тілім» деп бейнелі ойға ерекше мән беру үшін айтуға болады. Бірақ тура мағынасында терминдік ұғым ретінде қолдануға болмайтын сияқты.

Біз жоғарыда қазақ-орыс қостілділігінің екінші сыңарын меңгеру жайында айта келіп, бұл мәселеге билингвтердің жас ерекшелігінің де қатысы барлығын ескерттік. Ешкімнің де жарық дүниеге белгілі бір тілді біліп тұмайтыны белгілі. Әдетте, балаға тілді анасы, семьясы, өзі өскен ортасы үйретеді. Бір ғажабы, бала жас кезінде кез келген тілді және бір ғана емес, бірнеше тілді бірдей үйреніп кетуге бейім. Психолінгвистердің айтуынша, адамдардың тілді үйрену қабілеті өте зор, бірақ ол да шексіз емес. Сегіз-тоғыз жасқа дейін баланың сөйлеу, дыбыстау аппараты қалыптасып, ол кез келген тілдің дыбыстық жүйесін қабылдауға бейім тұрады екен. Он алты он жеті жасқа дейін баланың жадында, өзі игерген тілдің грамматикалық құрылысы жатталса, одан кейінгі жылдары (өмірдің аяғына дейін) адам өзінің сөз қорын толықтырумен болады екен. Тіл игеруге байланысты негізгі кезеңдерді ғалымдар міне, осылай бағдарлайды.

Солай бола тұрса да, егер тіл үйрену қажеттікке, қызығуға, құмарлыққа байланысты болса, оған шек қоюға болмайды. Мәселен, Карл Маркс 52 жасында орыс тілін үйрене бастап, жарты жылдан кейін Пушкин, Гоголь, Салтыков-Шедрин, Чернышевскийлердің шығармаларын түпнұсқасынан еркін оқып, олар туралы өз топшылауын айта алатындай дәрежеге жеткенін білеміз. Ол кейін бұл туралы: «Классикалық, герман және роман тілдеріне мүлдем ұқсамайтын бұл тілді үйрену үшін менің жасымдағылар қатты еңбек ету керек» деп жазды (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығ. 2-ші басылымы, Т. 9, 78-б.) Полиглоттықтың тамаша үлгісін оннан астам тіл білген В. И. Ленин де көрсете білді.

Дегенмен, ғылыми негізге сүйенсек, нағыз тіл үйренетін дәуір жастық шақ қой. Жалпы халықтық сипат алып отырған қостілділік жағдайында, әсіресе, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы және жоғары оқу орындарында оқитын жастардың тіл тәрбиесіне ерекше назар аударғаны абзал. Бұл игілікті істе қалыптасып қалған дәстүрлер, жастарды мезі қылған оқу программалары мен оқулықтар, мәнсіз де мәнерсіз методикалық әдістер ендігі жерде бөгет болуы сөзсіз. Тіл тәрбиесінің маңызын арттырып, оны дамығудың жаңа жолын іздестіретін уақыт жеткен сияқты. Қостілділіктің болашағы жас ұрпаққа байланысты деп түсінсек, интернационалдық тағылымның қайнар көзі тіл



және тіл мәдениетінің өскелеңдігіне қатысты деп ұқсақ, мектеп реформасына байланысты шаралардың толық орындалуына қажетті қаржыны қысудан біз ұтылмасак, ұтпаймыз.

Қос қаулыдан кейін республика бойынша қолға алынып ересектерге екінші тіл үйрету үшін жер-жерлерде ұйымдастырылған үйірмелердің, курстардың, семинарлардың жағдайына келсек, шынын айту керек, әзірше онша мәз емес. Бұл игілікті істің қиыншылығы мен «нәзік» жақтары да баршылық. Ең алдымен барлық жерде еркіндік принципі сақталуы қажет. Бұл істі науқанға айналдырмай жұртшылықтың қажетіне сай жүргізіп, елдің ілтипатына бөлеу қажет. Бұл процесті жасанды түрде «ықтиярсыз» жеделдетуге, немесе босандатуға да болмайды. Бұл істе «оқып жатырмыз», «үйреніп жатырмыз» деген жалған ақпар, көзбояушылық, нәтижені процентпен өлшеп, формализмге бой ұру да өте зиянды.

Біздің ойымызша, істің негізгі тетігі: тілдік қарым-қатынастың жаңа арнасына қадам басып отырған қазақ, орыс т. б. ұлт өкілдерінің өзара достығы мен сыйластығында, тіл үйренем деушілерге ілтипатпен қарап, қажетті жағдай жасауда, қолдап-қуаттауда.

Қазақ-орыс қостілділігіне байланысты проблемалардың бәрі бірдей республикаға ғана қатысты бола бермейді. Кейбір мәселелер партиямыздың ұстанып отырған жалпы тіл саясатымен де астарлас келеді. В. И. Ленин талай-талай қызу айтыстарда көп ұлтты мемлекет жағдайында жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік тілдің қажеті жоқ, өйткені ол басқа халықтар үшін зорлаудың, қысым жасаудың құралы болып саналады, егер ол халықтар өздерінің тұрмыс, жұмыс жағдайына байланысты орыс тілін қажет деп тапса, оны күштеусіз-ақ өз еркімен үйреніп алады деп, көрсеткен еді. Уақыт көсемнің данышпан болжамын бұлжытпай дәлелдеп отыр. Орыс тілі ұлтаралық қатынас құралы ретінде тамаша қызмет атқарып келеді.

Ұлт тілдерінің, қостілділіктің болашағына байланысты айтылып жүргені оғаш пікірлердің бірі – ұлт тілдерін «болашағы бар», «болашағы жоқ» деп топтастыру. Былайша тұжырымдау, біріншіден, сол тілде сөйлеуші, сол тілді тұтынушы үлкенді-кішілі халықтардың өздеріне қандай әсер ететінін ескермесе, екіншіден, ол тілдерге «тірідей көр қазуға» ұқсайтын әрекет. Мұндай сәуегейлікке ешбір халық көнбейді. Ең аз санды халықтардың өзі өз тілін сақтап қалуға тырысады. Мұндай пікірдің салдары, сайып келгенде, ұлттық қатынасқа салқынын тигізіп, тіл кінаратына ұшыратады. Көп тілдің бір қоғамда қатар өмір сүруі әбден мүмкін де, тіл мәселесі дұрыс жолға

қойылған жерде, олар бір-біріне бөгет жасамайды, еркін дами береді. Р.Ғамзатовша айтқанда, «Тіл тілге дұшпан емес». Сондықтан да болар, біздің еліміздегі ұлттық-орыс қостілділігі – кілемнің түріндей құлпырған сан алуан қыры мен сыры мол күрделі құбылыс. Советтік Қазақстанда да тек қазақ-орыс қана емес, сондай-ақ неміс-орыс, корей-орыс, ұйғыр-орыс, түрік-орыс, дүңген-орыс т.б. қостілділіктің тамаша мозаикалық өрнегі көз тартады.

Кейде біз «қазақ тілінің болашағы жоқ» деген сөздерді де естіп қаламыз. Ондай әңгіменің себеп-салдарын ойластырсақ, бір кезде И. В. Сталиннің «Марксизм және тіл білімі мәселелері» атты еңбегіндегі «болашақта тілдердің бәрі бірігіп, ортақ бір тілге айналады» деген жаңсақ пікірі еріксіз еске түседі.

Тіл тәрбиесі – ұлтаралық қатынас пен интернационалдық тағылымның тікелей кепілі. Тіл тәрбиесіне екі проблеманың тікелей қатысы бар: біріншіден оған қоғамның дұрыс көзқарасы, тұрақты қамқорлығы қажет, екіншіден жастарға тіл ұстартатын шебер тәрбиешілерді тәрбиелеу қажет.

Қоғам өмірінде кейінгі кездерде тіл қадірі кеміп, «беделі түсе» бастағанын мамандар түрліше жобалайды. Кейбіреулер оны бұрын-соңды болып көрмеген техникалық прогрестің әсерінен болған қоғамдағы дегуманизация процесіне (дүниетаным, адамгершілік принциптердің төмендеуіне) байланысты деп қараса, енді біреулер тілдік феноменді, оның асыл табиғаты мен мәнді де маңызды қызметін бағалай білмегендіктен деп түсіндіреді. Осы ретте атақты педагог В. А. Сухомлинскийдің мына бір жалынды сөздері ойға оралады: «Тіл – мектептегі жоқ оңай пән дегенді естігенде жаның ауырады. Айталық, математика, физика, химия, міне, нағыз пәндер осылар, олардың болашағы да зор... Бұл – қандай үлкен қателік. Ондай пікір қаншама зиян келтіруі мүмкін. Себебі, тілді меңгеру жай ғана білім, дағды, шеберлік беру емес, ол – ең алдымен тәрбие, тәрбие болғанда да жан дүниесінің тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, ойлау жүйесінің қалыптасуы... Ана тілін сүймей тұрып, Отанын сүю мүмкін емес». Бұл сөздерге түсінік беріп жатудың қажеті жоқ шығар.

Дәл, осы тәрізді жағдай біздің арамызда да кездеседі. «Тіл мен әдебиет ең оңай пәндер» деген жалған ұғым етек ала келе, кейде мектеп бітірген кейбір жастардың болашақ мамандық таңдауында бейне бір «кәсіби бағдарлауға» айналып, жан-тәнімен сүймеген, табиғатына терең түсінбеген ана тілінен ұстаз болуға әрекеттенуі аянышты-ақ.

Өйткені, тілдің сиқырлы күшін сезінбеген «ұстаз» жас ұрпаққа тіл ұстартуы неғайбыл. Ол тек өзіне ұқсас, өз жолын қайталайтын, өз тәсілін қолданатын шәкірт тәрбиелеуі мүмкін. Сондықтан талантты да талғамы зор ұстаздарға тек математика, физика, химия пәндері ғана емес, жас ұрпаққа тіл ұстартатын, «мәңгілігіміздің мәңгілігі», рухани байлығымыздың қайнар бұлағы ана тіліміз де зәру-ақ. Қостілділікті дамытудың тағы бір кепілі осы. Өйткені, өз тілін сүйе алмаған адам, өзге тілді де сүйіп жарытпайды. Профессор Вильгельм фон Гумбольдт «Халықтың тілі – оның жаны, халықтың жаны – оның тілі, бұдан салтанатты нәрсені ойлап табу қиын» десе, А.В.Луначарский «басқа тілді білу адамға тағы бір қос жанар сыйлайды тағы бір жүрек береді, миыңа ми қосады» деген болатын.

Осыны түсіне білсек, ана тілімізді де, орыс тілін де жетік білетін замана арманындай азаматтарды тәрбиелеу бүкіл қоғамның абзал борышы, партия мен үкіметіміздің ең асыл мақсаты деп білеміз. Тіл тәрбиесін жолға қою, тіл мәдениетін көтеру бүгінгі таңның биік талабына сай шешілуі қажет. Қазақ тілінің қоғамдық қызметін, қолданыс аясын кеңейту үшін, беделін көтеру үшін «Қазақ тілі» деген журнал шығарсақ, күнделікті баспасөз бетінде тіл мәдениеті туралы материалдарды үзбей жариялап тұруды дәстүрге айналдырсақ, нұр үстіне нұр жауған болар еді. Бұл салада ойланатын мәселелер көп-ақ.

*«Жұлдыз», 1988. 10 қазан. 153-159 б.*

### **Орыс тілі — достық тілі**

Тіл табиғаттың адамға сыйлаған таңғажайып қасиеті. Бұл арқылы адамзат ғасырлар бойы өзінің күнделікті тіршілігінде бір-бірімен түсінісіп, өмір сүріп келеді. К.Маркс пен Ф. Энгельс тілді адамдардың қоғамдық ортақ өнімі деп тамаша айтқан. Шындығында да еңбек пен сөз бірігіп адам мен қоғамды алға дамытты. Сондықтан да адамзат қоғамын тілсіз көзге елестетудің өзі қиын дейді В. И. Ленин. Ол қоғамдық дәуірдің барлық баспалдақтарында адамдардың арасындағы қатынас құралы болып келеді.

Біз сөз етіп отырған тіл арқылы адамдар ұлтқа бөлінген. Уақыт бедерінде қай тіл болсын дамып, жетіліп отырды. Соның нәтижесінде кейбір ұлттық тілдер белгілі тарихи жағдайлар мен әлеуметтік себептердің арқасында әлемдік арнадан орын алды. Сөйтіп, бүкіл халықтар тарихында ерекше роль атқарды. Осындай тілдердің қатарына орыс тілі де жатады.

Қазіргі заманымыздағы орыс тілі тарихи функция мен оның роліне байланысты көп ұлтты Совет мемлекетінде қоғамдық негізгі тілге айналып

отыр. СССР-дің барлық халықтарының ұлтаралық қатынасының ортақ құралы болған ол біздің Советтік Қазақстанға да тән. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л. И. Брежнев жолдастың «Тың» атты еңбегінде біздің өлкеміз «жүз тілдер елі» деп босқа айтылмаған. Осы ұлы қатынас құралы арқылы Советтер Одағындағы 120-дан аса халық бір-бірімен түсінісіп, жарқын болашаққа қарай бір сапта нық адымдауда.

Біздің көп ұлтты еліміздегі тілдік қатынас мәселесі кездейсоқтық емес. Өйткені көсеміміз В. И. Лениннің өзі кезінде Отанымыздағы халықтардың ана тілдеріне деген толық еркіндігі болуы керектігін атап өте отырып, мемлекеттік тілдің функциясын орыс тілі атқаруы қажет екендігін мақұлдаған болатын. Сондықтан да оған байланысты туындаған проблемалар үкіметіміз бен партиямыздың ұлттық саясатының ажырамас бір бөлігі ретінде және маркстік-лениндік ілімнің негіздеріне сай қаралып мемлекеттік саясат деңгейінде дұрыс та айқын шешіліп келеді.

Советтік шындық лениндік идеялардың өміршендігін дәлелдеді. Бүгінгі күн мысалдарынан көріп отырғанымыздай ұлы орыс халқының тілін біздің еліміздің халықтары, сонымен бірге Советтік Қазақстан да өз еркімен қабылдады. Сондықтан да ол ұлтаралық қатынастың құралына айнала отырып кейбір орыс емес ұлт өкілдері үшін тіптен екінші ана тілі болып қалыптаса бастады. Совет адамдары қазіргі таңда оны құштарлықпен үйренуде. Себебі бұл достық пен туысқандықтың, ғылым мен техниканың тілі, сонымен қатар бұл мәдениет пен прогресс тілі. 1970 жылы жүргізілген санақ мәліметіне қарағанда (ол кезде біздің елімізде 240 миллион адам болған, оның 129 миллионы орыстар) өзіміз сөз етіп отырған тілді ана тілі ретінде қабылдаған жандардың мөлшері 141,8 миллионға жеткен. Соның ішінде оның 13 миллионы өзге ұлттардың өкілі еді. Ал 42 миллион орыс емес ұлттың өкілі оны екінші ана тілі ретінде қабылдаған. Бұл еліміздегі 184 миллион адам өзіміз әңгіме етіп отырған тілде сөйлей алады деген сөз. 1979 жылғы деректе біздің қазақ халқының 52,3 проценті орыс тілінде еркін сөйлесе алатын болып шықты. Бұның өзі кейбір одақтас республикалармен салыстырғанда жоғары көрсеткіш. Ал, осы қатынас құралының халықаралық беделіне келетін болсақ, қазір дүние жүзіндегі 500 миллионнан аса адам орыс тілін білетін болып отыр.

Орыс тілінің байланыс құралы ретінде кең ауқыммен өсе түскеніне қарап, бұдан өзге жергілікті ұлттық тілдердің ролі төмендеді деген ой тумаса керек. Ол шет елдегі буржуазия идеологтарының даңғаз пікірлеріне мүлде керісінше өрістеп келеді. Мәселен, біздің елімізде

орыс тіліне қандай даңғыл жол ашылса, басқа да ұлт тілдерінің дамуына сондай жағдай жасалған. Оған Совет Одағындағы халықтардың ертедегі жойылуға тақау қалған және олардың дәуір деңгейіне қарай кенжелеп дамыған 70 тілінің аз мерзім ішінде қайтадан әдеби нормаға келгенін, соның ішінде 50 тілдің тек Совет өкіметі тұсында ғана алғаш рет жазбаша сипатқа ие болып, көпшілікке танылуын айтуға болады.

Сонымен бұл бағытта қазір екі жақты процесс жүріп жатыр: біріншісі, барлық ұлттық тілдер еркін де тең жағдайда дамып жатса, екінші жағынан, біздің еліміздің халықтары арасында орыс тілінің ұлтаралық қатынас құралы ретінде маңызды роль атқаруы. Мінеки, осыған қарап ұлттық аудандарда қос тіл тең жағдайда дамып отырғанын байқаймыз. Буржуазия идеологтары бұл процесті неғұрлым теріске шығаруға тырысады. Себебі, олардың ойынша күшті әлсізге немесе көп азға жүре келе үстемдік етеді деген байбалам. Мұның теріс те қате пікір екенін уақыттың өзі дәлелдеуде.

Адамзат тарихында екі және көп тілді процесс бүгін ғана ашылған жаңалық емес. Ол ежелгі заманнан бері Батыста да, Шығыста да болған жай. Бұл жөнінде бізге дейін Қашғари, Фирдоуси, Физули, Навои сияқты ойшылдар өздерінің классикалық туындыларында жақсы айтқан. Дегенмен көп ұлтты Совет мемлекетінің жағдайында екі тілді процестің бұрын болған, айтылған процестерден айырмашылығы тіптен басқаша, дәлірек айтсақ әлеуметтік салмағы өте күрделі. Соның нәтижесінде ол біздің елімізде көтерер жүгінің көлемділігі, бұқаралылығы, даму перспективасының ауқымдылығы жағынан советтік қоғамымыздың одан әрі дамуына тиімді жағдай туғызып отыр.

Біздің туған халқымыз еліміздің басқа да халықтары сияқты ұлы Лениннің тілін еркін меңгеріп, еркін сөйлей алады. Ол таңғажайып мәдениет пен әдебиетті тудырған тіл.

Қазір Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдық мерекесі жақындап келе жатыр. Өткен жылдар қатпарында қашанда ұлы оқиғалар тізбегі жатады. Екі халықтың достығы екі жарым ғасырлық осы уақыт ішіндегі сындарда құрыштай шынықты.

*«Лениншіл жас», 1982. 17 сәуір.*

### **Орыс тілі және тіл мәдениеті**

«Тіл – адам баласының ең қажетті қатынас құралы». Барша тілдің қоғамдағы атқаратын қызметін В. И. Ленин осылайша бағалаған еді. Тіл болмаған жерде қоғамның өмір сүруі, сондай-ақ қоғамнан тыс тілдің

болуы да мүмкін емес. Бұлар өзара тығыз байланысты, бір-біріне іліктес құбылыстар. Сондықтан да кейбір тілдердің ерекше дамып, толыға түсуі, ал екінші біреулерінің дамудан кенжелеп, тіпті тоқырауға ұшырауы, сол тілдерді пайдаланушы қоғамның өзіне тікелей байланысты.

Олай болса, Совет мемлекетіндегі 130-дай үлкенді-кішілі ұлт тілдерінің тарихи қысқа мерзімнің ішінде тез жетіліп, жан-жақты дамуы, әрі бай, әрі көркем тіл дәрежесіне көтерілуі, қолданылу өрісінің кеңейіп, қатынас құралы ретіндегі қоғамдық қызметінің күн санап арта түсуі тек советтік қоғамның ғана табиғатына тән заңдылықтарға тікелей байланысты болғаны. Кең байтақ Отанымыздың аясында ынтымақ-бірлігі жарасып қауышқан, алуан тілде сөйлесіп, ортақ тіл табысқан көп ұлтты совет халықтары өзінің түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті мен ана тілін дамытуға тек лениндік ұлт саясатының арқасында ғана қолы жетіп отыр. Партиямыз бен үкіметіміздің қамқорлығына бөленіп, марқайып отырған ұлт тілдерінің болашағы зор. Партия Программасы СССР халықтарының бұдан былайғы уақыттарда да көркейіп, еркін дамитындығын, әрбір совет азаматының өзі қалаған тілінде сөйлеуіне, балаларын оқытып, тәрбиелеуіне толық праволы екенін атап көрсетіп отыр.

Лениндік ұлт саясатының арқасында ілгері басып, табыстан-табысқа қолы жетіп отырған совет халықтары үшін ұлттық мәдениетті одан әрі өркендете берудің, ұлт тілдерін әлі де дамыта түсудің маңызы өте зор. Өйткені көп ұлтты совет елінде коммунистік қоғам орнату ұлт мәдениеті мен ұлт тілдерін шеттету арқылы емес, керісінше, оларды гүлдендіру, дамыту арқылы жүзеге асырылмақшы. Ұлт тілдерінің дәл бүгінгі жағдайы осы процестің айқын айғағы бола алады. 1970 жылғы санақтың мәліметіне қарағанда, СССР халықтарының 94 проценті өз ана тілінде сөйлейді екен. Бірақ оның есесіне одақтас және автономиялық республикаларда ана тілінде сөйлеуші халықтардың саны бұрынғысына қарағанда жіті өскенін көреміз. Мысалы, өзбек тілінде сөйлеушілердің саны кейінгі он жыл ішінде 3 миллионға, азербайжан тілінде сөйлеушілердің саны 1,5 миллионға, украин тілінде сөйлеушілердің саны 2,5 миллионға, қазақ тілінде сөйлеушілердің саны 1,7 миллионға дейін өсіп отыр. Демек, қазақтардың 98,8 проценті өз тілінде сөйлейді. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдері де ана тілім деп тануы ықтимал екендігін ескерген жөн.

Біздің мемлекет – көп ұлтты мемлекет. Оның қай өлкесіне барсаңыз да, сіз алуан түрлі ұлттардың өкілдерін кездестіресіз, ынтымағы жарасқан совет халықтарының тату-тәтті семьясын, шынайы достық бірлігін көресіз. Осы бір үлкен семьяда, ірілі-кішілі ұлт тілдерінің терезесі тең,

бәрі бірдей еркін дамып отырған жағдайда, әрбір ұлт өкілдерінің өзара ортақ тіл табысып, ұғынысуы тек Советтік қоғамға ғана тән ғажайып құбылыстың үлгісі болып саналады.

Бұл құбылыстың шынайы сыры, қайнар бұлағы – ең алдымен халықтар достығында, коммунистік қоғам құру жолындағы олардың ынтымақ-бірлігінде, ұлы мақсатында. Көп ұлтты елімізде қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуына, ұғынысуына қажет қатынас құралы – бәріне ортақ тіл болмаса, бұл ұлы мақсатты түгел орындау, еліміздің монолитті тұтастығын берік сақтау мүмкін де болмаған болар еді.

Көп ұлтты совет халықтарының бүгінгі өскелең өмірі мен ертеңгі жарқын болашағы үшін ерекше маңызы зор осы бір ғажайып тарихи миссияны атқару ұлы орыс тілінің үлесіне тиіп отырғандығы бүкіл әлемге аян. Орыс тілі болса, бұл ардақты да абыройлы миссияны толық атқарып отыр. Ол біздің елімізде халықтардың ұлтаралық қатынас құралына, совет адамдарының ынтымақтасу, достасу тіліне айналды.

Совет дәуіріндегі орыс тілінің қоғамдық қызметі мен қолданылу өрісінің кеңейгендігі соншалық, оның өмірімізде қолданылмайтын саласы кемде-кем; кең-байтақ елімізде жасайтын 250 миллион тұрғынның 185 миллиондайы, яғни төрттен үші, қазіргі кезде орыс тілінде таза сөйлейтін болып отыр. Бұл цифрге қарағанда, орыстан басқа да көптеген совет халықтарының орыс тілін ана тіліндей жетік меңгеріп алғандығы байқалады. Осыдан келіп, ана тілінде де, орыс тілінде де еркін сөйлеп, пікір алысатын, екі тілде бірдей ғылыми еңбек, көркем шығарма жаза алатын, тіпті сол тілдерде ойланатын билингвистердің қатары күн санап өсуде. Бұл әрине, екі тілділік, не көп тілділік деп аталатын жаңа құбылыс; оны көп ұлтты совет қоғамының объективтік даму заңдылығы, советтік шындық өзі туғызып отыр. Сондықтан да біз, орыстан басқа ұлттардың өкілдері, бұл мәселе жөніндегі кейбір жаңсақ пікірден, бойкүйездіктен аулақ болып, орыс тілін ана тіл дәрежесінде жетік те терең білуге күш салуымыз керек. Ол үшін біздің елімізде барлық мүмкіншілік бар.

Бірақ орыс тілін жетік меңгеру дегенмен ұлт тілдерінің беделін түсіру, оларды ығыстыру, шеттету деген ұғым тумады. Орыс тілін үйренудің ұлт тілдерінің дамуына, марқая түсуіне ізгі де игілікті ықпал мен пайдасы болмаса, залалы жоқ екенін біз елу жылдық өмір тәжірибемізден айқын көріп отырмыз. Біздің рухани өміріміздегі, творчествомыздағы көптеген табыстарымыз, сайып келгенде, сол орыс тілі дәнекер болған интернационалдық, советтік тәрбиенің жемістері.

Осыған байланысты орыс тілін жетік білген ақын-жазушылар қазақ тілінде де жақсы жазып жүр деген Мұқтар ағаның пікірі әбден орынды.

Совет халықтары орыс тілінен ерікті түрде, үлкен ілтипатпен, қызыға үйреніп отыр. Егер оны зорлап үйреткен болса, ол дәл бүгінгідей зор құрметке ие болмаған болар еді, қарапайым халық арасына кеңінен тарап, тамырын тереңге салмаған болар еді. 1913 жылы В. И. Ленин орыс тілінің ұлылығын, байлығы, оралымдылығын елден артық біле тұра, оны Россия жағдайында міндетті түрдегі жалпы мемлекеттік ресми тіл деп тануға қарсы шықты. Ол мәселені бұлайша шешу басқа ұлттарды «орыстандыру» саясатына, мемлекеттік тіл деген сылтаумен орыс тілін зорлап үйретуге апарып соғады, аз ұлттардың наразылығын күшейтеді, сөйтіп олардың нternационалдық ынтымақ-бірлігіне нұқсан келтіреді деп дәлелдеді. Осылайша ескерте келіп В. И. Ленин: «Әрі ұлы, әрі пәрменді орыс тілі өзін біреуге таяқпен зорлап үйретуді қажет етпейді», біз олай етіп мәжбүрлеуді мүлдем қаламаймыз; біздің қалайтынымыз: Россияда тұрушы барлық ұлттардың арасында тығыз қарым-қатынас, туыскандық бірлік орнату, «Россияның әрбір тұрғынының ұлы орыс тілін өз еркімен үйренуіне толық жағдай жасау...» – деп, атап көрсеткен еді. Біздің Коммунистік партиямыз тіл жөніндегі өзінің саясатында ұлы көсемнің осы өсиет-талаптарын бұлжытпай іске асырып отыр.

Ұлы орыс тілінің совет халықтары үшін ұлт аралық ортақ тіл, екінші ана тілі болып танылуында да объективті себептер жоқ емес. Ол ең алдымен орыс халқының Россия топырағында жасалған революцияда тұтқан тарихи рөліне, езілген халықтарға бостандық әперуші күреске басшылық етуіне байланысты. Орыс тілі – ұлы Лениннің тілі. Халықаралық пролетариат көсемінің күреске шақырған жалынды сөздері орыс тілінде айтылды, оның мәңгі жасағыш, данышпандық шығармалары да орыс тілінде жазылды. Орыс тілі СССР жеріндегі ең мәдениетті, мол тарихи дәстүрге ие, сан жағынан да көп ұлы орыс ұлтының тілі. Ол ең бай, өсіп-өркендеген, дамыған, болашағы зор тілдердің бірі.

Орыс тілінің ұлт ара қатынас құралына айналып, беделінің өсе түсуі, әсіресе, оның атқарып отырған қоғамдық қызмегіне де байланысты. Орыс тілін үйрену арқылы совет азаматтары тек орыстармен, не басқа халық өкілдерімен ғана емес, сонымен бірге олар басқа елдердің халықтарымен де араласуға, адамзат жаратқан ортақ мәдени мұраны тануға, ғылым-техниканың табыстарын үйренуге толық мүмкіншілік



алып отыр. Орыс тілінің Совет Одағындағы ұлт тілдеріне жасап отырған игілікті ықпалы да өз алдына сөз.

Орыс тілінің осындай қасиеттерін, ұлттық мәдениетімізді гүлдендіре түсудегі рөлін атап өткенде, данышпан Абай атамыздың айтқан өсиеттері еріксіз ойға оралады: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста... Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады», – деген еді ол.

Абайдың бүгінгі бақытты заманда жасап отырған ұрпақтары оның бұл өсиетін орындап отыр: орыс тілін еркін де терең меңгерудің арқасында олар ғылым мен білімнің асқар шыңына шарықтап өрлей түсуде. Егер революциядан бұрын орыс тілін білем деушілер ілуде біреу ғана болса, бүгінгі таңда республикамыздағы қазақ тұрғындарының (олардың саны – 1970 жылы 4. 161. 164. кісі) 48,8 проценті орыс тілінде таза сөйлейтін болып отыр.

Бұл цифрлар нені көрсетеді? Біздің ұғымымызша, бұл – халықтардың орыс тіліне деген зор ілтипатын, оның игілікті әсерін сезіне білуін, тіл үйренуге ерекше қабілеттілігін сипаттайтын дәлелдер.

Орыс тілі бүгінде тек совет халықтарының ғана ұлтаралық қатынас құралы емес, сонымен қатар, ол – халықаралық тілдердің бірі. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымында қолданылатын ресми тілдердің біреуі болып саналады. Бұл орыс тілінің халықаралық беделінің де өскендігін дәлелдейді. Орыс тілін үйренуге қазіргі уақытта, социалистік елдерді былай қойғанда, жер жүзіндегі ірілі-кішілі мемлекеттердің бәрі бірдей жіті бет бұрып отыр. Бұған «Орыс тілі мен әдебиетін оқытушылардың халықаралық ассоциациясы» деп аталатын ресми ұйым басшылық етеді. Айта кету керек, осы ұйымның басшылығымен Ташкент қаласында халықаралық симпозиум өткізілді. Оның жұмысына Азия, Африка, Индия, Индонезия, Кипр, Ливан, Мали, Нигерия, Угада, МНР, ФРГ, Англия, Дания, Жапония сияқты елдерден келген орыс тілі мұғалімдері қатынасып, осы аталған елдерде орыс тілін оқытудағы табыстары мен талаптарды кеңінен сөз етті.

